

**Н.Ә.НАЗАРБАЕВ**


**ТАҢДАМАЛЫ  
СӨЗДЕР**

**V (1)**

**2006-2007**

**Н. Ә. НАЗАРБАЕВ**

**ТАҢДАМАЛЫ СӨЗДЕР**



**Н. Ә. НАЗАРБАЕВ**

**ТАҢДАМАЛЫ  
СӨЗДЕР**

**V том**

**1 кітап**

**2006–2007**

**Астана – 2014**

УДК 342.61  
ББК 67.400.6  
Н 17

Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және спорт министрлігі  
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»  
бағдарламасы бойынша жарық көрді

**Н 17** Назарбаев Н. Ә.

**Таңдамалы сөздер.**

– Астана: «Сарыарқа» баспасы, 2014.

ISBN 978–601–277–183–1

Т. V (1). – 2006–2007 жж. – 664 б.

ISBN 978-601-277-192-3

«Н. Ә. Назарбаев. Таңдамалы сөздер» көп томдық басылымының бесінші томында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстанды Орталық Азия өңірінде және ТМД кеңістігінде көшбасшы ретінде танытқан 2006–2009 жылдар арасында халық алдында сөйлеген негізгі өзекті сөздері берілген.

Осы томға енген сөздердің ауқымдылығы ескеріліп, ол екі бөлімге бөлінді.

Бұл кітап бесінші томның бірінші бөлімі болып табылады және 2006–2007 жылдарды қамтиды.

УДК 342.61  
ББК 67.400.6

ISBN 978-601-277-192-3 (Т. V (1))  
ISBN 978–601–277–183–1

© Назарбаев Н. Ә., 2014  
© «Сарыарқа» баспасы, 2014

## КӨШБАСШЫЛЫҚ ЖОЛДА

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Таңдамалы сөздерінің» бесінші томы 2 кітаптан тұрады және 2005 жылы өткен сайлау қорытындылары бойынша Н. Ә. Назарбаевтың мемлекет басшысы лауазымына кіріскен сәтінен басталатын 2006–2009 жылдардағы кезеңді қамтиды.

Бірінші кітап 2006–2007 жылдардағы, ал екінші кітап – тиісінше 2008–2009 жылдардағы оқиғаларды баяндайды. Осы ауқымдағы және кесімді мерзімдегі материалдарды жүйелеу мен орналастыруда көптеген өлшемдер бойынша бірегей боп табылатын, бірақ бәрінен бұрын – Тұңғыш Президент алға қойған кезекті стратегиялық бастамаларды тың тұрғыдан әрі батыл байқаудан өткізу мақсатындағы жарқын және оқиғаға толы кезеңнің мән-мағынасын мүмкіндігінше толық әрі жан-жақты жеткізуге ұмтылу болып табылады.

\* \* \*

2006–2007 жылдар Қазақстан үшін қол жеткен нәтижелерді баянды ету және Қазақстанның өркениетті үйлесімін ұғыну, ұлттық әлеуеттің барлық

«плюстері» мен «минустеріне» сын көзбен баға бере отырып, ұлттық қалыптасу мүдделерінің неғұрлым нақты, сонымен бірге анағұрлым болашақты және ұтымды жолдарын айқындау және, сонымен қоса, қазіргі қарқынды жаһандану дамуының сара жолын салып берудің жаңа үйлесімді тәсілдерін қолайластыру кезеңі болды.

2006 жылғы 11 қаңтардағы өз лауазымына ресми кірісу рәсімінде жаңадан сайланған Президент былай деген еді: «Менің көптен көкейімде жүрген мұратым бар. Алдағы 10 жылда Қазақстанды әлемнің бәсекеге ең қабілетті 50 мемлекетінің қатарына қоссам деймін. Кемелділіктің экономикамен, жан басына шаққандағы кіріспен немесе жалпы ұлттық өнімнің көлемімен ғана өлшенбейтіні мәлім. Мен дамыған мемлекеттің төрт өлшемін: экономикалық, саяси, әлеуметтік және мәдени өлшемдерін меңзеп тұрмын. Мұның өзі іргелі экономикалық, әкімшілік, саяси және құқықтық өзгерістерді көздейтін толымды бағдарлама әзірлеуді талап етеді. Алдымызда ауқымды жұмыс тұр.

Халқым тағдырын өзіме табыстаған уақытты мен осы мұраттарға жетуге арнаймын. Ел сенімін саяси ерік-жігеріңді барынша жұмылдырып, басымдықтарды байыпты бағамдаумен ақтаған абзал».

Бұл басымдықтарды, олардың ішкі мән-мазмұны мен іске асырудың тетіктерін Н. Ә. Назарбаев

өзінің 2006 жылғы 1 наурыздағы «Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» деген Жолдауында баяндап берді.

Шын мәнінде, ел үшін жаңа міндеттерді қалыптастыру – бәсекеге қабілеттілікті дамытуды баянды ететін аса ірі жаңғырту жобасы ұсынылды.

Стратегия өзінің ақырғы нұсқасына 2007 жылғы 28 ақпандағы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Жолдауында ие болды. Онда Н. Ә. Назарбаев негізгі алты басымдыққа топтастырылған таяудағы онжылдыққа арналған мемлекеттік саясаттың 30 бағытын түйінді түрде атап-атап берді:

– қазіргі артықшылықтарды айқындау және пайдалану, сонымен қатар жаңа бәсекелестік басымдықтарды қалыптастыру арқылы әлемдік экономикаға кірігу;

– әртараптандыру, инфрақұрылымдық даму және жоғары технологиялық индустрияның негізін жасау арқылы экономиканың өсуі мен тұрақтылығын басқару;

– білім берудің және кәсіптік қайта даярлаудың еңбек нарығының серпінділігі мен келешегіне сәйкес келетін халықаралық стандарттарына қол жеткізу;

– адамдардың сұранысы мен қажетіне және жұмыс орындарын ашуға орайластырылған осы заманғы әлеуметтік саясат;



– жаңа кезеңнің ой қисынына сай келетін саяси және әкімшілік даму;

– Қазақстанның аймақтық және геосаясаттық жаңа жауапкершілігі.

Президент алға қойған Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 мемлекеттің қатарына кіру жөніндегі стратегиялық міндеті еліміз 10 жылдығын 2007 жылғы қазанда атап өткен «Қазақстан – 2030» Стратегиясының өміршеңдігі мен тиімділігінің тамаша дәлелі болды.

Президенттің Қазақстан тәуелсіздігінің 15 жылдығына орай жасаған «Қазақстан жолы: тұрақтылықтан – жаңару арқылы – өркендеуге жету» деген баяндамасында айтылған мына сөздер стратегияның өзіндік тиянақталған түйіні бола алады: «Мен ХХІ ғасырда кімде-кім реформаларды басқалардан тезірек және тереңірек жасай білсе, табыс соларға алдымен жол ашатынына сенімдімін. Табиғи ресурстарға сүйеніп, өзінің «амандық-саулық аралын» сақтап қалуға тырысу тұрақты экономикалық өсуге және халықтың өмір сүру сапасын арттыруға әлі ешқашан алып келген емес және алып келмейді де.

Біздің еліміз үшін басты қатер жаһандық экономикадағы жаңа технология бойынша артта қалудың қаупі екендігі қазірдің өзінде-ақ түсінікті болды.

Сондықтан таяудағы 15–20 жылдар біздің мемлекетіміздің стратегиялық тегеурінді талабы

технологиялық жаңалықтарды енгізу және осы істе көшбасшылыққа қол жеткізу болуға тиіс. Бұл сынаққа біздің қайтаратын жауабымыз, қарапайым сөзбен айтқанда, мемлекетті түбірімен қайта құруға апарып тірелмек.

Қазақстан шекаралардың ашықтығы мен халықаралық өзара тәуелділікке байланысты мұндай сынаққа дайын тұруға тиіс. Мемлекет жаһандық экономика талаптарына дағдылануға міндетті.

Мемлекет өткір бәсекелестікке дайын тұруға және басты міндетті орындауды қамтамасыз етуге – күннен күнге күшейіп бара жатқан халықаралық бәсекелестікті ескере отырып, ұзақ мерзімдік даму стратегиясын жасауға тиіс. Бейнелеп айтқанда, бүгінгі Қазақстан инновациялық Қазақстанға айналуы керек.

Қазір, өрлеу сатысында тұрған кезде, таяудағы 15–20 жылдың ішінде экономиканы, мемлекеттік құрылымды, психологияны, инфрақұрылымды қайта құрып үлгеруіміз қажет.

Қазақстан жаңа әлемге бейімделе ала ма және технологиялық дамыған, бәсекеге қабілетті елдер қауымдастығына кіре ала ма деген сауалдың жауабы ендігі жерде тек қана өзімізге байланысты болмақ.

Егер біз бұл сауалға лайықты жауап беруге ұмтылатын болсақ, әлемнің ең серпінді экономикаларының бәрін ортақ бір ғана сапа біріктіретінін:

оларда жаңару мүлдем тоқталмайтынын түсінуге тиіспіз. Әрқашан бәсекеге қабілетті болу үшін, біз тұрақты түрде дамуда, өсу үстінде болуымыз шарт.

Осы заманғы жаһандық шаруашылық жағдайында жеңімпаз болып біржолата қалу мүмкін емес, өз орныңды ылғи бейбіт, бірақ қатал күресте қорғап қалуыңа тура келеді. Әлемдік қоғамдастықтан лайықты орын алуың үшін, бүкіл ұлттың қайрат-жігерін шоғырландыруың қажет».

\* \* \*

Қазақстанның бәсекеге қабілетті дамуының стратегиялық міндеттері тұрғысынан саясат саласындағы ауқымды реформалар жалғасын тапты. 2004 жылы бастау алған саяси жаңғырудың жолдары мен келешегі туралы жалпыұлттық пікір-сайыс аяқталар сатысына жетті.

2006 жылы Президенттің бастамасы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Демократияландыру және азаматтық қоғамды одан әрі дамыту жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін кеңестің (2002–2004 жж.) және Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Демократия және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі ұлттық комиссияның (2004–2005 жж.) құқықтық ізбасары болып саналатын Қазақстан Республиканың Демократиялық реформалар бағдарламасын әзірлеу және нақтылау жөніндегі мемлекеттік комиссиясы құрылды.

Мемлекеттік комиссияның жоғарыда аталған жалпыұлттық пікірталастық алаңдардан принциптік айырмашылығы оны мемлекет басшысы өзі басқаруында еді.

Н. Ә. Назарбаев 2006 жылғы 24 наурызда комиссия жұмысын аша отырып былай деді: «Қазақстан халқына Жолдауымда мен біздің даму стратегиямыздың басты басымдықтарын атадым. Оларды жүзеге асыру Қазақстанның бәсекеге барынша қабілетті әлем елдерінің қатарынан лайықты орын алуына мүмкіндік береді. Бәрінен бұрын бұл – Қазақстан экономикасы дамуының сапалық өрлеуіне негізделген елімізді дәйектілікпен экономикалық жаңғырту. Мұндай серпін тауарлардың, қызмет көрсетулердің, еңбек ресурстарының, капиталдың, осы заманғы идеялар мен технологиялардың әлемдік нарығының ұтымды әрі серпінді бөлігі болуға тиіс және бола алатын Қазақстан экономикасының сыртқы әлемге ашықтығы жағдайында ғана қамтамасыз етілмек.

Бұдан әрі – бұл ең жоғары халықаралық стандарттарға сай келетін осы заманғы білім беру және әлеуметтік саясат. Оның үстіне, әрине, бұл – Қазақстанның ұлттық мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін және өңірлік әрі әлемдік дамудың басты сын-қатерлерін ескеріп отыратын ұлттық қауіпсіздіктің жауапты стратегиясы һәм жауапты сыртқы саяси бағдар.

Мұндай ауқымды міндеттерге мемлекеттік биліктің ұтымды органдары дамыған саяси институттар, сындарлы саяси партиялар, азаматтық қоғамның қоғамдық ұйымдары мен институттары, азаматтардың құқы мен бостандығына кепіл болу үшін жұмыс істейтін тетіктер ғана сай келеді десем, менімен келісетін шығарсыздар деп ойлаймын.

Сондықтан біз еліміздегі демократиялық қайта құруды және саяси жаңғыртуды дәйектілікпен жалғастыра беруге нық бекіндік. Біздің басты мақсатымыз өзгермейді – ол ашық, демократиялық және құқықтық мемлекеттің іргесін нығайту, онда жалпыға танымал демократиялық заңдылықтар да, біздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыздың дәстүрлері де үндестікті үйлесім табады.

Елімізді бұдан әрі қарай саяси жаңғыртудың тап осындай арнасын нығайтуға сіздер де, құрметті комиссия мүшелері, қомақты үлес қосады деп сенемін. Соңғы 1,5 жылдың ішінде Ұлттық комиссияның әртүрлі саяси және қоғамдық күштердің мүдделері келісім тапқан, өзара пайдалы шешімдер қабылдайтын аса маңызды реформалар форумы болғанын білесіздер. Бүгінде мұндай диалогтың өріс алуы да, және, ең бастысы, саяси жаңғырудың маңызды мәселелері бойынша қол жеткен келісімдерді іске асыру да, ерекше көкейкесті. Сондықтан комиссияның мәртебесі өзгерді, оның құрамы мен өкілеттілігі кеңейтілді.

Мұнан былай комиссияны мен басқаратын боламын».

Мемлекеттік комиссияның құрамына Парламенттің, Үкіметтің, саяси партиялардың өкілдері, қоғам қайраткерлері, еліміздің жетекші сарапшылары енгізілді.

Мемлекет басшысы Мемлекеттік комиссияның алдына саяси жүйені одан әрі демократияландыру аясында реформаларды іске асырудың нақты кезеңдері мен тетіктерін айқындау жөнінде міндеттер қойды, оның ішінде билікті орталықсыздандырудың және жергілікті өзін-өзі басқарудың заңнамалық арқауы; сот жүйесінің тәуелсіздігін, айқындығын және тиімділігін нығайту; Парламентке өткен үкіметтік емес ұйымдар мен саяси партияларды мемлекеттік қолдауды ұлғайту және басқалар бар.

Осы мақсатпен комиссия құрамында: билік органдарының өкілеттігін кеңейту, жергілікті өзін-өзі басқаруды құру, құқықтық сот және құқық қорғау органдары жүйесін жетілдіру, азаматтық қоғамды дамыту, Конституция әлеуетін одан әрі жүзеге асыру және Қазақстанның конституциялық дамуының болашағын айқындау бойынша бес жұмыс тобы құрылды.

Жалпыұлттық пікірсайыстың қорытынды құжаты 2007 жылғы кезекті конституциялық реформа негізін құраған «Қазақстан Республикасында саяси реформалаудың 2007–2008 жылдарға арналған негізгі бағыттары» болды.

16 мамырда мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырысында сөз сөйлеп Демократиялық реформалар бағдарламасын әзірлеу және нақтылау жөніндегі мемлекеттік комиссия жұмысының қорытындысы бойынша дайындалған еліміздің Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасын депутаттардың қарауына ұсынды.

«Бүгін Қазақстан демократиясы үшін тарихи күн. Сіздердің қарауларыңызға Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңның жобасы ұсынылып отыр. Бұл құжат – саяси реформалардың, еліміздің құқықтық кеңістігіндегі терең өзгерістердің Жалпыұлттық бағдарламасын іске асыру жөніндегі ауқымды жұмыстың қисынды қорытындысы. ...Мен Конституцияға өзгерістер енгізудің республика президенттік болып қала беретін, бірақ Парламент өкілеттілігін айтарлықтай кеңейтетін жолды ұсынамын. Бұл біздің республикамыздың президенттіктен президенттік-парламенттік модельге қарай өзгеруін қуаттайды», – деп мәлімдеді өзінің сөзінде Н. Ә. Назарбаев.

2007 жылғы 21 мамырда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң өкілеттіктерді Президенттен Парламентке қарай одан әрі қайта бөлуді бекіте түсті.

Бәрінен бұрын Парламентке Үкіметті құруға тікелей қатысу құқы берілді. Мәселен, Премьер-министрді тағайындау бұдан былай Мәжілістің көпшілік келісімімен жүзеге асатын болады.

Сонымен қатар Парламент Конституциялық кеңестің, Республикалық бюджеттің орындалуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің және Орталық сайлау комиссиясының үштен екісін құрастыру құқына ие болды.

Ендігі жерде Мәжілістің Үкіметке сенімсіздік білдіруіне бұрынғыдай барша дауыстың үштен екі бөлігі емес, депутаттардың жай ғана көпшілік дауысы жетіп жатыр. Парламенттің жеке министр-ге сенімсіздік білдіру рәсімі оңайлатылды.

Сонымен қоса, келешекте еліміздің бюджетін қабылдау және оның орындалуын бақылау Парламенттің құзыретіндегі шаруа болуға тиіс.

Тиісінше президенттік институт та бірсыпыра өзгерістерге ұшырады. Мәселен, Президент заң шығару бастамасымен сөйлеу, 7 сенатордың орнына 15 сенатор тағайындау, сондай-ақ Қазақстан халықтары Ассамблеясынан Мәжіліске 9 депутат ұсыну құқына ие болды. Айтпақшы, 2005 жылы өзінің 10 жылдығын атап өткен Ассамблея бұдан былай Қазақстан халқының Ассамблеясы болып қайта аталды, конституциялық



мәртебені иеленді және, жоғарыда айтқанымыздай, өз өкілдерін Парламенттің төменгі палатасына ұсынуға мүмкіндік алды.

Өкілеттіктерді жергілікті өкілді органдардың пайдасына қайта бөлу де маңызды еді.

«Аудандардың, облыстық мәні бар қалалардың, қала аудандарының әкімдерін тағайындаудың тәртібі туралы» 2007 жылғы 4 маусымдағы Президент Жарлығына сәйкес ол әкімдер тиісті мәслихаттардың келісімімен тағайындалады.

Президент облыстардың, астананың және республикалық мәні бар қалалардың әкімдері жөнінде де осындай жоба ұсынды. Ендігі жерде мемлекет басшысы оларды тағайындарда тиісті мәслихаттармен келісіп алатын болады. Оған қоса, ендігі жерде оларға сенімсіздік көрсетуге үштен екі дауыс емес, қарапайым көпшілік дауыстың өзі жеткілікті болатындықтан, мәслихаттар әкімдерге көбірек ықпал етуге мүмкіндік алды.

Тұтастай алғанда конституциялық реформа және Парламент Мәжілісінің 2007 жылғы 18 тамызда өткен сайлауы Қазақстанның мемлекеттік-саясаттық дамуында түбегейлі жаңа кезеңнің басталғанын әйгілеп берді.

2006–2007 жылдар кезеңінде өткен басқа маңызды саяси оқиға да еске алуға тұрарлық. 2006 жылғы 4 шілдедегі президенттік сайлау науқанында Н. Ә. Назарбаевқа қолдау көрсетуде Халықтық коалицияның өзегін құраған ең ірі

екі саяси партия – «Отан» және «Асар» партиялары бірікті. Президенттік қолдау блогына Қазақстанның Азаматтық және Аграрлық партиялары қосылған кезде басталған шоғырлану үдерісі 2006 жылғы қараша-желтоқсанда жалғасты.

Желтоқсанда жаңарған және іріленген партия Халықтық-демократиялық «Нұр Отан» партиясы болып қайта аталды. Оның төрағалығына Н. Ә. Назарбаев сайланды. Тұтас алғанда «Нұр Отанның» пайда болуы Елбасының жаңғырту жобасын қоғамдық қолдаудың заңды нәтижесі еді.

\* \* \*

Сыртқы саясат аренасында Қазақстан біртіндеп халықаралық ойыншылардың біріне айнала отырып, өз ықпалын ұдайы арттырумен болды.

Бәрінен бұрын Қазақстан бұрынырақта өзі бастамашы болған халықаралық форумдарды табыспен өткізуді жалғастыра түсті. Мәселен, 2006 жылы Қазақстан АӨСШК (Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі) саммитіне қатысушылар мен қонақтарды екінші рет қабылдады, сонан соң әлемдік және дәстүрлік діндер көшбасшыларының съезін өткізді.

Оған қоса, біздің еліміз БҰҰ және ЕҚЫҰ секілді халықаралық жетекші құрылымдарды жаңа жаһандық сын-қатерлердің ыңғайында түбегейлі реформалау мәселесінде белсенді әрі бұлжымас бағыт ұстанды.

2007 жылғы 24–26 қыркүйекте Нью-Йоркте өткен БҰҰ Бас Ассамблеясының 62 сессиясында сөйлеген сөзінде Н. Ә. Назарбаев былай деп мәлімдеді: «Біз БҰҰ секілді халықаралық беделді ұйымның заңдылығына күмән келтіргелі және оның қауіпсіздік пен әділеттілікті қамтамасыз етудегі жан-жақты тетіктеріне сенімсіздік білдіргелі отырған жоқпыз. Біз Ұйымды әлсіретуге қарсымыз.

БҰҰ-ның соғыс және бейбітшілік мәселесіне ұтымды ықпал етуге қабілетті бірден-бір халықаралық ұйым екенін көре отырып, Қазақстан оның рөлі мен беделін көтере түскісі келетін мемлекеттермен ниеттестігін білдіреді.

...Біз БҰҰ қызметін реформалау жөніндегі бірлескен күш-қайратты қолдаймыз.

Біздіңше, Қауіпсіздік кеңесін кеңейту ісі тұрақты мүшелер бағыты бойынша да, тұрақты емес мүшелер бағыты бойынша да жүзеге асырылуы тиіс. Соның өзінде бұл іс әділ географиялық өкілдік және мемлекеттердің егемендік теңдігі негізінде атқарылғаны жөн.

Реформа өзінің ашықтығы мен есептілігін арттыру мақсатында Қауіпсіздік кеңесі жұмысының әдістерін де қозғауы қажет.

Бас Ассамблеяға БҰҰ-ның кеңесші, нұсқаушы және өкілді басты органы ретінде орталық орын лайық болуға тиіс».

Қазақстан жағының бастамасымен 2006 жылғы 12–13 маусымда Алматы қаласында ұйымдастырылған ЕҚЫҰ-ның «Мәдениетаралық, дінаралық және этносаралық ұғынысу» кеңесінде Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының жай-күйі мен болашағына қатты алаңдай отырып, Н. Ә. Назарбаев былай деген болатын: «ЕҚЫҰ-ның белсенді қатысушысы ретінде Қазақстан бүгінде жайсыздау күн кешіп тұрған Ұйымның болашағы үшін асқан жауапкершілікті сезініп отыр. ЕҚЫҰ жаңа тәуелсіз елдердің үнін анық естуі қажет, біз бәріміз жұмыла отырып, Ұйымның әлеуетін нығайтуға және оны барлық қатысушы елдердің мүдделеріне жауап бере алатындай етуге тиіспіз».

Әрине, ТМД кеңістігіндегі ықпалдасу құрылымдарының қызметі де Елбасы назарынан тыс қалған жоқ.

2006 жылғы мамырда ТМД мемлекеттер басшылары кеңесінің төрағалығына сайланған Қазақстан Президенті, өзінің сонау 2004 жылдың күзінде Достастық қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстарын ұластыра отырып, Мәскеу қаласындағы шілдедегі саммитте ұйымның ұзақ мерзімді дамуын әбден егжей-тегжейлі ұғындыратын ТМД-ны түбегейлі реформалау жөніндегі бағдарламасын ұсынды.

ТМД-ны реформалаудың қажеттілігін негіздей отырып, Н. Ә. Назарбаев былай деді: «Достастық

бірсыпыра субъективті және объективті себептермен – мейлі тіпті қол жеткен келісімдерді іске асыруға қабілеттілігі жағынан болсын – толыққанды, ұтымды, біріктіруші тетік бола алмады.

Дастастыққа мүше мемлекеттердің заңнамаларын біріздендіруді қамтамасыз ету, бұрынғы кеңестік кеңістіктегі неғұрлым елеулі ішкі шиеленістерді шешуге, еркін сауда аймағын, төлем одағын, бірлескен қорғаныс кеңістігін ашуға мүмкіндік беретін ірі ықпалдастық жобаларын іске асыру ТМД-ның қолынан келмеді».

Басқа бір ықпалдастық құрылымы – ЕурАзЭҚ шеңберінде – Н. Ә. Назарбаевтың бастамасымен маңыздылығы бұдан кем соқпайтын оқиға болып өтті. Қоғамдастықтың 2006 жылғы тамызда Сочи қаласындағы бейресми саммитінде Қазақстан, Ресей және Беларусь Кедендік одақты құру туралы шешім қабылдады, ол 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап жүзеге асты.

Қазақстанның экономикалық дамудағы даусыз табыстарына, демократиялық қоғам құруына, этносаралық және конфессияаралық мәселелерді шешуіне сүйенген дәйекті сыртқы саясаты қызметін халықаралық қоғамдастық жоғары бағалады, бұл ЕҚЫҰ-ның 2007 жылғы 1 желтоқсандағы Қазақстанды осы ұйымға төрағалыққа сайлау туралы шешімінде көрініс тапты.

2007 жылғы 14 желтоқсандағы Тәуелсіздік күніне арналған жиналыста мемлекет басшысы

осы бір айтулы оқиға туралы былай деп атап өтті: «Бұл біздің ғана жеңісіміз емес. Қазақстан – ЕҚЫҰ-ны бастайтын ТМД-дағы тұңғыш ел, өркениетті исламның таралу аймағына жататын тұңғыш түркі тілдес ел, ең соңында, ол тұңғыш азиялық ел. Сондықтан бұл біздің ортақ жеңісіміз.

Біз ЕҚЫҰ-ға төрағалықтың мәртебелі миссиясын сөзсіз жетістігіміз ретінде ғана емес, сонымен қатар орасан жауапкершілік ретінде де қабылдаймыз.

Төрағалық қызметінде бізді қыруар және жауапты жұмыс күтіп тұр. Бұл жұмыс барлық мемлекеттік органдардың, атқарушы, заң шығарушы және сот биліктері салаларының, сондай-ақ саяси партиялардың және бүкіл азаматтық қоғамның қажыр-қайратын талап етеді».

Осы халықаралық жоғары сенім мандатының Қазақстан үшін терең нышандық мәні бар еді. Ол іс жүзінде өзінің күмәнсіз көшбасшылық орнын күллі әлемге мойындатты, бұған біздің ел тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап табанды түрде алға адымдай қадам жасай отырып жетті...

**Қазақстан Республикасы Президентінің  
қызметіне ресми кірісуіне байланысты  
салтанатты ұлықтау рәсiмiнде**

## **СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ**

Астана қаласы,  
2006 жылғы 11 қаңтар

**Құрметті ханымдар мен мырзалар!  
Қымбатты отандастар!**

Бүгінгі күн – ант қабылдаған менің ғана емес,  
бүкіл еліміздің өміріндегі аса маңызды тарихи  
күн.

Осыдан бір айдан астам уақыт бұрын халқымыз  
демократиялық жолмен, әділ, айқын әрі ашық  
жағдайда өзінің еркін танытып, мемлекет басшы-  
сын сайлады.

Дүние жүзінің көптеген елдері мен халықаралық ұйымдардан келген байқаушылардың көз алдында өткен бұл сайлау тәуелсіз Қазақстанның өзінің бүгіні мен болашағына деген нық сенімін және ортақ мақсатқа жұмылған халқымыздың біртұтастығын айқын танытты.

Осы сайлауда халықтың маған көрсеткен қолдауын мен бүгінде елімізде берік орныққан саяси тұрақтылық, ұлтаралық келісім және экономикалық қарқынды өрлеу саясатын қолдау ретінде қабылдадым. Сондықтан Қазақстан халқына адал қызмет ету алдағы уақытта да мен үшін ең мәртебелі әрі қасиетті борыш болып қала бермек.

Осыдан 14 жыл ғана бұрын тәуелсіздік алған Қазақстан тар жол, тайғақ кешулерден сүрінбей өтіп, саяси, экономикалық және әлеуметтік жедел жаңару жолына түсті.

Біз барлық қазақстандықтардың тең құқығын, бостандықтары мен лайықты өмірін қамтамасыз ететін ұлттық заңнамамызды қалыптастырып, жаңа Конституциямызды қабылдадық.

Біз осы жылдар ішінде 130-ға жуық ұлт пен ұлыстың өкілдері тұратын елімізде ұлтаралық келісім мен саяси тұрақтылыққа негізделген сындарлы саясат жүргіздік. Бұл мынау алмағайып заманда Қазақстанды әлемдегі достық пен бейбітшілік мекеніне айналдырды.

Біз жүргізген әркімнің ұждан бостандығын қамтамасыз ететін дінаралық татулық саясатының арқасында республикамыздағы 40-тан астам



дін мен конфессия өкілдері береке-бірлікте өмір сүруде. Соның арқасында 2003 жылы әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары Астананы өздерінің алғашқы съезін өткізетін орын ретінде таңдады.

Біз Қазақстанның 2030 жылға дейінгі қарқынды дамуын қамтамасыз ететін стратегиялық бағдарлама қабылдап, әлемнің ең серпінді дамыған елдерінің қатарына қосылдық. Экономикалық дамудың қазақстандық үлгісі бізге кейінгі 5 жыл ішінде ішкі жалпы өнімді жыл сайын 9–10 %-ға өсіруге мүмкіндік берді. Сондықтан 2008 жылы Қазақстан 2000 жылмен салыстырғанда ішкі жалпы өнімін 2 есеге дейін ұлғайтуды алға қойды. Еліміздің қазіргі аршынды адымдары бұл мақсаттың міндетті түрде орындалатынын айқын дәлелдеп отыр.

Қазақстан өзі шектесетін Ресей, Қытай, Өзбекстан, Түрікменстан және Қырғызстан мемлекеттерімен шекара мәселесін біржолата шешіп, халықаралық құжаттармен бекітті. Бұл құрылықтағы шекарасының өзі 14 мың шақырымнан астам еліміздің сыртқы саясаттағы үлкен табысы. Біз барлық көршілерімізбен орныққан өзара ынтымақтастық пен адал әріптестікті қастерлейміз және оны алдағы уақытта да еселей беретін боламыз.

Қазақстан өз мемлекеттілігін біржолата бекітіп, батыс демократиясының үлгілеріне сай келетін

қоғам орнатты. Нарықтық экономиканың қағидаттарына құрылған дамудың қазақстандық моделін қалыптастырғаннан кейін мемлекеттің саяси өмірін одан әрі жетілдіру ісін жедел қолға алды.

Біз іс жүзінде саяси саналуандылықты қамтамасыз етіп, шын мәніндегі көппартиялылықты орнықтырдық. Бұған өткен парламенттік және президенттік сайлауларға ресми түрде тіркелген 10 партия өкілдерінің қатысуы айқын дәлел.

Қазақстанда шынайы сөз бостандығы қамтамасыз етіліп, жалпы саны 5 мыңнан астам үкіметтік емес ұйымдар мен 2 мыңнан астам тәуелсіз ақпарат құралдары еркін жұмыс істеуде.

Біз халықаралық заңнама нормаларына сәйкес адам бостандықтары мен құқығын қорғайтын Омбудсмен институтын енгізіп, өлім жазасына мораторий жарияладық.

Қазақстан халықаралық сарапшылар тарапынан жоғары бағаланған тәуелсіз сот жүйесін құрып, әлемдік үрдіске сай алқа билер институтын енгізудің алдында тұр.

Біз алдағы жылдары сыртқы саясаттағы да басымдықтарымызды сақтайтын боламыз.

Бүгінде әр мемлекеттің қауіпсіздігі бүкіләлемдік, жаһандық қауіпсіздіктің сақталуына тікелей байланысты.

Қазақстан әлемдегі ең үлкен ядролық сынақ алаңы – Семей полигонын жауып, өз аумағындағы барлық ядролық қару-жарақтан ерікті түрде бас

тартты. Бұл – біздің әлемдегі ядролық қаруды таратпау мен оны жоюға бағытталған жаһандық қауіпсіздікке қосқан лайықты үлесіміз.

Қазақстан халықаралық терроризм пен діни экстремизмнің кез келген түріне қарсы шығып, Орталық Азиядағы өңірлік қауіпсіздікті сақтаудың көшбасшысына айналды.

Саяси тұрақтылықты қамтамасыз еткен Қазақстан өз экономикасына 40 млрд доллардан астам шетел инвестициясын тартты. Елдің энергетикалық ресурстарын жедел игеріп, оны әлемнің әр тарабына шығарды. Өзінің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймай, әлемдік экономикадағы энергетикалық тепе-теңдікті қалыптастыруға да лайықты үлесін қосып отыр.

Сыртқы саясаттағы бұл басымдықтар біздің әлемдегі барлық елдермен достық, әріптестік және ынтымақтастық жағдайында өмір сүргіміз келетініне айқын айғақ. Мұның бәрін Қазақстанның жаһандық қауіпсіздік пен қазіргі заманның тұрақтылығына қосқан үлесі деп санауға әбден болады.

Құрметті мемлекеттер мен делегациялар басшылары, біздің қуанышымызға ортақтасып, алыс-жақын елдерден өзімізге құрмет көрсете келген қадірлі меймандар мен достарымыз, алыстан ыстық ілтипаттарын білдіріп жатқан қымбатты әлеумет! Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Ел Президенті етіп қайтадан сайлаған Қазақстан халқының өзіме көрсеткен зор сенімі мені ерекше тебіrentті.

Дауыс берудің нәтижесінен көрінген менің осы лауазымдағы қызметіме берілген аса жоғары баға одан да қуатты мерейлі сезімге бөледі. Алдымызда тұрған асулардың асқаралығы мен ауқымдылығы, маңыздылығы мен мәнділігі бойыма жоғары жауапкершілік сезімін дарытқанын да жасыра алмаймын.

Мен барлық жақтастарым мен серіктеріме, еліміздің барлық азаматтарына маған көрсеткен құрметі үшін, бүгінгідей өркенді Қазақстан орнатқан жасампаздық еңбегі үшін ақ алғысымды арнаймын!

Мен, сондай-ақ, біздің барша халқымыздың атынан осы жылдардың ішінде тікелей қатысуымен, достық ниетімен өзімізге қолдау көрсеткен әлемдік қоғамдастық елдеріне шынайы ризашылығымды білдіремін.

2005 жылғы сайлау – кезекті президенттік науқан ғана емес, бұл, керек десеңіз, біздің тәуелсіздік жылдары ішінде тындырған ісімізге берілген баға!

Біз аса күрделі үш міндетті шеше білдік: біз өз мемлекеттілігімізді құрдық, әлемдегі ең серпінділерінің бірі деуге лайық экономика сомдадық, халқымыздың тұрмыс деңгейін шындап арттыруға қол жеткіздік.

Біз өзіміздің келешекке сермеген құлашымыздың белгісіндей етіп, Еуразияның дәл кіндігінде өзіміздің жаңа Астанамызды орнаттық, оны біздің меймандарымыз даланың інжу-маржаны деп атайды.

Жаңа қоғам іргетасын берік бекемдегеннен кейін біз Қазақстан тарихындағы тұңғыш ашық әрі әділ сайлау өткізуге бел будық, сөйтіп өзіміздің ауқымды демократиялық жаңғыруға әзір екенімізді әйгіледік.

Мыңдаған жергілікті және шетел байқаушыларының, халықаралық ұйымдардың, іс жүзінде әлемнің барлық дерлік бұқаралық ақпарат құралдарының арқасында Қазақстан күллі жаһанның назарын өзіне аударды. Дәл мұндай риясыз ашықтық – біздің замана легінен сырт қалмай, бүгінгі дүниеге кіріуге ерекше ықыласты екеніміздің айқын айғағы.

Бүгінгі дүниеде ұлттық және діни төзімсіздік мемлекет былай тұрсын, жаһандық тұрақтылыққа нақты қатер төндіріп отыр. Міне, осындай жағдайда Қазақстан 130 этнос пен 40 діни топтан құралған елдің өзінде шынайы тағатты мемлекеттік саясат жүргізу арқылы келісім мен үйлесімге жетуге әбден болатынын айдай әлемге анық танытты. Сол себепті де біздің ұлттық саясатымызды күллі Қазақстан халқы қолдады.

Сайлау – өткен тәжірибеге ғана берілген баға емес. Сайлау, ең алдымен, адамдардың ертеңгі

күнге деген үміті. Мен халқымның өзіме көрсеткен сеніміне айрықша мерейленемін, сонымен қатар ел-жұртымның алдындағы терең жауапкершілігімді де сезінемін. Алдағы 10 жылда Қазақстанның алдынан ашылатын көкжиек қандай? Болашағымыз бүгінгідей бейбіт, ашық қалпын сақтап қала ала ма? Бұл сауалдардың жауабы алдымызға қойған мақсатымызға байланысты болары да анық.

Біз өзіміздің Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруіміз бен ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету жөніндегі жоспарымызды осы міндеттің үдесінен қарастырамыз.

Алайда сыртқы және ішкі баянды қауіпсіздік болмайынша, кез келген, тіпті дәл екшелген жоспардың өзін жүзеге асыру мүмкін емес.

Біздің ішкі қауіпсіздігіміз үш тұғырға негізделеді. Бұл – ұлтаралық және діни келісімді сақтау, бұл – саяси жүйені байыпты демократияландыру барысындағы саяси тұрақтылық, бұл – ұлттық қауіпсіздікке төнген түбірлі қатерлердің батыл алдын алу.

Біздің сыртқы қауіпсіздігіміз энергетикалық қауіпсіздік, халықаралық терроризмге қарсы күрес, Қазақстан шекарасының ұзына бойында тату көршілік пен тұрақтылық белдеуін орнықтыру жөніндегі өзіміздің халықаралық міндеттемелерімізді парықты пайымдауымызға негізделеді. Біз Ресеймен, Қытаймен, Америка

Құрама Штаттарымен стратегиялық серіктестік тұғырынан таймайтын боламыз. Еуропа Одағымен және мұсылман елдерімен ынтымақтастықты кеңейте беру – біздің сыртқы саясатымыздың басты басымдықтарының бірі. Біз Орталық Азиядағы өзіміздің ең жақын көршілерімізбен арамыздағы қатынастарға айрықша мән береміз. Өңірдің қауіпсіздігі бізге мемлекеттер ықпалдастығы деңгейінде сапалық тұрғыдан ілгерілеуімізді талап етеді, бұл менің кәміл сенімім.

Тұңғыш рет ғарышқа адам самғатқан, бірінші болып ядролық сынақтар жүргізу жөніндегі жосықсыз пиғылды тыйған қазақ топырағының бүгінгі ұрпақтың алдынан өзінің бар байлығын айқара ашуы кездейсоқ емес.

Біз Отанымыздың қасиетті байтақ даласын қантөгісті шайқастарда қорғаған батыр бабаларымыздың рухына лайық болуымыз керек. Олар тәуелсіздікті аңсады, біртұтас, қуатты мемлекет құруды армандады. Осы ұлы мұратты жүзеге асырудың асқақ абыройы біздің ұрпақтың пешенесіне жазылды. Біздің тарихи міндетіміз елімізді әлемнің дамыған мемлекеттерінің қатарына қосу, сөйтіп келер ұрпаққа өркенді де өршіл Қазақстанды табыстау.

**Қымбатты отандастар, серіктестер, достар!**

Қызметіме кірісерде, мен өзімді абзал, отаншыл, өзінің азаматтық парызына адал қазақстандықтар-

дың қолдағанына және алдағы уақытта да олардың жанымнан табылатынына ерекше қуанам. Сондықтан ертең биік асқарларға көтерілуге біздің күш-қуатымыздың жететініне нық сенімдімін.

Біз өзіміздің саналуандығымызбен, көпұлттылығымызбен, көпдінділігімізбен қуаттымыз.

Біздің күшіміз бірлігімізде – құндылықтарымыздың Отанымызды көркейту мен гүлдендіру жолындағы мұраттарымыздың бірлігінде.

Біз осы асқақ мақсатымызға қарай халқымыздың игілігі жолында жалын-жігерімізді жанып, батыл да байыпты қадамдар жасауымыз керек.

### **Қадірлі отандастар!**

Біздің алған асуларымыз аз емес, ал алдағы мақсаттарымыз одан да биік.

Ең бастысы – біз татулық пен бірлікке негізделген тәуелсіз мемлекет орнаттық.

Ортақ мақсат жолында ынтымағы мен берекесі жарасқан біртұтас ұлт болып қалыптастық.

Әлемдік өркениеттің ең биік талаптарына сай жаңа қоғам құрдық.

Жыл сайын ел байлығын еселеген экономикалық дамудың қазақстандық моделін қалыптастырдық.

Мұның бәрі сіздердің – барша қазақстандықтардың қажырлы еңбегі мен береке-бірлігінің арқасы.



Ендеше, алдағы уақытта да әрқашан бірге,  
әрдайым алда болайық.

Сонда ғана біз ата-баба аманатын ақтап, бола-  
шақ ұрпақ алдында жүзіміз жарқын болады.

**Қазақстан Республикасы Парламентінің  
10 жылдығына байланысты Сенат және  
Мәжіліс депутаттарына**

## **ҮНДЕУІ**

Астана қаласы,  
2006 жылғы 20 қаңтар

**Қымбатты депутаттар!**

Сіздерді Қазақстан Республикасы Парламентінің  
10 жылдығымен құттықтаймын.

Осынау 10 жыл біздің ұлттық тарихымызға  
жарқын тарау болып енді. Бұл жылдар Қазақстан-  
ның ең жаңа тарихындағы барынша күрделі және  
ең шешуші жылдар болды.

1995 жылы жалпыхалықтық референдумда қабылданған республика Конституциясының арқасында алғаш рет қос палаталы Парламент моделі іске асырылды. Ал бүгінде біз заңнамалық міндеттерді жүзеге асыратын жоғары өкілетті орган ретінде кәсіби қос палаталы Парламент іске асып қана қойған жоқ, сонымен бірге уақыт сынынан ойдағыдай өтті деп нық сеніммен айта аламыз.

Біз демократияның өзекті қағидатын – биліктің айқын тежемелік және теңгермелік тетіктері бар үш тармаққа – заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлінуін тиімділікпен іске асырдық. Бүгінде бұл жүйе билік тармақтарына сындарлылықпен өзара ықпалдасып, елдің өскелең дамуының міндеттерін тиімді шешуге мүмкіндік береді.

Конституцияның жасампаздық әлеуеті мемлекеттілікті нығайту үшін негізге айналып қана қойған жоқ, сонымен бірге бұдан былай да елді әлеуметтік, экономикалық және саяси жедел жаңартудың іргелі тұғырнамасы болады.

Өскелең реформалардың нәтижесінде Қазақстан әлемнің барынша серпінді экономикаларының қатарына серіппелі секіріс жасады. 2005 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанның ІЖӨ көлемі Орталық Азия мен Кавказдағы жеті мемлекеттің жиынтық ІЖӨ көлемінен асып түсті. Соның өзінде ІЖӨ-нің 80 %-ға дейіні эконо-

номикамыздың жеке меншік секторында жасалады.

Біз сайлау заңнамасын елеулі түрде жаңарта алдық, қазір ол халықаралық ең жоғары талаптарға сай келеді. Барлық азаматтар мен саяси күштер қатысатын бәсекелі сайлау ел саяси өмірінің ажырағысыз бөлігіне айналды. Мұны барлық 10 саяси партияның өкілдері қатысқан соңғы парламенттік және президенттік сайлаулар көрсетіп берді.

Елде орталық пен өңірлер арасындағы билік өкілеттіктерін ажырату үдерісі, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару институттарының дамуы белсенді жүріп жатыр.

Қоғамдағы ұлтаралық келісім мен саяси тұрақтылық біздің барлық жетістіктеріміздің негізі болып табылатынына сенімдімін.

Мұнда реформаларды заңнамалық тұрғыда қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен бірге аса маңызды мемлекеттік міндеттердің қойылуы мен іске асырылуына белсене қатысқан біздің Парламенттің зор еңбегі бар.

Мен барлық үш шақырылымның депутаттарына Қазақстан халқының игілігі жолындағы жемісті заң шығарушылық қызметі үшін алғыс айтқым келеді.

Бүгінде Қазақстанның табыстарын әлем қоғамдастығы мойындап отыр. Енді біз алдымызға бұдан да өршіл мақсат – әлемнің бәсекеге

барынша қабілетті 50 елінің қатарына ену мақсатын қойдық. Осынау стратегиялық мақсатқа жетудің басты бір шарты заң шығарушы биліктің белсенді рөлі болып табылады.

Баршаңызға Қазақстан халқының игілігі жолындағы қызметтеріңізде табыс тілеймін!

**«Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» атты Қазақстан халқына**

## **ЖОЛДАУЫ**

Астана қаласы,  
2006 жылғы 1 наурыз

**Қымбатты қазақстандықтар!  
Құрметті депутаттар және Үкімет  
мүшелері!  
Ханымдар мен мырзалар!**

Қазақстан бүгінгі таңда әлеуметтік-экономикалық жаңару мен саяси демократияландырудың жаңа кезеңіне қадам басқалы тұр.

Мен өзіміздің әлемдік рейтинг кестесінің жоғары бөлігіне іліккен елдер тобының ішінен орын алуымызға мүмкіндік беретін басты негіздер мыналар деп білемін.

Біріншіден, өркенді де өршіл дамып келе жатқан қоғамның іргетасы тек қана осы заманғы, бәсекеге қабілетті және бір ғана шикізат секторының шеңберімен шектеліп қалмайтын ашық нарық экономикасы бола алады. Бұл — жеке меншік институты мен келісім-шарттық қатынастарды құрметтеу мен қорғауға, қоғамның барлық мүшелерінің бастамашылығы мен іскерлігіне негізделген экономика.

Екіншіден, біз аға ұрпақты, ана мен баланы, жастарды қамқорлық пен ілтипатқа бөлейтін әлеуметтік бағдарланған қоғам, ел халқының барлық топтары тұрмысының жоғары сапасы мен алдыңғы қатарлы әлеуметтік стандарттарын қамтамасыз ететін қоғам құрудамыз.

Үшіншіден, біз еркін, ашық әрі демократиялық қоғам орнатудамыз.

Төртіншіден, біз дәйекті түрде саяси тежемелік теңгермеліктің үйлестірілген жүйесіне негізделген құқықтық мемлекет құрып, оны нығайта береміз.

Бесіншіден, біз барлық діндердің тең құқылығына кепілдік береміз және Қазақстанда конфессияаралық келісімді қамтамасыз етеміз. Біз исламның, басқа да әлемдік және дәстүрлі дін-

дердің озық үрдістерін құрметтеп әрі дамыта отырып, осы заманғы зайырлы мемлекет орнатамыз.

Алтыншыдан, біз қазақ халқының санғасырлық дәстүрін, тілі мен мәдениетін сақтап, түлете береміз. Сонымен қатар ұлтаралық және мәдениетаралық келісімді, біртұтас Қазақстан халқының ілгері басуын қамтамасыз етеміз.

Жетіншіден, біз өз елімізді халықаралық қоғамдастықтың толық құқылы және жауапты мүшесі деп білеміз, ал мұның өзі біздің аса маңызды басымдықтарымыздың бірі, Қазақстан мұнда геосаяси тұрақтылықты және өңірдегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде маңызды міндеттер атқарып отыр.

Бүгін, сіздерге, құрметті қазақстандықтар, өзімнің жыл сайынғы Жолдауымды арнай отырып, мен Қазақстанның әлемнің бәсекеге барынша қабілетті әрі серпінді дамып келе жатқан мемлекеттерінің қатарына қарай қадам басуы жолындағы негізгі басымдықтарды ұсынғым келеді.

**Бірінші басымдық: Қазақстанның әлемдік экономикаға ойдағыдай кірігуі – елдің экономикалық дамуының сапалық серпілісінің негізі**

Біз Қазақстанның жаһандық экономикалық үрдістерге сәйкес дамып келе жатқан ел болуын қалаймыз. Әлемдегі жасалған жаңа мен озық



атаулыны бойына сіңірген, дүниежүзілік шаруашылық жүйесінен шағын да болса өзіне лайық «орнын» иемденген әрі жаңа экономикалық жағдайларға жылдам бейімделуге қабілетті ел болуын қалаймыз.

Біз қатаң бәсекеге әзір тұрып, оны өз мүддемізге пайдалана білуіміз керек. Қазақстан көп тарапты халықаралық экономикалық жобаларға белсене қатыса алады, қатысуға тиіс те, өйткені олар біздің жаһандық экономикаға кірігуімізге жәрдемдеседі әрі сол арқылы біздің қолайлы экономикалық-географиялық жағдайымызға және қолымыздағы ресурстарымызға сүйенеді.

Мемлекет өз тарапынан іскерлік бастамашылықтың жолындағы заңнамалық, әкімшілік және төрешілдік кедергілерді ысырып тастауға, жеке меншік капиталдың келешегі үлкен кемел бастамаларына тікелей қолдау көрсетуге міндетті.

Қазақстанның экономикалық дамуындағы сапалық «серпілісті» әлемдік экономикаға кірігудің қажетті шарты ретінде пайымдай отырып, мен мынадай бағыттарға баса назар аудару керек деп санаймын.

*1.1. Халықаралық маңызды «серпілістік» жобаларды іске асыру, индустрияны дамыту, әлемдік рыноктың белгілі бір тауашаларында бәсекеге қабілетті бола алатын тауарлар мен қызметтерді өндіру*

Біз түпкі өнімдерін экспортқа шығаруға бағдарланған өндірістерді, мұнай-газ, көлік саласында және машина жасау мен металлургиядағы, химия мен агроөнеркәсіп кешенінде бірлескен кәсіпорындар құруға және дамытуға арқа сүйеуіміз керек. Алдымызда халықаралық ұйымдардың белсене қатысуымен биотехнологиялық орталықтар; өңірлік IT-орталық ретінде ақпараттық технологиялар паркін дамыту міндеті тұр.

Үкімет ұлттық тауарлар мен қызмет көрсетудің бәсекеге қабілеттілігін қолдауға бағытталған нақты бағдарламалар қабылдауы қажет. Жеке меншік бизнесті қолдаудың және оның тауарлары мен қызметін әлем базарларына жеткізетін мамандандырылған құрылымдар болуы шарт, мұндай ұйымдардың әлемдік тәжірибесін зерделеп, оны еліміздің жағдайына бейімдеуіміз керек.

*1.2. Қазақстанның өңірлік және халықаралық экономикалық бірлестіктер мен қауымдастықтарға қатысуы жолымен халықаралық экономикаға кірігуі*

Қазақстан көп тарапты халықаралық экономикалық жобаларға белсене қатыса алады және қатысуға тиіс, мұның өзі біздің жаһандық экономикаға кірігуімізге жәрдемдеседі әрі біздің экспорттаушыларымызға қолдау көрсетеді.

Өңірлік серіктестікке келгенде, біз ЕурАзЭҚ шеңберінде өзара тиімді ынтымақтастықты кеңейтуге және Бірыңғай экономикалық кеңістікті қалыптастыруға одан әрі септесе беру ниетіндеміз.

Сонымен қатар Дүниежүзілік банк, Еуропа қайта құру және даму банкі, Азия даму банкі және таяуда құрылған Еуразия даму банкінің жобаларына баса назар аудару керек.

*1.3. Қазақстанды экономикалық жаңарту мен халықаралық рыноктарда бәсекеге қабілеттілігін нығайтудың қосымша құралы ретінде ДСҰ-ға кіру*

Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі жолындағы келіссөз үдерісі тоқтаусыз жүргізіліп жатыр. Республиканың сыртқы сауда режимін реттейтін заңдарының едәуір бөлігі қазірдің өзінде ДСҰ нормаларына сәйкес келтірілді немесе Парламентте талқылануда.

Еліміздің осы халықаралық экономикалық ұйымға енуі Қазақстанның дүниежүзілік рыноктағы бәсекеге қабілеттілігін нығайту үшін кең мүмкіндіктер ашатынына сенімдімін. Дегенмен осы мүмкіндіктерді ұтымды әрі тиімді пайдалана білу керек.

Біз әлі қолға алынбаған секторлардағы шетел инвесторларының құрылтайшылық қатысуы деңгейіндегі экономикалық тұрғыдан өзін ақтамайтын шектеулерді алып тастауымыз керек.

*1.4. Экспорттық-импорттық кредиттеуді дамытуды мемлекеттік қолдау*

Шикізаттық емес тауарлардың экспорты мен жоғары технологиялық жабдықтардың импортын қолдау мен кредиттеу басымдыққа айналуға тиіс.

Бүгінгі күні дайын өнімдер экспортының көлемі жылына 2 млрд доллар құрап отыр. Шикізаттық емес экспорт 10 жылға жуық осы деңгейде қалып келеді. Ендігі жерде осы көлемді үдемелі түрде ұлғайтатын уақыт жетті.

Біз озық әлемдік тәжірибеге сүйеніп, шет елдердің экспорт-импорт агенттіктерімен ынтымақтастықты белсенді дамытуымыз керек.

*1.5. Қазақстанның жаңа технологияларды әзірлейтін және дамытатын халықаралық компаниялардың құрылтайшысы және акционері ретінде қатысуы*

Қазақстанға өзінің ғылыми әлеуетіне қоса жоғары технологиялардың халықаралық бизнесіне қатысатын және оған бастапқы құрылтайшылық деңгейінде қатысу жөнінде бастамашылық танытатын уақыт жетті деп білемін.

Бұл жерде осы жұмыс үшін жауап беретін Инновациялық қордың атқаратын рөлі өте маңызды.

Біздің осы орайда экономикалық дамудың барынша «серпілісті» бағыттарындағы озық технологиялық идеяларды игеру үшін күллі дүние жүзіндегі жаңа немесе енді қалыптаса бастаған жоғары технологиялық компаниялар акцияларының пакеттерін сатып алатын басқа елдердің өнегесіне ден қойғанымыз абзал.

Осы арқылы біз тиісті авторлық құқық пен зияткерлік меншіктің иесі бола аламыз. Мұндай

жобалар үшін бізге өзге елдердегі «құрметті консулдар» институтын кеңінен пайдалану керек.

Үкімет Қазақстанның халықаралық рыноктағы технологиялық бастамашылығы мәселесін мұқият пысықтауы тиіс.

*1.6. Қазақстанда зияткерлік меншік құқығымен және сауда маркасымен қорғалған тауарлар өндірісі үшін қолайлы жағдайлар қалыптастыру*

Қазақстанның авторлық құқық пен сауда белгісін қорғаудың қатаң кепілі ретіндегі беделін нығайту бізге экономиканың жаңа секторларын белсенді түрде дамытып, әртараптандыруға мүмкіндік беретініне сенімдімін.

Қазақстанда күмәнді өнімдерге төзбестік көзқарас туғызуға бағытталған жариялы науқан жүзеге асырылуға тиіс, сонымен қатар зияткерлік меншік құқығын бұзу мен сауда белгілерін қолдан жасаушылар үшін әкімшілік және қылмыстық қудалау шараларын қабылдау керек. Мұндай шаралардың жоғары технологиялық және ғылыми сыйымды өнімдер шығарушылардың мақұлдауы мен қолдауына ие болатынына, Қазақстан экономикасына жаңа инвестициялар ағысын қамтамасыз етіп, оны әртараптандыруға кең мүмкіндіктер ашатынына сенімдімін.

*1.7. Ең жоғары халықаралық стандарттарға сай келетін академиялық орталықтар мен оқу орындарын құру*

Қазақстанда халықаралық ұйымдардың қатысуымен осы заманғы ғылыми орталықтар мен «технологиялық парктер» құру мен дамыту, жаңа технологияларды игеру үдерісіне қолдау көрсету мен кадрлардың біліктілігін арттырудың икемді жүйесін қалыптастыруымыз керек.

Ғылыми әлеуетті дамыту қолданбалы ғылымды өндіріс пен бизнеске мейлінше жақындатуға бағытталуға тиіс.

Көш басында жүрген академиялық институттар мен орталықтарды Қазақстанға тарту үшін тиісті алғышарттар жасау қажет. Бұл үшін бізге Қазақстанда халықаралық оқу орындарын бірлесе дамыту үшін «инкубациялық жобалар» үлгісіндегі құралдарды пайдалануымыз керек.

«Инкубациялық жобаларды» дамытуды көтермелеу мақсатында Үкімет, Үндістанда жасалғандай, ғылыми орталықтарды дамыту үшін жер телімдерін тегін беру, бастапқы капитал бөлу, қажетті негіздік инфрақұрылымды жасақтау және басқа да бірсыпыра шараларды ұйымдастыру мәселелерін шешуге тиіс деп санаймын.

*1.8. Осы заманғы және бәсекеге қабілетті көлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту*

Қазақстанның көлік-коммуникация кешенінің басты мақсаты еуразиялық көлік жүйесіне кірігу болып қала береді. Көлік-коммуникация кешенін дамыту Еуропа мен Азия ортасындағы аралық көпір болып отырған еліміздің геостратегиялық

орналасуының артықшылықтарын пайдалануды толығымен қамтамасыз етуге тиіс.

Жүктердің тез өткізілуін ұйымдастыру жөнінде тиімді рәсімдер енгізу үшін көршілермен арадағы нақтылы уағдаластықтарды дамыту қажет.

Осы және басқа да міндеттердің бәрі Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі Көлік стратегиясын әзірлеу мен іске асыру барысында ескерілуге тиіс.

Бұл мәселелерді шешуде біз мемлекеттік-жеке меншік серіктестікті қамтамасыз ету тетіктеріне баса назар аударуға тиіспіз.

*1.9. Табиғат ресурстарын пайдаланудың ашық саясатын іске асыру*

Біз табиғи ресурстарды пайдаланудың, транс-ұлттық компаниялармен және өңірдегі басты көршілерімізбен ынтымақтастықтың айқын әрі тұрақты шарттарын қамтамасыз етудің ашық саясатын жүргізуге бастама көтердік және оны одан әрі жүргізе беретін боламыз. Бұл Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге нақты үлес қосып отырған келешегі зор сенімді әріптес ретіндегі беделін нығайта түседі.

Біз қазір Қазақстанның энергия ресурстарын әлемдік базарға шығарудың арналарын әртараптандыру мен олардың тұрақтылығын қамтамасыз етуге, сондай-ақ мұнай-газ кешеніне тікелей қатысты тереңдете өңдеу салаларының ең озық

қарқынмен дамытылуына баса назар аударуымыз керек.

### *1.10. Алматыны қаржы және іскерлік белсенділіктің ірі өңірлік орталығы ретінде дамыту*

Орталық Азия өңірінің басты қаржы орталығы ретінде Алматының серпінді дамуы Қазақстанның ірі қаржы ұйымдарын өңірлік үлкен бизнес-жобаларға арналған қарыздар беру, сақтандыру мен қаржы қызметін көрсету саласында негізгі «мердігерлерге» айналдыру үшін қолайлы жағдайлар мен мүмкіндіктер туғызу мақсатына бағытталуға тиіс.

Қаржы орталығының тиімді жұмысын қамтамасыз ету үшін тиісті инфрақұрылымдар, ең алдымен, телекоммуникациялар жасақтау қажет. Сонымен қатар іскерлік қасиетімен танылған әрі осындай орталықтар мен сырт жерлерде еркін аймақтар құру жөніндегі жұмыс тәжірибесі мол мықты менеджерлер тарту қажеттігі де анық.

«Еркін» қаржы-экономикалық аймақтарында қатарлас қызмет көрсету рыногын дамытуға да ерекше назар аудару керек.

### *1.11. Нақты іске асыру*

Бірінші басымдықты нақты іске асыру мақсатында Үкіметке мына міндеттерді тапсырамын:

– 2006 жылы қолданылып жүрген нормативтік-құқықтық арқауға талдау жасап, ретке келтіретін болсын. Қазақстан Республикасының «Бәсекелестік және монополистік қызметті шектеу



туралы» Заңының жаңа редакциясын, «Концессиялар туралы» және «Өңірлік қаржы орталығы – Алматы қаласы туралы» заңдарды әзірлесін.

– Салықтық және кедендік әкімшілік жүргізу реформасын іске асырсын, отандық өндірушілерге мемлекеттік көмек көрсетуді қайта бағдарласын, техникалық реттеудің ішкі стандарттарын ДСҰ-ның халықаралық стандарттарына сәйкес келтірсін, қаржылық қызмет рыногын реформалауды жалғастырсын.

– ДСҰ-ға кіру шеңберінде біздің экономикамыздың кейбір салаларын, әсіресе, шикізатты өңдеуді дамыта отырып, ауыл шаруашылығын қолдауға мүмкіндік беретін арнаулы экономикалық «бейімделу бағдарламасын» әзірлеп, іске асыратын болсын.

– Халықаралық рыноктың Қазақстан бәсекеге қабілетті өнім беруші бола алатын барлық секторларын шоғырландыра зерттеуді жалғастырсын және соны ескеріп, халықаралық бәсекеге қабілетті ұлттық тауарлар мен қызметті қолдаудың нақтылы және нысаналы бағдарламасын жасайтын болсын.

– Даму институттарымен және жетекші қазақстандық компаниялармен бірлесіп, мақсатты орта мерзімдік және ұзақ мерзімдік жобалар тізбесін түзетін болсын. Индустриялық аймақтардың, атап айтқанда, Астанадағы аймақтың, арнаулы экономикалық аймақтардың,

көлік-логистикалық орталықтардың мәселелерін пысықтасын. Қытаймен шекаралық ынтымақтастықтың «Хоргос» орталығын дамытуға ерекше назар аударылуға тиіс.

– Мемлекеттік даму институттарының іс-қимылын үйлестіру үшін құрамына барлық даму институттары кіретін басқару компаниясын жасақтасын.

– Биылғы жылы Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі Көлік стратегиясы бекітіліп, онда мемлекет-жеке меншік серіктестігі негізінде инфрақұрылымды дамыту бойынша бизнеспен арадағы тиімді ынтымақтастық қамтамасыз етілсін. Еуропа – Азия аралығында сапалы тасымалды қамтамасыз ету үшін кем дегенде 2–3 авиациялық торап құрылсын. Әуе тасымалына сапалы қызмет көрсетілуін қамтамасыз ету үшін Астана қаласында қызмет көрсету орталығы құрылсын.

**Екінші басымдық: Қазақстан экономикасын тұрлаулы экономикалық өрлеудің іргетасы ретінде одан әрі жаңарту мен әртараптандыру**

Ел экономикасындағы өрлеудің тұрлаулы әрі серпінді сипатын ұстап тұру үшін мемлекет қазынагерлік, кредит-ақша саясатын, өндірістің негізгі факторларын тиімді қайта бөлуді мемлекеттік реттеу тетіктерін пайдаланып, жоғары сапалы

өнім мен қызметке деген сұранысты көтермелеп отыруға міндетті.

Қазақстан экономикасын алдағы уақытта одан әрі жаңарту мен әртараптандыру мақсатында нақтылы тұрғыда мынадай бағыттарға баса көңіл бөлу керек деп санаймын.

### *2.1. Ақша-кредит саясаты*

Ақша-кредит саясатының негізгі мақсаты – инфляцияны тежеуді қамтамасыз ету. Бұл мақсатқа жету жолындағы жауапкершілік Ұлттық банк пен Үкіметке жүктеледі. Олардың қолында сол үшін барлық өкілеттіктер мен құралдар бар.

Ақша-кредит саясатының келесі міндеті – қаржы нарығының тұрақтылығын қамтамасыз ету, инфляция өсімінің залалды зардаптарын төмендету, сонымен бір мезгілде экономикалық өрлеуді ынталандыру үшін нақтылы айырбас бағамының икемділігін сақтап тұру.

Осы орайда Ұлттық қор маңызды рөл атқаруға тиіс. Үкімет Қор қаражатының ашықтығын және ұтымды қалыптасуы мен пайдаланылуын қамтамасыз етуге тиіс деп санаймын.

### *2.2. Қазынагерлік тәртібі мен тиімді салық саясаты*

Салық және кеден саясатын реформалау күллі экономикалық жаңару саясатының маңызды құралы болуы керек.

Экономикамыздың жаңа салаларын әртараптандыру мен дамытуды ынталандыру, бұл сала-

ларға шетел капиталы мен ноу-хауды, яки соны ілімді тарту мақсатында икемді салық және бюджет саясатын пайдалану маңызды.

Өндірісті дамыту мен кеңейту мақсатында қосымша құн салығының мөлшерлемесін төмендету қажет деп санаймын.

Ірі салық төлеушілерден түскен салық түсімдерін жинауды тексеру үшін Қаржы министрлігінің Салық комитетінде арнаулы бөлім құруды ойластыру керек. Ол бөлім тексеру ісіне мүдделер қайшылығынан ада халықаралық аудиторлық фирмаларды тартуға тиіс.

Қатаң бюджет және салық тәртібі сақталуға тиіс.

*2.3. Экономиканың отын-энергетика және өндіруші секторларының тиімділігі мен экономикалық қайтарым деңгейін арттыру*

Ішкі және әлемдік рыноктардың жаңа тауашаларын біз өндіруші өнеркәсіптің мұнай, газ және басқа салаларында терең өңдеуді дамыту есебінен игеруіміз керек.

Әрбір мұнай-газ кеніші кәсіпкерлікті дамытудың осы заманғы тұрмыстық қызмет көрсетуден бастап, ең озық инженерлік және бағдарламалық қамтамасыз ету саласына дейінгі ауқымды қамтитын өзіндік тұтас аумақ ретінде қарастырылуға тиіс.

Тұтынушыларының алдында Қазақстан сенімді өнім берушінің абыройын жоғары ұстауға тиіс.

Биылғы жылдың ішінде Үкімет Қазақстанда мұнай-химия өнеркәсібін дамытудың таяудағы 10 жылға арналған кешенді Бас жоспарын нақтылы орындауға кіріседі деген ойдамын.

#### *2.4. Мемлекеттік активтерді тиімді басқару*

Үкімет мемлекет активтерін басқарудың ашық және айқын жүйесін жасауы қажет. Мемлекеттің меншігіне түгендеу жүргізіп, күллі еліміз үшін біртұтас деректер базасын жасаған жөн. Оңалту немесе банкроттық туралы шешім шығарған кезде біртұтас өлшемдер қолданылуы керек. Банкроттық туралы шешім шығынды мемлекеттік кәсіпорындардың қызметін қалпына келтірудің мүмкіндігі қалмаған жағдайда жасалатын соңғы қадам болуға тиіс.

Банкроттықты мемлекеттік мүлікті басқарудың өзі үшін ең ұтымды тәсілі санайтын белгілі бір конкурстық басқарушыларды қайталап қатыстыру тәжірибесінен арылып, бұл салада барынша бәсекелестік туғызуды ойластырған дұрыс. Қажеттігіне қарай, мемлекеттің неғұрлым ірі активтерін басқару үшін халықаралық компанияларды да жалдау керек.

*2.5. Нарық қағидаттары негізінде мемлекет пен жеке меншік сектор арасындағы экономикалық өзара қатынастардың тиімділігін арттыру*

Біз экономикаға мемлекеттің қатысуын әкімшілік реформаның есебінен оңтайландыруымыз керек.

Жаңа экономика жаңа басқару шешімдерін қажетсінеді, ал ондай шешімдерді қабылдауға осы заманға сай ойлай білетін және түпкі нәтижеге бағдарланған мемлекеттік менеджерлер ғана қабілетті.

Қоғамдағы келісім-шарттық қатынастарды дамыту мен жеке меншік институтын нығайту үшін қосымша заңнамалық және әкімшілік шаралар, сондай-ақ даулар мен төрелік ету рәсімдерін тәуелсіз тұрғыда қарау жүйесін дамыту қажет.

Келісім-шарттық міндеттемелерді орындамағаны үшін экономикалық, әкімшілік, керек десеңіз, қылмыстық жауапкершілік билік органдарының өкілдеріне де, сондай-ақ экономикалық өмірдің басқа да барлық агенттеріне қолданылуға тиіс.

Біз үшін миноритарлық акционерлер мен құрылтайшылардың құқықтарын қорғау жөніндегі барабар заңнаманың болуы өте-мөте маңызды. Сондай-ақ, ұлт меншігінен қайтадан алуға қарсы заңнамалық кепілдіктер берілуін қарастыру қажет.

«Электрондық үкімет» жүйесін шұғыл енгізу қажеттігін әдейі баса көрсеткім келеді. Ол мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттырып, сыбайластық пен әкімшілік кедергілерді кемітуге қол жеткізеді.

*2.6. Кәсіпкерлікке кең ауқымды мемлекеттік қолдауды іске асыру, шағын және орта бизнестің тұғырын кеңейту мен нығайту*

Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры халықтың кәсіпкерлік әлеуеті мен бастамашылығын іске асыруға тырысқан түрлі топтары үшін қаржы ресурстары мен сараптама жасаудың нақты қайнарына айналуға тиіс. Қордың өкілдік желісін кеңейту, өңірлердегі кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған жұмысты күшейту қажет.

Сонымен қатар, металлургияда, банк саласында, сақтандыруда, химия өнеркәсібінде және басқа салаларда сақталып қалған «жасырын» монополияларды құрту қажет. Мұны монополияға қарсы заңнаманы реформалау арқылы, сондай-ақ отандық және шетелдік жаңа компаниялардың экономиканың осы секторларына кіруі үшін тартымды әрі ашық жағдайлар туғызу арқылы, яғни осы секторлардағы бәсекелестікті арттыру арқылы жасау керек.

Бюрократияның өндірістік активтерге бақылау жасауға ұмтылған әрекеттеріне жол бермеу керек.

*2.7. Өңірлік әлеуметтік даму мен кәсіпкерлік корпорацияларын құру есебінен экономикалық өркендеудің өңірлік «локомотивтерін» жасақтау*

Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар (ӘКК) – өз қызметін өндірістен және тауарлар мен қызмет сатудан пайда табу мақсатында ұйымдастыратын тұрақты бизнес-құрылымдар. ӘКК-нің коммерциялық корпорациялардан басты айырмашылығы сонда, олар алынған пайданы өздері мүддесін көздеп құрылған сол өңірдегі халықтың әлеуметтік,

экономикалық немесе мәдени мақсаттары үшін қайтадан жұмсайды.

Қазақстанның түрлі өңірлерінде ӘКК-ні бас-тапқы кезеңде қолдарына коммуналдық меншікті, жерді, жаңа бизнес жасау үшін пайдалануға болатын жұмыс істеп тұрған өзін-өзі ақтамайтын кәсіпорындарды беру арқылы жасақтауға болады.

Әрбір ӘКК өзіндік бір өңірлік даму институтына айналуға тиіс, оның еліміздің тиісті өңіріндегі мемлекеттік активтерді басқаратын холдинг компаниясы ретінде жұмыс істеуі мүмкін.

Содан кейінгі кезеңде басқару тәжірибесін жинақтауы мен ӘКК-нің капиталға айналу деңгейінің артуына қарай олардың өңірлік және халықаралық рынокқа шығуымен қоса, «жауапкершілік аясын» кеңейту мен әртараптандыру жөнінде әңгіме қозғауға болар еді.

Бұл корпорациялардың қызметі жаңа жобалар тартуға, шағын және орта бизнесті дамытуға, кооперациялануды күшейтуге бағытталады.

Сөйтіп ӘКК ірі жұмыс берушілерге әрі ел дамуының «локомотивіне» айналады, бұл ретте ол мемлекеттік қызметшілер санын өсіріп, мемлекетке салмақ салмайтын болады.

*2.8. Экономиканы теңдестіре дамыту қажеттігіне сай келетін аумақтық даму*

Бүгінгі таңда тұтас алғанда еліміздегі экономикалық жаңарудың «локомотиві» болуға



қабілетті дамыған өңірлік орталықтардың экономикалық қызметін жандандыруға, сондай-ақ өңірлердің ұтымды экономикалық мамандануын қалыптастыруға бағытталған осы заманғы жаңа аумақтық даму стратегиясы қажет. Мұның бәрі де Қазақстанның 2015 жылға дейінгі аумақтық даму стратегиясында бейнеленуге тиіс.

*2.9. Астананы осы заманғы әлемдік стандарттарға сай келетін қала ретінде, Еуразиядағы халықаралық ықпалдастықтың ірі орталықтарының бірі ретінде дамыту*

Қысқа мерзімнің ішінде Астана еліміздің осы заманғы жедел өсіп келе жатқан ірі қаласына айналып үлгерді. Оның еуразиялық кеңістіктегі үлгілі астанаға айналуы үшін, еліміздің тұрлаулы дамуын қамтамасыз етудің негізіне айналуы үшін толық мүмкіндігі бар.

Біз бұл үшін бірнеше ауқымды жобаларды іске асыруымыз керек.

Астананың сол жағалауында осы заманғы медицинаның негізгі бағыттарын біріктіретін жаңа орталықтың негізінде осы заманғы, инновациялық және серпінді медициналық қызмет кластерін құру қажет.

Елордамызда бірегей академиялық орта қалыптастыру үшін біз халықаралық деңгейдегі беделді университет құратын боламыз.

Сонымен қатар, құрылыс материалдары, жиназ, азық-түлік өнеркәсібі салаларының өнді-

рістері және басқа да бәсекеге қабілетті бағыттар шоғырландырылатын индустриялық аймақтың дамуын да қамтамасыз ету қажет.

Әрбір үй салушы өз капиталының бір бөлігін қаланың әлеуметтік саласының дамуына жұмсауға тиіс. Бұл қаланы дамыту үдерісіне бизнесті және халықты тартудың маңызды бір кілті болып табылады.

Әлемдік бизнестің, іскерлік туризмнің, халықаралық маңызы бар ғылыми және мәдени шаралар өткізудің тартымды орынына айналдыру үшін қаланың бедел-бейнесін көтере беруге баса көңіл бөлу керек.

Келешекте қаланың дамуы Теміртау, Қарағанды агломерациясы қалаларын және Шортанды – Бурабай курорттық аймағын қамту арқылы құрылатын желілік «өсу аймағының» жасақталуы арқылы өзгеруге тиіс.

### *2.10. Нақты іске асыру*

Екінші басымдықты нақты іске асыру мақсатында Үкіметке мыналарды тапсырамын:

– Валюталық операцияларды жүзеге асыру тәртібін оңайлату арқылы «Валюталық реттеу туралы» Заңға тәуелді актілерді әзірлеу жұмыстарын аяқтайтын болсын.

– 2007 жылдан бастап қосымша құн салығының мөлшерлемесін 1 %-ға, ал 2008–2009 жылдары қосымша тағы да 1–2 %-ға азайту.

– 2008 жылдан бастап әлеуметтік салық шамамен 30 %-ға азайтылып, ол жұмыс берушілерді жұмысшылар жалақысын өсіруге ынталандыруы керек.

– 2007 жылдан бастап, барлық жеке тұлғалар үшін табыс салығының 10 %-дық белгіленген мөлшерлемесі енгізілсін. Еңбекақысы аз жұмысшылар санатының табыс деңгейін сақтау мақсатында айлық есептік көрсеткіштің орнына олардың салық салынатын табысынан ең аз жалақы мөлшерін алып тастауды ұсынамын.

– 2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап шағын бизнес субъектілері үшін салық салудың кемітілген бірыңғай мөлшерлемесі енгізілсін.

6 ай ішінде жоғарыда айтылған Салық қызметінің арнайы бөлімін құру жөнінде нақты ұсыныс әзірлесін.

– 2006 жылы мұнай-химия өндірісін дамытудың таяудағы 10 жылға арналған кешенді Бас жоспарын белсенді түрде іске асыруды қолға алсын.

– Пайдалану мен тиімділік өлшемінің нақпанақ мақсаттарын айқындау арқылы Мемлекеттік меншіктің бірыңғай тізілімін жасасын.

– 2006 жылдың ішінде келісімшарттық міндеттемелерді орындау үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған қосымша шаралар кешенін әзірлеп, талқылауға ұсынатын болсын.

– Ұлттық банк пен Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі ком-

паниялардың жарғылық қорындағы үлестері аз инвесторлардың, акционерлер мен құрылтайшылардың құқықтарын қорғау туралы заңды әзірлесін.

– «Электрондық үкімет» жобасын іске асыруды жеделдетсін. Ол үшін биылғы жылы «Біріздендірілген номерлердің ұлттық тізілімі туралы» Заң қабылдануға және «Ақпараттандыру туралы» Заңға тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілуге тиіс. Нақты іске асырылған жағдайда мұның өзі әрбір азаматтың енді қазіргі кезде жиі талап етіліп жүрген СТН, ӘЖК, төлқұжат нөмірі және басқа да құжаттардың орнына өзінің әмбебап дербес кодын иеленуіне мүмкіндік береді.

– 6 ай ішінде монополияға қарсы және бәсекелестікті қорғау туралы заңнамаларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізілсін.

– 2006 жылы Қазақстанның 2015 жылға дейінгі Аумақтық даму стратегиясын әзірлеуді аяқтайтын болсын.

– 3 ай ішінде әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар құру тұжырымдамасын әзірлесін және 2006 жылдың қыркүйегіне дейін нақты көрсетілген өңірлерде ӘКК құрайтын болсын.

– 2006 жылы Астана қаласының 2030 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарын және Астананың әлеуметтік-экономикалық дамуының 2006–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруды қолға алсын.

– 6 ай ішінде заңнамаға «Самұрық» мемлекеттік холдинг компаниясының қызметіне қатысты өзгерістер енгізсін және ұлттық компаниялардың бағалы қағаздарын қаржы рыногына шығару бағдарламасын әзірлесін.

**Үшінші басымдық: халықтың неғұрлым «әлжуаз» топтарын қорғайтын және экономиканың дамуына қолдау көрсететін осы заманғы әлеуметтік саясат**

Әлеуметтік саланы одан әрі жаңартудың барынша басым бағыттарының қатарына мыналар жатады.

*3.1. Халықтың неғұрлым «осал» топтарына қолдау көрсету*

Мемлекет, бұрынғысынша, халықтың әлеуметтік жағынан «осал» топтарына қолдау көрсету үшін қаражат аямайтын болады.

Өңірлік әскери жанжалдарға қатысқандар мен халықтың бірқатар басқа да санаттарына мемлекеттік қолдау көрсету деңгейін көтеруге болады әрі солай істеу қажет деп санаймын.

Әлеуетті құрылымдар зейнеткерлерінің зейнетақыларын төлеуде орын алған келеңсіздіктер жойылып, мұнда тиісті тәртіп орнатылуға тиіс.

Жеке сектордың әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін қамтамасыз етуге, әсіресе білім алу мен жаңа мамандықтар беру ісіне қатыстыратын,

сондай-ақ, бизнестің әлеуметтік тұрақтылықтағы жауапкершілігін күшейтетін уақыт жетті.

*3.2. Әлеуметтік қолдау көрсету жүйесінің нарықтық экономика талаптарына сай қайта бағдарлануы*

Нағыз пәрменді әлеуметтік саясат халықты жұмыспен тұрлаулы қамту саясаты болып келді және болып қала береді.

Мемлекет қоғамның шын мәнінде осындай көмекке зәру мүшелеріне ғана қолдау көрсету жөніндегі толық жауапкершілікті өз мойнына алуға міндетті деп санаймын.

Осыған орай әлеуметтік көмек көрсету саясаты «әлеуметтік топтардың мұқтаждықтарымен» айқындалуға тиіс емес, қайта «еңбекке қабілетті азаматтарды жұмысшылар сапына қосуға даярлау» міндеті ауқымында шоғырландырылуға тиіс. Азаматтарға қолдау көрсетудің мемлекеттік жүйесі олардың қайта оқып-үйренуі мен жаңа кәсіпті меңгеруіне ынталандыру бағытында құрылуы керек.

Өткен жылдың тамызында менің қазақстандықтармен тікелей эфир арқылы жүздесуім кезінде зейнетақы мен әлеуметтік төлемдерді әр айдың өзінде төлеу жайында өте көп ұсыныстар келіп түсті. Бұл мәселені шешетін боламыз.

Әлеуметтік қызмет көрсету саласын, әлеуметтік қызмет көлемін кеңейту және олардың сапасын арттыру үшін кепілді әлеуметтік қызметтің

қосымша тізілімін әзірлеп, оны заң жүзінде бекіту және оларды беру тәртібіне өзгерістер енгізу қажет.

Әлеуметтік қызмет көрсетудің мемлекеттік стандарттарын енгізу, әлеуметтік қызмет көрсету ісімен шұғылданатын ұйымдардың қызметін міндетті түрде лицензиялауды кіргізу және олардың жұмысшыларын тіркеу керек болады.

*3.3. Тұрғын үй құрылысы және жылжымайтын мүлік рыногын дамыту мәселелері*

Бізде тұрғын үй бағдарламасы жүзеге асырылып жатқанына биыл үшінші жыл. Осы уақыт ішінде біз оның артықшылығын бағалай алатындай болдық.

Тек 2005 жылдың өзінде қаржыландырудың барлық көздері бойынша бағдарламада көрсетілген 3 млн шаршы метрдің орнына 5 млн-нан астам шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді, бұл 2004 жылғы деңгейден 1,8 есе көп.

Осы саладағы жетістіктер мен кемістіктерді тыңғылықты зерделеп, тұрғын үй бағдарламасына түзетулер енгізу керек.

Жеке тұрғын үй құрылысын кең ауқымда дамыту үшін ынталандыру жағдайларын жасуымыз керек.

Ипотекалық несиелеу жүйесі бойынша тұрғын үй сатып алуға табысы жетпейтін азаматтар үшін тұрғын үй құрылысы жинақтары жүйесін одан әрі дамыту керек.

Елімізде тұрғын үйді жалға беру рыногын әлемдік стандарттарға сай дамытып, оны мемлекет үшін ашық, бизнес үшін тартымды ету керек.

*3.4. Денсаулық сақтау саласын ұйымдастыруда осы заманғы қағидаттар мен стандарттарға көшу*

2005 жылдан бастап денсаулық сақтау саласын дамыту мен реформалау жөніндегі мемлекеттік бағдарламаның іске асырылуы саланың таңдап алынған стратегиялық даму бағытының негізінен дұрыс және тиімді екенін дәлелдеді.

Бұған қоса, жаңа міндеттерді есепке алып, халықаралық стандарттарға көшуді ескеретін болсақ, биылғы жылы саланың заңнамалық және әкімшілік реформалар дестесін іске асыру жөніндегі жұмыстарды аяқтау керек деп санаймын.

Қазақстанда ең жоғары деңгейдегі осы заманғы клиникалар құру мен оларды басқару үшін шетелдік жетекші компанияларды тарту қажет.

Медициналық қызметкерлерге ақы төлеуде көрсетілген медициналық көмектегі еңбектің сапасын, көлемі мен күрделілігін, сондай-ақ біліктілік деңгейін ескере отырып, жұмыстың түпкі нәтижесіне қарай жаңа қадамдар жүзеге асырылуға тиіс.

*3.5. Халықаралық стандарттарға сәйкес қоршаған ортаны қорғау және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету*

2006 жылы біздің экологиялық заңнамаларымызды халықаралық озық актілермен үйлестіруге, жаңа стандарттарға көшуге, мемлекеттік бақылау



жүйесін жетілдіруге бағытталған Экология кодексі қабылдануға тиіс.

Тұтас алғанда, біз 2010 жылға қарай қоғамның тұрлаулы дамуының негізгі экологиялық стандарттарын жасауға тиіспіз.

*3.6. Бизнесінің әлеуметтік жауапкершілігінің халықаралық стандарттарын енгізу*

Қазақстандық бизнес қазірдің өзінде аяғынан нық тұрды, әлеуметтік жауапкершілігін пайымдай бастады және өз қызметін соған сәйкес құруда. Бұл істе ұлттық компаниялар мен ірі инвесторлар қайырымдылық шараларына, білім, денсаулық сақтау, спорт пен мәдениет жобаларына қаржы бөлу, әлеуметтік жағынан қорғаусыз азаматтарға нақты қолдау жасау арқылы үлгі көрсетуде.

Мұндай тәжірибе дамыған елдердегі сияқты бизнес-орта үшін қалыпты жағдайға айналуы керек.

Мәселен, экономика үшін білікті кадрлар даярлау саласында бизнес пен білім беру жүйесінің бірлескен қызметі компаниялар үшін де, тұтастай алғанда бүкіл еліміздің мүддесі үшін де пайдалы болмақ.

Әлбетте, бұл жерде байыпты түсіндіру жұмысының жүргізілуі және бизнес бастамаларына қолдау көрсету бағдарламасы қажет етіледі.

Бізге бизнестің әлеуметтік есептілігінің жалпыға ортақ ережесін әзірлеп, жалпыұлттық міндеттерді шешуде осы саладағы халықаралық озық

тәжірибелерге сүйене отырып, оның әлеуметтік жауапкершілігін арттыратын уақыт келді деп ойлаймын.

Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің стандарттары БҰҰ-ның Жаһандық шартында айқындалған.

*3.7. Еңбек ресурстарын дамытудың тиімді жүйесін құру*

Бізге осы заманғы көші-қон саясатының тұжырымдамасы керек.

Қазақстанда қалыптасқан қолайлы әлеуметтік-экономикалық ахуал шетелдік жұмыс күшінің ағылып келуіне жағдай туғызып отыр.

Үкімет басқа елдердің тәжірибелерін ескере отырып, республика аумағында жұмыс істеп жүрген заңсыз еңбек мигранттарын ішкі істер органдары мен басқа да тиісті ведомстволарда тіркеу арқылы заңдастыру жөніндегі бір реттік акциялар өткізудің тетіктерін әзірлеуі қажет.

Сонымен қатар бізге республикамызда тұрақты негізде жұмыс істей алатын жоғары білікті және кәсіби жұмысшыларды тартудың тетіктерін әзірлеу керек.

Бұл ретте біз өзіміздің отандық жұмысшыларды тәрбиелеп, олардың біліктілігі мен кәсібилігін арттыруды естен шығармауға тиіспіз.

Бізге оралмандарды арнаулы орталықтарда алдын ала дайындау, қоғамымызға бейімдеу мен кіріктіру үшін жағдай туғызуға көбірек зер

салуымыз керек. Басқа елдердегі сияқты кәсіпке баулып, тіл үйретсек, олар жаңа жағдайға тезірек бейімделетін болады.

### 3.8. Нақты іс жүзіне асыру

Халықты әлеуметтік қорғаудың жоғарыда аталған мәселелерін шешу үшін Үкіметке:

2007 жылдан бастап бюджеттік сала қызметкерлерінің жалақысын орта есеппен 30 %-ға көбейтуді;

2006 жылдың 1 шілдесінен арнайы әлеуметтік жәрдемақы мөлшерін:

– соғысқа қатысушыларға теңестірілген адамдарға 2,4 есе (2472 теңгеден 5974 теңгеге дейін);

– соғыс мүгедектеріне теңестірілген адамдарға 1,2 есе (5871 теңгеден 7313 теңгеге дейін);

– Ұлы Отан соғысы кезеңінде қаза тапқан жауынгерлердің жесірлеріне 1,6 есе (2781 теңгеден 4326 теңгеге дейін);

– қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасыларына 1,5 есе (2884 теңгеден 4429 теңгеге дейін);

– қайтыс болған соғыс мүгедектерінің әйелдеріне, ерлеріне 2,7 есе (927 теңгеден 2472 теңгеге дейін);

– Ұлы Отан соғысы жылдарында қажырлы еңбегі үшін бұрынғы КСРОдағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған адамдарға, сондай-ақ тылда алты айдан артық жұмыс істе-

ген (қызмет еткен) адамдарға 2 есе (1030 теңгеден 2060 теңгеге дейін);

– 1988–1989 жылдардағы Чернобыль АЭС-індегі апат зардабын жоюға қатысушылар қатарындағы адамдарға 4 есе (515 теңгеден 2060 теңгеге дейін) көбейтуді тапсырамын.

Биылғы жылдың 1 шілдесінен бастап әлеуетті құрылымдардың зейнеткерлері үшін зейнетақы мөлшерінің бір жолғы сараланған өсімі жүргізілсін.

Сонымен қатар Үкіметке республикамыздағы әлеуметтік жүйені жақсарту үшін тағы да бірқатар шараларды іске асыруды жүктеймін:

2007 жылдан бастап зейнетақылық және әлеуметтік төлемдерді сол айдан кешіктірмей төлеуді жүзеге асыруға көшу керек, бұл мақсатқа шамамен 30 млрд теңге бөлінсін.

2007 жылы Халық денсаулығы мен денсаулық сақтау жүйесі туралы кодекс жобасы әзірленсін.

Кәсіби-техникалық және жоғары білім беру мекемелері жүйесі арқылы білікті ұлттық кадрларды жұмысшы мамандықтары бойынша оқыту және кәсіби жағынан даярлау жөніндегі бағдарлама әзірленсін.

Бағдарламада кәсіби-техникалық білім беру жүйесіне қатысуы үшін ынталандыру және оның тетіктерін жасау арқылы Қазақстанда жұмыс істейтін ұлттық компаниялар мен жеке бизнестің әлеуеті іске қосылуы қажет.

2006 жылы тұжырымдамасы барлық халықаралық стандарттарға, Халықаралық еңбек ұйымы мен Дүниежүзілік сауда ұйымының талаптарына сай келетін Еңбек кодексін қабылдау қажет.

Үкімет 2006 жылы оралмандардың білімі мен біліктілігін ескере отырып, оларды иммиграция квотасына енгізудің негізді өлшемдерін әзірлейтін болсын.

### **Қымбатты қазақстандықтар!**

Экономикалық әл-ауқатымызды арттыра түскен сайын біз әр кезде түрлі жағдайларда өздерінің туған елі үшін қажет болғанда өмірі мен денсаулығын қиған жандарды, олардың отбасылары мен жақындарын ешқашан естен шығармауымыз қажет.

Қазақстан да олардың алдындағы өзінің әлеуметтік жауапкершілігін ешқашан ұмытпайды. 2002 жылдан бастап 2006 жылға жоспарланған шығынды қоса есептегенде, республикалық бюджеттегі әлеуметтік көмек көрсету мен әлеуметтік қамсыздандырудың жыл сайынғы шығыны 160 млрд теңгеден 362 млрд теңгеге дейін, яғни 2 еседен астамға өсті.

Өздеріңіз көріп отырсыздар, мүмкіндігінің артуына қарай мемлекет оларға көрсетілетін көмек мөлшерін одан әрі көбейте беретін болады.

**Төртінші басымдық: осы заманғы білім беруді дамыту, кадрлардың біліктілігі мен оларды қайта даярлауды ұдайы арттыру және Қазақстан халқы мәдениетінің одан әрі өркендеуі**

*4.1. Осы заманғы білім беру және білікті кадрлар даярлау жүйесін дамыту*

Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі. Бізге экономикалық және қоғамдық жаңғырту қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет.

Сондықтан 12 жылдық оқуға көшу аясында техникалық және кәсіби білім беретін оқу орындарында одан әрі оқуды таңдағысы келетіндерге 10 жылдық орта білім беруді жоққа шығаруға болмайды. Адамның өмір бойы білім алуы үшін жағдай туғызуымыз керек.

Жоғары білім алғысы келетін адамдар үшін мемлекеттік бюджет қаржысы есебінен 12 жылдық білім алу жөніндегі ұсыныстар әзірленуге тиіс.

Жоғары білім беру саласында техникалық білім беруді дамытуға ерекше назар аудара отырып, жоғары оқу орындары желісінде оңтайландыру жүргізілуге тиіс. Осы заманғы мемлекеттік менеджерлер даярлау үшін Мемлекеттік басқару академиясының негізінде шетелдік серіктестердің қатысуымен ең жоғары халықаралық стандарттарға

сәйкес келетін ұлттық басқару мектебі құрылуы қажет.

Білім беру жүйесін дамытуды ынталандыру мақсатында жеке сектор мен мемлекет арасындағы серіктестікті нығайту, мемлекеттік-жекеменшік білім беруге кредиттер бөлу жүйесін жетілдіру қажет.

ЖОО-лардың мәртебесі мен мамандыққа қарай мемлекеттік гранттардың құнын саралауды ойластыруымыз керек.

*4.2. Қазақстанның көп ұлтты және көп конфессиялы сипаты негізінде мәдениеттің ел мемлекеттілігінің қалыптасу үдерісіндегі рөлін нығайту*

Қазір мәдениет саласын дамытуға мемлекеттік-жекеменшіктік қатысуды оңтайландыратын, яғни біздің таланттарымыздың өзінің шығармашылық қызметінің есебінен лайықты өмір сүру деңгейіне жетуіне мүмкіндік беретін жағдайлар жасайтын кезең туды. Бұлар – елімізде ірі халықаралық өнер аукциондарын өткізу кезінде мемлекеттік қолдау да, талантты музыканттар мен орындаушыларға қолдау көрсету де, сондай-ақ, айталық, өнер көрмелерін сақтандыру мен тасымалдау жөніндегі мемлекет мейлінше аз қатысатын жекеменшік компания құру және басқа осындай шаралар.

Мәдениет саласындағы жұмыспен қамтылу дегеніміз – халқымыздың әл-ауқатынан бірден

көрініс табатын икемді жергілікті сұраныстың орасан зор қайнары.

### **Бесінші басымдық: демократияны одан әрі дамыту және саяси жүйені жаңғырту**

Өздеріңіз білесіздер, өткен жылы елімізде Демократиялық реформалардың жалпыұлттық бағдарламасы кеңінен талқыланды. Демократия және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі ұлттық комиссия өткізілген пікірталастарды қорытындылады.

Біз елімізде Қазақстанның саяси жүйесі мен мемлекеттік құрылымының тиімділігін арттыруға бағытталған ауқымды саяси реформаларды жалғастыра беретін боламыз.

Демократиялық және өркендеген мемлекеттер орнатудың ортақ заңдылықтарын, сондай-ақ біздің қоғамның маңызды мәдени-тарихи белгілері мен дәстүрлерін үйлесімді ескеруіміз қажет.

Бытырғы жылдың желтоқсанында мемлекет басшысын сайлау кезінде қазақстандықтар көрсеткен ауызбірлік біздің қоғамның топтасқандығына күмән туғызбаса керек. Біздің азаматтар мұның өзі еліміздің тұрақты дамуының қажетті шарты болып табылатынын айқын түсінеді. Біз сайлауалды науқанның барысында тұңғыш рет қазақстандықтардың елдің тұрақсыздануы мүмкін деген алаңдаушылығы, ал кейбір тұстарда, тіпті үрейге бой алдыруы сияқты ерекше құбылыспен



де ұшырастық, оның үстіне, әлдекімдер, бәлкім, солай дәмеленген болуы керек.

Сайлаудан кейін азаматтарымыздың көңілдері орнына түскен кез де біздің есімізде.

Бізде демократиялық мәдениеттің терең дәстүрлерінің жоқтығы, еркіндікті ойыңа келгенді істеу деп түйсіну елді тұрақсыздыққа ұрындыруы, біздің болашақ жоспарларымызды белінен басып, өзімізді алысқа кері серпіп тастауы әбден мүмкін екенін мойындауымыз керек. Бұл біздің өткен президенттік додадан алған сабағымыз.

Біздің қателесуіміздің мәндерінің бірі биліктің либерализмін оның әлсіздігі және бетімен кеткен бейпіл даңғойлардың қайсыбір «еркелігі» мен «қыңырлығына» тыйым салуға дәрменсіздігі деп қарадүрсін ойлауда жатыр. Бізге аңдамастық пен адасушылықтан арылу керек.

Сондықтан елдің ішіндегі және сырттан айтылған сынға қарайлай бермей, біз демократиялық дәстүрлерді дамытумен бірге оны қорғудың жеткілікті қатаң жүйесін қарастыруымыз керек. Сайып келгенде, заңды бұзғаны үшін қатал талап етуді жүзеге асырып, жалақорлық, сатып алушылық пен зорлық-зомбылық үшін жауапкершілік шаралары айқындалуы тиіс, ал қажет болса, тиісті заңдарды қайта қарауымыз керек.

Азаматтардың Конституция мен еліміздің заңдарын орындауын қамтамасыз ету – құқық

қорғау органдарының міндеті. Олар үшін «қай жерде және кім не айтады?» дейтін сұрақ туындамауға тиіс, есесіне, «заңды бұзған екенсің – оның баптарына сәйкес жауапқа тартыласың» дейтін нақты ереже бар. Олай болмаған күнде біз кеңестік кезеңдегі «заң қалай бұрсаң солай бұрылатын тәртенің» керін қайталайтын боламыз.

Құқық қорғау органдарының осы ережені орындамайтын басшысы өз лауазымында қалмауы керек. Біз құқықтық мемлекет пен демократиялық қоғамды басқаша құра алмаймыз.

Біз діни экстремизмнің таралуына қатаң тосқауыл қоюымыз қажет.

Біз әлеуметтік саланы дамытуға, елді дамыту бағдарламаларын орындауды бақылау үшін үкіметтік емес ұйымдарды белсенді түрде тартуға тиіспіз. Сонымен бірге олардың заңда көзделмеген қызметіне жол бермеуіміз керек.

Қазақстан халықтары Ассамблеясы, міне, 10 жылдан астам уақыт бойы көп ұлтты Қазақстан халқын біріктіру міндеттерін ойдағыдай шешіп келеді. Осы уақыт ішінде еліміз бен халқымыз үшін маңызды шешімдер қабылдаған кезде, біздің Ассамблеяны назардан тыс қалдырған немесе оның ұстанымын есепке алмаған оқиға менің есімде жоқ. Осы қоғамдық институттың ролін арттыра беру қажет деп ойлаймын. Бұл мәселелердің бәрін Демократиялық реформалар бағдарламасын әзірлеу және нақтылау мемлекеттік комиссия қарайтын болады.

## Алтыншы басымдық: осы заманғы қауіп-қатерлер мен қыр көрсетулерге қарсы барабар ұлттық қауіпсіздік стратегиясын іске асыру

Біздің еліміздің ұлттық қауіпсіздігін одан әрі нығайтудың барынша басым бағыттарының қатарына мыналар жатады.

### *6.1. 2006–2010 жылдарға арналған Ұлттық қауіпсіздіктің жаңа стратегиясы*

Қазақстанның мемлекеттілігін, ұлттық егемендігі мен тұтастығын нығайту жаңа Әскери доктринаның негізінде жүзеге асырылуға тиіс. Ол күш пен құралдардың жедел қанат жаюын жүзеге асыруға қабілетті, ең жоғары халықаралық стандарттарға сай келетін кәсіби армияның жасақталуын көздеуге тиіс.

Қазақстанның Қарулы Күштері осы заманғы әскери-техникалық құралдармен қамтамасыз етілуі керек, олар Қазақстан мен жаңа халықаралық ахуал үшін өзіндік ерекше қатерлерге сай келетін жоғары қорғаныс технологияларына орынды үміт артады.

Қажетті қаражатты егжей-тегжейлі есептеп, оларды Әскери доктринада ескерген жөн және қойылған міндеттерді шешу үшін мемлекеттік бюджеттегі қорғанысқа арналған шығындар көлемін ұлғайту қажет.

*6.2. Діни экстремизмге қарсы іс-қимылға және халықаралық терроризм пен есірткі саудасына қарсы күреске бағытталған саясат*

Терроризмге, ұйымдасқан қылмысқа, заңсыз қару-жарақ таратуға, есірткі саудасы мен басқа да осындай қатерлерге қарсы күрестегі халықаралық ынтымақтастықты нығайту және кеңейту Қазақстанның тиісті халықаралық шарттар мен келісімдерді әзірлеуге және нақты іске асыруға белсене қатысуын қарастырады. Біз қазіргі заманның осындай қыр көрсетулеріне қарсы тұру үшін ҰҚШҰ және ШЫҰ шеңберінде бірлескен оқу-жаттығу шараларына, сондай-ақ терроризмге қарсы НАТО-мен бірлескен бастамалар мен операцияларға қатысу арқылы Орталық Азия өңірі мемлекеттерінің ынтымақтастығын нығайтуға тиістіміз.

*6.3. Ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тұрақтылыққа төнген қатер ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жалпыұлттық кешенді бағдарламаны дәйекті түрде іске асыру*

Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жолында үнемі жұмыс істеп, ахуалды жақсартып келеміз, алайда бірқатар қаржы-өнеркәсіп топтарының ақша ағыстарының ашық болмауы және олардың табысты жасыру, қаржы мен мүлікті шетелдерге шығару, салық төлеуден жалтару есебінен заңсыз баюы, сондай-ақ көлеңкелі экономика біздің дамуымыздың елеулі шектеулеріне айналып отыр. Нақ осы топтар өкілдерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге шақырған ұрандары дүңкілдеп тұр. Сонымен бірге бюджеттің негізгі ысырабы да нақ осында жатыр. Сөзден іске көшетін уақыт жетті.

Ұлттық компаниялар мен мемлекеттік кәсіпорындардың, сондай-ақ ірі жеке меншік компаниялардың қызметі мен қаржы ағыстарының ашықтығын қамтамасыз ететін заңнамаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет. Бұл – жекешелендіру үдерісінің ашықтығын қамтамасыз ету, салық саясаты, жер қойнауын пайдалану және жер қатынастары салаларында шешімдер қабылдау.

Ашық айналымнан шығарылған капиталдар мен мүліктерге рақымшылық жасау проблемасын нағыз жауапкершілікпен және байсалды түрде қарастыратын уақыт жетті деп ойлаймын. Ашық жүргізілген бұл үдеріс Қазақстанның ашық экономикасын құрудың маңызды элементтерінің біріне айналар еді. Әлбетте, капиталға рақымшылық жасау туралы мәселені пысықтау қажеттігі жайында айтқан кезде, мен есірткі саудасы, қарақшылық, заңсыз қару-жарақ саудасы және басқа қылмыстық әрекеттер арқылы алынған табыстар жайын меңзеп отырған жоқпын.

Капитал мен мүлікке рақымшылық жасау ақысыз іске аспайтынын арнайы атап көрсеткім келеді. Заңды айналымнан шығарылған немесе шетелдерге әкетілген активтерге салықтар салынбағаны және мемлекет бюджетін толықтырмағаны белгілі. Бұл қарыздар заңдастырылған активтер құнының 10 %-дық арнайы салығы арқылы өтеліп, ол ел бюджетіне түсуі тиіс. Бұл капиталды заңды

айналымнан шығару арқылы алынған табыс үшін онша үлкен төлем емес.

Сол арқылы мемлекет өз елінің дамуы үшін азын-аулақ салық төлеп, өз активтеріне заңды иелік етуге арнайы құжат түрінде құқық алып, адал болып, тыныш өмір сүруді ұсынады.

Егер олардан 10 % салық төленетін болса, біз активтерді Қазақстанға қайтаруға мәжбүрлемейміз. Активтердің тығулы жатпағаны, иесіне жұмыс істеп, кіріс кіргізіп жатқаны түсінікті. Ендеше «Мысалы, АҚШ азаматы өз елінен тыс жерлерде активтері бола отырып, шет елдерден тапқан табысынан салық төлейді, ал біздің азаматтар неге мұны істемейді?» дейтін сұрақ туындайды.

Халықаралық тәжірибе бойынша төлеуі тиіс.

Егер бұл адамдар ақшаның елдің ішінде жұмыс істеуі үшін оны Қазақстанға қайтарғысы келсе, рақымшылық жасаудың тетігі мұндай мүмкіндікті де қарастыруы керек.

Көптеген адамдар өздерінің жылжымайтын меншігін, компанияларын жасырады. Бұл активтер айналыстан шығып қалды, оларды кепілге салуға болмайды. Барлық меншікті заңдастыру азаматтарға да, елге де тиімді.

Заңдастырылған активтер иелерін қандай да бір қудалаулардан қорғауға кепілдік беретін қарапайым әрі тиімді тетік әзірленуі қажет. Біз бір рақымшылық жасауды жүргіздік. Мұндай оң тәжірибе бізде қазірдің өзінде бар. Ендігі

жерде бұл тетік ұғынықты болу керек және әрбір қазақстандыққа, әлемдік қоғамдастыққа жеткізілуге тиіс.

Бұл ретте капиталға рақымшылық жасаудан кейін заңды айналымнан бұдан бұрын шығарылған капиталдарды іздестіру жөніндегі іс-шаралар жүргізілетінін бәрі де түсінуі керек. Бұл жұмыс халықаралық құқық қорғау ұйымдарымен бірлесе атқарылатын болады. Сонда берілген мүмкіндікті пайдаланбаған адамдар өкпелемеуге тиіс.

Биылғы алғашқы жарты жылда Үкімет осы күрделі мәселенің әралуан қырлары ескерілетін нақты тетіктерді көздейтін тиісті заң жобасын әзірлеп, Парламентке талқылауға енгізуі керек.

Президент Әкімшілігі және Үкімет аталған шараның мақсатын, тетіктері мен маңызын түсіндіру жөнінде кешенді шаралар әзірлеп, жүргізетін болсын.

**Жетінші басымдық: Қазақстанның мүдделерін, өңірлік және әлемдік дамудың серпінін ескеретін теңдестірілген және жауапты сыртқы саяси бағытты одан әрі іске асыру**

Сыртқы саясаттағы біздің басымдықтарымыз өзгеріссіз қала береді. Қазақстан әрқашан да жауапты және сенімді халықаралық серіктес болып қалады.

*7.1. Біздің елдеріміз арасындағы ауқымды интеграциялық үдерістер негізінде Ресеймен стратегиялық серіктестік қатынастарын дамыту*

Қазақстан-Ресей қатынастары сенім мен стратегиялық серіктестіктің жоғары деңгейінде тұр.

Ресейлік бағыт – Қазақстан сыртқы саясатының аса маңызды басымдығы.

Қазақстан мен Ресей арасында сындарлы үнқатысу жолымен және өзара мүдделерді ескеру арқылы шешілмейтін проблемалар жоқ. Бұл саяси, сондай-ақ экономикалық мәселелерге де қатысты.

Бүгінде басты мәселелер ЕурАзӘҚ, БЭК, ШЫҰ шеңберінде сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейту мен өңірлік ықпалдастықты дамыту саласында жатыр. Мұнда қауіпсіздікті нығайту мәселелері маңызды орын алады. Аталған салалардың бәрінде де Қазақстан мен Ресейдің ұстанымдары ұқсас әрі жақын.

*7.2. ҚХР-мен өзара тиімді ынтымақтастықты нығайту*

Біз экономикалық және саяси ынтымақтастық мәселелері бойынша Қытай Халық Республикасымен екіжақты шарттарды іске асыруды жалғастыра береміз. Қазақстан осы серпінді дамып келе жатқан елмен өзара тиімді байланыстар орнатудан басқа балама жоқ екенін негізге алады. Экономикалық ынтымақтастық халықаралық қауіпсіздік



проблемалары бойынша белсенді саяси үнқатысумен бекемделуге тиіс.

Біз сондай-ақ ШЫҰ шеңберінде және екіжақты нақты бастамалар мен уағдаластықтар негізінде көші-қон және өңірлік қауіпсіздік проблемаларын шешу жөніндегі саясатты үйлестіру ниетіндеміз.

*7.3. АҚШ-пен өзара қарым-қатынастардың жоғары деңгейін нығайту*

Қазақстан мен АҚШ арасында ұзақ мерзімді және тұрақты серіктестік қатынастар орнаған, бұлар халықаралық энергетикалық тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету, терроризм пен діни экстремизмге қарсы күрес, демократиялық өзгерістерді жалғастыра беру мәселелері бойынша өзара іс-қимылдың кең ауқымымен сипатталады.

Ендігі жерде экономикалық саладағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту, америкалық инвестицияларды тарту және Қазақстанда озық технологиялар енгізу үшін қолайлы жағдай туғызу күн тәртібінде тұр.

*7.4. Еуропалық Одақпен ынтымақтастықты дамыту*

Қазақстан ЕО-мен ынтымақтастыққа өңірлік және халықаралық қауіпсіздік, экономика, әлеуметтік және мәдени даму салаларында зор мазмұн беруге мүдделі. Біз өзіміздің еуропалық серіктестерімізге инвестициялық қызмет, ірі халықаралық жобаларды іске асыру, біздің елімізге озық техно-

логиялар мен білімді тарту үшін қолайлы жағдай туғызуымыз керек.

ЕҚЫҰ-мен осы заман проблемалары мен қыр көрсетулерін шешу, бейбітшілік пен қауіпсіздікті, адамның негізгі бостандықтарын қамтамасыз ету жөніндегі ынтымақтастықты нығайту орынды болмақ.

#### *7.5. Көршілес Орталық Азия мемлекеттерімен ынтымақтастық*

Біздің өңірде ықпалдастық қарқынын төмендетпеудің маңызы зор. Біз мәдениетіміз бен тарихымыздың ортақтығы жақындастырып отырған көршілес Орталық Азия мемлекеттерімен жан-жақты байланыстарымызды дамыта беруге тиіспіз. Біздің сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ықпалдастығымыздың келешегі зор.

Біздің күш-жігеріміз бұларды одан әрі дамыта беруге бағытталуы керек.

#### *7.6. Мұсылман әлемі елдерімен біздің қатынастарымызды дамыту*

Біз үшін мұсылман әлемі елдерімен халықаралық ынтымақтастық пен мәдени алмасу құрылымдарына белсене қатысу мейлінше табиғи нәрсе. Біз сондай-ақ ислам және Араб Шығысы елдерінің көпшілігімен өзара тиімді және өзара байытатын екіжақты қарым-қатынастарды белсенді дамытып келеміз.

Халықаралық қоғамдастықта біздің елімізді мекен ететін және біртұтас Қазақстан халқын

құрайтын барлық ұлт өкілдерінің толеранттылығын, конфессияаралық және мәдениетаралық келісімін қамтамасыз етуге бағытталған дәйекті саясатымыз қазірдің өзінде кеңінен танылып отыр. Халқымыз осы заманғы және бәсекеге қабілетті зайырлы мемлекетті белсене орнатып жатыр.

Міне, нақ сондықтан да мен қазірдің өзінде мұндай тәжірибе жинақтаған Қазақстанның халықаралық деңгейдегі мәдениетаралық және конфессияаралық үнқатысу орталықтарының бірі ретінде қызмет атқаруға әзір екенін тағы да қуаттағым келеді.

Біз сияқты өркениеттердің үнқатысуы аталып жүрген үдерісті кеңейту және тереңдетуге мүдделі болып отырған мұсылман әлемінің бірқатар елдерімен бірлесе отырып, біз осы заманғы дүние құрылысының көкейкесті проблемалары бойынша Шығыс пен Батыс арасындағы түсіністікті жақындастыруға бағытталған бірқатар халықаралық бастамалар жасай алар едік деген ойдамын.

**Қымбатты отандастар!  
Құрметті депутаттар мен Үкімет мүшелері!  
Ханымдар мен мырзалар!**

Маған аса жоғары қолдау көрсетіп, өздеріңіздің және Отанымыздың тағдырын сеніп тапсырғандарыңыздан бері көп уақыт өте қойған жоқ. Біз сіздермен көп жағдайда ниеттес болдық, бір-бірімізге сезіктеме қарамадық. Менің уәделерім

де ешқашан бос сөз болған емес, ал сіздер маған үнемі үміт ұялатып, биік белестерге бастаған шын жүректен қолдау көрсеттіңіздер.

Мен бүгін сіздердің назарларыңызға өзіміз алдағы уақытта шешетін міндеттерді белгілеп, Қазақстанның бәсекеге қабілетті әрі дамыған мемлекеттер қоғамдастығынан орын алуына мүмкіндік беретін Стратегияны ұсындым.

Береке-бірлігі мен ынтымағы жарасқан халықтың алмайтын асуы жоқ. Біз мұны туған Отанымыздың өркендеуі жолындағы қажырлы еңбегіміз бен ауызбірлігіміз арқылы дәлелдедік.

Мен сіздерге сенемін. Әрқашандағыдай сіздердің түсіністіктеріңіз бен қолдауларыңызға үміт артамын, алдағы уақытта да жаңа әрі ауқымды осы бастамаларды қолдайтындарыңызға сенемін.

**Қазақстан Республикасының Демократиялық  
реформалар бағдарламасын әзірлеу  
және нақтылау жөніндегі мемлекеттік  
комиссиясының I отырысында**

## **СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ**

Астана қаласы,  
2006 жылғы 24 наурыз

Қазақстан халқына Жолдауымда мен біздің даму стратегиямыздың басты басымдықтарын атап берген болатынмын, оны жүзеге асыру Қазақстанның әлемдегі барынша дамыған елдерінің қатарында өз лайықты орнын алуына мүмкіндік береді. Бәрінен бұрын бұл – Қазақстанның экономикалық дамуында сапалы серпінді секіріске негізделген елдің жүйелі дәйекті экономикалық жаңғыруы.

Мұндай серпінді секіріс Қазақстан экономикасының сыртқы дүниеге ашық жағдайларында ғана қамтамасыз етіле алады, ол тауарлар, қызмет көрсетулер, еңбек ресурстары, капитал, осы заманғы идеялар мен технологиялар жөніндегі әлемдік рыноктардың табысты және серпінді бөлігі бола алады және болуға тиіс.

Одан әрі бұл – ең жоғары халықаралық стандарттарға сай келетін осы заманғы білім беру мен әлеуметтік саясат. Әлбетте бұл – Қазақстанның ұлттық мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін әрі өңірлік және әлемдік дамудың басты қыр көрсетулерін ескеретін ұлттық қауіпсіздік стратегиясы мен сыртқы саясат бағыты.

Мен осыншалықты ауқымды міндеттерге мемлекеттік биліктің тиімді органдары, дамыған саяси институттар, сындарлы саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар мен азаматтық қоғам институттары, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары кепілдігінің іске қосылған тетіктері ғана сәйкес келеді және жәрдемдесе алады десем, сіздер менімен келісетін боларсыздар деп кәміл сенемін және солай ойлаймын.

Сондықтан біз дәйекті демократиялық өзгерістер мен елді саяси жаңғыртуды одан әрі жүргізуге бекем ниет етіп отырмыз. Біздің басты мақсатымыз бұл жымастан қала береді: бұл – ашық, демократиялық және құқықтық мемлекеттің негіздерін нығайту, онда жалпыға ортақ демократиялық

заңдылықтар, сондай-ақ біздің көп ұлтты және көп конфессиялы қоғамымыздың дәстүрлері үйлесімді ұштасады.

Елді одан әрі саяси жаңғыртудың нақ осы арнасын нығайтуға, құрметті комиссия мүшелері, сіздер де қомақты үлес қосады деп сенемін. Соңғы 1,5 жыл ішінде Демократия және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі ұлттық комиссия реформалардың аса маңызды форумдарының бірі болды, онда әртүрлі саяси және қоғамдық күштердің мүдделері келісілді, өзара қолайлы шешімдер табылды. Бүгінде осындай үнқатысуды дамыту және, ең бастысы, саяси жаңғыртудың аса маңызды мәселелері бойынша қол жеткен уағдаластықтарды нақты іске асыру ерекше көкейкесті сипат алып отыр. Сондықтан комиссияның мәртебесі өзгертіліп, оның құрамы мен өкілеттіктері кеңейтілді. Және ендігі жерде комиссияны мен басқаратын боламын.

### **1. Демократиялық реформалардың жалпыұлттық бағдарламасын бүкілхалықтық талқылаудың қорытындыларын нақты іске асыру**

Өткен жылдың ішінде елімізде Демократиялық реформалардың жалпыұлттық бағдарламасын талқылау кең өріс алды, мен бұдан Қазақстанның мемлекеттік, саяси және қоғамдық институттарын реформалаудың тұтас топтамасы ретіндегі оның

басты мақсатын – осы заманғы жаһандық қыр көрсетулерге қарсы тұруға, демократиялық рәсімдер негізінде бүкіл қоғамның мүдделерін іске асыруды қамтамасыз етуге қабілетті мемлекеттік құрылыстың тиімді жүйесін жасауды көрдім.

Саяси реформаларды бүкілхалықтық талқылау белгіленген реформаларды баршаның қолдайтынын айқын көрсетті.

Мына мәселелер мен ұсыныстар басты орын алды:

– мемлекеттің негізгі саяси институттарын одан әрі дамыту мен нығайту;

– биліктің түрлі тармақтарының неғұрлым тиімді өзара іс-әрекеті;

– биліктің түрлі тармақтарының қызметіне тәуелсіз қоғамдық бақылау жасау, сондай-ақ олардың есептілігін, ашықтығын және тиімділігін күшейту;

– Парламенттің жауапкершілігін ұлғайту және рөлін нығайту;

– саяси тежемелік және теңгермелік жүйесін дамыту;

– саяси партиялардың елдің саяси өміріне әлдеқайда белсене қатысуы;

– біздің қоғамымыздың өмірінде ҮЕҰ өзінің нақты орнын алуы тиіс;

– азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын кепілдендіру үдерісін нығайту.

Бұрынғысынша мына мәселелер көкейкесті болып отыр:



– биліктің халық алдында есептілігі, оның ішінде, халық қалаулыларының есептілігі мәселелері;

– сыбайлас жемқорлық проблемалары.

Алайда, ең бастысы, қоғамдық пікірталас мынаны көрсетті: демократиялық реформалар үдерісі қарышты болуы тиіс және қандай да бір ішкі қауіп-қатерлер мен қоғамдық жанжалдар салдарынан тоқтап қалуға тиіс емес. Бұл біздің баршамызға байланысты болады.

Келіп түскен ұсыныстардың бүкіл ауқымына тағы да мұқият талдау жасап, қоғамдық-саяси аса маңызды болып табылатын бастамаларды құқықтық тұрғыдан ресімдеу жөнінде ұсыныстар әзірлеу қажет.

Мұның өзі конституциялық реформа жүргізуді талап ететінін де жоққа шығармаймын, оның мүмкін екендігі туралы мен бұдан бұрын, өткен жылдың қыркүйек айында Парламентке жолдаған үндеуімде айтқан болатынмын.

Бұл ретте саяси реформаларды әзірлеу мен іске асыру жөніндегі біздің барлық іс-әрекеттерімізге «халықтық сараптаманың», қоғамымыздың басым көпшілік бөлігі тарапынан олардың түсінілуі мен қолдау білдірілуі қажет екендігін тағы да атап көрсеткім келеді. Қоғамдық өзгерістер мен демократиялық қоғам құруды біздің дәстүрлі құндылықтарымызды ескере отырып, сондай-ақ дамыған демократия елдеріндегі біздің достары-

мыздың озық тәжірибесі мен кеңестерін пайдалана отырып жүргізуіміз керек.

Әлем қайсыбір рецепттердің бұған әзір емес ортаға қарабайыр түрде әкелінуі күткендегіге қарағанда мүлде кереғар жемісін қоғамдық құрылымның көне үлгілерін қалпына келтіруден тікелей зорлық-зомбылық пен бейберекетсіздікке дейінгі жемісін бергеніне талай рет куәгер болған.

Өкінішке қарай, қайсыбір елде демократиялық құрылыс үдерісінің күрделілігін көп адамдар жиі ескере бермейді.

Әлемдік тәжірибе биліктің тиімділігі мен саяси жүйенің либералдығы арасындағы тепе-теңдіктің бұзылуы неге әкеп соқтыратын мысалдарын біледі. Үндістан, Бразилия, Аргентина және басқалары сияқты ірі елдер әлдеқашан толымды демократиялық мемлекеттер деп есептеледі, бірақ олардың халқының елеулі бөлігі игілікке қол жеткізбегеніне және кедейшіліктен азап шегіп отырғанына дау айта алмайды.

Сонымен бірге әлемде демократия ретінде қабылданбайтын басқа елдерде жедел экономикалық өсу мен өркендеуді қамтамасыз етудің сәті түсті. Бұл саяси жүйенің демократиялық құрылысы мен экономиканы тиімді басқарудың арасындағы жиі кездесетін қарама-қайшылық.

Бүгінде бізге демократиялық өзгерістердің қарқыны мен тұрақты тепе-теңдікті сақтау және қазіргі саяси жүйе заңдылығының жоғары деңгейі

арасындағы оңтайлы теңгерімді табу маңызды болып отыр.

Біздің барлық іс-әрекеттеріміздің негізіне сіздермен бұдан бұрын, өткен жылдың қыркүйегінде уағдаласқан бағдарларды алуға тиістіміз деп есептеймін. Саяси реформалардың бағдарламасы 2006-дан 2011 жылға дейінгі 6 жылдық кезеңді қамтитынын, ал оның нақты орындалуы – негізгі 2 кезеңде: 2006-дан 2008 жылға дейін және 2009-дан 2011 жылға дейін дәйекті түрде жүзеге асырылатынын естеріңізге саламын.

## **2. Демократияландыру үдерісін одан әрі дамыту, азаматтық қоғам институттарын нығайту**

Бүгінде атқарушы билік органдары жұмысының тиімділігін арттыру жөнінде дәйекті іс-әрекет керек. Бұл кезеңде мына мәселелерді шешу қажет деп есептеймін:

Біріншіден. Бүкіл үкіметтік органдар мен институттардың жауапты қызметін қамтамасыз етуге қажетті атқарушы билік құрылымдарында болуы мүмкін өзгерістерді кеңінен талқылап, талдау жасау.

Екіншіден. Белгіленген үкіметтік реформаларды жүргізу үшін Үкімет функциялары мен жұмысының тиімділігін бағалаудың бірыңғай жүйесін жасап, ендіру.

Үшіншіден. Атқару билігінің ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз ететін тетіктерді тал-

дап жасайтын нақты бағдарламаны әзірлеп, қабылдау.

Мемлекеттік органдар мен азаматтар арасындағы өзара қатынастарды әкімшілік тәртіптен қызмет көрсетудің «сервистік» тәртібіне көшіру есебінен осы қатынастарды өзгертуге арнайы екпін түсіргім келеді. Бұл тұрғыда «электрондық үкімет» жүйесін кезең-кезеңімен және жедел ендіру қажет. Бұл атқарушы билік қызметіне оң әсер етіп, сыбайластық пен әкімшілік тосқауылдарды азайтуға жеткізетіні сөзсіз.

Тағы бұл кезеңде біз Парламенттің беделі мен жауапкершілігін күшейту жөніндегі іс-әрекетті, жергілікті өзін-өзі басқару органдарын дәйектілікпен дамытып, орталық және жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдары арасындағы өкілеттіктерді шектеуді қолға ала аламыз.

Бұл кезеңде назарды мынадай бағыттарға шоғырландыру қажет.

Біріншіден. Парламенттің Үкіметті қалыптастыруға қатысуы үшін нақты тетіктерді және Парламенттің Үкімет мүшелері тарапынан хабардар болу тетіктерін талдап жасау. Бізде бұл тұрғыда шын мәнінде көп іс атқарылуда, бірақ та конституциялық аяда мүмкін болатынының бәрі бірдей атқарыла қойған жоқ.

Екіншіден. Мәжіліс пен Сенат депутаттарының санын мүмкін болатын оңтайлы ұлғайту туралы мәселені қарастыру.

Үшіншіден. Жергілікті өзін-өзі басқарудың нормативтік базасын және «әлеуметтік тетіктерін» дамыту, сондай-ақ арқаулық деңгейдегі әкімдердің өкілеттіктерін нығайту.

Төртіншіден. Бюджетаралық қатынастардың жаңа, әлдеқайда тиімді жүйесін қалыптастыру қажет болады.

Бесіншіден. Барлық деңгейдегі әкімдер өз жұмысының нәтижелері туралы жыл сайын тікелей халықтың алдында есеп беруге тиіс және есеп беретін болады. Мұндай жұмыс әдісі қазірдің өзінде тиімділігін көрсетті.

Саяси партиялардың рөлі мен функцияларын одан әрі нығайту жөнінде шаралар қабылдаған жөн. Сондай-ақ Парламенттегі партиялық фракциялардың өкілеттіктері туралы мәселені талқылау керек.

Халықаралық тұрғыда қабылданған стандарттарға сәйкес үкіметтік емес ұйымдардың жұмыс істеу жағдайларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шараларды дәйектілікпен іске асыру қажет. Олардың біздің қоғамның одан әрі дамуына әлдеқайда толыққанды қатысуына, қызметтерінің көпшілігі мен есептілігіне ерекше назар аудару керек.

Бұқаралық ақпарат құралдарын нығайту мен дамыту біздің елімізде сөз бостандығына және билік органдарының қызметін тәуелсіз бақылауға кепілдік берудің шешуші бір бағыты болуы тиіс. Бұл үшін журналистер қауымының кәсібилігін,

тәуелсіздігі мен кәсіби этикасын барынша дамыту қажет. БАҚ бостандығына берілген кепілдік сондай-ақ олардың қоғам алдындағы моральдық жауапкершілігін де, олардың қызметінің заңға сәйкестігін де айқындауы тиіс.

### **3. Заң үстемдігін, құқық тәртібін қамтамасыз ету және Қазақстан азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын кепілдендіру жүйесін нығайту**

Демократиялық реформалар бағдарламасын іске асыру аясында құқықтық мемлекет негіздерін нығайтуға айрықша екіпін түсіру керек деп санаймын. Демократия мен заңдылық – ажырағысыз нәрселер, біреуі екіншісіңіз бола алмайды. Заң салтанат құрмаса, адам мүдделерін мемлекеттік мүдделердің өзегіне қоятын барлық гуманистік идеялар, демократия, құқықтар мен бостандықтар идеялары іске асырылмай қалады.

Бостандық пен либерализм заң алдындағы жауапкершілікпен тең тұрады. Адамдар емес, заңдар үстем болуы керек. Либерализм жеке-леген адамдардың «қыңырлығы мен тентектігі» алдында биліктің әлсіздігі ретінде қабылданбауы тиіс. Мен баршаға мынаны нақты айтқым келеді: біздің жағдайда биліктің әлсіздігі басқарудан айырылуды және біз қол жеткізгеннің бәрінен кері кетуді білдірген болар еді.

Бұл кезеңде Қазақстан азаматтарының құқықтары мен бостандықтарына берілетін кепілдікті және құқық тәртібін қамтамасыз етуді реттейтін заңнамалық негіз айрықша маңызды. Бұл, атап айтқанда, бүгіннің өзінде біздің қолымыздан келетін мына мәселелерді көздейді:

– Қазақстанда құқық тәртібін және заңның үстемдігін қамтамасыз ететін тетіктерді бағалау және олардың тиімділігін арттыру немесе тиісті өзгерістер үшін ұсыныстар беру;

– сот ісін жүргізу аясында және сот шешімдерін орындау кезеңінде азаматтардың құқықтарына берілетін кепілдіктерді күшейту жөнінде кешенді шаралар қабылдау;

– биліктің сот тармағының тәуелсіздігін күшейту, бұл бағытта сот төрелігінің ашықтығы мен тиімділігін арттыру үшін шаралар қабылдау;

– қамаққа алуға санкция беру мәселелерінде соттардың қатысу рәсімін кезең-кезеңмен ендіру;

– қылмыстық сот ісін жүргізу практикасына алқа билер соты институтын ендіруді бағалау және тиісті ұсыныстар беру;

– қоғамда келісім-шарттық қатынастардың тұтас жүйесін қалыптастыруға бағытталған заңнамалық әкімшілік шаралар жүйесін әзірлеу.

Тағы да атап көрсеткім келеді: заңдылық, құқық тәртібі, әлеуметтік прогресс және адам құқы ажырағысыз бірлікте болады. Біздің барлық бастама-

ларымызды іске асыру барысында нақ осындай ұғынушылық айқындаушы сипатта болады деп үміттенемін.

Отан, Тәуелсіздік, тұрақты даму! Біздің ортақ ұранымыз осындай. Нақ осылар барша қазақстандықтардың тыныш та өркенді өмірін қамтамасыз етеді. Егер біз осы мәселеде біртұтас болсақ, онда қалғанының бәрі туралы келісе аламыз.

#### **4. Қоғамдық келісім мен біздің көпконфессиялы және көпұлтты қоғамның тұрақтылығын одан әрі нығайту**

Біздің саяси реформаларымыз стратегиясының іргетасы, ең алдымен, қоғамның тұрақтылығы және Қазақстанды жаңартудың негіздік құндылықтары бойынша ауқымды қоғамдық келісім болып табылады.

Осыған байланысты қоғамдық келісімді одан әрі нығайтуға және біз алдымызға қойып отырған асқаралы міндеттерге ойдағыдай қол жеткізу үшін қоғамды топтастыруға айрықша назар аудару керек.

Біріншіден. Ұсынылатын өзгерістер туралы және осы өзгерістердің күтілетін салдарына қатысты қазақстандықтармен ақылдаса үнқатысуға ерекше орын бөлінуі қажет. Мұндай жаңғыртуды халықаралық демократиялық стандарттарға сәйкес қана емес, сонымен бірге мүмкін болатын оң да, сондай-ақ теріс те әсерлерді көздей отырып



өткізуді қалай қамтамасыз етудің басын ашып алу керек.

Екіншіден. Біз елдегі демократияландыру және саяси жаңғырту үдерісі тұрақсыздандырудың, діни және этностық жанжалдардың жеделдеткіші ретінде пайдаланылатындай ахуалға жол бермеуге тиіспіз.

Үшіншіден. Қазақстандағы конфессияаралық және этносаралық толеранттылық пен түсіністікті қамтамасыз ететін бізде қазірдің өзінде бар құрылымдарды пайдалану туралы байыпты ойласу қажет. Мен бұған дейінгі Жолдауда Қазақстан халықтары Ассамблеясының рөлін күшейту қажеттігі туралы айтқанмын, оның беделін заңнамалық тұрғыда бекітіп, практикалық қызмет аясын кеңейту керек.

Қазақстан халықтары Ассамблеясы мынадай міндеттерді дәйектілікпен шеше алады:

– халықтың бірлігін және тәуелсіздік пен дербестікке қатысты ерік-жігерін нығайту;

– Қазақстан қоғамын жаңғыртудың саяси идеологиялар мен ағымдағы конъюнктура шегінен тыс тұратын өзекті құндылықтары бойынша кең қоғамдық консенсусты әзірлеу және нығайту;

– Қазақстанның барлық азаматтары үшін, олардың ұлттық, әлеуметтік, «тектік-топтық» шығу тегіне және «бастапқы» қоғамдық жағдайлар деп аталатын басқа жағдайларға қарамастан, мүмкіндіктер беру.

– этносаралық және конфессияаралық келісім жағдайында қоғамдағы тағаттылықты қамтамасыз ету;

– қоғамдағы экстремизм мен радикализмнің кез келген көріністеріне қатаң тойтарыс беру.

XXI ғасырдың сын-қатерлері қоғамдық-саяси қатынастардың барлық жүйесін барынша серпіндірек жаңғыртуды қатаң талап етеді, мұның өзі Қазақстанның таяудағы 10 жылдың ішінде әлемнің барынша бәсекеге қабілетті елдерінің қатарына қосылуға толық негізі бар өкілетті әрі құрметке лайық ел болуына мүмкіндік береді.

Бұл мақсатқа қол жеткізу орасан күш-жігерді және билік органдары, саяси институттар мен азаматтық қоғам институттары тарапынан іске деген көп ретте жаңа, тосын қатынастарды талап ететінін жасырып жатпаймын.

Бұл мақсаттың ұлылығы мынада, өзіміздің азаматтарымыз біз қатарына қосылуға ұмтылып отырған елдердің азаматтары секілді берекелі өмір сүруін қалаймыз. Біздің бәріміз де осыны қалаймыз деп ойлаймын. Олай болса, келіңіздер, осы мақсатты әрбір қазақстандықтың идеясына айналдырайық. Біздің халқымызды осынау ізгі мақсаттың төңірегіне топтастырайық!

Мен бұған, әдеттегідей, сіздердің түсіністікпен қарайтындықтарыңызға әрі қолдайтындарыңызға, сонымен қатар біздің барлық ауқымды бастамаларымызға белсенділікпен тікелей қатысатындарыңызға кәміл сенемін.

**Ресей Федерациясы Федералды жиналысы  
Мемлекеттік думасының 100 жылдығына  
арналған отырысында**

## **СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ**

Ресей Федерациясы,  
Мәскеу қаласы,  
2006 жылғы 5 сәуір

**Құрметті Төраға мырза!  
Құрметті депутаттар!**

Ең алдымен мені алдарыңызда сөйлеуге шақырғаны үшін Ресей Федерациясы Мемлекеттік думасының басшылығына рахмет айтқым келеді.

Енді бір айға жетпес мерзімде біз Мемлекеттік думаның 100 жылдығын мерекелейтін боламыз. Заңнамалық органның құрылуы Ресейде парламентаризм дамуының бастауы болды. Мен

«біз» деп отырмын, өйткені, Мемлекеттік дума құрылған кезде оның депутаттарының қатарында қазақ халқының Әлихан Бөкейханов, Бақытжан Қаратаев, Мұхаметжан Тынышпаев секілді 12 өкілі болған. Оның үстіне олардың үшеуі Мемлекеттік думаға 2 рет сайланған.

Ресей Мемлекеттік думасының алғашқы шақырылымдарының мұрағаттарында Қазақ даласынан келген біздің аса көрнекті жерлестеріміздің саяси белсенділігін, өз халқына ғана емес, сонымен бірге Ресейдің барша халықтарына жақсы тұрмыс тілеген ой-ниетінің шынайылығын дәлелдейтін көптеген құжаттар сақтаулы.

Жақсы тұрмыс тілеу тұрғысынан олар осынау заңнамалық органда мәжіліс құрған прогресшіл орыс интеллигенциясының өкілдерімен ынтымақта болды.

Мұның өзі Қазақстан және Ресей халықтары тарихының ортақтығын көрсететін көптеген мысалдардың біреуі ғана екенін айтқым келеді.

Ол кезде, өткен ғасырдың басында, Мемлекеттік думаның қызметі Еуропа халықтарының парламенттік демократиясының идеясы мен тәжірибесін таратуда айтарлықтай рөл атқарды. Ол бүгін де дәл бұрынғыдағыдай өзекті. Парламентаризмнің жақсы дәстүрлері сақталып, дамып отырмағанда, біздің елдеріміздің қазіргі даму деңгейі мүмкін бола қоюы екіталай еді.

Сондықтан мен Ресей Федерациясы Мемлекеттік думасының барлық депутаттарын, Ресейдің

барлық заң шығарушыларын және сіздер арқылы барша ресейлік азаматтарды осы бір ұлы да естен кетпес мерейтоймен шын жүректен құттықтаймын.

Біздің мемлекеттеріміздің парламентшылары Қазақстан мен Ресей арасындағы тату көршілік пен достықты дамытудың шынайы жақтас-тары болды. Қазақстандық және ресейлік парламентшілердің біздің елдеріміздің арасындағы Мемлекеттік шекара туралы тарихи шартты қатарласа ратификациялауы парламентаралық ынтымақтастықтың жоғары деңгейін ғана емес, сонымен бірге өзара сенім ахуалын, Қазақстан – Ресей қатынастарын одан әрі нығайтуды жақтаушылықты танытады. Сіздерге сол үшін рахмет!

Мұның өзі кездейсоқ емес. Біздің ортақ тарихымыз бар, бізді туыстық сезімдер байланыстырады. Біз қуаныш пен қиындықта бірге болдық, бір жапырақ нанды бөліп жедік, XX ғасырдың ең сұрапыл соғысында бірге жеңіске жеттік.

Дербес мемлекеттер болған қазіргі жаңа кезеңде де біздің бұрынғыша рухани етене күйде келе жатқанымыз мен үшін өте қуанышты. Сондықтан да біз туысқан халықтарымыздың тұрмысын берекелі де өркенді етуге құлшыныста бірге боламыз.

Ресейдің достары ретінде біз оның тұрақты экономикалық өсуін қанағат сезімімен атап өтеміз. Бұл ел басшылығы мен Мемлекеттік дума депутаттарының зор да үйлесімді жұмы-

сының нәтижесінде мүмкін болды. Ең бастысы, «Орталық-өңірлер» арнасы бойынша текетірес жойылды, экономикадағы мемлекеттің рөлі нығайтылды. Ресейліктердің әлеуметтік көңілкүйі жақсарып, олардың бірлігі нығаюда. Осынау табыстардың бәрі Ресей Президенті В. В. Путинге елді ұлы державалар клубына қайта оралту мақсатымен белсенді сыртқы саяси стратегияны жүргізуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Ресеймен түрлі салаларда стратегиялық әріптестікті тереңдетуге мүдделі. Біз сондай-ақ Ресей тарапынан да осындай мүдделілікті көріп отырмыз.

Бізде ынтымақтастықтың барлық салаларында – қауіпсіздік, өнеркәсіп және энергетика, ғылым, мәдениет салаларында өзара іс-қимылдың зор әлеуеті бар, мұның өзі екі ел экономикаларының серпінді дамуы арқылы қуатталып отыр.

Қазақстан өзінің алдына таяудағы 10 жылда әлемнің бәсекеге барынша қабілетті және серпінді дамып отырған 50 елінің қатарына кіру міндетін қойып отырғанын сіздердің көпшілігіңіз білетін боларсыздар. Бұл – өршіл міндет. Бірақ қол жеткізуге әбден болатын міндет және оның себебін айтайын.

Соңғы 5 жылда Қазақстан экономикасының жылдық орташа өсімі 10 %-ды құрады. Тек 3 жылдың ішінде ғана республикадағы жан басына

шаққандағы ІЖӨ 30 %-дан астам өсті. Экономиканың қарқынды өсуі біздің 2008 жылдың өзінде 2000 жылмен салыстырғанда ІЖӨ-ні 2 есе, ал 2015 жылы 3 есе ұлғайтуымызға мүмкіндік береді. Қазақстанның макроэкономикалық саладағы жетістіктерін барлық халықаралық қаржы және рейтингтік агенттіктер мойындап отыр.

Дүниежүзілік экономикалық форум 2005 жылдың есебінде жариялаған макроэкономикалық ортаның индексі бойынша Қазақстан әлемнің 117 елінің ішінде 41-ші орын алған.

Қазақстан бүгінгі күнде халықаралық жетекші рейтингтік агенттіктер – «Moody's Investors Service», «Standard&Poor's» және «Fitch Ratings»-дің 3-нен де инвестициялық класс рейтингін алған.

Біз экономикалық дамудың сапалы серпініне бәс тіктік, оның негізі Қазақстанның әлемдік экономикаға ойдағыдай кірігуі болып табылады.

Қиын-қыстау 10 жылдан өте отырып және макроэкономикалық тұрақтылыққа қол жеткізіп, біз экономикалық дамудың жаңа кезеңіне – экономиканың институттық және микродеңгейлік белсенді реформаларына аяқ бастық.

2003 жылдан бастап, экономиканың көбінесе шикізатқа негізделген бағытынан бас тарта отырып, біз экономиканы әртараптандыруға, тауарлар өндіру мен жоғары қосымша құнды қызмет көрсетулерді дамытуға, жоғары технологиялы

сервистік экономика негіздерін қалауға бағытталған индустриялық-инновациялық Стратегияны жүзеге асыруға кірістік.

Стратегияны іс жүзіне асыру үшін мемлекеттік даму институттары құрылды.

Қазақстанның даму банкі банктік несие беру арқылы ірі жобаларды (5 млн доллардан астам) қаржыландыруға мамандандырылуда.

Қазақстанның инвестициялық қоры жеке меншік секторының жаңадан құрылатын және өндіруші кәсіпорындардың жарғылық капиталға қатысу арқылы экономиканың шикізатты емес секторында бәсекеге қабілетті өндіріс құру жөніндегі ынтасына қаржылық қолдау көрсету мақсатымен құрылған.

Инновациялық қор инновациялық жобалар мен ҒЗТКЖ-ны – ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыруға мамандандырылады, венчурлік қорлар құрады. Оның құрамына Қазақстанда технопарктер құру идеологиясын айқындайтын Технологиялар инжинирингі және трансферті орталығы кіреді.

Экспорт пен инвестицияларды сақтандыру жөніндегі корпорацияның міндетіне шетелдерде жүзеге асырылатын шикізаттық емес экспорт пен инвестицияларды сақтандыру жатады.



Маркетингтік және талдамалық зерттеулер орталығы перспективалық өндірістерді маркетингтік-талдамалы зерттеулерді және кластерлік бастаманы жүзеге асырады.

Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры шағын және орташа бизнес үшін төмен пайыздық мөлшерлеменен жеңілдетілген несие бөлуге мамандандырылады.

Оларды мемлекеттік бюджет есебінен жалпы капиталдандыру 1 млрд доллардан асып түсті және әлі де арта беретін болады. Олардың есебінен бүгінде 101 жоба қаржыландырылады, бұл жобалардың 70-і іске қосылған. 200 мың жұмыс орны ашылды. Және осының бәрі – жаңғыртылған өндірістер.

Биылғы жылы біз барлық даму институттарын Тұрақты даму қорына біріктірдік, ендігі жерде бұл қор халықаралық рыноктардағы міндеттерді шешуге қажетті барлық ресурстарға ие болып отыр.

Шағын және орта бизнестің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және өңірлік дамуды жеделдету үшін біз әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациялар тобын құрамыз, олардың тораптары еліміздің барлық өңірлерін қамтитын болады.

Олар өңірлік шағын және орта бизнеспен бірлесе әрекет етеді, солардың өнімділігін арттырады, сапа және басқару стандарттарын, технологиялар трансфертін, консалтингі мен кооперацияны

дамытудың халықаралық стандарттарын енгізу арқылы жаңа рыноктарға шығуын қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік басқару жүйесін реформалау аясында мемлекеттік аппараттың саны айтарлықтай қысқартылды және, ең бастысы, осы заманғы нарықтық экономикаға бейімделген мемлекеттік басқару жүйесі жасақталды. Мемлекет шын мәнінде шаруашылықпен тікелей айналыспайтын болды және өзіне негізінен әлеуметтік-экономикалық үдерістерді реттеп отыратын міндеттерді ғана қалдырды.

Саяси үдерістердің мемлекеттік аппаратқа ықпалын азайту және аппараттың кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында Қазақстан бұрынғы кеңестік кеңістіктегі елдердің алғашқылары қатарында 2000 жылғы 1 қаңтарда мемлекеттік қызмет туралы заңнамалық акт қабылдады, ол бойынша мемлекеттік қызметшілерді олардың кәсіби сапасы мен біліктілігі негізінде жоғарылатып отыратын қағидатқа негізделген мемлекеттік қызметтің жаңа моделін қалыптастыруға алғышарттар жасалды.

Біздегі барлық мемлекеттік лауазымдар саяси және әкімшілік болып бөлінген. Әкімшілік мемлекеттік қызметшілерді қабылдау конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Қазіргі кезде ұлттың бәсекеге қабілеттілігінің шешуші факторы оның зияткерлік әлеуеті болып

табылады. Сондықтан да білікті кадрларды жүйелікпен даярлауға айрықша мән беріледі.

Экономикалық қиындықтарға қарамастан, мен бұдан 10 жыл бұрын арнаулы «Болашақ» бағдарламасын белгіледім, оның аясында мыңдаған қазақстандық дарынды жастар әлемнің ең озық университеттерінде білім алды және оқып жатыр. Бүгінде «Болашақтың» түлектері мемлекеттік органдар мен ұлттық компанияларда жетекші қызметтер атқарып жүр.

Ал былтырдан бастап мемлекет есебінен жыл сайын 3 мың қазақстандық жастар әлемнің озық университеттеріне оқуға жіберілуде.

Соңғы 3 жылда Қазақстанда ірі ауқымды аграрлық реформа жүзеге асырылды, соның нәтижесінде ауыл дағдарыстан шығып қана қоймай, дамудың сапалық жаңа деңгейіне көтерілді.

Жалпы өнім ауыл шаруашылығында 37 %-ға өсті, өнім өңдеу саласында жыл сайынғы өсу қарқыны 10–13 %-ды құрады. Ауылдық жердің негізгі капиталын жаңартуға 4 млрд долларға жуық қаражат тартылды. Екінші деңгейлі банктердің агроөнеркәсіптік кешенді несиелендіру көлемі 4,3 есеге артты. Саланың қуатпен қамтылуы 17 %-ға, қосалқы бөлшектер шығару 2 есеге өсті.

Осы жылдар ішінде мал шаруашылығында да жоғары көрсеткіштерге қол жетті. Нан өнімдерін өндірудің көлемі өсті, ол бүгінде ұлттық тұтыну стандарттарынан 4 есе артық. 3 жыл ішінде селода

қосымша 208 мыңнан астам жұмыс орны ашылды. Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің номиналдық жалақысы тек соңғы 3 жылдың ішінде ғана 3 есе өсті. АӨК-ті республикалық бюджеттен мемлекеттік қолдау 2,4 есе өсті. Соның өзінде мемлекеттік инвестицияның бір теңгесіне жеке меншік инвестициясынан бес теңгеден келіп отыр.

Бұл жетістіктер көбінесе заң шығару және салық базасын жетілдірудің арқасында мүмкін болып отыр.

Аграрлық реформаның 3 жылы ішінде барлық жиынтығы 350-ден астам АӨК саласының қатынастарын реттейтін кодекстер, заңдар және басқа да нормативтік-құқықтық актілер қабылданды. Соның нәтижесінде біз мемлекет билігіне негізінен реттеуші және бақылау-қадағалау міндеттерін қалдырдық.

2003 жылы жаңа Жер кодексі қабылданды, онда ауыл шаруашылығына арналған жерге жеке меншік институтын енгізу қарастырылған.

Жеке меншікке жер сатып алушыларға жеңілдіктер белгіленген. Мәселен, 10 жылға дейінгі мерзімге ұзартып төлеу үшін сатып алуға болады. Алайда жердің иесі оны 10 жылдан кейін ғана қайта сата алады.

Қазіргі кезде ауыл шаруашылығына арналған 160 мың гектарға жуық жер жеке меншікке

сатылды, нәтижесінде Ұлттық қорға 3,2 млрд теңгеден астам қаржы түсті.

Бүгінде еліміздегі халықтың 43 %-ы ауылдық жерлерде тұратындықтан және 22 %-ы ауылда жұмыс істейтіндіктен, селоны дамыту өзекті мәселе болып қала бермек.

Бұл саладағы проблеманы шешу үшін, біз Ауылдық аймақтарды дамытудың 2004–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асырудамыз.

Салық салу негізі де түбегейлі өзгерді. Алдымен салықтық жеңілдік енгізілді. Шаруа және фермерлік шаруашылықтар жердің кадастрлық құнынан 0,1 %-дық бірыңғай жер салығын төлеп отыратын болады. Заңды тұлға мәртебесі бар ауылшаруашылық құрылымдары салық салудың патенттік жүйесі бойынша жұмыс істейді және салықтың тек 20 %-ын ғана төлейді. Былтырдан бастап өсімдік шаруашылығын міндетті сақтандыру институты енгізілді.

Бұдан басқа, мемлекет мал және өсімдіктердің ерекше қауіпті жұқпалы ауруларымен күрес шараларын, себілетін тұқым мен көшет материалдарының сапасын тексеруді, АӨК субъектілерін бекітілген тізілім бойынша ақпараттандыруды қамтамасыз етуді, элиталық дәндер, асыл тұқымды өнімдер, суармалы сулар, минералдық тыңайтқыштар, гербицидтер, тұқымдарды улау, дизель отыны және құрама жемдер құнының 40 %-ын субсидиялауды қаржыландырады.

Ауылдықтар арасында ауылдық несие беру серіктестігі арқылы несиелендіру жүйесі кеңінен тарады, бұл қазіргі кезде іс жүзінде еліміздің негізгі ауылшаруашылық аудандарын түгел қамтып отыр. Бұл жүйе 5 жылдан бері қолданылып келеді және осы мерзім ішінде өзінің жоғары тиімділігін көрсетіп берді. Алынған несиелердің 99,8 %-ы қайтарылды.

Сонымен, ірі ауқымды аграрлық реформаны жүзеге асырудың арқасында бізге 1990-шы жылдары азып-тозып кеткен ауыл шаруашылығымызды қайта жандандыруымыздың сәті түсті.

Біз осы және басқа да шешуші реформаларды жүзеге асыру Қазақстанның келер 3 жылда да ІЖӨ-ні 8,5 %-ға өсіру қарқынын сақтап қалуына мүмкіндік береді деп күтеміз.

Осы жылдың 1 наурызындағы менің Жолдауыма сәйкес, кәсіпкерлік қызметті жандандыру үшін қосымша құн салығын 14 %-ға дейін төмендету, барлық жеке тұлғалар үшін табыс салығын 10 % мөлшерінде белгілеу, әлеуметтік салықты 30 %-ға төмендету қарастырылған болатын. Бұл жұмыс берушілердің ынтасын арттырса, жұмысшылардың жалақысын көтеруге негіз болады.

Бұдан басқа, шағын бизнес субъектілері үшін салық салудың азайтылған бірыңғай жүйесі енгізіледі.

Жүргізілген реформалардың арқасында біз қазір әлеуметтік-экономикалық жаңғырту мен

саяси демократияланудың жаңа кезеңіне аяқ басқалы тұрмыз.

Соның өзінде біз үшін халықтың әлеуметтік осал тобын қорғайтын және экономиканың дамуын қолдайтын әлеуметтік саясат негізгі басымдық болып қала береді. Біз өсіп келе жатқан қарқынды экономиканың талаптарын қамтамасыз ете алатын білім берудің осы заманғы жүйесіне бет бұрдық. Біз «алдымен экономика, сонан соң саясат» қағидасы бойынша жұмыс істейміз.

Саяси реформалар да өз кезегінде жүргізілгенін айтуымыз керек. Алайда экономикалық қайта жаңару бізде еселенген қарқынмен жүргізілді.

Бұл өзі осыдан 15 жыл бұрын тым әлсіз, жабық және іс жүзінде қол жетімсіз экономикасы бар бұрынғы кеңестік кеңістіктің елдері үшін объективті үдеріс болатын.

Батыс инвесторларын тарта отырып, қарқынды жекешелендіру жүргізілді, шағын бизнесті дамытуға қажетті барлық жағдайлар жасалды.

Тиімді банк жүйесі құрылды. Энергетика, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын реформалау жүзеге асырылды. Біріншісі электрқуаты бәсекелестігінің рыногын құруға, екіншісі – адамның өз үйі үшін жауапкершілігін арттыруға негіз болды. Зейнетақы жүйесін жаңғыртуда түбегейлі реформа жүргізілді. Осы жылдар ішінде экономикаға 43 млрд доллардан астам шетел инвестициялары және 70 млрд доллар ішкі инвестициялар тартылды.

Бұған қоса біздің жаңа Астана – бүкіл қазақстандықтардың мақтанышына айналған осы заманғы қала салып алғанымызды сіздер білесіздер.

Реформалар қарқынын үнемі үдете отырып, біз саяси жүйені одан әрі жаңғырту мәселесін шешудеміз.

Осының бәрі біздің еліміздің саяси және мемлекеттік құрылымының оңтайлы моделін табуымызға мүмкіндік береді, онда демократиялық және өркендеуші мемлекеттердің жалпы заңдылықтарымен бірге, біздің қоғамымыздың маңызды мәдени-тарихи кескін-келбеті де үйлесімді ескерілетін болады.

### **Құрметті Мемлекеттік Дума депутаттары!**

Мен 130-дан астам этнос өкілдері арасындағы жарасым мен келісімді біздің ерекше мақтан ететіндігімізді атап өткім келеді.

Соңғы жылдарда Қазақстанда діни немесе ұлттық араздық негізде зорлық-зомбылық болмағанын ештеңеге сенбейтін адамның өзі теріске шығара алмайды. Бізде фашистік немесе нәсілшілдік ұйымдар болған емес және жоқ. Бұл шетін мәселеде парламентшілер үлкен рөл атқарып отыр.

Мен сіздерге Қазақстанның бәсекеге қабілетті елдер қатарына қосылу жолындағы стратегиялық басымдықтарын атап шықтым.



Әрине, даму үдерісіндегі Қазақстанның басты серіктесі Ресей деп білеміз. Мен бұл туралы Қазақстан – Ресей қарым-қатынасы сенім мен стратегиялық серіктестіктің жоғары деңгейінде екенін атап тұрып, өзімнің Жолдауымда айтқан болатынымын. Ресеймен ынтымақтастық – Қазақстанның сыртқы саясатының аса маңызды басымдығы.

Қазақстан – Ресей екі жақты қатынастарында сындарлы үнқатысу мен өзара мүдделерді ескермей шешілетін мәселелер болған емес. Біздің мемлекеттеріміз ірі екі жақты және халықаралық жобаларда, мәселен, Каспий құбыр тарту консорциумында, Қарашығанақ мұнай-газ кен орнын игеруде, энергия жүйелерінің жұмысын қатарласа ұйымдастыруда, Екібастұз МАЭС-2-нің негізінде бірлескен кәсіпорын құруда және басқа жобаларда табысты ынтымақтасып келеді. Екі елдің және әлемдік ғылымның мүддесіне «Байқоңыр» бірегей ғылыми-техникалық кешені ойдағыдай жұмыс істеуде.

Ғарыш және әскери-техникалық салалардағы ынтымақтастық белсенді дамып отыр. Қазақстан мен Ресейдің шекаралық облыстары мен өңірлерінің өзара іс-қимылы жақсы дамуда. Бүкіл кеңестен кейінгі кеңістікте Қазақстан мен Ресей барлық интеграциялық үдерістерде «локомотив» болып келді және болып қалуда.

Біздің елдеріміздің арасында терроризм, экстремизм және есірткі бизнесі секілді уақыт пен

жаһанданудың қыр көрсетулеріне бірлесіп қана лайықты жауап беруге болатыны жөнінде жақсы түсіністік қалыптасқанын, мұның өзі тұрлаулы дамуды, біздің елдеріміз халықтарының әлауқатын арттыруды тиімді қамтамасыз етуге де қатысты.

Қазақстан мен Ресей өз қатынастарын аясында достық түзіп, дамытқан сондай алғашқы интеграциялық бірлестік Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы болып табылады, ол қазіргі кезде іргелі де серпінді өзгерістерді бастан кешуде.

Қазақстан мен Ресей Достастықты реформалау үдерісінің белсенді қатысушылары болып табылады және бізде ТМД-ны сақтау қажеттігін түсінушілік бар.

Ықпалдасу үдерісіне сындарлылықпен тарту – біздің көз жетер болашағымыздың стратегиялық таңдауы, аса маңызды міндеті. ТМД аясында құрылған ықпалдасу бірлестіктердің ішіндегі ең үміттісі, біздің ойымызша, Еуразиялық экономикалық қоғамдастық және Бірыңғай экономикалық кеңістік болып табылады.

ЕурАзЭҚ құрамына Өзбекстан кіргеннен кейін Еуразиядағы 200 млн-нан астам халқы бар ең ірі ықпалдастық бірлестікке айналды. Біз Еуразиялық Одақ құрудың табалдырығында тұрғанымызға сенімдімін, ол туралы мен 1994 жылы осында, Мәскеуде, М. В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде айтқан болатынмын.

Ресейліктер секілді бізде де экономикалық өмір кеңістігінде «ойын ережесін» бірлесе белгілеп алу үшін, осы бірлестіктердің экономикалық кеңістігін жемісті пайдаланудың қажеттігі туралы түсінік бар. Оның үстіне өзінің тиімділігін әлдеқашан көрсеткен консенсус және еріктілік қағидаларының негізінде өзара әрекет ету ерекше маңызды.

Өзінің географиялық жағдайлары мен ресурстық әлеуетіне байланысты Қазақстан мен Ресей ЕурАзЭҚ-тың көліктік және энергетикалық құрылысын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Біздің елдеріміз арқылы өтетін жүк транзиті басқа сауда жолдарына қарағанда әлдеқайда арзан. Әңгіме әлемдік экономиканың Азия мен Еуропа секілді екі қуатты орталықтарының арасындағы жүк ағыны туралы болып отыр. Мұндай көлік-транзит жобалары алдымыздан үлкен мүмкіндіктер ашады және біздің өңірлердің жедел дамуына тікелей ықпал етеді.

Оның үстіне Қазақстан мен Ресей іскерлік белсенділікке қолдау білдіру мақсатында жарғылық капиталы 1,5 млрд долларға жететін Еуразия даму банкі құру туралы уағдаласқанын сіздер білесіздер. Бұл қуатты интеграциялық құрал нақты міндеттерді шешуге, инвестициялық жобаларды, еуразиялық кеңістіктегі бағдарламаларды іске асыруға көшуге мүмкіндік береді. ЕурАзЭҚ аясында интеграция деңгейін 80 %-ға дейін жеткізуге, содан кейін ортақ рынок құруды бастауға болады деп ойлаймын.

Қазақстан осы міндеттерді және серіктестер мүдделі болып отырған басқа да міндеттерді шешуге өз үлесін қосуға әрқашанда дайын екенін мәлімдеймін.

Тиісінше, Бірыңғай экономикалық кеңістік (БЭК) аясында ықпалдастықтың сапалық жаңа, неғұрлым жоғары деңгейіне өту – тауарлардың, қызметтердің, капиталдың және жұмыс күшінің еркін қозғалысын қамтамасыз ету міндеті қойылып отыр. Бұл жерде Ресейге басты рөл беріледі.

Біздің мемлекеттеріміз ШЫҰ және ҰҚШҰ аясындағы жаһандық және өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі бастамаларға өзара белсенділікпен қатысады және қолдау көрсетеді.

Бізге іс-қимылдың жаңа деңгейіне көтерілудің, әлемдегі ірі өңірдегі жағдайлардың өзгеруіне қарай басымдықтарды анықтап алудың, қауіпсіздіктің терроризм пен басқа да қатерлеріне қарсы тұрудағы осы ұйымдардың бастамасы мен белсенділігін арттырудың сәті түсті.

Жоғары деңгейдегі кездесулер барысында, ал олар 2005 жылы ғана 8 рет болды – және бұл рекордтық көрсеткіш, біз Владимир Владимирович Путинмен біздің халықтарымыздың достығы мен өзара түсіністігін нығайтуға бағытталған мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты елеулі түрде кеңейтуге уағдаласқан болатынбыз. Бұған біз осы күндері ашқан Ресейдегі Абай жылын және

Қазақстандағы Пушкин жылын өткізу жәрдемдесетін болады.

Абай мен Пушкин – қазақ және орыс мәдениеттерінің тығыз өзара ықпалдасуының нышаны. Пушкиннің Абай қазақ тіліне алғаш аударған ғаламат туындылары қазақ халқының орыс мәдениетін түсінуіне жол ашты.

Ұлы орыс ақынының есімімен Қазақстанда театрлар мен мұражайлар, кітапханалар мен мектептер аталған. Оның шығармашылығы – оқыту тіліне қарамастан орта мектептер бағдарламасына міндетті түрде енгізілген. Қазақстанның жаңа елордасы – Астанада ашылған алғашқы монументтердің бірі Пушкиннің ескерткіші болды.

Қазақ сахарасында орыс мәдениетін таратудағы Абайдың еңбегіне баға жетпейді. Қазақ халқының ұлы ақыны әрі ұлы санаткер орыс тілін үйренуді насихаттады, ол тіл әлемге жол ашатынын, орыс ғылымы мен мәдениеті дүниежүзілік қазынаға кілт екенін, бұл кілтке ие болғандар басқа нәрселерге оңай қол жеткізетінін айтқан болатын.

Бүгінде Қазақстанда тұратын қазақтардың, басқа этнос өкілдерінің ішінде орыс тілін білмейтін адамды табу қиынның қиыны. Қазақстан ТМД елдерінің ішінде бірінші болып конституциялық жолмен орыс тіліне мемлекеттік тілмен қатар қолданылатын ресми мәртебе берді.

Жүздеген мерзімдік басылымдар орыс тілінде шығады, электрондық бұқаралық ақпарат құралдары орыс тілінде хабар таратады.

Қазақстандық барлық жоғары оқу орында-рында орыс тілінде сабақ жүргізіледі.

Орыс тілі – Қазақстанның жалпы білім беретін мектептерінде оқытылатын міндетті пән. Бұған қоса, Қазақстандағы оқушылардың 40 %-дан астамы тек қана орыс тілінде білім алады. Мұның өзі көп ұлтты Қазақстанда орыс этносының өкілдері 26 %-ды құрайтын жағдайда орын алып отыр. Орыс мәдениеті мен орыс тіліне дәл осындай қамқорлық ТМД елдерінің бірде-бірінде жоқ деп батыл айта аламын.

Сөзімнің қорытындысында Қазақстан мен Ресей мәңгілік әріптестер екенін және жоғары заң шығарушы орган ретінде Мемлекеттік Дума осы әріптестікті нығайтуда бірінші дәрежелі рөл атқаратынын тағы да бір рет атап өткім келеді.

Сондықтан сіздерге біздің елдеріміздің стратегиялық серіктестікті нығайту ісіне және халықтарымыздың өркендеуіне қосқан үлестеріңіз үшін алғыс сөздерімді арнаймын.

Тыңдағандарыңызға рахмет және даңқты мерейтойларыңызбен тағы да бір рет құттықтап, парламентаризм идеясын дамыту мен Ресей халқына қызмет етуде табысқа жете берулеріңізге тілектестігімді білдіремін.

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде «Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына» тақырыбында оқыған

## ДӘРІСІ

Астана қаласы,  
2006 жылғы 26 мамыр

### Қымбатты достар!

Мен ең алдымен сіздердің баршаларыңызды бүгінгі мерейтойларыңызбен – Еуразия университеті құрылуының 10 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын.

Біз бәріміз де университет еліміз үшін өте қиын жылдары құрылғанын жақсы білеміз. Әлі де болса

жалақы мен зейнетақы кешігіп, инфляция ауыздықталмаған болатын, көптеген өңірлерде электр тогы кезекпен өшіріліп жатты, алайда еліміз жаңа университеттің құрылуы туралы хабарды зор жігермен қарсы алды.

Өйткені бұл болашаққа ұмтылған қадам болатын. Лайықты жасалған және Қазақстанның мерейлі болашағына деген сенімнің қадамы болды.

Бүгінде Еуразия университеті жоғары білім ту ұстаушыларының біріне айналып келеді.

Жаңа елорда сендердің университеттеріңнің ғимаратын қалаудан басталды деуге болады.

Сендердің университеттеріңнің Еуразиялық атануы кездейсоқ емес. Еуразиялық идеясы теория ретінде өткен ғасырда туған болатын. Бірақ та Еуразиялық идеясы жаңа өмірді ұйымдас-тырудың практикасы ретінде осы ғасырда іске асатынына сенімдімін. Еуразияшылдық – бүкіл ХХІ ғасырдың басты бір идеясы. Сендер мұны көп кешікпей түсінесіңдер және көресіңдер.

Еуразиялық идеясының Қазақстанның бастамасы бойынша іске асырылған үш киті – бұлар ЕурАзЭҚ, АӨСШК және ШЫҰ. Бұл – біртұтас Еуразиялық идеяның үш түрлі іс жүзіндегі көрінісі.

Сондықтан да Еуразияның рухани ел ордасы, жүрегі Астана, ал осынау жүректің ең қымбат



өзегі – Астанадағы біздің Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті бола алады.

Осындағы сегіз бейіндік факультетте 10,5 мыңнан астам жастар оқиды, Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының 8 академигі, 476 ғылым докторы мен кандидаты жұмыс істейді.

Бүгінде университет беделді оқу орнына айналды, біздің елордаға келген көптеген мемлекеттердің басшылары мұнда сөз сөйлеуді мәртебе санайды. Еуразия ұлттық университеті халықаралық деңгейге шықты, оның жанында М. В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің филиалы жұмыс істейді.

Мен университет өз мерейтойын жақсы нәтижелермен қарсы алып отырғанына қуаныштымын және сендердің барлықтарыңды осынау айтулы оқиғамен тағы да құттықтаймын.

Ал тұтастай еліміз бойынша бізде 800 мың дерлік студент бар, олардың 110 мыңнан астамы мемлекеттік гранттар бойынша оқиды. Жыл сайын 3 мың жасты еліміз «Болашақ» бағдарламасы бойынша шет елге оқуға жібереді.

Мұның бәрі мемлекеттің білім беру мәселесіне ерекше назар аударатынын көрсетеді. Ол біздің дамуымыздың шешуші факторына айналып келеді. Мұнда да біз көп жағдайда әлемдік тәжірибеге арқа сүйейміз.

Осыған байланысты қызықты екі мысал келтіргім келеді.

1995 жылдан бастап Финляндияға ғылымды, инновация мен білім беруді ұштауды қаржыландыру қауырт ұлғайған. Соңғы жылдары ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға (ҒЗТКЖ) арналған шығындар ІЖӨ-нің 3,5 %-ына жетіп, 5 млрд еуроны құраған. Ал білім беруге жұмсалған шығындар бұдан да көп – ІЖӨ-нің 4,9 %-ы, немесе 7,4 млрд еуро. Соның нәтижесінде Финляндия бәсекеге қабілеттілік индексі бойынша әлемде бірінші орын алады. Фин табыстылығының формуласында классикалық 3 қосылғыш: білім берудің биік деңгейі, ғылымға арналған қаражатты конкурстық қағидатпен бөлу және дамыған инновациялық инфрақұрылым бар.

Екінші мысал. Физик Уильям Лоуренс Брэгг 25 жасында Нобель сыйлығының лауреаты болды. Сендердің көбің көп кешікпей-ақ осы жасқа жетесіңдер. Біз қазір айтып жүргеніміздей, өз жасы үшін ол бәсекеге өте қабілетті жас адам болған.

Өздерің білетіндей, Қазақстан 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын негізге ала отырып, өзінің алдына 10 жыл ішінде бәсекеге барынша қабілетті 50 мемлекеттің қатарына кіру жөнінде өршіл мақсат қойды. Осы мәселе менің бүгінгі лекциямның тақырыбы болады.

Айтпақшы, мен сендермен ғана, осы аудиторияға жиналғандармен ғана емес, Қазақстанның

барша студенттерімен жүздесіп отырмын. Интерактивтік режімде бізге елдің барлық облыстарындағы, Астана мен Алматыдағы ірі жоғары оқу орындарының студенттері қосылып, қазір тыңдап отыр.

Өзімнің Қазақстан халқына Жолдауымда мен Қазақстанның әлемдегі барынша дамыған және бәсекеге қабілетті елдерінің қатарына кіру стратегиясын ұсынғанымды білесіңдер. Оның жүзеге асуы осы міндетті шешуге жәрдемдесетін дамудың жеті басым бағытын анықтады. Бұл шешуші басымдықтардың бірі осы заманғы білім мен озық ғылымды дамыту болып табылады.

Біз жаңа ғасырдың талаптарына жедел бейімделіп, қатал бәсекелестікке әзір болуға тиіспіз. Мен біздің жастар Жолдаудың мәні мен маңызын түсінгенін, оның идеяларына қаныққанын қалаймын. Бірақ та біздің алдымызда тұрған міндеттерді терең түсіну үшін бүгінде жаһандық дүниенің не екенін түсінуден бастау керек.

## **I. Осы заманғы әлем: жаһанданудың үрдістері мен сын-қатерлері**

### *1.1. Жаһандану өзімен бірге не әкеледі?*

Осы заманғы әлем жаһандану кезеңін – адамзаттың біртұтас ақпарат және коммуникациялар кеңістігінде жан-жақты бірігу, бүкіл планетаның бірыңғай экономикалық рынокқа айналуы дәуірін бастан кешуде.

Жаһандану қоғамы әлдеқайда ашық бола түсуде: капиталдың, қаржылардың, адамдардың, ақпараттың еркін қозғалысы осы заманғы «шекараларсыз әлем» тұжырымдамасының негізіне айналды.

Жаһандануға қандай факторлар септесуде?

Бірінші кезекте, бұл тауарлардың елдер мен экономика секторлары арасындағы қозғалысы. Сауда-саттықты өрістету экономиканың дамуы мен өсуі үшін стратегиялық тұрғыда қажет. Ашық экономикалар протекционистік саясатты жүзеге асыратын мемлекеттердің алдында өз артықшылығын дәлелдеді. Соңғы 20 жылдың ішінде әлемдік сауда-саттық әлемдік ІЖӨ-ге қарағанда әлдеқайда жедел өсті. Егер 70-ші жылдары халықаралық сауда-саттық көлемі әлемдік ІЖӨ көлемінің 30 %-ын ғана құраса, біздің ғасырда ол қазірдің өзінде 60 %-ды құрайды.

Жаһандану жолындағы екінші қадам – капиталдың еркін қозғалысы.

Мысалы, соңғы 20 жылда дамушы елдерге тікелей шетелдік инвестициялардың ағыны жүздеген есе өсті. Бүгінде бір Қытайдың өзі ғана жыл сайын 60 млрд доллар тікелей шетелдік инвестицияларды тартады, қалған Азия елдері – 172 млрд доллар, Латын Америкасы елдері – жылына 72 млрд доллар тартады.

Үшіншіден, адамдардың кедергісіз қозғалысы. Бүгінде әлемде елеулі көші-қон өзгерістері жүріп

жатыр, Батыс елдеріне, әсіресе, ЕО-ға, АҚШ-қа, Канадаға мигранттар ағыны күшейді. Батыс қалаларында болғанда бір ғана орамнан бірге жұмыс істеп, тұрып жатқан Азияның, Еуропаның, Америка мен Африканың көптеген мемлекеттерінен шыққандарды кездестіруге болады. Қазақстан да бұдан тыс емес. Басқа елдерден келген 500 мыңға жуық мигранттар бізде де жұмыс істейді.

Төртіншіден, жаһандану факторларының бірі халықаралық валюта рыноктарындағы валюталық операциялардың серпінді дамуы болып табылады. Әлемдік валюта жүйесі үш революцияны: реттеудің алынып тасталуын, интернационалдануды және инновацияны бір мезгілде бастан кешті.

Нәтижесінде шетелдік рыноктар туралы мәліметтердің сапасы жақсарды және оларды алу жеделдігі артты, «жерді айналу және тәулік бойғы» қаржы операциялары жүргізіледі, жаңа қаржы құралдары пайда болды.

Бесіншіден, ақпараттың, интеллектуалдық өнім мен идеялардың еркін қозғалысы жаһандану факторларының бірі және сонымен бірге салдары болып табылады.

Интернеттің, электрондық поштаның, өзіндік құны жағынан төмен халықаралық телефон қызметтерінің, ұялы телефон мен электрондық конференциялардың таралуына қарай дүние әлдеқайда өзара байланысты бола түсті. Осымен

бір мезгілде жерсеріктік телевизия және электрондық баспасөз нағыз жаһандық төртінші өлшемді туғызды. Мұндай техникалық мүмкіндіктер бұдан 20–30 жыл бұрын ойға да кіріп шықпайтын.

Сонымен қатар жаһандану осы заманғы әлемге әлсіздік пен әлжуаздық әкелді. Терроризм, есірткі саудасы, ақпараттық соғыстар, эпидемиялар, экологиялық апаттар да шекараны білмейді және бүкіл адамзат үшін жаһандық сынақтарға айналды. Әлемнің бірде-бір мемлекеті аталған сынақтарға өз бетінше қарсы тұра алмайды.

Әлемдегі әлеуметтік-экономикалық дамудың әрқелкілігі күшейді. Жаһанданудың оң тиімділігін әзірге әлемдегі ең дамыған мемлекеттердің аз тобы ғана сезінуде.

Бүкіләлемдік жаһанданудың әлеуметтік көрсеткіштері жөніндегі комиссияның мәліметтеріне сәйкес, аса бай 20 және аса кедей 20 елдің арасындағы жан басына шаққандағы ІЖӨ көрсеткішінің айырмашылығы 1962 жылы 53:1 болса, 40 жылда екі еседен астамға өсіп, 2002 жылы 121:1 болыпты.

Бүкілдүниежүзілік банктің мәліметтері бойынша, әлемде 800 млн адам аштық пен ашқұрсақтықтан зардап шегеді, 1 млрд 300 млн адам күніне 1 доллардан кем табысқа күн көреді, 1,5 млрд адам таза суға қол жеткізе алмай келеді, кедей елдердің 80 %-ы әлемде жасалатын игіліктердің 20 %-ын ғана тұтынады.

Ортақ «өркендеу кеңістігінің» орнына бірқатар өңірлерде «қайыршылық кеңістігі» мен әлеуметтік кері кеп өрістеуде, олар халықаралық қауіпсіздіктің халықаралық терроризм және ұйымдасқан қылмыс, есірткімен, қару-жарақпен заңсыз сауда секілді сынақтары үшін нәрлі ортаға айналуға.

Демек, қатал халықаралық бәсекелестіктің өршуі бүгінде барынша маңызды әлемдік үрдіс болып табылады.

Экономикасы қуатты елдер әлсіз бәсекелестерін ығыстыруда.

Жоғарыда айтылғандарды Нобель сыйлығының лауреаты Джозеф Стиглицтің мынадай сөздерімен түйіндеуге болады: «Жаһандануды жақтаушылар жаһандану болмай қоймайды деп, оның игіліктерін жарнамалап бағуда; қарсыластары оның келеңсіз салдарларын егжей-тегжейіне дейін тәптіштеп суреттеп, оны тоқтатуды талап етеді. Ал мен жаһанданудың адамдар өмірін, соның ішінде дамушы елдерде де, жақсарту жөнінде зор әлеуеті бар және кейбір тұрғыда бұл қазірдің өзінде жүріп жатыр – мәселен, білімнің жаһандануы денсаулық сақтауды жетілдіруге және адам өмірін ұзартуға жеткізді деп санаймын».

Жаһандану байыпты, ақылға сыйымды реттеу мен басқарудың нысаны болуы тиіс деген пікірмен келісуге болады. Бірқатар келеңсіз жақтарымен қатар жаһанданудың бойында зор мүмкіндіктер бар екенін мойындау керек. Бірақ оларды пайда-

лану үшін елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру қажет.

*1.2. Жаһандану жағдайында бәсекеге қабілеттілік табыстың көзіне қалай айналады?*

Жаһандану ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігіне өте-мөте жоғары талаптар қояды.

Бүгінде елдің бәсекеге қабілеттілігі – жаһандық экономика мен саясатта ең ықпалды тұжырымдамалардың бірі, өйткені ол тек экономикалық көрсеткіштерді қамтып қана қоймайды, сонымен бірге экономикадан тысқары маңызды құбылыстардың экономикалық салдарын бағалай алады.

Елдің бәсекеге қабілеттілігін қалай өлшеуге болады?

Оны өлшеудің ең қарапайым тәсілдерінің бірі – жан басына шаққанда келетін ішкі жалпы өнімнің (ІЖӨ) көрсеткіші. Бұл көрсеткіш неғұрлым жоғары болған сайын, ел мен оның азаматтары соғұрлым бай, өмір сапасы соғұрлым жоғары деген сөз.

2005 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанда жан басына шаққанда ІЖӨ 3700 доллар мөлшерінде қалыптасты. Осы көрсеткіш бойынша 50 елдің қатарында болу үшін ол кем дегенде 5500–6500 доллар және одан жоғары болуы керек. Яғни, шамамен Чили, Мексика, Малайзия секілді елдер деңгейіне шығуы қажет.



Бұл елдер бұрынғы социалистік елдердің (Чехия, Венгрия) көрсеткіштерінен айтарлықтай кем түседі – оларда ІЖӨ қазірдің өзінде әр адамға 10 мың доллардан асып түседі. Ал көшбасшылар шағын Люксембург (63,5 мың доллардан жоғары), Норвегия (55 мың доллар) және Швейцария (50 мың доллар) болып табылады.

Алайда бәсекеге қабілеттілік елдің экономикалық өсудің жоғары қарқынына жетуімен, соны ұстап тұруымен шектелмейді. Бәсекеге қабілеттіліктің басты көрсеткіші – халық тұрмысының жоғары деңгейі мен сапасы.

Бәсекеге қабілеттіліктің әлемдік жыл сайынғы жинағын шығаратын Лозаннадағы Менеджментті дамыту институты 320-дан астам көрсеткіштер мен сарапшылар бағаларын талдайды, соның ішінде мыналар бар: 83 экономикалық көрсеткіш, 77 үкімет пен басқару тиімділігінің көрсеткіші, 69 бизнес тиімділігінің көрсеткіші, 94 инфрақұрылым көрсеткіші. Жоғарыда аталған барлық өлшемдер мен факторлардың өзара іс-қимылы арқылы елдің бәсекеге қабілеттілігі айқындалады.

Солардың кейбіреуінің рөлін айрықша атап өтуге болады.

Біріншіден, білім беру деңгейі. Мәселе мынада, ұлттар тауарлармен және қызметтермен ғана бәсекелеспейді – олар қоғамдық құндылықтар жүйесі мен білім беру жүйелерімен де бәсекелеседі.

Екіншіден, адами капиталдың дамуы. Осы заманғы экономикада салмақ материалдық тауарлар мен қызметтерге қарағанда, «интеллектуалдық әлеуетке» көбірек түсіріледі. Ұлттың осы заманғы және тиімді білім беру жүйесін ұстануға, жұмысшы күшінің оқыту жолымен интеллектуалдық қырын арттыруға қабілеттілігі бәсекеге қабілеттілігі үшін ерен маңызды болуда.

Үшіншіден, инновациялық даму. Бәсекеге қабілеттілік индексінің бір бөлігі болып табылатын «технологиялар индексі» деп аталатын көрсеткіш, инновациялық даму, технологиялар трансферті, ақпараттық және коммуникациялық технологиялар дамуы, ғылыми зерттеулер мен талдамаларды инвестициялау көлемінің, бұл салада бизнес пен университеттердің ынтымақтастығы деңгейін бағалау арқылы есептеп шығарылады.

Төртіншіден, атқару сапасы. Жапония, Сингапур, Германия, Швейцария идеялар мен технологиялардың асқан шеберлікпен нақтылы өнімдер мен қызметтерге айналуының арқасында жаһандық экономикада табысқа жетіп келе жатқан елдердің үлгісі болып отыр.

Енді ақырында, саяси ерік-жігер мен ұлттық консенсус. Жоғары бәсекеге қабілеттілікке ұмтылушы кез келген елдің саяси басшылығы үшін ең күрделі мәселе – саяси ерік-жігерді көрсету ғана емес, сонымен бірге адамдар мен

институттарды қажетті өзгерістерді жүргізуге жұмылдыру.

Соңғы 10–15 жыл бойында бәсекеге қабілеттіліктің жаңа өлшемі пайда болды: салмақ жаһандық экономиканың жаңа сапаға – «білім экономикасына» өтуіне түсіріледі. Керемет цифр: қазіргі батыс әлемінде белсенді халықтың тек 15 %-ы тауарлар өндірісіне тікелей қатысады екен, қалған 85 %-ы шығармашылық, менеджмент және ақпараттар беру үдерісінде құн қосады.

Бәсекеге қабілеттіліктің әлемдік кестесінде елдер және солардың ішінде Қазақстан қалай орналасқан екен?

Мәселен, 2005–2006 жылдарғы экономикалық өсудің «Давостық» Бәсекеге қабілеттілік индексі алайық.

117 елдің ішінен алғашқылар қатарына Финляндия, АҚШ, Швеция, Тайвань, Норвегия, Исландия, Сингапур, Австралия, Канада, Швейцария, Жапония, Ұлыбритания, Германия және Израиль шығыпты. Қазақстан 61-ші орын алыпты.

Біз ТМД-ның барлық мемлекеттерінен алда екенімізді айта кетейін.

Егер жекелеген өлшемдерді алатын болсақ, Қазақстан халықтың «тапқырлық» деңгейі (яғни, технологиялық идеялардың дамуы), ғылыми-зерттеу базасының, дәл ғылымдардағы білімнің сапасы бойынша, сондай-ақ арқаулық инфрақұрылымның тәуір дерлік жағдайына қатысты айтарлықтай жоғары бағаланады.

Алайда біздің еліміз бұл артықшылықтарды нақтылы «капиталдандыру» мүмкіндігін қамтамасыз ететін факторлар бойынша төмен бағаланады. Ал мұнда «ақыл-ойдың сыртқа кетуінің» жоғары деңгейі де, жаңа технологиялар мен қызметтерді лицензиялаудың күрделі рәсімдері де, интеллектуалдық меншік құқықтарын қорғаудың төменгі деңгейі де, білім беру мен ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды инвестициялау жөніндегі әлсіз әлеует те бар.

Міне, содан келеді де, мысалы, ересек халықтың сауаттылық деңгейі бойынша біз әлемдегі алғашқы 3 %-дың қатарындамыз, ал әл-ауқат деңгейі бойынша соңғы 40 % елдердің сапындамыз. Инженерлер мен ғалымдардың саны бойынша біз тізімнің үштен бірінің алғашқысындамыз, ал жоғары технологияларға келетін экспорттың үлесі жөнінен – артта қалушылар қатарындамыз.

Бәсекеге қабілеттілік теориясы профессор Майкл Портердің еңбектерінде барынша кешенді түрде дамытылғаны белгілі, айтпақшы, ол менің шақыруым бойынша Қазақстанда болған. Портердің теориясы ұлттық бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыратын детерминанттар деп аталатындарға негізделеді. Портер ХХ ғасырда барынша өркендей алған елдердің тәжірибесін қорытқан. Сондағы өте маңызды қорытындысы мынау: біріншіден, ұлттық өркендеу мұра болып қалмайды, жасалады және, екіншіден, елдер мен өңірлердің бәсекеге қабілеттілігі факторлардың жиынтығына

қарағанда олардың пайдалану тиімділігімен анықталады.

Бұл нені білдіреді? Бұл елдің экономикалық деңгейі мен оның әлемдегі бәсекелестік ұстанымы бірінші кезекте оның адамдарының сапасына – адамдық капиталға байланысты екенін білдіреді.

*1.3. Ғылым мен білім, жаңа технологиялар бәсекеге қабілеттіліктің шешуші факторларына айналғаны неліктен?*

Өзіміздің алдымызға стратегиялық міндет – таяудағы 10 жылда елімізді әлемнің бәсекеге барынша қабілетті 50 елінің қатарына шығару міндетін қоя отырып, біз ғылым мен технологияларды дамытудың, білім беруді дамытудың жаһандық үрдістерін жіті назарда ұстауға тиіспіз.

Бұл үрдістер қандай екен?

Қолданбалы зерттеулер мен талдамалар саласында жалпыәлемдік қолданыс технологияларын жасауға бағдарлану барған сайын айқын көрінуде. Мысал ретінде ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларда, атап айтқанда, экономикада, ғылымда, білім беруде, мәдениетте, демалысты ұйымдастыруда пайдаланылатын және іс жүзінде әлемнің барлық елдерін қамтитын Интернеттің жаһандық желісін келтіруге болады. Сарапшылардың бағалауы бойынша, 2010 жылы Интернетті пайдаланушылардың саны әлемде 2 млрд адамнан асады.

Жетекші елдер басымдық ретінде қарастыратын әлемдік деңгейдегі өте маңызды тех-

нологиялар шоғыры біртіндеп қалыптасуда. Мұндайларға бірінші кезекте ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, қасиеттері алдын ала белгіленген жаңа материалдардың алынуы, биотехнологиялар, энергия үнемдеу, энергияның баламалы көздерін жасау жатқызылады.

Ғылымды көп қажет ететін өнімдердің әлемдік рыногы өте жоғары қарқынмен дамып келеді: ондағы сату көлемі соңғы 20 жылда 5 есе өсіп, 1 трлн еуродан асып түсті.

Елдерге, ғылым мен технологиялардың өздері барынша дамыған әлеуетке ие бағыттарында ресурстарды шоғырландыруға мүмкіндік беретін халықаралық еңбек бөлінісі қалыптасты. Мәселен, есептеу және офистік техникалар өндірісінің көлемі бойынша АҚШ көш бастап келеді. Жапония электрондық өнеркәсіпте үстем жағдайда тұр. Швейцария – фармацевтік өнеркәсіпте абсолюттік көшбасшы. АҚШ, Ұлыбритания және Франция авиациялық техниканың аса ірі экспортшылары болып табылады.

Мұндай ахуал маңдайға жазылып қойылмаған, бұған бағдарламалық қамтамасыз ету өндірісінде әлемдік көшбасшылыққа серпінді секіріс жасаған Үндістанды мысалға келтіруге болады. Мен осындай феноменмен танысу үшін «Азияның силикондық алқабы» орналасқан Бангалорда арнайы болдым. 2004 жылы Үндістан мұндай ақпараттық өнімді 17 млрд доллардан

астам сомаға экспорттады. Бүгінде үндістандық мамандар үздік деген IT компанияларда сұранысқа ие болып, «Microsoft Corporation» қызметкерлерінің 34 %-ын, «IBM» қызметкерлерінің 28 %-ын, «Intel Corporation» компаниясында 17 %-ын құрайды.

Жаһанданудың маңызды қыры әлемдік ғылыми-технологиялық кеңістікті қалыптастыру болып табылады. Халықаралық ғылыми-инновациялық инфрақұрылымның интеллектуалдық меншік құқықтарын қорғау стандарттары, сертификаттау жүйелері, тетіктері секілді құрамдастарын біріздендіру жөнінде маңызды қадамдар жасалды.

Ғалымдар мен ғылыми ұйымдардың қызметі барған сайын жалпыәлемдік практикаға негізделіп, біртұтас халықаралық өлшемдер бойынша бағаланады. Ғалымдар мен мамандардың халықаралық айырбасы қауырт ұлғая түсті.

Алдағы онжылдықта жаңа технологиялық тәртіпті дамытудың шешуші бағыттары био- және нанотехнологиялар, жасанды интеллект жүйесі, жаһандық ақпараттық желілер және жоғары жылдамдықтағы көлік жүйелері, энергия үнемдейтін технологиялар болады. Өндірісті автоматтандыру, ғарыштық технологиялар, қасиеттері алдынала белгіленген конструкциялық материалдар өндірісі, ядролық энергетика одан әрі дами түседі. Өндірістің бұрынғыдан да көп интеллектуалдануы, үздіксіз инновациялық үдеріске көшу жүреді.

Біртіндеп білімге негізделген жаңа тұрпатты қоғамға көшу аяқталады.

Біз Бәсекеге қабілеттілікті арттырудың қазақстандық стратегиясын іске асыру барысында бұл бағыттарды басты назарда ұстауға тиіспіз.

\* \* \*

Білім беру саласындағы жаһандану да бірқатар үрдістермен сипатталады.

Гордон Драйден мен Жанет Востың «Білім беру революциясы» кітабында (2003 жыл) білім беру саласында осы заманғы әлемнің көптеген елдеріне тән проблема тамаша баяндалған: «Әлем сондайлық жедел өзгеруде, ал білім жүйесі сондайлық оралымсыз да жігерсіз, ол бейне бір уақыттың торына түсіп қалғандай, әлдеқашан аяқталған өткен дәуірге қызмет көрсетуін жалғастырып келеді». Бұл біздің атымызға да айтылған секілді.

Білім ақпараттық қоғамда құнның негізгі көзіне айналып барады. Білім, инновациялар мен оларды нақты қолданудың әдістері барған сайын пайда көзі ретінде көрінуде.

Экономикалық дамудың жаңа тұрпаты қызметкерлер үшін өз өмірінде бірнеше рет мамандығын ауыстыру, өз біліктілігін үнемі арттыру қажеттілігін туғызады.

Білім беру саласы ақпараттық қоғамда экономикалық саламен елеулі түрде астасады, ал білім



беру қызметі ақпараттық қоғамның экономикалық дамуының аса маңызды құрамдасына, артта қалушылықты еңсерудің факторына айналады.

Білім беру ұғымының өзі өзгеруде және кеңеюде. Білім беруді көбіне мектепте және тіпті жоғары оқу орнында оқу деп түсіну қалып барады.

Жеке тұлғаны қызмет ету тұрғысынан әзірлеу тұжырымдамасынан жеке тұлғаны дамыту тұжырымдамасына көшу жүріп жатыр. Жаңа тұжырымдама білім берудің даралық сипатын көздейді, ол әрбір нақты адамның мүмкіндіктерін және оның өзін-өзі іске асыруы мен өзін-өзі дамытуға қабілеттілігін ескеруге мүмкіндік береді.

Үздіксіз білім беру, ересектердің білім алуы барған сайын үлкен мәнге ие болуда. Жақсылап жаза алу қарттыққа дейінгі тыныш та қамсыз өмірдің кепіліне айналған кездің өткелі көп уақыт бола қойған жоқ. Соңғы онжылдықтарға адам қызметінің түрлі салаларындағы технологиялар мен білімнің жаңару жеделдігі тән. Бүгінде тіпті жоғары білімнің өзі көпке жетпейді.

«General Motors» корпорациясының президенті бұл туралы былай дейді: «Бізге 4 және тіпті 6 жылдық емес, 40 жылдық білімі бар мамандар қажет».

Ақыр соңында, білім берудің халықаралық интеграциясы жүріп жатыр. Білім беруді дамытудың маңызды белгісі оның жаһандылығы болып табылады. Бұл белгі осы заманғы әлемде интеграциялық үдерістердің орын алуын, қоғамдық

өмірдің түрлі саласында мемлекеттер арасындағы қарқынды өзара іс-қимылды бейнелейді. Білім беру ұлттық басымдық категориясынан әлемдік басымдық категориясына өтуде.

Аталған үрдістер Қазақстанда ғылым мен білім беру жүйесін дамытудағы негізгі бағыттарды анықтауы тиіс.

## **II. Жаһанданған әлемдегі Қазақстанның стратегиясы: инновациялар мен білім беруді дамыту арқылы – білім экономикасына**

### *2.1. Біз неге қол жеткіздік және неге ұмтыламыз?*

Біз жүйелік экономикалық реформалардың күрделі кезеңінен өтіп, ТМД-ның басқа елдерінен талай тұста алда келеміз. Бүгінде Қазақстанда нарықтық экономиканы еркін дамыту үшін негізгі жағдайлар жасалған.

Реформалардың нәтижелері анық та айқын. Қазақстан экономикасы әлемдегі ең жедел дамушы экономикалардың біріне айналды.

Біз еліміздің экономикалық өсуі негізінен өндіруші сектордың дамуына байланысты екенін түсінеміз. Алайда үміттендіретін үрдістер де бар, өйткені өсудің жоғары қарқынын басқа салалар да, соның ішінде қаржы секторы, өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, құрылыс, көлік және байланыс салалары да көрсетіп отыр.

Бірақ біздің экономика негізінен экстенсивті тұрғыда дамып келе жатқанын мойындау керек, қазақстандық кәсіпорындарға энергияны шығындаудың жоғары деңгейі мен еңбек өнімділігінің төмен деңгейі тән.

Егер біз мұндай ахуалды өзгерте алмасақ, 20–25 жылдан кейін Қазақстан әлемдік экономиканың шептерінен шетқақпай қалып қоюы мүмкін.

Сондықтан бүгінгі күні біздің алдымызда өнімдері сыртқы рыноктарда сұраныс туғызатын жаңа, бәсекеге қабілетті өндірістерді дамыту міндеті тұр. Ал бұған жаһандық бәсекелес рыноктар жағдайында жұмыс істеуге бағдарланған жаңа технологияларсыз, осы заманғы менеджмент модельдерін енгізбейінше қол жеткізу мүмкін емес.

Сарапшылардың бағалары бойынша, Қазақстан қазіргі кезде экономиканы дамытудың индустриялық кезеңіне аяқ басты. Алайда біз постиндустриялық қоғам деп аталатын келесі кезең – инновациялар мен технологияларды дамыту кезеңі туралы ойлауға тиіспіз.

Бүгінде бізде – Қазақстанда экстенсивті дамуға уақыт жоқ екенін түсіну шарт.

Біз Қазақстанда өмір сапасы мен стандарттарын бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің деңгейіне жақындатуға ұмтылуымыз керек. Қазақстанның әлемдік рынокта шешуші бәсекелік басымдығы жоғары білікті, жұмылған адами капитал, сон-

дай-ақ инновацияларды тұрақты ендіру болуы тиіс.

2010 жылға қарай біз жан басына келетін ІЖӨ-ні 7000 долларға дейін, ал сатып алу қабілетінің паритеті (СҚП) бойынша 15 мың долларға дейін арттырып, халық өмірінің күтіп отырылған ұзақтығын 68 жасқа дейін жеткізбекпіз.

Таяудағы 3 жылда Қазақстан білім беруге арналған мемлекеттік шығындарды ұлғайтуы тиіс, олар ІЖӨ-нің 4,1 %-ынан кем болмауы керек. Үстіміздегі жылы мемлекеттік бюджеттен білім беруге 344 млрд теңге жоспарланған.

2009 жылға қарай бұл саланы қаржыландыру көлемі 540 млрд теңгеге дейін дерлік өседі.

Денсаулық сақтауға арналған қаржы көлемі 2009 жылға қарай ІЖӨ-нің 3 %-ына дейін жеткізіледі. Денсаулық сақтауға бөлінетін қаржы үстіміздегі жылғы 235 млрд теңгеден 2009 жылы 393 млрд теңгеге дейін өсуі тиіс.

Қазақстан 2015 жылға қарай ІЖӨ құрылымындағы ғылыми және ғылыми-инновациялық қызмет көрсететін қызмет көрсетудің үлесін 2000 жылғы 0,9 %-дан 1,5 % – 1,7 %-ға ұлғайтатын болады.

*2.2. Біздің инновациялық дамудағы серпінді секірістік бағыттарымыз*

Біз 2005–2015 жылдарға арналған Ұлттық инновациялық жүйені қалыптастыру мен дамыту жөніндегі бағдарламаны талдап жасап, Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын

қабылдадық. 2004 жылдан бастап қазірдің өзінде 520 инвестициялық жоба іске асырылды.

Аса ірі ұлттық компанияларды біріктірген «Самұрық» мемлекеттік холдингі құрылды, оның негізгі міндеті біздің экономикалық мүддемізді әлемдік рынокта алға жылжыту болып табылады. «Қазына» тұрақты даму қоры құрылды, ол даму институттарының қызметін үйлестіріп, экономиканы әртараптандыруға жәрдемдесуі және индустриялық жобаларды қаржыландыруы тиіс. Даму институттарының бастауымен құны 2,2 млрд доллар тұратын 90 жобаны қаржыландыру басталды.

Осылайша, басым салаларды озық дамытудың, елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыруда экономикалық әлеуеті бар бірқатар кластерлер құрудың моделі таңдап алынды.

Осыдан келіп оларды ғылыми-техникалық қамтамасыз ету мәселесі айрықша мәнге ие болады.

Жоғары технологиялардың әлемдік рыногы бүгінде жылына 2,5 трлн долларға бағаланады. Олардан АҚШ-тың үлесіне 39 %, Жапонияның үлесіне – 30 %, Германияның үлесіне 16 % келеді. Қалған дүниенің үлесі 15 %-ды құрайды.

Біздің негізгі міндетіміз – мүмкін болғанынша тезірек соған кіру және өз орнымызды алу. Елдің географиялық жағдайы бізге өңірлік рынокқа бағдарланған жоғары технологиялық өндірісті

дамытуға мүмкіндік береді, мұнда Қазақстан келешекте өңірдің сервистік-технологиялық орталығына айналуы тиіс.

Мен халыққа Жолдауымда атап өткенімдей, өз ғылыми-технологиялық ресурстарымызды дамыту үшін біз жоғары технологиялардың халықаралық бизнесіне қатысу жөнінде бастамашылық танытуға тиіспіз. Қазақстан бірқатар жетекші әлемдік жоғары технологиялық компаниялардың акционері болуды жоспарлап отыр.

Бәсекеге қабілетті технологиялар инновациялық экономиканың өзегі ретінде өздігінен пайда бола қалмайды. Бұл ұзақ үдеріс, ғылыми зерттеулердің, күрделі де шығынды эксперименттердің және, ақыр аяғында, ғалымдар қиялының идеялармен шұғыла шашуының қиындықпен келетін жемісі.

Тауарлар өндірісін ұйымдастыру үшін, әрине, шетелдік технологияны сатып алуға болады. Бірақ та өз қадірін білетін бірде-бір ел жаңа технологиялар мен өндіріс құпиялары сауда-саттығын өткізіп жатпайтынын ұмытпайық.

Сонымен бірге, егер технологияларды басқалардан алуға ғана сүйенетін болсақ, біз өзіміздің технологиялық артта қалушылығымызды сол күйінде тұмшалап, технологиялық және ғылыми тұрғыда дамыған елдерге тәуелді боламыз. Сондықтан бізге өз ғылымымызды дамыту керек.

Бұл үшін елдің ғылыми-техникалық әлеуетін жұмылдыруды жеделдету, ресурстарды ғылымды дамытудың таңдап алынған басым бағыттарына шоғырландыру, оның жетістіктерін өндіріске белсенді ендіру үшін жағдай жасау қажет.

Жаңа ғылыми-техникалық бағыттар – биотехнологиялар, нанотехнологиялар, ғарыштық қызмет пен ақпараттық-коммуникациялық технологиялар – бұлар отандық және трансұлттық бизнеспен әріптестік жағдайында нақты нәтижелерге қол жеткізу мүмкіндігіміз бар салалар.

Нақ осы бағыттар бойынша бізге таяудағы болашақта мыңдаған жоғары білікті мамандар мен дипломды ғалымдар қажет болады.

*2.3. Біз ғылым мен жаңа технологияларды қалай дамытатын боламыз?*

Ғылымды дамыту ірі қаржылық салымдарды талап ететіні анық және таяудағы жылдары біз бұл салаға инвестицияларды айтарлықтай ұлғайтамыз.

Мемлекеттік деңгейде біз 2012 жылға дейін ғылымды дамытуға салынатын инвестициялар мөлшерін 25 есе ұлғайтып, оларды жылына 350 млрд теңгеге дейін жеткізу міндетін қойдық.

Бұл қаражат қалай пайдаланылады? Біз оларды неге жұмсаймыз?

Бүгінде біз ғылымға арналған шығындарды ұлғайту ғана жеткіліксіз болатынын түсінуге

тиіспіз, елдің ғылыми дамуын басқару жүйесінде құрылымдық өзгерістер талап етіледі.

Ғылымды басқарудың жаңа кезеңіне – ғылыми мекемелерді басқарудан ғылыми зерттеулерді басқаруға көшу керек.

2000 жылмен салыстырғанда біз ғылымға арналған шығындарды 7 есе ұлғайттық. Бұл ақшаның жартысынан астамы Білім және ғылым министрлігі арқылы, қалған жартысы басқа 14 министрліктер мен ведомстволар арқылы өтеді. Бұл ғылымды бөлшектей қаржыландыруға соқтырып отыр. Мұның салдары ғылыми дамудың басымдықтарын айқын ажырата алмау болып отыр.

Сондықтан менің тапсырмам бойынша Премьер-министрдің басшылығымен Жоғары ғылыми-техникалық комиссия (ЖҒТК) құрылатын болады, ол Қазақстанның ғылыми-техникалық дамуының 5 басымдығын талдап-жасаумен айналысады.

ЖҒТК-ның жанынан Халықаралық сараптамалық кеңес құрылады, оның негізгі міндеті ғылымды және нақты бағыттар бойынша озық ғылыми зерттеулерді жүргізу әлеуетін дамытудың әлемдік үрдістеріне талдау жасау болады. ЖҒТК-ның құрамына біздің және шетелдік ғалымдар, министрліктер мен ведомстволардың, ұлттық компаниялардың, сондай-ақ бизнестің өкілдері кіреді. Комиссия Президенттің алдында жүйелі түрде есеп беріп отырады.



Жаңа құрылым бүкіл ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды 2010 жылға қарай ҚР Білім және ғылым министрлігі арқылы қаржыландыруға кезең-кезең бойынша көшуді көздейді.

Осы мақсатпен Білім және ғылым министрлігінде Ғылым комитеті құрылады, ол қолданбалы және іргелі зерттеулерді қоса алғанда барлық ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландыратын болады. Ғылым комитеті ЖҒТК-ның жұмысшы органына айналады.

Тәжірибелік-конструкторлық талдамаларды (ТКТ) қаржыландыру және үйлестіру үшін Ғылым қоры, 100 %-дық мемлекеттің қатысуымен акционерлік қоғам құрылатын болады. ТКТ бойынша жобаларды іріктеу, сараптау, қаржыландыру және мониторинг жүргізу Ғылым қоры қызметінің саласына айналады.

Қолданбалы зерттеулерді қаржыландыруда маңызды рөл сондай-ақ бизнеске тиесілі болуы керек. Бүкіл дүние жүзінде өз дамуына мүдделі компаниялар өнімдердің жаңаларын талдап-жазауға және өндіріліп келе жатқандарын тұрақты жетілдіруге елеулі қаржы салады.

Сондықтан Ғылым қорының маңызды бір міндеті тәжірибелік-конструкторлық талдамалар жобасын оның жалпы құнының 30 %-ына дейін жекеменшікпен бірлесіп қаржыландыруды ынталандыру болмақ. Бұл үшін бизнестің ғылы-

ми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға кеткен, сондай-ақ жобалау қызметіне жұмсалған шығындары салықтық төлемдерге жатқызылатын болады.

Таяудағы 4 жыл бойына ТКР-ға арналған шығындар үлесі мемлекеттің ғылымға жұмсалған жалпы шығындарының 25 %-ына дейін ұлғайтылатынына назар аудартқым келеді. Бұл қазақстандық ғылымның негізгі бір проблемасын – ғылыми зерттеулердің бітпей қалып қалған, олардың өндірістен алшақтығын шешеді.

Елдің ғылыми-техникалық дамуының бес басымдығына сәйкес ашық тұрпатты бес ұлттық зертхана құрылып, оларға Қазақстанның барлық ғалымдары мен ғылыми ұжымдарының, сондай-ақ жеке меншік сектордың қолы жетімді болады. Әңгіме мына бағыттар – нанотехнологиялар, биотехнологиялар, ядролық технологиялар, ғарыштық технологиялар, көмірсутегі және кен-металлургия өнеркәсібіне арналған жаңа технологиялар бойынша құрылатын бес ұлттық зертханалар туралы болып отыр.

Ғылым мен жоғары білімді кіріктіру үшін елдің өңірлерінде ғылымды дамытудың бес басымдығына сәйкес 15 өте маңызды технологиялар бойынша инженерлік бейіндегі 15 университеттік зертхана ашылады.

Жоғарыда аталған реформаларды жүзеге асыру үшін 2007–2012 жылдарға арналған Ғылымды

дамытудың мемлекеттік бағдарламасы қабылданады.

Бұл бағдарламаны іске асыруға ғылымды қаржыландырудың жоғарыда аталған 25 есе ұлғайтылуы бағытталады.

Егер тұтастай айтатын болсақ, таяудағы жылдары ғылыми-техникалық прогресс қарқыны барлық бағыттар бойынша жеделдетіледі.

Соған орай қазақстандық ғалымдар ғылымдық білімді дамытудың әлемдік тренділерін ескеріп, ғылымның «алдыңғы шебінде» болуға ұмтылуы тиіс. Бұл үшін мемлекет тарапынан қажетті жағдайлар жасалады.

#### *2.4. Білім беру саласындағы біздің басымдықтар*

Технологиялық тұрғыда дамыған елдерде ғылыми талдамалар жүйесінде мамандарды оқытумен ғана емес, сонымен бірге техникалық, жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдар саласында іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізумен айналысатын, ғылыми кешендер болып табылатын университеттер ерекше рөл атқарады.

Мұны жоғары оқу орындарындағы ғылымды қаржыландырудың жоғары үлесі де қуаттайды. Мәселен, АҚШ пен Ұлыбритания ғылымға арналған жалпы қаржыландырудың 11–12 %-ына дейін, Франция мен Жапония 15–16 %-ына дейін жоғары оқу орындарына бөледі.

Тұтастай алғанда, АҚШ-тың, Германияның, Ұлыбританияның, Жапонияның үздік университеттері аса ірі ғылыми орталықтар болып табылады. Университеттік ғалымдардың еңбектері әлемдегі барынша беделді ғылыми әдебиеттің 2/3 бөлігіне дейінгіні құрайды.

Уақыт ұшқыр, ол жаңа қағидаларды өктем түрде талап етеді және ешкімді ешқашан күтпейді. Қазақстанның алдыңғы қатарлы елдерден қалуға хақы тіпті жоқ.

Қазақстанға индустриямен тығыз байланысты, қуатты білім беру, зерттеу және ғылыми-өндірістік кешендер болып табылатын элиталық университеттер қажет. Осы тәжірибені ескере отырып, Астанада халықаралық деңгейдегі жаңа университет құру туралы шешім қабылданды. Уақыт өте келе Алматыда да жаңа университет құру жоспары бар. Елдің осындай деңгейге көтерілуге қабілетті қазіргі бар аса ірі университеттерінің әлеуетін зерттеу керек.

Қазақстан халқына Жолдауымда мен осы заманғы академиялық орталықтар және халықаралық қатысу арқылы «технологиялық парктер» құру мен дамыту, Қазақстанда халықаралық оқу орындарының филиалдарын бірлесіп дамыту үшін «инкубациялық жобалар» тұрпатындағы құралдарды пайдалану міндетін қойдым.

Біздің университеттердің құрылымында химия, физика, химиялық технология, экономика саласындағы жоғары білікті мамандар

болуы тиіс. Мамандардың осындай байланысы Массачусетс, Калифорния және Токио технологиялық институттарының әлемдегі үздік институттарға айналуына мүмкіндік берді.

Барлық жоғары оқу орындарында математикалық бағыттағы қолданбалы кафедраларда дәріс беру деңгейін сапалық тұрғыда өзгерту керек.

Мәліметтерді талдаудың математикалық әдістерін бәрі де – инженерлер, экономистер, заңгерлер, құрылысшылар, мемлекет қайраткерлері меңгеруі тиіс.

Әлемдік практика көрсеткеніндей, кадрлардың математикалық әзірлігінің жоғары деңгейі барлық салаларда сапалық секірісті қамтамасыз етеді.

Білім беру жүйесі реформасының орталық буыны осы заманғы ақпараттық технологиялар мен білім беру үдерістерін жаппай ендіру болуы тиіс. Бұл кезеңде негізгі назарды оқытушыларды қайта даярлау мен біліктілігін арттыру қажеттігіне аударған жөн. Бұған қоса оқу бағдарламаларын олардың халықаралық стандарттар мен осы заманғы әлемнің талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қайта қарастыру керек.

Мен қазір сөзімді біздің профессорларға да арнап отырмын: шетелдік мамандардан үйреніңіздер, тәжірибе алыңыздар. Бұл үшін менің тапсырмам бойынша, былтырғы жылдан бастап қазақстандық жетекші ЖОО-ларға шетелдік үздік ғалымдар мен оқытушылар шақырылуда.

2006 жылдан бастап конкурстық негізде «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» 200 мемлекеттік гранты тапсырылады. Бұл грант оқытушыға батыстың жетекші университеттеріне барып, тағылымдамадан өтуге мүмкіндік береді.

Бәсекеге қабілеттілік мәселесі – ең алдымен, сапа мәселесі. Менің тапсырмам бойынша бүгінде ЖОО-ларды саралап қаржыландыру жүйесі әзірленуде. Әлемдік озық практиканы ескере отырып, ел ЖОО-ларының рейтингін шығару үшін өлшемдер мұқият ойластырылуда. Рейтингті анықтау – өте маңызды сәт. Бәсекелестік жағдайында жұмыс істейтін ЖОО ғана шын мәнінде бәсекеге қабілетті маманды даярлауға және оқытып шығаруға қабілетті болмақ.

2008 жылдан бастап біз мектепте 12 жылдық оқытуға кезең-кезең бойынша көшетінімізді есте ұстау керек. Бұл ЖОО-ларға көпшілігі техникалық және кәсіби білімге ие болып үлгерген, әлдеқайда даярланған абитуриенттер түсетінін білдіреді.

Тұтастай алғанда қазақстандық білім беру жүйесі әлдеқайда тұтас және дәйекті әрі әлемдік стандарттарға сай болады.

\* \* \*

Біздің студенттерге, жастарымызға сөз арнағым келеді.

Қандайлық жақсы және кәсіби болса-дағы, еш бір оқытушы, егер студенттің өзі білімге ұмтылмаса, егер студенттің өзі кәсіби, жоғары білікті

маман болғысы келмесе, оны ештеңеге үйрете алмайды.

Бізде үлкен өршілдік болуы керек. Сендер өз мамандықтарыңда үздік болуды тілеп, бәсекелестікке әзір тұруға тиіссіңдер.

Бұл тұрақты түрде жаңа білімді игеру, өзінмен жұмыс жүргізу қажеттігін білдіреді. Тек осылай еткенде ғана табысты адам бола аласың.

Осы заманғы әлемде білім мен дағдылардың «өмірлік циклы» өте қысқа. Осы себепті білімнің үздіксіздігі мен біліктілікті жүйелі арттыру барған сайын маңызды бола түсуде. АҚШ-тың ғылыми әдебиетінде, мысалы, маманның ескірген білімінің айрықша бірлік өлшемі – «біліктіліктің жартылай ыдырау кезеңі» деп аталатын өлшем бірлігі көрсетіледі.

Ядролық физикадан алынған бұл термин аталған жағдайда ЖОО-ны бітіргеннен кейінгі уақыттың ұзақтығын, алған білімнің жаңа ақпараттың пайда болуына қарай ескіруі салдарынан, маманның біліктілігі 50 %-ға төмендейтінін білдіреді.

80-ші-90-шы жылдардың шегінде бұл кезең озық технологиялы кәсіпорындарда инженерлер үшін 5–6 жылды, ал медиктер мен биологтар үшін бар-жоғы 3–4 жылды құрайтын. Ал бүгінде жаңа білімдерді үздіксіз меңгеру мамандар үшін біліктілікті сақтаудың бірінші дәрежелі шартына айналады.

Ақпараттық қоғамда компьютерлер немесе байланыс желілері емес, станоктар да емес, қайта білім мен шығармашылықпен ойлау әлеуеті шешуші мәнге ие болады. Қазір айтып жүргеніндей, креативтілік – шешуші нәрсе.

Президент Джон Кеннеди айтқанындай: «Бізге ешқашан болмаған нәрсе туралы армандауға қабілетті адамдар керек».

Әр 10 жыл сайын адам білімінің көлемі еселене түседі. Соның нәтижесінде білім барынша құнды және әрдайым талап етілетін ресурсқа айналады.

Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елдердің қатарына кіру міндеті, егер оны ғылымды көп қажет ететін технологиялық білімі, басқару дағдылары бар, нарықтық экономикада бағдарлана алатын жоғары білікті мамандар іс жүзіне асыратын болса ғана шешіледі.

Мәселен, осы заманғы инженердің жұмысын қарастырсақ, ол техникалық білімдердің ғана емес, сонымен бірге менеджерлік қабілеттердің кең ауқымына ие болуы тиіс екендігі бірден түсінікті болады. Өйткені ол техникалық идеяның туындауынан, оны талдап-жасау, жобалау, экономикалық негіздеу, экологиялық салдарын бағалаудан – дайын өнімді шығарғанға дейін өзіне қандай жолдан өтуге тура келетінін білуі тиіс.

Техникалық саладағы жақсы кәсіби әзірлік өндіріс экономикасы мен оны басқару саласындағы сенімді білімге негізделуі керек.



Бұдан басқа шет ел тілдерін, макроэкономиканы және өзге елдердің құқықтарын білу талап етіледі.

Білімді, сауатты адамдар – ХХІ ғасырда адамзат дамуының негізгі қозғаушы күші. Сондықтан да күні ертең ғалымдар және қазақстандық компаниялардың менеджерлері болатын сендер, бүгінгі студенттер, мұны өте жақсы түсінуге тиіссіңдер.

Кім дамымаса, алға қарай жүрмесе, өз орнын басқаға, әлдеқайда бәсекеге қабілетті маманға беруіне тура келеді.

Жетекші халықаралық консалтингтік «McKinsey & Company» компаниясының консультанттары айтатындай: «Алға қарай жүр, немесе өзгелерге жол бер». Қазіргі бәсекелі дүниеде нақ осы қағидат басшылық етеді. Бұл қағидат көп ретте сендердің де өмірлік ұстанымдарыңды анықтауы тиіс.

\* \* \*

Мен әрдайым біздің реформалардың алдыңғы шебінде жастар болуы тиіс деп санадым және санаймын да. Нақ осы жастардың күш-жігері мен бастамашылдығы, олардың болашаққа ұмтылысы – көп ретте біздің бастамалар табыстылығының кепіліне айналады.

Жас ұрпақ жаңа идеяларға ашық, жаһандық тұрғыда пайымдап, болашақтың категорияларымен ойлайды. Қазақстанның жаһандық дүниеде даралануы туралы біз байыпты түрде ойлай

бастаған бүгінгі таңда жастардың бұл қасиеті қай кездегіге қарағанда да қажет болып отыр.

Жаңа міндеттерді іске асыру осы заманғыша ойлайтындардың, ескірген қасаңдықтар мен жөнсіз қауіптер мен шектеулерден ада адамдардың ғана қолынан келеді.

Сендер шын мәнінде бақытты кезеңде өмір сүріп жатырсыңдар. Қазір өзіңді таныту үшін мүмкіндіктер сондайлық көп, бұл туралы біздер, аға ұрпақ, жастық жылдарымызда армандай да алмайтынбыз. Бүгінгі күн – талантты, жігерлі, өзіне сенетін адамдардың, арманға бай және оларды жүзеге асыруға ерік-жігері бар адамдардың уақыты. Мемлекет сендер үшін барлық жағдайды жасап отыр. «Жастық шақ – бұл тамаша нәрсе; оны рәсуа ету қылмыс...», – деген екен Бернард Шоу. Тек оқу, күш-қуатыңды аямастан еңбек ету, өзіңді шыңдау керек, сонда сендер бар армандарыңа жетесіңдер.

Мен сендердің әрқайсыларыңның жанарыңнан жаңаны білуге, эксперименттерге, жасампаздыққа деген құмарлықты және, ең бастысы, дамуға және жауапкершілікті өз мойныңа алуға деген әзірлікті өте көргім келеді.

\* \* \*

Сендер сондай-ақ Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігі материалдық баюға ғана емес,

сонымен бірге ұлттың рухани баюына жеткізуі тиіс екенін түсінсеңдер деймін.

Экономиканың өркендеуінен кейін мәдениет пен өнер, туған тіл, дәстүрлер мен біздің халқымыздың өмірлік философиясы өркендеуі тиіс.

Бірақ жаһандық дүниеде өзге халықтардың мәдениеті мен дәстүрлерін құрметтей отырып, өмір сүру керек. Қазақстандағы ұлтаралық келісімді қадірлеу керек. Қоғамдағы тұрақтылық – біздің дамуымыздың басты шарты екенін әрдайым есте сақтаңдар.

«Қазақстан» сөзі біздің көне еліміздің жаңа жастық шағын, біздің халқымыздың жаңа тарихтағы нық қадамын бейнелей отырып, әлемдік аренада қуатты естілуі тиіс.

Біздің бабалар қазіргі Қазақстанның ұлан-байтақ аумағын, төлтума мәдениетін және өмірді қабылдау мен түсінудің айрықша рухын қорғап, бізге мұраға тапсырды. Еркіндікті сүю мен далалық қаһармандықтың осынау рухы тарихтың күрт бетбұрыстарында ысырап етілмеді, оны неше түрлі сұмдық сынақтардан өткен бұрынғы ұрпақтар сақтай алды.

Олардың әрқайсысы өздерінің тарихи миссиясын атқарды. XIX–XX ғасырлардың шегінде ұлы Абай үлкен әлемге жол салып, Алашорда алыптарының шоғырын оятты. Олар өз кезегінде халықтың сана-сезімін жоғары көтеріп, қазақтардың мешеулік және тарихи ұмытылу ортасынан

көтерілуіне мүмкіндік берген идеяларды тұжырымдай алды.

Олар күш-жігері ғасырлық ұстанымдардың күйреуі, аштық пен соғыс жағдайында ұлттың өзін сақтауына көмектескен 30–40-шы жылдардың жазушылары мен ойшылдарының тамаша ұрпағының ізашарлары болды.

Соғыстан кейінгі ұрпақ өнеркәсіпті көтеріп, тың игеріп қана қойған жоқ, сонымен бірге дамудың білім мен ғылым жүйесі түріндегі берік іргетасын қалады. Қазақстандықтар инженерлер мен ғалымдардың, құрылысшылар мен геологтардың, металлургтер мен дәрігерлердің ұлтына айналды.

Менің замандастарымды тарих тәуелсіз Қазақстанды құру бастауларына қойып, ел тағдырын сеніп тапсырды. Бұл орасан қиын және тарихи маңызды міндет еді, сондықтан да бізге оны қалай орындағанмыз тұрғысында ұят келмейді. Сендердің көз алдарында біздің жаңа елорда – Астана көкке өрлеп, өркендеп келеді. Бүгінде бүкіл Қазақстан осындай – серпінді дамып, болашаққа ұмтылып отыр.

Енді сендердің уақыттарың туып келеді. ХХІ ғасырда Қазақстанды құрып, дамытатын сендерсіңдер. Сендер, былайша айтқанда, біздің тәуелсіздіктің құрдасысыңдар, бірақ өз жастықтарыңа қарамастан, сендердің өзіндік азаттық тәжірибелерің бар, өзгеріс үстіндегі өркениет ырғағын

жақсы сезінесіңдер. Нақ сондықтан да мен біз бір-бірімізді түсінеміз деп ойлаймын.

Сендер, қазіргі жастар, тәуелсіз Қазақстанда өстіңдер, сендердің көз алдарыңда біздің мемлекеттілігіміздің қалыптасуы жүрді. Сендер ана сүтімен бірге бойларыңа патриотизм және өз тәуелсіз Отандарыңа деген сүйіспеншіліктің терең сезімін дарыттыңдар.

Қазақстанның әлемдегі барынша дамыған 50 мемлекеттің қатарына кіру жөніндегі біздің барлық ойларымыз бен жоспарларымызды қисынды қорытындысына жеткізетін нақ сендер боласыңдар.

Мен біздің жастарға сенемін. Сендердің білімдерің, сендердің күш-жігерлерің мен сендердің еңбектерің арқылы күшті де өркенді Қазақстан орнатылатынына сенімдімін.

Сендер ұлы Абайдың өзге халықтардың білгенін білу үшін, солармен тең болу үшін, өз халқыңның қорғаны мен тірегіне айналу үшін оқу керек деген өсиетін орындайды деп сенемін.

Қазақстан Республикасының Демократиялық  
реформалар бағдарламасын әзірлеу  
және нақтылау жөніндегі мемлекеттік  
комиссиясының III отырысында

## СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,  
2006 жылғы 6 маусым

### Құрметті комиссия мүшелері!

Мен комиссия қызметінің алғашқы нақты нәтижелерінде бейнеленген белсенді және ең бастысы, тиімді жұмысы үшін Мемкомиссияның мүшелеріне, сондай-ақ жұмыс топтарының мүшелеріне алғыс сезімімді білдіремін.

Біз Үкіметтің демократиялық реформаларды тереңдету жөніндегі 2006 жылға арналған жұмыс

жоспарын мақұлдадық. Оған, біріншіден, үлкен қоғамдық-саяси мәні бар, екіншіден, айтарлықтай жедел іске асырылатын заңнамалық бастамалар кірді. Мұның өзі біздің сөзден іске көшкенімізді білдіреді.

Біздің тарихымызда алғаш рет орталық атқарушы билік саяси реформалау жөніндегі заң жобалау және нормативтік-құқықтық жұмысты жоспарлы практикалық негізге қойғанын назарларыңызға саламын.

Таяудағы уақыттың өзінде-ақ Қазақстанның саяси жүйесі биліктің өкілетті тармағының рөлі мен өкілеттіктерін арттыруға байланысты байыпты жаңашылдықты сезінетін болады. Бұл Парламенттің қызметіне де, сол секілді мәслихаттардың жұмысына да қатысты.

Мен Үкіметті жұмыс жоспарына енгізілген әрбір заң жобасына жіті назар аударуға шақырамын.

Осынау заң шығармашылығы жұмысының бүкіл ауқымын қисынды қорытындысына дейін жеткізген жөн. Мұнда ұсақ-түйек болмауы тиіс. Бұл ауқымды, жауапты жұмыс. Осынау заңдар басты құндылығы тұрақтылық пен халықтың әлауқаты болып табылатын біздің мемлекетіміздің тұрлаулылығы тұрғысынан, мұқият қаралуы керек. Бүгін талқыланған Үкіметтің жоспары конституциялық өзгерістерді көздемейтінін, яғни

қолданыстағы Негізгі заңның арқауында іске асырыла алатынын атап өткім келеді.

\* \* \*

Жергілікті орындарда басқарудың тиімділігі мен мөлдірлігін арттыруға аудандардың 30 %-ындағы әкімдердің сайланбалы жүйесін енгізу жәрдемдесетін болады. Сондықтан да мұнда біз бәрін мұқият зерттеп, ақылға салып көруіміз керек. Қазақстанның мүдделері, біздің халқымыздың мүдделері – міне, біз өз жұмысымызда басшылыққа алатын басты нәрсе осы.

Мұнда да біз жеткілікті әзірлік жұмыстарын жүргіздік деп санаймын. 2005 жылғы тамызда елдің төрт ауданында әкімдердің байқап көру сайлауы болғанын, оларды мәслихаттардың депутаттары сайлағанын сіздер білесіздер. Тұтастай алғанда, оң тәжірибе жинақталды. Бізге осы тексерілген жолмен жүрген жөн деп ойлаймын. Неліктен біз нақ осы жолға – аудан әкімдерін мәслихаттардың сайлауына тоқтадық?

Ең алдымен, жергілікті орындарда тежемелік пен теңгермелік жүйесін күшейту керек. Біз мәслихаттардың өкілеттіктерін, соның ішінде атқарушы билік басшыларына қатысты олардың бақылау міндеттерін арттыратын боламыз.

Екінші жағынан, өңірлердің атқарушы билік басшыларын тікелей сайласа болды бар мәселе шешіле қалмайтынын өмірдің өзі көрсетіп берді.



Осы жүйе көптеген проблемалар туындатқан ресейлік тәжірибені еске түсіріп көрейікші. Біз олардағы өңірлерде әуежайда екі VIP-өткізгіш: губернатор үшін бір бөлек, мэр үшін тағы да бір бөлек жасалған мысалдарды білеміз. Өңірде бір-біріне тәуелсіз екі қожайын пайда болған еді.

Мұның өзі еш жақсылыққа жеткізе қоймады, сондықтан Ресейде сайып келгенде тікелей сайлаулардан бас тартты. Бұл деңгейдегі тікелей сайлау институттары қалыпты жұмыс істеуі үшін жоғары саяси мәдениетті, қоғамның толысқандығын қоса алғанда, қажетті шарттар пісіп-жетілуі керек.

Сондықтан әкімдерді сайлап қою мәселесінде бізге салмақты ұстаным қажет. Біз өз реформаларымыздың негізгі салмағы біртіндеп ауыса бастайтын жергілікті орындардың басқарылуын қалай болғанда да қолдан шығарып алмауға тиіспіз. Мемлекеттік саясатты іске асыруда көп нәрсе осы деңгейдегі басқарудың тиімділігіне байланысты.

Демек, әкімдерді сайлаудың ұсынылып отырған пішіні барынша оңтайлы және сонымен бірге ілгерішіл болып көрінеді. Белгілі ақылды сөз бар: «прогресс – бұл жылдамдық мәселесі емес, бұл бағыт мәселесі». Біз дұрыс бағыт алдық, олай болса, сол бағытпен жүретін болайық.

Биылғы жылы аудан әкімдері мен қала әкімдерінің 30 %-ы сайланатын болады, ол ойдағыдай өткен жағдайда келесі жылы сайлауды одан әрі өрістетеміз.

Мұның өзі Қазақстандағы қоғамдық-саяси үдерістерге қуатты серпін мен жеделдік беріп, қоғамдық белсенділік пен бастамашылдықты ұлғайтады.

\* \* \*

Біз бүгін жергілікті өзін-өзі басқару туралы заң жобасының тұжырымдамасын мақұлдай отырып, елді демократияландыру бағытында да маңызды қадам жасадық. Жергілікті өзін-өзі басқару – бұл нақты демократия, іс үстіндегі демократия деп кездейсоқ айтылмаса керек.

Осы заң жобасын талқылау үдерісінде талай талас туды. Бір модельдің қатып қалған жақтас-тары болса, қарама-қайшы көзқарасты жақтау-шылар да болды. Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқару моделін таңдау кезінде біздің еліміздің жағдайларына сай келетін, ымыралық нұсқаға келу қажет. Ұсынылған құжатта оның негізі бар, құжатты пысықтау керек.

Әлемде жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту үдерісі пішіндерінің саналуандығымен ерекшеленетінін, ал бірқатар жағдайларда түрлі бағыттағы үрдістер байқалатынын есте ұстайық. Иә, Еуропалық жергілікті өзін-өзі басқару хартиясы бар. Бірақ та біртұтас және әмбебап модель жоқ. Нақтылай түссек, тұрақты өзгеріп тұратын бәзбір аралық пішіндер бар.

Жергілікті басқарудың дербестігі барынша дәйектілікпен қорғалған Ұлыбританияда 1974 жылға қарай жергілікті билік органдары өздерінің автономдық өкілеттіктері мен табыстарының көбінен айырылып, 70 %-ға орталық үкіметтің қаржы құйылымына тәуелді болды.

Түрлі елдердің жергілікті билік ұйымдарының жүйесі қазіргі кезде 70–80-ші жылдары басталған кең ауқымды реформалар кезеңін бастан кешуде.

Мәселе мынада, жергілікті бірліктердегі адам санының аздығы мен мөлшері, олардың аумақтық даралығы мен қызметінің томаға-тұйықтығы жаһандық әлемнің осы заманғы талаптарына қайшы келеді, аумақтардың тиімді экономикалық дамуына жағдай жасамайды және жалпы мемлекеттік ауқымдағы экономикалық ілгерілеуді тежейді. Басты кедергі – халықтары аз жергілікті бірліктер санының көптігінде болып отыр.

Сондықтан еуропалық көптеген елдерде (мысалы, Дания, Бельгия) орталықтандыру мен ірілендірудің кері үрдістері байқалуда, бұл ретте муниципалитеттер өз өкілеттіктерінің бір бөлігін және басқарудың жоғары деңгейіне деген жауапкершілікті қайтаруға тырысуда. Бұл да тағылым аларлық мысал.

Іс жүзінде барлық жерде өзін-өзі басқару органдарын қаржыландыру мәселесі өзекті күйде қалуда. Бұл көп ретте нашар дамыған өңірлерге қолдау білдіру қажеттігімен, олардың әлеумет-

тік-экономикалық дамуындағы сәйкессіздікті жоюмен байланысты болып отыр.

Тұтастай алғанда, бұл кейбір еуропалық елдер үшін қалыпты жағдай, осы ретте өңірлер орталықтан келетін трансферттерге тәуелді болып қалады да, орталық билік олардың қаржы саясатын қатаң реттеп отырады.

Сондықтан кейбір қасаңдықтардан бас тартып, дайын кестелерді жасаңды түрде толықтай көшіруге тырыспау керек. Жергілікті өзін-өзі басқарудың осы заманғы қағидаттары мен формалары – мемлекеттік институттар мен жергілікті қауымдастықтар мүдделерін ымыраластыруды, келістіруді іздестірудің күрделі үдерістерінің нәтижесі. Бұл ретте олар әр елде жергілікті ерекшелікті ескере отырып қалыптасты. Бірақ та, тұтастай алғанда, біз жергілікті өзін-өзі басқару рөлінің нығаюы, жергілікті органдардың қоғам алдындағы жауапкершілігінің өсуі, олардың қызмет көрсету аясының кеңеюі басым үрдіс болып табылатынын ескеруге тиіспіз.

Барлық айтылған жәйттер Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқаруды ендіру кезінде ескерілуі керек. 2–3 жылдық байқап көру кезеңі қажет болатыны анық. Мен заңға сәйкес кеңестердің байқап көру сайлауын өткізуді ұсынамын.

Жергілікті өзін-өзі басқарудың тиімділігін қамтамасыз ететін басты төрт мәселеге жұмылған

жөн – олар: 1) жергілікті өзін-өзі басқару органдарының функциялары мен өкілеттіктері, 2) қаржыландыру көздері, 3) ішкі құрылым, 4) жергілікті өзін-өзі басқарудың тиімділігін қамтамасыз ететін қорғаныш тетіктері.

\* \* \*

Бүгін қаралған тағы бір мәселе азаматтық қоғам институттарын дамытуға қатысты болды.

Тұтастай алғанда біз ұсынылған құжатты мақұлдадық. Тұжырымдама Үкіметтің тиісті Мемлекеттік бағдарламаны әзірлеуі үшін негіз болуы керек.

Әлемдегі жалпы үрдіс мынадай, үкіметтік емес сектор қоғамдық өмірде барған сайын маңызды бола түсіп, дамудың демократиялық арнасының кері кетпеуінің кепіліне айналуға.

Осы тұрғыда біз азаматтық қоғам дамуының әлемдік практикасын ескеруге тиіспіз.

Азаматтық институттардың тармақталған желісі қоғамдық мүдделердің сақталу кепіліне айналып отыр.

Азаматтық қоғам – бұл, егер қажет десеңіздер, сыбайлас жемқорлық пен төрешілдікке қарсы «азаматтық қорғаныс». Сондықтан мемлекет ҰЕҰ мен басқа қоғамдық институттарды қолдауға мүдделі болуға тиіс. Бірақ та олардың, әсіресе шетелдік үкіметтік емес ұйымдар үшін қызмет етуінің – олар қалай құрылатынының, қалай тір-

келіп, қалай жұмыс істейтінінің нақты құқықтық негіздері анықталуы керек. Біз – ашық қоғамбыз, ешкімге ештеңеге тыйым салмаймыз, ал жауап ретінде бәрі де Қазақстан Конституциясы мен біздің заңдардың шегінде жұмыс істеуін өтінеміз. Бұл кез келген демократиялық мемлекеттің қалыпты талабы. Егер заңдар жетімсіз болса, оларды әзірлеу керек. ҮЕҰ-лар заңнама шегінде жұмыс істеуі тиіс. Бұл біздің мемлекетіміздегі тыныштық пен одан әрі дамудың қажеттілігі және шарты.

«Үшінші сектор» шетелдік «демеушілерге» тәуелді болмауы керек. Алғашқы кезде бізде ҮЕҰ іс жүзінде әрқилы халықаралық қорлармен қызмет көрсетушілік қатынаста болды, содан келіп, олар алған ресурстар біздің ұлттық мүдделеріміздің пайдасына шын мәнінде жұмсалғанына әрдайым сенімді бола алмадық. Осыған байланысты біздің заңдарымызды бұзатын қызметке тыйым салына-тынын ашық та айқын айтқым келеді.

Мемлекет азаматтық қоғам институттарын жасанды түрде өсіре алмайды, олардың дамуы үшін қолайлы жағдай ғана жасай алады.

Сондықтан біздің міндетіміз – мемлекет пен ҮЕҰ-ның нақты әріптестігі үшін жағдай туғызу.

Үкіметтің және әкімдердің алдына бүгін қаралған Тұжырымдаманың негізінде ҮЕҰ-мен, азаматтық қоғамның басқа институттарымен

өзара тиімді жұмысты жандандыра түсу міндетін қоямын.

\* \* \*

Енді біздің іс-әрекетіміздің дәйектілігі туралы. Ең алдымен, бүгін қабылданған шешімдер – мен өз Жолдауымда айтқан елімізде Демократиялық өзгерістердің жалпыұлттық бағдарламасын іске асырудың бастапқы кезеңі. Алда үлкен жұмыс тұр.

Биылғы жылдың өзінде біз қоғамның саяси жүйесін одан әрі дамытуға байланысты, бәлкім, Конституцияға да қатысты ұсыныстарды талқылауға кірісеміз.

Біз бұл жұмысқа өте жауапкершілікпен қарап, асығыс, жеткілікті ойластырылмаған шешімдер қабылдамауға, біздің Конституцияның әлеуетін барынша пайдалануға тиіспіз.

Егер реформалардың қисыны Негізгі заңға өзгерістер талап ететін болса, оны да ойластыру керек. Бұған күмән болмауы тиіс. Мемкомиссияның тиісті жұмыс тобы жыл аяғына қарай осы мәселе бойынша біз бәріміз бірге егжей-тегжейлі талқылайтын ұсыныстар әзірлеуі керек. Саяси реформалар – уақыт талабы. Бұл біздің стратегиялық бағытымыз. Біз алға қарай жүргенде саралап алып барып жүретін боламыз.

Түрлі елдерде жұмыс істеудің мол тәжірибесі бар халықаралық сарапшылар, Оксфорд пен Кембридж университеттерінің профессор-

лары біздің саяси жүйемізге зерттеу жүргізіп, бізде Қазақстанда болашаққа арнап оңтайлы саяси және экономикалық бағыт құруды тыныш жағдайда, сарабалдықпен іздестірудің қажеттігі пісіп-жетілді деген тұжырымға келді. Сарапшылар ұсынысының мәні мынада, Қазақстан қандай да бір қысымға, күрделі бастапқы ұстанымдар мен геосаяси төңірегіне қарамастан, өзінің эволюциялық жолын жүріп өтіп, өзінің қоғамдық, саяси және экономикалық институттарын құрып болуы тиіс.

Мемкомиссияның және оның жұмыс топтарының мүшелеріне биылғы жылы қарқынды жұмыс істеп, Қазақстандағы демократияландыру кері кетпейтін сипатқа ие болған елдің ішіндегі және шетелдегі баршаға айқын болуы үшін реформаларға сондайлық қарқын және сондайлық арна беруге тура келеді. Қазақстан өзінің көшбасшылық қасиетін, бірақ енді демократиялық реформалар саласындағы көшбасшылық қасиетін тағы да қуаттауы тиіс.



**«Мәдениетаралық, дінаралық  
және этносаралық түсіністік»  
атты ЕҚЫҰ кеңесінде**

## **СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ**

Алматы қаласы,  
2006 жылғы 12 маусым

**Төраға мырза!  
Құрметті ханымдар мен мырзалар!**

Маған сіздердің барлықтарыңызға Қазақстан жерінде сәлем беру айрықша ғанибет. ЕҚЫҰ мемлекеттерінің өкілдерімен Венадағы кездесуім, сөйлеген сөзім және сіздермен әңгімеміз әлі есімде. Осы залдан жүзі таныс адамдарды көріп тұрмын және сіздермен қайтадан ЕҚЫҰ-ның 2006 жылғы аса маңызды бір шарасын қабылдап отырған

Алматы қаласында кездесу мүмкіндігінің табылғанына қуаныштымын.

ЕҚЫҰ-ның дінаралық, этносаралық және мәдениетаралық түсінісу тақырыбы бойынша форумын шақыру идеясы Қазақстанға тиесілі екені белгілі. ЕҚЫҰ-ның бұл бастаманы қолдағаны өте ганибет болды.

Әлемде бұл тақырыпқа байланысты жүріп жатқан пікірталастың өткірлігі өте жоғары, өйткені соңғы уақыттағы оқиғалар этностық және конфессиялық дәстүрлер мен құндылықтардың саналуандылығы жағдайында мәдениеттердің тиімді үнқатысуын ұстануға негізделген қауіпсіздіктің жаңа түрлену үлгісін қалыптастыру қажеттігі туралы қазіргі бар пікірлердің орынды екендігін айқын көрсетіп берді.

Қазіргі әлемдік тұрақтылықтың, әсіресе жаһандану, жаңа сынақтар мен қатерлердің пайда болу жағдайындағы тұрақтылықтың ең басты бір факторы ретіндегі толеранттылықтың маңызы әлдеқайда өсе түскенін мойындауға тиіспіз. Сондықтан діндердің келісімін, этностық топтардың бейбіт қатар өмір сүруін қамтамасыз ету ұзақ мерзімді қауіпсіздіктің аса маңызды басымдығы болып табылады деп санаймын.

Біз бәріміз бейбітшілікке төнетін өзгеріс үстіндегі қатерлерге қарсы тұру үшін халықаралық қоғамдастық құрған тетіктердің беріктігі қалай тексерілетінінің куәгерлері болдық. Қазір бұл

қатерлерге әлемді өркениеттер айырмашылығының қағидаты бойынша бөлуге тырысқан нақты әрекеттер қосылды. Дүниетанымның бір түрін екіншісіне қарсы қою жөніндегі мақсатты әрекеттер орын алуда, мұның өзі шиеленістің, ал кейде ашық жанжалдың да туындауымен қауіпті. Қабылданып жатқан шаралар қаншалықты тиімді? Тұрақтылықты ұстап тұрарлық құралдар жеткілікті ме? Жыл басында баспалық басылымдардың жауапсыздығына байланысты мұсылман әлемінде жарылыс туғызды дейтіндей оқиғаның қайталануына қалай ұрынбауға болады? Осы және басқа сұрақтарға біздің конференция жауап табуға ұмтылуы тиіс.

Еуро-атлантикалық және еуразиялық ұйым ретіндегі ЕҚЫҰ-ның мандаты жанжалдардың пайда болуына бастапқы кезеңінде жол бермеуде және, ең құрығында, жанжалдан кейінгі оңалтуды қамтамасыз етуде. Бұл қаншалықты тиімді жасалуда деген сұрақ бойынша түрлі көзқарастар, соның ішінде, қарама-қайшы көзқарастар бар. Сонымен қатар осыдан 31 жыл бұрын үнқатысу үшін бірегей форум ретінде құрылған ЕҚЫҰ-ның әлеуеті, ештеңеге қарамастан, жоғары күйінде қалуда.

Басқа бірде-бір халықаралық ұйым емес, нақ ЕҚЫҰ орын алып отырған проблемаларды реттеуге өзінің бағалы үлесін қосуға қабілетті, біз сол проблемаларды шешу үшін бүгін Алматыға жиналып отырмыз. Алматы конференциясының

нәтижелері ЕҚЫҰ-ның осы бағыттағы тетіктері іс-әрекетінің негізі болып қалуы тиіс деп білемін, ол тетіктерді әзірлеу қажеттігі барған сайын өзектілене түсуде.

Әдетте ЕҚЫҰ адамдық өлшемдерге жатқызылатын салада күшті деп саналады. Алайда мәселелердің бұл гуманитарлық топтамасы ЕҚЫҰ-ның демократияны, адам құқықтарын қамтамасыз ету қызметімен көбірек байланыстырылатыны ешкімге құпия емес. Сонымен қатар конфессияаралық және ұлтаралық келісім баршаны қамтитын қауіпсіздіктің, тұрақтылықтың, елдердің өскелең экономикалық және саяси дамуының өзегі болып табылады.

Қазақстанның тәжірибесі мұның бір жақсы дәлелі. Нақ сондықтан да ЕҚЫҰ-ның белсенді мүшесі ретіндегі біздің еліміз тәжірибе мен практикалық білімді нығайту ісіне үлес қосуды өзінің парызы санайды, оларды этностық және мәдени саналуандылық пен көпконфессиялық жағдайында қауіпсіздік нығайту мақсатымен Ұйымның барлық мүшелерінің ынтымақтастығы ауқымында пайдалануға болар еді.

Қазақстанда 46 діни конфессия бойынша 130-дан астам ұлт тұратынын естеріңізге саламын. Әлемді таңдандыруын жалғастырып келе жатқан Қазақстанда нақ осы толеранттылық бейбітшілікті, тұрақтылық пен экономикалық прогресті қамтамасыз етудің шешуші факторына айналды. Біз үшін толеранттылық қағидаты

саяси мәдениеттің қалыбы ғана емес, сонымен бірге мемлекеттің шешуші бір қағидаты болып табылады, біз оны барынша табандылықпен қолдап, нығайтып келеміз. Тәуелсіздік жылдарында Конституция мен заңдарымызды қабылдай отырып, әрдайым біздің көпұлттылығымызды, көпконфессиялылығымызды ескердік. Қазіргі тұрақтылық, өзара түсіністік бір күнде келе қойған жоқ. Елдің күш-жігері және, әрине, адамдардың өздерінің мамыражай да тұрақты елде өмір сүру бақыт екенін және тек осылай ғана тәуелсіздікті нығайтып, өмірді жақсартуға болатынын түсінуі қазіргі бар жағдайымызға жеткізді.

Әрине, барлық халықтар мен діни конфессиялардың мызғымас достығы мен туыстығының жоғары құндылығын ортақ түсінушілік біріктірген халқы бар елдің басшысы болу – бақыт. Қазақ халқының сан ғасырлық мәдениеті үшін кең болу кем болмаудың жолы, адамдар мінез-құлқының әбден табиғи өмірлік қағидаты болып табылады. Нақ сондықтан да Қазақстанда туғандардың бәрі оны өзінің Отаны және жері санайды.

Біздің тоталитарлық кешегі күнімізден сіздер бұрынғы Кеңес Одағының бүкіл аумағында топтаса тұрып келген барынша сан алуан халықтардың көптеген өкілдерін күштеп араластыру мысалдарын таба аласыздар. Солтүстік Кавказдың 500 мың тұрғыны Сталиннің жарлығы бойынша Қазақстанға көшірілді, бұл жаққа Еділ бойының

800 мың немістері, Қиыр Шығыстың 150 мың корейлері, Қырым татарлары, гректер, поляктар, Балтық маңы халықтары да көшірілді. Осылайша, кезінде қазақтар өздерінің атақонысында азшылыққа айналды. Сонымен қатар қоныстанушылардың едәуір бөлігі жақсы тұрмыс іздеп өз еріктерімен келді. Олардың бәрі өздерін қонақжайлықпен қарсы алған Қазақстанның қасиетті жерінде баспана тапты.

Америка Құрама Штаттарында Ризашылық күні деп аталатын мейрам бар, ол үндістердің отбасы ақ қоныстанушылардың отбасын аштық ажалынан аман алып қалуын есте сақтау үшін атап өтіледі. Қазақстан халықтарының бірлігі күні бізде сондай мейрамға айналуда, оны біз жыл сайын 1 мамырда атап өтеміз. Қалаларымыз бен ауылдарымыздың барлық алаңдарында өздерінің ұлттық киімдерін киген түрлі ұлт пен ұлыстың өкілдері өнерін, мәдениетін, ас мәзірін, дәстүрлерін көрсеткенін тамашалауға болады.

Сіздер білетін болуларыңыз керек, тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан бастап бізде еліміз саяси жүйесінің аса маңызды элементіне айналып, барлық этностардың мүддесін ұштастырған Қазақстан халықтарының Ассамблеясы қызмет етуде. Осы жылдар ішінде азаматтардың ұлттық және діни белгісіне қарамастан құқықтары мен бостандықтарын мүлтіксіз сақтауға кепілдік беретін құқықтық арқау жасалды. Бұл арқау Қазақстанның этносаралық саясатының негізіне

алынды. Мен мемлекет басшысы, Қазақстан халықтары Ассамблеясының сайланып қойылған төрағасы ретінде аса маңызды мемлекеттік шешімдерді немесе барлық халықтардың мүддесін қамтитын заңнамалық актілерді қабылдау кезінде біздің Ассамблеямен кеңеспеген, оның пікірін ескермеген бірде-бір оқиғаны білмеймін.

Қазақстанда аса маңызды стратегиялық міндет шешілген – ұлттық азшылықтардың олардың мәдени және ұлттық сәйкестілігіне байланысты сұраныстарын қанағаттандыру үшін барынша жағдайлар жасалған. Олардың ең маңыздылары мәдениет пен оқу-білімге, ана тілін сақтауға қатысты болып отыр. Қазақстанда ұлтаралық келісімді ұстанудың оңтайлы жүйесі қалыптасты, оның басым қағидаты қоғам мен мемлекеттің үнқатысуы болып табылады.

Біздің тәжірибе ЕҚЫҰ-ның бүкіл қоғамдастығы үшін үлкен қызығушылық туғызады деп білемін. Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету ниеті жөніндегі бастамасы нақ осыдан туындап отыр, біз бұл ниетке дәйектілікпен және мақсатты түрде жүріп келеміз әрі сіздердің қолдауларыңызға үміт артамыз.

ЕҚЫҰ төрағасы ретінде біз алдымызға қандай мақсаттар қоямыз? Солардың ең маңыздыларына тоқталып өтейін.

Біріншіден, Қазақстан Орталық Азиядағы, бейнелеп айтқанда, «тұрақтылыққа инвестициялар»

деуге болатын саясат жүргізе отырып, өңірлік қауіпсіздіктің кепілі болып табылатынын халық-аралық қоғамдастық мойындады.

Өңірлік көшбасшы ретіндегі негізгі өз міндетіміздің біздің көршілеріміз бен Ауғанстанды қоса алғанда Орталық Азияда шынайы да ұзақ мерзімді қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жәрдемдесуден көріп отырмыз. Осының бәрі сайып келгенде біздің өңірде бейбітшілікті нығайтуға және Орталық Азияда тұратын адамдардың өмірін берекелірек, сенімдірек және тыныштырақ етуге бағытталған.

Екіншіден, бізді өзіміз дәйекті жақтаушысы болып табылатын өркениеттер диалогында Батыс пен Шығыстың арасындағы өзіндік бір көпір ретінде Қазақстанның маңызын нығайту мақсаты алға жетелеп келеді. Біздің еліміз өзіндік бір қазақстандық «ноу-хау» болып табылатын практикалық тәжірибесімен және оқу-білімімен бөлісуге әзір.

Үшіншіден, сіздер білесіздер, Қазақстан орта мерзімдік перспективада әлемнің бәсекеге барынша қабілетті 50 елінің қатарына кіруіне бағытталған өршіл мемлекеттік бағдарламаны іске асыруға кірісті. Мен әлемдегі жетекші державалардың көшбасшыларыны біздің бастамаға қолдау жасағаны үшін ризашылығымды айтып, осы жағдайды пайдалана отырып, бұл мақсатты толық іске асыруға жәрдемдесуге әзірлігі үшін оларға шынайы алғыс сезімін білдіремін.



Бәсекеге қабілеттіліктің мәні жоғары экономикалық көрсеткіштер мен әлемдік еңбек бөлінісі жүйесіне қатысу үлесінде ғана емес, мемлекеттің барынша тиімді қызметін қамтамасыз етіп, адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғайтын оңтайлы саяси конструкцияны қалыптастырудың маңызы одан еш кем емес. Батыс пен Шығыстың жетекші мемлекеттерінің тәжірибесін ескеретін демократияның пайдасына таңдау жасау – Қазақстан үшін бірден-бір мүмкін нұсқа. Сонымен бірге, біз басқа да көптеген посткеңестік елдер секілді Қазақстанның өз тарихында ешқашан нақты демократиялық тәжірибесі болмағанын есте ұстауға тиіспіз. Біз тоталитарлық мемлекетте өмір сүрдік және адамдардың бірнеше ұрпағы осындай режімде тәрбиеленді. Жеке меншік, сөз бостандығы, демократия және сайлау мәселелері ешқашан көтерілген емес. Біздегі істің жағдайын бағалаған кезде сіздер осыны есте ұстауларыңыз керек.

Сіздерге ЕҚЫҰ-мен белсенді ынтымақтаса отырып, демократиялық және либералдық құндылықтар жолымен біздің серпінді түрде алға жылжуымызды көрсету басты мәселе деп санаймыз.

Төртіншіден, ЕҚЫҰ-ның белсенді мүшесі ретінде Қазақстан Ұйымның болашағы үшін жоғары жауапкершілікті сезінеді, ал бұл Ұйым қазір ең жақсы кезеңін өткеріп жатқан жоқ. Жаңа

тәуелсіз мемлекеттердің үні ЕҚЫҰ-да толық мәнінде естілуге тиіс, біз бәріміз бірлесіп Ұйымның әлеуетін нығайтуға және оны барлық қатысушы мемлекеттердің мүдделеріне сай етуге тиіспіз. Осыны негізге ала отырып, Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету жөніндегі бастамасын іске асыру біздің еліміздің ішкі және сыртқы саясатының ең жоғары басымдықтарына және Ұйым уағыздайтын қағидаттарға сай келеді деп санаймын.

Осы заманғы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, қоғамдастық-саяси сипаттарына қысқаша тоқталып өткім келеді.

Әлемдік тарихи тәжірибе көрсеткеніндей, егер жеке меншікке кепілдік болмаса, егер шағын және орта бизнесті дамыту үшін жағдайлар жасалмаса, бұл либералдық құндылықтардың пайда болуы мен дамуы үшін алғышарттардың жоқ екенін көрсетеді. Нақ сондықтан да біз «алдымен экономика, содан кейін саясат» дейтін жолмен жүрдік. Осы ұстанымның арқасында Қазақстан экономикасы озық қарқынмен дамуда, соңғы жылдардың ішінде ІЖӨ-нің орташа жылдық өсуі 10 % деңгейінде сақталып, әлемдегі ең жоғары өсімдердің бірі болып табылады. Экономикалық реформалау бойынша Қазақстан бүкіл посткеңестік кеңістікте алда келеді. Бүгінде біз экономикалық даму жағынан ТМД-ның барша елдерінен 5–6 жылға алда келе жатқанымызды барлығы мойындайды. Жан басына келетін ІЖӨ 3 жылда 30 %-дан

астамға ұлғайды және 2008 жылға қарай біз 2000 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіштің 2 есе ұлғаюына қол жеткіземіз. 2015 жылға қарай Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын жүзеге асыру нәтижесінде біз 3 есе экономикалық өсуді күтіп отырмыз.

Қазақстан экономикасының айқын әлеуметтік бағдарлануы бар, адамдардың тұрмысы жақсарып келеді. Біз Батыс пен Шығыстың барынша дамыған елдеріне тән шынайы әлеуметтік мемлекеттің моделін құру бағытына қарай нық қарыштап келеміз. 2030 жылға дейін Қазақстан Индустриялық-инновациялық стратегия шараларының жоспарын іске асырады, бұл стратегия экономиканы әртараптандыруға, жоғары қосымша құны бар тауарлар мен қызметтер өндірісін дамытуға, жоғары технологиялық сервистік экономика негіздерін құруға бағытталған. Біз экономиканың шикізаттық бағытынан ойдағыдай арылып келеміз, табиғи қазбалар мен энергия ресурстарының негізгі экспорттаушылары болып табылатын көптеген елдер мұндай жағдайымен мақтана алмайды. Мұнайдың, газ бен басқа да ресурстардың орасан қоры арқасында Қазақстан еуропалық дамудың бір буынына айналуда.

Табысты жүргізілген реформалардың арқасында біз әлеуметтік-экономикалық жаңару мен саяси демократияландырудың жаңа кезеңіне ойдағыдай ендік. Қазақстанда мемлекеттік құ-

рылыс тиімділігін арттыруға бағытталған ауқымды өзгерістер жалғасуда. Бұдан былайғы реформалардың уақыттық сұлбасы айқын анықталған. Олар осы жылдан бастап 2012 жылға дейін 2 кезеңінде жүргізілетін болады. Қазақстанның саяси жүйесі негізінен демократиялық өркендеуші мемлекеттердің заңдық тұрғыда қызмет ету қағидаттарына сай келеді, сондай-ақ біздің қоғамның аса маңызды мәдени-тарихи белгілері мен дәстүрлерін ескереді.

Мен жетекшілік ететін Демократияландыру жөніндегі мемлекеттік комиссия реформалардың тұжырымдамалық бағдарламасын әзірлеумен айналысады, оның құрамына қазіргі бар пікірлердің бүкіл жиынтығын танытатын беделді саясатшылар, қоғам қайраткерлері мен ғалымдар, барлық саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің өкілдері кіреді.

Қазақстан бүкіл әлем мойындаған және бейбітшілік, ізгілік пен әділдіктің ең мәртебелі қағидаттарына сай келетін белсенді, серпінді сыртқы саясат жүргізіп отыр.

Қазақстан планетада бірінші болып КСРО-дан мұраға қалған ядролық қаруды сынаудың ең сұрапыл полигонын жапқанын құрметті жиналыстың есіне салғым келеді.

Біз Қазақстан аумағында орналасқан ядролық-ракеталық төртінші әлеуеттен өз еркімізбен

бас тарттық. Сол арқылы біз адамдарды жаппай қырып-жою қаруын таратпаудың, оған ие болудан бас тартудың үлгісін көрсетудеміз.

Біз барлық елдермен тату көршілік қарым-қатынасты дәйектілікпен дамытып келеміз, бұл ретте осы заманғы серпінді әлемде интеграция қағидатына ешқандай балама жоқ деп білеміз. Сондықтан да Қазақстан біз ең белсенді рөл атқарып отырған және атқара беретін интеграциялық бірлестіктердің қызметіне табандылықпен қолдау көрсетіп отыр. Қазақстан – ТМД, ЕурАзӘҚ, Бірыңғай экономикалық кеңістік секілді көптеген интеграциялық ұйымдардың бастамашысы әрі белсенді қатысушысы. 15 маусымда Шанхай ынтымақтастық ұйымының отырысы болады. Біздің еліміз Азияның осынау маңызды ұйымы экономикалық ынтымақтастықтың және экстремизмге қарсы күрестің өзегіне айналуы үшін қолдан келгеннің бәрін істейді. Қазақстан осы жылдың 17 маусымында ЕҚЫҰ-ға ұқсас мақсаттар мен міндеттері бар серпінді даму үстіндегі халықаралық құрылым – Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесінің саммитін қабылдауды зор құрмет санайды. Біз осы жылдың күзінде Отанымыздың елордасы – Астанада, Қазақстанда болып жатқан серпінді өзгерістердің нышанына айналған қалада өтетін Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының екінші съезі жұмысының басталуын тағатсыздана күтудеміз.

## Құрметті кеңеске қатысушылар!

Жұмыстың қорытындылары қатысушы елдердің күткен үмітін ақтағаны және ЕҚЫҰ кеңістігінде тұрақтылық пен келісім ахуалын ұстаудың тиімді тетіктерін анықтауға мүмкіндік бергені өте маңызды. Бұл бүгінде, дінаралық және этносаралық жанжалдар ең бір өткір халықаралық проблемаға айналған кезде, айрықша өзекті.

**«Шанхай бестігінің» 10 жылдығы мен  
Шанхай ынтымақтастығы ұйымының  
5 жылдығына арналған ШЫҰ Мемлекет  
басшылары кеңесінің отырысында**

## **СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ**

ҚХР, Шанхай қаласы,  
2006 жылғы 15 маусым

**Құрметті әріптестер!  
Құрметті мәжіліске қатысушылар!**

Бұдан 10 жыл бұрын мемлекеттер басшылары халықаралық қатынастар тарихындағы бірегей құжат – Шекаралық аймақтардағы әскери саланың сенім шараларын нығайту туралы келісімді қолдарын қойып бекітті, ал 5 жыл өткенде Шанхай ынтымақтастық ұйымын құрды. Бұл жүздеген жылдарға созылған күрделі шекара мәселелерінің шешімін

табу барысында пайда болған сенім қатынастарының қисынды жалғасы еді.

«Шанхай бестігінің» басты нәтижесі шекаралардағы ондаған жылдарға созылған шиеленісті бәсеңдету болды. Қытаймен арадағы шекара мәселесін шешу осы үдеріске қатысушы барлық мемлекеттер үшін аса маңызды. Бұл мемлекетаралық қатынастарды ойдағыдай дамытуға, өзара іс-әрекет мәселесіндегі өзара сенім мен ортақ түсіністікті нығайтуға қолдау болды.

Өзіміз атап өтіп отырған Шанхай ынтымақтастық ұйымы тарихи қысқа мерзім ішінде буыны бекіп қатайды және осы заманғы халықаралық қатынастардың маңызды факторы ретінде өзінің бар болмысын бүкіл әлемге паш етті. Бүгінгі таңда әлемді ШЫҰ-сыз көзге елестету қиын.

Біз ШЫҰ бірлескен күш-жігердің арқасында өңірдегі қауіпсіздік пен тұрақтылықтың кепілі ретінде өзінің ұстанымын дәйектілікпен нығайтып келе жатқанын қанағат сезімімен атап өткіміз келеді.

Былтырғы Астанада өткен саммитте ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің терроризммен, сепаратизммен және экстремизммен күрес жөніндегі ынтымақтастықтың Тұжырымдамасын қабылдауы маңызды оқиға болды. Бүгін біз алдағы 3 жылға арналған нақты шаралар кешенін алдын ала қарастыратын соған сәйкес Бағдарлама қабылдамақпыз. Сондай-ақ терроризмге қарсы бағыттағы аса маңызды келісімдерге қол қойылады.



Біз өз елдеріміздің құқық қорғау органдарының өзара іс-қимылынан жемісті нәтиже күтеміз.

ШЫҰ аясындағы терроризмге қарсы жаттығулардың іс жүзіндегі маңызы үлкен. Сондай-ақ ШЫҰ-ның БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің Терроризмге қарсы комитетімен байланыс орнатуы маңызды болар еді.

ШЫҰ-ның пәрменділігі мен мақсаттылығын арттыра түсу үшін біздің мемлекеттеріміз бұдан да белсендірек күш жұмсауы керек.

Қоғамның қызметі әлемдік қауымдастықта оны әділ әрі дұрыс түсінумен сабақтасып жатуы керек. Біздің елдеріміздің халықтары ұйымның өзінің, сондай-ақ оның мүшелерінің де іс-әрекеттері туралы дамылсыз әрі келісілген ақпараттар алып тұруы қажет.

Бұл жағынан алғанда бүгін қол қойылатын Халықаралық ақпараттың қауіпсіздігі туралы Мәлімдеменің маңызы үлкен. Қоғамдық өмірдің барлық саласына дендеп енген коммуникациялық технологиялардың қауырт дамуын ескере отырып, біз ШЫҰ-ның сан салалы іс-қимылдарын ақпараттандыруды ойдағыдай қамтамасыз ету жөнінде пәрменді шаралар қабылдауға тиіспіз. ШЫҰ әлдекімге қарсы бағытталған ұйым емес, керісінше – сындарлы ынтымақтастыққа, ортақ қатермен күресуге, әлеуметтік экономикалық даму мен өзара мәдени-гуманитарлық мәселелерді шешуге бағытталған ұйым екеніне әлем сенімді болуға тиіс.

Саммит қарсаңында ШЫҰ атқарушы органдары жұмысын оңтайластыру жөнінде бірлескен жұмыс жүргізілгенін қанағаттанғандықпен атап өткім келеді. Хатшылықтың рөлі мен міндеттері күшейтілді. Біз ШЫҰ-ның Хатшылығы мен Атқару комитеті арасындағы өңірлік террорлыққа қарсы құрылымының өзара іс-әрекет сұлбасын жетілдіруіміз керек.

### **Құрметті әріптестер!**

Табиғи ресурстарға және мол адами әлеуетке ие біздің өңір жаһандық экономикалық үдерістердің және әлемдік геосаясаттың ажырамас бөлігі.

Осы тұрғыдан алғанда ШЫҰ аясындағы экономикалық қарым-қатынас ерекше пайдалы және аса қажет болады, ол әрі күрделі әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге ықпал жасайды және, әлбетте, Орталық Азиядағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты да қамтамасыз етеді.

Толық өндірістік циклды мемлекетаралық кластерлер құру мүмкіндігі егжей-тегжейлі талдауды қажет етеді. Экономикалық жобаларды іске асыру көбіне-көп оларды қаржыландыру мәселесіне байланысты. Сондықтан ШЫҰ Банкаралық бірлестігі тетігін іске қосудың тәжірибелік маңызы зор. Келешекте ШЫҰ жобаларын қаржыландыру үшін Қазақстан мен Ресей бірлесіп құрған Еуразия даму банкінің несиелік ресурстарын да пайдалану мүмкіндігі бар.

Қазақстан өз жұмысын бастаған ШЫҰ Іскерлік кеңесіне ризалық білдіреді. Біз бұл органға экономикалық кооперацияның жаңа бастама-ұсыныстарын жүзеге асыра алатын жетекші компаниялар мен кәсіпорындарды жіберіп отырамыз. Бірсыпыра қанатқақты жобалар, оның ішінде Қазақстан-Қытай жобаларын әзірлеу осындай ниетке куә бола алады.

Көлік коммуникацияларын дамыту – стратегиялық маңызы бар міндет. Біздің үкіметтерімізге ШЫҰ біртұтас өңірлік транзиттік көлік жүйесіне ие болуы үшін аянбай еңбектенуге тура келеді, мұның өзі мүше-елдер арасындағы қатынасты жеңілдетіп қана қоймайды, сонымен бірге халықаралық транзиттің қосымша көлемін тартуға да мүмкіндік жасайды. Біз басымдық ретінде транзиттік тасымал саласында ШЫҰ ынтымақтастығы туралы келісім жасауды ұсынамыз.

Шанхай ұйымындағы экономикалық байланыстардың жемісін біздің халықтарымыз іс жүзінде сезінуі керек дегенді мен ерекше атап айтамын, себебі кез келген ынтымақтастықтың мақсаты – тұрақтылықты нығайту және халықтың әл-ауқатын көтеру. Ал бұл мақсаттарға қол жеткізудің құралы – реформалар.

Батыл әлеуметтік-экономикалық реформаларсыз өңірдің өркендеуіне, заманның өзекті мәселелерін шешудегі ШЫҰ табысына үміт арту қиын.

Әлем дамудың жаңа кезеңіне қадам басты. Адамзат әлемдік құрылымның әр мемлекет, барша мәдениеттер мен өркениеттер «Мыңжылдықтар дамуының мақсаттарына» сәйкес өз лайықты орнын аларлықтай оңтайлы моделін іздестіру үстінде.

Шанхай ұйымы исламдық, христиандық және конфуцийлық өркениеттердің басын қоса отырып, Шығыс Еуропадан бастап Азияның оңтүстік өңірлеріне дейінгі кеңістікте орын алған тиімді ынтымақтастықтың, өзара келісім мен өзара түсіністіктің лайықты үлгісі болып табылады. ШЫҰ-ның бірегейлігі мен феномені, «Шанхай рухының» орны бөлек квинтэссенциясы осында жатыр.

Шанхай ынтымақтастық ұйымының құрылуы бір-бірімен мәдениеті, тілі, сауда-саттығы, бейбіт өмірге ұмтылысы ұқсас көршілес халықтар ұмтылысының заңды қорытындысы болды. ШЫҰ болашақта біздің өңірдің түр-тұрпаты мен сипатын бейнелейтін мемлекетаралық қатынастардың жаңа мәдениеті іспетті.

Бұл жаһандану үдерістерінің, болашақтың сипаты туралы әртүрлі радикалдық тұжырымдамалар пайда болуының және халықаралық құқықтың негізін шайқалтудың айналасында өте-мөте көкейкесті бола түседі.

Орталық Азиядағы ШЫҰ іс-қимылын сөз еткен кезде, бұл өңір ірі әлемдік субъектілердің назарын өзіне аударып отырғанын ескеру маңызды.

Мұнда еуразия идеялары ғана емес, Ұлы Жібек жолының қайта жаңғыруы ғана емес, Каспий маңы ынтымақтастығы ғана емес, сонымен бірге әлемдік державалардың, оның ішінде Орталық Азиядан географиялық жағынан алшақ жатқан державалардың стратегиялық мүдделері де күрделі түйін болып тоғысады.

Сонымен бірге, біздің өңірді дамытудың қандай тұжырымдамасы мен амалдары ұсынылмасын, сенімді қауіпсіздік кепілдігі мен экономикалық өзара іс-әрекетсіз тұрақты даму мақсатына жете қою екіталай екені анық.

Есірткілер тарату, этностық шиеленістер, терроризм және діни экстремизм идеологиясының бел алуы әлі баяғысындай өз шешімін табудан аулақ және сондықтан да ШЫҰ үшін көкейкесті боп қала бермек.

Діни-экстремистік топтардың қылмыстық әрекеттерін есірткі саудасы қоректендіріп отырғанын ескермеске болмайды. Өкінішке орай, Ауғанстан осы зәрлі шөпті ШЫҰ елдерінің аумағына тарату ошағы болып қалуда. Өткен жылы Пәкстанды, Иранды және Үндістанды ШЫҰ-ға бақылаушы ретінде қабылдағаннан кейін, Ауғанстанның айналасында өзінше есірткіге қарсы «қауіпсіздік белдеуі» пайда болды. Бұл мүдделі елдерді есірткі бизнесімен пәрмендірек күресуге шақырса керек.

Біздің пайымдауымызша, «ШЫҰ – Ауғанстан» іскер тобына көп қасірет шеккен осы елдің әлеу-

меттік-экономикалық жағынан қалпына келуіне, оған қоса апиын өндіруді азайтуға ұжымдық көмек көрсету ұсынысын әзірлеуі керек.

ШЫҰ Орталық Азияда қазірдің өзінде жұмыс істеп тұрған есірткіге қарсы құрылымдармен, оның ішінде БҰҰ қолдауымен Алматыда құрылып жатқан Орталықазиялық өңірлік ақпараттық үйлестіру орталығымен (ЦАРИКЦ) өзара іс-әрекет байланысын орнатқаны жөн болар еді.

Қылмыскерлердің ену жолдарын анықтау және жабу жөніндегі бірлескен үйлесімді әрекеттерді күшейту ерекше өзекті міндет болып табылады. Бұл міндетке, қолда бар құқықтық құжаттармен қоса, ШЫҰ аясындағы заңсыз миграциямен бірлесе күресу жөніндегі келісімге қол қою көп қолдау болар еді. Қазақстан, тараптар келіскен жағдайда, бұл келісімнің жобасын ұсынуға әзір.

Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының адамзаттың көкейкесті мәселелерін шешудегі жетекші рөлін күшейтуді қолдайды.

Жаһандану дәуірінің орнауына қарай, бұл әмбебап құрылым жаңа сапаға ие болуға, ал Шанхай ұйымы БҰҰ қызметін табиғи толықтырушы болуға тиіс. Бұл өте маңызды іс, өйткені біз ядролық қаруды таратпау мәселесі жөніндегі әлемдік саясатта кереғар пікірдің өршуіне куә болып отырмыз. Мемлекеттердің өз даму жолын таңдауындағы демократия мен егеменді құқық мәселесінің ұстанымында да бірауыздылық жоқ.

«Шанхай рухына» сәйкес осы мәселелерді шешудің үйлесімді жолдарын іздестіруге біздің Ұйымымыз қолдау көрсеткен болар еді деп ойлаймыз. Біз бүгін қабылдағалы отырған бірлескен Қарар – осы бағыттағы маңызды қадам.

### **Құрметті әріптестер!**

Шанхай ынтымақтастық ұйымы өзінің алдына қойған міндеттерін барынша тиімді орындау мақсатында құрылымдық реформалау кезеңін өткеріп отыр. Халықтардың қауіпсіздігі мен өркендеуін қамтамасыз ету ісінде ШЫҰ әлемдік саясаттың серпінді әрі жауапты субъектісі ретінде алдағы уақытта да белсенділік көрсететініне сенімдімін. Болашақта біздің Ұйымымыздың нақ осындай болғанын қалаймыз.

Баршаңызды Шанхай ұйымының мерейтойымен құттықтаймын, халықтарымыз бейбіт өмір сүріп, молшылықта өркендей берсін деп тілеймін.

АӨСШК II саммитінде  
**СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ**

Алматы қаласы,  
2006 жылғы 17 маусым

**Құрметті мемлекеттер мен  
үкіметтер басшылары, халықаралық  
ұйымдардың жетекшілері!  
Құрметті Кеңес қатысушылары!**

Алматыда бас қосқан мұндай кең өкілетті форумға сәлем беруді өзім үшін жоғары мәртебе санаймын. Баршаларыңызға Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесінің II саммитіне қатысқандарыңыз, сондай-ақ АӨСШК идеяларын ұдайы қолдағандарыңыз, оны белсенді түрде алға жылжитқандарыңыз



үшін шынайы разылығымызды жеткізуге рұқсат етіңіздер.

Біздің Кеңесіміздің Бірінші саммитінің барысында оның негізге алынатын құжатына – Алматы Актіне қол қойылды. Сонан бері Азия құрлығындағы сенім шаралары жөніндегі форум құрудың мақсаты әлемдік қоғамдастық тарапынан кеңінен танылып, қолдауға ие болды. АӨСШК үдерісі барған сайын халықаралық аренада елеулі факторға айналып келеді.

2004 жылы әлемдік дипломатиядағы кең қамтымды әрі бірегей құжат саналатын АӨСШК-нің Сенім шаралары каталогының қабылдануы Азиядағы қауіпсіздікті өрістетуге ісіндегі маңызды тарихи белес болды. Таяу уақыттың ішінде сенім шараларын енді Үшінші саммитке дейінгі кезеңде қажет жағдайда іс жүзінде пайдаланатындай Каталогты жүзеге асырудың тетіктерін бірлесе күш-жігер жұмсай отырып талдап жасауға тиіспіз. Алдымызда ұзақ мерзімді, кейде бір-бірімен үйлесе бермейтін мүдделерді жақындастыру, құқықтық негізді жаңғырту және қосымшаларын жасау жөнінде ауқымды жұмыс күтіп тұрғанын біз жақсы түсінеміз.

АӨСШК – көбіне-көп соқтықпалы, соқпақсыз жолмен жүріп келе жатқан, сондықтан да барша жағдаяттың бәріне бірдей жарай беретін дауаны таба қоймаған жас форум. Көкейге қонымды шешімдер үнқатысу үдерісінің барысында туындайды. Сонымен қатар, қолда бар әлемдік

тәжірибе, дамудың осы заманғы үрдістері Азия құрлығында да қауіпсіздік пен ынтымақтастық мәселелеріне кең қамтымды көзқарас сенім шараларын іс жүзінде және кезең-кезеңімен қолдануды қажет ететінін көз жеткізе көрсетіп беріп отыр.

Жаһандық ауқымдағы жаңа сынақтар мен қатерлерге ойдағыдай қарсы тұра алу үшін бүкіл әлемдік қоғамдастықтың күш-жігерін жұмылдырған жөн. Азияның табиғат ресурстарына бай, адам әлеуеті ғаламат құрлығына, өкінішке қарай, көбіне-көп мемлекеттер мен қоғамдар дамуының өтпелі пішіні, сондай-ақ «баяғы заманнан» келе жатқан қақтығыстар тән. Біздің ойымызша, АӨСШК осы заманғы сынақтарға қарсы тұрудың жаһандық жүйесінің ажырағысыз бөлігі бола алады және болуға тиіс.

Азияда жаңа өңірлік құрылымдардың өсе түсуі – азиялық елдердің үйлестіруге және өзара қарым-қатынасқа деген сұранысының куәсі. Мұндай ұмтылыс сонша бір ерекше жай да емес, осыған ұқсас үдерістер дүниенің басқа бөліктерінде де жүріп жатыр.

Өңірлік бастамалардың өсе түсуіне септесетін негізгі факторлар қатарында мен мыналарды атар едім.

Біріншіден, әрбір нақты өңірдегі ахуалдың өзіндік ерекшелігі өңір мемлекеттеріне БҰҰ-ның негізгі ұстанымдарын сақтау, сенім және

толыққанды ықпалдастық ауанын қалыптастыру тұрғысында жоғары жауапкершілік жүктейді.

Екіншіден, шынтуайтында осы заманғы әлем мемлекеттерінің өзара тәуелділігінің баламалы атауы болып табылатын жаһандану мүдделерді өзара ескеру және құрметтеу ұстанымдарына негізделген өңірлік көзқарастар сыртқы саяси ұмтылыстардың өміршеңдігі мен ұзаққа шыдайтындығының кепіліне айналып келетінін көрсетіп беріп отыр.

Үшіншіден, саяси және экономикалық тұрғыдан бәсекеге шыдас бере алатын өңірлік құрылымдар мемлекеттің жаһандық деңгейдегі ұстанымын күшейте түседі.

Бұл айтылғанның бәрі біздің форумға қатысушыларға да қатысты. Бүгінгі таңда экономикалық, экологиялық және гуманитарлық салаларда сындарлы өзара іс-қимыл жасаудан артық ештеңе жоқ екендігіне көзіміз жете түсуде.

Қазақстан экономикалық қауіпсіздікті және жан-жақты ықпалдастықты қамтамасыз ету жөніндегі қызметтің маңызды да ажырағысыз қыры ретінде АӨСШК-нің экономикалық өлшеміне үлкен мән береді. Мемлекеттердің экономикалық даму деңгейі өңірлік тұрақтылықты қамтамасыз ету мүмкіндігіне тікелей ықпал етеді. Жаңа қатерлердің таралуына бірқатар өңірлерде «қайыршылық кеңістігі» мен әлеуметтік азып-тозушылықтың кеңейе түсуі қолайлы жағдай жасап

отырғаны құпия емес. Осылайша, тұрақты экономикалық өсу және орнықты дамуды қамтамасыз ету көбіне-көп біздің мемлекеттеріміздің осы заманғы сынақтарға лайықты қарсы тұра алуға деген қабілетін айқындайды.

Осы саладағы сенімді нығайтудың алғашқы қадамдарының бірі сауда-экономикалық қарым-қатынастарды кеңейту бола алады. Бұл арада, біздің ойымызша, АӨСШК-нің құрылып жатқан Хатшылығы ұйымдастырушы рөл атқаруға тиіс.

Азия мемлекеттерінің көпшілігі үшін экологиялық проблематиканың ерекше маңызды екендігі күмән туғызбайды. Сондықтан да қазірдің өзінде бұл мәселелерді шешудің ортақ моделін жасауға кірісетін кез келді, бәлкім, оны экологиялық саладағы келісілген саясаттың негізгі қағидаттарын қамтитын жеке құжат күйінде ресімдеген жөн болар. Бұл ретте, тегінде, осы іске тартылған тараптардың баршасының мүдделерін әділ ескеруге негізделген өңірлік көзқарасқа арқа сүйеу керек.

Соңғы жылдардағы оқиғалар табиғат жойқындары мен техногендік апаттардың алдын алу және олардың салдарларын еңсеруге жан-жақты ықпал жасау ісінде үйлестірілген іс-қимылдың қажеттігін нақты көрсетіп берді. Бұл салада орнықты сенім жүйесін қалыптастыру аясында ақпаратты жедеғабыл алмасуды жолға қою өте-мөте маңызды. Қажетті мәліметтердің жоқтығынан кейде

жүздеген мың адамдардың өмірі қиылып кете баратынын ойлаудың өзі жаныңды ауыртады.

Азия мемлекеттерінің қақтығыстарды реттеу және гуманитарлық апаттардың салдарларын жою, сондай-ақ мәдениеттер, діндер мен өркениеттер үнқатысуына, өзара түсіністікке қол жеткізуіне көмектесу жөніндегі күш-жігерін жұмылдыру мәселесі ерекше назар аударуға лайықты. Атап айтқанда, биылғы күзде Астанада Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының Екінші съезін өткізу осынау асқақ та ардақты мақсатқа арналған.

Қазақстан Кеңес Төрағасы ретінде АӨСШК-ге мүше мемлекеттерді, қандай да бір қақтығыстарға киліккен барша Азия елдерін келісім үдерісі негізінде кең қамтымды бейбітшілік, қауіпсіздік және тұрақтылыққа қол жеткізу жолына түсуге шақырады. АӨСШК үдерісіне қатысушылардың барлығы да шиеленісті ушықтырып жіберуден аулақ болу үшін бір-бірімен қарым-қатынаста ұстамдылық пен жауапкершілік танытуға тиісті деп санаймыз.

Ядролық саладағы және жаппай қырып-жоятын қаруды таратпау жөніндегі қабылданған халықаралық міндеттемелерді орындау анағұрлым қауіпсіз әлем орнатудың берік негізі болып табылады, Азиядағы тұрақтылық пен сенімді қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады деп білеміз.

Қазақстан осы мақсатқа қол жеткізуге бағытталып, уағдаластықтар мен өзара түсіністікке, еге-

мендікті құрметтеу, мемлекеттердің ішкі істеріне қол сұқпау және күш қолданбау қағидаттарына негізделген бастамалардың бәріне де қолдау білдіреді. Бұл орайда барлық азиялық елдердің халықаралық терроризмге жаһанды жайлап бара жатқан зұлмат ретінде кесімді түрде қарсы шығатыны өте қуантады.

Өңірлік және жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сондай-ақ осы заманғы сынақтар мен қауіп-қатерлерге қасқайып қарсы тұру жолында кең ауқымды ынтымақтастық пен өзара іс-қимыл қажет етілетіндігі сөзсіз. Осы тұрғыдан қарағанда, жаппай қауіпсіздікті нығайту мәселесіне деген баршаға жарамды көзқарасты қалыптастыру үшін біздің Біріккен Ұлттар Ұйымымен қарым-қатынасымыздың болашағы бойынша пікір алмасу маңызды болып көрінеді.

Өзекті шешімдер БҰҰ-ға мүше мемлекеттердің бірлесе қатысуымен қабылдануға тиіс және Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының қағидаттарын бұлжытпай орындау – шарт. Осынау жалпы жұрт таныған халықаралық нормалар АӨСШК аумағында жүзеге асырылып жатқан көп қырлы дипломатияның негізіне алынған.

Бүгінгі әлемнің даму үрдістері, кейінгі кезде бой көрсете бастаған проблемалар мен кереғарлықтар жаһандық, сондай-ақ өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету ісінде бірлескен күш-жігерді үйлестірудің жаңа деңгейіне көтерілудің көкейкесті қажеттілікке айналғанын айқындайды. Бұл

тұрғыдан қарағанда барынша ашық және тең құқықты үнқатысуға ыңғайлы «АӨСШК алаңы» өзінің көкейкестілігі мен өміршеңдігін көрсетіп беріп отыр.

### **Құрметті Кеңес қатысушылары!**

Бұл Саммит Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесінің институттарын қалыптастыру, оның ұдайы жұмыс істейтін органы – Хатшылықтың құрылуы тұрғысынан аса маңызды үдеріс болып табылады.

Бұл Азиядағы қауіпсіздік құрылымдарын құру жолындағы алғашқы қадам.

Қазақстан өзінің Кеңес бойынша әріптестерімен бірлесе отырып, Хатшылық қызметін қамтамасыз етудің ұйымдық және қаржылық мәселелерін шешу жөнінде белсенді жұмыс атқаруда, оны АӨСШК-ге қатысатын мемлекеттердің сарапшылары ұсынатын болады. Біз өзіміздің алғашқы үлесіміз ретінде Алматы қаласында АӨСШК-нің Штаб-пәтеріне ғимарат бөлдік және Хатшылық жұмысын бастап кетуге қажетті қаржы қарастырдық.

Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің құрлықтағы барлық мемлекеттер үшін ашық екендігін тағы да айрықша атап айтқымыз келеді, сондықтан да біз Таиланд Корольдігі мен Корея Республикасын АӨСШК-ге қосылуымен құттықтаймыз. Азияның басқа мем-

лекеттері де біздің Форумымызға толыққанды мүше немесе бақылаушы ретінде қосылады деген үмітіміз барын айтуға рұқсат етіңіздер. Мұның өзі Кеңестің жалпықұрлықтық құрылым және өзара іс-қимылға ыңғайлы тұғыр ретінде табысты жұмыс істеуіне септесер еді.

\* \* \*

Сөзімнің соңында мен өздерінің қауырт жұмыс кестесіне қарамай, осы Саммитке қатысу үшін Қазақстанға келген мемлекеттер мен үкіметтер басшыларына, халықаралық ұйымдардың жоғары лауазымды өкілдеріне терең алғыс сезімімді жеткізгім келеді. Сіздердің арқаларыңызда Кеңестің маңызды құжаттарын қабылдауға қол жетпекші.

АӨСШК үдерісінің жолы жарқын екеніне сенемін, баршаларыңызға табысты әрі жемісті жұмыс тілеймін.



**«Отан» Республикалық саяси  
партиясының кезектен тыс ІХ съезінде**

## **СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ**

Астана қаласы,  
2006 жылғы 4 шілде

### **Құрметті съезд делегаттары!**

Мен сіздердің баршаңызды өте маңызды шешім қабылдауларыңызбен құттықтаймын. Бұл тек «Отан» және «Асар» партиялары үшін ғана емес, бүкіл Қазақстан үшін маңызды шешім.

Екі партияны – «Отан» мен «Асарды» біріктіру туралы шешім біздің еліміз үшін өте маңызды тұста қабылданып отыр. Біз дамуымыздың өтпелі кезеңін аяқтауға жақындап, Қазақстанның әлем-

дегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына қосылу стратегиясын жүзеге асыруға кіріспекпіз.

Бүгінгі таңда жаңа жаңғыру серпілісінің мақсатына қол жеткізу үшін бүкіл қоғамның жұмылуы бұрынғы қай кездегіден де маңызды. Мен сіздерге ел алдында тұрған міндеттерді терең сезініп, дұрыс түсінгендеріңіз, сөйтіп мемлекет мүддесіне берілгендіктеріңізді дәлелдегендеріңіз үшін разымын.

Қазақстандағы белді екі саяси партияның қосылуы партиялық жүйенің дамуында жаңа белес ашады. Партиялық кеңістікте жалпыұлттық партия пайда болады, ол ел дамуын стратегиялық тұрғыдан көре алады, қуатты ұйымдық және интеллектуалдық ресурсқа ие болады.

Екі партияның бірлесуі жөніндегі шешім – сайлау науқаны барысында барынша елеулі сыннан өтіп, шыңдалған әріптестік қарым-қатынастардың жемісі. Жауапты сайлауалды науқанның барысында мен үшін сенімді тірекке айналған Қазақстан Халықтық коалициясының өзегін тап сіздер құраған едіңіздер. «Отан» және «Асар» партияларының мүшелеріне маған көрсеткен қолдауы мен асқақ отаншылдық сезімі үшін алғысымды айтамын.

«Асармен» бірлескеннен кейін жаңарған «Отан» партиясы бұрынғыдан да күшейе түсетініне сенімдімін. Ендігі жерде біртұтас «Отанның» жалпы мүшелерінің саны 700 мыңнан асатын болады. Қазақстанның бүкіл тәуелсіз тарихында

мұндайлық бұқаралық, шын мәнінде халықтық партия болып көрген емес. Мұның өзі партияға барынша жауапкершілік жүктейді, «Отан» өзінің нақты істерімен қазақстандықтардың сенімін ақтауға тиіс.

«Асар» партиясы өзінің құрылған күнінен бастап сол бір күрделі кезеңде Президент бағытын қолдау айқындамасын берік ұстанғаны әлі жадымда. Партия қысқа уақыттың аясында қазақстандықтардың құрметіне бөленді, елдің саяси өміріне тың тыныс, күш-жігер, шығармашыл сипат енгізді. «Асар» екі бірдей елеулі сайлау науқанын ойдағыдай өткізді.

«Асар» мүшелері біздің біріккен партиямызды едәуір нығайта түседі, өздерімен бірге саяси жұмыстың осы заманғы және ілгерішіл тәсілдерін, жаңа бастамаларды, тың идеяларды ала келеді деп санаймын. Ортақ көзқарасты ұстанатын екі партияның бірігуі әбден көкейге қонымды жай. Сондықтан біздің біртұтас партиямыз «отандық» сенімділік пен «асарлық» күш-жігердің құйма-сына айналуға тиіс.

Баршаңызды осынау стратегиялық шешіммен тағы да құттықтаймын.

## **1. Саяси реформалардың ой қисыны мен мән-мағынасы**

Бүгінде біздің еліміз өз дамуының өте бір жауапты белесінде тұр. Біз Саяси реформалардың

жалпыұлттық бағдарламасын нақты жүзеге асыруға кірістік, оның негізгі сұлбасы менің халыққа Жолдауымда баян етілген.

«Алдымен экономика, сонан кейін саясат» деген қағидатты ұстана отырып, біз демократияның орнықты экономикалық негізін жасадық.

Біз дамудың неге мұндай жолын таңдап алдық?

Экономикалық игілік пен демократияның арасында белгілі бір өзара байланыс бар. Бұл орайда беделді американ саясаттанушысы Сеймур Липсеттің пікірін келтірмекпін, ол: «Ұлттың экономикалық тұрғыда жолы ашылған сайын оның демократиялық ұлт бола түсуге мүмкіндігі молая береді», деп жазған. Расында да, мұндай өзара байланыс бар екендігі даусыз, бірақ ол соншалықты көзге ұрып тұрмайды.

Біз әлемде жинақталған жаңғыру тәжірибесін есепке алдық. Нарықтық реформаларды орталықтандырылған түрде, біртұтас мемлекеттік ерік-жігердің ауанында жүзеге асыруға тура келді. Нақ осының арқасында бүгінде саяси салада сапалық өзгерістер жасауға қажетті жағдай қалыпташып отыр.

Біз экономикалық дағдарысты еңсеріп, экономиканы дағдарыстан кейінгі қалпына келтіру кезеңін ойдағыдай айналып өте алдық. Қазақстан өңірдегі экономикалық көшбасшыға айналды, оның дамуы біздің барлық көршілерімізге жағымды әсер етуде.

Қазақстанның ішкі жалпы өнімінің даму көрсеткіші жыл сайын 9–10 %-дан кем болмай тұр. 2005 жылдың нәтижесі бойынша ІЖӨ көлемі 7,4 трлн теңгеге жетті. 2008 жылға қарай біз ІЖӨ көрсеткішін 2000 жылмен салыстырғанда 2 еселеуге, ал 2015 жылға қарай 3 еселеуге қол жеткізуді жоспарлап отырмыз.

Экономикада нарықтық қатынастар белең алуда, кәсіпкерліктің, капитал қозғалысының еркіндігі қамтамасыз етілуде. Біздің елімізде жеке меншікке қол сұғылмауын қамтамасыз етуге жағдай жасалған, тиісті нарықтық инфрақұрылым қалыптастырылған.

Қазақстан ТМД-да алғашқы болып нарықтық экономика елі деп танылды.

Біз қазақстандықтардың әл-ауқатын едәуір арттыруға қол жеткіздік. Азаматтарымыздың табыс деңгейі кейінгі 7 жылда 3 еседен артық өсті. Жан басына шаққандағы ІЖӨ көрсеткіші бойынша біз ТМД елдерінің арасында көшбасшылықты берік қолда ұстап келеміз. Таяудағы 3 жылда бұл көрсеткіш әр адамға шаққанда 6,6 мың долларға жетуі керек. Осының арқасында қазақстандық орта тап белсенді түрде қалыптасуда. Демократиялық үдерістердің негізгі тірегі де сол орта тап болып табылады.

Серпінді дамып келе жатқан экономикаға арқа сүйей отырып, біз кейінгі жылдарда саяси ырықтандыру үдерісін дәйектілікпен жүзеге асырдық. Тұтастай алғанда, Қазақстанда демо-

кратияның арқау етерлік институттары құрылып, ойдағыдай әрекет етуде, олар барша жұрт қабылдаған және осы заманғы демократиялық жөн-жобалар және рәсімдер шеңберінде жұмыс істеп келеді.

\* \* \*

Қазіргі кезде біз саяси жаңғырудың жаңа кезеңіне аяқ бастық. Менің төрағалығыммен Демократиялық реформалар бағдарламасын талдап-жасау және нақтылау жөніндегі мемлекеттік комиссия белсенді жұмыс жүргізуде. Біз қолға алып жатқан саяси реформалардың нәтижесі осы заманғы және бәсекеге қабілетті саяси жүйені қалыптастыру болуы керек.

Саяси реформалардың негізгі бағыттары қандай болады?

Біз билік тармақтары арасындағы тежемелілік және теңгермелік тетігін едәуір күшейтуге тиіспіз. Бұл үшін уәкілетті органдардың қызмет аясы мен өкілдіктері едәуір кеңейтілетін болады. Парламент Үкімет жұмысына, ал мәслихаттар жергілікті жердегі әкімдердің қызметіне бақылау жасауды қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Сот жүйесінің тәуелсіздігін, мөлдірлігін және тиімділігін нығайта түсетін шаралар қабылданады. Соттар азаматтардың заңды мүдделерін нақты қорғауға, жалпы әлемге ортақ қалып-үлгілерге сәйкес жұмыс істеуге тиіс.

Өздеріңіз білесіздер, мен биылғы жылдың қазанында аудандар және облыстық бағыныстағы қалалар әкімдерінің сайлауын өткізу жөніндегі жарлыққа қол қойдым.

Бұл – елде сайланбалылық қағидатын едәуір ұлғайтуды аңғартатын өте мәнді әрі стратегиялық қадам.

Біз жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін қалыптастырамыз. «Жергілікті өзін-өзі басқару туралы» заң жобасының тұжырымдамасы Мемлекеттік комиссияның үшінші отырысында мақұлданды. Қазақстандықтар жергілікті мәні бар мәселелерді, шенеуніктердің рақымшылығын күтіп жатпай-ақ, өздері шешуге мүмкіндік алады. Бірақ мұның өзі азаматтардан бастамашылдықты, ұсынықтылықты, батылдықты көбірек талап ететін болады.

Сыбайлас жемқорлықпен аяусыз күрес жүргізудеміз, бұл істе мен «Отан» партиясы мүшелерінің, азаматтық қоғам институттарының тарапынан қолдау болады деп сенемін. Күшті партияларға, үкіметтік емес ұйымдарға, кәсіподақтарға, бұқаралық ақпарат құралдарына арқа сүйей отырып, біз шенеуніктік шектен шығудың бой көрсетуін біржолата тыюға тиіспіз.

Азаматтық қоғам институттарын дамыту мен нығайту жөніндегі шараларды жүзеге асырмақпыз.

Қазақстандық үкіметтік емес ұйымдарға кең қолдау көрсетіледі, мұның өзі азаматтық қоғам

дамуының деңгейін, сондай-ақ мемлекеттің әлеуметтік саясатының тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Елде осы заманғы және бәсекеге қабілетті, заң шеңберінде және қоғам мүддесін ойлай отырып жұмыс істейтін қазақстандық БАҚ-тарды қалыптастыруға қолайлы жағдай жасайтын боламыз.

Бұл жөнінде неге нақ «Отан» партиясының съезінде айтып тұрмын?

Өйткені саяси партиялар мұнан былайғы саяси жаңа үрдістердің қозғаушы күшіне айналуға тиіс, сондықтан да мен «Отан» партиясы осынау маңызды жұмысты дәйекті жүргізу жолындағы жауапкершілікті өз мойнына алады деп үміт артамын.

Тұтастай алғанда, партиялардың саяси жүйедегі рөлін нығайту демократиялық реформалардағы басты басымдықтардың біріне айналады.

## **2. Елдің жедел жаңғыруының қозғаушы күші – саяси партиялар**

Біз қашанда идеологиялық және саяси саналуандылықты табанды жақтаушылар болып келгенбіз, солай болып қала да береміз. Олардың біз үшін құндылық екендігі басы ашық жай. Сондықтан да біз Қазақстанда көппартиялылық барлығын қадір тұтамыз.

Сонымен бірге, біздің бәріміз де партиялық жүйе дамуының ой қисыны ел заңдарын берік ұстана отырып жұмыс істейтін неғұрлым күшті



әрі қабілетті партиялардың табиғи түрде іріктеліп шығатынын көрсетерін де түсінеміз.

Кейінгі сайлаулар біздің қоғамымыз саяси тұрақтылықты және Президенттің реформалар бағытын жалғастыруды жақтайтынын көрсетіп берді. Даңғазалық, сынампаздық және жақсы атанушылық халық тарапынан қолдау таппайды.

Күшті де ірі партиялар ұлтты жалпыұлттық мақсаттарға жұмылдыра отырып, елдің дамуына қуатты серпін бере алатынын әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр.

Екінші дүниежүзілік соғыстың күлінен көтеріліп, өз өңірінде жаңғыртушылық серпілісті алғаш жасай алған ел – Жапония осының жарқын мысалы бола алады. Ол елде Либералды-демократиялық партия өзі құрылған 1955 жылдан бастап іс жүзінде дәйім билік басындағы партия болып келеді. Сингапур мен Малайзияда да солай болған.

Алайда мұндай мысалдар Азияда ғана емес, демократиялық құрылымының көптеген ғасырлық тарихы бар Еуропа елдерінде де бар.

Швецияның Социал-демократиялық жұмысшы партиясы 1932 жылдан 1976 жылға дейін жеке-дара немесе коалиция бастап билік басында тұрды. Кейінгі 30 жылдың ішінде де бұл партия сайлауларда басқалардан жиірек табысқа жетті, сөйтіп үкіметті қалыптастыруға құқылы болды. Еуропаның басқа елдерінен де осындай мысалдар келтіре аламыз.

Ілгерілішіл басым партиялардың күші олардың салыстырмалы түрде алғанда ұзақ мерзім ішінде ел өмірін сәтті реформалауға, саяси тұрақтылықты қолда ұстауға қабілетті екендігінде. Бұл партиялар нақпа-нақ және айқын идеологиялық негіздерге арқа сүйейді, қауіпсіздікке, мемлекеттілікке, ұлттық мүдделерге, көкейге қонымды нарықтық реформаларға басымдық береді. Оның үстіне жұмылдырушылық стратегияға ие болып келеді, мұның өзі де сыни тұрғыдан қарағанда маңызды жай.

\* \* \*

Қазақстанға орнықты да осы заманғы партиялық жүйе керек. Біздің партияларымыз өкілетті органдарда тиімді жұмыс істеуге, биліктің орындаушылық тармағы жүргізетін саясатқа ықпал жасауға тиіс.

Бізге қуатты әлеуметтік тірегі бар, жұртшылықтың мүддесін анықтай алатын, соны жеткізе алатын, сайлаушылардың дауысы үшін бір-бірімен өркениетті түрде тіресе алатын күшті, бәсекеге қабілетті партиялар керек.

Сонымен қатар, олар жалпыұлттық идея төңірегінде біріккен, сындарлы тұрғыдан өзара ынтымақтасатын партиялар болуға тиіс. Елдің жедел дамуына бағыт ұстап отырған жағдайда партиялар халықты жұмылдыруға, қолға алынған өзгерістерге қоғамдық қолдау қалыптастыруға қабілетті болуы керек.

Бұл орайда «Отан» және «Асар» партияларының бірігуі елдің партиялық жүйесін дамытуда маңызды қадам болады деп есептеймін. Біз іс жүзінде күшті әрі бәсекеге қабілетті партиялары бар осы заманғы партиялық жүйені қалыптастыруға кірістік. Біріккен «Отан» партиясы алдағы кезде де үлкен коалициядағы басқа партиялармен бірлесу жөнінде келіссөздер жүргізгені жөн.

\* \* \*

Партияларды дамыту жөніндегі саясаттың шеңберінде олардың саяси жүйедегі рөлі мен ықпалын одан әрі нығайтуға қол жеткізу керек. Демократиялық реформалар бағдарламасын талдап-жасау және нақтылау жөніндегі мемлекеттік комиссия жұмысының негізгі мақсаты да нақ осы болып табылады.

Саяси жаңғырудың кезеңдері мен міндеттері туралы біз комиссияның алғашқы отырысында сөз еттік.

Оларды қысқаша еске алсақ, әңгіме мына мәселелер жөнінде болды.

Бірінші. Парламент депутаттарының санын көбейту керек пе? Мұнымен біз нені шеше аламыз?

Екінші. Мәжіліс депутаттарын мажоритарлық жүйемен сайлап, әрбір депутат сайлаушылардың қолдауына жеке өзі қол жеткізетіндей ету керек пе? Әлде сайлаушыларды шатастыратын, сөй-

тіп партиялық тізімдер бойынша Парламентке аттарын адам білмейтін, кейде тіпті кездейсоқ адамдар, көбіне қалтасы қалыңдар өтіп кететін мөлшерлестік жүйе бойынша сайлау керек пе?

Әрі қарай. Біз сайлауда жеңіп шыққан партия Премьер-министрді ұсынады және Үкіметті тұтастай қалыптастыруға атсалысады, оның жұмысын бақылайды деп уағдаласуға тиіспіз.

Бұл істе Қазақстанда күшті президенттік билікті және атқарушы биліктің сатыластығын сақтау қажет екендігін нақпа-нақ ұғынуымыз керек.

Сондай-ақ біз сайлауда жеңіп шыққан партияларға мемлекеттік қолдау көрсету жөніндегі мәселені де шешкеніміз жөн.

Елдің және халықтың тағдыры осы және басқа мәселелердің дұрыс шешілуіне байланысты.

Саяси партиялар бұл міндеттерді талқылау барысында бір бәтуаға келуі керек. Ең бастысы – ол бәтуаны біздің халқымыздың қолдауы қажет.

Бұл бағыттардың бәрі бойынша Демократиялық реформалар бағдарламасын әзірлеу және нақтылау жөніндегі мемлекеттік комиссия жылдың соңына дейін тиісті ұсыныстар даярлауға тиіс.

### **3. «Отан» партиясының қазіргі кезеңдегі міндеттері**

Енді біріккен партияның алдында тұрған нақты міндеттерге тоқталайын.

Ең алдымен, сабақтастықты сақтау, бұрын белгіленген жоспарлар мен міндеттерді іске асыру тұрғысында жұмыс істеу қажет. Әлбетте, бұл партияның «Қазақстан жолы – 2009» бағдарламасын іске асыруға қатысты болып отыр. Онда белгіленген стратегиялық міндет – 2009 жылға қарай қазақстандық ұлттық өмір сапасы стандартын қалыптастыру – әрбір қазақстандыққа етене.

Енді партия алдағы кезеңде шешуге жұмылуға тиіс нақты міндеттер кешені туралы.

Бірінші. Біріккен партияның ұйымдық мәселелерін оңтайлы тұрғыда шешу керек.

Партияда осы заманғы менеджментке арқа сүйейтін тиімді ішкі құрылымды құру қажет. Партияның басшы органдарын оңтайлы ұйымдастыру туралы да ойласу керек.

Сонымен бірге партия рабайсыз үлкен бюрократиялық ұйым болмауына, басшы органдардың арасындағы атқаратын міндеттердің қайталануына ұрынбауға қол жеткізу маңызды. Партияның Саяси кеңесі тиімді жұмысшы органы болуы тиіс.

Өте маңызды мәселе – ішкі партиялық демократия. Баламалы ұсыныстарды талдап жасау мақсатында жүйелі ішкі партиялық пікірталастарды ұйымдастырған жөн, алайда олар партияның ішкі бірлігін бұзбауы тиіс.

Ішкі фракциялық және тұтастай алғанда ішкі партиялық тәртіпті қамтамасыз етіп, партияның орталық аппараты мен парламенттік фракцияның

арасындағы қатынасты нығайту керек. Партияның бағдарламалық нұсқаулары мен шешімдері Парламенттегі партиялық фракцияның мүшесі – әр депутат үшін қатал міндеттілік болуы тиіс.

Бұл міндеттерді орындау үшін, бәлкім, Парламент және саяси партиялар туралы заңдарға өзгерістер енгізуге тура келер.

Партия ұстанымын қорғап, дәлелді пікірсайыс жүргізуге қабілетті жария саясатшыларды тарта және тәрбиелей отырып, кадр құрамын нығайтқан жөн.

Жақсы білімі, ұшқыр да ұтқыр ойлау қабілеті бар бастамашыл жастарды белсендірек тартып, қоғамдық пікір көшбасшыларымен етене жұмыс істеу керек.

Партияның тиімді ақпараттық және үгіт жұмысын қамтамасыз етуге қабілетті тармақталған инфрақұрылымын құру талап етіледі.

Екінші. «Отан» партиясының депутаттарына үлкен заңшығарушылық жұмыс жүргізу, сондай-ақ саяси реформалардың іске асырылу барысына бақылауды күшейту керек.

Біріккен партия басым парламенттік көпшілікке ие болып отыр, сондықтан да Парламенттің заңшығарушылық қызмет мәселесінде сіздерге зор жауапкершілік жүктеледі.

Мен «Отан» партиясының депутаттарына өзімнің Жолдауымды іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық шаралар жоспарына енгізілген заң

жобаларын қарауға және қабылдауға белсене қосылғаны үшін разылық білдіремін.

Демократиялық реформалар бағдарламасын әзірлеу және нақтылау жөніндегі мемлекеттік комиссия аясында көп жұмыс істеу қажет.

«Отан» партиясы саяси реформалардың одан әргі бағыттарын талқылау кезінде де, тиісті ұсыныстарды әзірлеу кезінде де алдыңғы қатарда болуы тиіс. Бірақ та сіздер бұл мәселеге өте байыпты да жауапты түрде қарауға тиіссіздер, өйткені елдің болашағы соған байланысты болады.

Үшінші. Біріккен партияның идеологиялық жұмысын күшейту қажет.

Жалпы тұрғыда екі партияның идеологиялық ұстанымдары ұқсас және бір-бірімен байланыстыруға әбден болады. «Отанды» ұтқыр жұмылушылық ерекшелігі тиіс, өйткені іс жүзінде халықтың қалың жігіне арқа сүйейтін «халықтық партия» жағдайы бағдарламалық ұстанымдардың тез бейімделуін, өзгеріс үстіндегі жағдайға жедел үнқосу қабілетін талап етеді.

Бұл ретте партияның идеологиясы ел дамуының басымдықтары мен ерекшеліктерінен, Қазақстан қоғамының әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерінен қол үзіп қалмауы тиіс. Ол жалпы мемлекеттік мүдделерге де, сондай-ақ әрбір қазақстандықтың арман-аңсарына да етене болуы тиіс.

Партия идеологиясының негізінде не болуы тиіс?

Партия «Қазақстан – 2030» стратегиясына арқа сүйеуі тиіс деп санаймын.

Біріккен партия сондай-ақ Қазақстанда тұра-тын барлық ұлттар адамдарының мүдделерін білдіруші болып, ұлтаралық және конфессия-аралық тұрақтылық идеясын дәріптеуі тиіс. Бұл бағытты ұлтаралық және конфессиялық ортада шиеленістің өсуін арандатуға қабілетті радикал-дық діни және ұлтшылдық идеялардың артуы түріндегі бүлдіруші құбылыстарды қатаң бейта-раптандырып, қағидаттық тұрғыда жүргізу қажет.

Ұлттың тағдыры, оның мәдениеті, тілі мен дәстүрлеріне деген шынайы қамқорлықтың басқа халықтардың дәл осындай қажеттіліктеріне нұқ-сан келтірумен ешқандай ортақтығы жоқ.

Бізге инвестициялар келіп жатыр, бізді құрмет-тейді, қоғамда салтанат құрған тұрақтылық пен келісімге тәнті болады. Демек, өзіміздің дамуы-мызға көмектесетін біздің аса маңызды игілігіміз нақ осы болып табылады. Оны бірлесе сақтайтын болайық.

Жұмыстың осы заманғы түрлері мен әдістерін пайдалана отырып, партияның идеологиялық жұмысын күшейту қажет.

Төртінші. Партияға ел басшылығының Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған бастамасына, атап айтқанда, әлемнің бәсекеге барынша қабілетті 50 елінің қатарына



кіру стратегиясына табандылықпен қолдау көрсетуді қамтамасыз етуі қажет.

Өз халқының өркендеуін көздейтін партияға бұдан асқақ, бұдан гөрі рухтандыратын не болуы мүмкін?

Біз осы идеяны іске асыруды әр қазақстандықтың ісіне айналдырып, әркім осы мақсат үшін жұмыс істегісі келуін қалыптастыруға тиіспіз. Біз оны жүзеге асырамыз да.

Бүгінде ел экономикасын әртараптандыру және тұрлаулы ұзақ мерзімді өсімге қол жеткізу жөнінде ауқымды жұмыс жүргізілуде.

Бұл үшін менің тапсырмам бойынша экономиканың шикізаттан тыс салаларында инвестициялық жобалар іске асырылып, жаңа өндірістер құрылуда, кластерлік бастаманы мазмұндық тұрғыда толымды ету, инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру жөнінде белсенді жұмыс жүріп жатыр.

Экономиканың дамуын сапалық жаңа деңгейге шығаруға мүмкіндік беретін халықаралық маңызды «секірістік» жобаларды талдап жасау және іске асыру көзделуде. Жоғары технологиялық, ғылымды көп қажет ететін өндірістерді құру жоспарланған.

Біз Қазақстанда осы заманғы технологияларды дамытуға тиіспіз. Атап айтқанда, бізге өмірдің барлық саласында мультимедиялық технологияларды дамыту және ендіру керек. Мультимеди-

ялық жұмыстардың негізгі бағыты электрондық үкіметті дамытуға, білімнің, телемедицинаның сапасын арттыруға, электрондық бизнесті дамытуға арналуы тиіс. Біз бұл салада Малайзия мен Сингапурдың тәжірибесін белсене қабылдайтын боламыз.

Жаһандану және жедел өзгеріс үстіндегі экономикалық ахуал, сондай-ақ алып, бәсекеге қабілетті елдермен көршілік жағдайында бізге икемді де ұтқыр болу керек, тек осылай еткенде ғана біз жаһандану сынақтарына жедел жауап бере аламыз. Бірқатар стратегиялық жоспарлар мен бағдарламаларымыз бола отырып, біз стратегиялық менеджментке күш салуға тиіспіз.

Бұл үшін мен екі мемлекеттік «Самұрық» және «Қазына» қоры» холдингтерін – елдің экономикалық мүдделерін қорғауды және ілгерілетуді қамтамасыз етуге тиіс құрылымдарды құрғанымды сіздер білесіздер.

Кез келген дамушы ел өзінің табысты жұмыс істеп, ел дамуына негізгі үлес қосатын компанияларын мақтан етеді.

Бүгінде Қазақстанның жетекші компаниялары бизнес жүргізудің халықаралық қалыптар деңгейіне шығып, еліміз экономикасының шетелдегі шынайы ұшырасу карточкасына айналды.

Тәуелсіздік жылдарында «ҚазМұнайГаз» құрылды, ол болашақта әлемдік ірі компанияға айналуы тиіс. «Қазақмыс», «Қазақстан темір

жолы», «Қазатомөнеркәсіп», «KEGOC» және басқалары табысты жұмыс істеуде.

Біз сондай-ақ банк жүйесін, елдің ірі банктері – «Халық банкін», «Қазкоммерцбанкті», «ТұранӘлем Банкті», және басқаларын мақтан етеміз.

Қазақстан бизнесінің көшбасшыларыны құрметпен қарауды үйренетін уақыт жетті. Әрине, біз олардың кемшіліктері туралы да айтамыз. Алайда партиялар оларға бірлесіп қолдау білдіруі тиіс, өйткені оларды құрған да, өсірген де өзіміз.

Тұтастай алғанда биліктің барлық тармақтары, қоғамдық ұйымдар, бизнестің және халықтың тарапынан кең қолдау болмайынша, елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру жөніндегі бастаманы іске асыру мүмкін емес. Сондықтан елдің мүшесі ең көп саяси партиясы болып табылатын және өз қатарында халықтың барлық жіктерінің өкілдерін біріктіретін «Отан» партиясы біздің осынау барлық бастамаларымызға белсенді қолдау білдіруді қамтамасыз етуі тиіс.

Бесінші. «Отан» партиясы жергілікті жердегі жұмысты барынша жандандыра түсуі керек. Мемлекеттік басқарудың деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді шектеудің мәні көбіне-көп жергілікті билік деңгейінің өкілеттігін кеңейтуге тірелетінін сіздер білесіздер. Елдің саяси дамуының ой қисыны осындай, бұл үрдіске «Отан» тез бейімделе білуі тиіс.

Биылғы жылғы қазанда 49 аудан мен 10 қалада аудандар мен облыстық бағыныстағы қалалардың әкімдерін сайлау өтеді. Мен отандықтарды осы сайлауға барынша белсенді атсалысуға шақырамын.

Алдағы жылдарда ауылдық жерлерде жергілікті өзін-өзі басқару енгізіледі. Меніңше, «Отан» бұл арада да барынша саяси белсенділік көрсетуге, сөйтіп Қазақстанда жаңа демократиялық сайланбалы органдардың орнығуына септесуге тиіс.

Келесі жылы ел мәслихаттарының сайлауы, 1 жылдан кейін – Сенат сайлауы, ал 2009 жылы – Парламент сайлауы өткізіледі. Осынау сайлау науқандарына дайындық жұмысын қазірдің өзінде бастау, әсіресе партияның жергілікті жердегі жұмысын нығайта түсу жөн.

Сондықтан да партия филиалдарының жұмысын елеулі түрде жандандыру, бұрыннан келе жатқан мәселелердің жаңа шешімдерін табу керек.

Біздің партиямыз барлық деңгейдегі атқарушы биліктің басқару құрамын қалыптастыруға қатысады. Бастамашыл қызметкерлерді қолдау керек. Сонымен бірге, халыққа қызмет етсін деп қойған шенеунік бетімен кетсе, өз қалтасын мемлекет қалтасымен шатастырса, тапсырылған істі атқара алмаса, онда көз жұмып отыруға болмайды. Біз ондайлардан ада-күде арылуға тиіспіз. «Отан» көкейкесті қоғамдық мәселелерге жедеғабыл үн

қатып отыруы, нақты «халық дауысы» болуы қажет.

\* \* \*

Тұтастай алғанда, мен біріккен «Отан» партиясы алдағы кезде де ел дамуының стратегиялық бағытын жүргізуде негізгі тірек, реформа бастамашысы болады, жаңа идеяларды жұртқа жайып, мемлекет саясатының негізгі бағыттары бойынша негізделген, пысықталған ұсыныстарды тұжырымдайды деп үміт артамын.

«Отан» партиясы, билік партиясы ретінде, біздің жаңа стратегиямызды жүзеге асырудың басты саяси ресурсы, жедел жаңарудың қуатты қозғаушысы болуға тиіс.

Біз өршіл жоспарлар жасадық, оларды жүзеге асыру экономикамызды да, азаматтардың күнбе-күнгі өмірін де, бүтіндей алғанда еліміздің келбетін де түбегейлі өзгертіп жібереді. Бұл біздің қуат-күшімізді барынша жұмылдыруды қажет етеді.

«Отан» мен «Асардың» бірігуі бұл партиялардың идеялық тұрғыдан жақындығын ғана емес, кемелдігін де көрсетеді. Бұл олардың өсу жолындағы заңды белес. Қабылданған шешім «Отан» және «Асар» партияларының мүшелері үшін жалпымемлекеттік мүдделер басым тұратынын, жеке кеудешілдіктен жоғары екенін айғақтайды.

Екі партия ортақ мақсатқа қол жеткізу үшін, біздің еліміздің ілгерілеуі және Қазақстанның әлемнің бәсекеге барынша қабілетті, дамыған елдерінің қатарына кіруі үшін бірігіп отыр.

Біздің мақсатымыз ортақ – азаматтарымыздың әл-ауқатын арттыру. Біз осы міндетті шешу жолында бірлесе жұмыс істейтін боламыз.

Алға қойған мақсатқа жету үшін, тек қана алға жылжу үшін, біз бірге болуымыз керек!

ТМД-ға мүше мемлекеттер  
басшыларының бейресми кездесуінде

## СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Ресей Федерациясы,  
Мәскеу қаласы,  
2006 жылғы 22 шілде

### Құрметті әріптестер!

Биылғы жылдың желтоқсанында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының құрылғанына 15 жыл толады. КСРО ыдыраған 90-шы жылдардың аумалы-төкпелі кезеңінде посткеңестік елдердің ТМД аясына бірігуі жалғыз дұрыс шешім болды деп есептеймін.

Бүгінде аса ірі мемлекеттің ыдырауы салдарынан туындаған қиындықтарды жеңілдетуде

және болжап болмайтын сценарийлер бойынша бас көтеретін жағдайлардың алдын алуда Достастық жағымды рөл атқарғанын толық сеніммен айтуға болады. Сол уақыттағы осындай сипаттағы міндеттерді шешу арқылы ТМД өзінің тарихи миссиясын орындады. Достастық өзінің жұмыс істеу кезеңдерінде үлкен институционалдық эволюциядан өтті, бүгінде 280 млн адамды құрайтын 12 мемлекетті біріктіріп отыр. Біздің елдеріміздің барлық бағыттағы өзара қарым-қатынасына арналған келісімдік-құқықтық ауқымды арқау жасақталды. ТМД-ның жарғылық және атқарушы органдары, 70-тен астам үйлестіруші салалық құрылымдары жұмыс істейді.

Сонымен бірге, кең ауқымдағы осындай өзара іс-қимылға қарамастан, Достастық бірқатар субъективті және объективті себептерге байланысты ынтымақтастықтың толыққанды тиімді интеграциялық тетігі бола алмады.

Достастық мүше мемлекеттерді посткеңестік кеңістіктегі аса өткір ішкі жанжалдарды шешетін біріздендірілген заңнамалармен қамтамасыз ете алмады. ТМД аясында еркін сауда аймағын, төлем одағын, бірыңғай қорғаныс кеңістігін құру секілді ірі интеграциялық жобалар жүзеге асырылмады.

Соның салдарынан соңғы уақытта Достастық кеңістігінде кірігуден кері кеткізетін үрдістер күшейе түсті. Жаһандану жағдайында біздің



елдердің интеграциялық мүмкіндіктерін жүзеге асырудың тиімділігі жоғары екені анық.

Бүгінгі күні ТМД аясында 1600-ден астам құжат қабылданған, қазіргі кезде оның 10 %-ға жуығы ғана жұмыс істейді. ТМД-ның нормативтік базасының басты мазмұнындағы жетімсіздік алдын ала сипаттағы келісімдер үлес салмағының жоғары болуында жатыр. Олар негіздерді құруда және интеграцияны дамытудың бастапқы кезеңдерін жақындату мүмкіндігінде жағымды рөл атқарды, бірақ қазір жаңа заман талабына жауап бермейді. Сонымен бірге, жүргізілген талдаулар ынтымақтастыққа бағытталған нормативтік базалардың бірқатары өзекті, өзара мүдделерге жауап беретіндігін көрсетті.

ТМД мемлекеттері арасында объективті өзгешеліктер бар, олардың халықаралық өмірдегі және аймақтық саясатты айқындаудағы ықпал ету дәрежесі прагматиктік сайлау және аса ерекше бағыт пен тарихи кезеңдердегі өзара тиімді ынтымақтастықта нақтылануы қажет. Жаңартылған ТМД-ның басымдықтары ТМД мемлекеттерінде қоныстанған барлық халықтардың мүддесіне қызмет ететіндей сәйкестікте болуы тиіс.

Ықпалдастықтың келешегі мен бағыттары мыналар болып табылады.

Біріншіден, қанат жая түскен жаһандануда және еуразиялық кеңістіктегі болашақ экономикалық интеграция жағдайында көші-қон саясаты

аясындағы ынтымақтастық белсенділігі арта түседі. Еңбек көші-қонын экономикалық тұрғыдан реттеу және заңсыз көші-қонның бірлесе алдын ала бойынша өзара іс-қимылды кеңейту аясында ұлттық заңнамаларды үндестіру қажеттігі туады.

Екіншіден, көліктік инфрақұрылымдарды дамыту және бірлесе пайдалану мәселелері өзекті болады. ТМД елдерінің барлығы дерлік көлік коммуникациялары мен байланыс желілерінде бір-бірімен байланысты, жалпы энергожүйесіне кіреді, әуе қозғалысын басқару жүйелері интеграцияланған, мұнай-газ құбырлар желісін бірлесіп пайдаланады.

Біздің көзқарасымызша, теміржол, автомобиль көлігі, азаматтық авиация, сондай-ақ құбыр желісі мен энергия жүйесін пайдалануда өзара іс-қимылды кеңейтіп, оларды іске қосудың тиімділігін арттыру қажет.

Үшіншіден, мектепте білім беруден бастап, біліктілігі жоғары мамандар дайындауға дейінгі ғылыми-білім беру саласындағы ынтымақтастықты кеңейту өзекті болып табылады. Бұл біздің елдеріміздің жалпы білім беру кеңістігіндегі ғылыми-интеллектуалдық мүмкіндігімізді арттырады.

Бұл салада қалыптасқан ынтымақтастыққа қатысты құқықтық база негізінен қызмет етуде, бірақ ол жетілдіруді қажет етеді.

Төртіншіден, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық перспективасы айтарлықтай мәнге

ие болып отыр. Мәдени-гуманитарлық саладағы өзара қарым-қатынас деңгейі біздің халықтарымыздың бейбіт өмір сүріп, елдерімізде толеранттық саясатты және түрлі ұлттар арасындағы өзара түсінушілікті дамытуға тығыз байланысты.

Бесіншіден, бұл мәселелер – трансшекаралық қылмысқа қарсы іс-қимыл ТМД елдерінің барлығы үшін өзекті.

Ұйымдасқан қылмыс, заңсыз есірткі айналымы, заңсыз көші-қон, адам саудасы және басқа да қауіп-қатерлер трансшекаралық сипатқа ие, оларға тек бірлескен күш-жігердің арқасында ғана қарсы тұруға болады. ТМД-ға мүше мемлекеттер барлық осы проблемаларға бірдей келіп, шешім қабылдаса, қалыптасқан дағдарысты жоюға болады.

Бүгінде ТМД елдерінің күш біріктіруінің арқасында кешенді құқықтық және трансшекаралық қылмысқа қарсы іс-қимыл жүйесі құрылып, жақсы жұмыс істеп келеді. Сондай-ақ қылмысқа, терроризмге, есірткі құралдарының заңсыз айналымына қарсы күрес ынтымақтастығы туралы бірқатар келісімдер де қайтарымын беріп отыр. Енді осы қол жеткен әлеуеттен айрылып қалмау маңызды.

Белгіленген ынтымақтасу бағыттары бұрынғы кеңестік елдердің бәрі үшін де өзекті. Достастық аясындағы өзара тиімді қарым-қатынастар мұнымен де шектелмейді.

Мәселен, ТМД-ның тиімсіз органдар жүйесі мен құрылымдары қайта жаңартуды қажет етеді. Олар ұсынылып отырғанындай, ынтымақтастыққа бағытталған таңдаулы басымдықтарды жүзеге асыруға тікелей байланысты болуы қажет.

Аталған басымдықтарға сәйкес ТМД-ның жарғылық органдары құрылымында Мемлекет басшыларының кеңесін, Сыртқы істер министрлері кеңесін, Парламентаралық ассамблеяны сақтау ұсынылады.

Қалған жарғылық органдар – Үкімет басшыларының кеңесін, Қорғаныс министрлері кеңесін, Шекара әскерлері қолбасшылары кеңесін, Экономикалық сот, сондай-ақ мәлімденген, бірақ қазіргі кезге дейін құрылмаған Адам құқықтары жөніндегі комиссияны тарату керек деп есептейміз.

Жаңғыртылған Достастық көшбасшылары кездесуінің форматына келсек, оның қызметін жаһандық сипаттағы мемлекетаралық көкейкесті мәселелер талқыланатын үнқатысу алаңы түрінде ұйымдас-тыру неғұрлым жемісті болатын сияқты көрінеді.

Бұл ретте мемлекет басшылары саммитінің шешімі консенсустық сипатта, оны қабылдауға қатысқан қатысушы мемлекеттердің барлығы үшін міндетті болуы тиіс. Бұл Достастық аясында саяси интеграцияны нығайтуға жетелейді.

Ұсынылған бағдарламадағы жаңашылдық – ұлттық үйлестірушілер институтын құру. Бұл мемлекетаралық ынтымақтастықты атқарушы негізгі

орган, ол мысалы қатысушы елдер үкіметтерінің вице-премьерлері дәрежесінде ұсынылады. Ұлттық үйлестірушілердің міндетіне интеграциялық күн тәртібін айқындап, ТМД аясындағы ынтымақтастықтың перспективалы стратегиясын дайындауға ықпал ету жатады.

«Үлкен сегіздіктің» (G8) функциялық тетігіне ұқсас бұл ұлттық үйлестірушілер өз кезегінде ТМД-ның барлық саммиттерін өткізуге дайындық жұмыстарын жүзеге асыратын болады. «Үлкен сегіздікте» шерптер сияқты ұлттық үйлестірушілер келісілген қорытынды құжаттардың жобасынан бастап, Мемлекет басшыларының шешімдерін жүзеге асыруға дейінгі нақты шараларды дайындайды.

ТМД-ның Атқару комитетін оңтайландыру өз кезегінде оны қайта ұйымдастыруға, соның негізінде ТМД аясындағы интеграцияға бағытталған басымдықтарға сәйкестендірілген 4–5 департамент құрып, олардың жаңа тұжырымдамасын жасауды ұсынды.

ТМД-ның Атқару комитеті саммиттер аралығындағы кезеңде қабылданған шешімдер мен ТМД-ның салалық ынтымақтастығы органдары қызметін үйлестіруде Ұлттық үйлестірушілер комитетінің жұмыс органы болады. Болашақта құрылатын Ұлттық үйлестірушілер комитеті мен ТМД-ның қазіргі Атқару комитеті арасындағы

бірінің өкілеттілігін екіншісі қайталау функциясын болдырмайды.

ТМД-ның салалық органдары арасындағы ынтымақтастық құрылымдарындағы кеңестер, комиссиялар мен комитеттер саны бүгінде 70-тен асады. Сондықтан салалық кеңестерді қайта құру немесе оларды әртүрлі деңгейдегі ведомствоаралық кеңесші органдарға айналдыру ұсынылып отыр. Достастық институттарын оңтайландыру жөніндегі ұсынылған шаралар жүзеге асырылса, ТМД-ға мүше мемлекеттердің ынтымақтастығы нығая түсетіндігіне сенемін.

Ұсынылып отырған шараларды техникалық тұрғыдан жедел жүзеге асыру үшін Достастықты жаңартуға бағытталған іс-қимыл жоспарын дайындайтын арнайы жұмыс тобын құруды ұсынамын.

ТМД-ны реформалауды ұсына отырып, біздің халықтарымыздың өркендеуіне, тұрақты дамуын қамтамасыз етуге, Еуразия кеңістігінде қауіпсіздік, бейбітшілік және тыныштық орнату жолында ұмтылысқа әзір екендігін Қазақстан тағы да бір рет дәлелдеп отыр. Барлық мүдделі мемлекеттердің ортақ күш-жігерінің арқасында Достастық кемелді түсіністікке, жаңа берік келісімдерге қол жеткізе алады деп сенемін.

Қазақстан Республикасының Парламенті үшінші шақырылымы ІІІ сессиясының ашылуында «Корпоративтік басқару, ашықтық және қоғам алдында есеп беру қағидаттарының негізінде мемлекеттік басқаруды жаңарту» тақырыбында

## СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,  
2006 жылғы 1 қыркүйек

**Құрметті Палата төрағалары!**  
**Құрметті депутаттар!**  
**Ханымдар мен мырзалар!**

Қазақстан Республикасы Парламентінің үшінші сессиясын ашық деп жариялаймын.

Сіздерді Парламенттің үшінші сессиясы жұмысының басталуымен құттықтай отырып, өткен сессия барысындағы жемісті еңбектеріңіз үшін алғыс айтамын.

### **I. Қазақстан ауыспалы кезеңді ойдағыдай аяқтады және өз дамуының жаңа сатысына сеніммен аяқ басты**

Сіздер мемлекетіміздің алдына қойылған іргелі міндеттерді шешу және Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру мақсатын іске асыратын аса маңызды заңдарды қабылдауда айтарлықтай қызмет жасадыңыздар.

Тұтастай алғанда, Парламенттің екінші сессиясының жұмыс қорытындылары айрықша бағалауға лайық.

Алайда жеткен жетістіктерімізбен тоқтап қалуға болмайды. Алда бізді күрделі де маңызды заң шығару жұмыстары күтіп тұр.

### **II. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына жедел кіруі – уақыт ұйғарымы**

Тәуелсіздік жылдары біз мемлекеттік құрылыста, әлеуметтік-экономикалық өркендеуде, түрлі этностар мен конфессиялар арасындағы келісімде әлем жұртшылығы таныған нәтижелерге қол жеткізіп, халықаралық қоғамдастыққа толық хақылы мүше ретінде кірдік.



Мұның барлығы «Қазақстан – 2030» стратегиясының шеңберінде атқарылған нақты да айқын іс-әрекеттердің, «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарған» ұйымшыл команданың және барша азаматтарымыздың жанқиярлық еңбегі мен ауқымды қоғамдық қолдауының арқасында мүмкін болды.

Соның негізінде біз басты мақсатымыз – Қазақстанды әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына енгізуге кірісіп те кеттік. Наурыздағы Жолдауымда мен экономикамызды дамытудың басым бағыттарын баяндап берген болатынмын. Енді Үкіметтің осы стратегиялық мақсатқа қол жеткізетін нақты іс-шаралар жоспары болуға тиісті.

Әрине, Жолдауда алға қойылған маңызды міндеттерді орындау үшін бізге іскер Үкімет қажет.

«Қазақстан – 2030» стратегиясында мен дамуымыздың негізгі басымдылықтарының бірі ретінде ықшам әрі кәсіби Үкімет жасақтауды алға қойған едім. Қазір біз өтпелі кезеңді табыспен аяқтап, дамуымыздың жаңа кезеңіне қадам басқан кезде бұл міндеттің маңызы бұрынғыдан да арта түседі.

Сол себепті мен әкімшілік реформа жасау жөнінде бастама көтердім.

Германияның канцлері Отто фон Бисмарк XIX ғасырда айтқанындай: «Қауқарсыз заңдар мен қарымды шенеуніктер арқылы елді басқару мүм-

кін болар-ау, алайда қауқарсыз шенеуніктермен ешқандай заң да көмектесе алмайды».

Осы тұрғыда біз мемлекеттік басқаруды жаңартудың нақты жолдары мен оны одан әрі дамытудың іс-шараларын жасауымыз қажет.

### III. Мемлекеттік басқаруды жаңарту

Біз мемлекеттік қызметті тұтынушылардың мүдделері барынша ескерілетін мемлекеттік басқарудың сапалы жаңа моделін жасайтын боламыз. Мемлекеттік аппарат корпоративтік басқару, ашықтық және қоғам алдында есеп беру қағидаттарының негізінде ең озық халықаралық тәжірибеге сүйене отырып жұмыс істеуі тиіс.

Менің наурыздағы Жолдауымнан кейін бұл бағытта маңызды құрылымдық өзгерістер жасалды.

Биылғы жылдың 1 шілдесінен бастап Ұлттық қор мен бюджет жаңа ереже бойынша жұмыс істеуде.

«Самұрық» қазақстандық холдингі» және «Қазына» тұрақты даму қоры» акционерлік қоғамдары құрылды. Олардың міндеті – мемлекеттік активтерді корпоративтік түрде басқарудың сапасын халықаралық деңгейге көтеру.

Тап осындай қағидаттар бойынша аграрлық секторда «ҚазАгро» холдинг компаниясын құру қажет.

Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар (ӘКК) құрылуда. Жуырда Қарағанды облысында әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияның ізашар жобасы ретінде «Сарыарқа» корпорациясы іске қосылды. Осы орайда биылғы жылдың соңына дейін еліміздің барлық аумақтарын қамтитын 7 Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация құрылуға тиіс.

Құрылымдық өзгерістердің мазмұны мен сапасына басты басымдылық берілуі керек.

Мемлекеттік басқаруды жаңарту мақсатында Үкіметке мынадай шараларды жүзеге асыруды тапсырамын.

Бірінші. Бұл – мемлекеттік органдар құрылымын жетілдіру. Үкімет қайсыбір аралық буындарды алып тастау арқылы биліктің барлық деңгейіндегі лауазымдық сатыларды қысқартуы тиіс. Басқару шешімдерін қабылдаған кезде мемлекеттік органдар жұмысының кешенділігі қамтамасыз етілуі тиіс.

Саяси мемлекеттік қызметшілердің саны да қысқартылатын болады.

Орталық мемлекеттік органдар, ведомстволық бағыныстағы аймақтық бөлімшелер және жергілікті атқарушы органдар арасындағы функциялардың қайталануын болдырмау мақсатында Үкімет функциялық талдауды оқта-текте емес, тұрақты жүргізіп отыруы тиіс. Осындай талдаудың қорытындылары бойынша мемлекеттік

органдар құрылымын жетілдіру және мемлекеттік аппаратты қысқарту жөнінде тиісті шешімдер қабылдануы тиіс.

Министрліктерге саясатты әзірлеу және оның іске асырылуын бақылау, саяси шешімдер қабылдау, нормаларды жасау қызметі және қарамағындағы комитеттердің қызметін үйлестіру функциялары бекітіліп берілуі керек. Өз кезегінде министрліктердің комитеттері белгіленген саясатты іске асырумен дербес айналысып, бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыруға тиіс.

Министрліктер мен ведомстволардың, әкімдіктердің реттеуші функцияларын арттыру үшін олардың басқарушылық шешімдер қабылдаудағы өкілеттіктері мен дербестігі күшейтілуге тиіс.

Үкімет құрамына кірмейтін агенттіктердің мәртебесі мен өкілеттіктерін, олардың мемлекеттік басқару жүйесіндегі рөлін айқындап алу керек.

Екінші. Мемлекеттік қызметшілердің жалақысын еңбегінің нақты нәтижелеріне қарай, қазақстандық ірі жеке меншік компаниялармен салыстыруға келетін деңгейге дейін ұлғайту.

Кәсіби мемлекеттік аппаратты құру және сыбайлас жемқорлықты жою мақсатында мемлекеттік органдардың бірыңғай еңбекақы төлеу жүйесі елеулі өзгеріске түседі.

Мемлекеттік органдар мен әрбір қызметкердің жұмыс сапасын бағалау жүйесі енгізілуі тиіс, ал жалақы мемлекеттік қызметшінің кәсібилігі мен

орындайтын жұмысының тиімділігіне ғана байланысты болуы қажет.

Саяси мемлекеттік қызметшілер бойынша мемлекеттік органдар қызметін рейтингтік бағалау нәтижелерінің негізінде жылдық бонустар төлеу жүйесін дайындау қажет. Мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін күшейтіп, мемлекеттік органдар қызметін бағалаудың біртұтас жүйесін қалыптастырғаннан кейін Үкімет мемлекеттік аппаратты қысқартудың есебінен жалақыны жеке меншік сектормен салыстыруға келетін деңгейге дейін кезең-кезеңімен көтеру жөнінде ұсыныс енгізуі тиіс. Мемлекеттік аппаратты қысқартудан түскен барлық қаржы жалақыны көтеруге жұмсалады. Менің есебім бойынша мемлекеттік қызметшілердің 30 %-ға жуығы қысқартылатын болады.

Еңбекақы төлеу қорының құрамында әкімшілік мемлекеттік қызметшілерді ынталандыру үшін арнайы қор қалыптастырылуы мүмкін. Оны жоғары жұмыс нәтижелері үшін сыйлық беруге және келісім-шарт бойынша қосымша қызметкерлер жалдауға пайдалану қажет.

Үшінші. Мемлекеттік қызмет көрсетудің жоғары сапасына қол жеткізу.

Барлық мемлекеттік органдарда мемлекеттік қызмет көрсетудің салалық стандарттары әзірленуге және енгізілуге тиіс.

ИСО халықаралық сапа стандарттары, мемлекеттік органдар жұмысының ашықтығы және

олардың қоғам алдында есеп беру қағидаты кезең-кезеңімен енгізілетін болады.

Әрбір мемлекеттік органның өз даму стратегиялық жоспары болуға тиіс, онда нақты мақсаттар мен міндеттер, соларға қол жеткізудің жолдары, сондай-ақ даму мүмкіндіктері көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарын сақтауды бақылау мақсатында, қарапайым халық пен кәсіпкерлер арасында жүйелі әлеуметтік сауалнама жүргізу жолымен де жүргізілетін ішкі және сыртқы аудит жүйесі құрылатын болады.

Барлық жерде «электронды үкіметті» енгізу азаматтар мен ұйымдарға сапалы мемлекеттік қызметке жедел қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Төртінші. Мемлекеттік органдар қызметінің рейтингін және бюджеттік үдерісте жаңа ұстанымдарды енгізу.

2007 жылы орталық мемлекеттік органдар мен облыс әкімдіктері қызметін тұрақты негізде рейтингілік бағалау жүйесі енгізілетін болады. Бұл жұмыс үдерісін ішкі әкімшіліктендіруді жақсарту, бюджет қаржысын жұмсау тиімділігін арттыру және мемлекеттік қызмет көрсету сапасын қамтамасыз ету мақсатында жасалады. Аталған шара мемлекеттік органдарды өз қызметінің тиімділігін арттыруға ынталандыруды көздейді.

Бюджеттік жоспарлауда қатаң бюджеттік шектеулерге барудан гөрі нақты түпкі нәтижелерге бағдарланған қаржыландыру жүйесіне көшуге

баса мән беріледі. Мемлекеттік, салалық, өңірлік және бюджеттік бағдарламалардың нақты мақсаты мен индикаторлары болуға тиіс. Бюджеттік қаржыны жұмсау мен тиісті бағдарламаларды іске асыруға бірінші басшылардың жауапкершілігі күшейтіліп, пәрменді бақылау жүйесі құрылуы керек. Мұнан басқа, әрбір мемлекеттік орган өз қызметінің өнімділігін арттыру есебінен әкімшілік шығындарды қысқартуға міндетті болады.

Бесінші. Мемлекеттік аппараттың тұрақтылығын, тұрлаулылығын және басқарымдылығын арттыру.

Орталық мемлекеттік органдарда мемлекет басшысы тағайындайтын, олардың аппараттарындағы жұмыстың тұрақтылығын қамтамасыз ететін жауапты хатшы жоғары әкімшілік лауазымы енгізілуі қажет.

Жауапты хатшы мемлекеттік органның барлық ішкі істеріне жетекшілік жасайтын болады, бұл жоғары басшылықтың саясатты әзірлеумен және стратегиялық мәселелермен айналысуына мүмкіндік береді.

Әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің жұмысын бағалаудың тетіктері енгізіледі, сондай-ақ олардың орталық пен аймақтық құрылымдар арасында алмасып отыру тетігі әзірленетін болады.

Алтыншы. Сыбайлас жемқорлықты азайту. Жоғарыда аталған шаралардың барлығы және

әкімшілік реформалар қисынының өзі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске бағытталған.

Біз әкімшілік кедергілерді, бюрократиялық «сөзбұйда» мен шектен тыс тексерулерді қысқарту жөніндегі жұмысты жалғастыратын боламыз.

Шағын және орта бизнес мүдделерін қорғау мемлекеттік реттеу нормаларын енгізу кезінде де, сонымен бірге оларды жүзеге асыру кезінде де күшейтілетін болады.

Бейбейін активтер мен мемлекетке тән емес функцияларды бәсекелестік ортаға беру жөніндегі жұмыс 2006 жылдың соңына дейін аяқталуға тиіс.

Көлеңкелі экономиканы қысқарту үшін біз «Мүлікті жария етуге байланысты рақымшылық жасау туралы» Заң қабылдадық. Адамдар құпиялықтың қатаң сақталатынына сенімді болуы керек. Өз басым мемлекет басшысы ретінде бұған кепілдік беремін. Осының алдында жүзеге асырылған қаржыны жария ету тәжірибесі мұны қуаттай алады. Құпиялықты сақтау мәселесін күшейту және мүлікті жария ету акциясының мерзімін 2007 жылдың 1 сәуіріне дейін ұзарту үшін Парламенттен «Мүлікті жария етуге байланысты рақымшылық жасау туралы» Заңға тиісті өзгерістер енгізуді сұраймын.

Жетінші. Мемлекеттік қызметтің оң имиджін қалыптастыру және нығайту.

Шенеуніктікті аспандата көтеру немесе келемеж ете кемсіту мінездің кейпіндей көрінетін әсер аз



кездеспейді. Солай болса-дағы Қазақстан бүгінде мақтаныш тұтатын нәтижелерге сол мемлекеттік қызметшілердің де еңбегінің арқасында қол жетті. Ондаған мың мемлекеттік қызметшілер барлық деңгейде өз парызын адал атқарып жүр, алайда БАҚ-тың, жұртшылықтың назарына негізінен мүлдем басқа тұрғыдағы мысалдар түсіп жатады.

Егер мемлекетке үлкен корпорация ретінде қарайтын болсақ, онда оның менеджерлерінің іскерлік беделі – аса маңызды капитал екені айдан анық. Біз мемлекеттік қызметшілер корпусын ортаңғы, төменгі деңгейлерде өзінің мемлекеттік қызметін жоғары кәсібилікпен, патриоттықпен, адал атқарудың үздік өнегелерінде тәрбиелеп, оларды жұртшылыққа кеңінен танымал етуге тиіспіз. Үкімет осы бағытта да тиісті шаралар қабылдауы қажет деп білемін.

Бұл айтылғандар – әкімшілік реформаның негізгі бағыттары. Таяу арада мен оны жүзеге асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарын бекіту туралы өкімге қол қоямын, ол заңнамада айтарлықтай өзгерістер жасауды талап етеді.

Бұған қоса, әкімшілік реформа жөніндегі жұмыс тобына үстіміздегі жылдың соңына дейін әкімшілік жүйені жаңартудың осы қағидаттары бойынша құқық қорғау жүйесі мен бюджеттік саланы – бірінші кезекте, білім беру мен денсаулық сақтауды реформалау жөнінде ұсыныстар әзірлеп, енгізуді тапсырамын.

Әкімшілік реформаны жүзеге асырудағы табыс барлық билік тармақтарының қызметіндегі ретке келтірушілікке байланысты болады.

Мен сіздерді әкімшілік реформаның заңнамалық арқауын жетілдіру жөніндегі жұмыста белсенділік танытуға шақырамын.

### **Құрметті депутаттар!**

Қазақстанның өз дамуының жаңа кезеңіне аяқ басу қисыны мемлекеттік басқаруды, саяси жүйені, бәлкім, елдің Конституциясын мұқият зерделеуді және тиісті реформалар жүргізуді талап етеді.

Түптеп келгенде, біз еліміздің саяси және мемлекеттік құрылымының ұтымды моделін жүзеге асыруға тиіспіз.

Демократиялық реформалар бағдарламасын әзірлеу мен нақтылау жөніндегі мемлекеттік комиссияның қызметі де нақ осыған бағытталған.

Мемлекеттік басқаруды жаңарту, саяси реформаларды жүргізу біздің қоғамымыздың топтасуына, Қазақстанның әлемдік қауымдастық алдындағы беделі мен абыройын өсіре түсуге жәрдемдесетіні сөзсіз.

Бұл Қазақстанның халықаралық саясаттың, өркениеттер арасындағы үнқатысудың, Орталық Азия өңіріндегі тұрақтылық пен ықпалдастық орталықтарының біріне айналуына мүмкіндік береді.

Қазақстанның Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының төрағасы ретінде сайлануы бұл беделді ұйымның қазіргі заманның басты қатерлері мен уақыт сынына қарсы әлдеқайда серпінді де сенімді жауап қатуына мүмкіндік беретініне кәміл сенемін. Сонымен қатар, халықаралық терроризм мен діни экстремизмге қарсы тұрудың басты құралдары ретінде толеранттылық, конфессияаралық және ұлтаралық келісім проблемаларын барынша терең зерделеудің де маңызы арта түспек.

### **Құрметті депутаттар!**

Сіздердің құзырларыңызға елімізді одан әрі дамытуға қажетті заң жобалары ұсынылып отыр. Әлемдік қоғамдастықтан өзіміздің лайықты орнымызды алу үшін біз әрдайым ілгері басып, ілкімді қимылдауға тиістіміз. Сіздерге жүктеліп отырған жауапкершіліктің жүгі де аз емес, құрметті депутаттар.

Осы орайда мен сіздерді алға қойған биік мақсаттарға қол жеткізуіміз үшін және Қазақстанның одан әрі өркендеуі жолында жауапкершілікпен жемісті жұмыс істеуге шақырамын.

Әлемдік және дәстүрлі діндер  
көшбасшыларының II съезінде

## СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,  
2006 жылғы 12 қыркүйек

**Құрметті әлемдік және дәстүрлі діндер  
басшылары!**

**Құрметті съезд қонақтары!**

Тұңғыш рет әлемдік дін басшыларының басын қосып, алғашқы съезімізді өткізгенімізге де 3 жыл өте шығыпты. Қайыр-шапағаты мол сол бір кездесудегі уағдаласуымыз бойынша біз бүгін Еуразия кіндігі саналатын Қазақстанның жас ордасы – Астанада тағы да жүздесіп отырмыз. Бар күш-жігерін әлемнің әр түкпіріндегі алуан түрлі

халықтарды бейбітшілікке, қайырымдылыққа, татулыққа шақырып, дүниеге ізгілік нұрын таратып жүрген сіздермен кездесіп отырғаныма бек қуаныштымын.

Естеріңізде болар, сол жолғы басқосуда келесі кездесуімізді жаңа Бейбітшілік пен келісім сарайында өткізу туралы шешім қабылдаған едік. Мен сіздерге берген сол уәдемді орындап, аты әлемге әйгілі архитектор Норман Фостердің жобасымен осы ғажайып Сарайды салдырып, қазақ жеріне «Қош келдіңіздер!» деймін.

Сарайымыздың төрт тағаны дүниенің төрт бұрышына бірдей айқара есік ашқан. Бұл ғимарат әлемнің әр тарабындағы барша ұлттар мен дін өкілдеріне дос құшағын жайған тәуелсіз Қазақстанның символы іспеттес. Өйткені тәуелсіздік жылдары Қазақстанды мекендейтін 130-ға жуық ұлт пен 40-тан астам діни конфессиялар арасында татулық, өзара келісім берік орнықты. Соның арқасында біз дамудың қазақстандық моделін ойдағыдай жүзеге асырып, экономиканы реформалауда зор табыстарға қол жеткіздік. Ядролық қарудан бас тартып, Қазақстанды бейбітшілік аймағына айналдырдық. Барлық көршілерімізбен тату қарым-қатынас орнатып, жаһандық қауіпсіздікті сақтауда өңірдің көшбасшысы атандық. Осының бәрі бізге бар ғұмырын әлемдегі алуан дінді ұстанған халықтарды тыныштық, бітімгершілік, татулық пен келісімге

арнаған сіздер сияқты дін басшыларын шақырып, келелі кездесу өткізуге мүмкіндік туғызып отыр.

Осындайлық өкілетті форум Астана аспанының астында осымен екінші рет жиналып отыр. Мен сіздерді құттықтаймын және біздің мәртебелі қонақтарға өзімнің ықыластылығым мен алғыс сезімімді білдіргім келеді. Біздің бірінші форумда салынатыны туралы мен айтқан Бейбітшілік және келісім сарайы бүгін алғаш рет сіздерге есігін айқара ашты.

Осында, Астанада, 2003 жылы болған Әлемдік және дәстүрлі діндердің бірінші съезі бүкіл әлемнің назарын аударды. Оған дейін конфессиялардың өкілеттігі жөнінен сондайлық әмбебап форум болған емес. Астанадағы сол жолғы кездесу діндердің жаһандық үнқатысуы, өңірлік те, сол секілді әлемдік те ауқымдағы түрлі форумдар, конференциялар үшін айтарлықтай серпін берді.

Бүгін біз Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының екінші съезін ашып отырмыз. Егер 3 жыл бұрын біздің форумға 17 конфессиялық делегация қатысқан болса, бұл жолғы съезге енді 29 делегация қатысуда. Бұл өзгеріс атап айтарлықтай және біздің форумның өсе түскен беделін бейнелейді. Ол біздің өзара түсіністік, қазіргі дүние туындатып отырған күрделі сұрақтарға жауаптарды бірлесе іздеу жолымен келе жатқанымызды білдіреді.

Бірінші форумнан беріде өткен уақытта дінаралық үнқатысудың мәні тек өсе түсті. Өкінішке

орай, осы жылдары әлемнің барлық дерлік құрлықтардың аумағында болған көптеген қайғылы оқиғалар сандаған жанжалдарды бір ғана саяси немесе күш қолдану шараларымен шешу мүмкін еместігін тікелей де тиянақты түрде көрсетіп берді.

Бұл ғана емес, «Құдайды іздеу» пердесін жамылып барша ұлы ұстаздар айыптайтын шын мәніндегі үрейлі әрекеттер жасалуда. Екінші жағынан, белгілі бір дінді агрессияшыл деп айыптаудың біржақты әдеті айқын әлпетке көшті.

Осынау өзара үзілді-кесілділік бәсеңдейтін емес. Дегенмен, өркениетті адам – кейде өз көзқарастарына күмән келтіріп, жағдайға басқа көзбен қарауға қабілетті адам. Мұның өзі кей кезде саясатшыларда жетісе бермейді. Бірақ та жаңағындай қасиеттер биік руханият адамдарын, оның үстіне бүгін осынау тамаша залда отырған адамдарды әрдайым даралап тұрады.

\* \* \*

Біз кей-кейде бір ұлы діни қағидатты, ой-ниетте, сөз бен әрекетте күштемеу қағидатты ұмыта береміз. Бірақ осынау бағзы қағидаттың астарында әбден осы заманғы орнықты нәрселер тұрады.

Адамның ой-ниеттерге, көңіл-күйге, алаңдаушылықтар мен күмәнданушылықтарға толы ішкі жан дүниесі – рухани жан дүние, діни ізденістер жан дүниесі. Күн күркірегендей жаңғырығы бар

телевизия, Интернет пен баспасөз – бұл сол баяғы сөз. Ал әрекет – осы ой-ниеттер мен сөздерді іс-қимылға айналдыратын саясатшылардың саласы. Діни доктрина деңгейінде, медиа құралдар деңгейінде және саяси іс-әрекет деңгейінде күштеуден бас тарту ғана осы заманғы дүниеде аман қалудың нақты негіздері болып табылады.

Солай болса-дағы барлық үш деңгейде өсіп бара жатқан агрессияшылдық айқын байқалады. Дін қайраткерлері бір діннің екіншісінен артықшылығы туралы шындап байсалды пікір білдіре бастаса, онда жанжал әу бастан қалыпталғаны айқын болады. Бұқаралық ақпарат құралдары басқа діндегілердің қасиетті сезімдерін қорлауды ұшындыра түссе, онда бұл журналистердің ерте ме, кеш пе өз нанымдарының қорлануымен бетпе-бет келетіні айқын болады. Саясатшылар этнодіни жанжалдарды шешудің күштеу әдісін қолдануға еш шімірікпестен бұйрық берсе, соғыс олардың өз үйлерінің табалдырығына келетіні айқын болады. Бұл үштағанда агрессияшыл жақ болмауы тиіс. Бірақ та оның негізіндегі дін қайраткерлерінің ұстанымында агрессияшылдық болмауы тиіс.

\* \* \*

Жанжалдарға толы әлемдегі осы заманғы үнқатысу көп ретте саңыраудың мылқаумен үнқатысуын жиі еске салады. Мұнда үнқатысуға деген



еш мұқтаждық жоқ, содан кейін тараптар тағы да өзінің даусыз дұрыстығына сеніп тарасады.

Меніңше, түрлі салаларда жұмыс істеп жатқан қағидаттар бұл салада да жұмыс істей алар еді. Мен оларды түсіністік қағидаттары деп атар едім.

Бұл әлі үнқатысу емес, бұл оны бастау үшін негіз. Бірақ та мұндай негіз болмаса, кез келген үнқатысу уақытты зая кетіруге айналады.

Біріншіден, алдын-ала кесіп-пішпей, өзара қабылдаудың ғасырлар бойы қалыптасқан қасаңдықтарынан бас тарту. Келеңсіз қасаңдықтардан бас тартпайынша, үнқатысуға кірісудің қажеттігі жоқ. Қазақстанның ұзақ та қасіретті тарихында қаскөйлік пен қантөгістің мысалдары аз емес. Жиырмасыншы ғасырдың алғашқы 30 жылында қазақтардың үштен біріне жуығы қырып-жойылды, сұмдық қиын жағдайларда опат болды немесе шетел асып кетті. Мұның бәрі біздің есімізде, бірақ та мұны өшпенділік пен өштесудің өзекті тақырыбы еткен емеспіз. Тарихи қасаңдықтардың қауіптілігі көп ретте мынада болады: олар тіпті әділ бола тұра ізгілікке емес, жауыздыққа шақырады. Бүгінгі дүниеде жаңа түскен жарақаттар мен құрбандықтар тым көп. Бірақ та менің саясатшы ретіндегі білетінім бір жайды – өзіңнің қасаң түсініктеріңнен өзің арылуын керектігін айтады.

Екіншіден, басқаның тылсым дүниесіне баса-көктеп кіруден саналы түрде бас тарту. Біреу

үшін қасиетті нәрсе басқа біреу үшін әзілге немесе келемежге айналмауы керек. Бұл қарапайым қағида, өкінішке орай, оны журналистер мен саясатшылар ғана емес, сонымен бірге басқа діндерге қатысты өз сөздеріне немқұрайды қарайтын дін қызметшілерінің өздері жиі бұзады.

Біз Қазақстанда 40-тан астам конфессияның өкілдері бейбіт қатар өмір сүруде деп жиі қайталаймыз. Бұл жай айтыла салған сөз емес – соңғы 15 жылда сіздер бірде-бір қазақстандық газеттен немесе телеарнадан белгілі бір дінді ұстанушылардың сезімдерін қорлауды көре алмайсыз. Бұған ел Конституциясы тыйым салады. Бұл ретте осы жылдары ешкімді жазалауға тура келген жоқ. Жауабы мен түсініктемесі қарапайым ғана – қоғамда тұтастай алғанда барлық діндарларға төзімділік пен түсіністік ахуалы қалыптасты.

Үшіншіден, әлемдік және дәстүрлі діндердің жаңа, қалыптан тыс қатерлерге бірлескен жауабы. Егер саясат әлемінде мұндай қалыптан тыс қатерлер терроризммен, жаппай қырып-жою қаруының таралуымен, трансшекаралық қылмыспен байланысты болса, рухани дүниеде бұдан әлдеқайда іргелі қатер туындауда. Бұл мыңжылдық рухани дәстүрлерден қолүзушілік. Бұл құбылыс, сенім-нанымға қарамастан, барлық құрлықтарда болып жатыр. Бұл жиырмасыншы ғасырдың байырғы бейбіт секуляризмі немесе қарабайыр атеизмі емес. Бұл әлемдік діндердің

дәстүрлерімен байланысты руханият тұрпатын түбегейлі жоққа шығарушылық. Осы заманғы діни институттардың негізін қиратарлықтай бұл қатерді түсінбеушілік даудың әлдеқашан жоғалтқан өзектілігін туындатады. Осы заманғы әлемдегі рухани ахуал өте өзгермелі және қалай дегенде де қоғамның бір бөлігі болып табылатын діни институттар жаңа тәуекелдерді және өз болмыстарының ең негіздеріне төнетін қатерлерді ескеруге мәжбүр.

Бұл қағидаттар өзіндік бір түсіністік өзегін құрай алар еді.

\* \* \*

Адам қызметінің кез келген саласында бір ортақ қағидат бар. Өзінің пішіні жағынан саяси үнқатысуға жақын, бірақ мазмұны бойынша шексіз терең діни үнқатысу саласында мынадай айқындама сондай қағидат бола алар еді: «Үнқатысу үшін негізді құдіреттіктегі пенделік арқылы емес, пендедегі құдіреттік арқылы іздеу» керек. Бұл қағидаттың бүкіл абстрактілігіне қарамастан, ол өте маңызды.

Шын мәнінде көптеген діни доктриналардың басы сыйыспаушылығы құдіреттіктен емес, пенделіктен туындаған. Бүкіл әлемдік діндердің Құдайдың Жалғыз екендігін мойындауы мұны айқын көрсетіп отыр.

Басқа да себеп бар. Барлық ұлы діндер елеулі рухани өзгеру, Құдай алдында адамның өзінің кішкентай «менін» ұмытуы туралы айтуда.

Ақырында, барлық ұлы рухани ұстаздар өркөкіректіктің, бәрін де білемін деген өркөкіректіктің айрықша қауіптілігі туралы айтқан. Құдай сөзін адамдарға бәрінен де мен жақсы жеткіземін деп кім айта алсын? Меніңше, мұның өзі нақ сол күнәнің өзі болып шығады.

Практикалық тұрғыда бұл қағидаттың ерекше рөлі мынада, өз дінінің басты құндылықтарын бұзбастан, қалай болғанда да дүниеге басқа рухани перспективаларды ескере отырып қарау керек. Саясатшылар өздерінің іс-қимылдарында кейбір терең діни постулаттардың, оларды түсінгендеріне немесе түсінбегендеріне қарамастан, жетегінде кететініне әбден сенімдімін. Сондықтан әлемнің діни көшбасшыларының басқа діни жүйелерден пенделікті емес, құдіреттікті іздеу қағидатын ұстануға әзірлігі әлемдегі әлдеқайда ізгі саяси іс-қимылдардың негізі бола алады.

\* \* \*

Діни төзімсіздіктің өсуі бір жағынан жаһандандудың нәтижесі. Түрлі мәдениеттер мен діндердің орасан мол болмыстары тікелей қатынасқа түсті. Бәрі көші-қон, телевизия, мәдени модельдер арқылы араласып кетті. Жаһандану жаһандық экономикалық әділетсіздікке көзімізді ашты. Миллиардтаған азып-тозған адамдар осы заманғы әлемде қалай өмір сүруге болатынын көрді және олар ешқашан солай өмір сүрмейтінін түсінді.

Осындай жағдайда өзіндік бір «рухани қашу» жүріп жатыр. Бірақ та бұл «Құдайға қашу емес», «нақтылықтан қашу» еді. Бәрі де, дін Құдайды іздеу емес, өзіңнің осы заманғы әлемге, оның әділетсіздігіне деген жеккөрушілігіңді ақтаудың айқындамасын іздеуге айналғанда, жаңа мәдени есеңгіреумен аяқталуы кәміл. Уақыт шынында да кері кетуі мүмкін. Бір ғана саяси акциялармен осынау жаһандық мәдени тығырықтан шыға алмайсың. Мұнда рухани ұстаздардың рөлі шешуші болады.

Дінді саяси күрестің құралына айналдыру – тарихта сан рет қайталанған қадам. Әрдайым қасіретпен аяқталған қадам. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің айрықша жауапкершілігі мынада, діни уағыздар саяси жанжалдарға бастамасын, оларды мемлекеттік құрылымдар мен астыртын ұйымдар өздерінің, құдірет ісінен алыс міндеттерін шешу үшін пайдаланбасын.

Кез келген шынайы мәдениеттің негізінде Құдайға табыну жатыр. Нанымға негізделген мәдениеттер мыңдаған жылдар бойы тарихтағы өзінің жаңды сөзін сақтаған. Кейбір тұрғыда өзіңнің діни рухыңды сақтау тарихта тұтас халықтарды сақтаудың кепілі болады. Әлбетте, дүние ешқашан бір өркениетті жобаның негізінде құрылмайды. Біздер, саясатшылар үшін тарихтың, соның ішінде осы заман тарихының бұл түйінді элементін түсіну өте маңызды. Дүние жаңа ғасырдың 6 жылындағы ауыр күйзелістерден кейін, жаһандық терро-

ризммен кейін, көз алдымызда өсіп бара жатқан ядролық қарудың таралу қатерінен кейін, аса ауыр адам құрбандықтарынан кейін жай ғана бір фактіні түсінуге жеткен сияқты. Атап айтқанда – дүниенің мәдени және діни саналуандылығы бұл нақтылық, оны адамзат баласының болмысы ретінде түсініп, қабылдау керек. Саясатшылардың кез келген басқа көзқарасы дүниеде жарылыс туғызуы мүмкін.

Бір мәдени дәстүрдің өз құндылықтарын басқа мәдениеттерге таңу ниеті, басқаның сызбасы бойынша қоғамдық қатынастарды құру әрекеті ешқашан өзара түсіністікке жеткізбейді. Керісінше, мұндай қатал мәдени жаулаушылық одан кем түспейтін қатал қарсылықты туғызады. Басқа халықтардың тарихи дәстүрлеріне деген құрмет қана, өркениеттердің, діндер мен халықтардың қатынасындағы әділдік пен шынайылық қана келісім мен имандылық әлемін құруға қабілетті.

\* \* \*

Адам деген өзінің шешілмеген мәселелерін көк жүзіне апарып тіреп қоюға бейім тұрады. Сонымен бірге қоғамның да тұтастай алғанда кәдуілгі жайлардың өзіне діни сипат беретін кездері көп. Діндер арасындағы жанжалдар мен қарама-қайшылықтар делініп жүргендердің көбі мемлекет арасындағы, экономикалық топтар арасындағы, нақты саясаткерлер арасындағы жанжалдар болып келеді. Дін – адамның ішкі

жан-дүниесіндегі тылсым сөз, ал оны адамдар арасындағы қоғамдық келісім деп атап жатады.

Дінаралық үнқатысуға қол жеткізу үшін бүгінгі күннің мәселелерінен бойды аулақ салуға болмайды. Егер бұрын әңгіме діндердің тарихтың ұзына бойында кейде келісіп, кейде кетісіп жүруі жөнінде қозғалса, қазіргі әңгіме діни және зайырлы әлемдердің жаһандық үнқатысуы жөнінде қозғалып жүр.

Осы заманғы қоғам ұзақ эволюциялық даму барысында аса байыпты үш қағидатты қалыптастырды. Олар – жеке тұлғаның ішкі бостандығы, меншіктің қорғалуы, қоғам мен мемлекет тарапынан әлеуметтік қолдау. Алайда бұл қағидаттарды мойындамайтын саяси идеологиялар да бар. Бүгінгі дәуірдің көптеген геосаяси қиян-кескі шайқастары осы қарама-қайшылыққа шырматыла байланған. Мәселе діндердің жанжалында емес, дінге қатысы жоқ құндылықтардың жанжалы жөнінде болып отырғанын мойындайтын уақыт жетті.

Қазақстан өзінің нақтылы саясатында адамның ішкі бостандығы ғана конфессияаралық төзімділіктің шарты екенін басшылыққа алады. Тап сондықтан да, тарихи тұрғыдан исламның мәдени материгінің бір бөлігі бола тұра, біз Қазақстандағы барлық әлемдік және дәстүрлі діндердің өркен жаюына кедергі келтірмейміз.

Мемлекет, ұлт немесе дін бөгде мәдени кеңістікті басып алу, жаулап алу тұрғысынан қарастырар болса, онда әманда өзінің өмір сүру ортасын аздырып-тоздырмай қоймайды. Қазақтарда бағзы замандардан бері әр өңірдің өзінің әулиесі, өзінің рух берер күштері, өзінің сыйынар әруақтары болған. Адамның, діннің, жердің мұндайлық терең өзара кірігуі – жүздеген жылдар бойы менің халқымның жанын сақтап қалған құтқарушы сүзгі сынды. Қазақтар кең болғанның кем болмайтынын кітаптан оқып емес, өмірден тоқып білген.

Тәуелсіздікке қол жеткізгелі бері Қазақстанда діни қарым-қатынастар саласында сарабдал мемлекеттік саясат жүргізіліп келеді. Бұл саясат мынандай негізгі қағидаттарға арқа сүйейді. Мен оларды келісім қағидаттары деп атаған болар едім.

Біріншіден, бұл ар-ождан және діни сенім бостандығын заңдық және институционалдық тұрғыдан қамтамасыз ету.

Конституция деңгейінде конфессиялық және басқа да әлеуметтік белгілері бойынша кемсітудің кез келген түріне тыйым салынады. «Қазақстан Республикасындағы ар-ождан және діни сенім бостандығы туралы» Заң діни бірлестіктердің емін-еркін қызмет етуі үшін барлық құқықтық негіздерді қалыптастырып берді. Еліміз адам құқын қорғау саласында қырықтан астам халықаралық келісімдер мен шарттарға қосылды, олардың арасында БҰҰ-ның осы саладағы іргелі пактілері де бар.



Екіншіден, біз мемлекеттің конфессиялардың өз қызметтерін жүзеге асыру үшін тең және қолайлы жағдай жасау жөніндегі міндеттілігін басшылыққа аламыз. Дін саласын ырықтандыру діни мекемелердің санын күрт өсірді – олардың саны тәуелсіздік жылдарында 5 есе артты.

Қазақстан халқының басым көпшілігі өздерін мұсылман санайды. Сонымен бірге исламның Қазақстанда басымдыққа ие болуы басқа діндерді ұстанушылардың өздерінің әдет-ғұрыптарын толыққанды атқаруына тіпті де кедергі келтірмейтінін қадап айтамын.

Мұсылмандықтан өзге конфессиялардың діни мекемелерінің санының өсуі назар аудартады. Тәуелсіздік жылдарында православие дін орындарының саны 4 есе, католик шіркеулерінің саны 2 есе өсті. Протестанттар бірлестіктерінің мыңнан астам миссиялары мен мінәжат үйлері жұмыс істейді, елде сондай-ақ 21 иудей қауымдастығы бар, көптеген ғасырлардың ішінде алғаш рет будда храмы тұрғызылды.

Үшіншіден, Қазақстандағы конфессияаралық үнқатысуды ынталандырып отыру біздің жұмысымыздағы маңызды бағыт болып табылады.

Біз ұлтаралық және дінаралық үнқатысудың Қазақстан халықтары Ассамблеясы сынды бірегей институтын құрдық.

Бұған қоса биылғы жылдан бастап біз өз тарихымызда алғаш рет дінге сенушілер ғиба-

даттық іс-шараларын толыққанды күйде атқара алатындай болуы үшін аса маңызды діни мерекелерді демалыс күндері деп жариялағанымызды да айтқым келеді.

Ұлтаралық және дінаралық келісімнің бізде қалыптасқан үлгісі – Қазақстанның әртүрлі конфессиялардың өзара іс-әрекет етуінің жалпы-әлемдік үдерісіне қосқан үлесі. Бізді халықаралық ауқымда дәл осылай танығанын қалаймыз.

«Құдайды іздеймін деп қаңғырып қалғандардың» торына түспес үшін ерекше сақтық және біршама көкейге қонымды консерватизм керек. Саясаткер ретінде маған дәстүр мен жаңаны іздеушіліктің арасындағы үйлесімділіктің қажеттігі басы ашық нәрсе. Алайда әлемдік және дәстүрлі діндердің рөлі рухани мұраны сақтау тұрғысында ғана аса ауқымды емес. Бұл арада ғасырлар бойы жинақталған рухани тәжірибе де бар, адамның ақыл-ойына сыймайтындай кейбір эксперименттерден сақтап қалар жалғыз күште сол. Біз қазірдің өзінде құдай іздеушіліктің оғаш, шектен шыққан түрлерінің, сондай-ақ гендік технология саласында дәстүрлі этика аумағынан асып кететін тәжірибелердің жаппай шабуылға шыққан шағын бастан кешіріп жатырмыз. Сондықтан да жаһандық өлшеммен қарағанда әлемдік және дәстүрлі діндердің рөлі көкейкесті бола түсіп қана қоймай, олар адамның шынайы рухани қазынаны сақтап қалуының түйінді факторына да айналып келеді.

Мен біздің форум қабылдайтын құжаттардың мазмұнынан хабардармын. Сіздердің назарларыңызға қосымша бірнеше идеяларды ұсынғым келеді, олар алдын ала сипатқа ие және кейінірек, бүгінгі кездесу шеңберінің сыртында талқылауға болатын идеялар.

Дін сөзінің бүгінгі әлемдегі маңызы арта түскенін ескере отырып, біз Қазақстанда 2007 жылдан бастап елдің басты телевизиялық арналарының бірінде тұрақты түрде «дін сағатын» жүргізе бастаймыз. Бұл арқылы дін көшбасшыларына миллиондаған адамдарға қайырымдылық пен діни төзімділік мінәжатын тікелей арнауға мүмкіндік беріледі. Осы залда отырған адамдардың және оларды қолдайтын діни институттардың аса биік беделін білгендіктен де, мен сіздерді өз елдеріңіздің үкіметтеріне осы үлгіні қолдау және Жер шарының барлық материктері мен құрлықтарында осыған ұқсас ғимараттар тұрғызу жөнінде ұсыныс жасауға шақырар едім.

Бейбітшілік пен келісім сарайын салдырта отырып, мен осынау қабырғалар қандай асқақ ойлы рух пірәдарларының сөзімен жаңғырығар екен деп арман еткен едім. Менің арманым орындалды. Алайда жалғасын таппаған арман алысқа апармайды. Мен әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерін жылына 1 рет қазақстандықтар алдында осы Сарайда құрметті дәріс оқу

үшін ресми түрде шақырғым келеді. Егер исламның, христиандықтың, буддизмнің, иудизмнің, даосизмнің, иудаизмнің, конфуцийшілдіктің немесе синтоизмнің әлемдік лидерлері жыл сайын менің отандастарыма бейбітшілік пен келісім сөзін жеткізіп тұрар болса, мұның өзі Еуразияның аса бір жарқын рухани құбылысына айналар еді.

Бүкіл әлем астаналарының басты сәулеткерлік сәні қай кезде де соборлар, мешіттер, шіркеулер, храмдар, пагодалар болып келген. Бізде де солай. Алайда жаңа мыңжылдықта дінаралық түсіністік сөз күйінде ғана қалмауға тиіс. Ол материалдық, архитектуралық пішінде өз көрінісін табуы керек. Біздің ойымызша, адам жанындағы және адамдардың жанының арасындағы бейбітшілік пен келісімнен маңызды рәміз болмақ емес. Жаңа ғасырдың басында Астана осындай архитектуралық рәміздің үлгісін көрсетіп отыр, сондықтан да біз, ерте ме, кеш пе, бүгін Қазақстанда діни лидерлері бас қосқан елдердің астаналарында өздерінің Бейбітшілік және келісім сарайлары салынады деп үміт етеміз.

Дінаралық қарама-қайшылықтардың, сондай-ақ дінаралық үнқатысудың жаһандық сипаты Біріккен Ұлттар Ұйымы таяудағы жылдардың бірін діни және мәдени толеранттылық жылы етіп жариялайды деп айтуға мүмкіндік береді. Бұл бастама осы заманғы әлемнің көптеген елдерінің атынан айтыла алады деп ойлаймын.

Сөзімді қазақтың данышпан ойшылы Абайдың мына ойымен түйіндегім келеді:

«Адам баласына адам баласының бәрі – дос. Не үшін десең, дүниеде жүргенде туысың, өсуің, тоюың, ашығуың, қайғың, қазаң, дене бітімің, шыққан жерің, бармақ жерің – бәрі бірдей, ахиретке қарай өлуің, көрге кіруің, шіруің, көрден махшарда сұралуың – бәрі бірдей, екі дүниенің қайғысына, пәлесіне хаупің, екі дүниенің жақсылығына рахатың – бәрі бірдей екен. 5 күндік өмірің бар ма, жоқ па?.. Біріңе-бірің қонақ екенсің, өзің дүниеге де қонақ екенсің, біреудің білгендігіне білместігін таластырып, біреудің бағына, малына күндестік қылып, я көрсеқызарлық қылып, көз алартыспақ лайық па?»

Бұл сөздер осы форумға қатысушылардың бәрінің де көкейінен шығады деп ойлаймын.

### **Құрметті қонақтар!**

Біз бүгін адамзат баласына Жаратқан Иеміз тарту еткен бірегей құндылықтар – өзара түсіністік, бейбіт өмір, берекелі тұрмыс пен ортақ мәмілеге қарай тағы бір ұлы қадам жасадық.

Біз баршамызға аян мына бір шындықты ешқашан естен шығармауымыз керек: Жаратушы – жалғыз, дүние – ортақ, аспан асты – кең, ендеше, біз бір атаның баласы, бір ананың перзенті ретінде бір-бірімізбен береке-бірлік пен ынтымақта өмір сүруіміз керек.

Байқап қарасаңыздар, соңғы уақытта дүниенің түкпір-түкпірінде жаһандық жаңа қатерлер бой көтерді. Сондықтан да түрлі діндердің ғасырлар бойы жинаған мол жасампаздық тәжірибесін пайдаланып, Құдай сөзін бітімгершілік пен келісімнің пәрменді құралы ретінде пайдалануымыз керек.

Осындай ізгі мақсат жолындағы Сіздерге Жаратушымыздың рахманы мен рахымын тілеймін.

1986 жылғы желтоқсан оқиғасының  
20 жылдығына арналған «Тәуелсіздік таңы»  
ескерткішінің ашылу салтанатында

## СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,  
2006 жылғы 18 қыркүйек

### **Қымбатты қазақстандықтар!**

Бүгін айрықша атаулы күн. Біз бүгін тәуелсіздігіміздің хабаршысы болған 1986 жылғы желтоқсан оқиғаларына арналған ескерткішті ашуға жиналдық.

Сол бір қайғылы күндерден бері жылжып 20 жыл өтіпті. Бірақ уақыт жігіттеріміз бен қыздарымыздың тоталитарлық режімге қарсы, өз халқының намысы үшін көрсеткен ерен ерлігін тарих бетінен өшіріп тастай алмайды.

Қазақтардың ықылым заманнан бергі тарихы бостандық үшін өткен күреске толы. Оның ішінде жеңген де, жеңілген де кездер болған. Бірақ 86 жылғы желтоқсанның ызғарлы үш күні бөлекше орын алады. Біздің бүгінгі тәуелсіздігімізге бастайтын жолдың сүрлеуін сол жастар салған.

Осыдан 20 жыл бұрын жастарымыз осы алаңға жиналып, тоталитарлық жүйенің шектен шыққан оспадарлығы мен сұрқия саясатына ашық қарсылық білдірген болатын. «Қазақ өзін-өзі басқара алмайды, олардың ішінен ел басқаратын адам туған жоқ» деп, елімізге дінімізді, тілімізді, тарихымыз бен мәдениетімізді білмейтін, жаны ашымайтын адамды алып келгеніне намыстанып, біздің жастарымыз алаңға шығып, Горбачевтің 1985 жылы жарияланған сөз бостандығы мен демократиясына сеніп қалып, өз наразылықтарын білдірді. Бұл ерліктің ғана емес, елдіктің де нышаны еді. Бейбіт еліміздегі жастарымызды ұрып-соғып, артынан қуғын-сүргінге түсіріп, талай лаңды салғанын бәріміз білеміз.

Ұрып-соғудың аяғы саяси қуғынға ұласты: бүкіл қазақ халқына ұлтшылдық таңбасы басылды. Тұтас бір халықтың атына «қазақ ұлтшылдығын» зорлап таңған, намысқа тиетін, 1987 жылғы шілдеде қабылданған КОКП Орталық Комитетінің қаулысын өзгерту үшін көп күш-жігер жұмсауыма тура келді.



Кейін уақыт көрсеткендей желтоқсан оқиғалары тоталитарлық режімге өлтіре соққы берген еді, ол сол соққыдан соң қалпына қайтып келе алмады. Оқиға тұтанғалы тұрған пілте сынды болды: артынша бүкіл бұрынғы Кеңестік Одақ бойынша демократиялық күштердің бас көтеруі бірінен кейін бірі жалғаса берді. Ақыры сол күш оны құлатып тынды.

Бүгінде бұл – тарих. Ал тарихтан сабақ алар болар және соның негізінде алға жылжи бермек керек...

Бүгін біз осы ескерткішті аша отырып, кешегі жастарымыздың азаматтық ерлігі мен патриоттық рухы алдында басымызды иеміз.

Бұл ескерткіш, бір жағынан, жазықсыз жапа шеккен жандардың қанын жүктеген тоталитарлық жүйеге айтылған лағнет болса, екінші жағынан, біздің жарқын болашағымыздың символы.

Бұл ескерткіш бостандықтың құны қандай болатынын алдағы талай ұрпақтың есіне салып тұратын болады.

«Ядролық қатерді қысқарту бастамасы»  
қорының атынан берілген қабылдауда

## СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

АҚШ, Вашингтон қаласы,  
2006 жылғы 28 қыркүйек

**Қымбатты қонақтар!  
Ханымдар мен мырзалар!**

Кеңес Одағы ыдыраған және Қазақстан тәуелсіздікке ие болған 1991 жылдан бергі өткен 15 жыл, біз үшін ғана емес, бүкіл әлем үшін де бетбұрыс кезеңі болды. ХХІ ғасырдың басында біз, көптеген адамдардың үміттенгендеріне қарамастан, «қырғи қабақ соғыстың» аяқталуы әлемді бейбітшілікке жеткізе қойған жоқ деп мәлімдеуге мәжбүрміз.

Біздің планетамыз бұрынғыдан тұрақтырақ бола алмады және соңғы 10 шақты жылда ядролық клуб мүшелерінің қатары толыға түсті. Оған Үндістан мен Пәкстан кірді. Бірсыпыра белгілі елдер ядролық қаруға өршелене ұмтылуда. Оған қоса, халықаралық терроршылардың ядролық қаруды қолдану қаупі жантүршігерлік, әйтсе де болып қалуы әбден мүмкін қатерге айналды.

Қазақстан халқы ядролық қарудың барлық зардаптарын өз басынан өткерген. Семей ядролық полигонында 1949 жылдан бастап 1991 жылға дейін 456 ядролық жарылыс болып өтті. Ол біздің жүздеген мың отандастарымызға індет пен қайғы-қасірет әкелді және орасан үлкен аумағымызды радиациямен улады. Полигон Нью-Джерси штатынан сәл ғана кіші аумақты алып жатты, ал сынақтардың радиациясынан ластанған жерлердің ауданы Нью-Мексико штатының салыстырмалы аумағынан бірнеше есе асып түсті.

Біз Семей полигонын біржола жапқанымызға 15 жыл өтті. Бірақ ядролық сынақтардың зардаптары әлі көптеген онжылдықтарға дейін созылатын түрі бар. Сондықтан ядролық сынақтардың қорқынышты зардаптарының не екенін қазақстандықтардан артық ешкім де білмейді. Сол бір жарылыстардың еріксіз куәсі болған адамдар ғана емес, олардың балалары мен немерелері де күні бүгінге дейін қасірет шегуде. Бұл Қазақстан тарихындағы ең қайғылы беттердің бірі болған еді.

КСРО ыдырағаннан кейін республика аумағында ядролық қару-жарақтың едәуір саны – Батыста «Құбыжық» деген қорқынышты атқа ие болған, бөлінетін оқтұмсықтары бар стратегиялық ракеталар, атомды және термоядролық зарядтары бар алысқа ұшатын бомбалаушы ұшақтар қалып қойды. Сол кезде адамға ажал оғын себетін бұл қатер әлеуеті жағынан әлемде төртінші орында тұрған болатын.

Ол кезде Қазақстанда жер бетінде орналастырылған құрлықаралық баллистикалық ракеталардың шахталық қондырғыларының 148-і шоғырландырылған болатын. Осы ұшыру шахталарында әрқайсысы ядролық оқтұмсықтармен жарақтанған 104 құрлықаралық баллистикалық ракеталар орналасты. Бұл ракеталардың салмағы 7,6 тоннаны, ал жарылыс радиусы 12 мың шақырымды құрады.

Бірақ біз осынша ядролық арсеналдан бас тарттық және осы шешім Қазақстанның ғаламдық қауіпсіздік саласындағы алдағы стратегиясын белгілеп берді. Бейнелеп айтқанда, сол сәттен бастап Қазақстан өзінше бір «бейбітшіліктің эпицентріне», яғни, тарихта тұңғыш рет адамдар қиратқыш күшке ие бола тұрып, одан өз еркімен бас тартқан аймаққа айналды. Естеріңізде болса, осыдан 5 жыл бұрын мен осы аттас кітап жазғанмын.

Өткен жылдарда біз жаппай қырып-жою қаруын және оның инфрақұрылымын қолдауды

дәйектілікпен және жүйелі түрде жою жөнінде жұмыс жүргізіп келеміз. Біз Ричард Лугар және Сэм Нанн бастамашы болған Қатерді қысқартудың бірлескен бағдарламасы аясындағы АҚШ достастығын жоғары бағалаймыз.

Осы достастықтың арқасында Қазақстан территориясында 1995 жылға қарай бірде-бір ядролық оқтұмсық қалған жоқ.

Ядролық қатерді таратпау ісіне Қазақстанның үлес қосуы жалғасып келеді және ол біздің ядроға қарсы белсенділігімізден ғана емес, жаңа нақты іс-әрекеттерімізден де көрініс табуда.

Осы жылдың басында Қазақстан және «Ядролық қатерді қысқарту бастамасы» қоры қару таратпау саласындағы бірегей халықаралық жобаны аяқтады. Осы жобаның нәтижесінде 20 шақты ядролық қуатты өндіруге жетерлік 3 тонна жоғары байытылған уран төмен байытылған уранға айналдырылып, қайта өңделді, яғни бейбіт ядролық реакторлар үшін отын болды.

Бұл жоба Қазақстанның жаһандық қауіпсіздікті нығайтуға қосқан тағы бір үлесі, таратпау саласындағы біздің мемлекеттеріміздің арасындағы кең ауқымды ынтымақтастықтың табиғи бөлігі және жарқын көрінісі болды.

Қазіргі кезде осы заманғы әлем тұрақтылығының шешуші тетіктерінің бірі жаһандық қауіпсіздіктің берік жүйесі болып табылады.

Соңғы жылдарда біз БҰҰ аясында қабылданған ядроны тежеу, таратпау, ядролық материалдарды өңдемеу жөніндегі келісімдердің орындалмайтынына куә болып жүрміз. Бұл бізге әлемде қазіргіден мүлдем өзгеше шешім керектігін көрсетеді.

Әлемде шын мәнінде халықаралық құқықтың негізгі қағидаттарына қайшы келетін кереғар ахуал қалыптасып отыр: біреулердің – қаруға ие болуына және оны жетілдіруіне рұқсат етілсе, басқалардың – қаруға ие болуына және тіпті өндіруіне де тыйым салынады. Бұл дұрыс емес, әділдікке жатпайды, тепе-теңдік емес.

Басқа елдер ядролық қаруды жасауға тиіс емес екені туралы айта отырып, өздері де таратпауға тиіс, ядролық державалар өздерінде бар ядролық арсеналды қысқарту жөнінде өз тараптарынан үлгі көрсетуі тиіс.

БҰҰ аясында бұл мәселенің шешімі жаһандық іс-шаралардың, барлық мемлекеттер, ең алдымен ядролық мемлекеттер жауапкершілігі жағынан ядролық қаруды қысқарту және оның арсеналын бірте-бірте жою жөніндегі мәселе қайта қаралуға тиіс.

Бүгінгі күннің шындығы халықаралық қауіпсіздік жүйесінің түбегейлі бейімделуін талап етеді. Қарама-қарсы мемлекеттердің ядролық әлеуетті өзара тежеу жөніндегі қауіпсіздіктің тозығы жеткен тұжырымдамасы толығымен көнергендігін көрсетті.

«Қырғи қабақ соғыс» дәуірінде ядролық қару кереғар әлемдегі жаһандық тепе-теңдіктің факторы бола білді және соған сәйкес ядролық шиеленістің қайтарымды қасиеті болды.

Шиеленісуші тараптар ядролық соғысты төндіріп қана қоймай, бірнеше жағдайда ядролық соғыс ахуалына барып та қалды. Әлем ол кезде жаппай қырып-жоюдың табалдырығында тұрғанымен қоймай, жаһандық ядролық шиеленіске әлденеше рет кіріп те шықты, яғни ядролық соғыс былайынша басталды десе де болады. АҚШ-тың стратегиялық ядролық бомбалаушы ұшақтары Кеңес Одағының аумағындағы нысаналарға баратын жарты жолға жеткен жағдайды естеріңізге алыңыздаршы. Бірақ, соған қарамастан, бұл шиеленістер өзінің шегіне жетпей жатып, яғни бомбалаушы ұшақтар немесе құрлықаралық зымырандар нысанаға жетпей-ақ шешімін тапқан-ды.

Ол кезде шиеленісуші тараптар аралықтары бірнеше мың шақырымдық қашықтықтан, тіпті Батыс және Шығыс жарты шардағы 10 мыңдаған шақырым қашықтықтан-ақ бірін-бірі барлап білген болатын. Ракеталық-авиациялық кешеннің өзінің жауынгерлік тапсырманы орындауы үшін оған орта есеппен 30–40 минут қажет болды. Бұған қоса, жаһандық қарама-қарсылық дәуірінде ерте хабар беретін күрделі әрі тармақты жүйесі, және ең бастысы, ядролық шабуылдың қарама-қарсы жүйесі жұмыс істеп тұрды. Сонымен

қоса, жаһандық шиеленісті болдырмайтын саяси инфрақұрылым тиімді жұмыс атқарды.

Бүгінгі таңда әлем мүмкін болатын ядролық шиеленіс қайтарымсыз сипатқа негізделген өңірлік ядролық қарама-қарсылық ерекше құбылысқа тап болып отыр. Өңірлік ядролық шиеленісте стратегиялық қаруға, стратегиялық баллистикалық ракеталардан айырмашылығы, жақын және орташа қашықтыққа ұшырылатын ядролық оқтұмсықтары бар ракеталар жатқызылады. Олардың 500-ден 3 мың километрге дейінгі радиусты шарпитын қуаты, жаппай қырып-жою қаруын қолдануға байланысты барлық стратегиялық және тактикалық міндеттерді шешуге толығымен жетіп жатыр. Оған қоса, жақын және орташа қашыққа ұшырылатын ракеталардың ұшу уақыты, құрлықаралық баллистикалық ракеталардың ұшу уақытынан әлдеқайда аз. Ол шамамен 2–5 минутты құрайды, мұның өзі құрлықаралық баллистикалық ракеталардың осындай көрсеткішінен мүлдем аз. Қайтарымды деп саналатын жаһандық қарама-қарсылық кезінде мүмкін болатын күрделі әрекеттер циклын осынша қысқа уақыт ішінде орындап шығу мүлдем мүмкін емес.

Мұның нәтижесі шиеленістің бірнеше есе күшейе түсуіне, осы заманғы әлемнің көптеген бұғып жатқан кеселдерінің, бірінші кезекте терриоризмнің етек алуына әкеп соқтырды.



Өкінішке орай, бұл мәселеге келгенде халықаралық қоғамдастықта осы күнге дейін бірлік жоқ, барлық жерде де қосарланған стандарттар қабылдануда, мұның өзі бірсыпыра мемлекеттер мен өңірлер үшін зардабы ауыр неғайбілдік пен екіойлы бұлдыр жағдай туғызумен келеді.

Тұтастай алғанда біз соңғы жылдарда БҰҰ аясында қабылданған келісімдердің жүзеге асырылмайтынына куә болдық. БҰҰ-ның 2005 жылғы Ядролық қаруды таратпау туралы келісімнің орындалуын қарау жөніндегі конференциясы келісілген шешімге тағы да қол жеткізе алмай тарады. Ядролық сынақтарға тыйым салу туралы келісім толып жатқан мемлекеттердің осы маңызды құжатты ратификациялаудан бас тартуына байланысты күшіне енген жоқ. Қарусыздану жөніндегі Женевадағы конференция саяси айтыс-тартыс пен дипломатиялық бюрократияның батпағына малтығып қалды.

Мен осыған байланысты, өз пайым-түсінігіме қарамастан, сөзсіз жүзеге асатын бір ой айтқым келеді: жалпыға бірдей және жаһандық қарусыздану мәселесін осы ядролық қаруға ие мемлекеттер емес, барлық елдердің – ядролық та, ядролық емес мемлекеттердің де халықаралық қауымдастығы бірлесіп шешкенде ғана, тек сонда ғана жүзеге асатын болады.

Яғни, келісім ұжымдық және теңқұқылық қағидаттарға негізделген жағдайда ғана жүзеге аспақ.

Қазіргі таңда ядролық қаруы жоқ елдердің өз шешуші дауыс құқы болмаса да қарусыздану және ядролық қаруды таратпау үдерістерінде сөйлей беруі дағдыға айналды. Бірақ бұл дұрыс емес.

Егер бастамашылары өздері болып отырған ядролық мемлекеттер сан алуан шарттар мен келісімдер аясына қалған елдерді де тартатын болса, онда олар екінші қадамға да – теңқұқылық беруге, және бұл процестерде дауыс теңдігі үрдісін бекітіп беруге де баратын болсын.

Адамзат ядролық қарудың «ортадан тебу» күшін түбегейлі азайтуға мүмкіндік беретін жаңа жолдарды қарастыруын жалғастыруда. Ядролық қаруды таратпау және қарусыздану ісіне әмбебап үйлесімділіктің қажеттілігін ескеретін жаңа саяси құралдар қажет. Және де іс-әрекет әмбебаптығын ескеріп қана қоймай, негіздей алатын болуы керек. Бұл барлық мемлекеттердің халықаралық қауіпсіздігіне кепіл бола алатын ядролық қаруды таратпауды қамтамасыз етудің сондай тетігі пайда болуы қажет деген сөз.

Мұндай тетік үш принципке: ие болмау жолымен таратпауға, орналастырмау жолымен таратпауға және сынаққа тыйым салу жолымен таратпауға негізделуі тиіс.

Біз ядролық қаруы бар мемлекеттер дәйектілікпен және кезең-кезеңмен ядролық қарусыздануға бет алуы және келешекте қаратып қайта құрастыруға ғана емес, беті қайрылмастыққа да алып

баратын қару-жараққа бақылау туралы келісімдер жасасуы керек екендігіне кәміл сенімдіміз.

Мемлекеттер сонымен қатар ядролық жарылыстар сынақтарына мораторийді сақтауға және ядролық сынақтарға тыйым салу туралы жалпыға ортақ шарттың күшіне енуіне қол жеткізуі керек екендігі жөніндегі өздерінің міндеттемелерін жаңадан қуаттауы тиіс.

Қазақстан қару-жараққа, әсіресе, таратпаудың өзекті элементі ретіндегі аса қауіпті материалдарына қатаң бақылау жасауды қамтамасыз етуге және қауіпсіздіктің кез келген жүйесін қолдауға қосылады. Біздің күш-жігеріміз сондай-ақ қарусыздануға және жаппай қырып-жоятын қаруды таратпау саласындағы халықаралық құралдарды әмбебап етуге бағытталады. Біз ядролық қарудан ада халықаралық мойындалған аймақтар құруды қолдаймыз. Сондай аймақтардың бірі Орталық Азия болып отыр.

Әлемге Қазақстан ұсынып отырған техногендік «шегеру» түсінігінен гуманитарлық «сенім көрсету» ұғымына қайта оралудың терең мәні бар: материалдық нәрселер тозады, ал көптеген ұрпақтардың сынынан өткен моральдық қасиеттер ғасырлар бойы жасайды.

Сенім – жаңа қауіпсіздік көрінісіне негіз болып отырған түйінді категория. Сенім жауапкершілік артады, өзара түсіністіктің, достықтың және ынтымақтастықтың алғы шарты болып саналады.

Бір-бірімізге деген сенімнің негізінде біз өзімізбен көршілес елдердің шекараларында қару-жарақты өзара қысқарту туралы келісімге келдік.

Менің есіме Альберт Эйнштейннің «атом энергиясын айырып алу біздің ойлану дағдымыздан басқаның бәрін өзгертті. Бұл проблеманы шешу адамның жүрегінде жатыр» деген даналық сөзі түсіп отыр.

Қазақстан біздің ядролық арсеналымыздан санасына сіңген үрейден барлық адамдарды құтқарды, азат етті. Біз неғұрлым қауіпсіздеу болашаққа қарай жол көрсеттік. Біз барша әлемді Қазақстаннан және қарусыздану жолына түскен басқа елдерден үлгі алуға шақырамыз.

Тек осымен ғана біз балаларымыз бен немерелерімізге бейбіт әрі қауіпсіз болашақ сыйлай аламыз.

**Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының 60 жылдығына арналған «Ғылым және қоғамдық прогресс» атты салтанатты жиналыста**

## **СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ**

Алматы қаласы,  
2006 жылғы 13 қазан

**Қымбатты қонақтар, құрметті әріптестер!**

Сіздерді Ұлттық академияның 60 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын және баршаңызға зор денсаулық, шығармашылық табыс, жаңа ашылатын жаңалықтар мен жетістіктер тілеймін.

Маған бүгін осында, сіздермен, Қазақстан ғылымының дегдар тұлғаларымен және осы салтанатқа

шақыруымызды қабыл алған шетелдік белгілі әрі құрметті қонақтармен бірге болу өте ғанибет.

Біздің Ғылым академиямыз соғыстан кейінгі аса ауыр 1946 жылы ірге көтерді. Академия өмір сүрген 60 жылдың ішінде оның міндеттері, мәртебесі мен құрылымы әлденеше мәрте өзгерді. Қазақстандық ғалымдар тек ғылыми мектептер ғана емес, сондай-ақ ғылымның көптеген болашағы мол бағыттарын жасады. Ол Ғылым академиясының алғашқы президенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаев, академиктер Мұхтар Омарханұлы Әуезов, Әбікен Бектұрұлы Бектұров, Дмитрий Владимирович Сокольский, Әлкей Хақанұлы Марғұлан, Александр Николаевич Сызғанов және басқалар.

Қазақстан ғылымының осы елеулі әлеуеті жаңа заманның әлеуметтік-экономикалық және саяси реформаларының ауыр кезеңінде де жоғалған емес. Ұлттық ғылым академиясы өз қызметінің бағыттарын жаңғырта білді.

Бүгінде біздің Ғылым академиямыз – бұл 180-нен астам академикті, 10 құрметті мүшені, сонымен қатар 15 шетелдік мүшенің басын біріктіріп отырған ірі зияткерлік орталық. Ерекше академиялық рух пен ғылыми шығармашылықтың жоғары дәстүрі сақталуының маңызы аса зор. Бұларсыз қандай да бір ғылыми жетістікке жету мүмкін емес.

## Құрметті әріптестер!

Биыл біздің еліміз өзінің тәуелсіздігінің 15 жылдығын атап өтеді. Бұл атаулы күн бізге өткенімізді зерделеп, бұдан арғы бағыттарымызды, болашақтағы жоспарларымызды айқындап алуды міндеттейді.

Бүгін мен сіздермен республикамыздың қазіргі заманғы дамуы мен еліміздегі ғылым мен білім берудің дамуы туралы ой-пайымыммен бөліскелі тұрмын.

Әлем жаһандану, инновациялар мен технологиялардың жедел даму дәуіріне аяқ басты. «Білім экономикасына» өту адамзат дамуының жаңа кезеңі болып табылады. Қазақстан бұл үдерістердің шетінде, әлемдік дамудың шалғайында қалмауы тиіс.

Өздеріңіз білесіздер, біз Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына ену ұлттық стратегиясын жүзеге асыруға кірістік және алдымызға сапалық тұрғыдан жаңа экономика мен адам өмірінің стандарттарын қалыптастыру міндетін қойдық. Ал қиындықтар – бұл біз шешетін міндеттердің екінші кезеңі әрі біздің тәуелсіздігіміздің қалыптасуынан оңай міндет емес. Біз алдымызға өршіл міндет қойып отырмыз, оны шешу аса ауыр және қиын болады. Және ол бәрімізден аса зор күш-жігер мен білімді талап етеді.

Әлемдік экономикалық даму үрдісі бізге инновациялық экономиканы қалыптастыру қажет екенін айқын көрсетіп отыр. Бізде басқа жол жоқ.

Егер біз осы міндетті шешпесек, Қазақстан жаһандық экономикада лайықты орынға орнығып, тұрғындарымыздың өмір сүру деңгейін қазіргі заманғы стандарттарға дейін көтере алмайды. Бұдан да артығырақ айтсам, ғылыми-техникалық мешеулік пен білім берудің күні өтіп көнерген жүйелері бүгінде толық мағынасында алғанда ұлт пен мемлекеттің қауіпсіздігіне қатер төндіретін факторларға айналып келеді.

Ұлттық инновациялық жүйені құру мен дамытудың негізгі міндеті тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз етуге, жоғары технологиялы өндірісті дамытуға, ғылыми тұрғыдан ауқымды өнімдер көлемін өсіру есебінен бюджетке түсімдерді арттыруға, жаңа технологияларды пайдалану арқылы экономикалық және әлеуметтік проблемаларды шешуге барып тіреледі.

Біз қазірдің өзінде инновациялық экономика негізін құру үшін алғашқы нақты қадамдарды жасадық. Өздеріңіздің білетіндеріңіздей, 2005–2015 жылдарға арналған ұлттық инновациялық жүйені қалыптастыру мен дамыту жөніндегі бағдарлама жасалып, Елімізді 2015 жылға дейінгі дамытудың индустриялық-инновациялық стратегиясы қабылданды. Аталған бағдарламалар осы жолдан өткен көптеген елдердің тәжірибелері



ескеріле отырып және әлемдік ғалым-сарапшылардың қатысуымен жасалды. Барлық бағдарламалар кадрлармен, қаржыландырумен толықтай қамтамасыз етілді. Осының арқасында даму институттарының туы астында құны 2,5 млрд долларға жететін 130 жобаны қаржыландыру басталды.

Біз елдің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату әлеуетіне ие басым салалар дамуының озық үлгілерін таңдап алдық.

Біз әлемдік рынокта шағын, шағын да болса келешекті жоғары технологияларға ие болуға тиіспіз. Сондықтан нақты нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін келешекті ғылыми-техникалық бағыттар белгіленді. Бұл – биотехнологиялар, нанотехнологиялар, ғарыштық қызмет, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен көмірсутекті және тау-кен металлургиялық өнеркәсіп үшін қажетті технологиялар. Осы күндері сіздер бұқаралық ақпарат құралдарынан бірінің артынан бірі жаңа технологиялық парктер: Алматыда – ақпараттық технологиялар, Оралда – машина жасау, Қарағандыда – металлургия жөніндегі парктер ашып жатқанымызды байқап жүрген боларсыздар. Астанада биотехнологиялық кешен салынууда, Курчатова және Астанадағы Еуразия университетінің жанында ядролық технологиялар зерттелуде.

Алайда, инновациялық және технологиялық серпіліс үшін, бізге еліміздің ғылыми-техника-

лық әлеуетін жұмылдыруды жеделдету, ғылымның таңдап алынған басым бағыттарын дамыту жолындағы ресурстарды шоғырландыру, оның жетістіктерін өндіріске белсенді енгізуге жағдайлар жасау қажет. Сайып келгенде, ғылыми-техникалық ресурстар инновациялық дамудың негізгі факторы болуға тиіс.

\* \* \*

Біз ғылым мен жаңа технологияларды дамытуды қалайша жоспарлап отырмыз?

Өздеріңіз білетіндей, біз еліміздің ғылыми-техникалық саласын басқару жүйелерін реформалауға кірісіп кеттік. Қағидаттық тұрғыдан бұл жаңалықты бұрынғыдай ғылыми зерттеулерді басқару емес, ғылыми мекемелерді басқаруға көшу ретінде түсіндіруге болады.

Бұл реформалардың мәні неде?

Бірінші. Біз енді тікелей ел Премьер-министрінің басшылығымен жұмыс істейтін Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның (ЖҒТК) мәртебесін көтердік. Аталған комиссия іргелі және қолданбалы ғылым мен техниканың мемлекеттік даму басымдықтарын жасауға жауапты. ЖҒТК-ның құрамына мемлекеттік органдардың, ғылыми қоғамдастықтың, ұлттық компаниялардың, даму және бизнес институттарының өкілдері енген.

ЖҒТК маған жүргізіліп жатқан ғылыми жұмыстар мен елді ғылыми-техникалық дамытудың

басымдықтары туралы жүйелі түрде хабарлап тұратын болады. Сонымен қатар, 2007 жылдан бастап Жоғары ғылыми-техникалық комиссия жанынан міндеті ғылым дамуының әлемдік трендтерін сараптау және елімізде нақты бағыттар бойынша жетекші ғылыми-зерттеулер жүргізу болып табылатын Халықаралық сараптамалық кеңес жұмысын бастайды. Оның құрамына шетелдік те, сондай-ақ отандық та ғалым-сарапшылар кіреді. Мен Ұлттық ғылым академиясы осы кеңес жұмысынан тысқары тұрмауы тиіс деп есептеймін.

Екінші. Ғылымды басқарудың жаңа құрылымы 2010 жылға қарай барлық ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды Білім және ғылым министрлігі арқылы қаржыландыруға кезең-кезеңімен көшуді болжамдап отыр. Соңғы жылдары ғылыми жұмыстарды қаржыландыру Білім және ғылым министрлігі арқылы да және басқа министрліктер мен ведомстволар арқылы да жүзеге асырылып келді. Бірақ қаржыны басым бағыттарға жұмылдыру үшін аталған тәжірибені өзгерту қажет.

Осы мақсатта менің тапсырмам бойынша Білім және ғылым министрлігінде Ғылым комитеті құрылды. Ол іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді қалыптастыру мен бір жерден әкімшілендіру бағдарламаларына жауап беретін болады.

Үшінші. Тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру және үйлестіру үшін Ғылым қоры – мемлекеттің 100 % қатысуымен акционерлік қоғам құрылады. Қордың қызмет саласына тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды іріктеу, сараптау, қаржыландыру және мониторинг енеді.

2007 жылдың өзінде ғылыми-техникалық қызметті Ғылым қоры арқылы 1,74 млрд теңге көлемінде гранттық қаржыландыру қарастырылғанын айта аламын. Бұл республикадағы ғылымды түгелдей қаржыландыру көлемінің оннан бір бөлігін құрайды.

Қолданбалы зерттеулерді қаржыландыруда маңызды рөл сондай-ақ бизнеске берілуі тиіс. Шағын және орта кәсіпорындар бүкіл әлемдегі инновациялық үдерістерде маңызды рөл атқарып, ғылыми құрылымдар мен ірі компаниялар арасындағы байланысты жүзеге асырады әрі жаңа идеяларды дамытып, оларды ендіруге белсенді қатысады. Сондықтан Ғылым қорының маңызды міндеттерінің бірі тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды жекеменшіктің тең қаржыландыруын ынталандыру болады.

Осындай тең қаржыландырулардың көлемін жобалардың жалпы құнының 30 %-ына дейін жеткізу қажет. Таяудағы 4 жыл ішінде тәжірибе-конструкторлық жұмыстар шығынының үлесі мемлекеттің ғылымға жұмсайтын жалпы

шығындарының 25 %-ына дейін ұлғайтылады. Бұл Қазақстан ғылымының басты проблемаларының бірі – ғылыми зерттеулердің аяқталмай қалуы, олардың өндірістен алшақтауы проблемаларын шешеді.

Төртінші. Елді дамытудың ғылыми-техникалық бес басымдықтарына сәйкес бағыттар – нанотехнологиялар, биотехнологиялар, ядролық технологиялар, ақпараттық және космостық технологиялар, көмірсутекті және тау-кен металлургиялық өнеркәсіп үшін жаңа технологиялар бойынша бес ашық үлгідегі ұлттық зертханалар құрылады. Зертханаларды Қазақстандағы барлық ғалымдар мен ғылыми ұжымдар, сондай-ақ жеке кәсіпорындар пайдалана алады.

Ғылым мен жоғары білімді интеграциялау үшін ел өңірлерінде ғылыми-технологиялық дамудың басым бағыттары бойынша инженерлік саладағы 15 университеттік зертхана ашылады. Айтқандайын, мен гуманитарлық ғылымдар саласына да назар аударған жөн деген қорытындыға келіп отырмын. Ол ғылыми зерттеулердің тағы бір басым бағыты болуға орынды түрде үміттенеді. Білімнің түрлі салалары тоғысында дамып келе жатқан әлеуметтік ғылымдар даму деңгейінің қазіргі заманда жоғарылығы сонша, өз әдіс-тәсілдерінің тиімділігі жөнінен дәл ғылымдардан кем түспейді.

Бәсекеге қабілеттілік тұжырымдамасы тұрғысынан келгенде қоғамдық ғылымдардың маңызын

ешбір жағдайда да төмендетуге болмайды. Оның үстіне әңгіме тек экономика ғылымы туралы ғана болып отырған жоқ. Тарихты, социологияны, этнографияны және «адамтанудың» басқа да салаларын қоса алғанда әлеуметтік ғылымдар қоғамдық проблемалардың тарқатылар түйінін дәл тауып қана қоймай, сондай-ақ әлеуметтік жұмылудың тиімді амалын да ұсынады.

Бесінші. Біз болашағынан үміт күттіретін ғалымдарды дайындауға ерекше назар аударатын боламыз.

Қазақстан жыл сайын «Болашақ» бағдарламасы бойынша шетелдерде оқуға 3 мың жасты жіберіп отыр. Олар АҚШ-тың, Ұлыбританияның, Германияның және басқа елдердің озық университеттерінде білім алуда. Олардың көпшілігін әрі қарай да келешекті бағыттарда ғылыми жұмыстармен айналысу үшін ынталандырып тұру қажет. Маған экономиканың және өмір сүру деңгейінің жақсаруының арқасында ата-аналардың өздері де балаларын шетелдердегі озық ЖОО-ларға қосымша жіберіп отырғандары белгілі. Бүгінде мұндай студенттер – 15 мың. Шетелдерде білім алған 20 мен 30-дың арасындағы 1,5 мыңдай жас қазірдің өзінде елімізде жұмыс істеуде. Бұл – бізге жас кадрларды іріктеп алуға мүмкіндік беретін резерв.

Технологиялық дамыған елдердегі ғылыми жұмыстар жүйесінде университеттердің алатын

орны ерекше. Университеттер тек мамандарды оқытумен ғана айналысып қоймай, сонымен қатар техникалық, табиғи және гуманитарлық ғылымдар салаларында іргелі және қолданбалы зерттеулермен айналысуға жағдайы бар ғылыми кешендер де болып табылады. Қазақстанға индустриямен тығыз байланысты қуатты білім беру, зерттеу және ғылыми-өндірістік кешені бар элиталық университеттер керек.

Осы тәжірибені ескере отырып, Астанада халықаралық деңгейдегі жаңа университет құру туралы шешім қабылданды. Келешекте Алматыда да жаңа университет ашу жоспары бар. Еліміздегі осындай деңгейге көтерілуге қабілетті аса ірі университеттердің әлеуетін тексеріп білу қажет.

Алтыншы. Жоғарыда аталған реформаларды жүзеге асыру үшін Ғылымды дамытудың 2007–2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданатын болады. Осы кезеңде ғылым саласының әлемдегі ізашар және жетекші ұстанымға шығуын қамтамасыз ете алатын жаңа сапалық деңгейге көшуіне жағдай жасалады деп күтеміз.

Әлбетте, ғылымды дамыту үшін ауқымды қаржы қажет етіледі және біз таяу жылдары осы салаға салынатын инвестицияны едәуір көлемде ұлғайтамыз. Тұтастай алғанда, біз ғылымға салынатын қаржыны 25 есеге дейін арттыру жөнінде міндет қойдық. Ғылымға бөлінетін қара-

жаттың жыл сайынғы көлемі 2012 жылға қарай 350 млрд теңгеге жеткізілмек. Бұл барлық ішкі жалпы өнім көлемінің 5 %-дан астамын құрайды. АҚШ-ты есептемегенде әлемнің бірде-бір елі ғылымға осындай көлемде қаражат бөлген емес.

2015 жылға қарай ІЖӨ құрылымындағы ғылыми қызмет көрсету мен ғылыми инновациялық қызметтің үлес салмағы 1,5–1,7 %-ға дейін артады деп күтілуде. 2000 жылы аталған көрсеткіш 0,9 %-ды құрағанын еске сала кеткім келеді. Бізге ғылыми-техникалық даму қарқынын шұғыл жеделдету қажет. Қазақстандық ғалымдар ғылыми білімнің дамуында дүниежүзілік трендтерді есепке алуға және басқа да елдердің ғалымдарымен іс-қимыл жасасуға тиіс.

\* \* \*

Инновациялық дамуда Ұлттық ғылым академиясының рөлі мен орны қандай?

Мен жаңа жағдайда біздің Академиямыз қазақстандық ғылымның серпінді дамуына мүмкіндік туғыза алатын шын мәніндегі іргелі ұйымға айналады деп есептеймін. Ғылым академиясын қайта ұйымдастыруымыз оның маңызы мен рөлін төмендетеді деген сөз емес. Иә, ол барлық жағынан қоғамдық салаға айналды. Бүкіл әлемдегі ғылым академиялары сияқты қалыпқа келтірілді. Қайта ұйымдастырылуға дейін еңбек еткен академиктерге біз, олардың сіңірген еңбектерін ескере



отырып, орташа айлық жалақыдан біршама жоғары деңгейдегі өмір бойы төленетін 450 долларлық грант бекіттік. Ғылым академиясының басқа мүшелері, олар қоғамдық бірлестікке түсетіндіктен және сайланатындықтан, еліміздің ғылыми қоғамдастығының жоғары сатысына алынғаны үшін жарна төлеулері тиіс.

Біріншіден, Академияның жыл сайынғы ғылым жөніндегі ұлттық баяндамасын даярлауға қатысты жұмыстың айрықша маңыздылығына назар аударғым келеді. Аталған құжаттың негізінде ғылыми-техникалық дамудың басымдықтары, бағдарламалары мен жобалары нақтыланбақ.

Мен ұлттық баяндамалар ғылым дамуындағы әлемдік үрдістерді жете бағдарға алып, Қазақстан дамуының негізгі қажеттіліктерін ескеру арқылы оларды нақты ұсынымдарға топтастыра алады деп күтемін.

Осы ауқымды және маңызды жұмыстың орындалуы Ұлттық ғылым академиясының әлеуетіне сай келеді. Іргелі және қолданбалы зерттеулердің жүргізілуі, академиялық және салалық ғылымдардың ықпалдасуы, ғылымға негізделген өндірістердің қалыптасуы мен дамуына жәрдемдесу – ғылым саласындағы негізгі міндетке айналмақ. Оларды шешу үшін Академия әлемдік ғылымның қазіргі замандағы ең соңғы жетістіктерін шығармашылық тұрғыда игеру мен қозғалысқа келтіру арқылы «ұшқыр» тұжырымдамалар мен әдістемелерді әзірлеуі керек.

Екіншіден, академиялық құрылымдар еліміздің ауқымындағы ғылыми қызметтерді басқару үдерісіне белсенді түрде қатысуы тиіс. Осы саладағы басты шешімдерді қабылдауға қатыса алатын, айрықша атап көрсететін болсам, құрамына Ұлттық ғылым академиясының жеті академигі кірген Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның жұмысы мұндай қатынастың нақты тетігіне айналмақ.

Бұған ғылыми жобалардың тәуелсіз сараптамасы ұйымы сияқты академиялық құрылымдар қызметінің маңызды бағыты да кірігетін болады.

Үшіншіден, қоғамдық және ағартушылық қызметте, ғылыми ортаның топтасуында, ғылыми білімдер мен жетістіктерді насихаттауда Ғылым академиясының рөлі айрықша болуы тиіс.

Академия мүшелері қазақстандық зиялы қауымның бет-бедерлі беделі саналады. Сіздер ел ішінде де, халықаралық деңгейде де жоғары қоғамдық беделге иесіздер. Осы орайда Академия мүшелеріне қазақстандық ғалымдардың жаңа буынын тәрбиелеу жөніндегі маңызды миссия жүктеледі. Халықаралық ғылыми ынтымақтастықты нығайту Ғылым академиясының айрықша міндеті саналмақ.

Ұлттық ғылым болмайды, ол өз болмысымен интернационалдық мәнге ие деген байлам бар. Халықаралық ғылыми жобаларды дамытып,

ғылыми зерттеулер ауқымын кеңейтуі, шетелдік әріптестерімен белсенді түрде ынтымақтастықта болуы Қазақстандағы ғылыми орталықтардың әлемдік ғылым кеңістігіндегі өз ұстанымдарын күшейте алады деп есептеймін. Қазақстан Ғылым академиясында шығарылатын хабаршы басылымдары – АҚШ-тың Ұлттық кітапханасында тіркелген жалғыз ғылыми басылымдар.

Әңгіме отандық ғылымның беделі жөнінде болғандықтан да бізге осы басылымдарды дамытып, оларды қаржыландыруды арттыру жөніндегі мәселені қарау қажет деп ойлаймын.

\* \* \*

Қазақстанда байыпты ғылыми мектептер қалыптасып, іргелі негізге маманданған ұжымдар жұмыс істейді. Олар оқу-білімнің тұтастай жүйесі ретінде ғылымның өмір сүруі мен дамуын қамтамасыз етеді. Іргелі ғылым көп жағдайда мәдени бет-бейне ретінде қоғамдағы зияткерлік оң ахуалға қолдау көрсету функциясын орындайды.

Ұлы оқымысты Луи Пастер: «Ғылымның мән-мазмұны, бәлкім, ұлттың материалдық өркендеуі үшін емес, адамгершіліктің ізгі қасиеттері үшін қажет болар. Ғылым ұлы идеялардың таралып, салтанат құруына мүмкіндік туғызады», – деген екен.

Іргелі ғылымның рөлі туралы мұндай түсінік оны тұтастай жүйе ретінде сақтауды талап етеді.

Үздіксіз ғылыми ізденіс ауанынан тағылым алу, озық оқу-білімге қол жеткізу, қоғамның рухани дамуын қамтамасыз ету – Ұлттық ғылым академиясының басты міндеті.

Қазақстан халықтары  
Ассамблеясының XII сессиясында  
**СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ**

Астана қаласы,  
2006 жылғы 24 қазан

**Құрметті достар!**

Қазақстан экономикасының өсу қарқыны көш-  
басшылық, озық дамудың жүйелі кезеңі жайында  
сөз қозғауға мүмкіндік беретін жағдайда еліміз  
үшін жаңа жетістіктер мен өршіл міндеттердің  
уақыты туып отыр.

Қазақстан таяудағы 10 жыл ішінде әлемдегі  
бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына  
кіруі тиіс.

Бүгінде біз ұлттық идея туралы көп пікір білдірудеміз. Менің көзқарасымша, басты ұлттық идея ұлттың бәсекеге қабілеттігінде болып отыр. Осы мақсатқа қол жеткізу бізге өзара өзектес міндеттердің тұтастай кешенін шешуге тура келетінін білдіреді.

Біріншіден, мемлекетіміздің тұрлаулы да тұрақты дамуының қажетті шарты ретінде қазіргі заманғы қатерлер мен қыр көрсетулерге сай келетін ұлттық қауіпсіздік стратегиясын іске асыруды қамтамасыз ету керек.

Екіншіден, біз экономика мен әлеуметтік саланы жан-жақты жаңарту стратегиясын іске асыруды, өмір сапасын айтарлықтай арттыруды қамтамасыз етуге тиіспіз.

Үшіншіден, Қазақстанның саяси жүйесі мен мемлекеттік құрылымын жаңарту жөніндегі жұмысты белсенді түрде жалғастыруымыз қажет.

Осы міндеттердің әрқайсысын шешу ұлттың және әрбір қазақстандықтың бәсекеге қабілеттігін талап етеді.

*Ұлттың бәсекеге қабілеттілігінің шарттары қандай?*

Ең әуелі, бұл – жаһандық және өңірлік қауіпсіздікпен ажырағысыз байланыстағы ел қауіпсіздігі. «Қайнаған суы бар қазанда суық орын болмайды» деген шығыс даналығының астарында әділдік жатыр. Егер еліміздің айналасында қақтығыстар мен өңірлік соғыстар белең алып,

ядролық қатер, терроризм мен экстремизм төніп тұрса, оның өркендеуі өте-мөте қиын болар еді.

Әлемдегі төртінші ядролық арсеналдан өз еркімен бас тартып, аса ірі Семей ядролық полигонын жабу арқылы Қазақстан әлемге адамзат алдындағы жауапкершіліктің жоғары өнегесін көрсетті және бүгінгі күні көзіміз жетіп отырғандай өз қауіпсіздігінің берік іргетасын қалады.

Жас еліміздің жаһандық қауіпсіздікке қосқан осы үлесін әлемдік қоғамдастық лайықты түрде бағалады. Менің жақында АҚШ-қа жасаған сапарымның қорытындылары бойынша қабылданған Қазақстан-Америка бірлескен мәлімдемесінде: «Құрама Штаттар Қазақстанның көшбасшылығын мойындайды және оның жаппай қырып-жою қаруларының таралуына жол бермеу жөніндегі күш-жігерін жоғары бағалайды, мұның өзі жаһандық қауіпсіздікті нығайтады», деп атап өтілуі кездейсоқ емес.

Мемлекеттік шекара мәселелері бойынша барлық көршілермен сындарлы шешімдерге келу, ҰҚШҰ, ШЫҰ-ға белсенді түрде қатысу, АӨСШК-ні шақыру, халықаралық терроризмге қарсы күреске қатысу, посткеңестік кеңістіктегі және Орталық Азиядағы кірігу бастамалары – осылардың барлығы Қазақстанның Азияда ғана емес, сонымен бірге жаһандық ауқымда қауіпсіздікке қосып келе жатқан қомақты үлесі. Діни және этностық негіздегі қақтығыстар әрі тарт та бері тартқа салған қазіргі әлемде ілгері басудың басты шарт-

тары ұлтаралық және конфессияаралық келісімді сақтау және нығайту болып табылады.

Біздің көпконфессиялы және полиэтностық еліміздегі толеранттылық және қақтығыссыз дамудың бірегей тәжірибесінің насихаттық емес, қолдануға әбден болатын сипаты бар. Көптеген сарапшылардың пайымдауынша, жаппай ұлтаралық және дінаралық қақтығыстарға тап келуі тиіс делінген елдің ұлтаралық қарым-қатынастарды жарасымды етудің таңғажайып табыстарына қалай қол жеткізді?

Бұған себептер көп, бірақ мен негізгі үшеуін атағым келеді.

Біріншіден, бұл – Қазақстанның экономикалық табыстары. Жоқшылық пен кедейшілік кезінде ұлтаралық қарым-қатынастарда төзімділікке орын бола бермейді. Бұл уақыт пен тәжірибе тезінен өткен ақиқат. Бізде бейбітшілік пен келісім үшін берік іргетас қаланған. Бүгінде еліміздің барлық этностық топтары әл-ауқаттың жақсаруы мен экономикалық өрлеуді сезініп отыр.

Соңғы 7 жылда жан басына шаққандағы жалпы өнім Қазақстанда 3 есе ұлғайды.

2009 жылы жан басына шаққандағы жалпы өнім 6 мың доллардан асып түспек. Бұл халықтың көңіл-күйінде елеулі көрініс таппақ. Әлемнің көптеген елдерінде ұзақ жылдар жүргізген зерттеулері арқылы тәжірибе жинақтаған «Еуробарометр» ұйымы атап өткендей, Қазақстандағы бүгінгі өмірге қанағаттанушылық деңгейі ТМД-да



ең жоғары және Еуроодақ көрсеткіштеріне жуықтайды. Сондықтан да таңғалудың еш қажеті жоқ – еліміздің қуатты экономикалық өрлеуі ұлт-аралық қарым-қатынастарды жарасымды етуге жағдай туғызып отыр.

Екіншіден, мемлекеттің сауатты ұлттық саясаты. Мен қазіргі әлемнің ең беделді саясаткерлері мен қоғамдық қайраткерлерінің мемлекетіміздің осы тұрғыдағы табыстарына қатысты берген көптеген бағаларын қайталап жатпаймын.

Ұлттық мәселедегі біздің саясатымызға этностық және діни радикализмнің кез келген формалары мен көріністерін үзілді-кесілді қабылдамаушылық және қатаң тыйым салушылық тән екені баршаға белгілі.

Әуел бастан біз Қазақстанда тұратын халықтардың этностық емес, азаматтық қауымдастығын қалыптастырудың, мүдделерін үйлестірудің, барлық этностар үшін мемлекеттік құрылысқа қатысу мүмкіндігін ашудың пайдасына таңдау жасадық.

20 жыл бұрын «біртұтас кеңес халқы» жөніндегі аңыздың күл-талқаны шықты. КСРО-ның ұлттық саясаты үлкен және кіші ағайындар арасындағы арақатынасты қатаң сақтауға, зорлық-зомбылық пен шектеулерге құрылғаны бүгінгі күнде баршаға мәлім. Сондай-ақ ұлттық мәселелер, дәлірек айтқанда оның түйінінің тарқатылмауы, түптеп келгенде, сырттай қарағанда қуатты саналатын елді ыдыратып тынғаны да анық. Тек қазақтар

ғана ұлттық саясаттың патшалық және кеңестік әдістеріне қарсы 200-ден астам рет көтеріліске шыққанын еске салғым келеді.

Тәуелсіздіктің бастауында біздің мемлекеттік ұлттық саясатымыз екі мәселені шешуге тиіс болды.

Мемлекет құраушы ұлт ретінде қазақтардың құқықтарын іске асыру және барлық азаматтарымыздың ұлттық белгілері бойынша құқықтарын шектеуге жол бермеу керек еді. Біз екі міндетті де сауатты түрде шеше алдық.

15 жыл ішінде қазақтар статистика бойынша ғана емес, іс жүзінде де шынайы қалалық ұлтқа айналғанына назар аударушылар некен-саяқ. Қазақстандық қалалардың әлеуметтік құрылымында шағын партиялық буын мен гуманитарлық зиялылардан басқа қазақтардың басым бөлігі еңбекақысы төмен және беделі аз жұмыспен айналысқаны бәріміздің есімізде. Қазіргі таңда бизнестің барлық құрылымдарында, менеджмент, ақпараттық-технологиялық және басқа да барынша беделді салаларда қалалық қазақ тұрғындары кеңінен қамтылған. Қоғамда болып жатқан өзгерістерді түсінуде бұл ілгері қадамның қағидаттық маңызы бар. Қазақтардың ұлттық мәртебесі мен ұлттық өзін-өзі бағалау деңгейі мемлекет құраушы ұлт мәртебесіне сай келді.

Елдің білім беру ортасы қағидаттық тұрғыда өзгерді. Кеңестік кездегі халықтардың тең

құқылығы жөнінде сөз қозғайтындар, мысалмен келтірсек, Алматының өзінде ұзақ жылдар бойы тек бір ғана толыққанды қазақ тіліндегі мектептің болғанын ұмыта отырып, қатты өтірік айтады. Бүгінде мектеп оқушыларының 60 %-ға жуығы қазақ тілінде білім алуда. Бәзбіреулер қазақ тілінде білім беру стандарты әзірге қазіргі заман талаптарына сай келмейді-міс деген байлам жасауда. Мен мұнымен үзілді-кесілді келіспеймін. Міне, нақты мәлімет – халықаралық мектеп олимпиадалары жеңімпаздарының 64 %-ы қазақ мектептерінде оқитындар.

Бүгінгі таңда республиканың 119 жалпы білім беретін мектептерінде 15 ұлттың өкілдері өз ана тілдерін оқуда. Тағы бір мәлімет: Қазақстанда жалпы білім беретін мектептердің 40 %-дан астамы орыс тілінде оқытылып келеді. Осының барлығы мемлекеттің ешкімнің ұлттық ерекшеліктеріне шектеу жасамастан, стратегиялық міндеттерді шешіп, табысымыздың екінші факторына айналдыра алған сарабдал ұлттық саясат жүргізгенін айғақтайды. Біз мұндай саясатты одан әрі де жүргізе бермекпіз.

Үшіншіден, ұлттық дегдарлардың жауапкершіл іс-әрекеті. Қазақстанның барлық этностық топтарының шынайы көшбасшыларының нақ осы сарабдал да дана іс-әрекеті соңғы 15 жыл ішінде көптеген, соның ішінде көршілес елдерде белең алған қат-қабат қақтығыстардың бізде болмауына

мүмкіндік туғызды. Бүгін осы Бейбітшілік пен келісім сарайында ұлттық дегдарлар деген сөзді тікелей қолдануға лайық адамдар отыр.

Қазақстан халықтары бірлігінің тарихы ретіндегі осы 15 жылдық бетіндегі сіздердің үлестеріңіз еліміздің болашақ жылнамаларында әлі талай рет ыждаһатпен еске алынатынына сенімдімін.

«Бізді ренжітті» деген тұрғыдағы ешқандай арандатушылыққа ырық бермей, бұл жұмысты жалғастыра беруіміз керек. Біздің заңдарымыз барлығымызды қорғайды.

Ұлттың бәсекеге қабілеттілігінің аса маңызды шарты – бұл әлемдік бәсекелестік үдерісінде табысқа жетуге мүмкіндік беретін күшті рух пен білім.

Қазақстандық патриотизм сияқты ұлт табысының маңызды құрамдасына тоқталғым келеді.

Бұл өз Отаның мен жеріңе деген сүйіспеншілік, оның тарихы мен мәдениетіне деген зор құрмет, әркімнің өз күш-жігеріне деген сенімі мен барша қоғамның топтасуы.

Бұл бүгін тұрғызылып жатқан өз еліңнің тарихына қатыстылықтың және оның болашағы үшін жауаптылықтың жоғары сезімі.

Бұл әрбір қазақстандықтың табыстары үшін мақтаныш және қандай тұрғыда болғанына қарамастан өз салаңда табыстарға қол жеткізу ниеті. Және бұл табысты әркім Отанына бағыштап,

әлемде оның даңқын асыруы, беделін көтеруі тиіс.

Патриотизмді, әсіресе жастардың арасында, біздің балалардың бойында барша қоғамның ортақ күш-қуатымен қалыптастыру керек.

Біздің әр азаматтың табысы және халықаралық тұрғыда мойындалуы – бұл баға жеткізгісіз капитал, барша қазақстандықтардың мақтанатын нәрсесі және байлығы екендігі сөзсіз. Осындай үлгілермен ұлттың рухын көтеру керек!

Өз Отаныңның патриоты болу – Қазақстанды өз жүрегіңде ұялату. Мен сіздерді осыған шақырамын.

Патриотизммен тығыз байланысты мемлекеттік маңыздағы мәселе – мемлекеттік тіл мәселесі. Мемлекеттік тіл – Отан бастау алатын ту, елтаңба, әнұран секілді дәл сондай нышан. Және ол елдің барша азаматтарын біріктіруі тиіс.

Тәуелсіздік жылдарында біз дәйім бүкіл посткеңестік кеңістікте ең либералды тіл саясатын жүргіздік. Қоғамға біздің тіл саясатымыздың мәнін тереңірек және дәлірек түсіндіру керек.

Ол кез келген мемлекеттің ұлт саясатының өзегі болып табылатыны жақсы мәлім. Әлемде көп ұлтты елдер аз емес. АҚШ-ты, Ұлыбританияны, Францияны, Германияны, Ресейді алып қарайық. Олар көп ұлтты және бұл елдерге көптеген эмигранттар келіп жатады. Бұл мемлекеттерде мемлекеттік тілді білмей өмір сүруге және жұмыс істеуге бола ма? Әрине, жоқ.

Біз бұл мәселеде қажетсіз саясиландырушылыққа ұрынбадық, тіл проблемасын ел халқының тілдік сұраныстарын ескере отырып, өркениетті әдістермен шешуге ұмтылып келеміз.

Егер тіл туралы алғашқы заң бұдан 17 жыл бұрын, 1989 жылы қабылданғанын, ал мемлекеттік тілде іс жүргізуге 16 өңірдің тіпті жартысы да көшірілмегенін еске түсірсек, біздің елдегі қазақ тілінің шынайы жағдайы айқын бола түседі.

Іс жүргізуді мемлекеттік тілге көшіру тағы да бәзбіреулерге қысым жасауды емес, орыс тілінде сөйлеушілерге оны аудару және пайдалану мүмкіндігін беруді көздейді.

Турасын айтайық, мемлекеттік тілді дамыту бағдарламасын жүзеге асыру жақсартуды қажет етеді.

Солай болса-дағы бүгінде біздің қоғамда мемлекеттік тілді білудің маңыздылығы мен қажеттілігін түсінушілік бар. Мен мұндай пікірді мынадай жәйтке байланысты айтып отырмын. Өңірлерде болғанда мен ұлты өзге жастардың қазақ тілін өте жақсы білетінін жиі көріп жүрмін. Оларға барлық жерде қолдау білдіріп, назардан тыс қалдырмау керек. Қазақ тілді бақшалар мен мектептерге балаларын әртүрлі ұлттың ата-аналары беруде. Мемлекеттік тілге деген көзқарастың ең айшықты оң көрсеткіші осы емес пе?

Жалпы, бұл тақырыпқа сөз көп болды. Ал қажеті бірнеше нақты қадамдар еді. Мен Үкіметке

бір айдың ішінде мемлекеттік тілді білетін қазақ ұлтынан емес мемлекеттік қызметшілерді айтарлықтай материалдық ынталандыру жөнінде ұсыныс әзірлеуді тапсырамын.

Ал қазақтар үшін мемлекеттік тілді білу міндетті талап болуы тиіс.

Үкімет сондай-ақ тілдер жөніндегі бағдарламаны қайта қарап, мектептерге, мекемелерге мемлекеттік тілді үйрену, әдістемелер мен оқулықтар жасау жөнінде айтарлықтай қолдау көрсетуі керек. Қазақ тілі оқытушыларын даярлауға және оларды материалдық ынталандыруға айрықша назар аудару қажет.

Мемлекеттік тілді үйрену курстарын ұйымдастыру жөніндегі орыс және славян бірлестіктерінің қазіргі бар тәжірибелерін оң тұрғыда бағалай отырып, қолдау көрсеткен жөн. Бұл бастамаға басқа да ұлттық-мәдени орталықтар қолдау білдірсе, жақсы болар еді. Ал бүгінде қазақ тілінің барынша жақтаушысы болып жүргендерге мен мұны осынау ұйымдардың оқуына нақты көмекпен дәлелдеуді ұсынамын.

Әрі қарай, бізге кейбір пәндерді мектепте оқыту бір мезгілде қазақ тілінде де, орыс тілінде де жүргізілуі туралы ойласу керек. Бұл біздің бүкіл білім беру жүйеміз үшін жаңа міндет, оны талдап жасауға уақыт қажет. Мұны байыпты зерттеу керек. Бірақ та, жағдайға басқа қырынан қарап көрейік. 1992 жылы 1-ші сыныпқа барғандар 21 жасқа келді.

Егер олар осы кезге дейін іс жүзінде қазақ тілін білмесе, оларды қалай оқытыпты және мемлекеттік тілді білуге деген талап қандай болыпты? Тағы да 10 жыл өтер, содан кейін біз білім алу және тілдік кедергілермен бөлінген жастарды алатын боламыз. Мен аға ұрпақтың адамдарына тілді күштеп үйренуге мәжбүрлеуге болмайтыны туралы талай рет айттым. Қазір де сол пікірімде қаламын.

Алайда Қазақстандағы жастар мынаны білуге тиіс: мемлекеттік тілді білмейінше, мемлекеттік органдарда, қызмет көрсету саласында, құқық қорғау органдарында немесе сот саласында жұмыс істеу мүмкін болмайды. Мемлекеттік тілде қойылған сұрақтарға сол тілде жауап беруге тура келеді. Уақыт бар, мүмкіндік бар, мемлекеттің қолдауы бар – өз функцияларыңды қажетті деңгейде жүзеге асыру үшін тілді үйрену керек. Бұл әбден қалыпты және өркениетті шарт.

Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің аса маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілді одан әрі дамыту үшін барлық күш-жігерімізді жұмсауға тиіспіз. Және мұнда қазақ тілінің ғалымдарына, лингвистеріне ғылым мен осы заманғы технологиялардың, ал нарықтық қазақ тілінің терминдерін де жасаумен айналысуы керек. Бұл – шұғыл мәселе. Үкімет барлық проблемаларды кешенді түрде зерттеп, шара қабылдауы тиіс.

Екіншіден, орыс тілінің жағдайы. Қазақстанда жиырманшы ғасырдың өн бойында орыс



тілі орнықтырылған әдістерді – миллиондаған қазақтардың өз ана тілін ұмытуына соқтырған әдістерді айыптауға болады. Бірақ та осы үшін қазақтардың орыс тілін жаппай білуінен бас тартуға болмайды.

Мәселе мынада, халықаралық тілдердің бірі болып табылатын орыс тілін миллиондаған қазақтардың жаппай білуі — осы заманғы дүниеде ақпараттық кеңістікті кеңейтетін фактор. Көз жетерлік болашақта орыс тілі біздің бәсекеге қабілеттілігіміздің факторы болып қала береді. Бұған ешқандай күмән жоқ. Сондықтан Қазақстанда орыс тілін білу деңгейі жоғары болып қалуы тиіс.

Көріп отырсыздар, мемлекеттік тілді және орыс тілін білуде бір-біріне қарай қозғалыс керек. Бұл елдегі өзара құрметтің және тұрақтылықты нығайтудың факторы қызметін атқарады.

Үшіншіден, ағылшын тілін білу қазіргі кезде тілекке қарай, ал ертеңгі күні қажеттілік болады.

Мен бұған дейін қазақстандықтардың жаңа ұрпағы ең кем дегенде үш тілді болып, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін білуі тиіс дегенмін. Еуропада көптілділік қалыптылыққа айналды, біз де осыған сөзсіз келуге тиіспіз. Ағылшын тілін кеңінен білмейінше, ұлттың бәсекеге шынайы қабілеттілігі туралы айту қиын болады.

Мен бұл жерде еліміздің барлық азаматтары жайында айтып тұрмын. Тіпті 4 мың жылдық

ұлттық тарихы мен мәдениеті бар 1,5 млрд-тық Қытайдың өзі ағылшын тілін белсенді түрде меңгеруде. Жапония, Үндістан, Сингапур, Малайзия сияқты елдердің экономикалық табысқа жетудегі маңызды факторларының бірі халықтың жаппай ағылшын тілін білуі болды.

Еліміздің барлық жалпы білім беретін мектептері мен жоғары оқу орындарында ағылшын тілін терең әрі қарқынды түрде оқытудың арнайы бағдарламасын жасаудың уақыты келді деп ойлаймын. Бұл бағдарламаға Ұлыбритания мен АҚШ-тың білім беретін ірі құрылымдарын тарту жөнінде ойлану қажет. Үкімет 2 ай ішінде тиісті ұсынысты дайындауы тиіс.

Мен барлық ата-аналарды балаларын үш тілде оқытуға шақырамын. Бұл олардың болашағы үшін маңызды.

Төртіншіден, қазақ әліпбиін латынға көшіру жөніндегі мәселені бір кездері біз кейінге қалдырған едік. Әйтсе де латын қарпі коммуникациялық кеңістікте басымдыққа ие. Және де көптеген елдер, соның ішінде посткеңестік елдердің латын қарпіне көшуі кездейсоқтық емес. Мамандар жарты жыл ішінде мәселені зерделеп, нақты ұсыныстармен шығуы тиіс.

Біздің балаларымызға ағылшын тілін оқыту қазірдің өзінде латын әліпбиін көздеуде. Олай болса, бұдан қорқатын ештеңе жоқ.

Әлбетте, біз бұл жерде асығыстыққа бой алдырмай, оның плюстері мен минустарын зерделеуіміз керек.

Бесіншіден, біз елеулі саяси реформаларға дайындалудамыз. Осы саяси өзгерістер барысында бізге билік құрылымдарында және ең әуелі, Парламенттің қос палатасында түрлі ұлттық топтардың саяси өкілдігі болуы тетігін табу қажет. Ал содан кейін бұл тетікті заңнамамен бекіту керек. Қазақстан халықтары Ассамблеясының осы органдарда өз квотасы болуы керек.

### **Құрметті қазақстандықтар!**

Біздің Ассамблеямыздың тарихы – біздің тұрақтылығымыздың тарихы. Бейбітшілік пен қазақстандықтардың бірлігі қоғамның топтастырушы күші және республиканың ілгері басуының кепілі болып табылады. Және де біз көпұлттылық елдің стратегиялық артықшылығы болып табылатынын іс жүзінде дәлелдедік.

Сондықтан да біздің сессиямыздың жаңа Бейбітшілік және келісім сарайында өткізілуі кездейсоқ емес. Қазақстан халықтарының Ассамблеясы мен ұлттық-мәдени орталықтар осы жерде өздерінің барлық акциялары мен іс-шараларын өткізе алады.

Жақында мен Оңтүстік Кореяның премьер-министрімен кездестім. Кездесу кезінде ол Қазақстандағы корейлерге қолдау көрсеткеніміз үшін алғыс

білдірді. Мен алғыс айтудың қажеті жоқ, олар сіздердің корейлеріңіз емес, біздің қандас азаматтарымыз деп жауап бердім. Мен Ресейде, Германияда, Израильде және басқа да барлық жерлердегі жоғары деңгейлі кездесулеріңіз кезінде осылай айтып келемін. Өйткені біз отандастармыз, өзінің барлық азаматтарының өмірі мен өркендеуі үшін тең жағдай жасап отырған ортақ Отанымыз – Қазақстан Республикасының азаматтарымыз.

Ассамблеямыз жаңа құрылып жатқан сонау 1995 жылдың өзінде біздің сәйкестігіміздегі басты нәрсе қазақстандық азаматтық деген формула қабылдадық. Осы жылдардың бәрінде елімізде аталған қағидатқа деген адалдық мызғымай сақталып келеді. Бірақ біз осы құқықтық формуланы мәдени мазмұнмен байыта түсуіміз қажет.

Жүргізіліп жатқан ұлттық саясат пен мемлекеттің бәсекеге қабілеттігінің тиімділігі арасында тікелей тәуелділік бар.

Егер саясат ұлттық бірлікке, қоғамның топтасуына жол бастайтын болса, бұл түрен түспеген қорлардың арнасын ашып, елдің әлеуеттік мүмкіндігін 10 еселейді, «тарихи максимум» деңгейінде міндеттер қоюға мүмкіндік туғызады.

Егер біз құрметтелетін және бәсекеге қабілетті елге айналғымыз келсе, біртұтас әрі топтасқан ұлтқа айналуымыз керек. Ортақ құндылықтармен кіріккен, тілдік ортасы жарасым тапқан ұлтқа,

өткенге емес, тек болашаққа құлаш ұрған ұлтқа айналуымыз керек.

Осы айтқанымның барлығы біздің көп ұлтты халқымыздың одан әрі дамуы мен игілігі, қоғамдағы тұрақтылықты сақтау жөніндегі бір ғана ойдан туындаған. Ал бұл біздің баршамыз үшін кемел болашақтың кепілі. Мені түсініп, әркездегідей қолдау көрсетеді деп сенемін.

Қазақстан қаржыгерлерінің  
VI Конгресінде

## СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,  
2006 жылғы 15 қараша

**Құрметті Конгреске қатысушылар мен  
қонақтар!**

Біздің дәстүрлі кездесуіміз біздің бәріміз үшін қымбат дата – еліміздің қаржы-экономикалық тәуелсіздігінің бастауы болған ұлттық валютамыз – теңгені енгізген атаулы күнге орайласып тұр. Сондықтан ең алдымен сіздердің барлығыңызды осы айтулы оқиғамен құттықтауға рұқсат етіңіздер!

Қаржы секторының дамуы Қазақстан экономикасының өсуінің шешуші факторларының бірі болды. Осы саладағы реформаның тиімділігін біздің өзіміз ғана емес, беделді халықаралық сарапшылар да қанағаттанғандықпен мойындап отыр.

Еліміздің қаржы секторын дамыту тұжырымдамасында көзделген мақсаттар негізінен орындалды. Оның басты міндеті ойдағыдай шешілді және енді елімізде ерікті нарықтық бәсеке жағдайында жұмыс істейтін жаңа қаржы жүйесі қалыптастырылды.

Банк жүйесінің жиынтық жеке қаржысы 2003 жылдан бері 5,6 есе өсіп, қазіргі кезде 7 млрд доллар құрап отыр. Осы кезең ішінде банктердің активтері 5,7 еседен астамға ұлғайып, 51,7 млрд долларға жетті.

Екінші деңгейдегі банктер активтерінің ішкі жалпы өнімге қатынасының көрсеткіші 75,4 % болды. Бұл Шығыс Еуропа елдерінің көрсеткіштеріне сәйкес келеді. Қазақстан қаржы нарығының басқа көрсеткіштері бойынша да осы елдердің көрсеткіштік деңгейіне жақындап қалды.

Қазақстанның қаржы ұйымдары халықаралық қаржы есептілігінің стандарттарына көшірілді. Депозиттерді сақтандырушылар халықаралық ұйымының ұсынысы бойынша екінші деңгейлі банктерге салынған депозиттерді міндетті түрде сақтандыру жөніндегі заңнама жетілдірілді. Сон-

дай-ақ ипотекалық кредиттерді кепілдендіру қоры мен алғашқы кредиттік бюро құрылды.

Елімізде несиелендірудің үш деңгейлі жүйесі дамып келеді.

Қор рыногының, оның ішінде ішкі институционалдық инвесторларды дамыту және инвестициялау мүмкіндіктерін кеңейту, инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды күшейту, корпоративтік басқаруды жақсартуға арналған ынталандыруды көтеру жөніндегі құқықтық негіздері жетілдірілуде.

Инвестициялық үлестік қорлар құрылып, «Секьюритилендіру туралы» Заң қабылданды. Еуропалық Одақтың стандарттарын және бақылаудың халықаралық стандарттарын енгізуді ескере келіп, қаржы ұйымдарының қызметін мәжбүрлеп реттеуге, тәуекелдерді басқару жүйесіне шоғырландырылған қадағалауға қатысты нормативті-құқықтық актілер қабылданды.

Зейнетақы секторында зейнетақы активтерінің табыстылық деңгейін қамтамасыз етуге, тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған іс-шаралар жүргізілді. Бүгінде жинақтаушы зейнетақы қорларындағы қаржы көлемі 6,5 млрд долларға жетті.

Сақтандыру рыногы дамып келеді. Оның заңнамалық базасы Сақтандырушылық қадағалау халықаралық қауымдастығының қағидаттары мен стандарттарына сәйкес келеді.



Алматы қаласында қаржы орталығы құрылды. Бұл Қазақстанның қаржы жүйесін, әсіресе қор рыногын дамытудағы маңызды қадам.

Келесі жылдан бастап еліміз валюталық режимді ырықтандырудың жаңа кезеңіне өтеді. Бұл ішкі экономикалық қызметке әкімшілік қатысушыларды төмендетеді және қазақстандық инвестицияны, сондай-ақ тауарлар мен қызмет көрсетулерді әлемдік рынокқа қарай ілгері жылжытады. Мұның бәрі біздің қаржы секторын одан әрі нығайтудың сенімді іргетасын қалағанымызды көрсетеді. Біздің қаржы секторымыз – біздің мақтанышымыз және бәсекеге қабілеттілігіміз, ол жеке сектор мен мемлекеттің бірлескен күш-жігерімен құрылған.

Осындай сындарлы ынтымақтастық экономиканың басқа да салаларында қамтамасыз етілуі қажет. Ауыл шаруашылығы, өңдеуші өнеркәсіп салалары халықаралық стандарттарға ұмтыла отырып, әлемдік және өңірлік бәсекелестікке қабілетті болатындай жұмыс істеулері тиіс. Осыған байланысты өнеркәсіп, құрылыс, экономиканың басқа да салалары бүгінгі күнде өзінің тиімділігін көрсетіп отырған Қазақстан қаржыгерлер қауымдас­тығының тәжірибесі мен жұмыс тәсілдерін меңгеруі керек.

Соған қоса, бүгінде еліміздің қаржы секторының алдында үлкен міндеттер тұр.

Банк секторын құруға жұмсалған күш-жігер мен кәсібилік төмендемеуі тиіс. Жүзеге асырылғанға сүйене отырып, түпкі мақсатқа – Қазақстан-

ның әлемдегі бәсекелестікке барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиялық мақсатына қарай ілгерілеуіміз қажет.

Осыған байланысты отандық қаржы секторын дамытудың негізгі міндеттері мыналар болып табылады.

Бірінші. Болашақта отандық қаржы рыногын дамытудың жолдарын айқындау.

Тегінде, біздің бәріміз де қаржы секторын одан әрі нығайтуға ойластыра, сарабдал түрде және жауапкершілікпен қарауға, қол жеткен табыстарды тиянақты ете түсуге мүдделіміз.

Осыған байланысты мен Үкіметке және қаржы органдарына қаржы секторын дамыту перспективаларына арналған жаңа тұжырымдама дайындауды тапсырдым. Бұл мәселе Үкіметте бірнеше рет талқыланған, сондай-ақ еліміз қаржыгерлерінің қарауына ұсынылған болатын.

Бүгінде қаржы секторында барлық негізгі реформалар жүргізілді. Енді қаржы рыногын алдағы уақытта дамытудың барлық сараланымдарын нақтылау қажет. Сондықтан да Тұжырымдамада банктік, банктік емес, сақтандыру және валюталық, зейнетақы қорлары мен қаржы рыногының басқа да тетіктері стратегиялық тұрғыдан көрініс табуы керек. Тұжырымдама 3 жылдық мерзімді емес, 5 жылды, керек болса, 10 жылды қамтуы тиіс болуы да мүмкін. Бұл нақты миссияға, дамытудың

басымдықтары мен міндеттерге арналған стратегиялық құжат болуы қажет.

Біздің қаржы секторымыз 5–10 жылдан кейін қандай болуы керек? Біз алдымызға қандай стратегиялық мақсаттар мен міндеттер қойып отырмыз? Бұл үшін қаржыгерлер не істеуі керек және мемлекет қандай шаралар қабылдауы тиіс? Стратегиялық мақсаттарға жету жолында біз қандай кезеңділікті қарастырмақпыз? Осы сұрақтарға жауап алған соң ғана біз өз жоспарларымызды жасай аламыз және нақты іске көшеміз.

Біз бүгінде қол жеткізген сындарлы үнқатысу тәжірибесі мен қаржыгерлік әрі мемлекеттік серіктестік болашақта барынша пайдаланылуы тиіс.

Елімізде қаржы секторын реформалау осындай ынтымақтастықтың арқасында табысты жүзеге асырылды. Қозғаушы күш жеке сектор болуы тиіс, ал мемлекет өз тарапынан олардың белсенділік танытуына қолдау көрсетіп отырады.

Осыған байланысты Үкіметке, Ұлттық банк пен Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігіне конгресте талқыланған мәселелерді назарға ала отырып, қаржы секторын дамытудың тұжырымдама жобасын дайындауды тапсырамын.

Екінші. Қаржы жүйесін тұрақты және орнықты дамытып, дағдарыстық жағдайларға жол бермеу.

Қазіргі кезде қазақстандық банктердің капиталдың сыртқы рыногына шығуға және келісерліктей

шартпен займдар тартуға мүмкіндіктері бар. Олардың ресурстық базаларының артуы экономиканы несиелеу бойынша қызметін белсенді жүргізуге мүмкіндік беріп отыр. Отандық банктер халықаралық операциялар жүргізуге, әсіресе ТМД аумағында жұмыс істеуге ынта таныта бастады.

Бірақ бұл мәселеде қаржы саласында тәуекелділік жүйесінің өсіп отырғанын айта кеткен жөн. Егер оларды басқара білмесек, онда қаржы дағдарысына ұрынуымыз мүмкін. Осыған байланысты мына факторларға назар аудару қажет.

Біріншіден, несие берудің шектен тыс жоғары қарқынмен өсіп бара жатқандығы жағымсыз салдарға ұрындыруы мүмкін. Мысалы, 2004 жылы экономиканы кредиттеу 52 %-ға өскен болса, 2005 жылы – 75 %-ға, ал биылғы жылдың тоғыз айында кредиттеу – 50 %-ға өсіп отыр. Жалпылай алғанда, жыл ішінде экономикалық өсім 10 %-ды құрайды.

Кредиттеудің өсуі несие портфелінің сапасын нашарлатады. Өткен жылы банктердің күдікті және үмітсіз міндеттемелерінің көлемі 61 %-ға, ал үстіміздегі жылдың тоғыз айында 47 %-ға артқан. Олардың несие портфеліндегі үлесі 40 %-ды құрап отыр. Сондықтан несие портфелінің сапасына назар аудару қажет.

Екіншіден, банктердің несие портфелі қажетінше әртараптандырылмаған. Оларға экономиканың белгілі бір салаларына және үлестес компанияларға шоғырлануы тән.

Кредиттеу негізінен тауар өндірісі экономиканың экспортталмайтын секторындағы немесе ел ішіндегі қызмет көрсету жобалары үшін беріліп келеді. Бұлар – құрылыс пен сауда салалары. Дегенмен ол секторлар көбіне-көп шикізат өндірісіне тәуелді. Мұнай бағасының құбылмалы екені белгілі, қазірдің өзінде әлемдік мұнай бағасының төмендеуі байқалып отыр. Мұнай бағасының күрт түсіп кетуі қаржы секторындағы жағдайға ғана емес, жалпы экономикаға да әсер етуі мүмкін.

Үшіншіден, банктер халықаралық рынокта арзан қарыз алу мүмкіндігіне ие болып отыр, бүгінде соны белсенді пайдаланып келеді. Тек өткен жылдың ішінде бейрезиденттерден тартқан займдарының көлемі 62 %-ға артты, банктердің сыртқы рынокқа орналастырған қарыздық бағалы қағаздарының көлемі 3 есеге өскен. Бірқатар банктер өздерінің бизнестерін өзге елдерде дамыта бастады. Өткен жылы бейрезиденттердің займдары 50 %-ға, ал осы жылдың тоғыз айында 72 %-ға өсті. Тегінде, мұндай қызметтің жандануы банк секторының елдік және валюталық тәуекелдерге іліккіштігін күшейте түссе керек.

Банктер мұндай жүйелік тәуекелдерге аса жауапкершілікпен барулары керек. Дамыған елдер әлемдік қаржы дағдарысына қазірдің өзінде дайындалуда, ұстамды монетарлық және қазынагерлік саясат жүргізуде. Сондықтан дер кезінде дағдарыстың алдын алып, одан шығатын

жолдарды қарастыру үшін, дағдарысалды ахуалға талдау жасауға бөлек назар аударылуы керек.

Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің міндеті – қаржы секторының тұрақтылығы мен тұрлаулылығына қажетті жағдайлар жасау. Тиісті индикаторлар көмегімен қаржы дағдарысын ертерек хабардар ету жүйесін талдап жасау қажет.

Ендігі бөлек мәселе инфляцияны тежеуге қатысты. Оның ерекше бақылауда тұрғанына қарамастан, нақты ілгерілеу байқалмайды. Инфляция өсіп барады, Ұлттық банктің мәліметі бойынша, ағымдағы жылы ол 8,5 %-ды құрады. Бұл жоғары көрсеткіш, әрі қарай өспеуіне кепілдік жоқ.

Ұлттық банкке елімізде бағаны тұрақтандыру жөніндегі барлық өкілеттік берілді. Ол сол өкілеттікті пайдалануы тиіс. Үкімет бағаның өсуіне жол бермеудің кешенді шараларын дайындауы керек. Ақша-кредит және қазынагерлік саясат үйлестірілуі қажет.

Үшінші. Алматы қаласын өңірлік қаржы орталығы ретінде дамыту стратегиялық міндет болып табылады. Өңірлік қаржы орталығы Қазақстанның серпілісті жобасына айналуы қажет. Орталық жұмысының арқасында қор рыногы нақты іске айналуы тиіс.

Ол үшін қажетті заңнамалық база қалыптасқан және тиісті мемлекеттік орган өз жұмысын бастап кетті.

Ойластырған жобаны ойдағыдай іске асыру үшін, жергілікті қор рыногына шетел биржалық ойыншыларын тарту жөнінде шараларды атқару қажет. Сонымен қатар, мемлекеттік активтерді басқарудың қазақстандық «Самұрық» холдингі және «Қазына» орнықты даму қорының құрамына кіретін компаниялардың қаржылық құралдарын орналастыру тетіктерін дайындау керек.

Акционерлік қоғамдар қызметінің айқындығын арттырып, корпоративті басқаруды жетілдіру, қор рыногының өтімділігін қамтамасыз ету қажет. Үкімет мемлекеттік маңызы бар инфрақұрылымдық жобаларды анықтауға және ол жобаларды қор рыногына қатысушылардың қаржыландыру тетіктерін талдап жасауға тиіс.

Алматының инвестициялық тартымдылығын көтеру жөнінде іс-шаралар жоспарын жасау қажет, оның ішінде қаланың инфрақұрылымын одан әрі дамыту және туристік сервисті өркендетудің орны бөлек.

Еліміздің қаржы қоғамдастығын Алматыны өңірлік қаржы орталығы ретінде қалыптастыру ісіне белсенділікпен қатысуға шақырамын. Қаржы орталығын толыққанды дамыту үшін қаржы секторы не істей алатынын ойласып көріңіздер.

Дамыған қор рыногының, банк секторы мен зейнетақы қорлары сияқты құрауыштарына ие бола отырып, республика өңірдегі толыққанды

қаржы орталығы бола алады және өзінің бәсекелік басымдықтарын іске асыра алады.

Төртінші. Қазақстанның ДСҰ-ға кірудегі қаржы секторының дайындығы.

Еліміздің келешекте ДСҰ-ға кіруіне байланысты қаржы саласындағы бәсекелестік арта түседі. Біздің рынокқа шетелдік және басқа қаржылық ойыншылар келеді. Біздің әлі жас қаржы жүйемізбен салыстырғанда олардың артықшылықтары көбірек болады. Республиканың қаржы секторы осыған дайын тұруу керек.

Отандық банктер қызметінің ашықтығын арттыру жөніндегі жұмысты жалғастыра беру қажет. Әрбір банк, әр қаржы ұйымының өз даму стратегиясы болғаны жөн. Жаңа қаржы өнімдерін дамыту, енгізу, қаржы әлеміндегі соңғы жетістіктер мен жиналыстардың алғы шебінде жүру керек. Капиталды басқарудың, менеджмент сапасын көтерудің озық үлгідегі шетелдік тәжірибесін қолдану тиімді. Қаржы жүйесінің нақты сектордың қажеттіліктерін биік деңгейде қанағаттандыратын және тұрғындарға еркін бәсекелестік қағидаттарына сәйкес саналы қызметтің түр-түрін көрсететін жағдайлары жасалуы керек.

Біздің мақсатымыз – қаржы секторындағы бәсекелестікті жаңа деңгейге алып шығу болып табылады.

Біздің міндетіміз – республика қаржы секторының бәсекеге қабілеттілігін әлемдік озық қаржы



жүйелерінің салыстырмалы деңгейіне дейін жеткізу.

Елдің егемен кредит рейтингін мақсаткерлікпен көтеретін уақыт жетті. Біз қазірдің өзінде әлемдік үш агенттіктің инвестициялық деңгейдегі кредит рейтингісіне ие болып отырмыз. Бірақ инвестициялық деңгейдің позитивтіктен тұрақтылыққа дейін, тұрақты В (Би)-ден А (Эй) деңгейіне дейін көтеретін әлеуеті бар.

Үкімет Ұлттық банкпен және Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігімен бірлесе отырып, осы міндетті шешу үшін іс-шаралар жоспарын жасауы қажет.

Банктық сектор, сөз жоқ, қаржы секторының көшбасшысы болып табылады. Бірақ ол жеке өзі бүкіл қаржы орнықтылығы мен елдің тұрақтылығын қамтамасыз ете алмайды. Сондықтан біз қаржы жүйесінің барлық сегменттерін дәйектілікпен дамытуға тиіспіз.

Банктік емес ұйымдар халыққа, шағын және орта кәсіпкерлерге кредит ресурстарын беруде тиімді қаржы делдалдары бола білулері керек.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесінде жинақтаушы зейнетақы қорлары мен зейнетақы активтерін басқарушылардың қызметіне баға берудің тиімділігін көтеру қажет, зейнетақы активтерін инвестициялау үшін қаржы тетіктерінің түр-түрін

көбейткен жөн. Сонымен қоса, бүкіл Қазақстан халқы үшін зейнетақы қызметінің қолжетімділігі мен сапасын көтеру шараларын қарастыру қажет, салымшылар мен алушылардың құқы қорғалуға тиіс.

Сақтандыру рыногын дамытудың үлкен мүмкіндіктері бар. Халықтың бұл ұйымдарға деген сенімін арттырып, қарым-қатынастары субъектілерінің сақтандыру мәдениетін жетілдіру жөн. Міндетті сақтандыру жүйесі жетілдіруді қажет етеді. Тұрғын халықты әлеуметтік жағынан қорғаудың тетігі ретінде өмірді сақтандыруды дамыту керек.

Алматыда қаржы орталығын дамытумен бірге қор рыногының жұмысын жандандырудың пәрменді шаралары ойластырылуы керек.

Микрокредиттеу жүйесін дамыту жөніндегі жұмысты жалғастыра берген жөн. Шағын бизнес субъектілері үшін, әсіресе ауылдық жерлердің субъектілері үшін, қаржы ресурстарына қол жеткізудің қажетті жағдайлары жасалуға тиіс.

Қаржылық секторды сөз ете отырып, меншікті жария ету мәселесін де айналып өтуге болмайды. Көлеңкелі жекеменшік заңдастырылуы және біздің экономикаға жұмыс істеуі керек. Адамдар бұл үдерістен қорықпауға тиіс. Заңда қарастырылған барлық кепілдіктер берілетін болады.

## Құрметті Конгреске қатысушылар!

Біз сіздермен тәуелсіздіктің алғашқы күнінен бастап, ауыр қиыншылықтарды бастан өткере отырып, өзіміздің қаржы жүйемізді құрдық. Осы жұмыстың басында менімен бірге сіздер – қаржыгерлер, Ұлттық банктің және екінші деңгейдегі банктердің қызметкерлері қатар тұрдыңыздар. Бүгінде біз озық қаржы жүйесін құрдық. Осы жеткен биігімізді ешкімге бермеуіміз керек. Бұл үшін бізде барлық жағдай бар. Үкімет, Ұлттық банк және қаржы секторының барлық қатысушылары жаңа межелерге жету жолында жұмыла жұмыс істейтін болсын.

Қазақстан Республикасы Президентінің  
жанындағы Шетел инвесторлары кеңесінің  
XVI пленарлық отырысында

## СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,  
2006 жылғы 8 желтоқсан

**Құрметті Шетел инвесторлары  
кеңесінің мүшелері!  
Құрметті қонақтар!**

Біздің кездесуіміз Қазақстан тәуелсіздігінің 15 жылдығы қарсаңында өтіп отыр. Осы 15 жылдың ішінде еліміздің, қоғамымыздың және әрбір қазақстандықтың өмірін түбегейлі өзгерткен тарихи айтулы оқиғалар болып өтті. Біз жаңа, қарқынды дамып келе жатқан мемлекет құрдық.

Сіздер, құрметті инвесторлар, жаңа Қазақстанды бізбен бірге құрдыңыздар. Сіздер біздің экономикамызға алып келген инвестицияларға, жаңа технологияларға, басқару тәжірибесіне баға жетпейді. Біз сіздерге осы үшін разымыз.

Қол жеткен табыстарға сүйене отырып, біз алдымызға стратегиялық мақсат – әлемнің бәсекеге барынша қабілетті 50 елінің ішіне кіру мақсатын қойдық. Бұл мақсатқа жетудің маңызды факторы адам факторы болып табылады.

Адам капиталы – елдің шынайы байлығы, ұлтымыздың байлығы. Бұл – адам өмір бойына жинайтын зияткерлік қабілет, білім мен тәжірибе. Бұл – жоғары білімді, саламатты әрі әлеуметтік жағынан қорғалған халық.

Білім – адам капиталын дамытудың маңызды құралы. Сондықтан білім берудің тиімді жүйесін құру, оның экономиканың қажеттіліктеріне сай келуі керек. Біздің бүгінгі отырысымыз нақ осы маңызды мәселелерге арналмақ.

Қазіргі кезде мемлекеттік саясаттың білім беру саласындағы негізгі бағыттары мен басымдықтары Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту жөніндегі 2005–2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында белгіленген.

Айта кету керек, білім беру саласындағы біз белгілеген басымдықтар тұтас алғанда білім берудің әр деңгейінде кезең-кезеңмен орындалуда. Алайда, білім беру үдерісін одан әрі дамытудың

қажеттігін ескере отырып, менің тапсырмам бойынша, білім беру жүйесін жаңғырту жөнінде тыңғылықты жұмыстар жүргізілуде. Бұл орайда біздің түпкі мақсатымыз еліміздегі білім беру қызметтерін әлемдік стандарттар деңгейіне көтере алатын білімді басқару жүйесін құру болып табылады.

Қазақстанда техникалық және кәсіптік білім саласында жоғары білікті техникалық кадрларды даярлаудың маңыздылығын ескере отырып, мемлекет бұл бағытта тиісті қадамдар жасауда. Мәселен, кадрларды даярлау және қайта даярлаудың өңіраралық төрт орталығы құрылуда. Әр орталыққа тиісінше 700 орын белгіленген. Атап айтсақ, Атырауда мұнай-газ саласына қажетті кадрлар даярлау орталығы құрылса, Шымкентте тігін және өңдеу өнеркәсібі үшін, Өскеменде машина жасау және Павлодарда отын-энергетика салалары үшін мамандар даярланбақ. Мен бұған қосымша Шымкентте мұнай және мұнай-химия өнеркәсібіне қажетті мамандар даярлайтын тағы бір орталық құруды тапсырдым.

Өңірлік орталықтардың негізінде инженерлік кадрлар даярлайтын жоғары техникалық мектептер құру жоспарланып отыр. Алайда бұл Қазақстанның бүкіл экономикалық ауқымы үшін жеткіліксіз.

Өндірістік және экономикалық әлеуетті жандандыру, Қазақстанды инновациялық жағынан

дамыту тек технологиялық негізде ғана мүмкін болмақ. Жоғары технологиялық салалар маманданған еңбек ресурстарын және дамыған ғылыми-техникалық базаны қажет етеді. Нақ тереңдетілген мамандық қана бәсекелестік артықшылыққа ие болады. Сондықтан жоғары білікті жұмысшы кадрлары мен орта буын мамандарын даярлау біз үшін басым міндеттердің бірі.

Қазіргі уақытта республикамызда техникалық және қызмет көрсету саласына қажетті кадрларды даярлаумен 475 колледж, 312 кәсіптік мектеп айналысуда. Колледждерде 395 мың, кәсіптік мектептерде 105 мың жас қазақстандық оқуда. Тұтастай алғанда аталған оқу орындарында жарты миллионға жуық жас білім алып жатыр, бұл көрсеткіш былайша қарағанда онша жақсы да емес сияқты.

Алайда солардың ішінде тікелей техникалық мамандықтар бойынша кадрлар даярлаумен тек 107 кәсіптік мектеп пен 122 колледж ғана айналысуда. Мектептерде 54 мыңдай және колледждерде 109 мың оқушы бар. Бұл аталған оқу орындарында білім алып жатқан жастардың тек төрттен бірі ғана қазіргі заманда тапшылық туғызып отырған техникалық және ауыл шаруашылығы мамандары болып шығатынын көрсетеді. Бұл экономикамыздың, келешекті былай қойғанда, тіпті қазіргі қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін де жеткіліксіз.

Кәсіптік-техникалық білім беру саласының негізгі проблемалары және оларды шешу жолдары қандай?

Біріншіден, бұл – техникалық және кәсіптік білім беру инфрақұрылымының әлсіз дамуы. Инженер-педагог кадрлар тапшылығы айқын сезіліп отыр. Кәсіптік мектептер мен колледждердің материалдық-техникалық базасы өте нашар.

Біздің экономикамыз жеке меншіктің иелігінде. Неге біздің инвесторларымыз бен компанияларымыз өздеріне қажетті мамандар даярламайды, неге салиқалы оқу орындарын ашпайды? Үкімет пен компаниялар мемлекеттің қолдауы арқылы мамандар даярлаудың бағдарламасын әзірлеуі керек. Аталған проблемамен барлығының айналысуын міндеттейтін заң әзірлеу қажет.

Бүгінде бизнес пен жеке сектор техникалық және қызмет көрсету салалары үшін кадрлар даярлау үдерісіне салғырт қарап отыр.

Екіншіден, индустрия салаларының техникалық және қызмет көрсету мамандарына деген қажеттілігінің объективті болжамы жоқ.

Біз даярлап жатқан мамандар қазіргі еңбек рыногының талаптарына, соның ішінде әсіресе біз құрғалы отырған инновациялық экономиканың талаптарына сай келмейді. Сондықтан да Қазақстанда жұмыс істейтін шетелдік компаниялар өңірлерде қажетті мамандардың болмауын



желеу етіп, шетелдік жұмыс күштерін барынша көп тартып келеді. Және олардан ешкім кадрлар даярлауды талап еткен де жоқ.

Соңғы 6–7 жыл ішінде Қазақстанға жұмысқа тартылған шетелдік мамандардың саны өсе түсуде. Егер 2000 жылы бұл көрсеткіш 10 мыңнан сәл ғана астам адам болса, бүгінге дейінгі дерек бойынша 30 мыңнан асып кеткен.

Шетелдік жұмыс күштерінің басым бөлігін техникалық және қызмет көрсету мамандары құрайды. Соның салдарынан қазақстандықтарға тек ауыр әрі жоғары біліктілікті қажет етпейтін, еңбекақысы төмен жұмыстар ғана қалады. Отандық жұмысшылардың жалақы төлеу мен еңбек жағдайына байланысты құқықтары шектелуде, бұған жол беруге болмайды. Жуырда Атырау облысында болған оқиға осының айғағы. Бұл үрдіс экономиканың түрлі секторларында жұмыс істейтін компаниялардың өздері үшін қауіпті. Біз Қазақстанның байлығын өзіміздікі деп санайтын әрі оған қақысы бар жергілікті тұрғындарға құрметпен қарай отырып, бұл мәселені байсалды түрде ойластыруымыз керек.

Шетелдік компаниялар алдына нақ қазақстандық мамандарды даярлау және біліктілігін арттыру жөнінде неге міндет қоймасқа? Сонда шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат берудің шарттары сақталып, сырттан маман әкелмей-ақ қоюға болады.

Біздің мамандарымыздың шетелдік және қазақстандық компанияларға қажет болулары үшін салалардың кадрларға деген қажеттіліктерінің объективтік болжамын жасау қажет. Бұл болжам кәсіпорындардың қызметіндегі жаңалықтарды, келешегі бар жобаларды, сондай-ақ бизнесті дамыту стратегиясын ескере отырып жасалғаны жөн.

Үкіметке кәсіптік білім берудің қолданыстағы оқу бағдарламасын жаңарту керек. Әлемдік практикада пайдаланылатын жаңа бағдарламаларды енгізу үшін ірі шетелдік жұмыс берушілерді тарту қажет.

Жұмыс берушілер кәсіптік білім саласына белсенді түрде қатыспайынша, кәсіпорындар қазіргі өндірістік талаптарға сай келетін жоғары білікті мамандардың мұқтаждығын тартатыны талассыз. Бұл мақсатта жұмыс берушілермен, олардың бірлестіктерімен және қауымдастықтарымен байланысты кеңейту қажет.

Мен мамандар даярлау барысында жұмысқа бөлуді міндеттейтін келісім-шарттық жолды қарастыратын тетікті енгізуді ұсынамын. Мұның жолы қарапайым. Жұмыс беруші мемлекеттік грант бойынша студенттер оқитын оқу орындарына қаржылық көмек көрсетеді. Өз кезегінде оқу орындары компанияға аталған студенттерді нақ осы кәсіпорындарға бөлуге кепілдік береді. Бұл сұлба үш жақты келісім-шарт бойынша бекітіледі.

Біз осы тетікті енгізу арқылы оқу орындарын материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету және мамандарды жұмыспен қамту сияқты екі проблеманы бірдей шеше аламыз.

Дамыған елдерде кадрларды кәсіби даярлау тәжірибесін зерделеп көргенде, бұл сұлба өзінің өміршең екендігін нақтылайды. Өндірістік кәсіпорындар мен білім беру ұйымдары өзара тиімді ынтымақтастықта болады.

Айталық, Жаңа Зеландиядағы жастар үшін технологиялық институттар немесе политехникалық колледждер мәртебелі саналады екен. Мұндай институттардың басты ерекшелігі олардың практикалық бағытқа негізделгендігінде. Оқу орнын бітіргеннен кейін кез келген жас үшін бірден жұмысты бастап кету мүмкіндіктері қарастырылған. Оқыту үдерісінде лекциялық сабақтар мен өндірістік жұмыстар қатар жүргізіліп отырады. Жұмыс істеп жүрген кадрларды қайта даярлау кезінде маманның өзі қалаған уақытында білім алатын модульдік оқу мүмкіндіктері ұсынылатын икемді жүйе қолданысқа енгізілген.

Аталған елдердегі институттардың көптеген коммерциялық, өнеркәсіп компанияларымен арада тығыз әріптестік байланыстардың орнауына сәйкес барлық сабақтар практикалық тәжірибеге негізделген және олар еңбек рыногының талаптарына сай келеді. Осының бәрі қосылғанда студенттердің кәсіби дағдыларын едәуір жақсартуға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік серіктестікті дамыту мақсатында біздің компаниялар осы тәжірибені неге пайдаланбайды?

Бұл тәжірибені барлық ірі шетелдік және қазақстандық компаниялар іске асыруы қажет: техникалық білім беруді мемлекет пен бизнестің әлеуметтік әріптестікті нығайтуы арқылы дамытуды ұсынамын.

Жұмыс берушілердің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігі қағидаттарын барынша белсенді түрде енгізу қажет. Бұл тұжырымдама тұтынушыларға жоғары сапалы тауарлар мен қызметтер ұсыну, еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету, заңнамаға сәйкес еңбекақы төлеу, әлеуметтік, адам әлеуетін дамытуға инвестиция салу сияқты негіздемелік қағидаттардан тұрады. Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі міндеттемелерді қабылдау бүкіл дүние жүзінде ерікті түрде жүргізіледі. Компаниялардың мұндай қадамдары іскер серіктестері тарапынан үлкен сенім қалыптастырады. Көптеген дамыған елдерде корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарын енгізу кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігінің ең маңызды факторына айналған. Қазақстандық бизнес-құрылымдар да қоғамның өте өткір әлеуметтік түйіндерін тарқатуға атсалысуы керек деп санаймын. Бұл үшін біз Қазақстандағы корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік мүддесін алға жылжытуға белсенді септесуге тиіспіз.

Мемлекет пен жеке сектор арасындағы ынтымақтастықтың келесі бағыттарының бірі – техникалық және кәсіби білім беру саласындағы жобаларды бірлесе қаржыландыру. Ірі кәсіпорындар жанынан оқу орындарын құру да өте маңызды.

Аталған проблемаларды шешу үшін мемлекет пен жеке сектордың күш-жігерін жұмылдыру қажет. Бұл үшін биліктің орталық және жергілікті органдарының, сондай-ақ жұмыс берушілердің жауапкершілік аяларын анықтап алған жөн.

Жауапкершілікті нақпа-нақ ажырату мемлекет пен бизнестен техникалық және кәсіптік білім берудегі іс-әрекетті жақсырақ үйлестіруді талап етеді.

Үкіметке, Білім және ғылым министрлігіне осы мәселелермен дереу айналысуды тапсырамын.

### **Құрметті отырыс қатысушылары!**

Еліміздің қарқынды экономикалық өсуі кәсіпкерлік кадрларды көптеп қажет етуде. Және де бұл міндетті біз бәріміз бірлесіп шешуге міндеттіміз.

Шетел инвесторлары мен отандық кәсіпкерлердің білім беру саласындағы әлеуметтік жауапкершілікті мойындарына алатын уақыт жетті. Бизнес білім беру қызметін сатып алушының енжар рөлімен шектелмеуі керек.

Біз техникалық және кәсіби білім берудің икемді, ашық, үздіксіз дамып отыратын және қолжетімді жүйесін жасауға тиіспіз. Мемлекет-

тік және жеке меншік секторының серіктестігіне негізделген бұл жүйе Қазақстанның келешектегі кемел дамуына, халықаралық деңгейдегі, бәсекеге қабілетті кадрлар даярлауға бағытталуы керек.

Бұл міндетті шешу біздің отырысымызға қосымша серпін береді деп сенемін. Ол бәріміз үшін қажет.

**Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің  
15 жылдығына арналған салтанатты жиналыста  
«Қазақстандық жол: тұрақтылықтан – жаңару  
арқылы – өркендеуге» тақырыбында**

## **СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ**

Астана қаласы,  
2006 жылғы 15 желтоқсан

### **Қымбатты қазақстандықтар!**

Бүгін барша қазақстандықтар еліміздің ең ұлық мерекесі – Тәуелсіздік күнін атап өтуде.

Азат Қазақстанның ең қастерлі құндылығы – ел тәуелсіздігіне тура 15 жыл толды.

Иә, 1991 жылдың 16 желтоқсанында қабылданған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы конституциялық заң Еуразия

құрлығының жүрек тұсындағы ежелден Ұлы дала атанған ұланғайыр өлкеде жаңа мемлекеттің дүниеге келгенін паш етті. Санаулы сағаттардан кейін әлемнің әр тарапындағы алуан мемлекеттерден келіп түскен ежелден азаттық аңсаған қаһарман халықтың тәуелсіздігін таныған қуанышты хабарлар әлемдік ақпарат құралдары арқылы дүниенің төрт бұрышына түгел тарап жатты.

Біз тәуелсіз еліміздің бүгінгі биігінде тұрып осы күнді армандаған бабаларымыздың биік мұраттары алдында, жан алысып, жан беріскен алмағайып замандарда азаттық үшін күрескен аталарымыздың өз аманаты алдында, ел бостандығы жолында құрбан болған есіл ерлеріміздің мәңгі өшпес рухы алдында басымызды иіп, тағзым етеміз.

## **I. Тарих мұрасы**

Тәуелсіздіктің 15 жылы – біздің халқымыздың сан ғасырлық қаһармандық тарихының ажырамас бөлігі.

Еуразияның жүрегінде, өркениеттер тоғысында талай халықтарды тал бесігінде тербеткен ұлы даланың төсінде дүниеге келген біздің халқымыздың барша тарихы – ұлт пен ұлыс ретінде сақталып қалу жолындағы толассыз күрестерге толы тарих.

Алысқа бармай-ақ, шығыста – Қытай, батыста – Византия сияқты алып империялар арасында



қос ғасыр бойы салтанат құрып, еңселіні еңкейтіп, жұлындыны жүгіндірген, аз халықты көп етіп, аш халықты тоқ еткен ұлы мемлекет – Түркі қағанаты ыдырағаннан кейінгі бабалар өткен жол біржолата жоғалып, жұтылып кетпеу үшін жанталасқан күреске толы бұрмасы мен бұқпасы мол жол еді.

Монғол шапқыншылығы, жоңғар жаугершілігі, батыс пен шығыстағы қос империяның қыспағы, патшалық Ресей отаршылдығы, кеңестік жүйенің озбырлығы – бәрі-бәрі азаттық аңсаған халқымыздың үздіксіз күрес пен тартысқа толы қастерлі тарихындағы бүгінгі ұрпақтың ешуақытта ұмытуына болмайтын бабалар қанымен жазылған қасиетті кезеңдер.

Міне, осылайша, Жұбан ақын айтқандай, «мың өліп, мың тірілген» қазақ халқы бабаларымыз ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздікке ұлт болып қалу-қалмауы қыл үстінде тұрған алмағайып заманда қол жеткізді.

Кеңес Одағы құлағанда, әлемдік бәсекеге мүлде қабілетсіз, тек ішкі рынокқа ғана негізделген «халық шаруашылығы» деп аталатын ебедейсіз экономикалық жүйе біржолата тұралап қалды. Басым көпшілігі кедейшілік қыспағына түскен қазақстандықтардың болашаққа деген үмітінен гөрі күдігі молайып, ел ішін әлеуметтік келеңсіздіктер жайлады.

Тәуелсіздік рухымызды асқақтатып, болашаққа деген сенімімізді күшейтті. Бабалар жүріп өткен

жолдың тарихи тағылымы бізге береке бастауы ел бірлігінде екендігін айқын көрсетіп берді. «Өсіп-өну жолындағы адамның талап қылып ізденер қарызды ісінің алды – әуелі дос көбейтпек», деп, данышпан Абай атамыз айтқандай, біз тағдыр жазуымен қазақ жерінде тоғысқан алуан ұлт пен ұлыстың береке-бірлігі мен достығын өсіп-өркендеуіміздің алтын қазығы ретінде алып, болашаққа қарай нық қадам жасадық. Бұл халқымызды бұрын-соңды шығып көрмеген жаңа биіктерге бастады.

Бәріміз үшін қуаныштары мен қиындықтары қатар келген сол кезеңде маған әрқашан біздің күшті, қуатты, еркін мемлекетте өмір сүрсек деген ізгі мақсатымыз үнемі күш беріп, қанаттандырып отырды.

Ол кезде біздің қайта түлеген мемлекеттілігімізге төнген қатерлер тым көп әрі қауіпті еді. Сан алуан саясаткерлер, сарапшылар мен бақылаушылар арасында ел болашағы туралы мүлде қисынға келмейтін сыңаржақ пікірлер мен күмәнді тұжырымдар жетіп артылатын. Біз, ең алдымен, еліміздің еркін дамуын қамтамасыз ететін стратегиялық бағдарламамызды қабылдадық. Кейін оны біртіндеп жүзеге асыру арқылы жыл өткен сайын алдымызға жаңа мақсаттар қойып, бүгінгі биігімізге шықтық.

## II. Біздің табысымыздың тұғырнамасы

Бүгін біз халқымыздың тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктері туралы мақтанышпен айтамыз. Біз экономикалық дағдарысты ойдағыдай еңсеріп, мемлекетті басқаруға деген қабілетімізді дәлелдедік, демократияның берік негіздері мен өз дипломатиямызды құрып, бұл ретте мәдениетіміздің төлтумалығын және өз тарихымызға деген құрметті сақтай білдік.

Экономикалық, әлеуметтік дамудың негізгі көрсеткіштері мен халықтың тұрмыс деңгейі бойынша Қазақстан бүгінде ТМД-да көшбасшылық орында тұр және жоғары қарқынмен дамуын жалғастырып келеді.

Қазақстан бүгінгі таңда – халықаралық қоғамдастықтың толыққанды, құрметті де беделді мүшесі.

Біздің айқын да сарабалал іс-қимыл стратегиямыздың, ниеттестер командасының ынтымақшыл жұмысының, біздің отандастарымыздың жанқиярлық еңбегі мен толайым қолдауының нәтижесінде Қазақстан мемлекеттілігі толық орнықты!

Біз қол жеткізген басты нәрсе – ұлттың даму мен өркендеу үшін бірігуі. Бізге атқаруға тура келетін жаңа нәрсе – бұл бұдан былайғы жасампаздық мүддесі үшін біздің топтасқандығымызды сақтап, еселей беру.

«Саналуандықтағы бірлік» саяси формуласын негізге ала отырып біз бейбітшілік пен келісімді сақтай алдық. Бізде тұрақтылық пен толерант-

тылық сақталып отыр, діни, ұлттық және басқа экстремизм көріністері жоқ.

Қазақстан бұдан 10 жыл бұрын Қазақстан халықтары Ассамблеясына біріккен 130-дан аса ұлыстар мен 45-тен астам түрлі конфессиялар өкілдері үшін сөздің шын мәніндегі Отанына айналды. Біз өзіміздің ортақ үйіміздегі бейбітшілік пен келісімді барлық құралдармен, бүкіл халық болып сақтауға тиіспіз. Бұл болашақта біздің барлық жоспарымызды жүзеге асырудың кепілі болып табылады.

Біз тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап даму мақсатындағы айқын ұстанымды қабылдадық, бұл ұстаным мемлекет пен қоғамның күш-жігерін біріктіріп, өсу мақсаттарына қол жеткізуге бағыттады.

Бұл ретте біздің еліміз үш кезеңді өтті.

Біріншісі (1991–1995 жылдар) – біз кеңестік жүйені бұзып, мемлекеттің негіздерін құрумен айналысқан уақыт.

Екінші кезең (1996–2000 жылдар) экономика мен саяси жүйенің терең құрылымдық өзгерістерін іске асырумен байланысты болды.

Үшінші кезең (2001–2006 жылдар) – экономикалық өсу уақыты.

Осылайша, өткен 15 жылда Қазақстанда біздің қоғамды ірі ауқымда жаңарту жүргізілді.

Біз айтарлықтай табыстарға қол жеткіздік.

Біріншіден, экономиканы дамыту деңгейі бойынша Қазақстан бүгінде әлемнің барынша серпінді дамып отырған елдерінің ондығына кіреді, мұны ДЖӨ-нің жылына 9–10 % деңгейіндегі экономикалық өсуі бұлтартпастай дәлелдейді.

Осы жылдары біз шикізаттық емес секторлардың, ең алдымен өңдеу өнеркәсібінің есебінен экономикалық өсудің жоғары қарқынын ұстап тұрудың экономикалық тетіктерін жасай алдық. Мәселен, соңғы 7 жылда машина жасау саласындағы өндіріс көлемінің өсімі 600 %-ды құрауы көрнекті нәтиже болды.

Қазіргі кезде 2000 жылы құрылған Ұлттық қордың активтері 12 млрд доллардан асып түсті. Бұл ретте ел бюджеті тұтастай экономиканың бюджеттік емес секторының есебінен, мұнай-газ ресурстарынан болатын түсімдердің қатысуынсыз қалыптастырылды.

Ауылды түлетудің 3 жылдық бағдарламасын іске асырудың арқасында мұнда жүйелік сипаттағы өзгерістер болып, сала дамудың жаңа сапалық деңгейіне шығарылды. Бүгінде біздің еліміз астық экспорты бойынша әлемдік көшбасшы деңгейіне шықты. Қазіргі таңда Қазақстан астығы әлемнің 40-тан астам еліне экспортталады.

Шағын және орта бизнестің мемлекеттің тұрақты қамқорлығы жағдайында белсенді дамуынсыз қауырт экономикалық өсу мүмкін болмас еді.

Егер 90-шы жылдардың басында «кәсіпкер», «бизнесмен» сөздерінің қоғамдық санада келеңсіз реңкі болып, іскер адамдардың тобы тым аз кездесе, қазір шағын және орта бизнестің ІЖӨ көлеміндегі үлесі 30 %-дан асып түседі. Қазіргі кезде кәсіпкерліктің өсуі көптеген жаңа жұмыс орындарының ашылуы мен жұмыссыздықтың азаюына жеткізгені дау туғызбайды. Бұл саясат жалғаса беретін болады.

Қазақстан реформалардың көшбасы деп танылып, бұрынғы КСРО мемлекеттерінің арасында бірінші болып нарықтық экономикасы бар ел мәртебесін және инвестициялық сыныптың жоғары рейтингтік бағаларын алды.

Қазақстандық тәжірибені ТМД елдері қабылдап жатыр, олар біздің елімізде әлдеқашан жасалған нәрселерге көп ретте енді-енді кірісуде. Біз бұл үшін мақтана аламыз және мақтануға тиіспіз!

Халықтың жан басына келетін тікелей шетелдік инвестициялардың көлемі бойынша да біз ТМД-да даусыз бірінші орынды алып, Шығыс Еуропаның бірқатар елдерінен алда келеміз. Дүниежүзілік банктің бағалауы бойынша қазір Қазақстан әлемнің инвестициялар үшін барынша тартымды жиырмалығына кіреді.

Екіншіден, Тәуелсіздік алған алғашқы күндерден басты міндеттердің бірі мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету болды және болып қалуда.

Біз екі бағытқа жұмылдық. Біріншісі – Қарулы Күштерді құру және нығайту, екіншісі – басқа мемлекеттермен шарттық-құқықтық қатынастарды құру, мұның өзі мемлекетті нақты және әлеуетті қатерлерден дипломатиялық шаралар арқылы қорғауға мүмкіндік береді.

Бүгінде осы заманғы, саны жағынан жинақы, жақсы жарақтандырылған және ұрысқа қабілетті Құрлық әскерлері, Әуе қорғанысы күштері және Әскери-теңіз күштері құрылды, олар елдің Қарулы Күштерінің біртұтас жүйесін құрайды. Сондай-ақ Ішкі әскерлер, қазіргі заманғы Шекара қызметі құрылып, құқық қорғау күштері нығайтылды.

Біз әскерилердің кәсіптік деңгейін көтеру саясатын жалғастырамыз. Әскерлерді жасақтау, армияны осы заманғы қару-жарақпен жарақтандыру одан әрі дамытылады. Осымен бір мезгілде тағдырларын армиямен байланыстыруға шешім қабылдаған азаматтар үшін қолайлы әлеуметтік жағдайлар қалыптастырылатын болады.

Біз ешқашан тек ішкі қауіпсіздікті қамтамасыз етумен шектеліп қалмадық, тұрақтылық үшін мүмкін болғанша әлдеқайда кең ауқымды негіз қалауға ұмтылдық. Елдің сыртқы саяси қызметі, Қазақстанның халықаралық қауіпсіздік құрылымдарына, ең алдымен ҰҚШҰ-ға, ШЫҰ-ға қатысуы нақ осыған бағытталған.

Маңызды нәтижелердің бірі мынада, біз өз айналамызда достас мемлекеттердің «белдеуін»

құра алдық. Содан да осы жылдары Қазақстан бірде-бір рет әлемнің бірде-бір мемлекетімен жанжал жағдайында болған жоқ.

Қазақстанның бүгінгі жоғары халықаралық беделі – ішкі жетістіктеріміздің, дәйекті бейбітсүйгіш саясатымыздың, сондай-ақ ядролық қарудан бас тарту, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездерін өткізу, Тәжікстандағы, Ауғанстандағы, Ирактағы антитеррорлық күреске және бітімгершілік миссияларға қатысу секілді ірі халықаралық бастамалардың тікелей нәтижесі.

Біздің еліміз ядролық қарусызданудың жаһандық үдерісін өрістетуге, жаппай қырып-жою қаруының таралуын шектеуге өзінің бітімгершілік үлесін қосты. Ядролық қарудан бас тартып, ядролық полигонды жабудың бұрын-соңды болмаған оқиғасын жасаған мемлекет ретінде Қазақстан бұдан былай да жаппай қырып-жою қаруын осы заманғы дүниеде таратпаудың халықаралық режимін нығайту жөнінде белсенді саясат жүргізетін болады. Нақ сондықтан да біздің еліміз ядролық державалардан, ең алдымен АҚШ пен Ресейден шабуыл жасамауға, тәуелсіздігіне және аумағының тұтастығына кепілдік алды.

Үшіншіден, қазір енді алыста қалған 1990-шы жылдары экономикалық дамудың оңтайлы жолын іздестірумен, геосаяси бағдарларын анықтаумен қатар жас мемлекет ретінде Қазақстанға идеялық



және ішкі саяси бағдарлар мәселелерімен анықталуы қажет болды.

Біз демократияның қоғамдық институттарын құру мен сапалық нығайтуды назарда ұстай отырып Қазақстан қоғамын жаңарту идеологиясын жария еттік.

Нәтижесінде тәуелсіздік жылдары азаматтық қоғам институттарын – саяси партияларды, үкіметтік емес ұйымдарды, тәуелсіз БАҚ-тарды дамыту үшін қажетті барлық құқықтық және саяси жағдайлар жасалды. Олармен үнқатысу алаңдарының тұтас желісі қалыптастырылды. Мемлекет медиарыноқтың тиімді дамуы үшін барлық қажетті жағдайларды жасауда.

Қазақстан ТМД-да мемлекеттің үкіметтік емес секторымен әріптестігінің деңгейі жөнінен көшбасшылық тұғырда тұр.

Саяси жаңартудың жаңа кезеңі мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара қатынасының жаңа идеологиясының аясында өтетініне сенімдімін. Бұл мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың белсенді өзара ықпалдастығына арқа сүйейтін теңдестірілген саяси жүйе түзуді білдіреді.

Төртіншіден, осы жылдары елдің жаңа байтағы – Астана салынды, ол халықтың өркендеуін, қуаты мен күшін танытып, жаңа Қазақстанның символы мен мақтанышына айналды.

Елдің нақ жүрегінде мемлекетті дамытудың басты стратегиялары талдап жасалады. Астана

табыстың жеделдеткішіне айналып, Қазақстанның экономикалық өсуін қамшылады. Елорданы салуға және абаттандыруға 5 млрд доллардан астам қаржы инвестицияланып, құрылыс индустриясы қуатты серпін алды, 10 мыңдаған жаңа жұмыс орындары ашылды.

Бүгінде біз Қазақстанның елордасы – бұл біздің тәуелсіздігіміздің салтанаты деп нық сеніммен айта аламыз. Астана – болашаққа ұмтылысымыздың тарихымызбен, мәдениетімізбен және дүниетанымымызбен ажырағысыздай байланысты символы. Сондықтан барша қазақстандықтар өз елін, өз Астанасын мақтаныш ету үшін мен сіздермен бірлесіп осында Отанымыздың елордасын салып жатырмын.

### **III. Макроэкономика – адами өлшем**

Біздің басты бір жетістігіміз деп мен қазақстандықтардың өмір сапасының жақсаруын есептеймін. Осы, әсіресе соңғы жылдары да бұл салада сапалық секіріс жасалды. Бүгін мен қазақстандықтардың тұрмысын жақсартудың дәйекті саясаты өзінің нақты жемісін берді деп мақтанышпен айта аламын. Соған орай тек кейбір цифрларды келтірейін.

Егер 1994 жылы ұлттық валютаны енгізгеннен кейін ІЖӨ жан басына шаққанда 600 доллардай құраса, келесі жылдың өзінде біз бұл көрсеткішті

10 есе ұлғайта отырып, психологиялық та, экономикалық та тұрғыда өте маңызды 6 мың долларлық табалдырықтан аттадық.

Бұл кезеңде орташа айлық жалақы бірнеше есе өсіп, 334 долларға жетті. Ең аз жалақы 15 есе өсті. Ардагерлердің зейнетақысы айтарлықтай көтерілді. 2007 жылғы қаңтардан бастап мемлекеттік қызметшілерге, мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындардың қызметкерлеріне жалақы орташа алғанда тағы 30 %-ға арттырылатын болады.

Біздің іс жүзінде елдегі кедейшілік пен жұмыссыздық ауқымын қысқартуға қол жеткізгеніміз айрықша маңызды. Соңғы 9 жылда кедейшілік деңгейі 4 есе қысқарды. Жұмыссыздық 2 есе төмендеді.

Кез келген дерлік үйге кіріп, әл-ауқаттың жақсарғанын көруге болады. 15 жылда орташа қазақстандық отбасының теледидар, тоңазытқыш, кір жуу машинасы секілді тұтыну тауарларымен қамтамасыз етілуі 2 еседен 4 есеге дейін өсті. Оның үстіне бұлар бәсекеге қабілетсіз кеңестік тауарларды ығыстырып шығарған осы заманғы жоғары сапалы техникалар.

Егер тапшылық дәуірінде кеңестік өндірістің автомобильдері тек жекелеген отбасыларда болса, бүгінде осы заманғы автомобиль әрбір үшінші отбасында бар. Оның үстіне бұлар бүкіл әлемге танымал маркалардың автомобильдері.

Кез келген отбасы әл-ауқатының негізі тұрғын үй болса керек. Сондықтан да біз тұрғын үй мәселесін жүйелі түрде шешуді бастадық.

Бүгінде елдің тұрғын үй қоры 250 млн шаршы метрден астам ауқымды құрайды. Бұл ретте, 247 млн шаршы метр жеке меншіктікі, ал 1991 жылы бұл цифр 87 млн шаршы метрді құраған болатын.

Қазақстандықтардың тұрғын үй жағдайын одан әрі жақсарту үшін мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасы қабылданды және іске асырылуда. Оны іске асыру нәтижесінде 12 млн шаршы метр пайдалануға беріліп, қазақстандық 195 мың отбасы қоныс тойларын тойлауға мүмкіндік туғызады. Мұның өзі жеке құрылысты есептемегеннің өзінде.

Қазақстанда нақ осынша тұрғын үй ешқашан салынған жоқ!

Медициналық қызмет көрсету халық денсаулығы кепілінің бірі болып табылатындықтан да тәуелсіздік жылдары денсаулық сақтау саласында бірқатар жүйелі қайта өзгерту жүргізілді. Тұтастай алғанда, соңғы 13 жыл ішінде біз денсаулық сақтау шығындарын 10 есеге арттырдық және қазір ол 1,5 млрд-тан астам долларды құрайды.

Демографиялық салада ахуалдың, соның ішінде бізде аса елеулі проблема саналған табиғи өсімнің есебінен, тұрақты түрде жақсарғаны байқалды. Соңғы 7 жыл ішінде мың адамға шаққандағы табиғи өсім 2 есеге ұлғайды.

Менің тапсырмам бойынша бүгінде Астанада республикамыздағы алғашқы медициналық қызмет көрсетудің инновациялық кластері құрылуда.

Мемлекеттік инвестициялар дәйекті түрде артып келе жатқан білім жүйесінде де орасан өзгерістер жасалды. Егер дағдарысты 1993 жылы ол 249 млн долларды құраса, 2006 жылы білімге 2,5 млрд-тан астам доллар инвестиция салынды. Осыған орай, біз 13 жыл ішінде білімге жұмсалатын шығынды 10 еседен астам арттырдық. 2001 жылы мектептерді компьютерлендіру аяқталды. Қазіргі уақытта мектептердің 82,2 %-ы, кәсіптік мектептердің 52 %-ы және колледждердің 83 %-ы Интернет желісіне қосылды.

Тек 2005 жылдың өзінде президенттік «Болашақ» бағдарламасының аясында 1756 адам стипендия алады. Ендігі жерде шет елдердегі оқуға жыл сайын 3 мыңға дейін адам жіберіп отырмақпыз.

15 жыл бұрын шет елдерде оқуды айтпағанның өзінде ешкім елімізден сыртқары жерлерге оңайлықпен шыға алмайтын еді. Бүгінгі таңда әлемнің жетекші жоғары оқу орындарында 20 мыңға жуық қазақстандық білім алуда. Бұл тек тәуелсіздіктің және қазақстандық экономикалық секірістің арқасында ғана мүмкін болды.

Қазіргі уақытта ғылымды дамытудың 2007–2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы әзірленуде. Оның мақсаты – ғылым саласының халықаралық деңгейдегі секірісін және Қа-

зақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіруін қамтамасыз ете алатын сапалы жаңа деңгейге көшіру болып табылады.

Тұтастай алғанда, біз ғылымды қаржыландыруды 25 есеге дейін арттыру жөнінде міндет қойдық. 2012 жылға қарай ғылымға бөлінетін жылдық қаржы көлемі 350 млрд теңгені құрайды. Бұл ішкі жалпы өнімнің барлық көлемінің 5 %-дан сәл астамы.

Біз даму мен табысқа жетудің: тұрақтылықтан – жаңару арқылы – өркендеуге негізделген айрықша сенімді формуласын таптық.

### **Құрметті отандастар!**

Ұзақ мерзімді стратегияның, айқын мақсаттың және осыларға қол жеткізудегі жоғары кәсіби саясаттың болуы Қазақстан табысының маңызды факторларының біріне айналды. Бұл орайда, мен әзірлеу жөніндегі шешімді 1995 жылдың өзінде қабылдаған «Қазақстан – 2030» стратегиясының қабылдануы айрықша рөл атқарды. Нақ осы стратегия оған қол жеткізу жолындағы ұлттық мақсаттар мен басымдықтар жүйесін айқындады.

Талдаулар көрсетіп отырғандай, біздің стратегиямыз барынша табысты орындалуда, ал бірқатар бағыттарда тіпті алға озып кетті.

Қол жеткізген табыстарға сүйене отырып, біз таяудағы ондаған жылдардың ішінде алдымызға

әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 мемлекеттің қатарына кіру жөнінде өршіл міндет қойды. Дамудың 7 басым бағыты бөліп көрсетілді, оның іске асырылуы аталған міндеттің шешілуіне мүмкіндік туғызбақ. Бірақ ұлттың бәсекеге қабілеттілігі және еліміздің «50-лік клубына» кіруі — аясы тар мақсат емес.

Ұлттың бәсекеге қабілеттігі – әрбір қазақстандықтың, барша қоғамның және тұтастай мемлекеттің бәсекеге қабілеттігі. Біздің әрқайсымыз бәсекеге түсуге және жеңіп шығуға үйренуіміз керек.

Әлбетте, біздің бәсекеге қабілеттілігімізді құрудың басты шарты рынок пен инновациялардың тиімділігі, бизнестің даму дәрежесі, технополистерді құру болып табылады.

Сондықтан да біз елімізді индустриялық дамыған елдердің қатарына кіруге кезең-кезеңмен дайындауға тиіс 2003–2015 жылдарға арналған еліміздің арнайы Индустриялық-инновациялық стратегиясын әзірледік. Біз осы міндет төңірегінде топтасуымыз керек. Оны шешудің барлық мүмкіндіктері бар.

«Қазына» орнықты даму қоры – біртұтас холдингіне біріккен мемлекеттік даму институттарының жүйесі құрылды. Даму институттарының инвестициялық жобалар портфелі жалпы сомасы 3,7 млрд долларлық қуатталған 144 жобаны құрайды.

Экономиканың одан әрі дәйекті дамуы үшін белсенді кәсіпкерлік орта, жоғары технологиялық тауарлар мен қызметтер өндірісін нысана еткен бизнес қажет. Мемлекет бұған жан-жақты мүмкіндік туғызуда. 2008–2009 жылдар ішінде біз кезең-кезеңімен ҚҚС мөлшерлемесін 15-тен 13–12 %-ға дейін төмендетеміз. 2008 жылдан бастап біз әлеуметтік салық мөлшерлемесін шамамен 30 %-ға төмендетеміз. Бұл шаралар кәсіпкерлердің өз қызметтерін дамытуда көбірек қаражат жұмсауларына мүмкіндік береді.

2007 жылдың 1 қаңтардан бастап қазақстандықтар өз табыстарынан 10 % мөлшерінде салық төлейтіні белгілі.

Біз сондай-ақ жетекші ұлттық компаниялардың тиімділігін және корпоративтік басқару деңгейін арттыру үшін олардың мемлекеттік активтерін бере отырып, «Самұрық» мемлекеттік холдинг компаниясын құрдық.

Біз ұлттық инновациялық жүйені қалыптастырудамыз. 2015 жылға дейінгі мерзімге есептелген нақты бағдарлама әзірленіп, қабылданды.

Жалпы құны 84 млрд теңгеге бағаланатын 54 жобаны іске асырып жатқан ұлттық инновациялық қор құрылды. Капиталға айналуының жалпы көлемі шамамен 700 млн долларлық отандық және шетелдік венчурлік қорлардың жүйесі қалыптасты.



Технологиялық ақпаратты таратуға және инновациялық серіктестерді іздеуді жүзеге асыруға мүмкіндік туғызатын электрондық мәліметтер дерекқоры, технологиялар трансфертінің қазақстандық желісі іске қосылды.

Қазақстанның болашағы біздің геосаяси транзиттік артықшылықтарымызды тиімді пайдалануға тәуелді болмақ. Біз бұл бағыттағы жүйелі жұмыс үшін еліміздің 2015 жылға дейінгі көлік стратегиясын қабылдадық.

Елімізде ақпараттық қоғам қалыптастыру үшін үдемелі жағдай туғызу – түбегейлі мәселе. Біз Еуропадан Қытайға, Жапонияға және Оңтүстік-Шығыс Азияға қысқа телекоммуникациялық бағытқа айналатын Ұлттық ақпараттық супермагистраль құру жобасын табысты іске асыруға тиіспіз.

«Электрондық үкіметті» құруды аяқтауға, біздің қазақстандық тұңғыш жерсерігінің мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға тиіспіз. Біз еліміздің аумағы мен жер қойнауларының мониторингін қамтамасыз ететін екінші жерсерігін ұшыруға тиіспіз.

Қазақстанның өркендеуі экономиканың орасан әлеуетке ие энергетикалық саласын жаңарту мен тиімді пайдалануға көп тәуелді болмақ.

Қазіргі уақытта біздің еліміз табылған мұнай қоры бойынша әлемдегі алғашқы ондыққа кіреді. ОПЕК-ке кірмейтін елдер ішінде Қазақстан мұнай

қоры жөнінен екінші орынды иеленеді. Көмірсутегінің жалпы болжамдық ресурсы шамамен 12–17 млрд тоннаға бағалануда. Бұл таяу болашақта біз көмірсутегін өндіру жөнінен әлемде жетекші орындарға шығатынымызды білдіреді.

Әлбетте, мұндай ресурстар Қазақстанды әлемдегі мұнай державаларының бірі ретінде қарастыруға мүмкіндік туғызады. Бұл әлемдік энергетикалық рынокта біздің жаңа геостратегиялық рөлімізді сезінуімізді және алдағы 10–15 жылдағы энергетикалық саясатымызды дамытуды талап етеді.

Біз оңтайлы, теңгерімді және айқын саясат жүргізуді маңызды санаймыз және ұлттық мүдделерді есепке ала отырып, Қазақстанның әлемдік энергетикалық қауіпсіздікке өз үлесін қосатын келешегі зор, сенімді халықаралық әріптес ретіндегі бедел-абыройын одан әрі нығайта беруге ниеттіміз.

Егер де мемлекет жеткілікті инвестициялар мен технологияларды тарту және оларды халықаралық рыноктарға жеткізу жолдарын шешіп бермегенде табиғи ресурстардың өздігінен құны болмайтынын естен шығармауымыз керек.

### **Құрметті қазақстандықтар!**

Барлық межелерге қол жеткізу, соның ішінде одан әрі экономикалық өсу және ұлттың әл-ауқатын арттыру көп жағдайда біздің Қазақстанның

ұлттық қауіпсіздігін қаншалықты қамтамасыз етуімізге байланысты болмақ. Ал бұл белең алып келе жатқан тұрақсыздығы бізді алаңдататын Азиядағы қауіпсіздікке тікелей қатысты.

Таяу Шығыстағы және Ауғанстандағы ұзаққа созылған қақтығыстар тұрақтылықтың елеулі катері ретінде қалуда. Иран төңірегінде осы заманғы тәсілдерге икемделген халықаралық терроризм мен діни экстремизм проблемасы тереңдеуде. Халықаралық терроризм мен діни экстремизм мәселесі ушыға түсуде, олар өздеріне қарсы осы заманғы күрес тәсілдеріне бейімделіп алды. Барынша күш-жігер жұмсауға қарамастан, жаппай қырып-жоятын қаруды тарату үдерісі жалғасуда. Азия үшін есірткі трафигі, адам және қару саудасы, заңсыз көші-қонның күш алып бара жатуы күрделі проблемалар күйінде қалуда.

Мұндай жағдайда біз Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі шеңберінде стратегиялық үнқатысуды белсенді дамытуға тиіспіз.

Қазақстанның ТМД, ЕурАзЭҚ, ҰҚШҰ шеңберіндегі интеграциялық үдерістерге белсенді түрде қатысуы жаңа қыр сын-қатерлерге қарсы күресте үлкен мәнге ие.

Ең таяу уақыттарда біз Қазақстанның және жақын көршілеріміздің өмірлік мүдделері саласында Қазақстанның Орталық Азиядағы ұзақ мерзімді стратегиясын әзірлеуге және қабылдауға тиіспіз.

Барша орталықазиялық өңірдің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мейлінше қолдау көрсету біздің ұлттық мүдделерімізге сай келеді, бұл біздің стратегиялық мақсаттарымызға қол жеткізуімізге мүмкіндік туғызбақ.

### **Құрметті отандастар!**

Әлбетте, инновациялық экономиканы құру және елдің технологиялық секірістің басты шарты адам дамуы болып табылады.

Сондықтан да біздің басымдықтарымыз ғылым мен білімнің инновациялық жүйесінің дамуымен, денсаулық сақтау саласының қазіргі заманғы қағидаттары мен стандарттарына өтуін, ұлттың мәдени және рухани әлеуетінің өркендеуін қамтамасыз етумен есептеледі.

Экономиканың өркендеуімен бірге мәдениет пен өнердің, қазақ тілінің, халқымыздың дәстүрлері мен өмірлік философиясының өркендеуі тең қатар жүруі тиіс.

Өкінішке орай, қазіргі өркениеттің опырылуы біздің уақытымыздың сипаттарының біріне айналууда. Осы орайда мен нақ біздің еліміздің әлемдік діндер үнқатысуының орнына айналғанын өте бағалаймын. Бұл бейбітшіліктің ең үздік кепілі.

Қазақстан Еуразия жүрегінде, ислам, христиандық және буддизм сияқты әлемдік үш діннің түйіскен тұсында орналасқан және біздің қоғам

дүние жүзіне түрлі мәдениеттер мен өркениеттердің бейбіт қатар өмір сүруінің бірегей өнегесін көрсетуде.

Бірақ қазіргі заманғы өркениетті мәдени немесе діни сипаттары бойынша ғана бөлуге болмайды. Оны үш әлемге бөлуді жалғастыруда: дамыған деп аталатын либералдық демократиялы елдер; «екінші» топ делінетін өтпелі кезеңдегі елдер және көнерген саяси режимдердің «үшінші» әлемі.

Менің көзқарасымша, бүгінде бұл тұжырымдама ескірді.

Шын мәнінде, біздің көз алдымызда небәрі нақты екі әлем қалыптасуда.

Біріншісі: бәсекелес, инновациялық, технологиялық, ақпараттық әлем.

Екіншісі: бәсекеге шыдас бере алмайтын, тоқыраған, технологиясы төмен, артта қалған әлем.

Мен, ХХІ ғасырда өзгелерден гөрі кім жылдам әрі терең реформалана алса, сол әрдайым табысқа қол жеткізе алатынына сенімдімін.

Табиғи ресурстарға иек арта отырып, өз «игілік аралын» сақтауға деген әрекет бұған дейін орнықты экономикалық өсу мен халықтың өмір сапасын арттыруға бірде-бір рет қол жеткізе алған жоқ және қол жеткізе алмайды да.

Жаһандық экономикада жаңа технологиялық артта қалу еліміз үшін басты қатерге айналатыны қазірдің өзінде белгілі.

Сондықтан да технологиялық инновацияны енгізу және инновациялық көшбасшылыққа қол жеткізу мемлекетіміздің таяудағы 15–20 жылдағы стратегиялық межесіне айналуы тиіс. Біздің бұл сын-қатерге жауабымыз осы сөздің қарапайым мағынасында алғанда мемлекеттің түбірлі қайта құрылуымен есептелмек.

Қазақстан мемлекет ретінде шекаралардың өтпелілігі және халықаралық өзара тәуелділік жағдайында өмір сүруге дайын болуы тиіс.

Мемлекет жаһандық экономиканың талаптарына бейімделуге, қатаң бәсекелестікке және халықаралық бәсекелестіктің күш алуын есепке ала отырып, дамудың ұзақ мерзімді стратегиясын әзірлеу жөніндегі басты функцияны орындауды қамтамасыз етуге дайын болуы тиіс. Бейнелеп айтқанда, бүгінгі Қазақстан инновациялық Қазақстанға айналуы тиіс.

Биік белеске шыға тұра біз таяудағы 15–20 жылда экономиканы, мемлекеттік құрылымдарды, психологияны, инфрақұрылымды қайта құрып үлгеруге тиіспіз.

Ендігі жерде, Қазақстан жаңа әлемге бейімделе ала ма және технологиялық жағынан дамыған, бәсекеге қабілетті елдердің қоғамдастығына кіре ала ма деген сұрақтарға жауап табу тек өзімізге ғана байланысты болмақ.

Егер біз бұл сұрақтарға лайықты жауап беруге тырыссақ, онда серпінді экономикаларының

барлығын ортақ бір сапа біріктіретінін, оларда ешқашан қайта өзгертулер толастамайтынын естен шығармауымыз керек. Біз сондай-ақ бәсекеге қабілетті болу үшін ұдайы дамып, өзгеріп, түлеп отыруымыз тиіс.

Қазіргі заманғы жаһандық шаруашылық жағдайында бірден және біржолата жеңімпазға айналу мүмкін емес, өз орныңды әрдайым бейбіт, бірақ қатаң күресте берік сақтап отыру керек. Әлемдік қоғамдастықта лайықты орын алу үшін барша ұлттың күш-жігерін топтастыру қажет.

### **Құрметті қазақстандықтар!**

Биылғы жыл сыртқы саясаттағы «секірісті» жыл болғаны баршаңызға мәлім. Мемлекет басшыларының шақыруымен мен Ресейде, Америка Құрама Штаттарында, Қытайда, Ұлыбританияда, ЕО-да және басқа да бірқатар елдерде болдым, G-8 саммитіне және басқа да ірі халықаралық шараларға қатыстым.

Бүгінде халықаралық қоғамдастық Қазақстанды өңірлік көшбасшы, құрметті және жауапты әріптес, шынайы дос, сенімді әрі тату көрші ретінде қабылдайды. Еліміздің Ресеймен, Америка Құрама Штаттарымен, Қытаймен, Еуроодақ және Азия елдерімен, өңірдегі көршілерімізбен арадағы өзара қарым-қатынастардың серпіні осыны айқын дәлелдей алады.

Ірі әлемдік саясаткерлер Қазақстанның табысы өзінің дербес реформалар моделін іске асырумен тікелей байланысты деп атап көрсетуде. Есімдері әлемге белгілі ғалымдар, беделді халықаралық сарапшылар еліміздің даму стратегиясын «жаңа тәуелсіз мемлекеттер үшін дамудың ерекше жолы», «табысты реформалардың қазақстандық моделі» ретінде атап, бізді әлемдік қоғамдас-тықтың белсенді мүшесі ретінде мойындайды. Біз осыны мақтаныш етеміз!

Өз-өзімен тұйықталу арқылы әлемде жинақталған барша идеялар мен білімдерді, басқару машықтарын иелену мүмкін емес. Тек экономикалық тұрғыдан дербес тұра алу үшін күрес, жасанды ұғымдағы ұлттық мүдделерді, соның ішінде бір ғана ұлттың мүдделерін қорғау ауыр салдарларға соғып, түптеп келгенде мемлекеттің өзінің нақты егемендігінен шын мәнінде айырылып қалуға әкеп соқтыруы мүмкін. Бұған мысалдар жеткілікті.

Сондықтан да Қазақстанның болашағы – әлемге ашықтығында.

### **Қымбатты отандастар!**

Сөзімді аяқтай келе мен мынаны айтқым келеді.

Тарих – жақсы ұстаз. Ол халықтарға «ұлт-тық тоқмейілсу» байқаусызда «ұлттық өзіне өзі бас июге» өтіп кететінін естен шығармауларын ескертіп отырады. Ал содан кейін мұның барлығы



бір мезетте «ұлттың өзін-өзі жоюымен» аяқталады.

Қазақстанның даму траекториясы бұдан мүлдем басқаша екенін нақты айтуға біздің баршамызға толық негіз бар екеніне сенімдімін. Біз ешқашанда қол жетпейтін армандарға ұмтылған жоқпыз. Біз, бәлкім, кей тұстарда келіспесек те, халықтың әл-ауқаты мен еліміздің өркендеуі жолындағы ұлы мақсатта біріге отырып, өз болашағымызды бірлесе жоспарлап, оны белсенді түрде құра алдық.

Менің уәделерім ешқашан бос сөз болып қалған емес, ал сіздердің қолдауларыңыз әрдайым шынайы болды, үмітке жетеледі және биік белестерге шығуда күш-жігер берді.

Әлемдік қоғамдастық біздің тәуелсіздік жылдарындағы жасампаз қызметімізді жоғары бағалады. Бүгінде бізге оның нәтижелерін мақтаныш етуге барлық негіз бар.

Ендігі жерде біз мұның кездейсоқтық емес, дұрыс әрі дер кезінде жасалған іс-әрекеттің, қажырлы еңбектің және туған Отанымыздың өркендеуі жолындағы халқымыздың қайталанбас бірлігінің заңды нәтижесі екенін бекіте түсуіміз керек. Халық біртұтас болғанда ол алмайтын асу жоқ, ол барлығын да еңсере алмақ. Сондықтан біздің қолымыздан бәрі де келеді.

Сіздерді мерекемен – еліміздің Тәуелсіздік күнімен құттықтаймын!

**«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын  
жүзеге асыру жөніндегі қоғамдық кеңестің  
кеңейтілген отырысында**

## **СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ**

Астана қаласы,  
2007 жылғы 13 ақпан

### **Құрметті Қоғамдық кеңес мүшелері!**

2003 жылғы сәуірдегі Қазақстан халқына Жолдауымда мен 2004–2006 жылдарға есептелген «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасын іске асыруды ұсынған болатынмын. Бүгін біз оның алғашқы негізгі қорытындыларын түйіндей аламыз.

Өткен 3 жылда елдің мәдени мұрасын зерттеудің тұтас жүйесін жасау, елеулі тарихи-мәдени

және сәулет ескерткіштерін қалпына келтіру жөнінде зор жұмыс жүргізілді. Бүгінде мемлекеттік музейлерде 2 млн-нан астам мәдени құндылықтар сақталуда.

Ұлттық мәдениет пен жазудың санғасырлық тәжірибесін қорыту, әлемдік ғылыми ойдың, мәдениет пен әдебиеттің үздік жетістіктері негізінде гуманитарлық білім берудің мемлекеттік тілдегі толыққанды қорын құру жөніндегі жұмыс басталды.

Бағдарламаны іске асыру барысында тарих пен мәдениеттің 35 ескерткішін қайта жаңғырту жұмыстары аяқталып, Қазақстан аумағындағы 30 қалашықта, қоныста, тұрақта, обалар мен қорғандарда маусымдық археологиялық зерттеулер жүргізілді.

Қытайға, Түркияға, Монғолияға, Ресейге, Жапонияға, Египетке, Өзбекстанға, Арменияға, АҚШ пен Батыс Еуропа елдеріне ғылыми-ізвестіру экспедициялары ұйымдастырылып, Қазақстанның тарихы, этнографиясы, өнері жөнінде еліміздің ғылыми ортасында бұрын белгісіз болып келген 5 мыңға жуық қолжазбалар мен баспалық басылымдар табылып, сатып алынды. Тек Қытайға жасалған экспедицияның барысында Қазақстанның тарихы мен мәдениеті бойынша бұрын зерттелмеген 3,5 мыңға жуық дереккөздер табылды.

Осы зерттеулердің арқасында біз енді қазақ хандары мен сұлтандарының Қытайдың, Қоқанның, Хиуаның және басқа іргелес жерлер басшыларымен хат жазысуын қамтитын сандаған дереккөздерге ие болдық, бұрын беймәлім болып келген қыпшақ қолжазбалары қолымызға түсті.

Еуропа мемлекеттерінің кітапханалары мен дипломатиялық мұрағаттарынан жүздеген жазу ескерткіштері табылды.

Орталық Азияның ежелгі көшпелі халықтарының шаруашылық болмысы мен антропологиялық тұрпатының ерекшеліктеріне, олардың тілдерінің өзара әсер етуі мен өзара қатынастарға байланысты этнологиялық дереккөздердің шетелдерде анықталуы айрықша бағалы.

Жуырда мен Берлинде бірнеше мемлекет басшыларының қамқорлығымен жұмыс істейтін арнайы музейде болдым. Мұндағы көрменің мақсаты – Еуропа мен Азия халықтары дамуының тарихи өзара байланысын көрсету екен. Көптеген елдерде Қазақстан аумағындағыдай дәл осындай қорғандар бар. Осының бәрінің терең дүниежаратылыстық мәні бар, ол біздің бәріміздің біртұтас тарихи тамырларымызды танытады. Мұндай тамырларды іздестіру – ұлы ізгі іс және бұл Қазақстан үшін ғана емес.

Елдің облыстары бойынша ескерткіштер тізімін шығаруға әзірлік жұмыстары жалғасуда. Бүгінде Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы тарихтың, археологияның, монументті өнер мен

архитектураның 35 мыңнан астам жылжымайтын ескерткішін қамтиды.

Екі бірегей ескерткіш – Қожа Ахмет Яссауи кесенесі мен Тамғалы археологиялық кешені ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұрасының тізіміне енген. Осы тізімге кіруге аталған келесі ескерткіш ежелгі Отырар қаласы болып табылады.

Мұрағаттық құжаттарды сақтандыру мақсатында көшіру және қайта жаңғырту, музыкалық жазбаларды қалпына келтіру және осы заманғы аудиокұралдарға көшіру жөніндегі жұмыс, ұлттық мәдениет үшін айрықша маңызы бар архитектуралық және археологиялық ескерткіштерді қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізілуде.

Бағдарлама аясында 218 аталым кітап шығарылды, олардың арасында тарих, археология, этнография бойынша бірегей сериялар, жаңа энциклопедиялық сөздіктер бар. Мәселен, «Бабалар сөзі» сериясы жүздеген жылдар бойы қалыптасқан қазақ халқының фольклорын біріктіреді, ал «Қазақтар құқығының ежелгі әлемі» жинағы біздің халқымыздың құқықтық сана-сезімінің жетілуін ашып көрсетеді.

«Мәдени мұра» бағдарламасы ТМД елдерінде ғана емес, сонымен бірге алыс шетелдерде үлкен үндестік туғызды. 2006 жылдың сәуірінде Париждегі ЮНЕСКО-ның Штаб-пәтерінде оның тұсаукесері табысты өткізілді.

Зор жұмыс жүргізілді. 3 жылдың ішінде бағдарламаға барлығы 2,7 млрд-тан астам теңге бөлін-

генін ғана айтайын, мұның өзі әу баста жоспарланғанынан миллиард теңгеге артық.

Осындай ауқымды бағдарлама не үшін ойластырылды, ол бізге не береді?

«Мәдени мұра» бағдарламасы біздің тарихи-мәдени мұрамызды қалпына келтірудің тек практикалық мақсаттарымен тіпті де шектелмейтінін атап көрсеткім келеді. Оның басты міндеті – қоғамдық санада оң қадамдарға қол жеткізу және осы тұрғыда оның жалпы мемлекеттік маңызды идеологиялық мәні бар.

Біріншіден, әңгіме ұлттың тарихи санасының рөлін күшейту және шектерін кеңейту туралы болып отыр, мұның өзі біздің мемлекеттігіміздің аса маңызды рухани негіздерінің бірі болып табылады.

Ұлттық өрлеу санғасырлық мәдениеттің құнарлы топырағына түсіп, тарихи өткеніміздің жанды нәрімен қоректенгенде ғана жүре алады.

«Мәдени мұра» бағдарламасын әзірлеу кезінде тарихи диапазон тұғырнамалық тұрғыда анықталып, зерттеулер сол ауқымда жүргізілді. Әңгіме қола дәуірдің аяқталуы мен темір дәуірінің басталуынан тартатын 2 мың жылдан астам кезең туралы болып отыр.

Соның нәтижесінде Еуразия кеңістігіне аттылы көшпелілердің шығуы секілді тарихтың іргелі оқиғасы және бұл оқиғаның «өзекті дәуірдің» – әлемдік діндердің пайда болуы, «дала» өркениетінің, қазақ хандықтарының жарқын да қасіретті

тағдыры, Ұлы Жібек жолының бойындағы халықтардың пайда болуы, өркендеуі, семуі және жаңа өмірі, отарлау, империя құрамында болу, егемен мемлекет ретінде болашаққа жол іздеу кезеңінің рухани ахуалына ықпалы назарға ілікті.

Қоғам бүкіләлемдік тарих арнасындағы аса ірі оқиғалар тұрғысынан өзіңді сенімді сезінуге мүмкіндік беретін ақпарат алды.

Тарихи-мәдени мұраны қалпына келтіру – сонымен бірге болашаққа айқын сұлбасы түсетін уақыт байланысын қалпына келтіру де. Біздің өткеніміздің нақты мазмұны туралы сұрақтар бере отырып, біз қазіргі кездің түсінігін байытамыз және біздің болашағымыздың рухтандырушы бейнесін қалыптастыра аламыз.

Екіншіден, «Мәдени мұра» бағдарламасы ұлттық сана-сезім мен сәйкестіліктің қалыптасуымен және нығаюымен байланысты сұраныстарға жауап болды. Жаһандану дәуірінде тарихи-мәдени мұра – халықтың өзін-өзі танытуының негізі. Оны сақтамасақ, біз жаһандану үстіндегі әлемде тағы да жоғалып кетуге тәуекел етеміз. Біздің артымызда мемлекеттілік дәстүрлерінен 1,5 ғасырлық қол үзіп қалу тұр, сондықтан біздің халқымыз өзін тарихта әрекетшіл тұлға деп қабылдауды үйренуі керек.

Үшіншіден, осы бағдарламаны іске асыру жөніндегі күш-жігер елдің жаңа мәдени-тарихи кеңістігін біртіндеп қалыптастыруға жеткізеді.

Бір жағынан, Қазақстан аумағында жай ғана мәдени құндылықтарды қалпына келтіру, сондай-ақ бүкіл әлемге шашыраған жәдігерлерімізді жинау және жүйелеу керек болды. Өйткені соңғы уақытқа дейін біздің оларға қолымыз жетпеді.

Екінші жағынан, бізде сансыз «ақтаңдақтар» орын алған Қазақстанның өз тарихының біртұтас бейнесі болмады.

2 мың жылдық тарих кейде бір-бірінен ажыратылған оқиғалардың тізбегі ретінде көрініс береді, сондықтан тұтас тарихи кезеңдер қажетті дәрежеде зерттелмеген.

Осыдан келіп өзіңнің мәдени тұтастығың мен өркениеттік маңызыңды сезіну проблемасы туындайды, ал сезінудің өзі тарихи жағдайдың әсерінен елеулі бұрмалауға түскен.

Мәселен, біз ұзақ уақыт көшпелі өмір салты мәдени құндылықтар туындатпайтын тарихи тығырық жолы дейтін сырттан таңылған жалған түсінік пен соқыр сенімнің шырмауында болдық. Бақсақ, біз көшпелі мәдениетті жеріне жете зерттемеппіз де, содан қазір ғана көшпелі өркениет табиғатын түсінуге қажетті әдістемені игере бастадық.

Төртіншіден, «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың қазақстандықтардың өз тарихы мен мәдениетіне деген қызығушылығын арттыруда зор маңызы бар.



Мәдени мұраны игеру – халықтың тарихи жадының негізі, онсыз шынайы патриотизм болмайды. Тарихи мәңгүрттіктің осынау екпінін еңсеру жеткіншек ұрпақты тәрбиелеу үшін айрықша маңызды.

Меніңше, біз бүгін қуатты тарихи және мәдени базистің болуы азаматтылық пен патриоттық құндылықтардың өсуіне нақты жәрдемдесетінін қуаттайтын бұқаралық санадағы маңызды өзгерістерді байқай аламыз.

Бесіншіден, этносаралық өзара түсіністік пен елдегі ұлтаралық қатынас жарастылығының артуы тұрғысынан бағдарламаның әлеуетін атап өтпеске болмайды.

Мен қазақ ұлтының бай тарихи жолын, оның мәдени төлтумалығын Қазақстанның басқа халықтарының танып білуі және осымен бір мезгілде этномәдени өзара айырбастың жүруі – өзара толеранттылық пен құрметті нығайтудың ізгі де тиімді жолы екеніне сенімдімін.

Қазақ мәдениеті біздің даламызға келген көптеген этностардың рухани мұрасымен молықты және толеранттылық секілді қасиет ғасырлар бойы қалыптасып, қазақстандықтардың қазіргі ұрпақтарына берілген.

Осы бағдарламаны іске асыру қазақ халқының ғана емес, сонымен бірге ел аумағында тұратын басқа да этностардың тарихи және мәдени ескерт-

кіштерін қайта жаңғырту мен қалпына келтіруді көздейтіні өте маңызды.

Мәселен, өз бойында ұйғыр декорациялық-қолданбалы өнерінің көптеген өрнектері бар Алматы облысындағы Жаркент мешітінің ғимараты, ХХ ғасырдың басында ұлы татар ақыны Ғабдолла Тоқай тұрған Оралдағы үй қайта жаңғыртылды. Алматыдағы Әулие Вознесение кафедралды соборын, Түркістандағы Әулие Николай әскери шіркеуін қайта жаңғырту көзделеді.

Мұндай мысалдар аз емес. Мұның бәрі Қазақстанның мәдени байлығы, біз оны сақтауға және қазақстандықтардың болашақ ұрпақтарына жеткізуге тиіспіз.

Тұтастай алғанда, мен «Мәдени мұра» бағдарламасы өте сүбелі нәтижелер берді, ол біздің зиялы қауым арасында жоғары баға алды деп есептеймін. Сондықтан өткен 3 жылды осы бағдарламаның бірінші кезеңі деп есептейік және енді басталған ауқымды жұмысты жалғастыру қажет. Бұл үлкен әрі қажетті істің басы ғана. Ал алдағы жұмыс бастан асатынын айтып жатпай-ақ қояйын.

Осыған байланысты жақсы басталған жобаны баянды жалғастыру мақсатымен мен Мәдениет және ақпарат министрлігіне 2007–2009 жылдарға арналған осындай бағдарламаны әзірлеп, жүзеге асыруды тапсырамын.

Мен болашақ ұрпақ қиын кезде осы жұмысты қолға алғанымыз үшін бізге алғыс айтатын

уақыт туатынын жеткізгім келеді. «Мәдени мұра» бағдарламасын іске асыру бізге өз тамырларымызды одан әрі зерттеп, бүкіл әлемге біздің ұланғайыр жеріміздің мәдениеті мен тарихын көрсету үшін алға ілгерілеу керек болатын дұрыс бағытты көрсетіп берді.

Қазақстан Республикасының Демократиялық  
реформалар бағдарламасын әзірлеу  
және нақтылау жөніндегі мемлекеттік  
комиссиясының VI отырысында

## СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,  
2007 жылғы 19 ақпан

**Құрметті Мемлекеттік комиссия мүшелері!**

**I. Мемлекеттік комиссия жұмысының  
шешуші қорытындылары**

Демократиялық реформалар бағдарламасын  
әзірлеу және нақтылау жөніндегі мемлекеттік  
комиссия жыл бойы үлкен жұмыс жүргізді.  
Комиссия қызметінің мынадай шешуші қорытын-  
дыларын атап көрсетуге болады.

Біріншіден, саяси жаңғыртудың қағидаттық мәселелері бойынша саяси күштердің бірлігіне қол жеткізілді.

Мемкомиссия өзін саяси реформалардың қисыны мен мазмұнына қатысты саяси үнқатысудың және қоғамдық консенсусқа қол жеткізудің тиімді институты ретінде көрсетіп, Қазақстанның одан әрі демократиялық дамуының айқын арнасын негіздеп берді.

Біз мұнда баршаны шақырдық: өз пікірлеріңізді айтыңыздар, мынау дөңгелек үстелдің басындағы пікірталастарға қатысыңыздар. Бәзбіреулер келмеді, оған не дерсің. Бұл олардың таңдауы, алайда барлық мүдде білдірушілердің 90 %-дан астамы, басым көпшілігі осында бас қосты.

Мемкомиссия аясында саяси партиялар, депутаттар, сарапшылар қауымдастығы, үкіметтік емес ұйымдар аса маңызды саяси шешімдерді әзірлеуге қатысты. Оның жұмысының арқасында демократияландыру саласында әзірленіп жатқан шешімдерге деген сенім деңгейі арта түсті.

Социологиялық сауалнамаларға сәйкес, азаматтардың басым көпшілігі Мемкомиссия қызметін мақұлдаған. Респонденттердің 74 %-ы саяси реформалар мұқият, сапалы да кәсіби талқылаудан міндетті түрде өтуі тиіс дейтін көзқарасты өзін-өзі ақтады деп атаған.

Екіншіден, біздің сіздермен жұмысымыздың нәтижесі мынада, былтырғы жылы біз реформа

бағыттарын талқылап қана қойған жоқпыз, сонымен бірге іс жүзінде оған кірістік те. Елдің саяси жүйесінде байыпты да сапалы өзгерістер қазірдің өзінде жүріп жатыр.

«Отан» саяси партиясының IV съезінде-ақ мен 2006–2008 және 2008–2011 жылдарға арналған бағдарламаны айтқанмын. Содан бері біз осы жұмысты бастадық және тоқтаусыз жүргізіп келеміз.

Мемкомиссия Конституция әлеуетін әлдеқайда толық та тұтастай іске асыруға, заңнаманы жетілдіруге жәрдемдесті.

Мемкомиссия мүдделерінің саласына барлығы 20 заң мен демократиялық реформаларды ілгерілету мәселелеріне байланысты басқа да нормативтік-құқықтық актілер ілікті. Көптеген өзгерістер заңдарға енгізіліп үлгерді.

Заңнамалық жаңалықтар мәслихаттар өкілеттіктерін кеңейту, сот төрелігі мен құқық қорғау органдары жүйесін жетілдіру, азаматтардың сотта қорғалуы мен білікті заң көмегін алу құқығына берілетін кепілдіктерді күшейту мәселелеріне қатысты болды. Биліктің жауапкершілігі мен халыққа есеп беруінің тетіктері күшейтіліп, мемлекеттік органдардың жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарауының тәртібі заң деңгейінде реттелді.

Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін қалыптастыруға кірісіп кеттік.

Жыл бойы біз осы мәселені егжей-тегжейлі талқыладық. Бұл жай мәселе емес. Бүкіл әлем, соның ішінде дамыған мемлекеттер, оны талқылауын жалғастырып, жергілікті өзін-өзі басқарудың оңтайлы тәсілдерін іздестіруде.

2006 жылы біз аудандар мен облыстық бағыныстағы қалалардың 20 %-ында әкімдердің сайлауын өткізіп, сайлау жүйесін дамытудың жаңа деңгейіне шықтық. Сайлаулар өткен аудандарда әкімдер корпусының үштен бір бөлігі жаңартылды.

2011 жылға дейін есептелген Азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасы қабылданды. Оны жүзеге асыру үшін таяудағы бірнеше жылға 1 млрд 250 млн теңге бөлінеді. Бизнес-сектор тарапынан азаматтық қоғамға білдірілген қолдауды ынталандыру бағытында «Меценаттық пен демеушілік туралы» заң жобасын әзірлеу мүмкіндігі қарастырылуда.

Алғаш рет өткен жылы Үкімет жүйелік негізде, Мемкомиссия мақұлдаған жоспар негізінде біздің қоғам өмірінің кейбір салаларында демократиялық реформаларды іске асыру жөнінде жұмыс жүргізді.

Үшіншіден, саяси инновациялар әзірлеуге бағытталған Мемлекеттік комиссияның жұмысы қазақстандықтардың саяси мәдениеті өсуіне жәрдемдесті. Ал мұнсыз толыққанды демократия бола алмайды.

Біздің ТМД бойынша көршілеріміздің жуырдағы тәжірибесі азаматтар заңдылық пен конституциялық тәртіпті сақтамайтын, терең әлеуметтік бейберекеттік жайлаған, бұқара санасында «баррикадалық» көңіл-күй басым болып, «көше» өктемдігі үйреншікті жәйт ретінде қабылданатын жерде демократия орнай алмайтынын барынша айқын көрсетіп берді. Жүріп өткен «түрлі-түсті революциялардың» нәтижелері дағдарыс пен алданған үміттер болды деп көпшіліктің санауы кездейсоқ емес.

Осыған байланысты мен өз пікірімді айтқым келеді. Посткеңестік кеңістікте демократиялық мәдениет тәжірибесіне ие болмаған біздер либерализмді биліктің осалдығы және толық еріктілікке құқылық ретінде қарадүрсін түсінеміз. Қыңыр мақтанқұмарлардың «тентектігіне», «еркелігіне» байланысты елжірей қаламыз. Еркіндік пен либерализмді Заң алдындағы жауапкершілікпен қатар қою керек. Сонда ғана тұрақтылықты сақтай аламыз. Сонда ғана Қазақстанды еркін демократиялық қоғам ретінде дамытуға мүмкіндігіміз болады.

Туындаған барлық даулар мен қарама-қайшылықтарды сындарлы түрде, өзара құрметпен, мәмілегершілік арқылы шеше білудің біз үшін азаматтық құндылыққа айналғаны өте жақсы.

Мемкомиссия сарапшылар ортасындағы ғалымдар, зиялы қауым, мемқызметкерлер



арасындағы пікірталастар мен айтыстарға жан бітірді. БАҚ-тарда әрқилы ақпараттық-талдамалық 1,5 мыңға жуық материалдар жарияланды. Соның ішінде саяси жүйені дамыту мәселелері бойынша 70 іргелі теориялық мақала шықты. Олардың кейбірінде шетелдердегі жаңғырта жаңарту өзгерістері мен саяси реформалар тәжірибесіне мұқият талдау жасалды.

Демек, бүгінде қоғам бұдан былайғы демократиялық өзгерістерге деген бұлыңғыр қабылданған сұранысты емес, түрлі саяси жаңалықтардың мәнін біліп, олардың байыптылығы мен кері кетпейтін сипатын түсінетінін көрсетіп отыр.

Соған орай адамдар елдің орнықты дамуына, халықтың тұрмыс деңгейінің артуына, күшті билік жағдайында қоғамда тұрақтылықтың сақталуына және өзінен соң үлкен әлеуметтік және саяси кедергілер туғызбауына жәрдемдесетін реформаларды қолдауға әзір.

Төртіншіден, Мемкомиссияның жұмысы Қазақстан дамуының демократиялық векторының дәйектілігі мен мызғымастығын тағы да қуаттап берді.

Бүгінде ешкім де Қазақстанда нақ жария мемлекеттік билік саяси бәсекелестік алаңында бола отырып, демократияға қарай стратегиялық ілгерілеуді жүзеге асырып, демократиялық реформалар алгоритмін әзірлеп жатқанына күмән келтірмейді.

Міне, биліктің жасампаздық күші осында болып отыр.

Қоғам күшті билік пен демократия – бұлар бір-біріне кереғар ұғымдар емес екенін түсініп, маңызды тағылым алды. Ол Қазақстандағы билік іс жүзінде халықтың экономикалық және азаматтық белсенділігіне қолдау білдіріп, кәсіпкерлік және либералдық рухты ынталандыруға, азаматтардың саясатқа қатыстылық деңгейін кеңейтіп, олардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуге ұмтылатынына көз жеткізді.

Нақ осы саясатпен біз жаңа Қазақстанды және бүгінде жаңаша ойлайтын мүлдем жаңа азаматтарды қалыптастырдық.

Айтпақшы, мұны Қазақстаннан тыс жерде де байқаған екен. Мәселен, ЕҚЫҰ-ның төрағасы Карл де Гюхт мені Венадан шығысқа қарай Қазақстан ЕҚЫҰ төрағасы лауазымына ең лайықты кандидаттардың бірі болып табылады деп сендіріп, осының пайдасына шыққан маңызды дәлел ретінде Мемкомиссияның нақ жемісті қызметін атап өтті.

Біз үшін саяси өзгерістердің айқындаушы мақсаты – бұл топтасушы демократияға қарай, қоғам мен мемлекетті басқарудың барынша тиімді жүйесін қамтамасыз ете алатын биліктің осы заманғы демократиялық формасына қарай ілгерілеушілік. Бұл ретте саяси реформалар ешқандай жағдайда елдің басқарылуынан айырылуға соқтырмауға тиіс.

Осы тұрғыдан да Мемкомиссия жұмысының басты практикалық қорытындысы біздің ерекшелігіміз бен саяси дәстүрлерімізді ескеретін демократиялық реформалардың нақты бағыттары мен тетіктерін белгілеуге жетуіміз болып табылады.

## **II. Саяси реформалардың негізгі сұлбалары**

Мемкомиссияның жұмыс топтары көптеген ұсыныстарды талдау жөнінде үлкен жұмыс жүргізіп, нақты ұсынымдар әзірледі.

Біз осында жұмыс топтарының жетекшілерін тыңдадық, олар атқарылған жұмыстардың нәтижелері туралы егжей-тегжейлі баяндап берді.

Ұсынылып отырған саяси реформалардың екі блокқа: қолданыстағы Конституция аясындағы реформалар және конституциялық түзетулерді талап ететін жаңалықтар болып бөлінуі өзін-өзі ақтайды деп есептеймін. Бұл бірінші блоктың қазірдің өзінде келісімі бар жаңашылдықтарын іске асыруға кірісу мүмкіндігін береді.

Біздің алдымызда елдің болашақ саяси жүйесінің сұлбасы нақты айқындалды деп білемін. Бәрі де Қазақстанда президенттік республика болуы керектігімен, бірақ та әлдеқайда күшті және функционалдық парламенті бар, кемел де өркениетті сот жүйесі бар болуы керектігімен келіседі.

Бірінші мәселе – Парламентті қалыптастыру тетігі туралы. Жұмыс тобы Мәжіліс депутатта-

рының жартысын саяси партиялардың тізімі бойынша, келесі жартысын – бір мандатты округтер бойынша сайлауды ұсынады. Бір сөзбен айтқанда, пропорционалды-мажоритарлық сайлау жүйесі ұсынылады.

Біз 1998 жылы сайлаудың аралас жүйесін енгізіп, қазірдің өзінде осы бағытта қадам жасадық. Заң шығарушы органның жұмысында және тұтастай алғанда елдің саяси өмірінде партиялардың рөлін арттыру үшін бұдан былайғы қадамдарға барған жөн.

Әлемдік тәжірибеден көруге болатынындай, Парламентті қалыптастырудың мажоритарлық қағидаты қоспартиялық жүйе үшін барынша оңтайлы. Ал пропорционалдық жүйе көп ретте айшықты көрінген көппартиялылық орын алатын елдерге тән. Бұлар негізінен – еуропалық елдер. Негізінде екі нұсқаны да қабылдауға болады. Бірақ та қазақстандық нақты өмір үшін қайсысы дұрыс болады? Біз Мәжіліс депутаттарын сайлаудың екі жүйесі арасында түпкілікті таңдау жасауымыз керек.

Парламенттік реформамен төменгі палата депутаттары санының шұғыл өсуі туралы мәселе байланыстырылады. Меніңше, біз әрдайым жинақы да кәсіби Парламентті жақтап келдік. Депутаттар санын өсіре беру керек пе? Бұл қаншалықты жемісті болады? Біз бұл мәселеде бәрін тағы да салмақтап көруге тиіспіз. Парламенттің

қазіргі депутаттары да осындай пікірді ұстанады.

Біз үшін сондай-ақ іс жүзінде заң шығарушылық жұмыстың сапасын қамтамасыз ететін қосымша сараптамалық, зерттеушілік және ақпараттық қызметтер тұрғысында парламенттік инфрақұрылымды күшейту маңызды деп есептеймін.

Сенат депутаттарының санын ұлғайтуға келетін болсақ, жұмыс тобының Қазақстан халықтары Ассамблеясының ұсынған адамдары үшін қосымша орын бөлу туралы ұсынысы дұрыс деп санаймын. Біздің міндет Мәжіліс үшін де осындай көзқарасты ойластыруда болса керек. Алайда бұл ниетті іске асырудың нақты тетігін ойластыру қажет, сондай-ақ әлемдік тәжірибені зерттеген жөн. Бұл қадамды Қазақстандағы барлық этностардың өкілдері дұрыс қабылдайтынына сенімдімін.

Келесі мәселе – Парламент өкілеттіктерін кеңейту туралы. Ұсынылған бірқатар шаралар шынында да талап етіліп отыр және саяси жаңартудың қазіргі кезеңінің стратегиялық басымдылықтарына сай келеді.

Мен Конституциялық кеңесті, Орталық сайлау комиссиясын, Есеп комитетін қалыптастыруда Президенттен Парламентке бірқатар өкілеттіктерді беру жолымен Парламенттің рөлін арттыру туралы ұсынысты қолдаймын. Сонымен бірге біз осы конституциялық органдарды қалыптастыру

кезінде билік тармақтарының мүдделеріндегі теңгермелікті айқын қамтамасыз етуге тиіспіз. Қандай да бір тарапқа қарай қиғаштық болмауы керек.

Мемкомиссияның жұмыс топтарында Үкіметті қалыптастырудағы Парламенттің рөлін арттыру туралы мәселе белсене талқыланды. Атап айтқанда, Парламент комитеттерінің бірқатар министрлерді тағайындауға келісім беруі туралы мәселе қарастырылды. Бірақ та мен бізге бұдан да әрі бару керек деп есептеймін. Премьер-министр өз лауазымын алмастан бұрын Парламенттегі көпшілік болып отырған партияның қолдауына ие болуға тиістілігі туралы мәселені қарайтын уақыт келді. Бұл – әлемдік практика, біз оған да бағдарлануға тиіспіз.

Біз қазірдің өзінде бұл бағытта алғашқы қадамды жасадық. Атап айтқанда, қазіргі Премьер-министрді тағайындаудың алдында мен «Нұр Отан» партиясының басшылығымен және парламенттік фракциясымен пікір алыстым, бұл партия бүгінде іс жүзінде парламенттік көпшілік партиясы болып табылады.

Бұл бастаманы іске асыру бірқатар нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Біріншіден, Парламент Үкіметтің жұмысы үшін жауапкершіліктен өз үлесін арқалайды. Екіншіден, қалыптастырылған Үкімет қоғамдағы саяси артықшылықтардың пайда болған нақты теңгеріміне арқа сүйейді.

Үшіншіден, кабинет құрамын қалыптастыру туралы мәселе партиялық фракциялар арасындағы жиі саяси консультациялар режімін іске қосуды талап етеді, мұның өзі бәсекелестік күресті жүргізудің жария әдістеріне, саяси ымыра өнеріне пайдалы болады.

Бұған қоса, ел бюджетін және, бәлкім, жергілікті бюджеттерді қабылдау және олардың атқарылуын бақылау Парламенттің құзыретіндегі іс болуы тиіс.

Сонымен бірге, бұл ешқандай жағдайда да билік институттарының, Қазақстандағы президенттік институттың әлсіреуіне соқтырмауы тиіс. Әлбетте, тежемелік пен теңгермелік жүйесін сақтау үшін Президенттің де, Парламенттің де Үкіметті қалыптастыруға ықпалын сақтайтын шараларды ойластыруы керек. Биліктің әлсіреуін болдырмас үшін бұл қажет.

Бізде басқа елдердің көрнекі де тағылымды мысалдары бар. Мәселен, Қырғызстан қиян-кескі күрестен, жаппай акциялар мен митингілерден кейін президенттің өкілеттігін нығайтуға және басқарудың президенттік-парламенттік пішініне қайта оралды. Украинаның қалыпты дамуы қазір президенттің өкілеттіктерін қайтару мүмкін бола ма, соған байланысты болып отыр. Польшада Президент президенттік билікті күшейту үшін ашық күресуде. Грузияда күшті президенттік сатыластық туралы тұрақты айтумен келеді.

Меніңше, мемлекетіміз бен ертеңгі болашақ үшін маңызды шешімдер қабылдауда баршасын тыңғылықты таразылап, зерделеп алған жөн.

Биліктің өкілетті тармағы қызметіндегі партиялық факторды нақты күшейту, соның ішінде партиялық фракциялар жетекшілерін Парламент Мәжілісі бюросының құрамына енгізу, фракциялардың заңнамалық бастамалар құқықтарын иеленуі, олардың өкілеттілігін кеңейтуге бағытталған басқа да шараларды қолдаймыз. Сондай-ақ мұның барлығы елдегі саяси үдеріске ашық әрі жариялық сипат беріп, Парламентте саяси күштер сайысының орнығуына жол ашады.

Мемлекеттік комиссияда саяси партиялар қызметін республикалық бюджеттен қаржыландыру қажеттігі жөнінде ортақ пікір қалыптасты. Бұл – көптеген елдер тәжірибесінде бар салиқалы шара. Біз бұл ұсынысқа назар аудара қарауға тиіспіз деп ойлаймын.

Мемкомиссия аясында сот және құқық қорғау жүйесін реформалауға едәуір мән берілді, тиісті жұмыс топтары ұсынған шаралар сот-құқықтық жүйені елеулі түрде жетілдіруге бағытталды. Ол бүгінде көптеген дамыған әрі демократиялық мемлекеттерде қолданылып келе жатқан қазіргі заманғы сот өндірісі үлгісіне көшудің ұйымдастырушылық-құқықтық негізін қалайды. Осыған орай жоғарыда атап көрсетілген жаңалықтар бүгінгі



күн талаптарына сай келеді және азаматтық қоғам институттарынан қолдау табады.

Бізде қамауға санкция беру шараларын сот құзырына көшіру жөніндегі мәселе ұзақ талқыға түсіп келеді. Бұл мәселе қолданыстағы Конституциямен шешілген, енді оны тек заңмен нақтылау керек.

Мемлекеттік комиссияның тиісті тобы мәслихаттарды күшейту, оларға қосымша өкілеттіктер беру, босатылған комиссия төрағаларын иеленуді ұсынды. Тұтастай алғанда, мен мұндай ұсыныстармен келісемін. Бұл біздің саяси реформалар шеңберіндегі стратегиялық міндеттердің бірі болып табылады.

Бірақ мәслихат жетекшілері мәслихат депутаттарының санына қатысты тағы да салмақтап, барынша анық шешім қабылдағаны жөн. «Саны емес, сапасы» деген қағидатты ұстанған дұрыс деп ойлаймын.

Сонымен қатар, аудандардағы мәслихаттар біртіндеп сайланған әкімдермен бірлесе жергілікті өзін-өзі басқару органы ретінде қалыптасуы, бұған қоса мемлекеттік органдар өкілеттіктерін жергілікті өзін-өзі басқару органдарына бөлісу жөніндегі ұсыныстар көңіл аударарлық әрі келешегі зор деп білемін. Бірақ бұл мәселе әлі де зерделеп, құқықтық жағынан ресімдеуді талап етеді.

Мен саяси реформалар жөнінде ұсынылған шаралар дестесінің тек негізгі бөлігін ғана еске

салғанымды атап көрсеткім келеді. Тұтастай алғанда, Мемкомиссияның жұмыс топтары әзірлеген бағыттар саяси жүйені реформалаудың негізі болып табылады және ендігі жерде егжей-тегжейлі нақтылап, оларды іске асырудың құқықтық тетіктерін әзірлеуді талап етеді. Бұл әсіресе, Конституцияға түзетулер енгізуді талап ететін өзгерістерге қатысты болмақ.

### **Құрметті Мемлекеттік комиссия мүшелері!**

Жұмыс топтарына саяси реформаларды екі кезеңде жүргізу ұсынылады. Алдымен Конституциялық өзгерістерді іске асыруды талап ететін реформалар. Сонан соң Конституцияға түзетулер. Сіздер даярлаған құжаттар дестесінде Конституцияға өзгерістер енгізу жөніндегі ұсыныстарды әзірлейтін арнайы ақылдастар органын құру ұсынылған. Мен Конституцияға өзгерістер енгізуді соза берудің реті жоқ деген байламға келдім, сондықтан да екі бағыттағы жұмысты бір мезгілде жүргізетін боламыз.

Осы жәйттерді ескере келе, өз өкіміммен еліміздің Негізгі заңына өзгерістер енгізу жөніндегі ұсыныстарды әзірлеумен айналысатын жұмыс тобын құруды дұрыс деп санаймын.

Оның құрамына мемлекеттік органдар өкілдері, депутаттар, заңгер ғалымдар, конституциялық құқық пен саяси жүйе саласының мамандары

енбек. Аталған топ Мемлекеттік комиссия ұсыныстарының негізінде тиісті заңдар мен ел Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі нақты ұсыныстар әзірлеуі тиіс.

Біз сіздермен 3 жыл жұмыс жасап, ұсыныстар мен толықтырулар даярладық, бірақ олар Конституциямызда айтылғандай тек екі жолмен ғана заңға және Конституцияның бөлігіне айнала алады, мұны Парламент талқылап, 80 %-дық дауыспен қабылдауы тиіс немесе референдум өз байламын айтуы керек, біздің ендігі міндетіміз айтылып келген нақты өзгерістерді әзірлеп, тікелей мәреге аяқ басу болмақ.

Мемкомиссия өзінің басты міндетін орындай алды және осымен ол өз жұмысын тәмамдайды. Еліміздің саяси партиялары оның жұмыс барысына қатысуға, сондай-ақ бұдан бұрын Тұрақты кеңес пен Демократия және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі ұлттық комиссияға өз ұсыныстарын айтуға мүмкіндік алды. Бұл комиссиялардың мүшелері барлық өңірлерді аралап, барша қоғамдық және саяси ұйымдардың, ел азаматтарының пікірлері мен ұсыныстарын тыңдады. «Дөңгелек үстелдер» басында саяси жүйені демократияландыру жөніндегі ұсыныстар білдірілді.

Сонымен, саясаткерлер өз сөздерін айтты, енді заңгерлер мен Парламенттің кезегі келді.

Бұл істің жауапкершілігін ескере отырып, жұмыс тобы тағы бір рет Мемкомиссия мүше-

лерінің ұсыныстарын салмақтап, әзірлеу, тағы бір рет бізбен ұқсас өтпелі елдердің демократиялық өзгерістерін зерделеулері тиіс.

Біздің өзге біреулердің модельдерін көшіріп алмай, мемлекетіміз бен халқымыздың мүдделерін ескеретін реформалар жолын табуымыз керек. Демократияны құр жарияламай, оны құру керек. Барлық елде солай жасалады. Экономикалық реформалар, құқықтық мемлекет, демократия. Менің көзқарасымша, осындай сатылық тәртіппен қалыптастыру бізге мейлінше қолайлы болмақ. Аталған топ өз жұмысын аяқтағаннан кейін біз әзірленген ұсыныстарды Конституцияға сәйкес Парламентке немесе бүкілхалықтық референдумға енгізуіміз керек.

### **Құрметті отырысқа қатысушылар!**

Мен атқарылған ауқымды жұмыс үшін Демократиялық реформалар бағдарламасын әзірлеу және нақтылау жөніндегі мемлекеттік комиссия мүшелеріне тағы да алғыс айтамын. Сіздер Қазақстанның саяси прогресс пен демократиялық даму жолымен алға басуына нақты үлес қостыңыздар.

Мемкомиссия жұмыс топтарының жетекшілері мен саяси партиялар өкілдерінің қызметтерін айрықша атап өткім келеді. Біз әзірлеген саяси реформалар тиімді әрі дұрыс бағыт болады деп санаймын. Ол еліміздің жедел дамуы жөніндегі

ұзақ мерзімді басымдықтары мен Қазақстан қоғамындағы тұрақтылықты сақтау міндеттеріне сай келеді. Мемкомиссия қызметін аяқтауымен біздің өзара ынтымақтастығымыз аяқталмайтынын айтпақпын. Бірлесе әзірлеген ұстанымдарымызды біз бірге қорғап, халық пен депутаттарға түсіндіруіміз қажет.

Біздің бәрімізді тәуелсіз елімізге деген адалдық, Қазақстанды қуатты, тұрақты және өркендеген мемлекетке айналдыру жөніндегі ыстық сезім жетелейтініне мен сенімдімін. Осы жұмыста біз сіздермен әлі талай бас қосып, шешімдер қабылдайтын боламыз.

Сіздерге тағы да рахмет. Аман-сау болайық.

«Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан»  
атты Қазақстан халқына

## ЖОЛДАУЫ

Астана қаласы,  
2007 жылғы 28 ақпан

### **Қымбатты қазақстандықтар!**

Бұрын уәде еткеніміздей, экономиканың тұрақты дамуы бізге қазақстандықтардың әл-ауқатын жақсартуды жалғастыруға мүмкіндік береді. Бұл – біздің саясатымыздың маңызды қорытындылары.

Мен бүгін Үкіметке экономикалық өсу мен қаржылық мүмкіндіктерімізге арқа сүйей отырып, халқымыздың әл-ауқатын жақсарту жөніндегі жұмысты жалғастыра беруді тапсырамын.

Біріншіден, ана мен баланы әлеуметтік қорғауға айрықша маңыз бере отырып, 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап, баланың тууына байланысты біржолғы мемлекеттік жәрдемақы мөлшері 34740 теңгеге дейін немесе 2 есе арттырылсын.

Баланы бір жасқа толғанға дейін күтуге төленетін ай сайынғы жәрдемақы:

тұңғыш бала туғанда – 5800 теңгеге дейін, немесе 177 %-ға;

екінші бала туғанда – 6400 теңгеге дейін, немесе 167 %-ға;

үшінші бала туғанда – 6900 теңгеге дейін, немесе 159 %-ға;

төртінші және одан көп бала туғанда – 7500 теңгеге дейін, немесе 153 %-ға көбейтілсін.

Балалы отбасыларын қолдауға қажетті қосымша қаражат 9,5 млрд теңгені құрайды.

Бұдан бұрын қабылданған шаралар еліміз халқының тұрақты өсуіне қол жеткізуге жағдай жасады. Мәселен, 2000 жылы 220 мың бала туса, 2006 жылы 290 мың бала туған. 2005 жылы ғана халықтың табиғи өсімі туу есебінен 121 мың адамды құрады. Жалпы соңғы 4 жылдағы демографиялық өсім жарты миллион адамнан асады.

Аталған шараларды енгізу бұдан да оң демографиялық өзгерістерге жеткізетініне сенімдімін.

Екіншіден, жұмыс істейтін әйелдер үшін жүктілікті, босануды және аналық кезін міндетті әлеуметтік сақтандыру енгізілсін. Бұл ретте декреттік демалыста және бір жасқа толғанға дейін нәресте күтімі жөніндегі демалыста жүрген кезінде олардың зейнетақылық жинақтаулары жүргізіле беруге тиіс.

Бұл жәрдемақыларды төлеу әлеуметтік салықты қайта бөлу есебінен құралған Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қаражатынан жүзеге асырылсын. Бұған мемлекеттік бюджеттен қосымша 9,2 млрд теңге бөлу талап етіледі.

Үшіншіден, арқаулық зейнетақының мөлшері ұлғайтылсын және таяудағы жылдары оның тұрмыстық ең төменгі қажеттіліктің 40 %-ы деңгейінде сақталуы қамтамасыз етілсін. Осылайша, біз алғаш рет Қазақстанның зейнетақымен қамтамасыз етуін халықаралық стандарттармен сәйкестендіреміз.

Мұның өзі 1 млн 675 мың арқаулық зейнетақы алушыларды қамтиды, әрі оның мөлшері 2008 жылы шамамен 1 мың теңгеге немесе 35 %-дан аса артады. Ең төменгі зейнетақылық төлемдер (арқаулыққа ең төменгі ынтымақшыл зейнетақы қосылады) 2008 жылы шамамен 1,5 мың теңгеге немесе 15 %-ға көбейеді.

Төртіншіден, зейнетақының мөлшерін бұрынғы еңбек үлесіне сүйеніп анықтаған кезде әділдік



орнату үшін зейнеттік заңнамада көзделген зейнетақыны есептеу үшін ескерілетін табысты шектеу өзгертілсін, ол 15 мәрте айлық есептік көрсеткіштен 25 мәртеге дейін арттырылсын.

Зейнетақыларды есептеу үшін қабылданған табыстарды заңнамалық шектеу есебінен бұрын зейнетақылары төмендетілген жарты миллионға жуық зейнеткер (483 мың адам) өздерінің зейнетақыларына әжептәуір үстеме алады.

Ынтымақшыл зейнетақының орташа мөлшері 13 604 теңгеге немесе 25 %-ға дерлік артады. Ынтымақшыл зейнетақының ең жоғары мөлшері 2008 жылы 21 713 теңгеге дейін, немесе 76 %-ға өседі.

Бесіншіден, зейнетақы төлемдерінің сатып алу қабілетін тұрақтандыру үшін зейнетақы төлемдерін индекстеу сақталсын және ол тұтыну бағалары индексінің болжамды өсімінен 2 % арттырыла жүзеге асырылсын.

Аталған шараларды жүргізуге жұмсалатын қаражаттың жалпы қажеттілігі 55,3 млрд теңгені құрайды.

Алтыншыдан, бюджет саласындағы жалақы 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап 30 %-ға арттырылды. Бюджет саласы қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі жұмысты жалғастыра беру қажет.

Жетіншіден, олардың мәртебесін арттыру, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, денсаулық

сақтау, мәдениет және спорт сияқты салаларда кадрлар тарту мен кадрлық әлеуетті нығайту үшін 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап еңбек демалысына шыққан кезде сауықтыруға арнап, бір лауазымдық айлық мөлшерінде жәрдемақы төлеу енгізілсін.

2008 жылы ғана бұл бюджетке 30,6 млрд теңгеге түседі.

Сегізіншіден, бұрынғы жылдары 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін зиянды және ауыр еңбек жағдайында өтілін өткерген адамдарды әлеуметтік қамсыздандыру туралы мәселе талай рет көтерілген еді.

Кәсіпорындар жұмысшыларымен кездесулерде бұл мәселе менің алдыма қойылды. Мен оларды түсінемін. Өзім бастан кешкен жағдай. Бұрын біз мәселені № 1 тізім бойынша шешіп келдік. Ендігі жерде № 2 тізім бойынша шешу керек. Мұндай қазақстандықтар бізде шамамен 28 мыңдай адам. Қазіргі кезде осы проблеманы шешуге біздің қайтып оралуға нақты мүмкіндігіміз бар деп білемін.

Біз аталған санат үшін сегіз айлық есепті көрсеткіш мөлшерінде арнайы жәрдемақылар енгізе аламыз. Бұған жыл сайын 3 млрд-тан аса теңге қажет болады. Осындай қаражат тауып, 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап № 2 тізім бойынша арнайы жәрдемақылардың төленуін қамтамасыз ету қажет.

Осылайша, мен атап берген барлық әлеуметтік төлемдерді көбейтуге жұмсалатын қаражатқа

қажеттілік 2008 жылы шамамен 108 млрд теңгені құрайды.

Бүгінгі таңда мемлекеттің қазақстандықтарды әлеуметтік қамсыздандыруды жақсарту үшін осындай үлкен қаражат жұмсау мүмкіндігі пайда болды. Ендеше біз бұл мүмкіндікті іске асырамыз.

Тоғызыншыдан, 3 жылдың ішінде еліміздің нақ осындай нысандарға мұқтаж болып отырған өңірлерінде 100 мектеп пен 100 аурухана салуды тапсырамын. Әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуды біз стратегиялық міндет дәрежесіне көтеруге тиіспіз. Біз мемлекеттік-жекеменшік әріптестігінің көмегімен әлеуметтік-инфрақұрылымдық даму тетігін қалыптастыру қажеттігіне жеттік деп білемін. Бұл жұмысқа біз әлі кіріскен жоқпыз. Үкімет мұнымен айналысуға тиіс.

### **Құрметті қазақстандықтар!**

«Қазақстан – 2030» стратегиясын дәйектілікпен орындау өзіміздің алдағы ілгерілеуіміз үшін берік негізді қамтамасыз етті. Бізде бұрынғыдан да табыстырақ алға басуымыз үшін барлық негіз бар, біз мұндай тарихи мүмкіндікті уысымыздан шығармайтын боламыз.

Сол үшін де Қазақстанды жеделдете жан-жақты жаңғырта жаңарту жолы таңдап алынды.

Бұл – біздің бұдан былайғы дамуымыздың бірден-бір дұрыс арнасы.

Біз осы заманғы әлемде Қазақстанға және қазақстандықтарға лайықты орын, бүкіл ел халқының әл-ауқатының өсуі мен тұрмыс деңгейінің елеулі жақсаруын қамтамасыз ету үшін сыртқы рыноктарға шығып, сенімді орнығуға міндеттіміз.

Бұл жолда Қазақстан мен өңірдің нақты жағдайын ескеріп, әрі әлемнің озық мемлекеттерінің жетістіктерін өзімізде іске асыра отырып, біздің:

Біріншіден, қандай да бір табыстарға қолымыз жетіп үлгерген секторларды жаңғырта жаңарту қарқынын жеделдете түсуіміз қажет;

Екіншіден, жаңғыртуды ешқандай алалаусыз Қазақстан экономикасы мен әлеуметтік өмірінің барлық салаларына тарату керек.

Сондықтан да өткен жылдың өзінде біз жалпы қазақстандық жобамызды тұжырымдап, оны іске асыруды қолға алған болатынбыз. Бұл – біздің әлемнің бәсекеге барынша қабілетті 50 елінің қоғамдастығына қарай жедел жылжуымыз және оның тұрақты мүшесі ретінде Қазақстанның тұғырнамасын нығайту.

Мұның қажетті шарты – Қазақстан тауарлары мен қызметтерінің озық халықаралық стандарттардың сапалық деңгейіне шығуы.

Бірақ бұл жеткіліксіз. Бізге экономиканың барлық деңгейінде – бүгінгі де, сол секілді ықтимал мүмкін болатын нақты да перспективалы бәсекелестік артықшылықтарымызды қажеттілікпен

әрі сарабалдықпен анықтауға және пайдалануға тура келеді.

Жүйелілік – біздің осы заманғы әлемде таяудағы онжылдықта алға жедел жылжуымыздың басты қағидасы, міне, осы.

Бұл үшін бізде барлық алғышарттар бар.

Біздің иелігімізде: орасан зор аумақ; ұтымды географиялық және коммуникациялық-көліктік орналасуымыз; елеулі табиғи ресурстарымыз бар.

Біз өңірлік экономикада көшбасшылық шептерге шықтық, халықаралық әріптестерімізбен сындарлы қатынастар орнаттық, саяси және әлеуметтік-экономикалық тұрақтылыққа қол жеткіздік.

Қазақстан әлемдік тауарлар, қызметтер, еңбек ресурстары, капитал, осы заманғы идеялар мен технологиялар рыногының шын мәнінде ажырағысыз да серпінді бөлігіне айналуы үшін біз 10 басты міндетті шешуге тиіспіз.

Бірінші міндет – экономиканың тұрлаулы дамуын жай қамтамасыз етіп, ұстап тұру емес, оның өсуін басқару.

Бізге экономиканың бәсекеге қабілеттілігінің тұрлаулы сипатын қамтамасыз ету үшін толымды стратегия әзірлеу мен іске асыру, сондай-ақ оның орындалуына қатаң бақылау қажет болады.

Бұл стратегия біздің экономикамыздың жеке-леген секторлары мен өндірістерінің нақтылы бәсекелестік артықшылықтарын негізге алып,

әлемдік даму үрдістері мен сыртқы рыноктардағы сұранысты ескеруге тиіс.

Бізге ендігі жерде «жинақталған» экономикалық өсуді жай пайдалану емес, осы өсуді нақты басқаруды үйрену, сөйтіп оны сапалық жаңа деңгейдегі экономикалық дамуға ұластыру керек.

Біз Қазақстанды индустрияландыруға халықаралық рыноктардың талаптары мен шарттарына сай келетіндей қағидаттық жаңа тұрғыдан келуді қамтамасыз етуге тиіспіз.

Аса ірі монополистерді қайта құрылымдау мен бәсекелестік қатынастарды дамыту есебінен біздің табиғи монополиялар аясын қысқартуымыз қажет.

Экономиканың табиғи монополиялар сақталатын секторларында бізге салалық реттегіштердің көмегімен тарифтік және техникалық реттеу жөнінде елеулі жұмыс жүргізуге тура келеді.

Ырықтандыру жағдайында біз қаржы жүйесінің тұрлаулылығы мен бәсекеге қабілеттілігін арттырудың жаңа деңгейіне көтерілуге міндеттіміз.

Біздің тиімді жұмыс істейтін қор рыногын құруымыз керек. Оның дамуы халықты өз салымдарын бағалы қағаздарға белсенді инвестициялауға тартпайынша мүмкін емес.

Үкіметтің халықты инвестициялық сауаттылық әліппесіне тиісінше үйрету жөнінде кең ауқымды жұмыс жүргізуі керек.

Үкімет пен Парламенттің осы мәселе бойынша бірлескен іс-шараларды айқындап алғаны жөн болады.

Қазақстан үшін қолайлы шарттармен ДСҰ-ға кіруі – біз қол жеткізуге міндетті мақсат.

Бізге халықаралық техникалық стандарттарды барынша жедел де кеңінен енгізу қажет.

Менің Үкіметке беретін ең басты тапсырмам осы. Бұл – оның тікелей міндеті және қоғам алдындағы жауапкершілігі.

Екінші міндет – өңірлік экономикада сапалық жаңа табыстарға жету және жаһандық экономикаға толыққанды қатысуды қамтамасыз ету.

Біз Қазақстанды экономикалық дамудың «өңірлік локомотивіне» және оны әлемдік экономиканың табысты «ойыншысына» айналдыра аламыз.

Бізде әлемдік шаруашылық жүйесінде нақтылы қазақстандық «тауашаларды» іздестіру мен игеру, шетелдік әріптестермен ірі озық жобаларға қатысу, сондай-ақ біздің экономикамызға қатысушыларды жан-жақты және жауаптылықпен қолдау, соның ішінде оларға сапалы инфрақұрылымдық қызмет көрсету арқылы қолдау жөнінде ең таяудағы және алыс болашақтағы міндеттер бағдарламалары болуы керек.

Бұл ретте негізгі назарды Ресей, Қытай, Орталық Азия, Каспий мен Қара теңіз өңірлерінің рыноктарына шоғырландыру қажет.

ТМД, ЕурАзЭҚ, ШЫҰ шеңберіндегі экономикалық ықпалдастық саудадағы басты бағдар болып қала береді. Біз мемлекеттердің Еуразиялық экономикалық одағын құруға жетуді, оны біздің басқа көршілеріміздің кіруі үшін қолайлы етуді ұсынамыз.

Қазіргі кезде әлемдік рыноктарда біздің тауарларымызға, қызметтерімізге және озық идеяларымызға жаңа «тауашалар» құру мен жеңіп алу үшін жеке меншік бизнес пен мемлекеттің күш-жігерін топтастыру мәселесі қай кездегіге қарағанда да өзекті болып отыр.

Бізге бәсекеге қабілетті экономика қалыптастыруда мемхолдингтердің рөлі мен орнын айқын анықтап алу керек.

Бұл міндетті мемхолдингтердің өздерін тікелей қатыстыра отырып, шешу жауапкершілігін Үкіметке жүктеймін.

Мен әлем базарының толып тұрғанын, онда бізді ешкім де күтпейтінін талай айтқанмын. Біз экспортқа қандай тауарлар шығарамыз? Міне, мәселе қайда жатыр. Бүгінде біз мұнаймен, газбен, минералды ресурстармен жан-жақты сауда жасаудамыз, астығымызды сыртқа шығарудамыз. Мұның бәрі дұрыс. Алайда біз индустрияландыруды сөз еткенде шикізат ресурстарына қатысы жоқ жаңа басқа тауарлар шығаруды айтамыз.

Бұл міндеттің үдесінен шығудың жауапкершілігін мемлекеттік холдингтердің өздерін тікелей қатыстыра отырып шешуді Үкіметке жүктеймін.



Үшінші міндет – өндіруші сектордың тиімділігін арттыру.

Біз алдағы уақытта да байсалды әрі өзара тиімді энергетикалық саясат жүргізу ниетіндеміз.

Көмірсутегі секторын одан әрі дамытуды, шетел мен жергілікті инвесторлар тартуды экономиканы әртараптандырумен тікелей байланыстыру және жаңа келешегі мол өндірістер құру жөніндегі аса маңызды міндеттерді осы арнада шешу қажет.

Біз Қазақстанның аса бай жер қойнауын игеріп жатқан шетелдік әріптестерімізді елдің мүддесіне қарай нақты бетбұрыс жасап, біздің экономикамызды әртараптандыруға шешуші түрде қатысуға, әлбетте, нарықтық негізде қатысуға көндіруге тиіспіз.

Үкіметке осы орайда тиісті жұмыс жүргізуді тапсырамын.

Бұл мәселеде бізбен келісетін компаниялар біздің қолдауымызға ие болады. Біз, ең алдымен, Қазақстанның ұлттық басымдықтарын негізге аламыз.

Бұл ретте Қазақстан энергия ресурстарын беріп отырған көршілеріміз бен халықаралық әріптестеріміз мүдделерінің тұрақтылығын, болжамдылығын және ұзақ мерзімділігін қамтамасыз етеміз.

Қазақстанның өңірлік, содан кейінгі жерде әлемдік энергетикалық кеңістіктегі тұғырларын одан әрі нығайтудың толымды стратегиясын әзірлейтін уақыт жетті.

Өзіміздің энергетикамыз бен мұнай химиясын дамытудың басты мәселесі – энергия өнімдерінің қосылған құнын ұлғайту арқылы бұл секторлардың кірістілігін көтеру. Әсіресе, мұнай химиясы, газ ресурстары, экспорттық энергия дәліздері сияқты басым секторларды басқару тиімді болуға тиіс.

Әлбетте, бұл – рынокқа қатысушылардың барлығына қойылатын, бірақ, ең алдымен, Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі мен «Самұрық» мемхолдингіне қойылатын талаптар.

Төртінші міндет – өндірістің шикізаттық емес секторының дамуын, экономикалық әртараптандырылуын қамтамасыз ету өте-мөте маңызды.

Үкіметтің экономиканың басымдықты шикізаттық емес секторларында инвестициялық «серпінді» жобаларды іске асыру жөніндегі өзінің бас стратегиясы болуы керек.

Жаңа экономикалық жағдай мен басымдықтарды ескере отырып, Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асырудың тиімділігіне баға беретін мерзім жетті. Сондай-ақ индустриялық әртараптандыру жоспарларын қалыптастыру жөніндегі талаптар мен ұсыныстарды да тұжырымдау қажет. Жекелеген жобаларды алғашқы қаржыландырудан әртараптандыруды ауқымды қаржыландыруға көшетін мезгіл жетті.

Бұл – шағын және орта бизнестің белсенді қатысуы жағдайында Үкіметтің, әкімдердің, мемхолдингтердің жауапкершілігі.

Үкімет пен әкімдерден экономиканы әртараптандыру жөнінде 3 жылдан бері жүргізіп келе жатқан жұмыстың қайтарымы туралы сұрайтын кезіміз келді. Мемлекет бұған қаржы жұмсауда, қазір жұмыс үстінде 204 нысан бар дейді. Осы жылдар ішінде не істелгенін түсініп алатын уақытымыз жетті.

Бесінші міндет – өңірлік және жаһандық экономикадағы өзіміздің жаңа рөлімізге сәйкес осы заманғы инфрақұрылымды дамыту.

Біз стратегиялық инфрақұрылымның даму келешегін айқын пайымдай білуіміз және, ең алдымен, инфрақұрылымдық қызметті тұтынушы біздің отандық компаниялардың бәсекелестігін, сондай-ақ өзіміздің халықаралық экономикалық ықпалдастығымыздың мүдделерін ескере отырып, осы саладағы басқарудың сапасын едәуір арттыруға тиіспіз.

Бізге экономикалық өсу мен бәсекеге қабілеттіліктің өңірлік орталықтарын айқындап алып, олардың дамуын тұтастай алғанда еліміз экономикасының мүдделеріне бағындыру керек.

Біздің өскелең экономикамызға электр энергетикалық ресурстарды дамыту мен басқаруға және Қазақстанда атом энергетикасының негіздерін

қалауға деген қағидаттық жаңа көзқарастар талап етіледі.

Бұл – өңірлер әкімдерінің, Индустрия және сауда, Көлік және коммуникациялар, Білім және ғылым, Денсаулық сақтау, Энергетика және минералдық ресурстар министрліктерінің, сондай-ақ мемхолдингтердің жауапкершілігі.

Бұл – маңызды міндет, себебі экономиканың дамуы энергиямен қамтамасыз етудің көлеміне байланысты. Бұл мәселені біз басынан қарап шешуіміз керек.

Алтыншы міндет – осы заманғы білім беру мен кәсіптік қайта даярлау, «парасатты экономиканың» негіздерін қалыптастыру, жаңа технологияларды, идеялар мен көзқарастарды пайдалану, инновациялық экономиканы дамыту.

Білім беру реформасы табысының басты өлшемі – тиісті білім мен білік алған еліміздің кез келген азаматы әлемнің кез келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілу болып табылады.

Біз бүкіл елімізде әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметіне қол жеткізуге тиіспіз.

Бізге халықаралық стандарттар деңгейінде оқу орындарын тіркеу мен аттестациялаудың пәрменді жүйесін жасау керек.

Жоғары білім беру саласында дәл және инженерлік ғылымдарды басымдықпен дамыту – дамуымыздың жаңа кезеңінің міндетті шарты.

Біз жоғары технологияларды енгізу мен инновацияларды қолдауға бағытталған бірыңғай мемлекеттік стратегия жүргізетін боламыз.

Әлемдік шаруашылық байланыстарына белсене кіріккен барлық осы заманғы бақуатты мемлекеттер «парасатты экономикаға» сүйенген болатын. Ал ондай экономика жасақтау үшін, ең алдымен, өз қарауымыздағы адами капиталымызды дамытқанымыз жөн.

Бұл да – өзіміздің ортақ қазақстандық жобамызға қатысушылардың баршасының, алайда, ең алдымен, Білім және ғылым министрлігі мен Индустрия және сауда министрлігінің жауапкершілігі.

Жетінші міндет – атаулы әлеуметтік қолдау және әлеуметтік саланы нарық қағидаттары негізінде дамыту.

Біз шын мәнінде зәру адамдарға атаулы қолдау көрсету жөніндегі саясатымызды жалғастыра береміз, бірақ оны нақты нарықтық қағидаттар негізінде шешеміз.

Шын мұқтаж жандарға көмектесуіміз керек. Олар – көп балалы, тұрмысы нашар отбасылар, мүгедектер, соларға көмектесуге тиіспіз. Ал басқа азаматтарды әлеуметтік қолдау жұмыс орындарын ашудан танылғаны жөн. Қазақстандағы кедей жандардың саны 4 жылда азайғанын, 45 %-дан 12 %-ға түскенін еске сала кетейін.

Қолжетімді тұрғын үй сатып алу мен жылжымайтын мүлік рыногын дамыту мәселелері өте маңызды. Мемлекеттік тұрғын үй салуды дамыту бағдарламасын іске асырудың екі жылында 11 млн шаршы метрден астам тұрғын үй іске қосылды. 2007 жылы 7 млн шаршы метр іске қосылады.

Бұл үшін мемлекет, ең алдымен, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі және Денсаулық сақтау министрлігі жауапты болады.

Сонымен қатар Үкіметке Астананың әкімдігімен бірлесіп, еліміздің бас қаласында тұрғын үй құрылыс жинақтаулары жүйесі арқылы бюджет саласының қызметкерлері үшін жедел қарқынмен тұрғын үйлер салу мәселесін пысықтап, қолға алуды тапсырамын.

Бұл елордамызда құрылатын қуатты медициналық және білім беру кластерлерін білікті кадрлармен қамтамасыз ету үшін қажет. Біз астанамызда таңдаулы медицинаны, құрал-жабдықтарды, дәрігерлерді шоғырландыруға тиіспіз. Біз елордамызда әлемдік деңгейдегі жаңа университет саламыз, оған ең таңдаулы отандық және шетелдік оқытушыларды шақыруымыз керек. Астанада зиялы қауымды, техникалық және инженер кадрларын қалыптастыру қажет.

Сегізінші міндет – дамуымыздың жаңа кезеңінің қисынына сәйкес саяси жүйемізді жаңғырту.

2007 жылы біз жүйелі демократиялық реформаларды одан әрі іске асыруға кірісеміз.

Демократиялық реформалар бағдарламаларын әзірлеу және нақтылау жөніндегі мемкомиссия саяси партиялардың, қоғамдық бірлестіктердің, сарапшылардың ұсыныстарын, еліміз азаматтарының пікірлерін қорыта келіп, мемлекеттегі алдағы саяси жаңғыртулар жайында нақты ұсыныстар дайындады.

Маңыздысы сол, бұл ұсыныстар бөгденің тәжірибесін көшіру немесе дерексіз теорияларды қайталау емес. Олар біздің қоғамымыздың қажеттіліктерін, қазақстандық нақтылықтарды ескереді. Бізде саяси реформалардың өз моделіміз, саяси көшудің өзіндік «Қазақстан жолы» қалыптасу үстінде.

Және де бұл жерде осы мәселелер бойынша Тұрақты іс атқарушы кеңес, сонан соң құрамында депутаттары, саяси партиялары бар Ұлттық комиссия жұмыс істегенін еске алуымыз керек. Олар еліміздің барлық өңірлерін аралады, жергілікті халайықпен, қоғамдық қозғалыстармен кездесті, көптеген материалдар жинастырды. Және соңғы жылы осының бәрін Мемлекеттік комиссия бір арнаға тоғыстырып қорытындылады. Тәп-тәуір жұмыс атқардық-ау деп ойлаймын. Енді халқымыз бізден не күтетінін біліп отырамыз.

Оның ерекшеліктері мен етене белгілері – президенттік басқару жүйесін сақтау, реформалардың кезеңдестігі, қабылданған шешімдердің екшенділігі, жалпыұлттық үнқатысу мен негізгі саяси күштердің топтасуы.

Ұсыныстардың құқықтық ресімделуін қамтамасыз ету үшін қазірдің өзінде іске кіріскен заңгерлер тобы еліміздің Конституциясына, сондай-ақ жекелеген заңдарына өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеуде.

Тұтастай алғанда, демократиялық реформалардың алдағы кезеңі мынадай бағыттар бойынша жүргізіледі.

Біріншіден, Парламенттің өкілеттігін кеңейту.

Парламенттің Конституциялық Кеңесті, Орталық сайлау комиссиясын, Есеп комитетін қалыптастырудағы, сондай-ақ, тұтастай алғанда, бюджетті бекіту мен атқарылуын бақылау мәселеріндегі өкілеттіктері ұлғайтылады. Бұл мәселелер түгелдей Парламенттің құзыретінде болады. Парламенттің Үкіметті жасақтаудағы рөлі күшейтіледі.

Екіншіден, саяси партиялардың рөлін арттыруға бағытталған шаралар қабылданатын болады.

Партиялық фракциялардың өкілеттіктерін кеңейту, Парламентке өтетін саяси партияларды республикалық бюджеттен қаржыландыру ұсынылады. Біз Мәжілісті сайлау кезіндегі партиялық тізімді кеңейту туралы мәселені де қараудамыз.

Үшіншіден, реформалардың аса маңызды бағыттарының бірі – сот-құқық жүйесін жетілдіру болады. Биылдан бастап біз алқа билер сотын енгіземіз. Тұтқындауға құзырлылықты соттарға



беру туралы қағидаттық шешім қабылданды. Біз біртіндеп осы заманғы және ашық тұрпатты сот ісін жүргізуге көшеміз.

Төртіншіден, жергілікті өкілетті органдарды дамыту. Біз мәслихаттарды күшейтіп, оларға қосымша өкілеттіктер беретін боламыз. Мәслихаттардың тексеру комиссияларын нығайтамыз.

Уақыт өте келе аудандық мәслихаттар жергілікті өзін-өзі басқаруды қалыптастырудың негізіне айнала алады.

Біздің ортақ көзқарасымыз болуы үшін Есеп комитеті өзінің ықпалын жергілікті, облыстық бюджеттерге тарату мүмкіндігін қарастыруы керек.

Саяси өзгерістердің біз үшін басты мақсаты – биліктің бір мезгілде елде саяси тұрақтылықты сақтап, біздің азаматтардың барлық Конституциялық құқықтары мен еркіндіктерін қамтамасыз ете отырып, қоғам мен мемлекетті басқарудың барынша тиімді жүйесін қамтамасыз ете алатын осы заманғы демократиялық пішініне қарай қадам басу.

Біз сіздермен бірлесе отырып жергілікті өзін-өзі басқару туралы заңмен ұзақ шұғылдандық. Ең қарапайым әрі түсінікті жол мынау: жергілікті өзін-өзі басқару органдары дегеніміз – мәслихаттар. Әкім солардың келісімімен тағайындалады, бюджетті солар қарайды. Біз осы арқылы мәслихаттарды күшейтеміз. Заң жобасын жаңартып, қабылдау керек.

Қуатты мемлекеттік билік пен демократия – бір-біріне кереғар емес. Демократия тек заңдылық қатаң сақталатын жерде ғана дамиды.

Қазақстанның президенттік басқару түріндегі республика болып қала беруі керектігіне ешкім ешқандай күмән келтірмейді.

Мен Парламентті, Үкіметті және азаматтық қоғамның барлық институттарын осынау басты мақсатқа қол жеткізуге шақырамын.

Тоғызыншы міндет – халықаралық іс-тәжірибені ескеріп, әкімшілік реформаны жеделдете жүргізу.

Біз мемлекеттік басқарудың корпоративтік басқару, нәтижелілік, ашықтық және қоғам алдындағы есептілігі қағидаттарын арқау ететін сапалық жаңа моделін түзудеміз.

Біздің мақсат – Үкіметті жаңғырта жаңарту, жоғары кәсіби мемлекеттік қызмет пен тиімді басқару құрылымын жасақтау.

Әкімшілік реформаның мәселесі – өте күрделі мәселе. Біз оны Парламент Комитеттерінде талқылауды ұйымдастыруымыз және арнайы тыңдаулар өткізуіміз қажет. Мұның талайларға қатысы бар.

Корпоративтік басқаруды жақсарту үшін біз «Самұрықты» құрдық және бүкіл нақтылы экономиканы соған бердік. Олардың ұлттық компаниялардың капиталдандыру көлемін арттырулары, әлемнің озық компанияларының акцияларын

сатып алулары, осында озық технологияларды алып келулері керек. Корпоративтік басқаруды жақсарту үшін, мөлдір әрі ашық болу үшін, Қазақстанда экспортқа бағытталған осы замандық кәсіпорындар ашу үшін біз барлық ақшаны «Қазынаға» жинадық.

Бұл – осы холдингтер Үкіметтің серіктесі болды деген сөз. Үкімет олардың өндірістік шаруаларына араласпайды және тиімді жұмыс істеулеріне жағдай жасайды.

Үкіметтің негізгі міндеті – еліміздің заң шығаруын жақсарту үшін Парламентпен бірігіп жүйелі жұмыс істеу, бюджетті басқару, оның жұмсалуын, қоғамдық тәртіп, денсаулық сақтауды, білім беруді, елдің қауіпсіздігін, сыртқы және ішкі саудаға жаңа технологияларды енгізуді басқару.

Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың мән-мазмұнын да біз дәл осылай түсінуіміз керек. ӘКК кіріссіз кәсіпорындарды сатып алады, ішкі инвестицияларды тартады және облыстар арасындағы коммуникацияларды, жолдарды, жылу және сумен қамтуды дамытады.

Әкімдер Үкімет айналысатын істермен, тек жергілікті жерлерде – денсаулық сақтаумен, білім берумен, қоғамдық тәртіп сақтаумен, мемлекет саясатын насихаттаумен, жергілікті бюджетпен әрі оның жұмсалуымен айналысуы қажет.

Біздің көздейтін мақсатымыздың мәні, қысқаша айтқанда, міне осыған келіп тіреледі. Бұл қызмет-

шілердің көптеп қысқаруына алып келеді, солардың есебінен қалған мемлекеттік қызметшілердің жалақысы өседі. Біз сонда ғана айтылып жүрген жинақы әрі кәсіби Үкіметке қол жеткіземіз.

Олар мемлекеттік қызмет көрсетудің басты тұтынушылары – барлық азаматтар мен бизнеске бағынулары керек.

Бұл міндетті шешу жауапкершілігін толығымен Үкіметке тапсырамын.

Оныншы міндет – жаңа Қазақстанның Орталық Азия өңірі мен әлемдік қоғамдастықтағы жетістіктері мен мүмкіндіктерін ілгерілету.

Бүгін біз басқа елдермен көкейкесті проблемалардың кең ауқымын шешуде ынтымақтасып отырмыз. Бұл энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету де, өмірлік маңызы бар әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу де, терроризммен күрес те, індеттер мен экологиялық апаттарға қарсы күрес те. Біз алдағы уақытта да өңірлік ынтымақтастық пен халықаралық қоғамдастықтың жауапты мүшесі ретіндегі өзіміздің рөліміз бен беделімізді нығайта беретін боламыз.

Бұл – барлық саяси, экономикалық және қоғамдық басшылардың, алайда, ең алдымен, біздің сыртқы саяси ведомствомыздың жауапкершілігі.

Үкімет пен Сыртқы істер министрлігі Орталық Азиядағы көршілерімізбен өзара іс-қимыл мәселелеріне ерекше назар аударулары керек. Бұл ретте

біздің ұстанымымызды дәйектілікпен түсіндіріп отырулары қажет.

Бүгінде Қазақстанның сырттан инвестициялар тартатын мүмкіндіктері бар, мұның өзі экономиканы көтеруге, тауар айналуын ұлғайтуға, барлық өңірлердегі қарапайым адамдардың тұрмысын жақсартуға септігін тигізеді. Қазақстан өз кезегінде бақуатты сыртқы жағдайға және өнім өткізетін сыйымды рынокқа қол жеткізу үшін Орталық Азияның саяси және экономикалық жағынан өркендеуіне мүдделі.

Экономикалық ынтымақтастық, өзара саудадағы ортақ кедергілерді жою, инвестиция және еңбек миграциясы саласындағы өркениетті қарым-қатынас – осының бәрі біздің халықтарымыздың игілігіне қызмет етпек.

Депутаттық корпус, парламентаралық байланыстарды пайдалана отырып, Өзбекстандағы, Қырғызстандағы, Түрікменстандағы, Тәжікстандағы өз әріптестеріне осының бәрін иланымды жеткізе отырып, ортаазиялық ықпалдастыққа септігін тигізе алады.

Енді бір 10 жылдан кейін жаңа Қазақстанды жаңа әлемде таныту үшін біз жаңа уақыттың өктем талабына дер кезінде әрі лайықты үн қатуға тиіспіз.

Сондықтан да Үкіметке «Қазақстан – 2030» стратегиясының негізгі қағидаларын жаңа кезеңде

дамытатын барлық жоғарыда аталған міндеттерді дәйектілікпен шешуді тапсырамын.

Оларды орындау үшін мен біздің ішкі және сыртқы саясатымыздың аса маңызды 30 бағытын айқындадым, бұл – Қазақстанның жаңа кезеңдегі даму стратегиясы.

Ол менің Жолдауымның осында отырғандарға таратылған және баспасөзде жарияланатын екінші бөлімінде баяндалды.

Бізге табысты билік тармақтарының, бизнес-қауымдастықтың, академиялық және қолданбалы ғылымның, үкіметтік емес ұйымдардың, БАҚ-тардың жұмысын осы заманғы ұйымдастыру және іс-әрекетін нақты үйлестіру және, әлбетте, отандастарымыздың қолдауы қамтамасыз ететін болады.

**Қымбатты қазақстандықтар!**

**Құрметті депутаттар мен Үкімет мүшелері!**

Біз осы таяуда ғана тәуелсіздігіміздің 15 жылдығын атап өттік.

Өткен жолымыз лайықты жол болды, ал біздің бірлескен шешімдеріміз бен тындырған ісіміздің нәтижелері таңданарлықтай болды.

Мұның бәрі де, жаңа жалпықазақстандық патриотизмнің іргетасын қалап, біздің Отанымыздың, біздің барша көп ұлтты және көп

конфессиялы қоғамымыздың, біздің балаларымыздың тамаша келешегі бар екеніне негізді мақтаныш пен сенімділікті туындатады.

Тарих халық өзінің ерік-жігерін тарихи ауқымдағы жобаларды іске асыру үшін жұмылдырған кезде жаңа даму деңгейіне көтерілетінінің жарқын мысалынан талайын біледі.

### **Қымбатты отандастар!**

Біз бірге болған кезде табысқа жетеміз. Сондықтан сіздерге жаңа онжылдықтың стратегиясын ұсына отырып, сіздердің қолдау көрсететіндеріңізге сенемін. Бұл қолдау әрдайымдағыдай сенімді болатынын білемін. Еліміздің басшылығы – Парламент, Президент, Үкімет – баршамыз жұмыла отырып, ойға алған мақсаттарымызды қашандағыдай орындап шығамыз.

Қазақстанның аграрлық-өнеркәсіп кешенінің мәселелері жөніндегі республикалық кеңесте

## СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,  
2007 жылғы 5 наурыз

### Құрметті кеңеске қатысушылар!

Бүгін біз ағымдағы жұмыстарымызды қорытындылауға ғана емес, сонымен қатар агроөнеркәсіп кешеніндегі алдағы кезеңге арналған мақсаттарымызды айқындау үшін де жиналып отырмыз.

Ауыл шаруашылығын дамыту маңызды мемлекеттік басымдықтардың бірі болып табылады және қала береді. Мен үнемі аграрлық секторға көп көңіл бөлетінімді өздеріңіз де білесіздер. Жыл



сайын сіздермен арнайы кездесіп, проблемаларды бірге талқылап, оларды шешудің жолдарын бірлесіп іздестіріп жүрміз.

Біз бүгінде агроөнеркәсіп кешені жұмысының негізгі нарықтық қағидағтарын қалыптастырдық. Жердің нағыз қожайыны пайда болды. Ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігі арта бастады, соған сәйкес ауылдағы өмір деңгейі де біртіндеп көтеріліп келеді.

Мен биылғы кезекті Жолдауымда Қазақстан дамуындағы жаңа кезеңнің 10 міндетін айқындап бердім. Сондай-ақ «Қазақстан – 2030» стратегиясы шеңберінде ішкі және сыртқы саясаттың алдағы 10 жылдық кезеңге арналған 30 аса маңызды бағытын көрсеттім. Оларды жоспарлы және жүйелі түрде жүзеге асыру Қазақстанның әлемдік экономикадан лайықты орнын алуына мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда агроөнеркәсіптік кешенді оның өнімділігін, салаларының табыстылығын өсіру, отандық өнімдердің ұлттық бәсекелестік басымдылықтарын дамыту есебінен өркендету қажет.

Бұл үшін саланы басқарудың жүйесін құрдық, тиісті мемлекеттік компаниялар мен «ҚазАгро» холдингі түріндегі институционалдық негіз қалыптастырдық.

Соңғы 6 жылда ауыл шаруашылығын мемлекет тарапынан тікелей қаржылық қолдаудың көлемі 270 млрд теңгеден асты. Ауыл аумақтарын дамытуға соңғы 3 жыл ішінде 200 млрд-тан астам теңге

бөлінді. Ауыл да қарап қалған жоқ. Өткен жылы 18 млн тоннадан артық астық жинап, жақсы өнім берді. Сіздерді осы жетістіктеріңізбен құттықтаймын.

Алайда алдағы кезеңде ауыл шаруашылығында атқарылар шаруалар әлі де баршылық.

### **Құрметті кеңеске қатысушылар!**

Осы жылғы Қазақстан халқына Жолдауымда белгіленген басым міндеттер аясына мен ауыл шаруашылығын мына бағыттар бойынша дамыту керек деп есептеймін.

#### **1. Экономиканы әртараптандыру мен елдің экспорттық мүмкіндіктерін ұлғайтуды нақ осы агроөнеркәсіптік кешеннен бастау керек**

Қазіргі технологиялар ауыл шаруашылығының рөлін түбегейлі өзгерістерге түсірді. Солтүстік Қазақстанда біз биоэтанол өндіру жөніндегі бірегей кәсіпорынды аштық, ондай кәсіпорын ТМД бойынша көршілерімізде жоқ. Мұндай кәсіпорындар басқа облыстарда да салынып жатыр. Біз жоғары технологиялы өнімдеріміздің негізгі тұтынушылары Еуроодақ елдері болады деп болжап отырмыз.

Әлем ауыл шаруашылық активтерін жете бағаламаушылықты бірден түсіне қойды. Ауылшаруашылық шикізаттарының бағасы жоғары

деңгейде қалады дегенге сарапшылар бірауыздан қосылады. Америка аптасына бір биоауытты, ал Еуропа 2–3 аптада бір ауытты іске қосады.

Ауылшаруашылық алқаптарының көлемі Ресеймен салыстыруға келетін және Үндістаннан асып түсетін Қазақстан үшін бұл зор мүмкіндіктерге жол ашады. Біздің ауылшаруашылық байлығымызды сауатты пайдаланған жағдайда оны өзіміздің мұнай саласындағы мүмкіндіктерімізбен салыстыруға болады.

Осыған байланысты «ҚазАгро» холдингіне әкімдермен бірлесіп, негізгі астық өсіретін өңірлерде өнеркәсіптің жаңа саласын – биоөнімдер (биоэтанол және биодизель) өндірісін құруға белсене жәрдемдесуді тапсырамын.

Екінші жағынан «ҚазАгро» холдингі Қазақстан астығын Иран, Египет, Әзірбайжан және Грузия секілді дамушы мемлекеттерге экспорттау мүмкіндігін кеңейту жөнінде шаралар қолдануы тиіс. Бірақ мемлекеттің міндеті бұл экспортты тиісті инфрақұрылыммен қолдау. Ал бұл біздің басқа мемлекеттік холдингтер үшін кең жол ашады.

## **2. Ауылшаруашылық өнімдерін өңдеу жөніндегі ірі тауарлық өндірістерді құруды ынталандыру**

Бұл міндет бұған дейін де бірнеше рет қойылған. Енді нақты нәтижелер күтеміз.

Республикада әзірге ұсақ тауарлы, қарадүрсін технологияларды пайдаланатын бытыраңқы өндірістер көп болып тұр. Айтарлықтай экспорттық әлеуеті бар бірде-бір ірі концерн жоқ. Алайда сүт саласында бизнестің күш-қуаты арқылы біршама ірі кәсіпорындар құрылған. Демек, мұны орындауға болады екен. Ал экспорттық бағытты дамыту үшін мұны орындау тіпті маңызды.

Одан әрі. Бізбен қатарлас орналасқан мұсылман елдерінде азық-түлік рыногы орасан көп. Ал біз Қазақстанда оларды зерттеп көрмеппіз және республикада «Халал» сертификатымен өнім өндіретін бірде-бір кәсіпорын жоқ. Біздің өңірден тым қашықта орналасқан Австралияда мұндай сертификатпен 40 ет өндіруші кәсіпорын айналысады.

Сондықтан Ауыл шаруашылығы министрлігіне оларға бөлінетін бюджеттік қаражат шегінде мал шаруашылығына лайықты назар аударуды тапсырамын, «ҚазАгро» холдингіне Үкіметпен және барлық деңгейдегі әкімдермен бірлесіп, рынок пен оның мүмкіндіктерін зерттеу, бірінші кезеңде республиканың түрлі өңірлерінде ет экспорты үшін толық инфрақұрылымы бар мал бордақылаудың ірі алаңдарын салу жөнінде 4–5 жобаның техникалық-экономикалық негіздеуін әзірлеу тапсырылды.

Топырақтың құнарлылығын қалпына келтіру – ауыл тұрғындары үшін мәселенің мәселесі.

Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Индустрия және сауда министрлігіне Қазақстанды өзінің тыңайтқышымен толыққанды қамтамасыз ету міндетін шешудің уақыты жетті.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге жеке меншік институты енгізілгеніне қарамастан, жер рыногы дамымай қалып отыр. Бүкіл алқаптың жекешелендірілген үлесі мардымсыз. Мұның өзі актив ретінде жерді айналымға салудың мүмкін болмауы себепті инвестициялар тартуды тежеп келеді. Сондықтан Үкіметке ауылшаруашылық жерлерін жекешелендіру тетіктерін ырықтандыру мүмкіндігін қарастыруды тапсырамын.

### **3. Ауыл шаруашылығына инвестициялар тарту**

Бірқатар өңірлерде шетелдік және жергілікті инвесторларды тарту, сондай-ақ олар үшін жұмыс жағдайларын туғызу жөніндегі іс айтарлықтай болмай отыр. Ал жеке меншік капиталсыз ауыл шаруашылығы өндірісін көтеру мүмкін емес.

Қазіргі кезде бізге экспортқа бағдарланған ірі жобалар керек.

Осы тұрғыда «ҚазАгро», «Қазына» холдингтері шетелдік сабағатшылармен, ірі концерндермен және жергілікті компаниялармен бірлесіп, осындай жобаларды әзірлеуге және оларды жүзеге асыруға кірісуі тиіс. Сабақтас өндіріске нақ осын-

дай мультипликативті тиімділік әсер етпек, жаңа жұмыс орындарын ашпақ.

Әкімдер мұндай жобаларды облыс аумақтарында орналастыру үшін қолайлы жағдайлар туғызуы керек.

Инвесторлар үшін инфрақұрылымдар, жер мен су мәселелері ғана емес, сонымен бірге білікті мамандардың көптігі, мұндай жобалардың облыстар үшін маңыздылығын әкімдердің түсіне білетіндігі де маңызды.

Мысал ретінде Оңтүстік Қазақстан облысын алайық. Онда қысқа мерзімде әкімдіктің бастамасы бойынша екі бағдарлама: тоқыма кластері және көкөніс өнімдерін өсіру, сақтау және тасымалдау орталықтары ойдағыдай өрістеп отыр.

Қазақстан банктері, коммерциялану әуресімен жүріп, ауылға қызмет көрсетуді қойды. Бұл мәселенің анық-қанығына жету қажет, қажетті жағдайлар жасай отырып, біздің инвесторларды ауылға бет бұрғызу керек. «Қазпошта» АҚ-ның өз жұмысын іс жүзінде ауылда жүргізетін мезгілі жетті.

#### **4. Агробизнеске жаңа технологияларды енгізу**

Отандық аграрлық ғылым көп іс тындырғанын айтуымыз керек. Бірақ ол бүгін ауылшаруашылық өндірісінің бәсекелестігі мен тиімділігін түбегейлі көтере алатын өршіл жетістіктерін бұрынғыдан да көп енгізуі қажет.

Облыстардың бюджеттерінде жаңа технологияларды енгізу мен агротехникалық білімді кеңейтуге арналған қаражат қарастырылғаны жөн.

Әкімдер Білім мен ғылым, Ауыл шаруашылығы министрліктерімен бірлесе отырып, «Қазагро-маркетинг» құрылымы арқылы білімді әртүрлі агроғылым орталықтарынан ауылшаруашылық өндірісіне таратуды қамтамасыз етуге тиіс.

### **5. Ауылдың өндірістік инфрақұрылымын одан әрі өрістету**

Бұл мәселені шешу саланы ойдағыдай дамытудың, шаруалардың кірісін көбейтудің сөзсіз шарты болып табылады. Алайда ықпалды тетіктер әлі күнге дейін жасалмаған. Нақ сондықтан ғана бізде делдалдар мен алыпсатарлар саны көбейіп кеткен. Олар барынша пайда тауып қалу үшін, бағаны қолдан шарықтатып, әдетте, тасада жүріп әрекет етеді.

Жеке меншік иелерінің өз ауласында өсірген өнімдерін коммуналдық базарға тікелей шығарып сатуға көп жағдайда мүмкіндіктері жоқ.

Мұның өзі ауылшаруашылық өнімдеріне бағаны бақылаусыз өсіруге жол ашады.

Осыған байланысты әкімдер ауылшаруашылық өнімдерін дайындау мен сақтаудың қажетті нысандарын құру және қалпына келтіру және тұтастай алғанда бәсекелестікті дамыту мәселелерін пысықтауы керек.

## **6. Табиғатты ұтымды пайдалану**

Біз болашақ ұрпақтар үшін сақтауға тиісті табиғат байлығымызға деген тағылық көзқарасты түбірімен жоюымыз керек.

Бұл үшін табиғатты пайдаланудың әлемдік озық тәжірибелерін зерттеп, оны табиғатты пайдаланушылардың да, мемлекеттің де мүдделерін ескере отырып біздің жағдайға бейімдеп қолдануға тиіспіз.

## **7. Халықты қымбатқа түспейтін әрі сапалы баспанамен қамтамасыз ету**

Халықтың тұрғын үй жағдайын жақсарту – барлық деңгейдегі әкімдер қызметінің басымдылығы.

Әр әкімнен осы жұмыс үшін дербес сұралатын болады.

## **8. Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды одан әрі дамыту**

ӘКК-нің негізгі мақсаты – өңірлерде бизнесті көтеру, жергілікті және өңіраралық кәсіпкерліктің әлеуетін барынша іске қосу. Біз «Сарыарқа» ӘКК-сін құрдық, бұл – бастапқы жоба. Үкімет оның негізінде бұл мәселе кімге қатысты болса, солардың бәрін үйретуі тиіс.

ӘКК-лер қысқа мерзімде даму институттарымен, «Атамекен» одағымен, кәсіпкерлермен



бірлесіп, әкімдіктердің жәрдемімен нақты инвестициялық жобаларды іске асыруды бастауы тиіс. Үкіметке Қазақстанның шығысы мен оңтүстігінде тағы да екі ӘКК құруды тапсырамын.

## **9. Ауыл жолдарын дамыту**

Әзірге жергілікті мақсаттағы автомобиль жолдарының жағдайы қанағаттанғысыз күйде қалып отыр. Бұл міндет әкімдердің алдына талай рет қойылған. Елеулі қаржыландыруға қарамастан, ауыл жолдарының проблемасы шешілмей келеді. Егер бізде өнімді сататын рыноктарға баратын қалыпты жолдар болмаса, өңірлердің қандай экономикалық белсенділігі туралы айтуға болады?

Мемлекет жол салуға қыруар қаражат бөлуде. Жол салуға бөлінген қаражатты, сондай-ақ жергілікті бюджет ресурстарын тиімді пайдаланып, нақты міндеттерді шешу керек. Әкімдерге жергілікті мақсаттағы жолдарды сапалы салу мен қайта жасау мәселесін ерекше бақылауға алуды тапсырамын. Бұл жұмыс әкімдердің қызметінде басымдылық болуға тиіс.

## **10. Халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету**

«Ауыз су» бағдарламасын іске асыру кезеңінде жаңа құбырлар жүргізу және ескі сумен жабдықтау жүйесін қалпына келтіру бойынша елеулі жұмыстар атқарылды. Бірақ, соған қарамастан,

бұл проблема өңірлерде әлі де шешімін таба алар емес.

Республикалық бюджетке арқа сүйеген әкімдер, бұл бағдарламаны облыс бюджетінен керегінше қаржыландырмайтыны былай тұрсын, тіпті дайын нысандарды пайдалануға беруге де құлықсыз. Кейбіреулері іске қосылмағаннан кейін тозып, жарамсыз болып та барады. Желілерді пайдалануға және техникалық қызмет көрсетуге жауап беретін ұйымдар жетіспейді. Үкімет және әкімдер бұл мәселені кешіктірмей шешулері тиіс.

### **11. Ауылдағы кедейшілік деңгейін төмендету**

Дәйекті әлеуметтік саясат, халықтың экономикалық белсенділігін арттыру, жұмыспен қамту мен халықтың кірістерінің өсуі кедейшілік деңгейін едәуір төмендетуге қол жеткізді.

Бұдан бірнеше жыл бұрын Қарағанды облысының тәжірибесі бойынша әр отбасында ең болмағанда бір адамның жұмысы болуына қол жеткізгіміз келген. Бұл жұмыс тоқтап қалды.

Дегенмен ол жұмысты жандандыру керек. Осыған байланысты мемлекет басшысы ауылдардың, аудандардың, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдеріне қазір біз кедей деп санайтындардың барлығын аула-аула бойынша зерттеуді тапсырды.

Аулалар бойынша есепке алу кедейлердің көпшілігі ауыл тұрғындары екендігін көрсетіп берді. Неліктен осылай болып отыр? Оларға микрокредиттеу жүйесі, басқа да белсенді еңбек түрлері неге жетпейді, олар үшін жаңа жұмыс орындары неге ашылмайды? Сіздерде бұл тетіктердің бәрі баяғыдан бері бар. Олар неліктен жұмыс істемейді?

Тіпті ауылдағы ер азаматтардың өздері, әйтеуір аштан өлмесек болды дегендей, балалардың жәрдемақысына, әлеуметтік көмекке өлместің күнін көруге икемделіп алыпты. Елімізде жұмыс қолдары жетіспей жатқанда, олар жаңа мамандық алғысы келмейді. Тексеріңдер.

## **12. Ауылдағы білім беру мен медицинаны дамыту**

Білім беру мен денсаулық сақтаудағы барлық проблемаларымыз ауылдық жерде әсіресе өткір көрініс беріп отыр.

Таяудағы 3 жылда менің тапсырмам бойынша 100 мектеп пен 100 аурухана осындай нысандарға ерекше зәру болып отырған өңірлерде салынады. Бұл үшін Үкімет пен жергілікті атқарушы органдар қысқа мерзімде білім беру және денсаулық сақтау нысандарын түгендеп, жаңа мектептер мен ауруханалар салынатын жерлерді анықтауы тиіс. Әкімдерге оларды салатын, тиісті инженерлік жүйелер мен коммуникациялар тартатын жер учаскелерін

бөлу жөнінде тапсырма берілді. Сіздер осы аудандардың тұрғындары мемлекеттің қамқорлығын сезінетіндей етіп менің тапсырмамды бұлжытпай орындауға міндеттісіздер.

Бұл мәселені біз шешеміз. Осы арада мынандай мәселе шыға келеді – сол мектептер мен ауруханаларда кімдер жұмыс істейді? Біздің міндетіміз – жаңа нысандар іске қосылғанша осы кадр проблемасын шешіп тастау.

Мен жастарды, университеттердің түлектерін, мұғалімдерді, дәрігерлерді ауылға баруға, өз халқына көмектесуге шақырамын. Біздің ғалымдарға, жазушыларға, ақындарға, өнер қайраткерлеріне келіңіздер, ауылға (ең болмағанда туған ауылдарыңызға) жұмыс істей бастауға көмектесудің кең халықтық қозғалысын құрайық деген тілекпен қайырылғым келеді. Кәсіпкерлерге өз мектебіңізге, өз ауылыңызға қаржылай және технологиялармен көмектесіңіздер демекпін. Бүгінде ауыл мұқтаж болып отырғанның бәрін – ауруханалар, мектептер, жолдар салуға көмектесіңіздер. Әкімдер, осында өз жерлестеріңізді шақырыңыздар, олар халықпен бірге екендерін сөзбен емес, іспен көрсетсін. Бұл туралы бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен әңгіме қозғайық. Бұл іске қоғамдық ұйымдар мен үкіметтік емес ұйымдарды тарту керек.

Менің тапсырмаммен Білім және ғылым, Мәдениет және ақпарат министрліктеріне осы

жұмысты ұйымдастыруды тапсырамын. Әр әкім жергілікті мамандар даярлауға мүдделі болуы керек, оларды мектептен қадағалап, қалаға оқуға жіберуге, оқу кезінде қолдау көрсетуге, бітірген соң ауылға оралуына бас-көз болуы керек.

Бұл істе біздің ауылдан шыққан жас мамандарымыздың отаншылдығы шешуші рөл атқаруға тиіс. Үкімет пен жергілікті атқарушы органдар бұл идеологияны белсенді насихаттап, оны материалдық ынталандырудың нақты шараларымен қолдасын. Сондай-ақ сіздерге қалалардан оралған дәрігерлер мен мұғалімдерді әлеуметтік қолдау шараларын, оның ішінде жеңілдетілген ақымен пәтер беру, балабақшамен қамтамасыз ету секілді басқа да шараларды тыңғылықты зерттеп, ұсыныс жасауды тапсырамын.

Біз ауыл мен қаланың арасындағы білім беру, медициналық қызмет көрсету және тұтастай өмір сапасы деңгейіндегі үлкен айырмашылықты қысқартуға тиіспіз. Өйтпесек, біз өз мақсатымызға – білім мен ғылым саласындағы бәсекеге қабілетті болуға қол жеткізе алмаймыз. Өйткені бәрі де мектептен, ал Қазақстан үшін ауыл мектебінен басталады.

Осы заманғы ақпарат технологияларын пайдалану жағынан ауыл қаладан көп кейін қалып қойды. Біз бүгінде ауыл мектебінің компьютерлермен жабдықталып, Интернетке кіру мүмкіндігін қамтамасыз ету жұмысымен едәуір айналысқан да шығармыз. Бірақ объективті проблемалар да жоқ

емес: көптеген мектептерде моральдық жағынан тозығы жеткен осы техниканың өзін күтіп-баптайтын мамандар жетіспейді, сондай-ақ сапалы телефон байланысы жоқ, ал онсыз Интернетті пайдалану мүмкін емес.

Бірақ ауыл мектебіне бүгінде бәрінен қажетті нәрсе – интерактивті ақпараттық білім беру ортаны құру және онлайн режимінде білім беру практикасын енгізу.

Еліміздің әрбір шалғай өңірлерінде оқытушылардың жаңа білім беру әдістерін пайдаланатын мүмкіндіктері болуы керек.

Мемлекеттік телеарна ең озық қазақстандық мұғалімдердің ашық сабақтарын жұртқа үлгі етіп көрсете алады. Біз білім беру телевизиясын дамытуымыз керек.

Соңғы айтарым мынау. Міне, көктем келді, осыған байланысты «Жасыл ел» жалпыұлттық бастамасын іске асыруды жалғастыру қажет. Жастар көп іс тындырды, миллиондаған ағаш көшеттері отырғызылды. Тек Астананың төңірегінде ғана 40 мың гектардан астам жерге ағаш отырғызылған.

Биылғы жылы қозғалыстың басымдығы осы жұмыстарға жастарды, әсіресе жұмыссыз жастарды тарту болуы керек.

Студенттік құрылыс отрядтарын елдің барлық құрылыстарына белсенді тарту керек. Бұл барлық әкімдерге нақты тапсырма. Сіздер оларды

барынша көтермелеп қана қоймай, осы жұмысты ұйымдастыруға да тиіссіздер.

\* \* \*

Аталған тапсырмалардың бәрі менің Жолдауымда ауыл шаруашылығы саласы бойынша қойылған негізгі міндеттерді іске асыруға бағытталып отыр. Сондықтан да Үкімет пен әкімдерге Жолдаудың негізгі қағидаларын түсіндіру жөніндегі кең ақпараттық жұмыс жүргізу тапсырылады. Талқылау жұмысына шетел сарапшыларын, үкіметтік емес ұйымдар, саяси партиялар өкілдерін көптеп тарту керек, сондай-ақ «дөңгелек үстелдер», семинарлар, конференциялардағы пікір алысуларда айтылған ой-түйіндерді пайдаланған жөн.

### **Құрметті кеңеске қатысушылар!**

Мен бүгінгі басқосуымызда сіздерге тек негізгі міндеттерді ғана белгілеп бердім.

Сөз соңында ауыл шаруашылығын дамыту әрдайым біздің маңызды басымдығымыз екендігін тағы да атап айтамын.

Бірлескен күш-жігер жұмсау бізге агроөнеркәсіптік кешенді дамудың жаңа кезеңіне алып шығатынына, ауылдағы өмір сапасын айтарлықтай көтеруге мүмкіндік беретініне сенімдімін.

## VI Еуразия медиа-форумында СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,  
2007 жылғы 19 сәуір

### Ханымдар мен мырзалар!

XXI ғасырдың нақты өмір шындығы шиеленіс атаулы келешекте келмеске кетеді деген романтикалық қиялды жоққа шығарды. Халықаралық қатынастар жүйесі үдей түскен жаһандық және аймақтық сипаттағы қауіп-қатерлердің алдында қауқарсыздық танытты.

Әлемдік саясаттағы негізгі қозғаушы күштің рөлін жаһандық бәсекелестік қағидатына қайта



шақыратын «қырғи қабақ соғыс» кезеңіндегі геосаяси ұраншыл сөз саптау бүгінде жиі естіледі. Қауіпсіздікті қамтамасыз етудің күш көрсету амалдары қайтадан алғы кезекке шығып отыр.

Бірақ бүгінгі әлемде жаһандық түйіндерді шешудің қарапайым жолы жоқ. Біз мұны көріп те отырмыз. Зорлық тек зорлық туғызады. Ксенофобия, күдікшілдік пен қорқыныш ХХІ ғасырдың жаңа обасына айналып келеді.

Бүгінде мән-маңызы әлемнің өзара тәуелділігіне келіп тірелетін қазіргі дамудың бірегейлігі назардан тыс қалуда. Егер қандай да бір ел тұрақтылықтан айырылса, онда күллі жаһандық орнықтылыққа қауіп төнгені.

Ауғанстанды есеңгіреткен халықаралық терроризм жер жүзіне жайылып барады. Жаппай қырып-жою құралдарын иемденуге деген жанталастық жұқпалы ауру секілді жаңа аймақтарды жаулап ала отырып, бейбітшілік үшін тосын тауқыметтер туғызуда.

Бұл жаһандық кеселдердің бетін қандай оң әрекеттер қайтара алуы мүмкін? Ең әуелі не істеу керек?

Басы ашық нәрсе – әлемдік саясатта аса елеулі түрленімдер жүзеге асуы тиіс, оның мәні мен қозғаушы күштері өзгеруі керек. Халықаралық қатынастар мен халықаралық қауіпсіздік жүйесін қозғайтын жаһандық тетіктер өзгеруі тиіс.

Біріншіден, қазіргі дүниені біртұтас жаңды ағза деп ұғыну халықаралық саясатта жаһандық бәсеке парадигмасынан жаһандық жауапкершілік парадигмасына тұғырнамалық ауысуды талап етеді. «Жаһандық пайымды ой» мен «жаппай жауапкершілік» қағидағтарымен қаруланатын кез келді.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында-ақ Қазақстан өзінің жаһандық сынақтарға пайыммен қарайтынын паш етті. Еліміз әлемде тұңғыш рет ядролық қаруды сынауға арналған аса ірі полигонды жауып, ядролық қарудан өз еркімен бас тартқанын және сол арқылы таратпау жүйесінің іргетасын нығайтқанын сіздер жақсы білесіздер.

Ядролық державалардың кепілдігі орнына ядролық қарудан бас тартуы біздің еліміздің әлем алдындағы жаһандық жауапкершілікті ұғынуға негізделген стратегиялық ұстанымы еді. Қазақстанның осынау қайсар да ізгілікті қадамы жаппай қырып-жою қаруларын таратудан туындайтын өткір мәселені шешудің жолы ретінде әлемдік қоғамдастық тарапынан лайық бағалануы тиіс.

Біз өзге елдерді бізден үлгі алуға шақырамыз. Бұл шақыруды ең алдымен ядролық қаруға ие болуға ұмтылып отырған мемлекеттерге қарата айтамыз.

Дәл осындай жауапты көзқарасты біз өңірлік саясат деңгейінде де ұстанып отырмыз. Қазақстан өңірдегі өзге елдермен бірге Орталық Азияның

болашағы үшін жауапты екенін мәлімдеді. Біздің өңір ядролық қарудан ада аймақ деп жарияланды. Біздің елдер біртұтас кеңістік ретінде дами отырып, халықаралық терроризмге, діни экстремизмге, есірткі тасымалына және заңсыз көші-қонға сенімді тосқауыл бола алатын «экономикалық бақуаттылық белдеуін» құра алады.

Еліміз өңірге салынған инвестиция көлемі бойынша көш басында. Біз Орталық Азияда ірі экономикалық жобаларды жүзеге асыруға кірісуге әзірміз. Туысқандық экономикалық және ізгілік көмек Тәжікстанның, Қырғызстанның үкіметтеріне бірнеше рет көрсетілді. Бүгінде біз Қырғызстанға көмектесіп жатырмыз.

Қырғызстан бүгінде күрделі кезеңді бастан кешуде. Барша қиындықтардың негізі – әлеуметтік мәселелердің шешілмеуі және тұрмыс деңгейінің төмендігі. Қазақстандықтар бізге жақын, туысқан елде тыныштық орнығуын адал көңілмен тілейді.

Қазіргі кезде біздің көршілерімізде болып жатқанның бәрі шынайы демократияның тұрақты даму бар жерде және адамдар бір-бірімен бейбіт жағдайда өмір сүргісі келетін жерде ғана орнай алатынын көрсетіп отыр. Бұл оқиғалар сондай-ақ сөз бостандығы жауапкершіліктен бас тарту бостандығы емес екендігін көрсетіп берді.

Біз Қырғызстанға бар қолдау мен көмекті көрсетуге әзірміз. Біз өзіміздің өңір ынтымақтастық пен достықтың өркенді өңіріне айналуына қол ұшын беруге әзірміз.

Қайырымдылық көмек аясында біз ауған халқына 4 мың тонна азық-түлік бидайын жөнелттік. Қазір Қазақстанда Ауғанстанға гуманитарлық және экономикалық ынтымақтастықты нығайту, ауған экономикасын инвестициялау, кадрлар даярлау жөніндегі шараларды қамтитын арнаулы бағдарлама әзірленуде. Атап айтқанда, біз Бамиан және Саманған провинцияларында аурухана мен мектеп салуды жоспарлап отырмыз. Мемлекет қазақстандық компаниялардың ауған базарына шығуын ынталандыруға әзір.

Екіншіден, мен халықаралық қатынастарда көп полярлық ұғымын қайта қарап, оған сапалық жаңа реңк беру керек деп есептеймін.

Әлемдік күш полюстері текетірес полюстері болып қалмауы тиіс. Олар тұрақтылық пен өсудің, ал олардың арасындағы байланыс – әлемнің үйлесімді дамуына септігін тигізудің полюсы болуға міндетті.

Бірыңғай көзқарасты дүние жаһандық үдерістерге тұрақтылық әкеледі деген үміт ақталмады. Алайда, объективті түрде пайда болып келе жатқан көпполярлылық бұрынғы геосаяси тұрғыда пайымдалып, ықпал ету орталықтары арасындағы байланыстар жаһандық бәсеке және мүдделер күресі тұрғысынан қарастырылуда.

Мұндай сыңаржақты ұстанымның тек зиянды зардабы болуы мүмкін екені белгілі. Бұл – нәтижесіз ойын. Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясаты негізгі ықпал ету полюстерімен – Ресеймен,

Қытаймен, АҚШ-пен, ЕО-мен, Үндістанмен, Араб елдерімен, Оңтүстік-Шығыс Азия елдерімен әріптестік қарым-қатынас орнатуға бағытталған. Міне, бүгін біздер халықаралық ірі акторлардың бәрі де Орталық Азия есе қайырудың емес, ең алдымен біздің өңірде тұратын халықтардың мүддесі тұрғысынан қалыпты экономикалық бәсекенің өңіріне айналуы үшін оның тұрақты дамуына мүдделі болатын кезеңге жақындап келеміз.

Демек, қазақстандық көпвекторлы сыртқы саясат нақ осы көп көпполярлылықты жаңа айқын-дамалық тұрғыдан түсінуге бағытталған.

Халықаралық сахнада өзін ұстаудың үшінші қағидатының маңыздылығы осыдан туындайды, мен оны текетірес моделінен қағидаттық түрде бас тарту және сенім мен стратегиялық үнқатысу режимін белсенді түрде қалыптастыру дер едім.

Мына бір тәмсіл баршаның есінде шығар. «Егер көршің 2 есе артық алатындай жағдайда не тілейсің?» – деген сауалға бір кісі: «Бір көзімді ойып ал» деп жауап береді! Әлемдік саясатта әлі де байқалатын мұндай көзқарастан арылған абзал екеніне өздеріңіз келісерсіздер.

Ал Қазақстанға келетін болсақ, біз сенім мен үнқатысу қағидатын нақтылы әрі іс жүзінде өзіміздің ішкі саясатымыз бен халықаралық бастамаларымыздың өзегі етіп алдық.

Еліміздің басты ерекшелігінің өзі де көпұлттылығы мен көпконфессиялығында. Қазақстан атты шаңырақта бір отбасының мүшелеріндей

130 ұлт пен 40-тан астам конфессияның өкілдері өмір сүріп жатыр.

Өзге мемлекеттерде әлеуметтік шиеленістің, тіпті, қақтығыстардың себептеріне айналған жәйттер бізде, керісінше, күш-қуат пен табыстың кепіліне айналды. Ұлтаралық келісім және тағаттылық идеясының арқасында біз аса ауыр әлеуметтік-экономикалық дағдарыс кезеңін тезірек еңсеруге қол жеткізіп, сілкіністерге ұрынбадық.

Біз өз өнегемізбен халықтар мен діндер арасындағы тыныштық пен келісімге қол жеткізуге болатынын көрсетуге ұмтылып келеміз – бұл үшін тек сабырлылық және үнқатысуға ұмтылыс қажет. 2003 және 2006 жылдары менің бастамам бойынша Астанада бірегей конфессияаралық үнқатысу форумына тыныс берген Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбесшыларының екі съезі болып өтті.

Біз өзге мемлекеттермен бірге қазіргі дүние құрылымының көкейкесті мәселелерін тануда Батыс пен Шығысты жақындатуға бағытталған күш-жігерді қолдауға дайынбыз.

Көрші мемлекеттер бір-біріне сенбей тұрса, сындарлы ынтымақтаса алмайды, болашаққа жоспарлар құра алмайды. Сенімсіздік кейде әдіс ретінде жеңіске жетуі мүмкін, бірақ қағидат ретінде ол әрдайым ұтылады.

Сол себепті Қазақстан құрлықты тұңғыш рет аймақтағы тұрақтылықты қамтамасыз ету құралы ретінде қарастыра отырып, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесін шақыру

туралы бастама көтерді. 2002 жылы сол жиынның алғашқы жетістігі ретінде Үндістан мен Пәкстан арасындағы ұнқатысудың қалпына келтірілгенін еске түсіре кетейін. Сол кезде ядролық қаруы бар осы екі мемлекет арасындағы байланыс ушығып тұрған болатын.

АӨСШК-нің бұдан былай да Азия құрлығында қауіпсіздікті қамтамасыз етудің ұжымдық тетігі ролін тиімді атқара беретініне сенімдіміз.

Қазақстан Шанхай ынтымақтастық ұйымы аясындағы ынтымақтастықты тұтастай қолдайды. Бұл форум біздің құрлықта ынтымақтастық пен өзара түсіністіктің белсенді дамуына қызмет етеді.

Сенім мен стратегиялық ұнқатысу идеяларын ілгерілету Қазақстанның сыртқы саясатының өзекті сипаттарының біріне айналды.

Төртіншіден, әлем қазіргі халықаралық қатынастардағы элиталықтан эгалитарлық сипатқа қарай бет алуы тиіс деген терең сенімдемін.

Жаһандану мен осы заманғы сын-қатерлер халықаралық қатынастар табиғатының өзіне өзгерістер әкелетінін байқамау мүмкін емес. Егер бұрын ірі елдер шағын немесе әлсіздеу көршілеріне онша көңіл аудармаған болса, қазір ондай «ысырапшылыққа» жол беру мүмкін емес.

Шағын екі мемлекет – Палестина мен Израиль арасындағы қақтығыс – міне жарты ғасырдан астам уақыт бойы әлемнің көптеген өңірлеріндегі ахуалды тұрақсыздандырып отыр.

Шағын екі ел – Ауғанстан мен Ирактағы оқиғалар діни экстремизм мен терроризм идеологиясын таратудың негізгі факторына айналды. Бастапқыда жергілікті мәселе болған осынау мәселелердің түйінін бүкіләлемдік қоғамдастық болып көп уақыттан бері тарқата алмай келеді. Жаһанданудың екінші жағы осындай.

Иран төңірегіндегі геосаяси ахуалға қатысты Қазақстанның ұстанымын нақты айқындағым келеді. Иран сияқты елмен күш қолдану арқылы текетіреске түсудің күллі әлемге елеулі салдары бар деп білемін. Біздің тату көршіміз Иран тек бейбіт атом энергетикасы саласында зерттеумен шұғылданып жатқанына күллі дүниені кәміл сендіреді деп үміттенеміз. Мұны біздің аймақтың және барша әлемнің халықтары күтіп отырғанына сенімдімін.

Тұтастай алғанда, өкінішке қарай, халықаралық ұйымдар қызметінің қағидаттары осы заманғы өмір шындығына сәйкестену үшін жедел өзгеруге үлгере алмай отыр. Мүмкін, мұның себебі БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі, НАТО, ЕҚЫҰ, G8 секілді әлемдегі барынша ықпалды әрі қабілетті форумдардың өз қызметінде элиталық элементтерден арыла алмай отырғандығында болар.

Тиімді шешім әзірлеудің үлкен әлеуетіне ие бола тұра олар халықаралық қақтығыстар мен дағдарыстарды реттеу, бай және кедей елдер арасындағы экономикалық айырмашылықты жою, терроризм пен экстремизмді ауыздықтау, қару



таратпау жүйесін нығайту секілді міндеттерді орындай алмай отыр.

Халықаралық саясаттағы элиталық ұстаным дағдарысының айқын дәлелі ретінде Ядролық қару-жарақты таратпау жөніндегі шарттың тиімсіздігін, сондай-ақ, қарусыздану ісіндегі пәлендей ілгерілеушіліктің байқалмауын айтсақ та болады.

Ядролық қаруға ие елдердің аз ғана тобы Шартты ядросыз мемлекеттерге ерекше санкциялармен қамтамасыз етілген міндеттемелердің қолапайсыз келісімі ретінде қабылдайды. Бұл ретте қаруы бар елдер ядролық қарусыздануға қатысты келіссөз жүргізу жөнінде өзіне көмескі міндеттемелер ғана алады, есесіне сол уақытта ядролық қаруды зерттеу, әзірлеу және жаңғыртуға қыруар қаржы жұмсауын жалғастыра береді.

Ядролық қаруды таратпау жөніндегі шарттың негізіндегі теңсіздік ядролық мемлекеттердің қарусыздануға қатысты өз міндеттемелерін орындауды қажет деп есептемеуіне әкеліп соғады. Осының бәрі әлемнің кейбір аймақтарында іріткі көңіл-күйдің орнығуына ықпал етіп, «Шарттың әділетсіздігіне» деген сенім ұялатады.

Ең сорақысы, бұл жаппай қырып-жою қаруларын иемденуге ұмтылып жүрген мемлекеттердің ақталуына таптырмас сылтау.

Қуатты ядролық қару арсеналынан ерікті түрде бас тартқан мемлекеттің басшысы ретінде менің таратпауға қатысты ұстанымдар сындарлы қайта қарауды талап етеді деп мәлімдеуге моральдық

хақым бар. Ядролық қаруды таратпау туралы шарттың ондаған жылдар бойы күшінде болуы – оның басымдығы мен осал тұсын бағалауға, уақыт талабына жауап беретін өзгерістер енгізуге мейлінше жеткілікті мерзім.

Бұл іске неғұрлым көп мемлекет атсалысса, соғұрлым жақсы болады.

Ірі және кішігірім теңқұқықты мемлекеттердің өзара ықпалдастығының арқасында біз Жер бетіндегі көптеген өңірдің көкейкесті мәселелері халықаралық қоғамдастықтың назарынан тыс қалмауына қол жеткізуге мүмкіндік аламыз.

«Бірінші әлем» мемлекеттері мен қалған әлем елдері үшін бөлек күн тәртібі болмауы тиіс.

Даму және әлеует деңгейлерінің әртүрлілігіне қарамастан, олар бірлесе алғанда бір жүйені құрайды. Сондықтан кейбір тетіктердің тепе-теңдіктен айырылуы біртұтас жүйенің тығырыққа тірелуіне әкеліп соғады.

Қазақстан осынау өзара байланысты ұғына отырып, ЕҚЫҰ секілді құрметті ұйымға төрағалық етуге өтінім жасады. Тұңғыш рет мұндай өтінім бұрынғы КСРО-ның, оның үстіне ТМД-ның барлық мемлекеттері атынан қолдау білдірілген республикасынан келіп түсті. Елеулі бөлігі Азияда жатқан елден келіп түсті. Ұланғайыр Орталық Азия өңірінен өкілеттік ететін және энергетикалық қауіпсіздік саласындағы рөлі күшейіп келе жатқан мемлекеттен келіп түсті.

Біздің көзқарасымыз, бірегей тәжірибеміз, бастамашылдығымыз осынау беделді ұйымның қызметін бірқатар көкейкесті бағыттар бойынша жандандыруға ықпал етер еді. Бұл біздің өңірді танып білу, көп ұлтты қоғам мен түрлі діндердің бір мемлекетте, бір өңірде бейбіт қатар өмір сүруіндегі төзімділік тәжірибесін зерттеу тұрғысынан пайдалы болар еді.

### **Құрметті қонақтар мен медиафорумға қатысушылар!**

Біз сіздердің осынау форумға адал күйде қалып отырғандарыңыз үшін ризашылық білдіреміз. Осында әлемнің белгілі саясатшылары, әлемнің танымал журналистері жиналуының өзі Қазақстанға деген сенімді көрсетеді. Ал біз үнқатысуға ашық және кез келген мәселені талқылауға әзір екенімізді танытып отырмыз.

Барлық талқылаулар бір-бірімізге төзімділік аясында өтеді және бұл біздің бәріміз үшін, бүкіл әлем үшін зор пайда әкеледі деген сенімдемін.

Ықыластарыңызға рахмет. Сіздерге зор табыстар және мықты денсаулық тілеймін.

Қазақстан Республикасы Парламенті  
палаталарының бірлескен отырысында  
«Қазақстанды демократияландырудың жаңа  
кезеңі – еркін демократиялық қоғамды жедел  
дамыту» тақырыбында

## СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,  
2007 жылғы 16 мамыр

**Құрметті депутаттар!**

Бүгін – Қазақстан демократиясы үшін тарихи күн.

Сіздердің қарауларыңызға «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен

толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы ұсынылып отыр.

Бұл құжат – Саяси реформалардың жалпыұлттық бағдарламасын іске асырудың, еліміздің құқықтық кеңістігінде терең өзгерістер жасаудың заңды нәтижесі болып табылады.

Біз еркін демократиялық қоғамды дамытудың жедел бағытын жария ете отырып, тәуелсіз Отанымыздың саяси тарихының жаңа да жарқын бетін ашпақпыз.

Еліміздегі экономикалық табыстар, қазақстандық әрбір отбасының әл-ауқатының артуы, өмір сүру стандарттарының өсуі Қазақстанның демократиялық дамуының жаңа кезеңіне берік тұғыр жасап берді.

Біз осы сенімді тұғырда ашық және демократиялық қоғамы бар құқықтық мемлекеттің іргесін дәйектілікпен қалап жатырмыз.

Дамыған демократияның жетістіктері біздің көп ұлтты және көп конфессиялы қоғамымыздың үздік дәстүрлерімен жарасымды үндестік табуға тиіс.

Сіздер мен біздер елімізді демократияландыруды жеделдету ісінде тұрақтылықтың, құқықтық мемлекеттің және қоғамдық келісімнің қаншалықты маңызды екенін жақсы түсінеміз.

Заңдылық пен конституциялық тәртіп сақталмайтын жерде, экономикалық және әлеуметтік берекесіздік орын алған жерде, адамның іргелі

құқықтары, азаматтардың армандары мен үміттері қамтамасыз етілмейтін келешегі бұлдыр жерде демократия құру мүмкін емес екендігін бүгінде әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр.

Сондықтан біздің ортақ міндетіміз – ешқашан да, ешқандай жағдайда да өз елімізде мұндай берекесіздікке жол бермеу.

Қоғамдық тұрақтылық, заңның үстемдігі, ұлтаралық және конфессияаралық келісім, сондай-ақ Қазақстанның жаңа геосаяси рөлі мен жауапкершілігі – міне, бұлар өзіміз жүргізіп отырған демократиялық өзгерістердің тиімділігінің кепіліне, оның басты өлшеміне айналмақ.

### **Құрметті депутаттар!**

Біздің елімізде саяси жаңару үдерісі бірте-бірте, қажетті экономикалық жағдайлар жасалуына қарай, Қазақстан тәуелсіздік алған сәттен бастап – бүкіл осы жылдары дәйектілікпен жүріп келе жатқанын атап көрсеткен жөн.

Бұл ретте біз өзіміздің бір кездері таңдап алған дербес, қазақстандық даму жолымен жүріп келеміз. Әлемдік практиканы зерделей, талдай келе, біз нақ осы эволюциялық жолды таңдап алдық. Біз демократияны жеделдете ендіруге, оның үстіне сырттан ендіруге қарсымыз.

Біз ешқашан, ешкімнің ісін қайталап көшіруге тырыспаймыз, еліміз бен халқымызға керекті істі ғана тындырамыз. Ал бізде бұл оңтайынан келуде.

Бұл жолда біз бірнеше кезеңдерден өттік.

Бірінші кезеңде – 1991 жылдан 1995 жылды қоса алғанға дейін – нақты тәуелсіздік сәтінен егемен Қазақстанның Конституциясын қабылдағанға дейін біз ықпалдастықтан бас тартқан үдерістерді еңсеруге, қазақстандық мемлекеттіліктің іргетасын қалыптастыруға, бірпартиялық өктемдіктен саяси плюрализмге көшуге, демократиялық даму негіздерін құруға күш салдық.

Бұл біздер мен сіздердің өміріміздегі аса күрделі кезең болды.

Дағдарысқа қарсы шешуші шаралар қажет болған мемлекеттілік қалыптасудың бұл кезеңінде билік өкілеттіктерін атқарушы биліктің сатылас-тығы бойынша шоғырландырудың пайдасына орынды түрде таңдау жасалды. Мұндай көзқарас ішкі жағдайларға қарай да, сыртқы ахуалдың тұрғысынан да әбден қажет болды. Біздің мұндағы дұрыстығымызды тарих қуаттап берді.

Бұл кезең бізге өте-мөте үйренерлік тағылымдар берді, олардың арасында басты тағылым – тұрақты да күшті экономика болмайынша саяси даму ауыр да баяу жүретінін, жалпыхалықтық наразылыққа, елді тұрақсыздандыруға соқтыруы мүмкін екенін ұғыну болды.

Ал мұндай астан-кестен өзгерістер бүгінде бізге достас кейбір мемлекеттерде болып та жатыр.

Алдымен экономика, содан кейін саясат деген біздің қағидат өзін толықтай ақтап шықты.

Әрине, тарих кейбір кедей елдерде экономикалық дамудың төмен деңгейі жағдайында да демократиялар болған мысалын біледі, бірақ содан кейін олардың демократиялары, әдетте, тынысы тарылып тынатын.

Халықтың жан басына шаққандағы ІЖӨ деңгейі 3 мың доллардан төмен жағдайда нағыз демократия ұзақ өмір сүре алмайтынын ғалымдар дәлелдеген. Егер бұл көрсеткіш 6 мың доллардан артық болса, демократия өміршең болмақ. Бізде де солай болар деген үміттемін.

Мен бұл мысалды біздің басымдықтарды таңдауымыз қаншалықты дұрыс болғанын тағы да бір рет атап көрсету үшін келтірдім.

Екінші кезеңде – 1995 жылдан 2000 жылды қоса алғанға дейін – біздің негізгі мақсатымыз осы заманғы демократиялық институттарды құру және нығайту, 1995 жылғы референдумда халық қабылдаған Конституция негізінде жаңа саяси мәдениетті қалыптастыру болды.

Ел Конституциясы терең экономикалық өзгерістерге ғана емес, сонымен бірге саяси өзгерістерге де байланысты үлкен жолдан өтуімізге мүмкіндік берді. Бұған егемен Қазақстанның жаңа ұлттық заңнамасы дәлел. Нақ соның көмегімен бұл жылдары біз азаматтардың құқығы мен бостандығына кепілдік берілетін, шынайы демократиялық институттар жұмыс істейтін елде Қазақстанды жаңартудың берік іргетасын қаладық.



Ол посткеңестік синдромның арынын тежеу және азиялық қаржы дағдарысының салдарын еңсерудің аса қиын жағдайында жүрді.

Бірақ та бізге табысты Қазақстанның 2030 жылға дейінгі әлеуметтік-экономикалық даму стратеги-ясын іске асыру қамтамасыз еткені айқын.

Президенттік республика моделін таңдап алып, біз елді посткеңестік экономикалық және саяси берекесіздіктен шығардық. Саяси тұрақтылық сыртқы инвесторлар үшін экономикамыздың тартымдылығын қамтамасыз етті, олар сол кезеңде отандық индустрияны дамыту үшін капиталдың негізгі көзі болған еді.

Экономика көтеріле бастады, жаңа инфрақұрылым жасалып, ауыл шаруашылығы дамуға бет алды. Жаңа жұмыс орындары дәйек-тілікпен ашылып, «орта тап» құрыла бастады.

Сонымен бір мезгілде біз халықаралық ұста-нымымыздың тұрлаулығын қамтамасыз еттік, өңірдің және әлемнің барлық елдеріне өзіміздің бейбіт саясатымызды мәлімдеп, дәлелдедік.

Бұл жетістіктер біздің саяси плюрализмді, бұқаралық ақпарат құралдарының саналуан-дылығын, жүйелі сайлауларды, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуімізге, халықтың қалың топтарын саяси өзге-рістерге қатыстыруымызға, мыңдаған ҮЕҰ құру үшін жағдай жасай отырып, Қазақстанды одан әрі демократиялық дамытуды жалғастыруымызға мүмкіндік берді.

Үшінші кезең – 2001 жылдан 2006 жылды қоса алғанға дейін – біздің стратегиямыздың дұрыстығының айқын дәлелі болды. Бұл кезеңде біз әлеуметтік-экономикалық серпінді секірісті қамтамасыз етіп, өңірлік көшбасшыға айналдық. Біздің мемлекеттілігіміз де жүзеге асты.

Қазақстандық көп ұлтты және көп конфессиялы қоғамның алғашқы демократиялық дәстүрлері орнықты. Соңғы жылдары елді одан әрі демократиялық реформалаудың барынша тиімді жолдарын әзірлеу жөнінде жалпыұлттық белсенді үнқатысу жүріп жатыр.

Күн тәртібіне қағидаттық тұрғыда әлдеқайда асқақ қоғамдық міндеттер шықты. Осы заманғы сынақтар мен қатерлер әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси қатынастардың бүкіл жүйесін әлдеқайда серпінді жаңғыртуды табандылықпен талап етті. Біз сол сын-қатерге төтеп бере білдік.

Бұл жылдары жергілікті органдардың өкілеттіктерін кеңейту, мемлекеттік басқару деңгейлерінің арасында құзырлылықты межелеу жөнінде шаралар қабылданды.

Парламенттің жұмыс практикасына Үкімет мүшелерінің кандидатураларын бейіндік парламенттік комитеттердің отырыстарында талқылау енгізілді. Менің бастамам бойынша әкімдердің халық алдында тұрақты есеп беруі басталды. Сайлау заңнамасы мен практикасы жетілдірілді.

Сапалы мемлекеттік қызметтер құруға, атқарушы биліктің есептілігі мен мөддірлігін арттыруға бағытталған терең әкімшілік реформа басталды.

Бұл кезеңде сайлау, саяси партиялар, БАҚ, мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктерді межелу, сот жүйесін жетілдіру және судьялар мәртебесі туралы заңнамаларды жетілдіру мәселелері бойынша ұсыныстар белсенді түрде талқыланып, әзірленді.

Осының бәрі Жалпыұлттық саяси реформалар бағдарламасының аясында атқарылды. Осылайша, біздің дамуымыздың бұл кезеңін Қазақстан демократиясының тарихындағы ең бір маңызды кезең деп санауға болады.

Жалпыұлттық саяси реформалар бағдарламасы біздің қоғамды одан әрі демократияландыру мәселелері бойынша бүкілхалықтық пікірталасты бастап берді.

Біз бұл бағдарламаны 2004 жылы «Отан» партиясының съезінде талқылап, қабылдағанымызды еске салғым келеді.

Тікелей менің басшылығыммен Демократиялық реформалар бағдарламасын әзірлеу және нақтылау жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылды. Оның құрамына Парламенттің, Үкіметтің, саяси партиялардың өкілдері, қоғам қайраткерлері кірді. Комиссия айтарлықтай шаруа атқарды, сондықтан да мен осы үшін комиссия мүшелеріне ризамын.

Қолданыстағы Конституция аясында елімізде демократиялық үдерістерді дамыту жөнінде бірқатар шаралардың қабылдануы Мемкомиссия қызметінің нақты нәтижесі болды.

Мәселен, Қазақстанда 2006–2011 жылдарға арналған азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасы әзірленіп, менің жарлығыммен бекітілді.

Ең бастысы, Жалпыұлттық саяси реформалар бағдарламасын іске асыру бізге Қазақстанды демократияландыру мен саяси жаңғыртудың өзекті құндылықтары бойынша кең ауқымды қоғамдық бәтуаға келуге мүмкіндік берді.

Жан-жақты қоғамдық пікірталас пен негізгі саяси күштермен сабақаттарды негізге ала отырып, Мемкомиссия елді жаңа кезеңде демократиялық дамытудың өзекті мәселелеріне жауаптарын ұсынды. Мынадай мәселелерді қозғайтын шешімдер әзірленді:

– атқарушы биліктің тиімділігі, ашықтығы мен есептілігі және сыбайлас жемқорлықпен күрес, мемлекеттік басқаруды орталықсыздандыру және жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту;

– сайлау заңнамасын жетілдіру;

– Парламенттің жауапкершілігін кеңейту;

– әлемдік озық стандарттарға сәйкес келетін сот жүйесін дамыту, судьялардың тәуелсіздігі;

– саяси партиялардың елдің саяси өміріне әлдеқайда белсенді қатысуы;

– үкіметтік емес ұйымдардың қоғамдық өмірдегі рөлін күшейту;

– азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын кепілдендіру.

Саяси жаңартудың негізгі бағыттары бойынша іс жүзіне асырарлықтай ұсыныстар Мемлекеттік комиссия жұмысының басты қорытындысы болды. Бұл ұсыныстар – елдің негізгі қоғамдық-саяси күштерінің пікірлерін ескеретін ұжымдық еңбектің жемісі.

Мемлекеттік комиссия қызметінің қорытындысын шығара отырып, мен құрамына жетекші де беделді құқықтанушылар енген жұмыс тобын құру туралы шешім қабылдадым. Олар Қазақстан Республикасында Демократиялық реформалар бағдарламасын әзірлеу және нақтылау жөніндегі мемлекеттік комиссияның ұсыныстарын қорытып, бізге Конституция мен заңдарға сәйкес баптарды тұжырымдауға көмектесті.

«Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы осы жұмыстың нәтижесі болды, ол бүгін сіздердің қарауларыңызға енгізіледі.

Басталған либералдық реформаларға табысты болуды қамтамасыз ететін әрі қоғамдық және мемлекеттік мүдделердің жаңа теңгермелігіне, Қазақстан дамуының жаңа кезеңінде мемлекеттік құрылыста тежемелік пен теңгермеліктің жаңа жүйесінің қалыптасуына қол жеткізуді қамтама-

сыз ететін заңнамалық негізді жасайтын мезгіл жетті.

Енді ел Конституциясына өзгерістер енгізу жөніндегі нақты ұсыныстар туралы. Ұсынылып отырған барлық жаңа өзгерістерді бірнеше бағыт бойынша топтастыруға болады.

Бірінші. Билік өкілеттіктері мен жауапкершіліктерін қайта бөлу, Парламенттің рөлін арттыру.

Елдегі жалпы саяси пікірталас барысында талқыланған мәселелердің бірі – мемлекет басшысының жекелеген өкілеттіктерін Парламентке беру туралы мәселе болды.

Мемкомиссия осы кезеңде президенттік басқару түрін сақтауды бірауыздан жақтады.

Қазақстандық мемлекеттілік пен нарықтық экономиканы жаңадан бастаудың қажеттілігі, тұңғыш рет елімізде либералдық саяси жүйені дамыту қоғамды табанды түрде топтастыруды талап етті. Сондықтан да мен елде болып жатқанның бәрі үшін бүкіл жауапкершілікті өзіме алдым және бұл қажеттілік еді.

Бірақ бүгінде елді жаңғырту үдерісінің аса маңызды барша өлшемдері белгіленгеніне және оның енді қайтып оралмайтынына көзіміз жеткен кезде Президент пен Парламенттің арасындағы кейбір міндеттер мен жауапкершіліктерді қайта бөлген жөн болады.

Мен Конституцияға республика президенттік болып қалатын, бірақ Парламенттің өкілеттіктері елеулі түрде кеңейетін өзгерістер енгізу жолымен жүруді ұсынамын.

Бұл іс жүзінде біздің республиканың моделін президенттіктен президенттік-парламенттік модельге ауыстырады.

Елдің қолданыстағы Конституциясына сәйкес Президент халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі болып табылады. Бұл қағидат біздің саяси жүйемізді жаңғырту үдерісінде өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ. Ол, көпшілік қазақстандықтардың пікірі бойынша, Қазақстандағы демократиялық өзгерістердің жаңа кезеңінде де мызғымай қалуы тиіс.

Мен президенттік басқару мерзімін 7-ден 5 жылға дейін қысқарту орынды болады деген пікірге келдім. Франция, мәселен, осындай жолға түсті. Бұл реформа 2012 жылдан кейін енгізіледі. Негізінде, біз бұл норманы өзгертпесек те болар еді, өйткені ол жалпыға ортақ демократиялық көзқарастарға қайшы келмейді. Солай болса-дағы біз бұл қадаммен демократиялық ұмтылыстарымыздың беріктігін атап көрсеткіміз, сондай-ақ биліктің сайланбалы шешуші субъектілерінің өкілеттік мерзімдерін тең жасағымыз келеді.

Мемкомиссия депутаттардың жартысын мажоритарлық, екінші жартысын – пропорциялық жүйе бойынша сайлауды ұсынды. Бірақ та біз бұдан да әріге баруға тиіспіз.

Халықаралық тәжірибені мұқият зерделеп, барлық «жақтау» мен «қарсыны» бірнеше қайтара салмақтай келе, Мәжіліс депутаттарын пропорциялық сайлау жүйесі бойынша сайлауға көшуді ұсынамын, ол тиісті өкілеттілікті қамтамасыз етіп, біздің өзіндік ерекшеліктерімізді ескергендік болады.

Қазақстанда сайлау өткізудің жаңа пішіні саяси партияларға саяси күштер орналасуының нақты көрінісі мен халықтың шынайы ерік-жігерін қамтамасыз ете отырып, елдің саяси жүйесіндегі өзінің рөлін күшейту жөнінде қосымша мүмкіндіктер беруі тиіс.

Мен Қазақстанды дамытудың жаңа кезеңіндегі міндеттерді іске асыру үшін Парламент палаталарының өкілеттіктері мен жауапкершіліктерін кеңейту жөнінде белсенді пікірталас жүргізілген және тиісті ұсыныстар әзірленген тағы бірнеше негізгі бағыттарды атап өтер едім.

Мемкомиссияның Сенаттың санын президенттік квотаны ұлғайту есебінен көбейту тұрғысындағы ұсынысы қабылданды, квота енді 7-ден 15 депутатқа дейін ұлғайтылады. Олардың бір бөлігі Қазақстан халқы Ассамблеясымен тиісті ақылдасудан кейін тағайындалады.



Сенатқа Мәжілістің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқталуы салдарынан уақытша жұмыс істемейтін кезеңінде заңдарды қабылдау жөнінде Парламент функциясын орындау секілді жаңа өкілеттіктер беру ұсынылады.

Ұлттық банк төрағасының лауазымына кандидатураны Сенатпен келісу ұсынылады. Мұндай көзқарас Ұлттық банктің Мемлекеттің ақша-кредит саясатын іске асыру жағдайындағы дербестік қағидатына сай келеді.

Мәжілістің санын 107 депутатқа дейін ұлғайту ұсынылады. 98 депутат пропорциялық жүйе бойынша сайланады, ал тоғыз депутат заңға сәйкес сайланып, Қазақстан халқы Ассамблеясының атынан өкілдік етеді. Бұл ірі этностардың мүдделерін ескеру үшін қажет және қоғамды одан әрі топтастыруға қызмет етеді.

Осылайша, Парламент депутаттарының саны 38 адамға ұлғаяды және 154 депутатты құрайды. Бұл біздің 15 миллиондық халқымыз үшін қалыпты өлшем.

Біз мұндай арақатынас түрлі елдерде қандай екенін қарастырып көрдік. Ұсынылып отырған депутаттар саны Қазақстан үшін оңтайлы.

Сіздердің назарларыңызды Конституциядан Парламент палаталарын қалыптастыру тәртібін анықтайтын норманы алып тастау ұсынылатынына аударғым келеді, бұл «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңда егжей-тегжейлі жазылатын болады.

Палаталардың бірлескен отырыстарының саны әлдеқайда қысқарады. Олар өте маңызды мәселе-лер бойынша ғана шақырылатын болады.

Конституциядан Парламент депутаты қандай да бір императивтік мандатпен байланысты емес дейтін норманы алып тастау ұсынылады. Бұл Мәжіліс депутаттары пропорциялық сайлау жү-йесі бойынша сайланатын жағдайда дауыс берген ретте біртұтас партиялық ұстанымды немесе пар-тиялық фракция ұстанымын сақтау қажеттігімен тікелей байланысты.

Сонымен бірге және мұны атап көрсету маңыз-ды деп санаймын, егер Мәжіліс депутаты өзі сай-ланған партиядан шыққан немесе шығарылған немесе партия жойылған жағдайда өз мандатынан айырылатын болса, сенаторларға мұндай негіз-деулер жүрмейді.

Үкіметтің мемлекет басшысының алдында ғана емес, сонымен бірге бүкіл Парламенттің алдында атқарушы биліктің мемлекеттік қызмет көрсетудің жоғары тиімділігі мен сапасын, қоғамдық есептілік пен қызметінің мөлдірлігін қамтамасыз ету үшін жауаптылығын белгілеу ұсынылады.

Үкімет қызметіне тиімді бақылау жасау жөнін-дегі Парламенттің өкілеттілігін күшейту ұсыны-лады.

Мәжілістің Үкіметке сенімсіздік білдіруі үшін бұрынғыдай депутат дауыстарының үштен екісі емес, жай көпшілігі жеткілікті болады. Егер

Үкімет парламенттік көпшіліктің мүддесін білдіретін болса, сенімсіздік білдіру үшін білікті көпшілік дауыстың қажеті де жоқ.

Сонымен қатар Конституцияда Үкіметке сенімсіздікті бүкіл Парламенттің білдіруі мүмкін болатын екі жағдайды сақтау ұсынылады. Бұл бюджеттің атқарылуы туралы Үкімет есебінің қорытындысы бойынша немесе Үкімет бастамашысы болған заңның қабылданбауына байланысты Парламенттің алдына Премьер-министрдің өзі мәселе қойған кезде болады.

Сондай-ақ Парламенттің жекелей алынған министрге сенімсіздік білдіру рәсімін жеңілдету ұсынылады.

Біріншіден, бұл құқық, бұрынғысынша, палаталардың әрқайсысында болуға тиіс.

Екіншіден, сенімсіздік білдіру үшін сондай-ақ тиісті палата депутаттары санының айқын басым көпшілігі емес, жай көпшілігі жеткілікті болады деп білемін.

Мемлекеттік комиссияның ұсынымдарына сәйкес Конституциялық кеңесті, Орталық сайлау комиссиясын қалыптастыру схемасы өзгертілді. Бұл органдардың құрамын әлдеқайда демократиялық негізде, Парламенттің қос палатасының тең жағдайда қатысуымен қалыптастыру ұсынылады.

Конституциялық кеңестің, ОСК-нің және Есеп комитетінің үштен екі бөлігін Парламент қалыптастыратын болады. Бұл өзгеріс заң шығарушы органның рөлін күрт арттыруға мүмкіндік береді.

Президенттің, Парламенттің және Үкіметтің арасындағы өзара қатынастардың белгіленген теңгерімін ескере отырып, Конституцияның Үкіметке арналған бөлімі де өзгерістерге ұшырайды.

Үкіметті қалыптастыру тәртібі, әлбетте, барынша көп дау мен пікірталас туғызды.

Қорытындысында Мемкомиссияның, сондай-ақ оппозицияның ұсынысы негізге алынды, оған сәйкес Президент Премьер-министрді саяси партиялардың фракцияларымен ақылдасқаннан кейін және Мәжіліс депутаттарының көпшілігінің келісімін алғаннан кейін тағайындауы тиіс.

Партиялық фракциялар тек Мәжілісте құрылатынын атап өту маңызды.

Шешуші мәселе Үкіметті қалыптастыру мен оның қызмет етуінің жаңа ережелерін парламенттік көпшілік негізінде құру екенін атап көрсеткім келеді. Енді Премьер-министрді, демек, бүкіл Үкіметті де бекітуде басты рөл Мәжіліске тиесілі болады.

Премьер-министрдің жаңа сайланған Мәжілістің алдына Үкіметке сенім көрсету туралы мәселе қоюының конституциялық міндеті Үкімет тағдырына ықпал етудің тағы бір маңызды факторы болады.

Үкімет құрамы Премьер-министрдің ұсынысы бойынша қалыптастырылуы тиіс.

Екінші. Саяси партиялардың рөлін нығайту.

Мәжіліс депутаттарын пропорциялық жүйе бойынша сайлау саяси партиялардың рөлін арттыруда тарихи маңызды қадам болып табылады.

Сонымен қатар Премьер-министр парламенттік көпшілік партиясының өкілі болады. Мұндай көзқарасты іске асыру: біріншіден, Үкіметті қалыптастыруда саяси партиялардың рөлін арттырады; екіншіден, парламенттік көпшілік партиясы өз кезегінде Үкіметті қалыптастыру және оның бұдан кейінгі іс-қимылы үшін жауапкершілік арқалауына алып келеді, ондай Үкімет сайлауда жеңіп шыққан партияның немесе коалицияның бағдарламасын жүзеге асыратын болады.

Сонымен бірге, қоғамдық бірлестіктерді мемлекеттік қаржыландыруға конституциялық тыйым салудан бас тарту ұсынылады.

Бұл тыйымдар, үлкен есептен келгенде, мемлекеттің бұрынғы бір партиялық жүйеге қатысты әрекеті болатын және болашақта тоталитарлық өткеннің қайталануына жол бермеуге бағытталған еді.

Сондықтан саяси партиялардың қызметін республикалық бюджеттен ішінара қаржыландыру үшін практикалық тетіктерді әзірлеу орынды болады. Бұл елде көппартиялылықтың қалыптасуында маңызды рөл атқарады.

Саяси мақсаттарды жүзеге асырудың басты құралына айналатын партиялық фракциялар-

дың рөлін арттыру үшін құқықтық негіз жасау ұсынылады.

Болашақ Премьер-министрдің кандидатурасы нақ осы фракциялардың отырыстарында талқыланатын болады. Фракция депутаттар қалай дауыс беретінін анықтамақ.

Үшінші. Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту.

Конституцияның жергілікті өзін-өзі басқару мәселелері жөніндегі бөліміне іргелі өзгерістер ұсынылады.

Біздің елімізде мәслихаттар жергілікті халық жергілікті міндеттерді шешу үшін сайлайтын өкілетті органдар ретіндегі жергілікті өзін-өзі басқарудың негізі болып табылады.

Конституцияға ұсынылатын өзгерістер ауыл әкімдеріне мемлекеттік қызметтерді орындаумен қатар жергілікті өзін-өзі басқару міндеттерін жария шешуге мүмкіндік береді.

Мәслихаттардың өкілеттік мерзімін 5 жыл деп белгілеу ұсынылады, мұның өзі жергілікті органдардағы биліктің әлдеқайда тұрақты болуын қамтамасыз етеді.

Облыстардың, республикалық бағыныстағы қалалар мен елорданың әкімдерін, Мемкомиссия оларды тек Президенттің шешімімен тағайындауды ұсынғанына қарамастан, тиісті мәслихаттардың келісімімен тағайындау ұсынылады.

Әлбетте, басқа деңгейдегі әкімдер де осындай жолмен тағайындалатын болады.

Мәслихаттың әкімге сенімсіздік білдіру рәсімін жеңілдету де көзделеді.

Әкімге сенімсіздік білдіру туралы шешім мәслихат депутаттарының, қазір көзделгеніндей, үштен екі бөлігінің дауысымен емес, тиісті рәсім бойынша жай көпшілік дауыспен қабылдануы тиіс.

Бұл шешімдер мәслихаттардың саяси рөлін күрт арттырады, олар, атқарушы органдардың өздеріне көбірек есептілігінің арқасында, ықпалды жергілікті өзін-өзі басқаруды танытатын болады.

Жергілікті басқару мен өзін-өзі басқару тақырыбын аяқтай келе, Конституция мәтініне біздің мемлекетіміздің елордасы – Астана туралы бап қосу ұсынысы туралы айтқан орынды.

Төртінші. Сот жүйесін жетілдіру.

Сот билігін нығайту үшін 2000 жылдың өзінде менің жарлығыммен атқарушы билік сот жүйесіне ықпал етудің соңғы тетігінен айрылған болатын – соттар қызметін қамтамасыз ету функциясы Әділет министрлігінен алынып, Жоғарғы соттың жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитеттің қарауына берілді.

Осы жылдың 1 қаңтарынан бастап елімізде қылмыстық істер бойынша сот төрелігін жүзеге асыратын алқабилер соты жұмыс істей бастады.

Елімізде мамандандырылған әкімшілік және экономикалық соттар дамып келеді, мұның өзі сот ісін жүргізу тиімділігін арттыруға мүмкін-

дік берді. Болашақта кәметке толмағандар ісі бойынша соттар құрылуы мүмкін.

Соттардың тұтқындауға санкция беруін енгізуді көздейтін заң қабылданатын болады.

Мемлекеттік комиссияның ұсынымына сәйкес Әділет біліктілік алқасын жойып, оның судьялар лауазымына кандидаттар іріктеу жөніндегі функцияларын еліміздегі судья құрамының сапасы үшін жауап беретін, судья кадрларын іріктеудегі тәуелсіз орган ретіндегі рөлін арттыра отырып, Жоғары сот кеңесінің қарауына беру ұсынылады.

Бесінші. Ұлтаралық келісімді қамтамасыз ету және Қазақстан халқы Ассамблеясын нығайту.

Өзінің этностық құрамы бойынша бірегей мемлекетімізді және мен бұл туралы ылғи айтумен келемін, саяси жаңғыртудың маңызды шарты қоғамдық тұрақтылықты, ұлтаралық келісімді, халықтар достығын қамтамасыз ету болып табылады.

1995 жылы құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметі осы маңызды міндетті шешуге бағытталған. Ол мемлекетте ұлттық саясатты жүзеге асырудың бірегей құралына айналды, оның негізіне, ұлты мен дініне қарамастан, барлық азаматтар мүмкіндіктерінің теңдігі қағидаты алынған.

Конституцияға елдің Президентінің Ассамблеяны қалыптастыруы туралы норма енгізіледі.



Қазақстан халқы Ассамблеясы елдің түрлі этностық топтарының қоғамдық-саяси өмірдегі өкілдігін қамтамасыз ететін ұйымның конституциялық мәртебесін алуға тиіс.

Сенат пен Мәжілістегі халық Ассамблеясының өкілеттігін қамтамасыз ету осы органның рөлі мен беделін жаңа сатыға көтереді және елде тыныштық пен келісімді одан әрі нығайтуға қызмет ететін болады.

Алтыншы. Азаматтық қоғам институттарын одан әрі дамыту.

Азаматтық қоғамды дамытпайынша саяси ырықтандыру үдерістері жүзеге аспайды. Өз кезегінде, азаматтық бастаманы дамыту үкіметтік емес ұйымдар мен кәсіби одақтар жүйесін нығайтпайынша мүмкін болмайды.

Азаматтық қоғам институттарын қолдау жөнінде жүйелі шаралар қабылданады.

Қазақстандық ҮЕҰ-ның әлеуметтік маңызды проблемаларды шешуге қатысуын қамтамасыз ету үшін «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы» және «Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік серіктестік туралы» заңдар қабылданды. Олар әлеуметтік саясат саласындағы қатынастардың жаңа үлгісін қалыптастыруға, мемлекет пен қоғамдық сектор арасындағы қатынастардың тұрақты және тиімді жүйесін құруға бағытталған.

Саяси жаңғырту бұқаралық ақпарат құралдарының рөлін арттыруды, БАҚ-тардың редакция-

лық саясаты тәуелсіздігінің және журналистер құқын қорғаудың кепілдіктерін қамтамасыз етуді көздейді.

Сонымен бірге бұқаралық ақпарат құралдары демократияландыру үдерісіндегі өзінің рөлін және қоғам алдындағы өзінің жауапкершілігін сезінуге, тек қана құқықтық өрісте іс-қимыл жасауға тиіс. Ақпараттық саясат мәселелері бойынша заңдарды әзірлей және қабылдай отырып, мемлекет нақ осы қағидаттық көзқарастарды ұстанып отыр.

Қазақстанның ақпараттық кеңістігінде бүгінгі таңда жеке меншік БАҚ-тар басым сипат алу-да – ал бұл біздің демократиялық ұмтылыстарымыздың нәтижесі.

БАҚ-тар бостандығының кепілдігін нығайта отырып, біз мынаны әр уақытта есте сақтауымыз керек: бүгінгі таңда сөздің күші арқылы жасампаздық жұмыс жүргізуге, адамдарды көкейкесті міндеттерді шешуге жұмылдыруға және елде тұрақтылықты нығайтуға болады. Сонымен бірге қоғамды тұрақсыз етуге де болады. Сондықтан кез келген демократиялық мемлекеттегі сөз бостандығы бетімен жіберу дегенді білдірмейді, БАҚ-тың қоғам алдындағы жауапкершілігін жоққа шығара алмайды.

Жетінші. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау жүйесін нығайту.

Еліміз азаматтарының құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктері ұлғайтылатын болады.

Бізде Қазақстанда Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің институты құрылған. Президент жанында Адам құқықтары жөніндегі комиссия жұмыс істейді. Халықтың қоғамдық өміріндегі олардың рөлін көтеру керек.

Қолданыстағы конституциялық өрістің құқық қорғау органдарын өздеріне жанаспайтын міндеттерден босату мәселелері дәйектілікпен шешіліп келді. Қылмыстық-атқару жүйесінің, тергеу оқшаулағыштарының, азаматтарды құжаттандыру мәселелерінің ішкі істер органдарынан Әділет министрлігінің қарауына берілуі осының дәлелі болып табылады.

Жоғарыда айтылғандай, соттың қамауға алуға рұқсат беруі туралы ереже енгізіледі.

Менің келесі ұсынысымды іске асыру Қазақстанда өлім жазасын іс жүзінде жоюға әкеп соқтырады. Қазір аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін бұл жазаға заң жүзінде жол беріледі. Алайда, шын мәнінде, өлім жазасы жарияланған мораторийге байланысты соңғы 4 жылда қолданылған жоқ.

Өлім жазасын адамдардың қырылуына әкеп соқтыратын тек терроризм қылмыстар үшін және соғыс кезінде жасалған аса ауыр қылмыстар үшін ғана қолдану мүмкіндігі конституциялық деңгейде белгілене отырып, Қазақстан осы арқылы өлім жазасы іс жүзінде қолданылмайтын елге айналады.

## Құрметті депутаттар!

Саяси жаңғырулар бағдарламасы мен конституциялық реформаларды әзірлеу, оның аса маңызды құрамдастарының бірі ретінде, біздің алға басуымыздың басым арнасына айналды.

Конституцияның тұрақтылығы мен мызғымастығын қамтамасыз ету үшін Конституцияға өзгерістер енгізудің тәртібін күрделілендіру ұсынылады. Айтпақшы, біз мұны ешқашан асыра пайдаланған да емеспіз.

Қазір референдумда конституциялық түзетулерді қабылдау үшін бұл түзетулерге дауыс беруге қатысқан адамдардың жартысынан астамы дауыс беруі қажет екені белгілі жәйт. Ендігі жерде бұл тәртіпті өзгерту ұсынылады, бұл орайда шешім қабылдау үшін көп дауыс берген азаматтар облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың кемінде үштен екі бөлігінің өкілдері болуға тиіс.

Біз саяси өзгерістердің осы белесіне дәйекті түрде және кезең-кезеңмен біртіндеп қадам жасайдық. Ең түбірлі ұсыныстарды қоса ала отырып, барлық ұсыныстар зерделенді және пысықталды. Біз саяси партиялармен, ғалымдармен, сарапшылармен кеңестік, қазақстандықтармен кеңестік. Барлық ұсыныстар БАҚ-та егжей-тегжейлі талқыланды.

Соңғы жылдар бойы Парламенттің палаталары комитеттерінің төрағалары мен депутаттарының

қатысуымен үлкен дайындық жұмысының жүргізілгенін ескере отырып, сондай-ақ мен ұсынған заң жобасына Мемлекеттік комиссия ұсыныстарының 80 %-ы қабылданғанын ескере отырып: «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңның жобасын осы аптаның ішінде қарау мүмкін болар еді деп есептеймін.

Конституциялық құқымды және Парламент жұмысының регламентін пайдалана отырып, осы жобаны қараудың тәртібін енгіземін.

Конституцияға өзгерістерді қабылдағаннан кейін мен сіздердің қарауларыңызға конституциялық баяндарды жүзеге асыруға бағытталған конституциялық заңдардың топтамасын енгіземін.

Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер енгізетін және біздің Отанымыз дамуының жаңа сапалық сатысына қадам басатын уақыттың келгеніне кәміл сенімдімін.

Қазақстанды демократияландырудың жаңа кезеңін заңнамалық қамтамасыз ету жөніндегі Парламенттің белсенді жұмысына үміт артамын.

ЭСКАТО 63-ші сессиясы министрлер  
кездесудің ашылуында

## СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,  
2007 жылғы 21 мамыр

**Құрметті ЭСКАТО атқарушы хатшысы!  
Құрметті БҰҰ бас хатшысының  
орынбасарлары!  
Ханымдар мен мырзалар!**

Сіздерді Біріккен Ұлттар Ұйымының Азия мен Тынық мұхитқа арналған экономикалық және әлеуметтік комиссиясының 63-ші сессиясының ашылуымен құттықтаймын.

Құрылғанынан бастап ЭСКАТО ұйымға мүше-мемлекеттердің адамдар арасындағы әлеуметтік және экономикалық теңсіздікті түзетуге

байланысты ынтымақтастығына ашық және тең мүмкіндіктер жасауға бағытталған болатын. Өткен 60 жыл ішінде осы мақсатқа жету жолында ауқымды жұмыс атқарылды деп толық айта аламыз.

Экономикалық реформалар Азия мен Тынық мұхит өңірінің елдеріне ауқымды экономикалық дамудың негізгі тірегіне айналуына мүмкіндік берді. 2006 жылы осы өңірдегі елдердің экономикалық өсімі 8 %-ды құрап, әлемдегі ең жоғары өсім көрсеткішін көрсетті.

Бұл экономикалық өсімді жаңа әлеуметтік проблемаларды шешуде, жаһандандудың барысында ЭСКАТО-ның әлеуметтік стратегиясын тиімді жүзеге асыруда қолданған дұрыс.

### **Құрметті кездесуге қатысушылар! Ханымдар мен мырзалар!**

Біздің елдеріміздің экономикалық дамуының өзара тығыз байланыстылығы және жаһандандудың серпінді үдерісі жағдайында өңірлік және ішкі өңірлік деңгейде әріптестік пен ықпалдас-тықты дамыту айрықша маңызды бола түседі.

Сонымен бірге, экономикалық өсу ескі түйіндердің шешілуіне әрдайым қол жеткізе бермесе де көп ретте жаңаларының туындауына жол ашады.

Қауырт экономикалық даму көп жағдайда әлеуметтік жіктелісті, байлар мен кедейлер арасындағы табыстардың айырмашылығын туында-

тады. Бұл люмпендену үдерісін туғызып, жаңа сынақтар мен қатерлердің пайда болуына алып келеді.

Проблеманың мұндай қойылысы 2000 жылы Мыңжылдық декларациясының, ал 2005 жылы – БҰҰ саммитінің қорытынды құжатын қабылдаған елдердің бәріне жақсы мәлім.

Орнықты экономикалық өсуге қол жеткізудің маңызды шарты Азия-Тынық мұхит өңірінің ұланғайыр кеңістігінде тұрақтылық пен бейбітшілікті қамтамасыз ету болып табылады.

Бүгінде АТӨ елдерінде Жер шары халқының 60 %-дан астамы тұрады, ал экономикасы жаһандық ІЖӨ-нің 28 %-ын құрайды.

Бірақ АТӨ – бұл тек әлемдік экономиканың аса маңызды бөлігі ғана емес, ұлы өркениеттер мен әлемдік діндердің аумағы ғана емес. Азия құрлығында, әлемдегі қай жерге қарағанда да, қақтығыстық әлеует жоғары.

Осыған байланысты мен заманауи сынақтар мен қатерлерге қарсы күрес ісінде Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінің қауымдастығы (АСЕАН) мен Шанхай ынтымақтастық ұйымының маңызды рөлін атап өткім келеді.

Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі болашағы зор өңірлік тетік болып табылады. АӨСШК-ні шақыру жөніндегі бастаманы мен алғаш рет бұдан 15 жыл бұрын БҰҰ Бас Ассамблеясында көтерген едім, ол бүгінде ойдағыдай іске асырылуда.



АӨСШК қазіргі кезде Азия аумағының 90 %-ын алып жатқан 18 мемлекетті біріктіреді, ал бұл елдердің халқы жер бетіндегі бүкіл тұрғындардың тең жартысын құрайды. Тағы тоғыз ел мен халықаралық ұйымдар бақылаушы функцияларын жүзеге асырады.

Кеңестің болып өткен екі саммиті АӨСШК-ні Азия құрлығында қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды тетігі ретінде сипаттауға мүмкіндік береді. Мен өзара ықпалдастықтың жалпықұрлықтық құрылымы және тұғырнамасы ретіндегі Кеңестің табысты қызметі ұзақ мерзімді болашақта Азия құрлығында қауіпсіздік жөніндегі ұйым құрудың арқаулық негізі ретінде қарастырыла алатынына сенімдімін. Азиядағы біздер өз проблемаларымызды үнқатысу мен кездесулер жолымен өзіміз шеше аламыз деп есептеймін.

Осы тұрғыда АСЕАН-ның Қауіпсіздік жөніндегі өңірлік форумына (АӨФ) мүшелікке Қазақстан берген өтінім өңіраралық ынтымақтастықтың жаңа мүмкіндіктеріне жол ашатыны және қауіпсіздіктің АӨФ-АӨСШК-ЕҚЫҰ «еуразиялық белдеуін» одан әрі құру үшін оңтайлы жағдайлар туғызады.

Бүгінде халықтардың, мәдениеттер мен діндердің арасындағы сенімді нығайтып, үнқатысуды дамыту керек.

Қазақстанның дінаралық үнқатысуды дамыту жөніндегі бастамасы да бейбітшілікті нығайтуды

көздейді. 2003 және 2006 жылдары Астанада Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің екі съезі болып өтті, оларға барлық әлемдік ірі конфессиялардың өкілдері қатысты. Бұл өркениеттерді жақындастыруда маңызды оқиға болды деп ойлаймын.

### **Құрметті кездесуге қатысушылар! Ханымдар мен мырзалар!**

Тәуелсіздік жылдары біздің еліміз өзінің қазақстандық даму жолын түзе алды. Жүргізілген экономикалық, әлеуметтік және саяси реформалардың арқасында Қазақстан өз азаматтары өмірінің деңгейі мен сапасын әлдеқайда арттыра алды.

Соңғы 7 жыл бойына экономиканың орташа жылдық өсімі 10 %-ды құрады. Өсудің жоғары қарқыны бізге 2008 жылдың өзінде ІЖӨ-ні 2000 жылмен салыстырғанда 2 есе, ал 2015 жылға қарай 3 есе ұлғайтуды жоспарлауға мүмкіндік береді. Биылғы жылы халықтың жан басына шаққанда ІЖӨ-нің 6700 долларға дейін ұлғайтылуы күтіліп отыр. 1994 жылы бұл көрсеткіш адам басына 700 долларды құрағанын еске түсірген жөн.

Көріп отырғандарыңыздай, біздің еліміз серпінді дамып келеді, Кеңес Одағы күйрегеннен кейін ыдыраған алып елдің бір бөлшегі ретінде 2000 %-ға дейінгі жылдық инфляция көлемінен

бастап, орасан зор қиындықтар мен дағдарыстарды еңсере отырып, осындай дамуға жетті. Сондықтан біздің таяудағы онжылдықта әлемнің бәсекеге барынша қабілетті және серпінді дамып отырған 50 мемлекетінің қатарына кіру жөнінде мақсат қойғанымыз әбден орынды.

Осы мақсатта біз индустриялық-инновациялық бағдарламаны іске асырудамыз, ол экономиканы әртараптандыруға, жоғары қосымша құны бар тауарлар мен қызметтер өндірісін дамытуға, жоғары технологиялық сервистік экономика негіздерін құруға бағытталған.

Бұдан 1 жыл бұрын Байқоңырдан алғашқы қазақстандық байланыс жер серігі ұшырылды. Ғарыштық бағдарламаны да біз одан әрі дамытамыз.

Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі біздің мақсаттарымызға қол жеткізуге жәрдемдесетін болады. Біз үшін мұның өзі әділ әрі кемсітушіліксіз жағдайларда іске асуы маңызды.

Қазақстан саяси жүйесін жаңғыртуға кірісті. Сол мақсатта, осы сессия жұмыс істеп жатқан дәл осы күндері қолданыстағы Конституцияға өкілетті органдардың өкілеттіктерін кеңейту, депутаттар құрамының санын ұлғайту және Парламенттің рөлін күшейту жөнінде өзгерістер енгізілді. Іс жүзінде Қазақстан президенттік-парламенттік басқару түріне көшеді.

Біз денсаулық сақтау проблемаларына көп көңіл бөліп отырмыз. Осы мақсатқа 2006 жылы 2 млрд-қа жуық доллар жұмсалды.

Гендерлік саясат саласында бізде 2006–2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясы іске асырылуда, оның мақсаты – қоғам өмірінің барлық саласында әйелдер мен еркектердің тең мүмкіндігін қамтамасыз ету. Қазақстан оны орындау жөнінде белсенді шараларды қолға алуда.

Біздің субконтинентімізде әйелдердің теңсіздігінен 45 млрд долларға жуық өндірілмеген өнім жоғалатыны есептеп шығарылған.

Тұтастай алғанда Қазақстан дәйекті әлеуметтік жаңғырту бағытын жүргізіп келеді. Зейнетақы, балаларға, көпбалалы аналарға берілетін мемлекеттік жәрдемақы мөлшерлері ұлғаяуда. Біздің азаматтардың табыстары өсуде. Біз адам ресурстарының дамуын, ең алдымен білім беру саласын қаржыландырып отырмыз. Әлеуметтік-гуманитарлық топтамаға арналған бюджеттің жыл сайынғы шығыны 2001 жылға қарағанда 3,5 есе өсіп, 2007 жылы 6,5 млрд долларды құрайды. Біз болашақта да осы мақсаттарға арналған шығындарды арттыра бермекпіз.

### **Кездесудің құрметті қонақтары!**

ЭСКАТО-ның жыл сайынғы сессиясын Комиссия құрылуының мерекелі жылында Алматыда өткізу туралы біздің ұсынысымызды қабылдап,

мүше-мемлекеттер елімізге зор құрмет көрсетті. Мұндай шешім ЭСКАТО-ның Орталық Азияға өз назарын аударуға деген әзірлігін де көрсетеді.

Біздің өңірдің өскелең экономикалық және саяси рөлі көптеген факторларға байланысты болып отыр.

Белсенді дамып келе жатқан Орталық Азияның геосаяси және жаһандық энергетикалық нарық, Еуразияның елеулі бөлігіндегі қауіпсіздік пен тұрақтылық тұрғысынан стратегиялық мәні зор. Орталық Азиядағы табиғи ресурстардың байлығы көптеген мемлекеттерді осы өңірге өте қызықтырып отыр. Өңір еуразиялық транзиттік дәліздердің тоғысында орналасқан, ауқымды көлік-коммуникациялық желілері бар және жеткілікті игерілмеген жаңа нарық болып табылады.

Әлемнің аса ірі мемлекеттерінің осынау зор қызығушылығын біз егес алаңына емес, даму мүддесіне айналдыруға тиіспіз. Бұл біздің өңір халқының мүдделеріне қызмет етуі керек.

Біз жаһандану жағдайында әлемнің бірде-бір елі осы заманғы жаңа сынақтар мен қатерлерге қарсы жалғыз жүріп күресе алмайтынын және өздерінің экономикалық проблемаларын шеше алмайтынын түсінеміз. Нақ сондықтан да Қазақстан Орталық Азия мемлекеттерінің одағын құру идеясын ұсынды.

Орталық Азия мемлекеттерінің интеграциясын біз әр елдің ұлттық мүдделеріне байланысты

объективті де табиғи үдеріс ретінде қарастырамыз. Орталық Азия мемлекеттерін ортақ тарих, мәдени тақылеттестік, экономикаларының өзара толықтырылуы, кемелденген көлік инфрақұрылымының бар екендігі, ортақ шекаралар біріктіреді.

Біздің бастамамызды кезең-кезеңмен іске асыру тартып алып қою мен шектеусіз еркін сауда аймағынан кеден одағына, бірыңғай экономикалық кеңістікке эволюциялық көшуді көздейді.

Өз мүмкіндіктеріне қарай қазіргі кезде біздің еліміз өңіріміздің басқа мемлекеттеріне экономикалық және гуманитарлық көмек көрсету жөніндегі шараларды қолға алуда.

Қазақстан бірнеше жылдан бері-ақ капиталды экспорттаушыға айналды. Соңғы 2,5 жылдағы капиталдың жалпы экспорты 20 млрд доллардан артық болды. Біз оларды тұрақтылық орнау үшін өңір экономикасының өсуіне бағыттағымыз келеді.

Қазір Қазақстанда Ауғанстан жөнінде арнайы бағдарлама әзірленуде, ол гуманитарлық және экономикалық ынтымақтастықты нығайту, ауған экономикасын инвестициялау, кадр даярлау жөніндегі шараларды қамтиды.

Біз сондай-ақ халықаралық ұйымдар мен даму институттарының аясында біздің өңірде түрлі экономикалық жобаларды іске асыруды құптаймыз.

Осыған байланысты Қазақстан БҰҰ-ның Орталық Азия елдерінің экономикаларына арналған

Арнаулы бағдарламасын (СПЕКА) іске асырудағы ЭСКАТО-ның рөлін жоғары бағалайды. Біз келесі жылы СПЕКА-ны құру туралы Ташкент декларациясы қабылдануының 10 жылдығын бірге атап өтетін боламыз.

Біз СПЕКА аясында ынтымақтастықты кеңейту мәселелері ЭСКАТО-ның 63-ші сессиясының және ЭСКАТО-ның Азия-Тынық мұхиты бизнес-форумының күн тәртібінде айрықша орын алғанына қуаныштымыз.

Орталық Азия елдерінің географиялық ерекшелігі олардың ішкіқұрлықтық жағдайы болып табылады.

Қазақстан теңізге шығатын жолы жоқ әлемдегі аумағы жағынан аса ірі мемлекет болғандықтан, түрлі транзиттік-тасымалдық құбыр арналары жобаларының іске асырылуына мүдделі және оларды қолдауға әзір.

Теңізге шығатын жолы жоқ дамушы елдердің Алматы іс-қимыл бағдарламасын тиімділікпен іске асыру мәселесіне айрықша көңіл бөлу керек. Бұл құжат 2003 жылғы тамызда БҰҰ-ның континент ішіндегі елдердің проблемалары жөніндегі алғашқы жаһандық конференциясының қорытындысы бойынша қабылданған болатын.

Орталық Азия мен АСЕАН елдерінің арасындағы өңіраралық ынтымақтастықты одан әрі дамыту мақсатында «АСЕАН плюс Орталық

Азия» саяси және экономикалық үнқатысуын белгілеу орынды болар еді.

Қазақстан Еуропа мен Азия арасындағы транзиттік ел ретінде АТӨ-дегі біздің әріптестерімізбен барынша жан-жақты ынтымақтастыққа әзір. Бұған Қазақстан елордасының, Астана қаласының халықаралық әуежайының малайзиялық «Malaysia Airports Holdings Berhad» холдингінің сенімді басқаруына берілуі дәлел бола алады.

Сөзімнің соңында Орталық Азия елдеріне Семей сынақ алаңындағы ядролық жарылыстардың салдары, Арал теңізінің апатты жағдайы секілді бұрынғы кездің қиын проблемалары мұраға қалғанын атап айтқым келеді. Соның салдарынан балаларды қоса алғанда халықтың арасындағы өлім деңгейінің жоғарылығы, ауыз судың тапшылығы және басқа әлеуметтік проблемалар орын алып отыр.

Міне сондықтан да біздің еліміз Қазақстанда қолда болған ядролық арсеналдан өз еркімен бас тартып, әлемдегі ең ірі ядролық сынақ полигонын жапты.

Бұл проблемаларға соңғы уақытта халықаралық терроризм және экстремизм, есірткі тасымалы мен жасырын көші-қон секілді жаңа сынақтар мен қатерлерге қарсы тұру қажеттігі қосылды. Бұл проблемалар да сындарлы өңірлік ынтымақтастықты талап етеді.



Сонымен бірге Орталық Азия мемлекеттері өз өңірінің болашағы үшін жауапкершілікті түйсіне отырып, 2006 жылғы күзде Орталық Азияны ядролық қарудан ада аймақ деп жариялады. Өздеріңізге мәлім, 1993–94 жылдары Қазақстан өзінің ядролық қаруынан ерікті түрде бас тартқан болатын.

### **Ханымдар мен мырзалар!**

Бүгінгі сессия барысында талқыланған мәселелердің Орталық Азия мемлекеттері үшін аса маңызды екендігін баса айтқым келеді. ЭСКАТО-ның 63-ші сессиясының қорытынды құжатында біздің аймағымыздың келелі проблемалары өз шешімін табатынына сенімдімін.

Сіздерге жемісті жұмыс тілеймін.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік рәміздерінің 15 жылдығына арналған «Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясының республикалық жастар форумында

## СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,  
2007 жылғы 4 маусым

### Қымбатты қазақстандықтар!

Бүгін тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік рәміздерінің қабылданғанына 15 жыл толады. Мен барлық қазақстандықтарды біздің тәуелсіз Отанымыз үшін ерекше маңызы бар осы бір айтулы датамен құттықтағым келеді.

1992 жылғы 4 маусымда алғаш рет тәуелсіз Қазақстанның жаңа мемлекеттік рәміздері бекітілді. Бұл күн жаңа мемлекеттік рәміздердің

туған күні ретінде еліміздің тарихында мәңгіге қалады.

Алтын күн аясында самғай ұшқан қыранның сұлбасы бар көк байрақ пен ортасында барлық қазақстандықтардың ортақ үйінің символы – шаңырақ бейнеленген елтаңбасы бар мемлекеттік рәміздер әлемге Қазақстан Республикасы деп аталатын тәуелсіз жаңа мемлекеттің келгенін паш етті.

Нью-Йоркте БҰҰ штаб-пәтерінің алдында әлемнің басқа да тәуелсіз мемлекеттері туларының арасында желбіреп тұрған біздің көгілдір байрағымызды көрген сәтті, Атлантадағы Олимпиялық ойындарда бүкіл әлемге қазақстандық спортшылардың жеңісі туралы жар салып, біздің әнұранымыз шырқалған сәтті, біз алғаш рет өз елтаңбамызды құйылған монетада және біздің ұлттық валютамыз – теңгенің басып шығарылған банкнотында алғаш көрген сәтті мен қазір де толғаныспен еске аламын.

Біздің мемлекеттік рәміздеріміз алғашқы қазақстандық ғарышкерлермен бірге ғарышта қалай болғанын еске түсірмеу мүмкін емес.

Мұның бәрі енді тарих. Бірақ та оны есте ұстаған жөн.

Нақ осы мемлекеттік рәміздер – біздің егемендігіміздің мызғымас негіздерінің бірі. Олар Отан тәуелсіздігінің қасиетті, біріктіруші бейнесін танытады. Өйткені біз Тәуелсіздік пен мемлекеттілікті

ұлтты сақтаудың бастау негізі ретінде, аса ұлы құндылық ретінде қарастырамыз.

Сондықтан да біз бүгін Қазақстан мемлекеттілігін қайтадан құру жөніндегі тарихи міндет ойдағыдай орындалды деп нық сеніммен айта аламыз.

15 жыл – Тарих үшін қас қағым сәт, бірақ та ол өз бойына біздің халқымыз ғасырлар бойы армандаған оқиғалар мен жеңістерді тоғыстырып отыр.

Ал тәуелсіздіктің елең-алаңында бізге жаңа елімізді құруға тура келді.

Біз тәуелсіз мемлекет құруға, ескірген кеңестік экономикадан – нарықтық экономикаға, тоталитаризмнен демократияға көшуге тиіс болдық. Және осының бәрін бір мезгілде әрі жедел түрде біртұтас мемлекеттің ыдырауы, экономиканың күл-талқаны шығуы, демократиялық даму тәжірибесінің жоқтығы, көп ұлтты және көп конфессиялы елде қиын да күрделі жағдайда жасауға тура келді.

Адамдардың сана-сезімін өзгерту, кәсіпкерлік рухын қалыптастыру, шынайы азаттық пен демократияның құндылықтарын қайта оралту және ең бастысы – келісім мен саяси тұрақтылықты сақтау талап етілді.

Бүгінде біз тарихтың осынау қиын сынағынан Қазақстан лайықты өте білді деп айтуға барлық негізіміз бар.

Біз әлемдегі ең серпінді экономикалардың қатарына кірдік. Біздің экономиканың өсу қарқыны жылына 10 %-ды құрайды. Бұл өте биік көрсеткіш!

Біздің экономикаға түскен шетелдік және ішкі (қоса алғанда) инвестициялардың көлемі 150 млрд долларға жуықтады. Осы табыстардың негізінде біз әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елінің қатарына кіру үшін өз елімізді индустрияландыру бағдарламасын әзірледік.

Экономикадағы табыстардың арқасында халқымыздың өмір сүру сапасы жақсарып келеді. Біз денсаулық сақтауда ауқымды реформалар жүргізіп, ғылым мен білімді дамытамыз.

Бүгінде сендердің мыңдаған құрдастарың «Болашақ» бағдарламасы бойынша әлемнің ең үздік университеттерінде оқып жүр.

Біз мәдени мұраны мұқият сақтап, аға ұрпаққа, әйелдер мен балаларға қамқорлық жасауадымыз. Азаматтарға әлеуметтік қолдау көрсетуге келесі жылдан бастап қосымша 108 млрд теңгеден астам қаржы жұмсалатынын білесіздер.

Орасан зор ауқымдағы құрылыстың арқасында 1 млн дерлік қазақстандықтар жаңа пәтерлерге кірді. Жаңа мектептер, ауруханалар, спорттық және мәдени ғимараттар ашылуда.

Біз Еуразия кіндігінде тамаша елордамызды – болашақтың қаласы – Астананы тұрғыздық. Жасампаздықтың жан жадыратар қарыштылығы, бірегей сәулет өнері және қазақстандықтардың

күш-жігері Астананы әлемдік елордалар шоғырында ең жаңа жұлдызға айналдырды.

Біз әлемнің жетекші елдерімен – Ресеймен және Қытаймен, АҚШ-пен және Еуропалық Одақпен, ислам әлемінің елдерімен өзіміздің стратегиялық әріптестігімізді нығайттық.

Қазақстан – ТМД-дағы және Азиядағы интеграциялық үдерістердің белсенді қатысушысы және бастамашысы. Еуразиялық Одақ идеясы ЕурАзЭҚ жұмысын жандандыру арқылы ойдағыдай іске асырылуда.

Қазақстан өңірлік және жаһандық қауіпсіздік негіздерін қалыптастыруға белсене қатысып отыр. Нақ біздің еліміз Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары кеңес үдерісінің бастамашысы болды және оны дамытып отыр.

Бүгінде біздің айналамызда бейбітшілік пен қауіпсіздік белдеуі қалыптасты деп сеніммен айта аламыз.

Қазақстандық ұлтаралық және конфессияаралық келісім моделінің бірегей екендігін бүкіл әлем қоғамдастығы мойындап отыр.

Нақ Қазақстанда әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің екі съезінің ойдағыдай өтуі кездейсоқтық емес.

Бізде тұрақты саяси даму және жолға қойылған мемлекеттік басқару жүйесі бар, олар еліміздің өскелең эволюциясын қамтамасыз етеді.

Экономиканы аяғынан тік тұрғызып, адамдардың тұрмысын әлдеқайда жақсартқан соң біз демократияландырудың келесі қадамын жасап, біздің Конституциямызға аса маңызды өзгерістер енгіздік, сөйтіп бұдан былайғы да ілгерілеу үшін сенімді құқықтық негіз қаладық.

Осы қадамымызбен біз бүкіл әлемнің алдында өзіміздің дәйекті екенімізді және біздің еліміздегі реформаларға жүйелілік, баршаны қамтитын сипат тән екенін тағы да дәлелдеп шықтық.

Біз қол жеткенге тоқтап қалмай, әрдайым тек қана алға жүретінімізді тағы да айшықты көрсеттік!

Бүгінде конституциялық реформа Қазақстанның ең жаңа саяси тарихында айтулы оқиғалардың біріне айналды деуге барлық негіз бар. Сіздердің барлықтарыңыз сол өзгерістер бүкіл қоғамның кеңінен қатысуы жағдайында қандайлық мүдделі, ашық, шын мәнінде демократиялық ахуалда әзірленіп, қабылданғанының куәгерлері болдыңыздар.

Бұл жұмысқа біздің «Нұр Отан» партиясы айрықша үлес қосқаны сөзсіз. Өйткені саяси реформалардың негізгі өлшемдері алғаш рет 2004 жылы «Отанның» съезінде баяндалған болатын. Бүгінде олардың бәрі бүгінгі күн талаптарына сай келіп, Қазақстанның өскелең дамуына сенімді іргетас қалайтын жаңарған Конституцияның айқын тұжырымдарында бейнеленді.

Конституциялық өзгерістер азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктерін одан әрі күшейтуге қоғамдық мемлекеттік мүдделердің жаңа тепе-теңдігін қамтамасыз етуге, тармақтар арасындағы тежемелік пен теңгермеліктің жаңа жүйесі қалыптасуына бағытталған.

Парламенттің және саяси партиялардың рөлі әлдеқайда артады. Осыған байланысты нағыз жалпыхалықтық партияға айналған біздің «Нұр Отан» партиясының рөлі мен маңызы айтарлықтай өседі. Ол біздің Отанымыздың өркендеу стратегиясын әзірлеп, жүзеге асыратын елдің жетекші саяси күші ретінде сенімге ие болды. Қазақстандықтар, әсіресе жастар, енді елдің саяси өмірі мен мемлекеттік басқаруға қатысудың бұрынғыдан көп мүмкіндігіне ие болады.

Қазақстан халқы Ассамблеясы конституциялық мәртебе алды. Болашақ Парламентте түрлі этностардың өкілдері болады.

Осынау өзгерістердің бәрі біздің халқымыздан қолдау тапты.

Маған күн сайын мыңдаған қазақстандықтардың үндеулері келіп түсуде, оларда саяси реформаларға қызу қолдау білдірілген.

Конституция да елдің рәмізі екенін естеріңе салғым келеді. Сондықтан Негізгі заңды, елдің туы, гимні мен елтаңбасы секілді рәміздерді қадірлеу мен құрметтеу – біздің азаматтық парызымыз.



Біз конституциялық құрылыстың тұрақтылығы мен жүргізіп отырған саясаттың жалғастығы табыстың және еліміз болашағының кепілі екенін есте ұстауға тиіспіз. Ал жүргізіліп жатқан саяси реформалардың нәтижесі Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру міндетіне сай келетін осы заманғы және бәсекеге қабілетті саяси жүйе қалыптастыру болуы тиіс.

### **Қымбатты менің жас достарым!**

Біздің бабаларымыздың мынандай сөзі бар: «Егер сендер 1 жыл алдағыны болжайтын болсаңдар – астық өсіріңдер; егер сендер 100 жыл алдағыны болжайтын болсаңдар – ағаш отырғызыңдар; егер сендер алдағы тұтас мәңгілікті болжайтын болсаңдар – Адам тәрбиелеңдер». Демек – жастарды тәрбиелеңдер дегені.

Қазақстандықтардың жаңа ұрпағы, ең алдымен, бәсекеге қабілетті болуы тиіс. Қазақстанға сендердің жасампаз еңбектерің, сендердің күш-жігерлерің және сендердің білімдерің қажет. Қазақстанның көркеюіне бағытталған жалпы мемлекеттік істерге сендердің қолдауларың, сендердің белсене қатысуларың қажет. Нақ сендерге ғылымды ілгерілетуге, экономиканы дамытуға, әлеуметтік проблемаларды шешуге, демократиялық мемлекетті нығайтуға тура келеді. Отан сендерге өте зор үміт артады. Сендер оны ақтап шығатындарыңа

сенімдімін! Сендер – біздің еліміздің болашағы-сыңдар.

Осымен қатар сендер білімді де білікті мамандар ғана емес, сонымен бірге Қазақстанның шынайы патриоттары болуға тиіссіңдер. Сендердің білімдерің мен жігерлерің, күш-қуаттарың мен жақсы атаулыға ұмтылыстарың біздің Отанымызға қажет. Ал енді бәрінен бұрын оған сендердің сүйіспеншіліктерің қажет.

Өз еліңе деген терең сүйіспеншілік сезімі, шынайы патриотизм болмайынша нағыз азамат та, нағыз адам да жоқ. Мұндай патриотизмнің айшықты көрінісі өз еліңнің мемлекеттік рәміздеріне деген, бүгін сендер көрсетіп отырған, құрмет болып табылады. Сендердің «Бұл біздің туымыз!» және «Бұл біздің әнұранымыз!» атты акцияларың біздің жастардың биік азаматтық ұстанымын танытады.

Отан сезімі, өз еліңе деген мақтаныш оның рәміздеріне деген құрметтен басталады. Сондықтан барлық уақыттарда мемлекеттік рәміздер – ұлттық мақтаныштың және оларға деген ерекше көзқарастың белгілері.

Сендердің көпшілігің шет елде болғанда, бәлкім, қарапайым азаматтардың өз туын қалай қадірлеп, құрметтейтінін көрген шығарсыңдар. Көптеген елдерде мемлекеттік тудың, елтаңбаның, гимннің күні атап өтіледі. Бізде де осындай дәстүрлер негізделетін уақыт жетті.

Бүгін мен «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» жаңа Конституциялық заңға қол қойдым. Онда мемлекеттік рәміздердің мәртебесін нығайтуға бағытталған жаңалықтар көзделген. Мәселен, бұл радио мен телевизияда хабар таратудың басы мен аяғында әнұранның міндетті түрде орындалуы, мемлекеттік туды ұйымдардың ғана емес, сонымен бірге азаматтардың да еркін пайдалануы. Және бүгін мен өз жарлығыммен 4 маусымды Қазақстанның мемлекеттік рәміздері күні деп белгіледім!

Мемлекеттік рәміздер күні жалпыхалықтық сүйікті мерекелердің біріне айналып, әрбір қазақстандық отбасында, әрбір үйде атап өтілетініне сенімдімін. Бұл күні жыл сайын бүкіл елімізде біздің жастардың патриоттық акциялары мен шаралары өткізілетін болады. Өйткені біздің бәріміз үшін ең маңыздысы – «Менің Қазақстанымды» Астанада, Алматыда және біздің ұлан-байтақ Отанымыздың барлық жерлерінде бірлесе шырқайтын түрі басқа, тілі басқа жас қазақстандықтардың бақытты болашаққа деген бірдей сенімділігі.

Сендер біздің тәуелсіздіктің құрдастары болып табыласыңдар. Сендер – Жаңа Қазақстан азаматтарының ұрпақтарысыңдар. Республиканың болашағы сендердің азаматтық ұстанымдарыңа, жасампаз әлеуеттеріңнің деңгейіне байланысты. ХХІ ғасырдың Қазақстаны күшті де өркенді

болуы үшін сендердің күш-қуаттарың, топтасқандықтарың, табандылықтарың мен таланттарың жететініне сенемін.

Біз сендермен бірге әрдайым армандап келдік, еңбек еттік және бәріне қол жеткіздік. Бүкіл еліміз болып біздің сүйікті әнұранымызды шырқаймыз, біздің туымыз бен елтаңбамызды мақтан етеміз.

Біз жаңа әлемде жаңа Қазақстанды бірлесіп тұрғызамыз!

## ХІ Халықаралық экономикалық форумда СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Ресей Федерациясы,  
Санкт-Петербург қаласы,  
2007 жылғы 10 маусым

**Құрметті форумға қатысушылар!  
Ханымдар мен мырзалар!**

Сіздерді Санкт-Петербургте өтетін халықаралық экономикалық форумның басталуымен құттықтаймын.

Ресей Президентіне шақырғаны үшін алғыс айтамын.

Петербург форумы экономикалық интеграцияның аса құрметті әрі салиқалы институтына айналып отыр.

Бүгінгі отырыс тақырыбының бөлекше құндылығы, менің пайымдауымша, оның жаңа экономикалық стратегияларды, әдеттегі геоэкономикалық ойлау және қабылдау кеңістігін кеңейтуді қалыптастыратын бағдар ұстауында. Бүкіл Еуразия ауқымындағы геоэкономикалық жобалаулардың үміт күттіретін нұсқаларын талқылауға шақыратындығында.

\* \* \*

Барша әлемдегі жаһандану халықаралық және өңірлік экономикалық интеграциямен, әртүрлі мемлекеттер мен өңірлердің бір-біріне тәуелділігінің артуымен, әлемдік сауда ауқымының өзгеруімен, ішкі және сыртқы рыноктар арасындағы шекаралардың жойылуымен және жаңа жаһандық рыноктардың пайда болуымен қатарласа жүретіні бұрыннан белгілі.

Алайда бүгінгі түріндегі жаһандану тіпті әлемдегі барынша ілгерілеген мемлекеттердің өзіне де тұрақты даму мен экономикалық өркендеу кепілдігін бере алмайды.

Жаһандық дамудың шешуші факторына бәрінен бұрын дамушы елдер жататыны белгілі. Солардың арқасында 2006 жылы әлемдік экономика айтарлықтай жоғары қарқынмен дамыды.

Соған қарамастан, БҰҰ болжамдары мен ХВҚ-ның талдауларына сәйкес, 2007 жылы әлемдік экономикалық даму қарқыны бәсеңдейтіні күтіліп

отыр. Әлемдік экономика үшін неғұрлым өзекті тәуекелдер, экономикалық факторлар ретінде де, геосаяси тәуекелдер ретінде де, инфляция, мұнай бағасының артуы болып қалып отыр.

Осынша сарыуайымшыл болжамдар әртүрлі әлемдік шаруашылықтар орталықтарындағы экономикалық даму теңгермелігінің, ашық саясат пен өзара экономикалық интеграция негізінде, экономикалық даму деңгейінің теңесуінің қаншалықты маңызды екендігін тағы да бір рет дәлелдеп отыр.

Осы тұрғыда «жаһанданған әлемнің қуатты тұғырларына бірлесе ілгерілеуін» жүзеге асыру қажеттігі туындайтыны күмәнсіз. Бұған бізді сондай-ақ әлемдік саяси және экономикалық интеграцияның мемлекетаралық деңгейден өңіраралық деңгейге көшу үрдістері де итермелейді.

Мұндай ұтымды әрі ойластырылған ұстанымның үлгісі Еуропалық Одақ болып табылады. Әлемдік үрдістерде сондай-ақ көп жағдайда АСЕАН аясында өз күш-жігерін шоғырландыруының арқасында, қарқынды дамып келе жатқан Оңтүстік-Шығыс Азия елдері де белгілі рөл атқарады.

Керісінше, ықпалдасуға қабілетсіздігін көрсетіп отырған мемлекеттер даму жолының жиегінде қалып қоюы мүмкін. Қазақстан өңірлік ынтымақтастықтың ұзақ мерзімдік болашағына балама жоқ деген ұстанымнан айнымайды.

Кеңес Одағы ыдыраған соң, өз қарым-қатынастарымызды өркениетті әрі жаңаша қалыптастыру мақсатымен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құрған кезде, мұндай ынта біздің бәрімізде де болғанын айтуымыз керек.

Соған қарамастан, ТМД ақыры тиімді бірлестік бола алмады. Достастық елдерінің бірі Батыстан, екіншісі Шығыстан көмек және қолдау күтті. Алайда бұл үміттері ақталмады. Одан кейін бәрі өз жолдарымен кетті. Тұс-тұсқа қашу интеграциясы біздің бірігу интеграциямыздан күшті болып шықты. Бүгінде ұтымды интеграцияның басты факторларының бірі саналып жүрген өзара сенім деген бізде, турасын айту керек, болған да емес.

ТМД ұйым ретінде көптеген жылдардан бері шынайы қол жеткен жетістіктердің болмауы және шешілмеген проблемалардың көптігі кесірінен тоқыраумен келеді.

Бұл жағынан алғанда, ТМД мемлекет басшылары кеңесі отырысының күн тәртібін қарастырған кезде прагматикалық ұстанымды ұстанудың маңызы ерекше деп білемін. Жұмысты «1 жыл – 1 тақырып» ұстанымы бойынша біздің бірлестіктің барлық қатысушыларының мүдделерін қозғайтын мәселелер бойынша жүргізу қажет.

Мысалы, көші-қон, транзитті көлік инфрақұрылымын және электроэнергетикалық жүйелер мәселелерін шешуге кезек-кезегімен



бағытталған жұмыстар біздің елдеріміздің және тұтастай алғанда өңірдің дәйекті дамуының кепілі бола алады.

\* \* \*

Достастықтың да, сондай-ақ Еуразия кеңістігіндегі басқа бірлестіктердің де осал жері, менің ойымша, өзіміз қолданатын шаралардың мемлекеттердің жоғарғы деңгейімен ғана шектелетіндігінде. Бірақ осы үрдіс үстінде біздің елдеріміздің әрқайсында бар іске асырылатын күштер іс жүзінде мүлдем қозғалыссыз қалып қойды.

Кез келген интеграция төменнен, экономиканың нақтылы секторынан нәр алуға тиіс, ал саясатшылардың ісі – осы үрдіске барынша көмектесу.

Қазіргі кезде біздің өңірдің елдері экономикалық құлдырау кезеңінен өтті, негізінен макроэкономикалық тетіктер мен қаржы тұрақтылығына қол жеткізді. Экономика мен өнеркәсіпке жан кіре бастады.

Осының бәрі біздің өңіріміздің экономикалық ұғымдағы интеграция идеясы әлі сарқыла қоймағандығын көрсетеді. Егер елдеріміз барлық мүмкіндіктерді пайдаланатын болса, онда жақын болашақта Еуразиялық кеңістік әлемдік экономикадағы маңызды өңірлердің біріне айналуы әбден мүмкін.

Алайда ол үшін бірлескен белсенді іс-қимыл қажет. Болып жатқан жағдайларды дұрыс бағалай

білу бірсыпыра түйінді қорытындылар шығаруға мүмкіндік береді.

Бірінші. Барлық бұрынғы кеңестік кеңістікті ТМД-дан гөрі тиімді бірлестікке біріктіру таяудағы тарихи болашақта бола қоюы сенімсіздеу іс. Бірақ Достастықтың өзіндегі қатысушы мемлекеттердің саяси серпіні де әрбағытты сипат алып отыр. Ұлттық заңнамалар, әсіресе экономикада, бір-бірінен едәуір алшақтай бастады. Құқықтық интеграция түбірімен күрделене түсуде.

Осыған байланысты әрқарқынды әрі көп деңгейлі ықпалдастықтың көкейкестілігі, «интеграциялық орталықтар» құрудың қажеттілігі тағы да көріне бастады. Бұл идеяны Еуразиялық Одақ жобасына 1994 жылы Мәскеуде, ММУ-да алғаш рет ұсынған мен екенін естеріңізге сала кетейін.

Өзінің дамуы жағынан басқа мемлекеттердің алдын орап кететін мемлекеттер тобының пайда болуынан қорықпау керек. Әлемдік тарих, керісінше, кез келген интеграциялық бірлесулерде өзгелерді өз соңынан ілестіре алатын көшбасшылар шығатынын көрсетіп отыр. Демек, әрқарқынды және көп деңгейлі интеграция идеясы ұлттық мүдделерді де, тұтастай алғанда Еуразия өңірінің мүддесін де барынша бірдей ескеруге мүмкіндік береді.

Екінші. Шынайы интеграцияға төнетін ең басты қауіп – араңдатулар, ал одан да жаманы күштеп біріктіруге талпыну әрекеттері.

Интеграция үрдістері объективті себептерге және біздің елдеріміздің жаңа арандатуларға қарсы бірлесіп қарсы тұра білуіне сүйенгені маңызды. Еріктілік ұстанымы сақталуға тиісті.

Үшінші. Айқын стратегия мен қолжетімді шынайы мақсат болмағы шарт. Интеграция қарабастың мақсаты болмауы керек. Біз интеграция үшін интеграцияланбауымыз керек.

Мен үшін алға қойған айқын мақсат – тауарлардың, қызметтердің, капиталдың және жұмыс күшінің ортақ рыногын құру, яғни бірыңғай экономикалық кеңістік деп жүргендеріміздің бәрін іске асыру.

Жеке мемлекеттердің ортақ рынокқа әзірлігі қандай дәрежеде? Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігіне және өмір сүру деңгейіне оның әсері қандай, әрі мемлекет қауіпсіздігімен астаса ала ма? Міне осы сұрақтарға жауап іздеуіміз керек.

Төртінші. Мемлекет сыртқы саясатының басым бағыты ретіндегі интеграциялық үрдістерді тану. Біздің елдеріміз басшыларының саяси күш-жігерлері қажет және ол экономикалық, мәдени және саяси құрылымдар жүйелерін түзу жөніндегі іс-шараларда көрініс табуға тиіс.

\* \* \*

Біздің осы негізгі төрт шешімнің негізінде ТМД кеңістігіндегі келешекті интеграциялық бірлестік болып табылатын Еуразия экономика-

лық қауымдастығын құрғанамыздың өзі айтуға тұрарлық нәрсе.

ЕурАзЭҚ елдерінің арасындағы сауда қарқыны жыл сайын 30 %-ды құрайды. 2006 жылы ІЖӨ-нің өсімі – 7 % болып, негізгі капиталдағы инвестиция орташа есеппен 13 %-ға артты. Бұған қоса Қауымдастық елдері арасындағы инвестиция 2006 жылы 30 %-ға артты. Тек Қазақстанның өзі шет елдерге 20 млрд доллар инвестициялады. Оның ішінде Ресейге 8 млрд доллар инвестиция құйылды.

Енді күн тәртібінде мемлекетаралық ірі жобалар тұр. Мәселен, Орталық Азия өңірінде су-электр стансаларын салу, мұнай-газ тасымалдау жүйесін құру мүмкіндігі қарастырылуда және Орталық Азия өңірінде су-энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалану тұғырнамасының жобасын іске асыру жұмысы жүріп жатыр. Сол арқылы ортақ күш-жігермен Орталық Азия үшін аса маңызды мәселелер шешілуде. ЕурАзЭҚ-ке мүше мемлекеттердің транзиттік-көлік әлеуетін дамытудың болашағы үлкен. Өзінің географиялық орналасуының арқасында біздің елдеріміз Еуропа мен Азияны жалғастыратын маңызды «көпір» бола алады.

Өткен айда Алматыда өткен ЭСКАТО-ның соңғы сессиясында «Азия жолбарыстары» Қазақстанның, Ресейдің және ЕурАзЭҚ өзге де мемлекеттерінің көлік жолдарын еуропалық рыноктарға шығу үшін пайдалануға қызығушылық танытты.

Бұл әлеуетті іске асыру мүмкіндігі біздің өңірді «АСЕАН – ЕурАзӘҚ – ЕО» пішімінде өңіраралық қатынастардың жаңа деңгейіне шығара алады.

Атап айтқанда, «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» көлік дәлізін, Шығыстан Батысқа қарай қатынайтын басқа да көлік дәліздерін салу жөніндегі Қазақстанның бастаған жұмысын жалғастыру қажет.

Орталық Азия елдерінің өз тауарларын әлемдік мұхит аумағына кедергісіз әрі еркін жеткізе алатын мүмкіндігі болмай отырғандығынан да транзит әлеуетін пайдалану аса маңызды. Және теңіздерге шығу мүмкіндігін пайдалануды Ресей қамтамасыз ете алады. Бұл жағдайда баламалы экспорт жолдарын іздестірудің қажеті болмас еді. Тағы да қайталап айтамын: Орталық Азия елдері үшін көлік дәліздерін таңдауда басты рөлді экономикалық ұстаным атқарады, бұл жерде ешқандай саясат жоқ.

Иә, өңір энергия ресурстарына бай. Және бізге оны әлемдік рыноктарға кез келген тиімді жолдармен жеткізу қажет. Болашақта Каспийден Қара теңізге дейін «Еуразия» каналын салу кеме қатынасын қамтамасыз ете алатын айтулы жоба болар еді. Сарапшылардың деректері бойынша бұл каналдың ұзындығы Еділ-Дон каналының ұзындығынан мың километрдей қысқа және бүкіл Орталық Азияның Ресей арқылы теңізге шығуына қуатты дәліз бола алады. Айтпақшы, бұл мәселе ХІХ ғасырдан бастап зерттеліп келеді, ал 1936 жылы Халық комиссарлары кеңесінің

тапсыруы бойынша оны салудың жобасы жасалған болатын. Әбден зерттеп алғаннан кейін Сібір өзендері арналарының бір бөлігін Қазақстан мен Орта Азияға бұру жобасын қайта қолға алу қажет. Мұндай стратегиялық жобалар біздің елдерімізді біржолға жақындастыра түседі. Бүгінгі күні біздің мұндай алып жобаны іске асыратындай күш-қуатымыз жеткілікті.

Бірақ ЕурАзЭҚ-тің ең басты жетістігі – Беларусь, Қазақстан және Ресей арасындағы Кеден одағын құру туралы келісімге қол жеткендік. Қауымдастықтың қалған мүшелері бұл жұмысқа толық ауқымды бірігуге өздерінің дайындықтарына қарай қосыла бермек.

Сәйкесінше болашақта интеграцияның неғұрлым дамыған кезеңіне – бірыңғай экономикалық кеңістікке аяқ басу үшін алғышарттар белгіленуде.

Нақ осы үш мемлекеттің Кедендік одағы алдағы уақытта өзара сенім мен өзара тиімді ұстанымдар негізінде құрылатын жаһандық ауқымдағы ұйым – ЕурАзЭҚ-тың құрылуына «өзек» болмақ.

\* \* \*

Осы бойда сіздердің назарларыңызды Еуразиялық экономикалық одақты іс жүзінде қалыптастыруға қауқары жететін күштерге аударуға рұқсат етіңіздер. Оларды іске қосатын мезгіл жетті деп санаймын.

Біріншіден, біздің елдеріміздің қаржы айналасы: ірі банктер, инвестициялық қорлар және

даму институттары. Солармен бірге қаржы секторының әрқилы проблемаларын ғана емес, сондай-ақ ірі әлеуметтік-экономикалық міндеттерді де, соның ішінде жоғарыда айтылған түйткілдерді де шешуге болады.

Ал сол қаржы күштерін ЕурАзЭҚ-тың да, ТМД-ның да барлық елдерінен тарту үшін мен Еуразия өңірінің кіндігі – Астанадан – Еуразиялық банкирлер клубын ашуды ұсынамын.

Қазақстан мен Ресейдің бірлескен күш-жігерімен қазірдің өзінде Еуразия даму банкі құрылды, оның міндеті бірлескен бастамалар мен өзара тиімді жобаларды қолдау болып табылады. Осының бәрі Еуразия өңірінің үлкен инвестициялық әлеуетін көрсетеді, оны ірі ауқымды инвестициялық және серіппелі жобаларды жүзеге асыра отырып, нақтылы арнада пайдалануға болады.

Екіншіден, нақты сектордың іскерлік шеңбері – өнеркәсіпшілер мен кәсіпкерлер – кез келген ұлттық экономиканың негізін қалыптастыра алады. Және экономиканың күші қор рыногындағы алыпсатарлық белсенділікпен ғана емес, еңбек өнімділігінің өсуімен, ғылыми дамыған өндірістік технологиялармен, халықтың инновациялық белсенділігімен анықталады.

Еуропада өнеркәсіпшілер мен кәсіпкерлердің қуатты ұйымдары үшін тұғырнаманың – Еуропалық іскерлік конгрестің ашылуы тегін емес.

Егер біз өзіміздің бизнес-қауымдастарымызға осындай сенім көрсететін болсақ және оларды барынша қолдайтын болсақ, елдеріміздің әрқайсысының және тұтастай алғанда өңірлік бірлестігіміздің бизнесін де, экономикасын да дамытуға қажетті қуатты серпін беретіндігіне сенімдімін.

Мен іскер топтарды өзара іс-қимылды күшейтуге шақырамын. Еуразия кеңістігінде бизнесті шоғырландыру үшін Астанада өнеркәсіпшілер мен кәсіпкерлердің кездесуін өткізуді және онда Еуразиялық іскерлік конгресін – Еуразияның интеграциялық әлеуетін іс жүзіне асыру жөніндегі неғұрлым ықпалды күштерді құруды және талқылауды ұсынамын.

Үшіншіден, бізде орасан көп адам ресурстары, ал ең бастысы – «ақыл-ой» ресурстары бар, олардың бірлескен күш-қуаты серпінді дамуға, экономиканың жоғары технологиялық саласын сапалық жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

Ғылым айналасындағылар, атап айтқанда, ХХІ ғасырдың өте сапалы технологияларын лабораторияларда отырып жасайтын ғалым технократтар біздің елдеріміздің, әсіресе Ресейдің ғылыми-зерттеу институттарында әлі де баршылық.

Біздің экономикамыздағы еңбек өнімділігін еселеп арттыратын шынайы ресурстар – солар ғана. Оларды қанатымыздың астына алып, ғылымдағы өз әлеуетін көрсетулеріне жағдай



жасауымыз керек. Сол үшін біз Астанада Еуразиялық ғалымдар клубы мен Еуразиялық жаңа технологиялар банкін ашуға дайынбыз.

Төртіншіден, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты да ұмытуға болмайды. Өздеріңізге белгілі, бірыңғай құндылықтарды тек қана саясаткерлер мен масс-медиа қалыптастырмайды, оған шығармашыл және мәдени зиялылар да үлес қосады.

Мәселен, осы жылғы күзде Астанада шығармашыл зиялылардың форумын өткізген маңызды сияқты көрінеді.

Бесіншіден, жоғары діни және рухани құндылықтарды нығайта түсудің маңызы ерекше. Өткен жылы Астанада әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің II съезі болып өтті, ол адамдардың бейбіт әрі бақуатты өмір сүруі үшін әртүрлі діни ұстанымдар арасындағы үнқатысу идеясын жүзеге асырудың қажеттігі мен маңыздылығын тағы да бір рет көрсетіп берді.

Біз діндер арасындағы алауыздықты еңсеруге және планета халықтарының қатар өмір сүру болашағы үшін жауапкершілікті ұғынуға бағытталған жұмысты бұдан былай да жалғастыра бермекпіз. Сол үшін Астанада Бейбітшілік және келісім сарайы орнатылды.

Осы санамалап шыққан бес мәселенің бір қолдың бес саусағындай шешетін міндеті біреу-ақ. Біздің елдеріміздің үкіметтерінің қолдауымен Қазақстан бұл жұмысты қолға алуға әзір.

ТМД елдерінің қатысуымен өтіп отырған жаһандық және өңірлік интеграциялау үрдістері біздің мүдделеріміз бен үнқатысуларымызды үшінші елдермен дамыту үшін, үйлестіру институтын құру мүмкіндігін қарастыратын деңгейге жетті ғой деп ойлаймын. Және бәрінен бұрын – Еуроодақпен.

Бұл жаңа ұстанымды жүзеге асырауды ұйымдастыруға ЕО – ТМД форумы негіз бола алар еді. Мұндай форумды құрудағы мақсат – көпжақты үнқатысу мен ТМД және ЕО кеңістігіндегі интеграциялық үрдістерді ұтымды үйлестірудің тетігімен қамтамасыз ету.

### **Құрметті әріптестер!**

Мен интеграциялануда реалистік ұстанымды жақтайтын адаммын. Бірақ реализм пессимизм емес қой. Алдағы жылдарға көз жіберу үшін саяси күш-жігер және стратегиялық көзқарас қажет.

Еуропада интеграция оп-оңай орнай қалмағанын жұрттың бәрі біледі. 1950 жылғы мамырда Француз Сыртқы істер министрі Роберт Шуман франко-герман көмір және болат бірлестігін құруды ұсынған.

Ал Еуропа экономикалық одағын құру туралы Рим келісіміне қол қою үшін тағы да 7 жыл қажет болған. Бұл 1957 жылғы наурызда болған оқиға. Ал Еуропалық Одақты құру туралы Маастрихт

шартына 35 жыл өткен соң – 1992 жылғы 7 ақпанда қол қойылған.

Бұл ұмытылмайтын даталар және оларды жұрттың бәрі жақсы біледі. Бірақ тағы да бір дата бар. 1951 жылғы 4 сәуірде Еуропалық қауымдастыққа дем беруші Жан Моне Конрад Аденауэрмен кездесе отырып, қауымдастықтағы теңдік ұстанымының қажеттігіне оның көзін жеткізе білген. Еуропадағы жартығасырлық интеграциялық үрдіс табысын қамтамасыз еткен бетбұрыс нақ осы датамен байланысты.

Біреулердің қателесулерінен ғана үйренбеу керек, сонымен бірге олардың жетістіктерінен де үйрену керек. Теңдікке, еріктілікке және прагматикалық мүддеге негізделген интеграцияшылық – Еуразияның лайықты болашағы. Ол сонда ғана әлемдік экономика мен ХХІ ғасыр саясатының жаһандық факторы бола алады.

### **Құрметті форумға қатысушылар!**

Петербург форумы өз сөзін саясаткерлерге де, бизнеске де, ғылыми қауымдастыққа да тыңдата алатын үнқатысу алаңы бола білді.

Форумның жұмысы Еуразия өңірін экономикалық және әлеуметтік дамыту жөніндегі бірлескен іс-қимылымыздың маңызды факторы боп қалатынына сенімдімін.

Форумның барлық қатысушыларына толағай табыс пен жемісті жұмыс тілеймін!

«Нұр Отан» Халықтық-демократиялық  
партиясының кезектен тыс XI съезінде

## СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,  
2007 жылғы 4 шілде

### **Құрметті делегаттар мен съезге қатысушылар!**

Тәуелсіздік жылдары біз жоспарлы да дәйекті экономикалық және саяси реформаларды қамтамасыз етудің аса маңызды міндеттерін шешіп отырдық. Бұл ретте елімізде тұрақтылықты және саяси ахуалдың болжамдылығын сақтау қажет болды.

Соған орай біз көп нәрсені істей алдық. 15 жылда Қазақстан басқа елдерге көптеген

онжылдықтар қажет болатын орасан қиын жолдан өтті.

Осы жылдары біздің еліміз экономика өсуінің өте жоғары қарқынын танытып, бұл көрсеткіш бойынша Қытай, Ресей және Үндістан секілді мемлекеттермен бірдей қарыштады. 2007 жылы жан басына шаққандағы ішкі жалпы өнім 2004 жылмен салыстырғанда 2 еседен астамға ұлғайып, 7 мың долларға дерлік жетеді және 90-шы жылдардың ортасындағыдан 10 есе көп болады. Бұл көрсеткіш бойынша біз Шығыс Еуропа мемлекеттерінің деңгейіне жақындадық.

Осының бәрі елде жүргізілген табанды реформалардың арқасында мүмкін болды. Аса күрделі экономикалық және саяси реформаларды мен «Нұр Отан» құрылған алғашқы күннен бастап осы партияға және оның тамаша мүшелеріне арқа сүйей отырып жүргіздім.

«Нұр Отан» партиясы өзінің барлық уәделерін толығымен орындайтынын іс жүзінде дәлелдеп берді.

Бұл ретте 2004 жылы жария етілген партияның сайлауалды бағдарламалық көптеген ұстанымдары қазірдің өзінде жүзеге асырылды. Басқалары іске асырылуда.

Бұдан 3 жыл бұрын сайлауға қосылған «Нұр Отан» партиясы қазақстандық өмір сапасының ұлттық стандарттарын қалыптастыруды өзінің стратегиялық міндеті деп жариялады. ІЖӨ-ні

еселеу арқылы мемлекеттің әлеуметтік шығындарын іс жүзінде еселеуге және өмір сапасының еселенуіне қол жеткізуге уәде берілген болатын.

Қазіргі таңда мұндай стандарттың негіздері жасалып та қалды, ал біздің экономиканың табыстары халықтың әл-ауқатын дәйекті түрде және үнемі арттыруға жағдай жасауда. Зейнетақы, жалақы және жәрдемақы жүйелі артып келеді. Азаматтардың табыстары жылдан жылға өсе түсіп, өмір сапасын тұрақты жақсартуға және болашаққа арналған батыл жоспарлар құруға мүмкіндік туғызды.

2004 жылы партия 2009 жылға қарай денсаулық сақтауды, білім беру мен ғылымды қаржыландыруға кететін бюджеттік шығындарды 2 есе ұлғайту қажеттігін айтқан болатын. Алайда 2007 жылдың өзінде білім беру мен денсаулық сақтауға арналған мемлекеттік шығындар 2,3 есеге, ал ғылымды қаржыландыру 2,2 есеге өсті.

Біздің партия экономиканы әртараптандыруды және оның шикізаттық бағыттан арылуын жақтады. Бұл бағдарламалық ұстаным ойдағыдай іске асырылуда. Қазіргі сәтте экономикамыздағы қызмет өндірісінің үлесі 52 %-ға өсті.

Нұротандықтар мемлекеттің тұрғын үй құрылысындағы белсенді рөлін жақтаған болатын. Партия тұрғын үй құрылысында жаңа саясатты іске асыру жөніндегі менің бастамама қолдау

білдірді. 2006 жылы 1998 жылға қарағанда 4,5 есе көп баспана іске қосылды.

Партия 2015 жылға дейін елді индустриялық-инновациялық дамыту стратегиясын іске асыруға барынша жәрдемдесуге уәде берген болатын. Соңғы 3 жылда ғана 615 кәсіпорын іске қосылды. Үкімет алғаш рет отандық ірі бизнестің белсене қатысуы жағдайында экономиканы әртараптандыру – 30 корпоративтік көшбасшы бағдарламасын іске асыруға кірісті. Кеше, өздеріңіз көргендеріңіздей, бұл бағдарлама еліміздің барлық өңірлерінде басталып кетті. Жүзден астам жоба іске асырылатыны мәлім етілді. Қазақстан өңдеу өнеркәсібінің болашағы зор елге айналуда.

Біздің партия елдің банк-қаржы саласын серпінді дамытуға қол жеткізу жөніндегі өз ниеті туралы мәлімдеген еді. Қазір бұл саланың тиімді болғаны соншалық, ТМД-ның барлық елдері үшін үлгіге айналды.

Ұлттық қордың активтерін қоса алғандағы мемлекеттің алтын-валюта резервінің көлемі биылғы жылы 40 млрд доллардан асып түседі. Тәуелсіздіктің елең-алаңында мемлекеттің қазынасы іс жүзінде бос тұрғанын еске түсірейікші.

Өзінің бағдарламалық құжаттарында партия ұлттық экономиканы дамытудың аса маңызды факторы ретінде аграрлық секторға басымдықпен назар аударуға міндеттенген болатын. Ауыл шаруашылығына қуатты қолдау жасаудың 3 жылдық бағдарламасы жүзеге асырылды. Бұл міндет

жоспарлы түрде орындалып, ауылда жеке меншік иелерінің ауқымды санаты қалыптаса бастады.

«Нұр Отан» партиясы шағын және орта бизнеске жан-жақты қолдау жасау қажеттігін мәлімдеген еді. Бүгінде шағын және орта бизнестің өндірілген өнімдері мен қызметтерінің көлемі ІЖӨ құрылымында 30 %-дан астамды құрайды.

Елде орта тапты – тұрақты табыс деңгейі бар, білім беруді инвестициялап, тұрғын үй жағдайын жақсартатын, банктердегі салымдарын ұлғайтып, ертеңгі күнге сеніммен қарайтын қазақстандықтарды қалыптастыру үдерісі күш алып келеді.

Қол жеткізілген экономикалық базаны негізге ала отырып, 2004 жылы «Нұр Отан» партиясы 2009 жылға дейінгі өзінің сайлауалды күн тәртібінде қоғамды одан әрі демократияландыру жөніндегі бірқатар басым бағыттарды айқындады.

Бүгінде еліміз 2009 жылды күтпестен, демократия жағына қарай тағдыршешті қадам жасады. Конституцияға жуырда қабылданған түзетулер біздің саяси жүйемізді дамытуға және оның сапалық жақсаруына қуатты серпін берді.

Біз Парламент пен мәслихаттардың өкілеттіктерін әлдеқайда күшейтуге, партиялардың рөлін нығайтуға, азаматтық қоғам институттарын дамытуға қол жеткіздік. Іс жүзінде партия 3 жыл бұрын саяси жүйені демократияландыру саласында мәлімдеген барлық міндеттер бүгінгі күннің өзінде орындалды.



Бұл ретте біз қоғамдағы бейбітшілік пен келісімді сақтап қана қойған жоқпыз, сонымен бірге үйлесімді әлеуметтік, этносаралық және дінаралық қатынастарда өз моделімізді қалыптастырдық. Мұнда да «Нұр Отан» партиясы үлкен рөл атқарды.

Біздің барлық табыстарымызды ескере келгенде, қазіргі таңда қазақстандықтардың өз өмірін қанағат тұту деңгейі айтарлықтай жоғары екені заңдылық және социологтардың бағалауы бойынша ол 73 %-ды құрайды. Бұл – Еуропалық Одақ деңгейіне жақын көрсеткіш.

Мұның өзі біздің стратегиялық таңдауымыздың дұрыстығын тағы да қуаттап берді.

Бүгінде заманауи жаһандық дүние құрылысының заңдары бойынша Қазақстанды дамытудың қажетті барлық өлшемдері беріліп отыр.

Сондықтан да қазір

тәуелсіздік жылдары біз сіздермен бірге даусыз табыстарға, кері қайтпайтын экономикалық үрдістер мен демократиялық жетістіктерге ие болған жаңа Қазақстанды құрған кезімізде,

елімізде нақты көппартиялық жүйе қалыптастырылған кезде,

көптеген партиялардың бағдарламалық құжаттары қазақстандықтардың дауысы үшін идеялар күресінде шынайы бәсекелесетін кезде,

партиялық саясат біздің қоғам өмірінің ажырағысыз бөлігіне айналған кезде,

мен Конституцияға толық сәйкестік жағдайында біздің партияның Төрағасы болуға құқылымын. Бұл ендігі жерде Қазақстанда да қолданылатын халықаралық практика.

### **Құрметті делегаттар!**

«Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясының бүгінгі кезектен тыс съезі қағидаттық тұрғыда жаңа саяси жағдайда өтіп отыр. Бұл елдегі жалпы саяси ахуалға да, «Нұр Отан» партиясының өзі бастан кешіп отырған маңызды өзгерістерге де қатысты.

Біздің партия бізбен одақтас үш саяси партиямен интеграциялану есебінен өз қатарын нығайтып, бүгінде жалпыұлттық күш болып отыр. Шын мәніндегі халықтық партия болып табылатын ол өзінің саяси салмағы мен қызметінің ауқымы арқасында Қазақстандағы саяси жүйенің дербес тірегіне, саяси үдерістердің тұрақтандырушы факторына айналды.

Бұл фактордың мәні бүгінде бастан кешіп отырған түбегейлі саяси өзгерістер тұрғысынан қауырт өсе түседі.

Өткен жылдары біз саяси салада күшті президенттік республика моделін іске асырдық. Оның аясында, бәрінен бұрын, билік іске барынша қабілетті реформаторлық күш болып танылды. Мұны біз бен сіздер бастан кешкен сол уақыт талап етті. Сондықтан да нақ саналы әрекет пен билік

күші арқылы барлық заңнамалық негіздер және демократиялық мемлекетті дамыту институттары құрылған болатын.

Енді конституциялық өзгерістер қазақстандық демократияның тарихында жаңа беттер ашып берді. Соған орай айқын тұжырым мынада болып отыр: біз қазірдің өзінде жаңа саяси нақтылық жағдайында өмір сүріп, әрекет етудеміз.

Пропорциялық өкілдік жүйесінің енгізілуімен барлық партиялар өз өкілдерін Мәжіліске сайлаудың кең мүмкіндіктеріне ие болды. Партиялар іс жүзінде мемлекеттік тетікке етене кірігуде.

Енді Парламент ел саяси өмірінің алдыңғы шебіне шығады, ал үкіметтік бағыт көп ретте ондағы партиялық-саяси күштердің орналасуына байланысты болады.

Біз толық негізбен басты өлшемдерінде баршаға ортақ бүкіл демократиялық нормаларға сәйкес келетін саяси жүйені құрдық деп мәлімдей аламыз.

Біздің мемлекет іс жүзінде саяси транзиттің күрделі кезеңінен өтті. Бұл үшін соңғы қадамды жасау – Парламент пен мәслихаттар сайлауын өткізу қалды, осының нәтижесінде биліктің өкілетті органдарының жаңа рөліне және партиялық тетіктерге негізделген саяси жүйенің жаңа бейнесі нығаяды.

Парламент Мәжілісіне мерзімінен бұрын сайлау өткізу жаңарған Конституцияның нормаларына сәйкес өтеді.

Өздеріңіз білесіздер, өзімнің конституциялық құзырымды пайдаланып, Конституциялық кеңестің шешіміне арқа сүйей отырып, мен Парламенттің бұрынғы Мәжілісінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы депутаттардың үндеуін қанағаттандырдым.

Мерзімінен бұрын сайлау өткізу Мәжіліске жаңа өкілеттіктер алуға, сол арқылы конституциялық өзгерістердің бүкіл әлеуетін іске асыруға, демек – елді демократиялық жаңарту үдерісін жеделдетуге мүмкіндік береді.

### **Құрметті съезд делегаттары!**

Енді біздің партиямызға Парламенттің өкілеттігі әлдеқайда кеңейген, саяси партиялардың салмағы арта түскен жағдайда жұмыс істеу қажет. Мұның өзі алдағы парламент сайлауының ерекше маңыздылығын көрсетеді.

Конституциядағы және сайлау науқанындағы жаңалықтарға орай «Нұр Отан» партиясының алдына бірқатар аса маңызды міндеттер қойылады.

Бірінші. Мен «Нұр Отан» партиясы алдағы парламент сайлауын өзге партиялармен ашық, адал және бәсекелес күресте жеңіп шығады, сөйтіп халқымыздың басым бөлігінің қолдауына ие болады деп сенемін.

Сайлау науқанындағы бәсекенің жаңа деңгейін ескергенде, алдағы сайлау біздің партиямыз үшін

елеулі сынақ болмақ. Осы сынақтың барысында біздің партиялық бірлестігіміз бен партиялық бірлігіміздің мығымдығы сынға түседі деп санаймын. Біз өзіміздің елді өркендеуге, халықты игілікке бастайтын басты күш екенімізді көрсетеміз.

Мен мемлекет басшысы және Конституцияны сақтаудың кепілі ретінде сайлаудың еркін және әділ болуы, Парламентке шын мәнінде халықтың нақты қолдауына ие партиялар өтуі үшін қажеттінің бәрін де жасаймын.

Қазақстандықтар өз дауысын қарапайым адамдардың мүддесін іс жүзінде қорғайтын партияға ғана, сөзі мен ісінің арасында алшақтық болмайтын партияға ғана беретінін білемін.

Сол партия – «Нұр Отан»!

«Нұр Отан» қашанда нақты істер партиясы болып келеді. Бізде мемлекеттік ауқымдағы ірі бастамаларды жүзеге асырудың тәжірибесі бар.

«Нұр Отанның» кең сипаттағы әлеуметтік негізге арқа сүйейтін шын мәніндегі бұқаралық, жалпыхалықтық партия екенін дәлелдеуге біздің барлық мүмкіндігіміз бар.

Екінші. «Нұр Отан» партиясының сайлау стратегиясы қазіргі парламенттік сайлау біздің қоғамымыздың тұрақтылығы мен одан әрі ұйысуына септесетіндей етіп құрылуға тиіс.

Алдағы сайлау Қазақстандағы саяси үдерістер тек құқықтық шеңберде дамып келе жатқанын көрсетіп беруі керек.

Сондықтан да мен бүгін барлық саяси партияларды кейбір партия лидерлерінің жеке шамшылдығын ысырып тастауға, саяси мәдениетті танытуға, кемелдік көрсетуге, тек халқымыздың мүддесін ғана ұстануға шақырамын. Түптеп келгенде, барлық партиялар еліміз жаңа ғасырда жаңа деңгейге шығуы үшін күш-жігерін біріктіруі керек. Барлық қазақстандықтардың қалауы да осы.

«Нұр Отан» партиясы және басқа да партиялар бүкіл әлемдік қауымдастыққа әлеуметтік шиеленіссіз және саяси дағдарыссыз бәсекелі сайлау өткізу Қазақстан үшін қалыпты жағдай екендігін іс жүзінде көрсетуі керек!

Үшінші. Билік бізге билік жүргізу үшін керек емес. Билік бізге ең алдымен елдегі жағдайды жақсарту үшін керек.

Егер біздің партия елдің ең жоғары өкілетті органында парламенттік көпшілікке ие болып, жаңа Үкіметті құра алса, онда өз сайлаушыларының алдында сол Үкіметтің мұнан кейінгі жұмысы үшін бүкіл жауапкершілікті өз мойнына алады.

Биылғы Жолдауымда мен Қазақстанның ішкі және сыртқы саясатының 30 нақты міндетін белгіледім. Олар сіздерге жақсы белгілі, қайталап айтып жату қажетсіз.

Біз өзіміздің сайлау алдындағы тұғырнамамызда әлеуметтік-экономикалық және саяси дамудың осы бағыттарына арқа сүйеуге тиіспіз. Мұның өзі біздің саясатымыздың сабақтастығын қамтамасыз етеді.

Қазақстанның стратегиялық мақсаттарына елдің бәсекеге қабілеттілігінің жаңа деңгейін жасағанда ғана қол жеткізуге болатынын мен дәйім айтып келемін. Қазір Үкімет бәсекеге қабілеттіліктің тұтас және реалистік стратегиясын жүзеге асыруға кірісті. Бұл жайында біз осы жылдың күзінде мәлім етеміз, сөйтіп бағдарлама іс жүзінде жұмыс істеп, өз жемісін бере бастайды.

Экономиканы әртараптандыруға, инновацияны, жаңа технологиялар мен арқаулық инфрақұрылымды дамытуға бағыт ұстау партияның экономикалық саясатында маңызды басымдық болуға тиіс.

Парламенттік көпшілік партиясының басқа бір аса маңызды міндеті бүгінде мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру болып табылады.

Біз қазіргі таңда әлі де ескі дағдылы және жаңғырулардың «серпіндік» сипатына нашар септесін болып отырған атқарушы биліктің бүкіл көлбеуін жаңаша жұмыс істеуге мәжбүр етуге тиіспіз.

Біз үшін әкімшілік реформа осынша маңызды болатыны сондықтан, бұл реформада негізгі назар мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын арттыруға, атқарушы биліктің жұмысындағы тиімділікті, тұрақтылық пен мөлдірлікті қамтамасыз етуге аударылады. Мемлекет саясатпен, заңдылықты реттеумен, заңдарды жетілдірумен айналысуға тиіс. Экономикада, бизнесте мемлекеттік араласудың үлес салмағы көп болмауы керек. Біз бизнестің еркін жұмыс істеуіне тыныс

беруге тиіспіз. Жүргізіліп жатқан реформаның мәні осында.

Қазақстандық реформаларды дамытудың жаңа кезеңі үшін өте маңызды осы істі мен өзімнің тікелей бақылауыма алдым.

Құрметті партияластар, сіздерді осы заманғы, серпінді, инновациялық және бәсекеге қабілетті экономика құруға бағытталған менің осы саясатымды белсенді жүзеге асырушылар болуға шақырамын!

Біз бұл жұмысты бүкіл Қазақстан халқымен бірге атқаруға тиіспіз. Біз өміріміздің осынау аса күрделі, бетбұрысты кезеңінде жүзеге асырып жатқан инновациялық экономика, жаңа реформалар еліміздің одан әрі дамуы және әлемнің бәсекеге қабілетті, дамыған елдері қатарына қосылуы үшін қажет.

Төртінші. Сайлауда «Нұр Отан» партиясының жеңіске жетуінен бүкіл ел, әрбір қазақстандық пайда тауып, ұтысқа шығатынын дәлелдеу керек.

Адамдар «Нұр Отан» партиясы Қазақстанның әлеуметтік игілігінің ұзақ мерзімді жобасын жүзеге асырып жатқанын білуге тиіс. «Қазақстан – 2030» даму стратегиясын жүзеге асыру іс жүзінде біздің партиямыздың стратегиясы да болып табылады. Бұл мақсат біздің партиямыздың сайлауалды тұғынамасында өз көрінісін тапқаны өте жақсы. Сайлауға дайындала жүріп, біз өз сайлаушыларымыз үшін білім беру,



қолжетімді тұрғын үй, денсаулық сақтау, экология, таза ауыз сумен, тұтастай телефондандырумен, барлық ауылдық елді мекендерді газдандырумен қамтамасыз ету жөніндегі нанымды әлеуметтік бағдарламаларды көрсетуге тиіспіз.

Әрбір азамат үшін берік әлеуметтік кепілдіктері бар өркендеген мемлекет құру мақсатын көздейтін партиялық тұғырнамада біз алдағы 5 жылдың ішінде елдегі тұрмыс жағдайын жақсарту жөнінде нақты қадамдар белгіледік. Біз өзіміздің әрбір азамат үшін берік әлеуметтік кепілдіктері бар экономикалық жағынан өркендеген мемлекет құруға алған бағытымыздан айнамай-тымызды мәлімдейміз. Атап айтқанда, мынандай межелер қойылып отыр:

- жан басына шаққанда ішкі жалпы өнімді 13 мың долларға дейін арттыру;

- осының негізінде халықтың ай сайынғы орташа табысын кемінде 2 есе көбейту;

- зейнетақының орташа мөлшерін 2,5 есе өсіру, сонда бұл шамамен 26 мың теңге болады, мемлекеттік арқаулық зейнетақының мөлшерін ең төмен күнкөріс деңгейінің 50 %-дық көлеміне жеткізу;

- мұғалімдердің, дәрігерлердің, бюджеттік саланың басқа да қызметкерлерінің лауазымдық жалақысын кемінде 2 есе арттыру;

- балалардың бір жасқа дейінгі күтіміне жұмсалатын жәрдемақы мөлшерін кемінде 2,5 есе көтеру;

– кем дегенде 200 балабақша, 250 мектеп пен 50 кәсіби-техникалық оқу орындарын салу;

– 150 көп бейіндік аурухана мен емхана, ауылдық жерде кемінде 300 тұрпаттық дәрігерлік амбулаториялар тұрғызу;

– 5 жылдың ішінде кемінде 50 млн шаршы метр тұрғын үй салу, мұның өзі біздің 2,5 млн-нан астам азаматтарымызды жаңа баспанамен қамтамасыз етеді;

– жыл сайын шамамен 100 мың жұмыс орнын құру;

– халықаралық үлгі-қалыптарға сай мүгедектердің, соның ішінде мүгедек балалардың да денсаулығын қалпына келтіретін өңірлік орталықтар ашу;

– еліміздің ауылдары мен селоларын таза ауыз сумен, байланыспен, жақсы жолмен және медициналық қызмет көрсетумен қамтамасыз ету.

Экономиканың өскенін әрбір қазақстандық сезінуге тиіс!

Сіздер мен біздер жасаймыз осыны!

Өздеріңіздің көргендеріңіздей, мен кеше еліміздің 30 корпоративтік көшбасшылар бағдарламасының алғашқы нысандарын іске қостым. 10 өңірдің әкімдері 22 «серпінді нысандар» туралы мәлімдеді. «General Electric», «Nokian», «Nissan» сияқты әлемдік көшбасшылардың бізге келуі – өте үлкен іс. Сонымен бірге бізде трансұлттық басқа да компаниялар жұмыс істейді. «Қазақтелеком»

қазір Қазақстанның әрбір елді мекенін телефондандыру және Интернетке қол жеткізу үшін жұмыс істеп жатыр.

Осы айтылғандардың бәрі – аса маңызды әлеуметтік міндеттердің тек аздаған ғана тізбесі, оларды шешуге «Нұр Отан» партиясы алдағы парламенттік мерзімде өзінің барлық күш-жігерін бағыттауға тиіс. Осы арқылы біз балаларымыздың сенімді болашағын жасайтын боламыз.

Бұл жұмыстардың барлығын біз болашағымыз үшін атқарып жатырмыз. Білім беруді, денсаулық сақтауды дамыту, балаларымызды шетелде оқыту, білімдарлық деңгейін көтеру, тұрғын үй бағдарламасын іске асыру, Қазақстанның Индустриялық-инновациялық даму стратегиясы – осының бәрі балаларымыз бен немерелеріміз үшін жасалып жатыр. Біз өзіміздің жастарымызға және олардың бақытты болашағына жұмыс істеу үстіндеміз.

Егер қазақстандықтар бізді қолдайтын болса, біздің партия өз қызметінде партияның сайлауалды тұғырнамасын негізге алатын Үкімет жасақтайтын болады.

Біздің партиямыз әрбір қазақстандықтың әлеуметтік игілігі үшін нағыз жанкүйерлік танытады.

Таяудағы жылдары біз еліміздің әрбір азаматының өмірін нақты жақсартта аламыз.

Бесінші. Алдағы парламент сайлауында нағыз көшбасшы бола отырып, «Нұр Отан» партиясы

сайлау үдерісінің елдегі ұлтаралық келісімді бекемдеуге және қазақстандық отансүйгіштікті нығайтуға жұмыс істеуіне барынша күш-жігер жұмсауы тиіс.

Қазақстан халқы Ассамблеясы өкілдеріне депутаттық мандаттардың бір бөлігін беру туралы жаңа конституциялық норма біздің көп ұлтты қоғамымызда азаматтық бірлікті сақтауға және дамытуға ықпал ететін болады.

Бүгінде мен орасан көп хаттар мен жеделхаттар алып отырамын, оларда қазақстандықтар Ассамблеяны және оның мәртебесін нығайту жөніндегі шешімді қолдайды.

Біздің партиямыз Қазақстан халқы Ассамблеясымен белсенді түрде өзара іс-қимыл жасауға тиіс.

«Нұр Отан» сайлау барысында өзінің жалпыұлттық партия екенін дәлелдеуге тиіс, партияның ұмтылыстары, ұлтына немесе дініне қарамастан, еліміздің барлық азаматтарының мүдделерін қорғауға тұтастай және толық бағытталып отыр.

Мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін қолданудың аясы біртіндеп ұлғайтылуға тиіс, бұл орайда ел азаматтарының конституциялық құқықтарына қысым жасалмауы керек. Біздің дамуымыз үшін қажетті үштұғырлы тіл саясаты бұдан былай да іске асырыла беруге тиіс. Сондықтан партия осы саясатты жүзеге асыруда белсенді рөл атқаруы қажет.

Парламент сайлауының барысында «Нұр Отан» партиясының қызметі Қазақстанның барлық азаматтары үшін мүмкіндіктердің теңдігіне негізделген бірыңғай азаматтылықты нығайтудың факторына айналуы керек.

«Нұр Отан» партиясының мүшелері өз елінің азаматы мен патриотының өнегесі болуға тиіс!

Сондықтан «Нұр Отан» партиясынан депутаттыққа кандидаттардың бәрі адал, тәртіпті, өз саласының кәсіби мамандары, елдің патриоттары, өздерінің өңірлері немесе салаларында құрметті тұлғалар, өз елі мен халқына жұмыс істейтін адамдар болулары өте маңызды. Және де осы жоғары беделді олар өз депутаттықтарының барлық кезеңдері бойында сақтаулары керек.

Тек осындай лайықты адамдар ғана партиялық тізімге енгізілуі және Парламентте партияның атынан өкілеттік етуі тиіс!

Алтыншы. Мынаны да ескеру қажет: халықтық партия ретінде «Нұр Отан» тек Парламентте ғана емес, сонымен бірге мәслихаттарда белсенді түрде жұмыс істеуі керек. Жергілікті жерлерде, кең ауқымдағы қоғамдық ортада ұстанымын нығайтуы қажет.

«Нұр Отан» мәслихаттар сайлауында айқын жеңіске жетуге тиіс!

Жаңа саяси жүйеде мәслихаттар қызметі табиғатының өзі де өзгеріп отырғанын ұғынған жөн. Олар атқарушы билік жетегінде бола алмайды,

қайта азаматтық қоғамның сұраныстарын қамтамасыз ететін биліктің дербес органдары болады. Мәслихаттар жергілікті өзін-өзі басқарудың негізі болып табылады.

Біздің партиямыздың халықтық партияға айналуы, қазақстандықтардың жергілікті жерлерде проблемаларын шешуі үшін қажетті ресурстардың барлығы да бар. Яғни, тек үлкен істердің ғана емес, сонымен бірге шағын істерді шешу үшін, орын алған олқылықтарды мақсаткерлікпен жоя алатын партияға айналуы үшін қажетті ресурстардың барлығы да бар.

Біз адамдардың бет-жүзі мен лауазымына қарамастан, барлық деңгейлерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы өзіміз бастаған бітіспес күресті одан әрі жалғастыра береміз, тек пара алғаны үшін ғана емес, сонымен бірге оны бергені, сондай-ақ соған делдалдық жасағаны үшін де жауапкершілікті күшейтеміз. Парламентке заң жобасы әзірленіп, енгізілді, соған сәйкес сыбайлас жемқорлық қылмыстарды жасаған адамдар үшін мемлекеттік органдар мен ұйымдарда кез келген лауазымды атқаруға ғұмыр бойы тыйым салу қарастырылатын болады.

Біздің филиалдарымыз бен бөлімшелеріміз үлкен әлеуетке ие, ал мәслихаттар депутаттығына кандидаттарымыздың қоғамдық бақылаудың тиімді жүйесін құру үшін тәжірибелері жеткілікті.

Мәслихаттарда көп орын ала отырып, партия

жергілікті биліктің халық алдындағы жауапкершілігіне қол жеткізе алады.

Біздің ел мәслихаттарының сайлауы кезінде партиямыз кең көлемді қолдауға ие болатынына кәміл сенімдімін!

### **Қымбатты достар!**

Жоғарыда аталған міндеттерді ойдағыдай шешу «Нұр Отан» партиясының алдағы уақыттарда еліміздің жетекші саяси партиясы болуына мүмкіндік береді.

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, күшті және ірі партиялар ұлтты жалпыұлттық мақсаттарға жұмылдыра отырып, елдің дамуына қуатты серпін беруге қабілетті болады. Жапония, Швеция, Малайзия, Сингапур, Үндістан және басқа да елдер осының айқын мысалдары болып табылады, бұл мемлекеттердегі көшбасшы партиялар бірнеше ондаған жылдар бойында биліктің басында болды және осы елдер экономикаларының қауырт өсуін қамтамасыз етті.

Сарапшылар осы модельді Қазақстан үшін де лайықты болады деп есептейді.

Мысалы, Швецияның Социал-демократиялық жұмысшы партиясы іс жүзінде 40 жыл басым мәртебеге ие болды. Парламентке тікелей сайлауларда, елдің басқа кез келген партиясына қарағанда, ұдайы көп орындарға қол жеткізіп отырды.

Жапонияның Либерал-демократиялық партиясында үздіксіз 40 жыл билік басында болудың бірегей тәжірибесі бар. Сингапурда 1965 жылы тәуелсіздік алу сәтінен бастап Халықтық іс-қимыл партиясы басымдық танытты. Малайзияда билеуші партия – Малайзия біріккен ұлттық ұйымы 1955 жылдан бері өзгеріссіз көш басында болып келеді. Үндістан ұлттық конгресі аздаған үзілістермен Үндістанның саяси өмірінде жарты ғасырдан астам үстем күшке айналды.

Осы елдердің барлығында экономика, әлеуметтік қамсыздандыру, денсаулық сақтау, білім беру, кәсіби оқытып-үйрету, тұрғын үй құрылысы сияқты салаларда айтарлықтай табыстарға қол жеткізудің сәті түсті. Осы тәжірибені біз неге қайталамаймыз?

Прогресшіл үстем партиялардың күші мынада: олар біршама ұзақ уақыт ішінде елдің ойдағыдай дамуын, реформалар бағытының сабақтастығын қамтамасыз етуге және саяси тұрақтылықты қолдауға қабілетті. Бұлар – айқын және ұғынықты бағдарламалар негіздеріне құрылған партиялар, яғни мемлекеттіліктің, ұлттық мүдделердің, нарықтық реформалардың, азаматтар қауіпсіздігінің артықшылықтарына ие болған партиялар.

Біздің алдымызда нақ осындай міндет – «Нұр Отан» партиясының шын мәнінде халықтық партия болуы, оның билікте халқымыз қаншалықты қалап, сенім артса, соншалықты болуы міндеті тұр.



Сондықтан партияның бүкіл қызметі тек қана біздің көп ұлтты халқымыздың мүдделерін іске асыруға бағытталуға тиіс!

Партиямыздың барлық мүшелері біздің басты саяси ресурсымыз – бұл азаматтардың сенімі екенін естерінде ұстауға тиіс. Сондықтан да біздің барлық күш-жігеріміз осы сенімді ақтауға бағытталуы қажет.

Қазақстан халқына

## ҮНДЕУІ

Астана қаласы,  
2007 жылғы 16 тамыз

### **Қымбатты отандастар!**

18 тамыз күні біз Мәжілістің және мәслихаттардың жаңа құрамын сайлаймыз. Бір айға жуық уақыттан бері сайлауалды бәсеке жүріп жатыр. Барлық партияларға үгіт жүргізу үшін теңдей жағдай жасалды.

18 тамыз күнгі сайлау конституциялық реформаның нық бекуі мен Қазақстанның жаңа саяси дәуірінің басталысы болмақ.

Осы жылдардың бәрінде біз бірге болдық. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы жоқ-жітік өмір кешкен жылдар бәріміздің де есімізде.

Дамудың қуатты президенттік билік үлгісін таңдау арқылы біз жедел және қатаң экономикалық реформаға бет бұрдық, тәуелсіз мемлекет құрдық, елімізді дағдарыстан алып шықтық, жаңа елордамыз – Астананы тұрғыздық. Саяси берекесіздік пен азаматтық жаға жыртисудың дендеуіне жол бермедік. Еш қиындыққа қарамастан, біз тұрақтылықты, бейбітшілік пен келісімді сақтап қалдық.

Бүгінгі экономикалық өркендеуіміз нақ осындай сындарлы соқпақты бастан кешкен. Қазір ол қиындықтар артта қалды. Қазақстан қарқынды даму жолына түсті. Біздің еліміз экономикалық даму жағынан әлемде жеңімпаздар сапында келеді.

2030 жылға дейінгі Даму стратегиясында біздің таңдауымыз – нарықтық экономика және саяси демократия екендігі айқын айтылған. Біз «алдымен – экономика, сонан соң – саясат» қағидаты бойынша жүріп келеміз. Мұнымыз дұрыс болды.

Біз даму қарқынын уақытша тоқтатқымыз келмейді, ал мен ондай ақыл айтуды да естігенмін. Біз демократияға қарай ілгерілеу стратегиясын жүзеге асырудамыз, саяси бәсекелестік алаңын кеңейте бермекпіз.

Сондықтан, жұртшылықтың жан-жақты талқылауынан кейін, Конституцияға тарихи өзгерістер енгіздік. Ол Парламент пен саяси партиялардың рөлін күшейтті. Президенттің көптеген өкілеттіктері Парламентке өтті. Біз жергілікті өзін-өзі басқару органдары ретіндегі мәслихаттардың рөлін арттырдық.

Реформа барысында сот әділдігі жүйесіндегі азаматтардың құқығын қорғау күшейтілді. Енді судьяларды Парламент депутаттарынан, тәжірибелі судьялар мен саясаткерлерден құралған Жоғары сот кеңесі іріктейді. Жоғарғы сот құрамын Сенат тағайындайды.

Сот үкімімен қамаққа алу және алқабилер сотын енгізу қағидатты қадам болды. Сөйтіп, биліктің сот тармағының тәуелсіздігі күшейтілді. Азаматтық институттарды дамыту қоғамдық мүддені қорғаудың кепіліне айналды. Азаматтық қоғам сыбайлас жемқорлық пен бюрократияға қарсы «азаматтық қорғаныс» болып табылады.

Қазақстан халқы Ассамблеясы жаңа конституциялық мәртебе мен депутаттар сайлау құқына ие болды.

### **Қадірлі қазақстандықтар!**

18 тамыз күні біздің халқымыз демократиялық кәметтілік емтиханын тапсыратын болады. Біз саяси реформаның арқасында қол жеткізген

бостандыққа лайық екенімізді бүкіл әлемге паш етпекпіз.

Демократия мен заңдылық – бір-бірінен ажырағысыз екенін есте ұстауымыз керек. Бірінсіз бірі өмір сүре алмайды. Нағыз саяси мәдениет дегеніміз нақ осыған негізделеді.

Жаңа қазақстандық демократия мен сайлауды берекесіздік пен әлеуметтік жанжалдың үдеткіші ретінде пайдалануға жол беруге болмайды. Және біз оған жол бермек емеспіз, өйткені бұл, соңғы кездегі жеңістеріміздің бәріне қатер төндіріп, саяси дамуымызды кейін шегеріп тастауға алып келген болар еді.

Сондықтан мен алдағы сайлаудың өркениетті саяси таңдау деңгейінде, тыныш жағдайда өтетіндігіне сенімдімін. Еліміздің өркендеуі мен дамуы үшін біз басты ұлттық негізгі басымдықтардың төңірегіне қоғамды топтастыруымыз керек. Ол басымдықтарымыз – бейбітшілік, тұрақтылық, келісім!

Әр қазақстандық осы үшін өзінің жауапкершілігін сезіне білуі тиіс.

### **Құрметті қазақстандықтар!**

Баршаңызды 18 тамыз күні сайлау бөлімшелеріне келіп, дауыс беруге, сөйтіп азаматтық парыздарыңызды өтеуге шақырамын.

Мен сіздердің жаңа Қазақстан үшін, оның демократиясы мен қуатты дамуы үшін және

бәсекелестікке қабілетті біздің ұлтымыз үшін дауыс беретіндеріңізге сенемін. Әр отбасын, әр қазақстандықты байлық пен бақуаттылыққа жеткізетін осы болмақ. Сіздер біздің балаларымыздың асқақ болашағы үшін дауыс бересіздер!

Біз бәріміз бірлесе отырып дұрыс таңдау жасаймыз! Ол бейбітшілік пен гүлдену жолындағы таңдау болмақ.

Қазақстан халқы Ассамблеясының  
XIII сессиясында

## СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,  
2007 жылғы 20 тамыз

**Құрметті Қазақстан халқы  
Ассамблеясының мүшелері!  
Қымбатты қонақтар!**

Бүгін – тарихи күн.

Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері жауапты миссияны орындады – біздің тарихымызда тұңғыш рет Ассамблеядан Парламент Мәжілісіне депутаттар сайланды.

Мен кандидаттарды және барлығыңызды дауыс берудің оңды нәтижелерімен құттықтаймын.

Ассамблея еліміздің Парламентінен лайықты орын алады деп сеніммен айтуға болады.

Бүгін сайланған депутаттар – Парламенттегі қандай да бір ұлттың өкілдері емес, бүкіл Ассамблеядан сайланған «Достық Елшілері».

Олар өздерінің бар білімін, күш-қуатын еліміздегі ұлтаралық келісімді, бейбітшілік пен тұрақтылықты одан әрі нығайтуға бағыттайтынына сенімдімін.

### **Құрметті сессияға қатысушылар!**

2 күн бұрын партиялық тізім бойынша Парламент Мәжілісінің және мәслихаттардың жаңарған Конституция жағдайындағы тұңғыш сайлауы болып өтті. Халықаралық стандарттарға сәйкес келетін жаңа сайлау жүйесі негізінде ашық, айқын, әділ сайлау өткізілді, оған еліміздің барлық саяси күштері қатысты.

Өткен сайлаулар конституциялық реформаның шешуші актісі болды. Олар іс жүзінде Конституцияның жаңа нормаларын толығымен практикаға енгізу үрдісін 2 жылға жеделдетті. Енді Қазақстан соған сай өмір сүретін болады.

Сайлау саяси жүйенің неғұрлым теңгермелі және демократиялық қалыптасуын бекітіп берді. Енді жаңа сайланған Мәжіліске жаңарған Конституцияда қарастырылған өкілеттіктер мен функциялардың бәрі де жатады.



Сайлауға сайлаушылардың 65 %-ы қатысты және ол халықтың өскелең саяси жоғары деңгейін көрсетеді. Олардың 88 %-ы өз дауыстарын «Нұр Отан» партиясына берді. Мұның өзі өте заңды нәтиже.

Кез келген сайлауда ұтатындар да, ұтылатындар да болады. Бірақ 18 тамызда барлық қазақстандықтар жеңіске жетті.

Біріншіден, қазақстандықтар «Нұр Отан» партиясымен саяси тұрақтылық пен елдегі тыныштықты байланыстырады.

Екіншіден, халық партияның Қазақстанның шынайы өркендеуі мен әр қазақстандықтың бақуатты өмірін қамтамасыз ете алатын әлеуметтік-экономикалық стратегиясы үшін дауыс берді.

Үшіншіден, қазақстандықтар елдегі ұлтаралық және дінаралық саясатты нақ осы «Нұр Отан» дәйектілікпен сақтай алатынына және жүргізе алатынына сенеді.

Төртіншіден, сайлаушылардың «Нұр Отанды» қолдауы оның конституциялық саяси реформаны өткізуді қамтамасыз еткенін жоғары бағалағандығынан. Нақ осы «Нұр Отан» партиясының 2004 жылғы съезінде мен конституциялық реформаның негізгі параметрлерін атап берген болатымын, оны біз кейін жан-жақты талқылап, жүзеге асырдық.

Бесіншіден, бұл нәтиже елімізді дамытудың стратегиялық жолының дұрыстығын айқын

дәлелдеді, ол іс жүзінде 2005 жылғы президенттік сайлау нәтижелерімен үйлесім тапты.

Халықтың қалауы осындай.

«Нұр Отанға» көшбасшы ретінде мен де, қазақстандықтардың біздің партиямызға көрсеткен сенімі мен қолдауы үшін шынайы ризашылығымды білдіремін.

Мұның өзі «Нұр Отанға» жүктелетін жауапкершілікті арттыра түседі, өйткені ол Парламенттің төменгі палатасында отырыс өткізе отырып және Үкіметті қалыптастыра отырып, іс жүзінде реформалардың заңнамалық қамтамасыз етілуіне және оны іске асыруына жауап береді.

Өкінішке орай, басқа партиялар 7 %-дық өткелден өте алмады. Бірақ бұдан қасірет іздемей-ақ қоялық. Әлемдік тарих бірпартиялық болса да өте ықпалды парламенттердің талай рет болғанын біледі.

Егер еске алсақ, «Отан» партиясы 1999 сайлауда айқын басымдыққа ие болған-ды. Біздің партиямыз және кейінірек оған қосылған басқа партиялар да 2004 жылғы сайлауда сондай басымдыққа ие болған.

Ең маңыздысы, бұл еліміздің қарқынды даму жылдарында болған еді. Қазақстан Парламенті қызметінің қазір де ақсамайтынына сенімдімін.

Оған қоса, біз сайлау науқаны кезінде айтылған оппозицияның сындарлы пікірлерін де ескеретін боламыз. Басқа партиялар үшін дауыс берген

азаматтарымыздың мүдделерін де қамқорлыққа аламыз.

Біз алдымызда көптеген проблемалардың тұрғанын жақсы білеміз және саяси күш-жігерімізді соларды шешуге жұмылдырамыз. Біз басқа саяси партияларды Отан мен халық игілігі жолында аянбай еңбек етуге шақырамыз.

Мен Парламенттегі көпшілік партия «Нұр Отанның» оған Қазақстан халқы жүктеп отырған жауапкершілік пен сенімді абыроймен ақтай алатынына кәміл сенемін.

Мен ЕҚЫҰ-дан, ТМД-дан, ШЫҰ-нан келген көптеген байқаушыларға алғыс айтамын, олар сайлауда көп жұмыс істеді, бізге көмектесті және тұтастай алғанда оң бағаларын берді. Ассамблеядан депутаттар сайлаған кезде этностардың ұлттық ерекшеліктерін ескеретін Қазақстаннан Еуропа елдері үлгі алулары керек деген Австрия өкілінің сөзі еске түседі.

Тұтас алғанда біздің елімізге айтылған осындай оң баға Қазақстанның саяси реформада да дұрыс бағыт ұстап отырғанын көрсетеді.

«Нұр Отан» партиясының жеңісі – бүкіл қазақстандықтардың жеңісі.

Мен «Нұр Отанның» барлық мүшелерін және барша Қазақстан халқын жарқын жеңісімен құттықтаймын!

## Құрметті сессияның қатысушылары!

Өткізілген конституциялық реформаның аясында біз Қазақстан халқы Ассамблеясының мәртебесі мен өкілеттігін күшейттік.

Бұл мемлекет пен қоғамның Ассамблеяның Қазақстандағы тұрақтылықты, ұлтаралық тыныштық пен келісімді нығайтудағы үлкен рөлі мен үлесін жоғары бағалағандық болып табылады.

1995 жылы Ассамблеяны құру тосын әрі жаңашыл шешім болды. Сол кезде көптеген адамдардың бұл құрылымның өміршеңдігіне сын көзбен қарағаны, ал кейбіреулердің – оның өмірі ұзаққа бармайды деген болжам айтқандары менің есімде.

Бірақ өткен жылдар біз бәріміз бірігіп еліміздің тарихи ерекшеліктерін ескере отырып, ұлтаралық қатынастардың оңтайлы моделін тапқанмызды дәлелдеп берді.

Бүгінгі қолда бардың бәрі – экономикалық және әлеуметтік жетістіктеріміз, жеріміздегі бейбітшілік пен келісім тап осындай ондаған және жүздеген инновациялық шешімдерге тәуелді, олар әлдеқандай жаттанды ұсыныстар мен күштеп таңылған тұжырымдамалардан туындаған жоқ, халқымыздың мүдделері мен ел дамуының нақты кезеңінің талаптарынан пайда болды.

Бүкіл әлем тұрақсыздықтан, шиеленістерден, терактілерден зардап шегіп жатқанда, Қазақстанда бейбітшілік пен тыныштық салтанат

құруда. Бұл баға жетпес құндылық және онымен Қазақстан бүкіл әлемге үлгі бола алғанына шын көңілден мақтан тұтам!

Ассамблея өзінің 12 жылдық өткен өмірінде консультациялық-кеңесші органнан конституциялық органға дейінгі эволюциялық жолдан өтті.

Ассамблея қазақстандық демократияның негізгі институттарының біріне, ал ұлтаралық келісім – демократиялық конституциялықтың, құқықтық мемлекет қалыптастырудың, адам құқығы мен бостандығын іске асырудың негізгі қағидаттарының біріне айналды.

Этностық, мәдени, тілдік ерекшеліктерге сыйлас-тықпен қараудан адам құқығын қорғау мен нағыз шынайы либерализм басталатынына сенімдімін.

Осы 16 жылдың ішінде біз ұлтаралық келісімді сақтаудың, нығайтудың және қазақстандық тақылеттестікті қалыптастырудың өз моделін іске асырдық. Бұл біз мақтан ететін қазақстандық «ноу-хау»!

Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап қазақстандық тақылеттестіктің негізіне этникалық қағидат емес, азаматтылық алынды. Этностық және конфессиялық өзгешеліктеріне қарамастан, біздің Конституция барлық қазақстандықтардың теңқұқықтығын жария етеді, ал мемлекет оны нақты қамтамасыз етеді.

Қазақстанда үлкен және кіші деген этнос жоқ, әрбір этнос, ел азаматтарының тең құқықтылығы сияқты, басқалармен құқығы жағынан да, мүм-

кіндігі жағынан да бірдей. Біздің қоғамның саяси лексикасында, бұқаралық ақпарат құралдарында «ұлттық азшылық» деген ұғым қолданылмайды. Осы жылдардың бәрінде де біртұтас Қазақстан халқының бай палитрасынан бірде-бір этнос өзінің жарқын мәдениетінен қайталанбас ерекшелігін жоғалтып алмайтындай іс-шаралар қабылданумен келеді.

Біріншіден, бұл – елімізде тұратын барлық ұлт өкілдерінің мәдениеті мен дәстүрін сақтауға және дамытуға жағдай жасау. Бүгінде 324 қазақстандық БАҚ ұлт тілдерінде шығып тұрады. Мемлекет ондаған тілдерде шығатын газеттер мен журналдарды, эфирге шығатын теле- және радиохабарларын қаржыландырып отырады. Қазақстанда алты ұлттық театр жұмыс істейді – оның ішінде ұйғыр, неміс және корей театрлары ТМД елдерінде жоқ. Соңғы 9 жылдың ішінде ұлттық театрларды бюджеттен қаржыландыру 5 еседен артық өсті.

Екіншіден, бұл – үйлесімді тіл саясаты. Біз барлық қазақстандықтарды біріктіретін тіл факторы болып саналатын мемлекеттік тілді барынша дамытамыз. Барлық қазақстандықтардың орыс тілін білуі жоғары деңгейде болуы үшін барлық жағдайды жасаймыз. Барлық этностардың ұлт тілін үйренуге деген ұмтылыстарын қолдаймыз. Тек қана қазақ және орыс тілдерінде оқытатын мектептермен қатар бүгінде аралас тілдерде оқытатын 2067 мектеп және ұлт тілдерінде оқытатын

90 мектеп жұмыс істейді. 30 ұлттың 7 мыңнан астам балалары мен ересектері оқитын 200-ге жуық жексенбілік мектептер бар.

Үшіншіден, бұл – мемлекеттің дін саласындағы дәйекті саясаты. Бүгінде Қазақстанда 46 конфессияны қамтитын 4 мыңға жуық діни бірлестіктер жұмыс істейді. Тәуелсіздік жылдарында православие приходтарының саны 4 есе, католиктердің діни орындарының саны – 2 есе өсті. Елімізде протестанттық бірлестіктердің 1 мыңнан астам миссиялары мен дұға оқу үйлері, 27 иудей қауымы жұмыс істейді. Көптеген ғасырлардан бері тұңғыш рет буддашылар храмы салынды. Діни бірлестіктер 38 баспа табақ басылым шығарады.

Біз дінаралық үнқатысуларды үнемі қолдап отырамыз және нақ осы Астанада әлемдік және дәстүрлі дін иелерінің 2 съезі өткенін мақтан етеміз.

Төртіншіден, бұл – қазақстандықтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Осы жылдардың бәрінде де мемлекет қоғаммен бірлесе отырып, этностық және діни радикализмнің кез келген көріністеріне тойтарыс берерліктей шаралар қолданылып келді. «Ұлтаралық татулықты бұзатын кез келген әрекет конституциялық емес деп танылады» делінген біздің Негізгі заңда.

Бесіншіден, бейнелеп айтқанда, «Достық инфрақұрылымын» жасау және қолдау. Бүгінде Ассамблея шаңырағының астына 23 республика-

лық және 470-тен астам өңірлік діни ұлттық-мәдени бірлестіктер топтасқан. Достық үйлері әр облыста да бар деуге болады.

Мен біздің қазақстандық бейбітшілік пен келісімнің тек негізгі қырларын ғана атап өттім. Оның негізінде – қарапайым және жалпыадамзаттық шындық – өзара сыйластық және өзара сенім, бейбітшілікке ұмтылу мен өз жеріңе деген махаббат жатыр.

Біздің ұлы бабамыз және данышпан ойшылымыз Абай айтқандай, көпәлпетті қоғамдастықтың тұрғындары, қатар өмір сүріп, бірге жұмыс істей келе бір-бірінің ең жақсы қасиеттерін қабылдайды және кісілік пен рақымшылдықтың шыңына жетеді. Біз осы жылдардың беделінде тап осындай өзара түсіністік пен өзара бірін-бірі байыту рухында өмір сүріп отырмыз.

### **Құрметті Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері!**

Біз іс жүзінде Ассамблеяны дамытудың жаңа кезеңін бастағалы тұрмыз. Ол Қазақстанның алдында тұрған елді дамыту қисынымен әрі жаңа міндеттермен тығыз байланысты.

Біздің стратегиялық міндетіміз – қоғамды одан әрі топтастыру және біртұтас қазақстандық, бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыру.

Бұл Шығыс пен Батыстың, озық білім-ғылымның, технологиялар мен ғасырлар даналығының,



рух бостандығы мен ұмтылыстар бірлігінің таңқаларлық шеберлікпен басын қосатын ұлт.

Ерікті, бейбітшіліксүйгіш, білімді, бірлігі жарасқан, табысты, бір сөзбен айтқанда, озықтармен терезесі тең – біртұтас қазақстандық ұлт менің түсінігімде осындай болуға тиіс!

Қазақстандықтар оқу оқиды, жұмыс істейді және әлемнің кез келген жерінде жүрсе де өздерін еркін сезінетін болады, бірақ бәрінен де олар үшін Сарыарқа даласы, Алатау таулары, Каспий жағалаулары және Алтай ормандары ыстық болмақ.

Олар Абайды, Пушкинді және Шекспирді қоса өздерінің төл тілінде оқитын болады.

Олар өздерінің бейбітшіл, гүлденген және баршаға белгілі әрі құрметті өз елдерін мақтан ететін және өз болашақтарын сеніммен құратын болады.

Осы мақсатқа жету жолындағы іс-әрекет Ассамблеяны дамытудағы жаңа кезеңнің өзегі болуға тиіс.

Бұл міндеттің мәнін Қазақстан халқының Ассамблеясы деген оның жаңа атауынан айшықты көруге болады. Ол бүгінде тарихи бір тағдыр басын қосқан Қазақстан қоғамының бүгінгі ахуалын көрсетіп қана қоймайды. Ол сонымен қатар алдымызға баршамыз ұмтылатын мақсат қояды.

Бұл орайда Қазақстан халқы Ассамблеясы дамуының жаңа кезеңінде бірнеше басым міндеттер тұр.

Біріншіден, бұл елімізде тұратын барлық этностардың қазақстандық патриотизмін нығайту.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасы азаматтарының 2006–2008 жылдарға арналған Мемлекеттік патриоттық тәрбие бағдарламасының орындалуын жеделдету қажет. Әсіресе, біз өскелең ұрпақ тәрбиесіне ерекше назар аударуымыз керек. Көп ұлтты жастарымызға өздерін Қазақстан тарихымен және бұрынғы ұрпақтың өмірлік маңызды құндылықтарымен бірге сезінетіндей тәрбие бере білуіміз керек. Жастарға айқын өмірлік бағыт-бағдар беру керек және күмәнді идеялардан сақтандырып отыруға тиіспіз. Білім беру, тәрбие, мәдениет, бұқаралық ақпарат құралдары, ұлттық-мәдени бірлестіктер жүйелерінің ортақ күш-жігері осыған бағытталатын болсын.

Мәдениет және ақпарат министрлігі Ассамблеямен бірлесе отырып, бұқаралық ақпарат құралдарында, Интернет желілерінде арнайы ақпараттық жобалар әзірлесін және жүзеге асырсын. Қазақстандық патриотизмді нығайту тақырыбы республикалық та, өңірлік те бұқаралық ақпарат құралдарында, мемлекеттік тапсырыстарды қалыптастырған кезде басым болуға тиіс. Телебейнелер мен радиохабарларында, фильмдерде, интернет-ресурстарда, әдебиетте мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауды қалыптастыру, барлық этностардың көзқарастық бірлігін кеңейту, қазақстандық барлық ұлттардың

бизнестегі, ғылымдағы, өнердегі, спорттағы табыстарын кеңінен таратып отыру міндеттелсін.

Екіншіден, Ассамблея тіл саясатын жүзеге асыруға белсенділікпен қатысатын болсын.

Сіздер менің тапсырмам бойынша «Үштұғырлы тіл» мәдени жобасының жүзеге асырыла бастағанын білесіздер. Оның мақсаты – қазақстандықтардың үш тілді: қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жаппай үйренуі. Оған қол жеткізу үшін мемлекет көп жұмыс жасауда. Егер 2006 жылы тұтастай алғанда тілдерді дамытуға 0,5 млрд теңгеден астам қаражат бөлінген болса, биыл бұл бап бойынша бюджеттік шығын 1,9 млрд теңгені құрап отыр. Біз бұл саланы қаржыландыруды одан әрі де өсіретін боламыз.

Қазақ тілін білмейтін адамдардың құқығын кемітуге талпыныстың өзіне жол беруге болмайды.

Еліміздің Конституциясында мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында қазақ тілімен қатар орыс тілі тең қолданылатыны бекітілген. Ол бұл функцияны одан әрі де атқара беретін болады.

Ал қазақ тілін үйренуге келсек, бұл жұмыс көп деңгейлі, дәйекті және іс жүзінде балабақшадан басталатын болуға тиіс. Қазақ тілін үйретуді науқанға айналдыруға болмайды. Ал оның тиімділігіне қол жеткізу үшін, мемлекеттік тілді оқытудың толыққанды инфрақұрылымы жасалуға тиіс. Бұл дегеніңіз тиімді әдістемелер, сөздіктер,

көмекші құралдар, инновациялық оқулықтар, телекөрсетілімдер, компьютердегі үйрететін бағдарламалар, тіл ұстартулар және ақырында жоғары білікті оқытушылар.

Осының өзі де жеткіліксіз, ол үшін бұл жұмысқа Үкімет серпін беруі керек.

Үшіншіден, Ассамблеяның азаматтық қоғамның басқа институттармен қарым-қатынасын күшейту қажет.

Бұл арада ұлттық баспасөз қызметіне маңызды орын беріледі. Үкімет Қазақстан халықтарының тілінде шығатын БАҚ-тың сапасын жақсартуға, таралымын көбейтуге, мерзімділігін ұлғайтуға қол ұшын беруі керек.

Осы мәселенің бәрі Үкіметтің арнайы отырысында қаралатын болсын.

Төртіншіден, Ассамблеяның алдында бұрынғысынша этносаралық қарым-қатынас саласын іріткі салғыш күштердің саясаттандыруына жол бермеу міндеті тұр.

Біз, қайдан шыққанына қарамастан, ұлттық радикализмнің кез келген түрлеріне қатаң тыйым салатын боламыз.

Экономикалық өсу мен барлық қазақстандықтардың әл-ауқатының тұрақты жақсаруының арқасында, біздің қоғамның тұтастай алғанда кез келген ұрыншақ ұрандар мен алашапқын арандауға қарсы тұрарлық бойға дарытпайтын қасиеті оянды. Бірақ Қазақстан халқының Ассамблеясы

әр кезде де «уақыт тамыршысы» бола білуі қажет және тиісті мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, сақтық шараларын қолданулары керек. Қазақстан халқы Ассамблеясы аясында жүзеге асырылатын ұлтаралық қатынастар саласында зерттеу, талдау жұмыстарын күшейтудің орны бөлек.

Бесіншіден, Ассамблея ұлтаралық келісімнің қазақстандық моделін шет елдерде насихаттауды жалғастыра бергені жөн.

Соңғы 2 жылда Ассамблея этносаралық және конфессияаралық келісімді жүзеге асыру жөніндегі қазақстандық тәжірибені кеңінен тарату бойынша өткізілетін арнайы сыртқы саясат бағдарламаларына ойдағыдай қатысып келеді, мәдениеттер, діндер, өркениеттер үнқатысуынан шет қалған емес. Ассамблея мүшелері көптеген мемлекеттерде, халықаралық ұйымдардың штаб-пәтерлерінде болды.

Бұл практиканы жалғастыра беру қажет.

Бұл мәселелерді шешуде мен Қазақстан халқы Ассамблеясына және оның Мәжілістегі депутаттарына үлкен үміт артамын.

Ассамблеяның конституциялық мәртебесін ескере отырып, ол туралы жеке заң қабылдайтын мезгіл жетті деп ойлаймын және ол Ассамблеяның депутаттық тобына бастамашыл жол ашып берген болар еді.

Сонымен, Қазақстан халқы Ассамблеясының біріктіруші және зияткерлік әлеуеті азаматтық қауымдастық негізіндегі біртұтас Қазақстан халқын қалыптастырудың идеологиялық өрісін қолдауға бағытталатын болады.

### **Құрметті Ассамблея мүшелері!**

Тұрақтылықтың арқасында қазақстандықтар бүгінде өз болашағын сеніммен құрып жатыр.

Еліміздің дамуы мен өркендеуі үшін біз ұлттық басты бағыттар төңірегінде қоғамды топтастыруымыз керек, ол – бейбітшілік, ол – тұрақтылық, ол – келісім! Әр қазақстандық осы үшін өзінің жауапты екенін сезіне білсін.

Біз бұдан әрі де бәсекеге қабілеттілікке ұмтылған біртұтас ұлт болып, болашаққа қарай алға баса беруге тиіспіз.

**БҰҰ Бас Ассамблеясының  
62-ші сессиясында**

## **СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ**

АҚШ, Нью-Йорк қаласы,  
2007 жылғы 25 қыркүйек

**Құрметті Төраға мырза!  
Құрметті Бас хатшы мырза!  
Ханымдар мен мырзалар!**

Мен баршаңызды сондайлық алыс та емес тарихқа қайта оралып, БҰҰ Бас Ассамблеясының ең бірінші қарары неге арналғанын еске түсіруге шақырғым келеді. Бұдан 61 жыл бұрын, 1946 жылы алғаш шақырылған БҰҰ Бас Ассамблеясы өзінің бірінші шешімімен Атом энергиясының ашылуына байланысты туындаған проблема-

ларды қарастыру үшін комиссия құрған болатын.

Міне, сол уақыттан бері адамзаттың алаңдаушылығын азайта алатындай ештеңе дерлік болған жоқ. Керісінше, осы жылдардың бәрінде ядролық қаруға ие болу жолындағы жанталас жалғасуда, бүгінде оған тіпті лаңкесшіл ұйымдар қосылып отыр.

Әлемдік қоғамдастық халықаралық қауіпсіздік жүйесін реформалау қажеттігін әлдеқашан мойындаса да, айтарлықтай ілгерілеушілік жоқ.

Бұл мәселелер бойынша халықаралық бірауыздылықтың жоқтығы ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің кілт әлсіреуіне соқтырды. Тұтастай алғанда әңгіме халықаралық басқарымдылықтың жүйелік дағдарысы туралы болып отыр. Әлемдік қоғамдастықта жаппай қырып-жою қаруының таралуын тоқтатуға қабілетті жария тетіктер барған сайын азайып барады.

Бұған моральдық, экономикалық және басқа да себептерді айтпағанда, тарату үрдісіне құқықтық тосқауылдар да қойылуы керек. Сондықтан, бірінші кезекте, Қазақстан бұл Шартты бүгінгі күннің нақты жағдайына бейімдеуді ұсынады.

Ядролық қаруды таратпау туралы шарт (ЯҚТШ) біржақты келісімге айналғанын мойындау керек. Онда ядролық емес мемлекеттерге ғана санкциялар көзделген. Ал енді ядролық державалар ядролық қару әзірлеуге тыйым салуға шақырса, онда



атомдық арсеналды қысқарту мен одан бас тартудың үлгісін олардың өздері көрсетуі тиіс.

Мұндай әділетсіздік жаппай қырып-жою қаруына ие болу ниетінен арылмаған мемлекеттер үшін түрткі себеп болып табылады. Біздің тұрғыдан мұндай ұмтылыс ақылға сыйымсыз екенін қосып айтқан жөн.

Қазақстан халқы атомдық жарылыстар салдарының бүкіл қасіретін өз басынан өткерген. Семей ядролық полигонында олар 456 рет жарылған.

Сондықтан тәуелсіздік алғаннан кейінгі Қазақстанның бірінші тарихи шешімі Семей ядролық полигонын жабу болды. Соның артынша әлемдегі қуаты бойынша төртінші ракеталық-ядролық арсеналдан бас тарту және оның инфрақұрылымдарын жою жүзеге асты.

Айта кетейін, сол кезде бізде оқытылған қызметкерлер ғана емес, сонымен бірге іс жүзінде ядролық оқтұмсықтарды жеткізу жөніндегі құралдардың барлық түрлері бар еді.

Бұл қадамдар жаһандық қауіпсіздік саласындағы біздің мемлекетіміздің стратегиясын айқындап берді. Адамзат тарихында алғаш рет сойқан салу күшіне ие ел өз еркімен одан бас тартты.

Осы шешімімен Қазақстан әлемге сенім туғызғанына нық сенімдімін. Осының арқасында біздің елімізге бүгінде бүкіл әлем білетін даму дағы таңғажайып табыстардың негізі болған елеулі инвестициялар ағыла бастады.

Біз осы қадамымызбен барлық ядролық державалардан қауіпсіздігімізге кепілдік алып, өз тәуелсіздігімізді нығайттық. Өзгелер қару-жарақ шығаруға орасан зор қаражат жұмсағанша, біздің өнегемізді неге жалғастырмасқа?

### **Ханымдар мен мырзалар!**

Соңғы жылдары халықаралық терроризм әлемдік қоғамдастықтың қауіпсіздігін айтарлықтай әлсіретті.

Терроризмге халықаралық есірткі саудасы қаржылық тірек болуда. Бүгінде «терроризм экономикасының» жыл сайынғы айналымының үштен бірі нақ осы есірткі индустриясына тиесілі.

Терроризм тұрақсыз және кедей елдерде өзіне ыңғайлы орта тауып отырғаны жалпыға мәлім. Біздің өңірде Ауғанстан сондай ел болып табылады. Нақ осы елден есірткілерді сату барған сайын өсе түскен көлемде жүргізілуде.

Кедей мемлекеттерге дамыған елдердің көмегі қажет және ол шынайы нәтиже беретін көмек болмағы керек.

Таяуда ғана шетелдік көмектің пайдаланушысы болған біздің еліміз экономиканың қауырт өсуі арқасында «жаңа нәрлендіруші» мемлекеттер тобына еніп отыр. Соңғы бірнеше жылдан бері Қазақстанда экономиканың жыл сайынғы өсуі 10% төңірегінде болып келеді. Енді біз де көршілерге көмектесудеміз.

Қазақстан Иракты қалпына келтіру және Ауғанстандағы ахуалды тұрақтандыру үдерісі бетпе-бет келіп отырған қиындықтарға алаңдаушылық білдіреді.

Әлемдік қауымдастық секілді біздің өңірдің халықтары да Иран төңірегіндегі дағдарыстың бейбіт шешілгенін қалайды. Бұған қол жеткізудің оңтайлы жолы ұлы тарихы мен мәдениеті бар Иранның өз ядролық бағдарламасының бейбіт сипатты көздейтінін дәлелдеу болмақ.

### **Төраға мырза!**

Бүгінде бітімгершілік операцияларын жүргізу жөніндегі БҰҰ-ның күш-жігері өңірлік дағдарыстарды бейбіт реттеудің барынша тиімді құралы күйінде қалуда.

Бұдан 15 жыл бұрын Қазақстан осы мінберден Ұйымның бітімгершілік әлеуетін нығайту жөнінде бастама көтерген болатын. Біз мемлекеттер өздерінің әскери бюджеттерінің 1 % қаражатын ерікті түрде аудару есебінен БҰҰ-ның Бітімгершілік қорын құруды ұсынғанбыз.

Бұл идея әскери мақсаттардың әлемдік шығынының 1 %-ын даму мақсаттарына қайта бағыттауды ұсынған Бас хатшы Пан Ги Мун мырзаның тарапынан қолдау тапты.

Бұл шешім БҰҰ-ның Мыңжылдық даму мақсаттарына жету жөніндегі стратегиясын іске асыру

жолында маңызды қадам болар еді деп есептеймін.

### **Ханымдар мен мырзалар!**

Назарларыңызды Қазақстанның БҰҰ-мен және оның мүшелерімен ынтымақтастығы жөніндегі бірсыпыра мәселелерге аударғым келеді.

Бірінші. Қазақстан Бас Ассамблеяның климаттың өзгеруіне байланысты проблемаларды осы сессияның басым тақырыбы ретінде даралап көрсету шешімін құптайды.

Осыған байланысты Тұрақты даму жөніндегі Йоханнесбург саммитінде ұсынылған біздің бастамамызға назарларыңызды аударғым келеді және БҰҰ аясында Әлемдік экологиялық проблемалар тізбесін жасауды тағы бір рет ұсынбақпын. Бұл құжат экологиялық апаттарға қарсы күрес тетіктерін әзірлеуге көмектесетін болады.

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарына қарай бір кездегі ішкі ірі Арал теңізі өз суының төрттен үш бөлігін жоғалтты. Бұл теңіз төңірегінде тұратын миллиондаған адамдар үшін апатқа айналды. Теңіздің жалаңаштанған табанындағы тұз экологияға зардап келтіре отырып, бүкіл Еуразияға таралуда.

Орталық Азия өңірінің елдері теңізді қалпына келтіру жөнінде көп іс атқарды, алайда бұл проблеманы шешу бойынша әлемдік қоғамдастықтың күш-жігерін топтастыру керек. Сондықтан да

мен 2002 жылғы Жер саммитіндегі секілді тағы да Аралды құтқарудың халықаралық қорына БҰҰ институтының статусын беруді ұсынамын.

Екінші. Бүгінде әлемдік қоғамдастық үшін жаһандық энергетикалық дағдарыстың тереңдеуі және планетада қолайсыз климаттық өзгерістер қатерінің өсе түсуі аса өткір проблемалар болып табылады. Біз бұл проблемаларға G-8 және АТЭЫ басшыларының алаңдаушылық білдіруін құптаймыз.

БҰҰ аясында Жаһандық энергиялық-экологиялық стратегияны әзірлеп, оны 2012 жылғы Тұрақты даму жөніндегі бүкіләлемдік саммитте талқылау орынды болар еді.

Үшінші. Қазақстанның бір бөлігі болып табылатын Каспий өңірі халықаралық энергетикалық нарықта барған сайын өскелең рөл атқаруда.

Бүгінгі күні Қазақстан мұнай қоры бойынша әлемде 7-ші орынға, газдың қоры бойынша – 6-шы орынға, уран қоры бойынша 2-ші орынға ие.

2017 жылға қарай Қазақстан әлемдегі аса ірі мұнай мен газ өндірушілердің және экспорттаушылардың ондығына кіреді. Уранның ірі қорына ие бола отырып, біз атом энергетикасын дамытуда маңызды рөл атқаратын боламыз.

Бұл ретте Қазақстан жаһандық энергетикалық тепе-теңдік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге деген өз жауапкершілігін толық ұғынады.

Энергия тасымалдаушылардың тұтынушыларға жеткізілімін одан әрі әртараптандыру, сондай-ақ энергия ресурстарын өндірушілер үшін кепілдік беру мақсаттарында Қазақстан Энергия жеткізілімдері тұрақтылығының еуразиялық пактінің қабылдауды ұсынады.

Төртінші. Қазақстан жерінде БҰҰ тарихында теңізге шығар жолы жоқ дамушы елдердің проблемалары бойынша тұңғыш жаһандық конференцияның өткізілуі 2003 жылы халықаралық құжат – «Алматы іс-әрекет бағдарламасының» қабылданылуына жеткізді. Ол осы елдер тобына іспен көмектеседі деп сенеміз.

Бұл бағыттағы маңызды әрі дәйекті қадам Қазақстанда осы жылғы мамырда өткен ЭСКАТО-ның соңғы сессиясында қол жеткізілген өңірлік ынтымақтастықты және көлік-транзиттік инфрақұрылымды дамыту жөніндегі шешім болды.

Бесінші. Азия туралы айтқанда, құрлықтық ауқымдағы ұжымдық қауіпсіздік тетіктерін қалыптастыру тақырыбын айналып өтуге болмайды. Бұл Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесін (АӨСШК) шақыру туралы қазақстандық бастаманың іске асырылуы арқасында мүмкін болды. Айтпақшы, бұл ұсынысты мен нақ осы мінберден 1992 жылы тұңғыш рет жария еткенмін.

Бүгінде АӨСШК Азия аумағының 90 %-ын алып жатқан 18 мемлекетті біріктіреді. Бұл елдердің

халқы бүкіл жер шары халқының жартысын құрайды. Уақыт АӨСШК үдерісінің қажеттілігін дәлелдеді, оның аясында Азия мемлекеттерінің саяси үнқатысуы қарқын алып келеді.

Алтыншы. Біз БҰҰ қызметін реформалау жөніндегі бірлескен күш-жігерге қолдау білдіреміз.

Біздіңше, Қауіпсіздік кеңесін кеңейту тұрақты мүшелер бойынша да, тұрақты емес мүшелер бойынша да жүзеге асырылуы тиіс. Бұл ретте әділ географиялық өкілдік және мемлекеттердің егемендік теңдігін құрметтеу негізінде де жүзеге асырылуы керек.

Реформа сондай-ақ Қауіпсіздік кеңесінің ашықтығы мен есеп берушілігін арттыру мақсатындағы жұмыс әдістерін қамтуы қажет.

Бас Ассамблеяға БҰҰ-ның басты кеңесшілік, қарарлық және өкілеттік органы ретіндегі орталық орын берілуі тиіс.

### **Құрметті делегаттар!**

Болмай қоймайтын «өркениеттер қақтығысы» туралы даңғаз болжамдардың көпшілігі, бақытымызға қарай, әзірге іске асқан жоқ. Алайда конфессияаралық шиеленіс халықаралық терроризм мен діни экстремизмнің әлеуметтік арқауын нәрлендіретінін айқын түйсінуге тиіспіз.

Діндердің келісімін, этностық топтардың бейбіт қатар өмір сүруін қамтамасыз ету жаһандық

қауіпсіздікті сақтау үдерісінде аса маңызды басымдық болып табылады деп есептеймін.

130 ұлт пен 40 діни конфессияның өкілдері өмір сүретін Қазақстан толеранттылықтың үлгісін көрсетіп отыр, ал ол Қазақстанда бейбітшілікті, тұрақтылық пен экономикалық ілгерілеуді қамтамасыз етудің шешуші факторына айналған.

Әлемдік конфессиялар арасында осы заманғы дүние құрылымының түйінді мәселелері бойынша үнқатысуды жолға қою қағидаттық тұрғыдан маңызды деп санай отырып, Қазақстан 2003 және 2006 жылдары Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің форумдарын өткізудің ордасы болды, бұл форумдарда діни мәртебелі тұлғалар өзара түсіністіктің тілін ғана емес, сонымен бірге планетаның «отты нүктелеріндегі» дінаралық шиеленісті тоқтату тетіктерін іздестірді.

Діни лидерлердің 2009 жылы өтетін 3-ші съезі Біріккен Ұлттар Ұйымының құзырымен өтуін ұсынғым келеді. Сондай-ақ таяудағы жылдардың бірін Біріккен Ұлттар Ұйымы Мәдениеттер мен діндер жақындасуының халықаралық жылы деп жариялауын ұсынамын.

### **Ханымдар мен мырзалар!**

11 қыркүйектегі қайғылы оқиғалардан бірнеше күн кейін біздің елімізге бұрынғы Понтифик Иоанн Павел II іссапармен келді.



Сол кезде ол бұл қасіретті оқиғалар діндер арасындағы текетірестің себебіне айналмауы тиіс деп мәлімдеген болатын. Егер біз өшпенділікке – үйлесімді, төзімділік пен рух байлығын қарсы қоятын болсақ, өзара сенім мен ынтымақтастыққа сүйенетін болсақ, әлемде біз шешпейтін проблема қалмайтынына сенімдімін. Осыны ұғыну болашаққа деген үмітіміз бен сенімімізді нығайтады.

Осы үмітті нығайтуда Біріккен Ұлттар Ұйымы айрықша рөл атқарады. Біз қауіпсіздік пен әділеттілікті қамтамасыз етуде БҰҰ секілді көп қырлы тетіктердің халықаралық құқықтылығының жариялылығы мен тиімділігіне сенбеушілікке қатысты сарыуайымға салынбаймыз.

Біз Ұйымды әлсіретуге қарсымыз.

Қазақстан БҰҰ-ны соғыс және бейбітшілік мәселелеріне тиімділікпен ықпал етуге қабілетті бірден-бір халықаралық орган деп бағалай отырып, оның рөлі мен беделін көтеруге әзір мемлекеттермен ынтымақтастықта болады.

«Қазақстан – 2030»  
стратегиясының 10 жылдығына  
арналған халықаралық конференцияда

## СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,  
2007 жылғы 12 қазан

### **Құрметті конференцияға қатысушылар мен қонақтар!**

Бүгін біз еліміздің осы заманғы тарихындағы аса маңызды оқиғалардың бірі ретінде Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясының онжылдығын атап өтудеміз.

Нақ осы құжатта алғаш рет Қазақстанды дамытудың ұзақ мерзімді мақсаттары тұжырымдалып, оларға қол жеткізудің нақты жолдары анықталды.

Стратегиямен жұмыс елдің ішіндегі де, сол секілді әлемдік экономикадағы да дағдарыс үрдістерінің аса күрделі жылдарында басталды.

«Қуып жетуші» дамудың шектерін еңсере отырып, біз табысты, осы заманғы және серпінді дамушы мемлекет болып, посткеңестік кеңістікте көшбасшы ұстанымын алудың өршіл міндетін қойдық.

Бұл үшін біз Қазақстан 20–30 жылдан кейін қандай болатынын «көруге» тиіс едік. Мәртебелі мақсаттарға қол жеткізу үшін бізге стратегиялық іс-қимыл жоспары, өзіндік бір «жол картасы» қажет болды.

Стратегияны әзірлеу кезеңінде мен елдің экономикалық, ішкі және сыртқы саясатын бұдан әрі қалай құру керектігін, Қазақстан тәуелсіз және егемен мемлекет ретінде орнығуы үшін не қажеттігін көп ойландым. Бұл біз үшін басты мәселе еді.

Өз дамуының дағдарысты кезеңдерін ойдағыдай еңсерген басқа елдердің тарихымен танысқанда, мен бір ерекшелікті байқадым: олардың бәрі өз ілгерілеуінің барысын мұқият жоспарлаған; өздерінің шектеулі ресурстарын айқын бөлген; өздерінің әлсіз және күшті жақтарын объективті түрде бағалай отырып, түпкілікті мақсаттарын айшықты тұжырымдаған.

Әрине, әлемдік тәжірибе болған. Бұл – Малайзияның «Перспектива – 2020», Қытай мен Оңтүстік Кореяның стратегиялық жоспары, 30-шы жылдар-

дың экономикалық күйзелісінен шығуға мүмкіндік берген Рузвельттің экономикалық жолы.

Бірақ та біздің стратегия олардан экономикалық міндеттер ғана емес, басқаларының да анықталуымен ерекшеленеді. Біз барлық проблемаларды шешуге кешенді түрде келдік. Осынау даму бағдарламаларын терең зерттей отырып мен Қазақстанға кешенді стратегия қажет деген тұжырымға тоқтадым.

Сонымен, негізгі ресурстарды шоғырландыру жөн болатын басымдықтардың шектеулі санын анықтау керек еді.

Бұл ретте біз Қазақстанның алға қойған мақсаттарға қол жеткізуі үшін артық уақыты жоқ екенін ескеруге тиіс болдық.

XX-шы ғасырдың аяғы әлем үшін зор экономикалық, саяси, технологиялық – өзгерістердің уақытына айналды. Бұл кезеңнің өзіне тән белгісі тарихи уақытты сапалы «сығымдау» болды. Бұрын ғасырларға созылатын үдерістер бүгінде онжылдықтарға сығымдалатын тәрізді.

Уақытты жинақтауға, көбейтуге болмайды. Оны кері бұруға болмайды. Алайда дамудың айқын мақсаттары анықталса, уақытты іскерлікпен жұмсауға болады. Мен бұдан 10 жыл бұрын, 1997 жылы, болашақ қоғамымызды және мемлекетіміздің міндеттерін көз алдыма келтіргенде, нақ осындай қағидаттық көзқарасты басшылыққа алдым. Бұл «Қазақстан – 2030» стратегиясы болатын.

Осынау 10 жылда Стратегияның негізінде біз өз дамуымызда сапалы серпіліс жасай алдық. Көптеген елдер бірнеше онжылдық арнаған жұмыс көлемін атқардық. Бүгінде біз толық негізде «Қазақстан – 2030» стратегиясы өзінің өмірге қабілеттілігі мен тиімділігін толық қуаттай алды деп мәлімдей аламыз. Ол біздің дамуымыздың – аман қалу моделінен озық даму моделіне дейтін парадигмасын біржолата өзгертті.

Бұл тұрғыда біз әзірлеген және бүкіл соңғы 10 жылда іс жүзіне асырып жатқан жеті ұзақ мерзімді басымдық өзекті болып табылады.

### **I. Бірінші ұзақ мерзімді басымдықты: ұлттық қауіпсіздікті іске асыру**

Естеріңізде болар, өзіміздің бірінші ұзақ мерзімді басымдығымызда біз ұлттық қауіпсіздік және, ең алдымен, мемлекеттік тәуелсіздік пен аумақтық тұтастықты сақтауды анықтадық.

Бұл – біздің іргелі құндылықтарымыз. Бұл – біздің басты ұлттық байлығымыз, біз оны сақтауға және болашақ ұрпақтарға жеткізуге міндеттіміз. Бүгінде, «Қазақстан – 2030» стратегиясын іске асыра бастағалы бері 10 жыл өткенде, қазақстандық мемлекеттілік орнықты деп нық сеніммен айта аламыз.

Біз халықаралық практика мен нормаларға сәйкес мемлекеттік шекарамызды толық ресімдедік.

Біз ел Қарулы Күштерінің реформасын жүзеге асырдық, осы заманғы армияны жасақтадық,

оны қайта жарақтандыруды жүргізудеміз. Елдің Қарулы Күштерін қаржыландыруды елеулі түрде арттырдық.

Біз құқық қорғау органдарын, арнаулы қызметтерді қоса алғанда, іс жүзінде мемлекет қауіпсіздігінің инфрақұрылымын қайта құрдық. «Қазақстан – 2030» стратегиясының бір бөлігі ретінде қауіпсіздікке төнетін қатерлерді алдын ала бейтараптандыруға бағдарланған Мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігінің стратегиясы әзірленіп, бекітілді.

Қазақстанның бастамасы бойынша құрылған мемлекетаралық бірлестіктер өзінің қажеттігін дәлелдеп шықты. Өңірлік бірлестіктер – АӨСШК, ШЫҰ, ҰҚШҰ-ның қызметі өңірдегі тұрақтылық пен өзара ықпалдастық үшін берік негіз қалады.

Біздің бүкіл шекарамыздың бойындағы көрші мемлекеттермен Қазақстанның достық қатынастары орныққан.

Сонымен қатар ХХІ ғасырдың басы онша көп тұрақтылық пен қауіпсіздік әкеле қойған жоқ. Керісінше, халықаралық терроризм, экстремизм, есірткі саудасы, қару-жарақ пен ядролық материалдардың заңсыз айналымы секілді қатерлерге қарсы күрес ұзаққа созылатыны айқын болды.

Сондықтан алдағы жылдары біздің ұлттық қауіпсіздік жүйемізді нығайтып, оны жаһандық және өңірлік жүйелерге кіріктіретін боламыз. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесіне осы заманғы технологияларды ендіреміз.

Қазақстан жаңа қатерлер мен сынақтарға қарсы күреске бағытталған халықаралық қызметтің белсенді қатысушысы болып қала береді.

Біз сондай-ақ Орталық Азия өңірінде тұрақтылық пен қауіпсіздіктің кепілі ретіндегі өз рөлімізді нығайту ниетіндеміз.

## **II. Екінші басымдықты: ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның топтасуын іске асыру**

Қазақстан қоғамында бейбітшілік пен келісімді нығайту жөніндегі міндеттер ұлттық дамудың ұзақ мерзімді стратегиясының келесі аса маңызды басымдығы болды.

Егер елде осы жылдарда тыныштық пен бейбітшілік болмағанда, біздің барлық стратегияларымыз әдемі ниет күйінде қалар еді.

Тәуелсіздік жылдары біз ұлтаралық келісімді сақтау мен нығайтудағы өз моделімізді іске асырдық, ол «Қазақстан жолы» деп аталады. Қазақстандық демократияның негізгі институттарының бірі және этносаралық келісімге қол жеткізудің тиімді құралы Қазақстан халқы Ассамблеясы болды, ол консультациялық-кеңесші органнан конституциялық органға дейінгі эволюциядан өтті.

Біздің болашаққа арналған стратегиямыз – қоғамды одан әрі топтастыру және бәсекеге қабілетті біртұтас қазақстандық ұлтты қалыптастыру.

Қазақстан бүгінде мәдениетаралық және конфессияаралық үнқатысудың маңызды халықаралық орталықтары бірінің міндетін атқарады. Біз әлемдік және дәстүрлі діндер съездерін өткізудеміз. Сондықтан Қазақстанның бұл миссиясы басқа елдер мен халықаралық ұйымдардың, атап айтқанда, Біріккен Ұлттар Ұйымының тарапынан кең қолдау тауып отыр.

Еліміздің саяси жүйесін реформалау жөніндегі дәйекті жұмыссыз ілгерілеушілікпен даму мүмкін болмас еді. Әлемдік практиканы зерттеп, талдап және арқа сүйей отырып, біз саяси дамудың нақ осы эволюциялық жолын таңдадық. Және біз бұл таңдауда қателескен жоқпыз. Президенттік республика моделін таңдай отырып біз елді пост-кеңестік экономикалық және саяси бейберекеттіктен шығардық.

Осы жылы біз демократиялық саяси жүйені дамытуда сапалы қадам жасадық. Әңгіме біздің республиканың моделін президенттіктен президенттік-парламенттік жүйеге көшіру туралы болып отыр. Еліміз Конституциясына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар осыны білдіреді.

Өкілетті билік органдарының өкілеттіктері кеңейтіліп, саяси партиялардың рөлі мен жауапкершілігі арттырылуда. Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі, сот жүйесі, азаматтық қоғам институттары дамудың жаңа серпініне ие болды.



Біздің Парламент жаңа Конституцияға сәйкес жұмыс істеуді бастады.

Бұл ретте біз Қазақстанды жаңғырту аясында өз алдымызға қойып отырған сондайлық ауқымды міндеттерді шешуге теңдестірілген және демократиялық саяси жүйе ғана қабілетті дегенді негізге алдық.

### **III. Үшінші басымдықты: ашық нарықтық экономика қағидаттарына негізделген орнықты экономикалық өсуді қамтамасыз етуді іске асыру**

Біздің басты стратегиялық басымдықтарымыздың қатарында Қазақстанда орнықты экономикалық өсуді қамтамасыз ету әрдайым болған және болып отыр.

Өткен жылдардың бәрінде біз экономикалық өсудің айтарлықтай жоғары қарқынын ұстанып, бұл көрсеткіш бойынша Қытай, Үндістан, АСЕАН елдері секілді жұрттармен қатар келеміз.

Біздің экономикалық өсудің негізінде жеке бастамалар мен кәсіпкерлікке жол ашу, белсенді сыртқы сауда, инвестициялар тарту жатыр.

Өткен онжылдықта елдің ІЖӨ 22 млрд доллардан 100 млрд долларға дейін, 5 есе дерлік ұлғайды. Жан басына келетін ІЖӨ осы кезеңде 3,7 есеге өсті және үстіміздегі жылы Орталық және Шығыс Еуропаның бірқатар мемлекеттерінің

көрсеткіштерімен теңесіп, 7 мың долларға жақындады.

Негізгі капиталға құйылатын инвестициялар көлемі ұлғая түсуде. Қазақстан экономикасына тартылған тікелей шетелдік инвестициялардың көлемі 70 млрд доллардан астамға жетті. Бұл – Орталық Азияға тартылған барлық инвестициялардың 80 %-ы.

Ұлттық қордың қаражатын ескергенде, елдің халықаралық активтері 40 млрд доллардан асып түсті. Егер біз қорды бос қазынадан бастағанымызды еске түсірсек, көп нәтижеге қол жеткіздік деп айта аламыз.

Сыртқы сауда айналымы 10 жылда 6 еседен астамға ұлғайды, ал биылғы жылы ол 80 млрд долларға жетуі мүмкін.

Жыл өткен сайын банк, қамсыздандыру секторы және жинақтаушы зейнетақы жүйесі нығайып келеді. Осылайша, Қазақстан өз экономикалық дамуының өтпелі кезеңін ойдағыдай аяқтап, алдағы жылдары жаңа сапалы өсуге дайын және қабілетті деп сеніммен айта аламыз. Біз «парасатты экономика» қалыптастыруды қамтамасыз етуге тиіспіз, ол жаһандық өзгерістер мен үрдістерге ілесіп қана қоймай, сонымен бірге белгілі бір тұстарда оза жұмыс істей алуы керек.

Технологиялық жаңғыртудың басым бағыты венчурлік қаржыландыру жүйесін дамыту болуы керек.

Еуропаның, Азияның, Ресейдің, Қытай мен басқа елдердің нарықтарына шыға отырып, технологияларды трансферттеу тетіктерін белсенді пайдалану керек.

Экономиканы жаңғырту үшін осы заманғы өңдеу секторын құруға ірі ауқымды, ұзақ мерзімді инвестицияларды қамтамасыз ету талап етіледі. Тікелей инвестициялар қорын дамытуға белсене жәрдемдесу қажет. Біздің экономиканы, оның құрылымдық қайта құрылуын жедел жаңғырту үдерісіндегі «30 корпоративтік көшбасшы бағдарламасының» маңызды рөлін айрықша атап өткім келеді.

Алдағы жылдары мемлекет инновациялық бастамалар, өңдеу өнеркәсібін дамыту, экономиканы құрылымдық қайта құру үшін барлық заңнамалық, әкімшілік және басқа жағдайлар жасайтын болады. Біз өзіміздің минералдық ресурстардың барлық түрлерімен жұмыс істейтін әріптес-инвесторларымызды белсенді түрде осыған шақырамыз.

Біздің рыноктарда қазір жұмыс істеп жатқандарды және әсіресе болашақта келетіндерді олар еліміздің индустриясын, әлбетте олардың меншігінің бір бөлігін дамытуға қаражаттың лайықты үлесін қосуын өте табандылықпен өтінетін боламыз. Бірақ та біздің барлық стратегиялық жоспарларымыз елде тұрақты әлеуметтік-экономикалық жағдайды қамтамасыз ету жөніндегі ағымдағы

жүйелі жұмыспен қуатталуы керек. Және біз мұны қамтамасыз етуге тиіспіз.

#### **IV. Төртінші басымдықты: барлық қазақстандықтардың денсаулығын, білімі мен әл-ауқатын іске асыру**

Соңғы 10 жылда қазақстандықтардың көбінің тұрмысы едәуір өзгерді. Дүниежүзілік банктің сыныптамасы бойынша Қазақстан бүгінде орта деңгейлі табысы бар елдердің тобына кіреді.

10 жылда қазақстандықтардың ақшалай табыстары 6,5 есе өсіп, орташа айлық жалақы 5 есе дерлік ұлғайды, ең төменгі жалақы 4,5 есе өсті. Осы кезеңде зейнетақының орташа айлық мөлшері 4 есе ұлғайды.

Халықты әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесінің қамтуы айтарлықтай кеңейді, оның қызметі бүгінде Қазақстанның әрбір төртінші азаматын қамтып отыр. Тек соңғы 5 жылда ғана атаулы әлеуметтік көмекке мемлекет 34 млрд теңгедей бөлді.

Орта мерзімді келешекте бізге әлеуметтік стратегиямыздың алдыңғы қатарлы елдер деңгейінде қазақстандық Өмір сапасының ұлттық стандартын қамтамасыз ету жөніндегі басты идеясын іске асыруымыз керек.

Бәрінен бұрын біз денсаулық сақтау саласындағы қызметтің осы заманғы қағидаттары мен үлгілік қалыптарына жедел көшуді қамтамасыз

етуге тиіспіз. Бұл алғашқы медициналық-санитарлық көмек, ана мен баланы қорғау, медициналық білім мен ғылым мәселелеріне қатысты.

Таяудағы жылдары 150 жаңа денсаулық сақтау нысандары мен 300 ауылдық дәрігерлік амбулатория салынуы керек. Мүгедектер мен мүгедек балаларды сауықтырудың халықаралық стандарттарға сай келетін өңірлік орталықтары желісін жасау талап етіледі, ондайлар қазірдің өзінде осында, Астанада құрылған.

Осы заманғы білім жүйесін дамыту, кадрларды даярлау мен қайта даярлауды және озық технологияларды игеруді дамыту үшін біздің халықаралық нарық кеңістігіне белсендірек шыққанымыз жөн. Қазақстанға белгілі шетелдік білім орталықтарын тартып, осында олардың филиалдарын ашу керек.

Біз қазақстандық студенттерді шетелде оқытуды жалғастырып, сондай-ақ елімізге жаңадан құрылатын халықаралық деңгейдегі жаңа университеттер үшін ең жақсы шетелдік оқытушыларды тартатын боламыз.

Таяудағы жылдары біз кем дегенде 250 жаңа мектеп пен 50 кәсіби-техникалық оқу орындарын саламыз.

2010 жылға қарай біз қоғамды орнықты дамытудың негізгі экологиялық үлгіқалыптарын құрып, бұл саладағы мемлекеттік бақылау жүйесін нығайтуға тиіспіз.

## V. Бесінші ұзақ мерзімді басымдықты: энергетикалық ресурстарды дамытуды іске асыру

Өткен жылдары мұнай-газ өнеркәсібі экономиканың басқа салаларын соңынан ілестірген локомотив болды. Сондықтан энергетикалық ресурстарды дамытуды біз Стратегияның ұзақ мерзімді басымдығына дараладық.

Бұл ретте біз түрлі «голланд ауруларына» ұрынбай, мұнай табыстарын ұтымды жұмсай алдық.

Еліміздің аумағында Қазақстанды мұнай елдерінің алғашқы ондығына шығаратын мұнай мен газ кен орындары бар.

2010 жылға қарай Қазақстанда болжанған мұнай өндіру 80 млн тоннаны құрайды, 2015 жылы 25 млн тоннадан аспайтын ішкі тұтыну жағдайында 130 млн тоннаға жетеді. 2010 жылы шикі газды өндіру 40 млрд текше метрге дейін, 2015 жылы 80 млрд текше метрге дейін өседі деп күтілуде.

Біздің энергетикалық әлеуетімізді одан әрі дамыту бірқатар маңызды міндеттерді шешуді көздейді. Бәрінен бұрын мұнай-газ кешенімен тікелей байланысты терең өңдеу салаларын озық дамытуды, қосымша құн үлесі жоғары өнімдерді халықаралық рынокқа жедел шығаруды қамтамасыз ету керек.

Біздің назарымыз сондай-ақ энергия ресурстарын әлемдік рыноктарға жеткізудің орнықты арналарын әртараптандыруға және қамтамасыз

етуге шоғырландырылуы тиіс. Қазақстан жаһандық энергетикалық тепе-теңдік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі өз жауапкершілігін толық мәнінде түсінеді.

2017 жылға қарай біз көмірсутегін аса ірі экспорттаушылардың ондығына кіреміз. Және бұл ұстаным ХХІ ғасырдағы әлемдік шаруашылық байланысының серпінді өзгеріс үстіндегі жүйесінде Қазақстанның экономикалық рөлін көп ретте анықтап береді. Біз бұл мәселеде ЕО-мен тығыз ынтымақтастыққа үміт артамыз.

Энергия ресурстарын өндірушілер мен тұтынушылардың мүдделерін үйлестіру мақсатында мен БҰҰ Бас Ассамблеясының 62-ші сессиясында Энергия жеткізілімдері тұрақтылығының еуразиялық пактін қабылдауды ұсындым.

## **VI. Алтыншы ұзақ мерзімді басымдықты: инфрақұрылымды дамытуды іске асыру**

Жаһандану жағдайында Қазақстанның, атап айтқанда, көлік пен байланыстың инфрақұрылымын жан-жақты дамытуға қатысты ұзақ мерзімді басымдықты іске асыру барған сайын өзекті бола түседі.

Соған орай бұл салада көп іс атқарылды. Бірер цифрды ғана келтірейін. 1997–2006 жылдары республикалық бюджет қаражатынан 280 млрд теңгеден астам қаржы игерілді, осының есебінен 4 мың шақырым шамасында автожолдар салынып,

қайта жөнделді, 13 мың шақырымнан астам автожол күрделі және ағымдағы жөндеуден өткізілді.

Алға қойылған міндеттерді одан әрі іске асыру мақсатында 2006 жылы Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі Көлік стратегиясы қабылданды. Оның аясында қаржыландырудың түрлі көздері есебінен 30 млрд доллар шамасындағы сомаға 80-ге жуық инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланып отыр.

Біздің ұлан-байтақ аумағымыз үшін көліктің, оның үстіне транзиттік көліктің зор маңызы бар. Экономикамызды нақты дамыту Қазақстан қандай көлік жүйелеріне ие болатынына келіп тіреледі. 1600 шақырым шамасында жаңа темір жол салынады және 2700 шақырым темір жол электрлендіріледі, 50 мың шақырым шамасында автожол салынып, қайта жөнделеді, әуежай инфрақұрылымын қайта жөндеу және жаңғырту, ұлттық теңіз-сауда флотын дамыту, теңіз порттары мен ішкі кеме жүру жолдарының инфрақұрылымын өркендету жөніндегі жұмыстар жүргізіледі.

Бұл Қазақстан аумағы арқылы өтетін трансқұрлықтық маршруттарды дамыту үшін серпін береді.

Осылайша, таяудағы болашақта Қазақстан Еуразияның ірі және заманауи жарақтандырылған құбыр арнасы, теміржол, автомобиль, теңіз және әуе көліктік «торабына» айналуы тиіс. Біз бұл



жұмысқа кірістік және жыл сайын жаңа нысандар тұрғызылып жатқанын сіздер білесіздер.

Стратегияға сәйкес елде телекоммуникация саласын дамыту жөнінде кешенді жұмыстар жүргізілуде.

Үстіміздегі жылдың аяғына дейін 50 адамнан астам тұрғыны бар барлық ауылдық елді мекендерге телефон жүргізіледі. Қалған 50 адамнан аз халқы бар және жалпы тұрғындары 14 мың адам болатын 200-ге жуық елді мекен келесі жылы байланыс қызметіне қол жеткізе алады.

Жылдың аяғына дейін бұрынғы жылдары телефон орнатуға өтініш берген адамдардың сұранысы қанағаттандырылады.

Осы жылдың аяғына қарай Қазақстанда Интернет желісін пайдаланушылар саны 1 млн 800 мың адамды құрайтын болады. 2010 жылға қарай Интернетті пайдаланушылар саны 3,5 млн-ға дейін ұлғаяды.

Қабылданған шаралардың нәтижесінде қазіргі кезде республика мектептерінің 95 %-ы Интернет қызметіне қол жеткізіп отыр. 2008 жылдың 1 қыркүйегіне қарай елдің 2000 мектебінің кең арналы қолжетімділігі болады. Бұл оқытудың интерактивті әдістерін кеңінен пайдалануға мүмкіндік береді.

## VII. Жетінші басымдықты: кәсіби үкіметті қалыптастыруды іске асыру

Мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін арттыру біздің ұзақ мерзімді басымдықтарымыздың бірі болып қалып отыр.

Бұл стратегиялық міндетті іске асыру мақсатында өткен ғасырдың 90-шы жылдарының аяғынан бастап Қазақстан терең әкімшілік реформаларды жүргізуге кірісті.

Осынау жылдары Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттік құрылып, «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы» заңдар, Мемлекеттік қызметшілердің ар-намыс кодексі қабылданды.

Мемлекеттік қызметке қабылдаудың конкурстық жүйесі енгізілді. Мемлекетке тән емес функциялардың бір бөлігі бәсекелестік ортаға берілді.

Жуырдағы конституциялық өзгерістерге сәйкес жергілікті орындардағы билік күшейтілді, мәслихаттар жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өкілеттіктеріне ие болды.

Халықаралық ұйымдар мен сарапшылардың бағалауы бойынша, Қазақстан мемлекеттік қызметті реформалау саласында жоғары нәтижелерге қол жеткізіп, өзінің заңнамасы мен рәсімдерін халықаралық стандарттарға жақындатты.

Бірақ бұл салада әлі де көп істер атқаруымыз керек. Сондықтан да Үкімет менің тапсырмам

бойынша әкімшілік реформаларды жалғастыру жөнінде белсене жұмыс істеуде.

### **VIII. Астана – өсу үстіндегі елдің символы**

Қауырт өсіп келе жатқан ел қуатының, оның өрлеу әлеуетінің басты бір нышаны жаңа елорда – Астана болды.

1997 жылғы қазанда біз «Қазақстан – 2030» стратегиясын жария еттік, сол айда мемлекеттік органдарды Астанаға көшіруді бастадық. Сол жылдың желтоқсанында негізгі мемлекеттік органдар Астанада жұмыс істеп жатты. Осылайша, Астананы көшіру іс жүзінде біздің Стратегияны іске асырудың бастауына жол салды.

Қазақстан елордасы – посткеңестік кеңістіктегі жедел өсіп келе жатқан қала.

Астананың халқы соңғы 8 жылда 3 есе көбейді. Елорда халқы 2005 жылға қарай 400 мыңнан аса қоймайды деп болжанса, бүгінде ол 700 мыңды құрап отыр.

Соңғы жылдарғы құрылыс көлемі мен мерзімдері бұрын-соңды болған емес: білім және денсаулық сақтау нысандары тұрғызылып, тұрғын үйлер, жаңа өнеркәсіптік нысандар, индустриялық парк салынууда.

Елорда көшкен сәттен бастап Астананың аумағы 2,5 есе ұлғайды. Негізгі капиталға 1,5 трлн теңгеге жуық инвестиция салынып, 4,5 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді.

Қалада 650 құрылыс алаңы жұмыс істейді. Олар бір сәтке де толас таппайды. Таяудағы бірнеше жылда 10 млн шаршы метрден астам тұрғын үй және офистік тұрақ жайлар іске қосылады.

Құрылыс индустриясын және соған ілеспе өндірістерді дамытумен қатар Астана жаңа экономикалық кластерлердің дамуына мүмкіндік беріп отыр. Елордада қонақүй бизнесінің, қызмет саласының және, әрине, туризмнің зор әлеуеті бар. Астана туралы айтқанда, жаңа елорданы тұрғызып жатқандардың баршасының еңбегін атап өтпеуге болмайды. Бұл барлық астаналықтардың, барша қазақстандықтардың еңбегі екені сөзсіз.

Мен Қазақстанның елордасы бірлесу ордасы, егемен Қазақстан өркендеуінің нышаны болатынына сенімдімін.

Осылайша, біз Қазақстанды дамытудың ұзақ мерзімді стратегиясын ойдағыдай іске асырудамыз. Міндеттердің бір бөлігі қазірдің өзінде шешілді, бірқатар міндеттерді алдағы жылдары шешетін боламыз. Біз жолдың үштен бірін ғана өттік.

Әлі көп нәрсені жасауға тура келеді.

«Қазақстан – 2030» стратегиясының шешуші мақсаты бұрынғысынша болып қала береді – біздің мемлекет 2030 жылға қарай әлемнің барынша дамыған елдерінің қатарына кіруі тиіс. Осылайша біз халқымыздың осынау ұлы мақсатына қарай дәйектілікпен ілгерілейтін боламыз.

Осы заманғы дүниеде жеңіс пен табыстарды инновациялар енгізген және инновациялық көш-басшылыққа қол жеткізген мемлекеттер күтеді. Сондықтан индустриялық Қазақстан инновациялық Қазақстанға айналуы тиіс.

Біз жоғары технологиялық өнім өндіретін, жетекші әлемдік рыноктармен бәсекеге қабілетті елге айналуға тиіспіз. Осымен бір мезгілде қазақстандықтардың өмір стандарттары әлемнің озат елдерінің деңгейіне дейін көтерілуі керек.

Бірақ барлық осы мақсаттарға қол жеткізу үшін біздің бүгінгі ғана емес, сонымен бірге еліміздің болашақ берекеттілігіне негізделген «үш кит» туралы есте ұстау керек. Бұл – халықтың сенімі мен сенуі. Бұл – адам капиталын дамытудың жоғары деңгейі. Бұл – ішкі саяси тұрақтылық пен ұлт бірлігі.

Сондықтан да біз бәріміз бірлесіп, ел өркендеуінің негізін құрайтын осынау шешуші құндылықтар мен ұлттық байлықты сақтауға тиіспіз.

Каспий маңындағы мемлекеттердің  
II саммитінде

## СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Иран Ислам Республикасы,  
Тегеран қаласы,  
2007 жылғы 16 қазан

**Құрметті Төраға!**  
**Құрметті әріптестер!**

Осыдан 5 жыл бұрын, 2002 жылдың сәуірінде, Ашғабадта Каспий маңындағы мемлекеттердің бесжақты бірінші саммиті өтті. Ол біздің елдердің алдағы ынтымақтастықты дамытуға жасаған маңызды қадамымыз еді.

Ол жолғы келіссөздер достық рухында өткенмен, біз кейбір мәселелер жөнінде өзара түсіністікке

қол жеткізе алмаған едік. Бірақ, біз соған қарамастан, орын алып отырған мәселелер бойынша жүргізілетін жұмыстың нақты бағыттарын белгілегенбіз.

Осы жылдар ішіндегі келіссөздер үдерісінде Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі жөнінде елеулі ілгерілеу байқалды. Осы кездесуде бес жақты экономикалық және мәдени байланыстардың жаңа кезеңіне аяқ басатын шығармыз деп үміттенеміз. Ол тұрақтылықты сақтауды, экономикалық және мәдени ілгерілеуді, жемісті өзара іс-қимыл мен өзара сенімді ынталандыруды қамтамасыз етеді.

Біз Каспийде тиімді ынтымақтастық аймағын құру туралы сөз еткенде, алдымен сенімді әрі бәрін қамтитын құқықтық тетік жасауды еске аламыз. Оның мақсаты Каспий өңірінде саяси және экономикалық қауіпсіздікті қалыптастыру болып табылады.

Біздің мемлекеттеріміз келіссөздер үдерістерінің нәтижелі болуын арттыра түсу үшін бұдан да белсенді әрі ұтымды қадамдар жасаулары керек.

Әсіресе басты құжат болып табылатын – Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияны тездетіп қабылдаудың маңызы ерекше. Бұл шарт, басқа да халықаралық актілермен бірге, Каспий маңындағы елдер ынтымақтастығының негізгі бағыттарын реттеуге септігін тигізеді.

Біздің саммитіміздің басты мақсаты, Каспийдің заңнамалық тәртібінің түйінді мәселелерін келісіп алу үшін, Каспий ұнқатысуын одан әрі дамыта түсу және саяси шешімдерге қол жеткізу болып табылады.

Каспий теңізінің болашақ құқықтық мәртебесінің реттелмеген мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының ұстанымдарын қысқаша еске салып өтуге рұқсат етіңіздер.

Біз бұрынғыша Каспий аумағын ішкі сулар аймағы, территориялық теңіз (12 теңіз милінен кем емес), балық аулау аймақтары (25–30 теңіз милінде) және жалпы су кеңістігі деп төрт аймаққа бөлу қағидатын ұстанамыз. Біз осы нұсқа неғұрлым тиімді және теңіз жағасындағы барлық мемлекеттердің мүдделеріне сай келеді деп есептейміз. Бұл ретте негізгі назарды атауларға емес, осы аймақтардың ені мен құқықтық режимін айқындауға аудару керек.

Территориялық теңіздің сыртқы межесі, біздің ойымызша, мемлекеттік шекара болып табылуы керек. Оның аумағында жағалаудағы мемлекеттер толық юрисдикцияға және барлық билікке ие бола алады.

Бұл аймақтардағы тиісті тараптар балық аулаудың барлық құқықтарын иеленеді. Каспий маңындағы мемлекеттер ашық теңізде кеме қатынасы еркіндігіне ие бола алады және келісілген



балық аулау әрі өндіруді лицензиялау квотасының негізінде балық аулай береді.

Жағалаудағы мемлекеттердің Каспийдің биоресурстарын пайдалану, қорғау және көбейту саласындағы ғылыми негізделген заңнамалық құжатты тиісті бестараптық қол қою жолымен тездетіп бекіту мәселесіне жеке тоқталғым келеді.

Біздің пайымдауымызша, барлық ауланатын балықтың 45 %-ын – Иран, 27 %-ын – Ресей, ал қалған 28 %-ын Қазақстан, Түрікменстан және Әзірбайжан үлесетін квота бөлісудің қолданыстағы тетігі бүгінгі шындыққа жанаспайды. Мұндай кемсітушілік ұстанымды қайта қараудың қажеттігіне Түрікменстан мен Әзірбайжан да қарсы болмас деп ойлаймын. Бұрынғы кеңес-иран келісімі келмеске кеткен. Қазір Каспий жағалауында бес тәуелсіз мемлекет тұрып жатыр.

Каспий теңізінің табаны мен кен байлығын межелеуге келсек, тағы да Қазақстан, Әзірбайжан және Ресей арасындағы келісімде қол жеткен оң тәжірибеге сүйенген дұрыс деп ойлаймын, ол Каспийдің солтүстік бөлігіндегі мұнай-газ қорын игерудің халықаралық-құқықтық негізін заңдастырып берді және сол арқылы тұрақты инвестициялық ахуал орнықтырды.

Каспий маңындағы мемлекеттердің барлық көліктер транзитіне еркіндік беретін және бірсыпыра халықаралық әмбебап келісімдерде қарасты-

рылған құқығы туралы ереже де осы Конвенцияда бекітілуі тиіс.

Бұл жерде әңгіме кемелер туралы ғана емес, сонымен қатар көліктің басқа да түрлері туралы, оның ішінде су астындағы құбырлар туралы да болып отырғанын ескерте кеткім келеді.

Каспий маңындағы көмірқышқыл ресурстар қазба байлықтарын үздіксіз игеруді бастау, оларды тасымалдаудың іске асыру жобасын барынша жеделдетуді талап етеді. Мемлекеттердің экономикалық мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында, Қазақстан жағының пікірінше, құбырларды төсеу жолдары, олар басып өтетін тараптардың келісімімен жүзеге асырылуға тиіс.

Бүгінгі қалыптасқан нақты жағдайды, сондай-ақ өңірдегі геосаяси ахуалды ескере отырып, Каспий жағалауындағы елдердің арасындағы өзара ынтымақтастық теңдестірілген, ықпалды әрі жауапкершілікті ұстанымдардың үлгісі болуы керек.

Қазақстан Каспий теңізі өңіріндегі елдермен тату көршілік саясатты адалдықпен берік ұстап келеді. Оған Теңіздегі қауіпсіздік пен тұрақтылық жөніндегі сенімді нығайту мақсатындағы іргелі негіздемелерді бекіту туралы саммиттің қорытынды декларациясының жобасындағы біздің бастамаларымыз дәлел бола алады.

Осы бағытта Каспийді қарусыздандыру неғұрлым көкейге қонымды нұсқа болып табылады. Мен мұнымен бәріңіз де келісетіндеріңізді білемін,

сондықтан назарларыңызды Каспий теңізіндегі қару-жараққа бақылау қоюдың бестараптық тетігін құру туралы айтылып жүрген идеяға бұрғым келеді, ол қауіпсіздікті сақтаудың және шиеленістерді болдырмаудың тағы да бір сенімді кепіліне айналар еді.

Қазіргі таңда Каспий теңізіндегі әскери-теңіз қимылдарын шекаралық ведомстволардың теңіздік бөліктеріндегі міндеттер мен функциялармен шектеуді ұсынамыз.

### **Құрметті әріптестер!**

Бүгінгі келіссөздер – бұл Каспий маңы елдерінің достық қарым-қатынасының айқын айғағы және тығыз ынтымақтастыққа ұмтылудың ортақ көрсеткіші болып табылады.

Қазақстан Каспий өңіріндегі елдермен әртүрлі салада серіктестікті тереңдете түсуге мүдделі. Біз мұндай мүдделілікті Каспий теңізінің жағалауындағы басқа елдер тараптарынан да көріп отырмыз.

Біз Иран Президентінің теңіз мәртебесі мәселесін реттеп отыру жөніндегі Каспий маңы елдері сыртқы істер министрлерінің кездесулерін жиі өткізіп тұру туралы ұсынысын қолдаймыз.

Біз Құқықтық арқауды қалыптастыру жөніндегі сарапшылардың арнайы жұмыс тобының жұмысына оң баға береміз, ол Каспийде барлық бағыттар бойынша тиімді әрі жедел ынтымақтауға мүмкіндік жасайды және Каспий теңізінің

құқықтық мәртебесі туралы конвенция жобасы жұмысының тезірек аяқталуын күтеміз.

Тегеран кездесуі достықты нығайту, өзара түсінісу және елдеріміздің өркендеуіне лайықты үлес қосатынына сенімдімін. Бұл үшін бізде қажетті алғышарттар мен жағдайдың, ең бастысы, ерікті күш-жігердің бәрі бар.

Біз өз күш-жігерімізді біріктірген жағдайда ғана көздеген мақсатымызға – Каспий теңізінің бәрін қамтитын құқықтық мәртебесіне қол жеткізе аламыз.

**Қазақстан Республикасы астанасының  
көшірілуінің 10 жылдығына арналған  
салтанатты жиналыста**

## **СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ**

Астана қаласы,  
2007 жылғы 10 желтоқсан

### **Қымбатты достар!**

Астананың 10 жылдық тарихы туралы басты сөздер жазда, шілдеде, біз Қала күнін халықаралық деңгейде атап өткен кезде айтылатын болады. Алайда бүгін мен осынау мінберге шықпай және осынау тамаша күнде бірер сөз айтпай тұра алмадым.

Жаңа астана тұрғызу идеясы менде тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап пайда болған. Астаналарды көшіру кез келген мемлекеттің өміріндегі әрдайым айрықша тарихи кезең.

Астанаға алғаш келген Испания королі Хуан Карлос I Испания үшін тәуір дерлік емес кезеңде король Филипп II астананы орныққан елорда Толедодан елдің қазіргі орталығы – Мадридке қалай көшіргені жайлы айтқаны есімде. Ол елде де қызу дауларсыз болмаған екен.

Жаңа астана салудың жарқын мысалы – АҚШ-тың тұңғыш президенті Джордж Вашингтонның нұсқауы бойынша жан баласы тұрмаған жерде салынған Вашингтон. Құрама Штаттар үшін британ тәжінен азат болудың символы ретінде астананың зор саяси мәні болды.

Финляндия XIX ғасырдың басында астаналарын Туркуден Хельсинкиге, Норвегия – Тронхеймнен Ослоға, Үндістан – Калькуттадан Делиге көшірді.

Ресейде астана ауысудың 2 ретінде де оның тарихи зор мәні болды. Біздің басқа көршіміз Қытай өз тарихында астанасын 6 рет көшірген. 1923 жылы Түркия астананы Ыстамбұлдан Анкараға көшірді. Ал Бразилияда 1960 жылы жаңа астана – Бразилиа салына бастады, мен онда жуырда ресми сапармен болдым. Бразилияның серпінді дамуының басталуы шамамен осы жылдарға келеді.

Немістер Германия біріккеннен кейін алғашқы атқарғандары – астаналарын Берлинге көшірді, мұның өзі герман мемлекеттілігінің сабақтастығын бейнелейді.

Біздің жас та тәуелсіз мемлекетіміздің түбегейлі мүдделері де астананы көшіруді талап етті.

Осылайша 1994 жылғы шілдеде 13-ші шақырылымдағы Жоғарғы Кеңестің отырысында мен осындай ұсыныс жасадым.

Парламенттегі қызу пікірталас есімде, бір депутаттар менің идеямды сөзсіз қолдауды ұсынса, енді біреулері біздің сол тұстағы онсыз да жүдеу қаражатымызды төгіп-шашатын уақыт емес екенін мәлімдеп, тас қорғанысқа көшті. Бұған мен оларға: «Астананы көшіруге арналған қайтарымсыз шығындар тікелей көшіп баруға жұмсалатыны ғана, ал қалаға жұмсалатынның бәрі – бұл болашаққа салынған инвестициялар», – деп жауап бергенмін.

Тақыр жер өздігінен елдің байлығы бола салмайды. Ол жер қойнауынан әлі өндірілмеген байлық іспетті. Жер бетінде тұрғызылған нәрселер ғана елдің активі болып табылады. Олай болса, біз өз Отанымызды орасан зор тұтас бір қалаға байыттық. Оның болашағы – әлі алда.

Біз бүгінде бүкіл еліміздің игілігі болып табылатын жаңа астанаға ие болдық. Бүгінде, астананы көшірген сәттен бар-жоғы 10 жыл өткенде, қаланың халқы 3 есе көбейді. 2010 жылдың өзінде-ақ халық санының 1 млн адамға дейін көбеюі күтіліп отыр. Осынау ақиқат көрсеткіш біздің әлемдегі ең жас елордамыздың табысын бәрінен де артық қуаттайды.

Астана арқылы біз жаһандық әлемге жаңа Қазақстанды аштық. Алайда бәрінен бұрын бұл

қаланы өзіміз үшін, өз Отанымыз үшін жаңаша аштық.

Астананың құрылысы осынау жылдары біздің еліміздің әлеуетін танытып, бүкіл посткеңестік кеңістіктегі ең орасан мегажобаға айналды.

Бүгінде Астана – Қазақстанның жаңа тарихы жинақталған орын. Астанаға қарап, біздің бүкіл мемлекетіміздің дамуы туралы пікір түюге болады.

10 жылда қаланың өңірлік жалпы өнімі 17 есе өсті! Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 20 еседен астамға ұлғайып, 400 млрд теңгеге жетті.

Бұл өте салмақты көрсеткіштер. Елорда өсіп келеді, соңынан бүкіл Қазақстанды ертіп, ілгерілеп келеді.

Астананың халқы – Қазақстандағы ең жас ұрпақтың бірі. Астаналықтардың орташа жасы 32 жыл. Мұнда жастар бүкіл елімізден оқу үшін де, жұмыс істеу үшін де ағылып келуде. Жас мамандар лайықты да жақсы жалақысы бар жұмысқа тұруда, сондықтан Астанадағы тұрмыс деңгейі еліміз бойынша ең жоғарылардың қатарында. Біз музыкалық білім беру мекемесі мен Еуразия университетін неге бірден сала бастадық? Өйткені бұл біздің осы қалада ұзақ мерзімге орныға бастағанымызды және оның болашағы туралы ойлайтынымызды білдіреді.

Соңғы 10 жылдағы қаланың өзгерісі ол салына бастағаннан бергі өзгерістердің бәрінен де көбірек.



Әсіресе Есілдің сол жағалауындағы қаланың жаңа орталығы тәнті етеді, оның қала түзушілік идеясын бүкіл әлемге танымал архитектор Кисе Курокава және басқа сәулетшілер айрықша шабытпен әзірлеген болатын.

Оның аса маңызды қағидаты – бір тұрпатты, бір-біріне ұқсайтын ғимараттар болмауы керек. Ендігі бір қағидат мынада: Астана – бұл еуразиялық қала, ол әлемнің барлық тараптарының – Батыс пен Шығыстың, Солтүстік пен Оңтүстіктің мәдениеттерінің жай қосындысымен емес, солардың үйлесімімен, кірігуімен ерекшеленеді. Бұл күрделі, бірақ та нақты іске асатын міндет еді.

Астана көз алдымызда өсіп, құлпырып келеді, ол ең болмағанда бір рет көргендерді таңдандырып, өзіне ынтық етеді.

Кезекте «Хан шатыр» және «Әбу-Даби Плаза» кешендері секілді алып жаңа жобалар тұр. Көп кешікпей 3500 орындық концерт залы пайдалануға беріледі. Біз жазда нақ сонда Астананың 10 жылдығын атап өтеміз деген үміттемін.

Біздің ауа райы жағдайларын ескере отырып, 30 мың орындық жабық стадион салудамыз, ол да 6 шілдеде пайдалануға беріледі.

10 мың орынға арналған велотрек, жедел медициналық жәрдем ҒЗИ-і, кардиологиялық және нейрохирургиялық республикалық ғылыми орталықтары, диагностикалық орталық салынуда. Мұның бәрі келесі жылы пайдалануға берілетін болады.

Елордада әлемдік стандарттар деңгейіндегі ғылыми ағартушылық орталық салынып, қуатты медициналық кластер ұйымдастырылады. Индустриялық парк құрылысы жүргізілуде, ол осы заманғы жоғары технологиялық өндірісті қамтиды.

Астана бүгінде сәулетімен ғана дараланып қоймай, бау-бақшалы қалаға айнала түсуде. Астана төңірегіндегі 50 мың гектарлық орман соңғы шек емес. Біз Шортанды – Бурабай курорттық аймағын Астанамен орман арқылы жалғастыруды жоспарлаудамыз. Бар-жоғы 50 шақырым қалды. Бұл жасыл белдеу қаланы жазғы аңызға жел мен қысқы борандардан қорғауда. Осының арқасында біздің қалада климат өзгерді. Алайда бәрінен бұрын ол біздің сезімдеріміздің арқасында өзгерді деп ойлаймын. Астана орасан зор дала өлкесінің кіндігіндегі жасыл шұратқа, экологиялық жағынан таза мегаполистің өнегесіне айналады.

Астананың миссиясы мынада: бүкіл еуразиялық кеңістікте үлгілі елордаға айналу үшін Қазақстанның тұрлаулы дамуының жеделдеткіші болуы керек.

Елорданың құрылысы – бүкіл халықтың, бүкіл мемлекеттің ісі.

Мен Астана көп кешікпей әлемнің ең тартымды және бәсекеге қабілетті елордаларының қатарына кіретініне сенімдімін.

## Қымбатты достар!

Жаңа елорда – біздің Отанымыз үшін біздің сүйікті Қазақстанымыздың жаңа болашағының жарқын да ізгі беташары болды.

Осында Сарыарқаның байырғы жерінде ел болашағының жай астанасы ғана емес, бесігі дүниеге келді. Астананың тарихы мен қазақстандықтардың тағдыры бір-бірінен ажырағысыз. Егер біздің тарихымызда Астана болмаған болса, біздің Қазақстан дәл бүгінгідей болмас еді.

Тәуелсіздік Астананы өмірге келтірді. Өз кезегінде Астана біздің Тәуелсіздігімізді қуаттап, дамыта түсуде.

Астана жарқын, қуатты да өркенді, барша қазақстандықтарды біріктіретін және алға қарай ұмтылған қалаға айналды.

Астана біздің Отанымыздың жүрегіне, халықты біріктірген ұлттық идеяға айналды, ол халықтың өз күші мен ұлы мақсаттарына деген сенімінің символына айналды.

Бүгінде бүкіл Қазақстандағы секілді Астанада жүзден астам ұлыстардың өкілдері тұрып жатыр. Бұл күн сайын қоныс тойы, күн сайын мереке, үйлену тойлары болып жататын қала. Ондаған мың қоныс тойлары, жаңа отбасылар мен жаңа тағдырлар қаласы.

Халықтар достығы, өзара түсіністік пен ынтымақтастық – міне, біз Астананы және жаңа Қазақстанды тұрғызып жатқан негіз осы!

Қазақстан Республикасының  
Тәуелсіздігі күніне арналған  
салтанатты жиналыста

## СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,  
2007 жылғы 14 желтоқсан

**Құрметті жиналысқа қатысушылар!  
Қымбатты қазақстандықтар!**

Адам өміріндегі 16 жыл – есею және азаматтық паспорт алатын уақыт.

Бүгін біз Қазақстан өзінің 16 жылдық тәуелсіз дамуында әлемдік қауымдастықтың толық құқылы, жауаптылықты сезінетін және құрметті азаматы ретінде қалыптасты деп сеніммен және мақтанышпен айта аламыз.

Біздің еліміз осынау есею жылдары ішінде кездескен көптеген сынақтарға лайықты шыдамдылық көрсете білді.

Одақ ыдырағаннан кейін Қазақстанға тиген басты мұра ауқымы жағынан көз көріп-білмеген жүйелі дағдарыс болды. Біздің еншімізге бәсекеге қабілетсіз экономика, басқарудың ескірген жүйесі және қол-аяғы құрсаулы мемлекеттік аппарат тиді.

Бұл біз бастан өткерген алғашқы ең ауыр да созылмалы дағдарыс болды. Сол кезде бізге қиыншылықтарға төтеп беріп қана қоймай, сонымен бірге макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етіп, ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаттар құру үшін негіз қалауға жағдай жасаған бетбұрыстық сипаттағы реформаларды жүргізудің сәті түсті.

Реформалардың шапшаңдығының, батылдығы мен тереңдігінің арқасында Қазақстан 1998 жылғы Азия қаржы дағдарысы туғызған екінші сынақтан да салыстырмалы түрде алғанда ауыртпалықтарсыз өтіп, тез бой түзеп кете алды.

Біз одан жап-жақсы сабақ алдық, сөйтіп сол кезден бастап қиын күндерге қаржы қалдыра отырып, елдің қаржылық әлеуетін үнемі нығайтумен болдық. Елдің жалпы алтын-валюта резерві, Ұлттық қордың қаржысын қоса алғанда, 40 млрд долларға жақындады.

Біз мемлекеттік қаржы мен жеке меншік банк жүйесі сыртқы сілкіністерге төтеп бере алатындай

болуы үшін қолдан келгеннің бәрін жасадық. Және онымыз босқа кеткен жоқ.

2 сынақты бастан өткерген біздің экономикамыз бүгінде АҚШ-тың ипотекалық секторындағы қиыншылықтар салдарынан бүкіл әлемге тараған жаңа дағдарыстың ықпалын сезінуде.

Батыстағы кейбір ірі қаржы институттары дефолтқа, тіпті банкротқа ұшыраған жағдайларда, қазақстандық қаржы жүйесі өзін тұрақты әрі тиімді жұмыс істеп тұрған жүйе ретінде таныта білді.

Дегенмен, халықаралық қаржы нарығындағы шиеленісті ахуал қазақстандық банктер үшін сыртқы қорландыру тапшылығын туғызуда.

Экономикамыздың тұрақты әрі қарқынды өсуі өндіріс пен тұтыну көлемінің артуына жағдай жасауда. Ол өз кезегінде экономиканың инвестицияларға деген сұранысын ұлғайтады.

Осыған байланысты, менің тапсырмам бойынша, Үкімет пен Ұлттық банк сыртқы конъюнктураның ықпалына егжей-тегжейлі талдау жасап, тиісті қарсы шаралар әзірледі.

Бүтіндей алғанда, дұрыс экономикалық стратегияның, алтын-валюта резервінде жасалған қордың және Ұлттық қордың арқасында біз аса үлкен күш-жігер жұмсамай-ақ әлемдік экономиканың циклдық құлдырауларына қарсы тұрып және жігін жатқызып, ел экономикасының тұрақты өсуін қамтамасыз ете аламыз.

Мен бұл мысалдарды елді тұрақты және табандылықпен нығайтудың, оны жаңғыртудағы күш-жігерді босаңсытпаудың қаншалықты маңызды екенін көрсету үшін келтіріп отырмын.

Осы жылдар бойы біз ішкі дамудың зор әлеуетін әйгілей отырып осылай жасадық.

90-шы жылдардағы құлдыраудан соң, 2000 жылдан бастап біздің экономикамыз ІЖӨ-нің 9–10 %-дық өсімімен дамып келеді.

Биылғы жылы елдегі ІЖӨ жан басына шаққанда 7 мың доллардан асып түсетін болады. Банк жүйесіндегі депозиттер 3,5 трлн теңгені құрайды. Отандық зейнетақы қорларындағы зейнетақы салымдарының өсімі 1,1 трлн теңгеден асып түсті.

Индустриялық-инновациялық даму стратегиясына сәйкес республиканың барлық өңірлерінде нақтылы өндіріс ұлғаюда, жаңа нысандар іске қосылуда.

Осы таяуда ғана біз Павлодарда жобалық қуаты бойынша жылына 250 мың тонна алюминий құймасын шығаратын қазіргі заманғы электролиз зауытын аштық. Қуаты 270 мың тонналық әлемдік деңгейдегі жіксіз болат құбырлар зауыты да осында іске қосылды. Осы зауыттардың өздері ғана 10 мың жұмыс орнын ашатын болады.

Қазақстанда тұңғыш рет жүк және жеңіл автомобильдер құрастыру басталды.

«Шар – Өскемен» жаңа теміржол желісі пайдалануға берілді.

Ақтөбеде қуаты 6 млрд текше метр газ өңдейтін Жаңажол газ өңдеу зауытының бірінші кезеңі іске қосылды. 2008 жылдың жазында «Теңізшевройл» екінші буынның зауытын ашатын болады. Ол мұнай өндіруді 12 млн тоннаға дейін арттырмақ.

Таяудағы бірнеше жылда біз ондаған жаңа индустриялық нысандарды іске қосатын боламыз.

Ауыл шаруашылығы белсенді дамып келеді. Жемісін де көріп отырмыз. Соңғы 10 жылда ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісінің көлемі 3 есе дерлік артты.

Биылғы жылы ауылшаруашылық дақылдарының барлық дерлік түрлері бойынша жақсы өнім алынды. Әсіресе, ел диқандары жақсы көрсеткіштерге қол жеткізді. Бүгіндей алғанда, республика бойынша 22,5 млн тоннадан астам астық жиналды.

Дәстүрлі түрде ең көп өнім Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстарында жиналды.

Қазақстан астық өндірісінің жан басына шаққандағы көлемі мен ұн экспорты бойынша әлемде бірінші орынға шықты.

Осыны пайдалана отырып, ауыл еңбеккерлерін биылғы жылдың табысты нәтижелерімен құттықтағым келеді. Сіздердің еңбектеріңіздің арқасында елде азық-түлік қауіпсіздігінің берік кепілдігі орнығып, сонымен бір мезгілде, Қазақстанның әлемдік азық-түлік рыногындағы көшбастаушылық позициясы нығая түсуде.



Жемісті еңбектерін атап көрсете отырып, мен өз жарлығыммен республика ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің үлкен тобын мемлекеттік наградалармен марапаттадым. Ал, қанеки, бәріміз оларды құттықтап қояйық!

Осы жылдар ішінде біздің негізгі мақсатымыз әлеуметтік бағдарланған экономика құру, азаматтардың экономикалық игілігі болды.

Және бізге адам әлеуетін дамытудың тиімді моделін қалыптастырып, өмір сапасының қазақстандық ұлттық стандартының негізін қалауға қол жеткізу мүмкіндігі туды.

Бүгінде біз Қазақстан – өзінің азаматтары үшін бойына жауапкершілік алатын, ал олар өз кезегінде өздеріне ортақ құндылықтар мен қоғам мүддесі үшін жауапкершілік жүктейтін мемлекет деп сенімді түрде мәлімдей аламыз. Бұл ел – игілікті өмір құру үшін әркімнің мүмкіндігі бар ел. Бұл ел – бар нәрсенің басында адам, оның білім алуы, денсаулығы мен әлеуметтік қорғалуы тұратын ел.

Тек соңғы 10 жылда ғана адам капиталының әлеуетін айқындайтын салаларға – білім беруге, ғылымға, мәдениетке, денсаулық сақтау мен тұрғындарды әлеуметтік қорғауға мемлекеттің шығыны 8,7 есе өсті. Әлемде әлеуметтік-гуманитарлық саланың даму қарқыны осындай деңгейге көтерілген мемлекеттер өте аз.

Біздің тұрғындарды әлеуметтік қорғау саласындағы табыстарымыз да талассыз.

1997 жылдан бергі кезеңде еңбекақының ең төменгі өлшемі 4,5 еседен астамға өсті, орташа айлық номиналды еңбекақы 8,5 мың теңгеден 50 мың 800 теңгеге дейін – 6 есеге жуық артты.

Барлық соңғы жылдар бойында орташа еңбекақы деңгейі жөнінен Қазақстан ТМД-да көшбасшы елдердің бірі болып табылады.

2002 жылдан бастап реформалау жүзеге асырылып, бюджет саласы қызметкерлерінің еңбекақысын өсіру үдерісі қалыптасып келеді. Оның деңгейін жүйелі арттырудың арқасында 2007 жылы бюджетшілердің еңбекақысы 2,5 еседен астамға артты.

Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының орташа көлемі 1998 жылдан бері 3 есеге жуық өсті. Бүгінде 630 мыңдай адам мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алады. Олар – мүгедектер немесе асыраушысынан айырылған адамдар.

Біз зейнетақы жүйесін реформалауды табысты жүргіздік.

Арқаулық зейнетақы төлемдерін есепке алғанда, ең төменгі зейнетақы көлемі 1998 жылдан бері 4,3 есе, ал зейнетақы төлемдерінің орташа көлемі 3,3 есе көбейді. 1,6 млн-нан астам адам мемлекеттік зейнетақыны республикалық бюджеттен алады.

2012 жылға қарай зейнетақының орташа көлемі тағы да 2,5 есеге ұлғайтылатын болады.

Кедейшілік деңгейін төмендету әлеуметтік саясаттың басты бағыттарының бірі болып келді және

осылай болып қала береді. 2000 жылдан бері біз кедейшілікпен және жұмыссыздықпен күрестің екі бірдей бағдарламасын табысты жүзеге асырып үлгердік.

Қазіргі таңда елімізде табыстары ең төменгі өмір сүру деңгейінен төмен тұрғындардың үлесі 3,6 есеге азайды.

Кедейшілік шегінен төмен табыстары бар тұрғындардың үлесі 2002 жылғы 8 %-дан 6 есеге жуық азайып, жалпы тұрғындар санының 1,4 %-ын құрап отыр.

Демографиялық жағдайды жақсарту мәселелеріне де үлкен назар аударылуда. 2003 жылдан бері бала туумен байланысты төленетін бір реттік мемлекеттік жәрдемақы бір айлық есептік көрсеткіштің 15 еселенген көлемінде төленіп келе жатқаны белгілі.

Болжам бойынша, 2008 жылы 315 мыңнан астам әйел бала туғаны үшін 35 мың теңге көлеміндегі бір реттік жәрдемақы алмақ.

Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен мүгедектерін, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдарды және тұрғындардың осал топтарын әлеуметтік қолдау мақсатында оларға арнайы мемлекеттік жәрдемақы төленеді. Республиканың барлық өңірлерінде соғыс ардагерлері мен мүгедектеріне санаторийлер мен курорттарда тегін емделуге мүмкіндік туғызылады.

2002 жылдан бастап, мүгедектерді оңалтудың екінші бағдарламасы табысты жүзеге асырылуда.

2008 жылы 400 мың мүгедекке әлеуметтік төлемдер бойынша 52 млрд 700 млн теңге қарастырылса, қосымша әлеуметтік қызметке 11 млрд-тан астам теңге көзделіп отыр.

Тұтастай алғанда, 90-шы жылдардың аяғымен салыстырғанда әлеуметтік қамсыздандыруға шығындар 3 еседен астамға өсті және ол 2008 жылы 545 млрд теңгеге жетті.

Сіздер қазіргі таңда тарихи отанына оралғысы келетін отандастарын қорғаудың арнайы бағдарламасы аздаған елдерде ғана бар екенін білесіздер.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бері мемлекеттің қолдауымен тұрақты тұру үшін Қазақстанға шамамен 650 мың отандасымыз оралды. Өз беттерінше көшіп келушілерді есептегенде, бұл миллион адамнан асады.

Қайта қоныстандыру және оралмандарды әлеуметтік қорғау үшін біз жылына 11 млрд теңге бөлеміз. Оралмандарды бейімдейтін үш арнайы орталық жұмыс істейді.

Тағы бір маңызды бағыт тұрғындарды еңбекпен қамтуды жоғарылату саясаты болып табылады. Жыл сайын елімізде шамамен 230 мың жұмыс орны құрылады. Бүгінде бізде тіпті түрлі мамандықтағы білікті жұмысшылар жетіспеушілігі проблемасы туындап отыр.

Еліміздің барлық өңірлеріндегі кәсіпорындарда дамыған мемлекеттерде кеңінен қолданылатын қауіпсіздікті басқару мен еңбекті қорғаудың халықаралық стандарттар жүйесі енгізілуде.

Осылайша, экономиканың әлеуметтік бағдары қағидатын дәйектілікпен жүзеге асыра отырып, Қазақстан бүгінде әлеуметтік жауапкершілікті мемлекет атағына лайық.

Таяу жылдары біз әлеуметтік салада жаңа және бұрынғыдан да жоғары белеске көтерілуге тиіспіз.

Біз Қазақстанның бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіретіндігі туралы айтқанда, бұл әйтеуір алға қоя салған мақсат болып табылмайды. Біз адамдарымыздың өмірін де осындай деңгейде жақсартқанды қалаймыз. Мен бұған қол жеткізетінімізге сенімдімін.

Бірақ біз, барлық қазақстандықтар, бұған экономиканың өсімі үшін жанкештілікпен еңбек еткенде ғана қол жеткізе алатынымызды түсінуге тиіспіз. Біз әлеуметтік қажеттіліктерге еңбекпен тапқандарымызды ғана жұмсай аламыз. Мұны барлығымыздың ескергеніміз жөн.

Азаматтардың денсаулығын сақтау мәселесі де шешуші басымдықтардың бірі болып табылады. Біздің мақсатымыз – қазақстандықтардың дені сау ұлт болуы. Оның бәсекеге қабілеттілігінің маңызды кепілі, міне, осында.

Соңғы 10 жылда мемлекеттің денсаулық сақтау саласына жұмсаған шығыны 13 есе өсіп, үстіміздегі

жылы 338,5 млрд теңгені құрады. 1991 жылдан бері денсаулық сақтаудың 290 нысаны салынып немесе қайта жөнделіп, оларға 100 млрд теңгеден астам қаржы жұмсалды.

Денсаулық сақтауды реформалау мен дамытудың 2010 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы табысты жүргізілуде. Денсаулық сақтаудың алдын алу қағидаларына салмақ нүктесін алғашқы медициналық-санитарлық көмекке ауыстыра отырып өту саланың басымдығы болып табылады. Соңғы 5 жылда алғашқы көмек көрсету буынын құрал-жабдықтармен және медициналық техникамен жарақтандыру 3 есеге жуық өсті.

Егер осыдан 10 жыл бұрын 1200-ге жуық ауылдық елді мекен медициналық қамтусыз қалған болса, қазіргі уақытта ауылдықтар жер-жерде медициналық көмекпен қамтылып отыр.

2007–2011 жылдар аралығында 151 денсаулық сақтау нысаны және ауылдарда 300 жаңа үлгідегі емдеу амбулаториялары салынатын болады.

Тұрғындарға тегін медициналық қызмет көрсетуді қаржымен қамтамасыз ету көлемі кепілдендірілді және 2003 жылдан бастап өткен кезең ішінде мемлекеттің осыған бағыттаған шығыны 3 есеге артты.

Үстіміздегі жылдың басынан Қазақстанда Кардиологиялық қызметті дамыту жөніндегі бағдарлама жүзеге асырылуда. Астанада, Алматыда, Павлодарда аймақтық кардиохирургиялық

орталықтардың құрылысы қарастырылған және еліміздің барлық өңірлерінде 13 кардиохирургиялық бөлімшелер ашылады.

Жақын жылдары жүрек-қан тамырлары ауруларымен ауыратындардың бәрін сапалы емдеумен қамтамасыз ету қажет. Біз Қазақстанда жүрекке күрделі операция жасауды, сондай-ақ органдарды ауыстыруды жүзеге асыратын боламыз.

Тек биылғы жылдың ішінде онкологиялық ауруларды химиялық препараттармен қамтамасыз ету 2 есеге артты.

Мемлекет медицина қызметкерлерін әлеуметтік жағынан қолдау үшін барлық қажеттіліктерді жасайды. Осы жылы денсаулық сақтау жүйесіндегілердің еңбекақысы 30 %-ға өсіріліп, еңбекке ақы төлеуді саралау енгізілді. Бұл дәрігерлердің еңбекақысын тағы да 50–70 %-ға көбейтуге мүмкіндік туғызды.

Біз өңірлерде ана мен бала орталықтарын ашып жатырмыз. Олар ең озық үлгідегі жабдықтармен жарақтандырылуда. Әсіресе, дәрігерлердің біліктілігін арттыруға, оның ішінде оларды шет елдерде оқытуға ерекше маңыз беріледі.

Мемлекеттің халықтың денсаулығын жақсартудағы қамқорлығы өз жемісін беруде.

Соңғы онжылдықта еліміздегі орташа өмір сүру көрсеткіші 2 жылға ұзарды, бала туу көрсеткіші 1,4 есеге, тұрғындардың табиғи өсімі 2,2 есеге артты. Ана мен бала өлімі 1,7 есеге қысқарды.

Денсаулық сақтау саласы алдындағы жаңа міндеттердің мәні еліміз үшін медициналық ғылым мен техникаға озық үлгідегі жаңа идеялар мен үлгілерді алып келуде болып отыр. Біз медицина саласына енгізілетін инновацияны инвестициялауды өзге де салаларда қолдануымыз қажет.

Мысалы, Астанада озық медициналық кластердің құрылуы бірегей инновациялық алаң болуы тиіс, онда әлемдік медицинаның барлық жаңа жетістіктері қолданылатын болады және тиімді емдеумен қамтамасыз етіледі.

Таяуда мен аталған кластердің тұңғыш нысаны – Балаларды оңалту орталығында және Ана мен баланың ұлттық орталығында болдым. Бұл клиникалар медициналық ғылым мен техниканың ең соңғы үлгідегі құралдарымен жабдықталған, олар жүздеген және мыңдаған бала мен ананың өмірін сақтап, денсаулығын қалпына келтіруге қызмет етеді. Бірнеше ай ғана жұмыс істеген Балаларды оңалту орталығы ондаған баланың өмірін қалыпты деңгейге түсірді.

Келесі жылы кластер аясында озық диагностикалық, нейрохирургиялық орталықтардың, сондай-ақ жедел медициналық көмек көрсететін ғылыми-зерттеу институтының құрылысы аяқталатын болады. 2009 жылға қарай өңірде ірі кардиохирургиялық орталық тұрғызылады. Және бүгінде 9 мың адам қажетсініп отырған барлық



кардиохирургиялық операцияларды біз Қазақстанда жасайтын боламыз.

Отандастарымның ең озық үлгідегі әлемдік медицинаны пайдалануға қол жеткізгендігі мені зор қуаныш сезіміне бөлейді. Мұндай жағдай Қазақстанда ешқашан болған емес.

Сондай-ақ, мені қазақстандықтардың жас буыны үшін терең білім алуға мүмкіндік ашылып отырғандығы әркез қуантады.

Біз бүгін толық білім алудың тең құқықты жүйесін құра білдік. Жоғары оқу орындарына жетім балалар мен мүгедектерді қабылдаудың квотасын енгіздік.

Тәуелсіздік алған жылдар ішінде 388 мектеп пайдалануға берілді. Осыған байланысты соңғы 10 жылда білім саласын мемлекеттік қаржыландыру көлемін 6,7 есе арттыруға қол жеткіздік.

2009 жылға қарай 136,2 млрд теңгені құрайтын тағы 240 мектеп құрылысын салу жоспарланып отыр.

Балабақшаларды қайта қалпына келтіру жөнінде мақсатты жұмыстар жүргізілуде. 2000–2007 жылғы кезеңдерде мектепке дейінгі тәрбиеге жұмсалған мемлекеттік инвестиция көлемі 6 есеге жуық артып, ол 17,2 млрд теңгені құрады.

Жалпы білім беретін мектептерді «интернеттендіру» жөніндегі жұмыстар белсенді түрде жалғастырылып келеді. Бүгінде Интернет жүйе-

сіне, ауыл мектептерін қосқанда, мектептердің 95 %-ы қосылды.

Біз Қазақстанның болашақ кадрлық әлеуетін қалыптастыруды ерте бастан қолға алдық. 90-шы жылдардағы экономикалық қиындықтарға қарамастан, менің бастамашылығыммен «Болашақ» бағдарламасы құрылды. Бүгінде жыл сайын 3 мың қазақстандық 25 мемлекеттің ең озық университеттерінде оқып жүр. Олардың көпшілігі қазірде елге оралған және біздің бүгінгі, сондай-ақ ертеңгі кадрларымыздың негізін құрайды.

Көптеген ата-аналар өз еріктерімен балаларын әлемнің жақсы университеттеріне оқытуға жіберіп жатқанын атап өтуге тиіспін. Бұл – капитал салудың ең дұрыс жолы. Бүгінде жалпы саны 20 мыңнан асатын қазақстандық шетелдерде білім алуда. Олар Қазақстанның кадрлық әлеуетінің перспективалық негізі болады.

Жастарды шетелге жіберіп қана қоймай, бірте-бірте осындай деңгейде өзімізде де оқыту үшін мен Астанада «Жаңа университет» ғылыми-білім беру кешенін құруға тапсырма бердім. Оның құрылысы қазірдің өзінде басталып кетті және ол әлемдік деңгейдегі білім беретін мекеме мен ғылыми-зерттеу орталығының табиғи қосындысы болады.

2000 жылдан бастап, қазақстандық ғылымды қаржыландыру 7 есеге артты. 2012 жылға қарай біз ғылыми және қолданбалы зерттеуге бөлінетін

қаржы көлемін 3 еседен астамға көбейтуді жоспарлап отырмыз.

Сонымен, бүгінде ғылым және білім беру салаларында жоғары қазақстандық стандарттарға қол жеткізу үшін барлық жағдайлар жасалуда. Және біз оның әлемдегі ең үздіктердің бірі болуына ұмтылуға тиіспіз.

Көріп отырғандарыңыздай, біздің жетістіктеріміз қомақты. Бірақ бұл тоқмейілсу мен селқостық сезімін туғызбауы тиіс. Алдымызда тұрғындардың аз қамтылған жіктерінің әлеуметтік тұрғыдан өздерін сезінуін одан әрі жақсарту бағытындағы үлкен жұмыстар тұр.

### **Құрметті қазақстандықтар!**

Тәуелсіздіктің үстіміздегі 16-шы жылы тарихқа түбегейлі саяси өзгерістер мен кең ауқымды конституциялық реформалар уақыты ретінде енді. Қазақстан өзінің кезекті тәуелсіздік мерекесін сапалық тұрғыдан жаңа демократиялық стандарттар мемлекеті ретінде қарсы алып отыр.

Парламент және саяси партиялар рөлінің күшейтілуі, сот билігі тармағы тәуелсіздігінің нығаюы, мәслихаттардың күшейтілуі, жергілікті өзін-өзі басқарудың дамытылуы, Қазақстан халқы Ассамблеясының жаңа рөлі, құқық қорғау жүйесінде азаматтардың құқығын қорғау тетіктерінің нығаюы – осы және басқа да шаралар елімізді

демократияландыру жолымен айтарлықтай ілгері жылжытты.

Ел Конституциясына бірқатар ауқымды өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, бұл Қазақстанда президенттік басқарудан президенттік-парламенттік басқару жүйесіне көшуді қалыптастырды. Президент өкілеттілігінің бір бөлігі Парламентке өтті.

Бүгінде біздің саяси жүйеміз арқаулық өлшемдері бойынша бүкіл әлем қабылдаған демократиялық дәстүрлер мен нормаларға сәйкес келеді. Бұл біздің тәуелсіздік жылдарында қол жеткізген тағы бір басты жетістіктеріміздің бірі болып табылады.

Қазақстан ешқашан либералдық дәстүрлерге иелік етпегенін ұмытпайық. Бірақ, қысқа мерзім ішінде деуге болады, біз өркениет әлеміне қарай бет бұрған жаңа Қазақстан, жаңа ел құра білдік.

Жаңарған Конституция идеялар мен бағдарламалар бәсекелестігіне, нағыз көппартиялық жүйеге жол ашып, еліміздің болашағы үшін жұмыс істеуде.

Тәуелсіз Қазақстанның тарихында алғаш рет биылғы жылы парламенттік сайлау пропорциялық негізде өтті. Бәсекелестік күресте шынайы халықтық партия болып табылатын «Нұр Отан» партиясы сенімді жеңіске жетті. Жеңіске жеткен партия Үкіметті жасақтады және партияның жүздеген мың мүшелері өздерінің сайлау алдындағы уәделерін іс жүзіне асыруға белсене қатысуда.

Алдағы уақытта біздің азаматтарымыздың тұрмыс жағдайын жақсарту бағдарламасын ғана емес, сонымен бірге, бәсекеге қабілетті, табысты да өркендеген мемлекет құруға бағытталған «Қазақстан – 2030» стратегиясының негізгі бағдарларын да тек «Нұр Отан» партиясының жүзеге асыратынына сенімдімін.

Биылғы жылы біздің еліміз қол жеткізген тағы бір ірі жетістікке – 2010 жылы Қазақстанға Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық ету мүмкіндігін берген әлемнің 56 мемлекетінің шешіміне айрықша тоқталғым келеді. Біздің еліміз халықаралық мойындауда және өзінің дамуында жаңа сапалық дәрежеге көтерілді.

Біздің ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету жөніндегі ұсынысымызға қолдау көрсете отырып, бұл Ұйымға қатысушы елдер еліміздің көпқырлы стратегиялық дамуының дұрыстығын және оның жалпыәлемдік трендіге сәйкестігін бір ауыздан қолдады.

Әлемдік қауымдастық елдері осы шешімдерімен біздің мемлекетіміздің экономикалық және саяси даму моделінің тиімділігін, ұлтаралық және дінаралық проблемаларды шешудегі біздің тәжірибеміздің құндылығы мен бірегейлігін мойындады.

Әлемдік қауымдастық осы шешімі арқылы Қазақстанның биылғы жылы жүзеге асырған саяси реформаларына, азаматтық қоғамды дамыту-

дағы, демократиялық мемлекет құрудағы жігерлі ұмтылысына оң баға берді.

ЕҚЫҰ – дүние жүзіндегі аса беделді халықаралық ұйымдардың бірінен саналады. Оның ең басты тарихи жетістігі планета ядролық дағдарыс табалдырығына тақаған блоктық текетірес дәуірінде бейбітшілікті сақтап қала алғандығы болды.

Қазір ЕҚЫҰ өзінің қызметін жетілдіру және жаңарту қарсаңындағы күрделі кезеңді бастан кешіруде. Бірқатар елдер Ұйым қызметінің басым бағыттарын және міндеттерін түсіндіруде елеулі пікір қайшылықтарына жол беруде.

Біздің еліміздің бұл реттегі қағидатты көзқарасы барлық жағдайда, тіпті өте өткір мәселелерде ымыраға келу қажет деп есептейді. Біз өзіміздің болашақ төрағалығымыздың негізгі міндеттерінің бірі Ұйымның барлық мүшелерінің тең құқылығын және тарихи, мәдени ерекшеліктерін ескере отырып, қалыптасқан проблемаларда ортақ қағидалар мен өзара тиімді шешімдер табу деп білеміз.

Біз ЕҚЫҰ институттарын одан әрі дамыту және нығайту, сол сияқты ЕҚЫҰ-ның жоғары қағидаттары мен стандарттарын бекіту және сақтау, Ұйым қызметінің барлық үш өлшемін бірдей дамыту бағыттарында жұмыс істейтін боламыз.

ЕҚЫҰ-ны жанжалдан кейінгі Ауғанстанды қалпына келтіру үдерісіне қатыстыру мүмкіндігінің маңыздылығын ерекше атап өткім келеді. Ұйым

осы көп зардап шеккен мемлекеттің аумағынан таралатын қауіпке қарсы күресте әлемдік қауымдастықтың бірлескен қызметін үйлестіруде қосымша құрал бола алар еді.

Қазақстанның демократияландыруда, еркін рынокты дамытуда және қауіпсіздікті қамтамасыз етуде ұстанған бағыты ЕҚЫҰ-ның дәстүрлері мен өлшемдеріне толық сәйкес келеді. Жалпы алғанда, азаматтық қоғамды жетілдіру, саяси жүйені демократияландыру, ең алдымен, Қазақстанның өз мүддесіне сай екендігін атап өту керек.

Бұл орайда біздің ұлттық мүдделеріміз көп ретте ЕҚЫҰ-ның жоғары стандарттарына сәйкес. Біз ЕҚЫҰ-ға төрағалық етудің жоғары миссиясын тек сөзсіз жетістік ретінде ғана қабылдамаймыз, сонымен бірге, мұны зор жауапкершілік деп түсінеміз.

Реті келгенде, ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету жөніндегі ұсынысымызға табанды және жүйелі түрде қолдау көрсеткен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына кіретін барлық мемлекеттердің басшыларына алғыс сезімімді білдіргім келеді.

ЕҚЫҰ-ның барлық шешімдері 100 % консенсус жағдайында ғана қабылданатындығын сіздер білесіздер. Қатысушы-мемлекеттер Қазақстанға сенім арта отырып, бізге оның қызметінің тиімділігін арттырады деп үміт жүктеді. Біз осы бір жаһандық қолдау үшін ризамыз.

Бұл біздің ғана жеңісіміз емес. Қазақстан – ЕҚЫҰ-ға төрағалық ететін бірінші ТМД елі, ол бірінші түркі елі, ол тарихи тұрғыда өркениетті ислам кеңістігіне жататын бірінші ел, ең соңында, ол бірінші азиялық ел. Сондықтан бұл – біздің ортақ жеңісіміз.

Бізге төрағалық қызметте үлкен және жауапкершілігі зор жұмыстар атқаруға тура келеді. Бұл барлық мемлекеттік органдардың, биліктің атқарушы, заң шығарушы және сот салаларының, сол сияқты саяси партиялардың және бүкіл азаматтық қоғамның күш жұмылдыруын қажет етеді. Алдағы кезеңде біздің ЕҚЫҰ-ға тиімді төрағалық етуіміздің және еліміздің ішінде іс жүзіне асыратын қызметіміздің бағдарламасы дайындалуы тиіс.

Халықаралық ең өкілетті және беделді ұйымдардың біріне төрағалық ету, біздің ойымызша, халқымыз бірлігінің тағы бір нышаны болуға тиіс және бүкіл әлемге алдыңғы қатарлы, демократиялы және бәсекеге қабілетті Қазақстанды паш етуге тиіс.

Барлық қазақстандықтарды еліміздің осы бір маңызды жеңісімен тағы да құттықтаймын!



**Ресей Федерациясы  
Сыртқы істер министрлігінің  
Мәскеу халықаралық қатынастар  
мемлекеттік институтында**

## **СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ**

Ресей Федерациясы, Мәскеу қаласы,  
2007 жылғы 21 желтоқсан

**Құрметті ханымдар мен мырзалар!  
Қадірлі достар!**

Мен бүгін дипломатиялық мамандар даярлайтын әлемдегі ең озық оқу орталығының бірінде тұрғанымды өзіме мақтан тұтамын. МХҚМИ тек Ресей дипломатиясы үшін ғана емес, басқа да елдер үшін, соның ішінде Қазақстан үшін де жоғары санатты мамандар даярлайды. МХҚМИ-ды бітіріп шыққандар Қазақстанның

саяси және экономикалық маңызды салаларында еңбек етіп жүр.

Сіздердің институттарыңызда қазір де жүзге тарта қазақстандық студенттер оқиды. Олар отандарына оралғаннан кейін дипломатиялық қызметте болсын, кез келген басқа салаларда болсын лайықты орын алатындарына сенімдімін. МХҚМИ сондай-ақ беделді ғылыми орталық болып саналады. Мұнда біздің елімізге де қажетті жас ғалымдарды даярлайды.

Мен құрметті оқытушы-профессорлық құрамды қуана құттықтаймын және маған МХҚМИ-дың Құрметті докторы атағымен қоса алдарыңызда сөйлеуге мүмкіндік бергендеріңізге ризалық білдіремін.

Сөзімді МХҚМИ-да оқып жүрген жас ресейліктер мен қазақстандықтарға арнай отырып, аздаған жылдардан соң, қазіргі жастар – сіздер де алдағы әлемдік тартыста мемлекеттеріміздің орны мен рөлін айқындайтын болатындарыңызды атап өткім келеді.

Қазіргі әлемде ұлттың бәсекеге қабілеттілігінің шешуші факторы зияткерлік әлеует болып табылады. Сондықтан біз білікті кадрларды жүйелі даярлауға өте үлкен мән береміз.

1990-шы жылдардың басындағы экономикалық қиындықтарға қарамастан, мен сол кездің өзінде, бұдан 15 жылдай бұрын, арнайы «Болашақ» бағдарламасын тағайындадым, оның аясында

қазірдің өзінде әлемнің озық университеттерінде мыңдаған дарынды қазақстандықтар білім алды. Бүгінде олар мемлекеттік органдар мен ұлттық компаниялардың жетекші орындарында еңбек етіп жүр.

### **Құрметті ханымдар мен мырзалар!**

Сіздердің алдарыңызда халықаралық қатынастар саласының беделді мамандары мен болашақ дипломаттар алдында сөз сөйлей отырып, мен қазіргі әлемдік құрылым проблемаларын, халықаралық аренадағы Қазақстанның рөлін, сондай-ақ Қазақстан-Ресей стратегиялық әріптестігін көзіме қалай елестететінімді білдіргім келеді.

Соңғы уақыттағы оқиғалар әлемдегі ахуалдың барған сайын күрделіленіп, қарама-қайшы сипат алып бара жатқанын көрсетіп отыр. Түп-тамыры мүлдем басқа және әдеттегі ұстаныммен түсіндіруге болмайтын жаңа тәуекелдер мен қауіп-қатерлер пайда бола бастады. Бірақ сонымен қоса, қазіргі әлемдік проблемалар мен шиеленістер трансұлттық сипат ала бастағаны, демек, оларды еңсеруге күш біріктірудің қажеттігі туып отырғаны күмәнсіз.

Қазақстанның сыртқы саясаты ұлттық мүдделерді қорғауды алға қоюмен қоса жаһандық және өңірлік қауіпсіздік пен тұрақтылық жолында қатерлермен күрес жөніндегі халықаралық белсенділікке бағытталады.

Біз әлеуметтік-экономикалық өсудің жоғары қарқыны – босаңсуға себеп бола алмайды деген ұғымды ұстанамыз. Біз дәйекті дамуға, сапалы құрылымдық өзгерістерге қол жеткізуге тиіспіз.

Бүгінде Қазақстанды Орталық Азия өңірінің көшбасшысы деп атайды. Және оның жөні бар. Сонымен бірге біз геосаяси үйлестіру жүйесінде Қазақстанға лайықты орынды алып беретін көшбасшылық туралы әңгіме емес, шынайы сапалық өсу деп білеміз.

Әлем ішкі және халықаралық өмірдің көптеген нақты шындығына, мемлекеттің мән-мағынасына, халықаралық құқықтың міндеті мен сипатына басқаша қарауға мәжбүр ететін жаһандану дәуіріне аяқ басты.

Жаһандық экономика ұлттық және әлемдік экономиканың өзара ықпалдасуына және дамуына жаңа ережелер ұсынады. Бәсекелестік бүкіл халықаралық шаруашылық тірліктің өзегіне айнауда. Жаңа парадигмалар аясында оқшаулануға да, қолдау-сүйеуге иек артуға да, бос қиялға да және ұзақ ойланып жатуға да орын жоқ. Кешегі уілдеген әр жыл немесе сарыла күткен бос уақыт болашақта орасан шығындарға ұшыратуы мүмкін. Осыған байланысты біз өз елдеріміз бен халықтарымыздың лайықты болашағын қамтамасыз ету үшін ширақ та табысты болуға міндеттіміз. Табиғи ресурстар сарқылмай тұрмайды. Және елімізді әлемдік қауымдастықтың құрметті мүшесі ететін де олар емес.

Сонымен, жаһандық саяси экономикалық дискурста қатерлі арандатулар мен қыр көрсетулерге алаңдаумен қоса, әлемдік шаруашылық байланыс жүйесіне қосылудың барабарлығы да бүгінгі күннің талабына айналуы тиіс.

Соңғы кезде энергетикалық қауіпсіздігі түсінігінің өзгергені байқалады, бұрын оны тұтынушыларды энергоресурстармен қамту деп қана түсіндірілетін. Енді бұл ұғымды энергия қуатын өндіру, тасымалдау және халықаралық рыноктарда сату деп түсінетін болдық. Энергетикалық желінің шығарушы елдерден бастап транзиттік мемлекеттерге дейінгі, тұтынушылар мен ұлттық энергетикалық корпорацияларға дейінгі барша шұбатылған шынжыры ниеттес жауапкершіліктің өз үлесін мойнына алуға тиіс.

Әлемдік саясаттың энергетикалық фактор түсінігін әдістемелік жағынан біршама кеңейтуді ұсынар болсақ, қазіргі әлемнің іргелі кейбір үрдістерін анық әрі айқынырақ түсінуде қызық қорытындылар жасауға болады.

Мысалы, жаңа ғасырдың алғашқы онжылдығына қарай әлем мұнай өндірудің шыңына жетеді деп есептеліп жүр. Мұнай шығаратын негізгі аймақтар іс жүзінде толық қуатында пайдаланылып отыр. Сонымен қатар, энергетикалық ресурстардың орналасуы мен шоғырлануының территориялық бөлінісі бірдей емес екенін де айта кету керек. Жаһандық экономиканың басты ресурсы болып отырған мұнай біздің өркени-

етіміздің энергетикалық негізіне айналып отыр. Планетамыздың бетіндегі «мұнай торларының» ала-құла орналасуы қазіргі экономиканың тепе-теңсіз сипатының негізі ретінде қабылданып жүр.

Айтарлықтай мөлдір методологияға құрылған мұндай пікірлер өркениеттер мен мәдениеттердің болмай қоймайтын қақтығыстары туралы, «тарих ақырзаманы» туралы даңғазаға, 1990-шы жылдары модаға айналған кейбір «жаңалықтар» мен теориялық құрылғыларға баға беруге мүмкіндік жасайды. Бұл проблематикаға көлегейсіз көзқарас қазіргі геοэкономикалық және геосаяси үрдістердің мәні мен шынайы қозғаушы күшін дұрысырақ түсінуге «бұлдыр» өркениетті ұстаным емес, ап-айқын энергетикалық ұстанымның қорытынды жасауына алып келеді.

Белгілі бір сеніммен айта алатын басы ашық нәрсе – қазіргі әлем ашықтық мұраты мен әлемнің кейбір өңірлерін жабық әрі бақуатты қамалға айналдыруға азғыру мұраты арасындағы, әрта-раптылық пен бірізділікке ұмтылу арасындағы, даңғаза ұрандар мен қатаң шындық арасындағы текетіресте өмір сүріп отыр. Бүгінде біз жалпы-адамзаттық прогресс жолында әр қадамымыздың баға жетпес құны бар екендігіне көз жеткізіп отырмыз.

Бұған қоса, қазіргі кезде әлемдік күш-қуат орталықтары орын ығыстыруының күрделі әрі әркелкі үрдістері жүріп жатыр.

Бір жағынан, айқын межеленген географиялық өңір ретіндегі ғана емес, үнемі кеңейе түсіп, өзін-өзі дамытып келе жатқан геосаяси жоба ретіндегі Еуропа рөлінің арта түскені шындық. Бұл жобаның ішкі қисыны оны халықаралық істерде дербестік пен бірлікке итермелей түседі. Трансатлантикалық тұтастық, туыстас құндылықтар мен мұраттарды сақтай отырып, барған сайын әртарапты бола түсуде. Еуропа көкейкесті халықаралық проблемаларда, оның ішінде еуразиялық кеңістікте өз жолын іздеуде.

Екінші жағынан, Азия құрлығының саяси және экономикалық рөлінің жыл өткен сайын күшейіп келе жатқаны жасырын емес. Көріп отырғанымыздай, ХХІ ғасыр Азияның бұрын болмаған шарықтап өсу ғасыры болып отыр. Бұл өтпелі және уақытша шарықтау бола ма немесе ғасырлар бойы басым боп келген Еуропа мен Батыстан Азияның ұзақ уақыт есе қайыруы бола ма – оны тарих көрсетеді. Бір нәрсе анық: геосаяси үйлесім жүйесі қозғала бастады және өз бағытымызды белгілеген кезде, біз мұны ескеруге тиіспіз.

Терең өзгерістер, Қазақстан мен Ресейді қоса есептегенде, бұрынғы ұланғайыр кеңестік кеңістікті тұтастай алып жатқан Еуразияға да келіп жетті. Еуразиялық кеңістік соңғы 20 жылда бұрын ғасырларға созылатын өзгерістерді бастан өткерді.

Жаңарудың жарқын жолын, экономикалық және саяси басымдықтарды үйлестірудің дұрыс

жолын табуға мемлекеттердің бәрі бірдей қол жеткізе алған жоқ.

\* \* \*

Енді жаңа халықаралық шындықтың көрінісі ретіндегі жаңа Қазақстан туралы бірер сөз.

Экономикалық, әлеуметтік даму мен халықтың өмір сүру деңгейі жөніндегі негізгі көрсеткіштер бойынша Қазақстан бүгінде ТМД-дағы көшбасшылық орында және әлі де жоғары қарқынмен дамып келеді.

Соңғы 7 жылда бестен төрт бөлігін жеке меншік сектор өндіретін еліміздің ішкі жалпы өнімі 2 есе өсті.

Қазақстанның ІЖӨ-сі – соңғы 7 жылда әлемдегі тез өсіп келе жатқан өнімдердің бірі. Таяудағы 3 жылда оның орташа өсімі 8,5 % деңгейінде сақталады, мұның өзі, атап айтқанда, 2000 жылмен салыстырғанда 2008 жылы ІЖӨ-ні екі еселеу стратегиялық міндетін шешуге мүмкіндік береді.

Қазақстан экономикасына әлемнің 60 елінен түскен шетелдік төте инвестициялардың өзі ғана 70 млрд долларды құрайды. Бұл Орталық Азия елдерінің шетелдік төте инвестицияларының 80 %-ына және барлық ТМД елдері алған инвестициялардың 10 %-ына тең көрсеткіш. ЕО-дан алған инвестициялар жалпы көлемнің 53 %-ын құрайды.

Қазақстан әлемдік шаруашылықпен ойдағыдай кірігіп отыр. Егер 1993 жылы сыртқы сауда айналымы



4,9 млрд долларды құраған болса, биылғы жылы 80 млрд доллар болады деп күтілуде.

Қазіргі кезде Қазақстан, Дүниежүзілік банктің жіктеуі бойынша, табысы орта деңгейлі елдердің тобына кіріп отыр.

Соңғы 10 жылда қазақстандықтардың ақшалай табысы орта есеппен 5 есе өсті; орташа айлық жалақы 6 есеге жуық өсті; ең төменгі жалақы 25 есе өсті; зейнетақының орташа айлық мөлшері 4,6 есе көбейді; жеке тұлғалардың банктердегі депозиттері және бір тұрғынның салым көлемі сәйкесінше 35 және 37 есеге көбейді.

Мұнай-газ өнеркәсібі өзінің соңынан экономиканың басқа салаларын сүйреп келе жатқан локомотивке айналып отыр. 2015 жылы біз мұнай өндіруден 130 млн тонна, газ өндіруден 80 млрд текше метр көрсеткішімен планетадағы көмірқышқыл шикізатын экспорттаушы ең ірі 10 клубтың қатарына кіруді жоспарлап отырмыз, мұның өзі жедел өзгеріп отыратын әлемдік шаруашылық жүйесіндегі Қазақстанның экономикалық рөлін түбегейлі көтере түспек.

Бұл болатын іс. Бірақ Қазақстан бүгіннің өзінде ферроқорытпаларды, мысты, қорғасынды, мырышты, минералдық тыңайтқыштарды, уран концентраттарын экспорттаушы мемлекет болып табылады. Біздің еліміз ұн мен бидайды экспорттауда әлемде алдыңғы лекке шықты.

Бүгінде үлкен міндеттер Қазақстанның барынша дамыған 50 елдің қатарына кіру стратегиясын

іске асырумен байланысты болып отыр. Бұл экономиканы әртараптандыру, ұтымды әкімшілік реформаларын өткізу жағдайында орта мерзімдік болашақта өсудің жоғары қарқынын сақтап қалуға мүмкіндік береді.

Қазіргі кезде өндіруші сектордың тиімділігін арттыру, шикізаттық емес салаларды дамыту, экономиканы әртараптандыру, инфрақұрылымды жаңғырту жөніндегі жұмыстар жүргізіліп жатыр. «30 корпоративтік көшбасшы» жобасы іске қосылды. Осы міндеттерді іске асыруға ірі шетелдік компаниялардың белсене қатысуы қуантады.

Бүгінде Қазақстанның басымдықтарына өңірлік экономикадағы көшбасшылық орнын, саяси және әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын жатқызуға болады. Қол жеткен табыстармен шектеліп қалмай, біз өңірлік экономикада және әлемдік шаруашылық қатынастарында Қазақстанның толық құқықтық қатынасуын қамтамасыз етуде алдымызға жаңа міндеттер қойып отырмыз.

\* \* \*

Қазіргі жаһандану және әлемдік бәсекенің шиеленіскен жағдайында, халықаралық қауіпсіздіктің дәстүрлі және жаңа сын-қатерлерінің аясында Қазақстан барлық серіктестермен көпжақты стратегиялық үнқатысуды белсенді түрде дамытып отыр. Біз БҰҰ-ның басқарушы рөлінің қолдауымен

ұжымдық проблемаларды шешу тетіктеріне негізделген халықаралық қатынастар жүйесін қалыптастыруға, құқықтық басымдық пен демократиялауды іске асыруға табандылықпен шақырамыз.

Өздеріңізге мәлім, халықаралық бедел дегеніңіз – салиқалы сыртқы саясат пен дәйекті ішкі дамудың жиынтығы.

Біз Қазақстанның халықаралық қызметіне елімізді жеделдете дамытудың түбегейлі септегіші ретінде үлкен үміт артамыз. Дипломатия еліміздегі ауқымды экономикалық, әлеуметтік және саяси жаңартулар үшін, Қазақстанның қуатты, алдыңғы қатарлы және демократиялық мемлекет ретіндегі ойдағыдай дамуы үшін оңтайлы сыртқы саясатты қалыптастыруда орасан үлкен үлес қосады.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан шекарамыздың бүкіл өн бойында «тату көршілік белдеуін» қалыптастырды, әлемнің жетекші державаларымен және өңірлік мемлекеттермен серіктестік сенім қарым-қатынастарын орнатты.

Біздің сыртқы саяси басымдықтарымыз өзгеріссіз қалады: ол ХХІ ғасыр сын-қатерлеріне қарсы тұра алатын және ұзақ мерзімдік ұлттық мүдделерді қамтамасыз ете алатын белсенді, жан-жақты әрі теңдестірілген сыртқы саясат.

Қазақстанның сыртқы саясатында ресейлік вектор маңызды бағыт ретінде айқындалған.

Біз Қытай Халық Республикасымен өзара тиімді ынтымақтастықты нығайтуға, АҚШ-пен, Еуропалық Одақпен өзара қарым-қатынастың жоғары деңгейін бекіте түсуге үлкен мән береміз. Біздің басымдықтарымыздың бірі Орталық Азия елдерімен ынтымақтасу болып табылады және біз өңірдегі интеграцияны тереңдете түсу жұмысын жалғастыра бермекпіз.

Бүгінде Таяу Шығыс елдерімен және Парсы шығанағы, Азия-Тынық мұхит, Латын Америкасы өңірлерімен өзара қарым-қатынастарда, әсіресе экономика саласында, жаңа мүмкіндіктер мен перспективалар ашылуда.

Көптарапты ынтымақтасу пішіміне келсек, Қазақстан қуатты әрі беделді БҰҰ-ны жақтайды және оның мақсаттары мен қағидаттарына қолдан келгенше қолдау көрсетуге әрқашанда әзір.

Қазақстан Шанхай ынтымақтастық ұйымына қауіпсіздікті қамтамасыз етудің және өңірдегі сауда-экономикалық әрі инвестициялық серіктестікті дамытудың маңызды тетіктерінің бірі ретінде қарайды. Біз оның аясында ынтымақтасудан энергетика, көлік қатынастары және транзит салаларында ынтымақтасудың үлкен әлеуетін көріп отырмыз.

Келешегі кемел бірлесудің тағы бірі Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі деп есептейміз. Біз алдағы уақытта да АӨСШК үдерісін бүкіл Азия құрлығына жылжитпақ

ниеттеміз. Ұзақ мерзімдік перспективада АӨСШК Азияның қауіпсіздік ұйымы үшін базис ретінде қарастырылуы мүмкін.

ТМД және ЕурАзЭҚ аясында интеграциялық ынтымақтастықты одан әрі жетілдіру мәселесі де біздің назарымызда қала бермек.

ЕҚЫҰ-ға қатысушы мүше елдердің сыртқы саясат ведомстволары басшыларының Мадрид кездесуіндегі Қазақстанның осы ұйымға 2010 жылы төрағалық етуі туралы таяудағы шешімі біз үшін маңызды оқиға болды.

Өздеріңізге белгілі, ЕҚЫҰ қазір өз қызметін жаңарту мен жетілдірудің қиын кезеңін бастан өткеріп отыр. ЕҚЫҰ-ға төраға және үштікке қатысушы ретінде біз Ұйымның рөлі мен беделін нығайтуға өз үлесімізді қосу ниетіндеміз.

### **Қадірлі достар!**

Таяу арада Ресейде елдің дипломатиялық қызметінің 200 жылдығы аталып өтті. Сіздер Ресей дипломатиялық дәстүрін жалғастырушылар болып саналасыздар.

Дипломат болу мәртебесі – ол халық пен мемлекеттің әлемдік аренадағы мүддесін қорғауға берілетін айрықша ар-ождан әрі сенім, ол ғаламат жауапкершілік пен үнемі өзін лайықты ұстай білу. Сонымен қоса, ол өз Отанының даңқы мен мақтанышын арқалаудағы жоғары құрмет.

Ресейдің жүрегі – Мәскеуде, болашақ дипломаттардың – князь Горчаковтың жоғары дәстүрін ұстаушы мұрагерлердің алдында сөз сөйлей тұрып, Қазақстан-Ресей қарым-қатынастарын дамытудың негізгі бағыттарын атамай өте алмаймын. Жаңа заманның императивтері стратегиялық серіктестік пен одақтастықтың сапалық жаңа деңгейіне өтуге септігін тигізді.

Қазақстан мен Ресей арасындағы ХХІ жүзжылдыққа арналған Достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы шарт және Мәңгі достық пен одақтастық туралы декларация екі мемлекет арасындағы дәстүрлі достастық тату көршілік қарым-қатынасты дамытудың және стратегиялық серіктестікті тереңдете түсудің негізін қалайды.

2005 жылғы Қазақстан – Ресей мемлекеттік шекарасын, 7 591 шақырымды құрайтын әлемдегі ең ұзақ құрғақтағы шекараны бекіту туралы тарихи Шартқа қол қою өзара түсіністіктің, біздің екі еліміздің арасындағы жоғары сенімнің көрнекті мысалы болып табылады. Бұл оқиғаны Қазақстанда өте жоғары бағалайды. Ресей Федерациясымен Шарт арқылы біз сыртқы шекараларымызды заңды түрде ресімдеу үдерісін толық аяқтадық.

Ресей мен Қазақстан қарым-қатынастарында шешілмейтін проблемалар жоқ. Белсендірек жұмыс істеуіміз, келісімге келуіміз және ынтымақтасуымыз қажет.

Біздің ынтымақтастығымыздың іргесінің беріктігі тарихи-мәдени, өркениеттік және саяси факторлармен ғана анықталмайды, сондай-ақ айқын да түсінікті прагматикалық өзара тиімді бастама-ларға негізделеді.

Атап айтқанда, үстіміздегі жылы екі жақты тауар айналымының көлемі 30 %-дан астам өскен және, болжамға сәйкес, жыл қорытындысы бойынша 16 млрд долларға жетпек. Және бұл әлі ақырғы шек емес.

Ресей Федерациясы бүгінде қазақстандық мұнай-газ кен орындарының жұмысын бірлесе жобалауға белсене қатысуда.

Біздің елдеріміздің арасында Қазақстан мұнайын Ресей аумағы арқылы тасымалдау және газ саласындағы ұзақ мерзімдік келісімге қол қойылды. Бұл ТМД-да теңдесі жоқ стратегиялық келісім.

Екі елдің энергиялық жүйесі Орталық Азия елдерінің бірлескен энергиялық жүйесімен қатарласа жұмыс істеуде.

Біз атом энергетикасы саласында белсене ынтымақтасудамыз және бірлескен халықаралық байытылған уран орталығын ашудамыз. Бұл – екі елдің жаһандық ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қосқан нақты үлесі.

Кезінде көмір мен металл одағы еуропалық интеграцияның негізгі қызметін атқарған болатын. Жуырдағы уақытқа дейін интеграция ТМД

кеңістігінде іс жүзінде мұндай ауқымды әрі алысқа мезгейтін қадамдарға барған емес.

Бүгінде Қазақстан мен Ресей бірлесіп ашқан Еуразия даму банкі жұмыс істейді. Ол біздің елдеріміздің экономикасына ғана емес, сондай-ақ ТМД-ның басқа мемлекеттерінің экономикасына да қаржы инвестициялайды.

Қазақстан-Ресей әскери-саяси және әскери-техникалық ынтымақтастығы жақсы дамып келеді. Біз Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт Ұйымының желісі бойынша өзара әрекет етудеміз. Ресейлік қару-жарақ пен әскери техникасын ішкі ресейлік бағамен сату жөніндегі келісімнің маңызы зор. Ресей әскери жоғары оқу орындарында Қазақстан Қарулы Күштерінің курсанттары оқиды, офицерлері тағылымдамадан өтеді.

Шекаралық ынтымақтастық белсенді дамып келеді. Шекараға жақын өңірлер жетекшілерінің мемлекеттер басшыларының қатысуымен өткізетін форумдары соңғы кезде дәстүрге айналған.

Біз ғарышты игеру саласындағы ынтымақтастықты белсенді жалғастырудамыз. Ресейлік ғалымдармен бірлесе жасалған алғашқы қазақстандық байланыс және хабар тарату «KazSat» жер серігі орбитаға шығарылды. Екінші қазақстандық жер серігін жасау және ұшыру біздің жоспарымызда тұр.

Иммиграциялық ережелерді қатайту жөніндегі әлемдік үрдіске қарамастан, біздің елдеріміз



азаматтықты қабылдау және адамдардың жүріп-тұруының оңайлатылған рәсімін күшінде қалдырды. Бұл жоғары гуманитарлық мазмұндағы акт ғана емес, сонымен бірге біздің елдеріміздің арасындағы терең өзара сенімдік көрсеткіш.

Қазақстан – Ресей қарым-қатынасының тамыры ғасырларға тереңдеп кетеді және ол тарихи бай дәстүрлермен бекемделген. Ежелден төзімділік пен татулықты, өзара сыйластықты серік еткен біздің халықтарымыз ортақ тарих пен этносаралық араласуда ұғысудың менталитеттік ортақтығы мен мәдениетаралық үнқатысуларды қалыптастыра білді.

Ресей мен Қазақстан бүгінде бұрынғы кеңестік кеңістікте серіктестік һәм одақтастықтың үлгісін көрсетуде. Бұл – екі мемлекет басшыларының саяси ерік-жігерінің әрі шынайы тату көршілігінің және Қазақстан мен Ресей ұлттық мүдделерінің өзара ескерілуі мен сыйластығының айқын нәтижесі.

Менен әр кезде біздің екіжақты қарым-қатынасымыздың қандай болғанын қалар едіңіз деп сұрайды. Осы аудиторияда мен бұл сұраққа ежелден таныс мына цитатамен жауап бергім кедеді: «География бізді көрші етті. Тарих бізді дос етті. Экономика бізді серіктес етті. Қажеттілік бізді одақтастар етті».

Дипломаттар бұл сөздердің төркінін түсінген болар деп ойлаймын. Бұл сөздердің иесі АҚШ

Президенті Джон Кеннеди және ол Құрама Штаттар мен Канада қарым-қатынасына байланысты айтылған.

Ендеше, мен де Қазақстан мен Ресейдің қарым-қатынасы сондай болғанын қалаймын.

Қазақстан мен Ресей болашаққа сеніммен қарайды. Бізді біріктіретін басты факторлардың бірі – біздің елдеріміздің соңғы 15 жылда интеграцияның бір бағытында жүріп келе жатқандығында.

Біз Қазақстанда Ресей экономикасының өскендігін, мемлекеттігінің нығайғандығын және ағымдағы ғасыр басындағы Ресейдің әлемдегі маңызын үлкен қанағаттанғандықпен қадағалап отырамыз.

Мемлекеттік Думаға соңғы сайлаудың нәтижелері экономикалық және саяси реформаларды жедел өткізу үшін заң шығарушы және атқарушы билік тармақтарының бірлесіп жұмыс істеуіне оңтайлы жол ашады.

### **Қымбатты достар!**

Мен сіздерді өз қабілеттеріңізді толық жүзеге асыруға шақырамын, ал оған қажетті мүмкіндік сіздерде шындығында да шексіз деп ойлаймын.

Жолдарыңыз болсын!

## Қабылданған қысқартулар

### ТІЗБЕСІ

<b>АӨК</b> .....	аграрлық-өнеркәсіптік кешен
<b>АӨСПК</b> .....	Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі
<b>АСЕАН</b> .....	Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінің қауымдастығы
<b>АТЭЫ</b> .....	Азия-Тынық мұхит экономикалық ынтымақтастығы
<b>АЭС</b> .....	атом электр стансасы
<b>ӘЖК</b> .....	әлеуметтік жеке бас коды
<b>ӘКК</b> .....	әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация
<b>БАҚ</b> .....	бұқаралық ақпарат құралдары
<b>БЭК</b> .....	Бірыңғай экономикалық кеңістік
<b>БҰҰ</b> .....	Біріккен Ұлттар Ұйымы
<b>ҒЗИ</b> .....	ғылыми-зерттеу институты
<b>ҒЗТКЖ</b> .....	ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар
<b>ДСҰ</b> .....	Дүниежүзілік сауда ұйымы
<b>ЕҚДБ</b> .....	Еуропа қайта құру және даму банкі
<b>ЕҚЫҰ</b> .....	Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы
<b>ЕАО</b> .....	Еуразиялық Одақ
<b>ЕО</b> .....	Еуропалық Одақ

- ЕурАзЭҚ.....Еуразиялық экономикалық қоғамдыстық  
 ЖОО.....жоғары оқу орны  
 КОКП ОК.....Кеңес Одағы Коммунистік партиясының  
 Орталық Комитеті  
 КСРО.....Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы  
 ҚҚС.....қосымша құн салығы  
 МАЭС.....мемлекеттік аудандық электр стансасы  
 НАТО.....Солтүстік Атлантикалық шарт ұйымы  
 СТН.....салық төлеушінің тіркеу нөмірі  
 ТМД.....Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы  
 ҰҚШҰ.....Ұжымдық қауіпсіздік шарт ұйымы  
 ҮЕҮ.....үкіметтік емес ұйымдар  
 ХВҚ.....Халықаралық валюта қоры  
 ШЫҰ.....Шанхай ынтымақтастық ұйымы  
 ІЖӨ.....ішкі жалпы өнім  
 ЭСКАТО.....БҰҰ Азия мен Тынық мұхитқа арналған  
 экономикалық және әлеуметтік комиссиясы  
 ЮНЕСКО.....БҰҰ Білім беру, ғылым және мәдениет  
 жөніндегі ұйымы  
 ЯҚТШ (ДНЯО).....Ядролық қаруды таратпау туралы шарт

## Географиялық атаулардың КӨРСЕТКІШІ

Австралия.....	132, 421
Азия құрлығы.....	19, 47, 51, 116, 125, 126, 182, 189, 193-195, 198, 336-337, 439, 440, 443, 473, 474, 624, 629
Азия-Тынық мұхит өңірі (АТӨ).....	471-473, 480, 629
Ақтөбе қаласы (Ақтөбе обл.).....	601
Алатау тау жүйесі.....	546
Алматы қаласы.....	21, 50, 124, 149, 170, 172, 191, 200, 288, 314, 319, 371, 427, 477, 492, 501, 607
Алтай өңірі.....	546
Америка Құрама Штаттары (АҚШ).....	31-32, 82, 126, 132, 135, 142, 148, 149, 152, 175, 270, 272, 287, 292, 296, 302, 307, 345, 360, 364, 438, 487, 591, 599, 629
Америка құрлығы.....	126, 296, 360, 420
Анкара қаласы (Түркия астанасы).....	591
Арал теңізі.....	481, 557
Аргентина.....	91
Армения.....	364
Астана қаласы (Қазақстан елордасы) ...	51, 61, 86, 120, 159, 202, 232, 244, 294, 310, 324, 336, 362, 372, 390, 416, 445, 481, 483, 509, 531, 536, 562, 590, 597
Атланта қаласы (АҚШ).....	484
Атырау қаласы (Атырау обл.).....	327

Атырау облысы .....	330
Ауғанстан.....	177, 190, 345, 356, 434, 437, 441, 479, 555, 615
Африка құрлығы .....	126
Ашғабад қаласы (Түрікменстан астанасы) .....	583
«Әбу-Даби Плаза» әкімшілік-тұрғын үй кешені (Астана қ.).....	594
Әзірбайжан .....	420, 586
Әулие Вознесение кафедралды соборы (Алматы қ.) .....	371
Әулие Николай әскери шіркеуі (Оңтүстік Қазақстан обл., Түркістан қ.).....	371
Балтық маңы өңірі .....	175
Бамиан провинциясы (Ауғанстан) .....	437
Бангалор қаласы (Үндістан) .....	135
Батыс Еуропа өңірі .....	364, 502
Батыс Қытай өңірі.....	502
Бейбітшілік және келісім сарайы (Астана қ.) .....	247, 261, 308, 506
Беларусь .....	22, 503
Бельгия .....	164
Берлин қаласы (Германия астанасы) .....	365, 591
Бразилиа қаласы (Бразилиа астанасы) .....	591
Бразилия.....	91, 591
Вашингтон қаласы (АҚШ астанасы) .....	591
Вена қаласы (Австрия астанасы).....	170, 379
Венгрия .....	130
Византия империясы (395–1453 жж.) .....	337
Германия (ГФР).....	131, 132, 142, 149, 234, 287, 302, 309, 591
Грузия.....	384, 420

Дания.....	164
Дели қаласы (Үндістан астанасы) .....	591
ЕАО .....	115
(Еуразиялық Одақ)	
Египет .....	364, 420
Еділ бойы өңірі (Ресей).....	174
Еділ-Дон каналы.....	502
ЕО .....	82, 126, 438, 487, 496, 502, 507, 576, 625, 629
(Еуропалық Одақ)	
Есіл өзені.....	594
«Еуразия» каналы .....	502
Еуразия материгі .....	30, 58, 115, 231, 245, 261, 336, 357, 367, 478, 486, 487, 495, 498, 499, 504, 505, 508, 557, 624
Еуропа құрлығы.....	21, 32, 47, 51, 116, 126, 163, 210, 244, 306, 354, 365, 481, 501, 508, 540, 572, 614, 624
Жаңа Зеландия .....	332
Жапония .....	131-132, 135, 142, 148-149, 210, 307, 354, 364, 528, 529
Жаркент мешіті (Жаркент қ., Алматы обл.).....	371
Жер планетасы .....	473
Израиль.....	132, 309, 440
Ирак.....	345, 441, 555
Иран.....	190, 356, 420, 441, 556, 586, 588
Исландия .....	132
Кавказ өңірі .....	36
Калькутта қаласы (Үндістан) .....	591
(Британиялық Үндістанның астанасы, 1772-1912 жж.)	
Канада .....	126, 132, 635

Каспий теңізі.....	114, 190, 400, 502, 546, 558, 583-589
КСРО.....	181, 224, 269, 298, 343, 443
<i>(Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы, 1922–1991 жж.)</i>	
Курчатов қаласы (Шығыс Қазақстан обл.).....	282
Қарағанды қаласы (Қарағанды обл.).....	59, 282
Қарағанды облысы.....	236, 427
Қара теңіз.....	400, 502
Қиыр Шығыс өңірі (Россия) .....	174
Қырғызстан.....	26, 384, 414, 436
Қытай (ҚХР).....	26, 31, 51, 81, 125, 185, 188, 307,337, 354, 360, 364, 365, 400, 438, 487, 510, 564, 570, 572, 591, 629
Қытай империясы .....	337
<i>(б. э. д. 221–1911 жж.)</i>	
Латын Америкасы өңірі .....	125, 629
Лозанна қаласы (Швейцария).....	130
Люксембург.....	130
Мадрид қаласы (Испания астанасы).....	591, 630
Малайзия.....	129, 210, 219, 307, 481, 528, 529, 564
Мәскеу қаласы (Ресей астанасы).....	21, 115, 122, 499, 631
Мексика.....	129
Монғолия.....	364
Норвегия.....	130, 132, 591
Нью-Джерси штаты (АҚШ).....	268
Нью-Йорк қаласы (АҚШ).....	20, 484
Нью-Мексико штаты (АҚШ) .....	268
Оңтүстік Корея (Корея Республикасы).....	200, 308, 564



Оңтүстік Қазақстан облысы.....	423
Оңтүстік-Шығыс Азия өңірі .....	354, 438, 473, 496
Орал қаласы (Батыс Қазақстан обл.) .....	282, 371
Орта Азия өңірі.....	503
Орталық Азия өңірі.....	28, 32, 36, 49, 77, 83, 176, 177, 187, 189, 190, 191, 243, 276, 296, 356, 365, 400, 413, 414, 435, 436, 438, 443, 478-482, 501, 502, 557, 568, 571, 621, 625, 629, 632
Орталық Еуропа өңірі.....	570
Осло қаласы (Норвегия астанасы).....	591
Отырар ортағасырлық қаласы (Оңтүстік Қазақстан обл.) .....	366
Өзбекстан.....	26, 115, 364, 414
Өскемен қаласы (Шығыс Қазақстан обл.).....	327, 600
Павлодар қаласы (Павлодар обл.).....	327, 600, 607
Палестина .....	440
Париж қаласы (Франция астанасы).....	366
Парсы шығанағы .....	629
Польша.....	384
Ресей .....	22, 26, 31, 81, 100-103, 114-119, 162, 187, 302, 309, 338, 345, 360, 364, 400, 420, 437, 487, 494, 501-504, 510, 572, 586, 591, 618, 620, 624, 630-635
Саманған провинциясы (Ауғанстан) .....	437
Санкт-Петербург қаласы (Ресей) .....	494
Сарыарқа өңірі (Қазақстан).....	546, 596
Сингапур.....	131, 132, 210, 219, 307, 528-529
Солтүстік Кавказ өңірі (Ресей).....	174
Солтүстік Қазақстан өңірі (Қазақстан).....	419, 601
Сочи қаласы (Ресей) .....	22
Сібір өңірі (Ресей).....	503

Таиланд.....	200
Тайвань.....	132
Тамғалы шатқалы (Алматы обл., Жамбыл ауд.).....	366
Таяу Шығыс өңірі.....	356, 629
Тәжікстан.....	345, 414, 436
«Тәуелсіздік таңы» монументі (Алматы қ.).....	264
Тегеран қаласы (Иран астанасы).....	583, 589
Теміртау қаласы (Қарағанды обл.).....	59
ТМД.....	21-23, 115, 132, 139, 179, 182, 206, 224-232, 297, 340, 343, 346, 356, 401, 443, 487, 499, 504, 512, 540, 603, 625, 630, 632, 633 (Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы)
Тоledo қаласы (Испания).....	591 (Испания астанасы, 1479–1561 жж.)
Тронхейм қаласы (Норвегия).....	591 (Норвегия астанасы, 997–1217 жж.)
Турку қаласы (Финляндия).....	591 (Финляндия астанасы, 1229–1812 жж.)
Түркия.....	364, 591
Түркі қағанаты (551–603 жж.).....	338
Түркістан қаласы (Оңтүстік Қазақстан обл.).....	371
Түрікменстан.....	26, 414, 586
Тынық мұхит.....	471, 472
Украина.....	384
Ұлыбритания.....	132, 135, 148, 149, 164, 287, 302, 307, 360
Үндістан.....	47, 91, 135, 136, 190, 268, 307, 420, 438, 440, 510, 528, 529, 570, 591
Финляндия.....	123, 132, 591
Франция.....	135, 148, 302, 456

«Хан шатыр» сауда, ойын-сауық орталығы (Астана қ.) .....	594
Хельсинки қаласы (Финляндия астанасы) .....	591
Чехия .....	130
Чили .....	129
Шанхай қаласы (Қытай) .....	191
Шар қаласы (Шығыс Қазақстан обл., Жарма ауд.) .....	600
Швейцария .....	130-132, 135
Швеция .....	132, 210, 528
Шортанды-Бурабай курорттық аймағы (Ақмола обл.) .....	59, 595
Шығыс Еуропа өңірі .....	189, 312, 343, 510, 570
Шымкент қаласы (Оңтүстік Қазақстан обл.) .....	327
Ыстамбұл қаласы (Түркия) .....	591
<i>(Осман империясының астанасы, 1453–1923 жж.)</i>	
Яссауи Қ. А. кесенесі (Оңтүстік Қазақстан обл., Түркістан қ.) .....	366

## Есімдер

## КӨРСЕТКІШІ

Абай (Құнанбаев А.).....	117-118, 156, 158, 262, 339, 545, 546
Аденауэр К.....	508
Әуезов М. О.....	279
Бектұров Ә. Б.....	279
Бисмарк О.....	234
Бөкейханов Ә. Н.....	101
Брэгг У. Л.....	123
Вашингтон Дж.....	591
Вос Дж.....	137
Горбачев М. С.....	265
Горчаков А. М.....	631
Гумилев Л. Н.....	120, 122
Гюхт К.....	379
Драйден Г.....	137
Иоанн Павел II.....	561
Кеннеди Дж.....	153, 635

Курокава К. ....	594
Қаратаев Б. ....	101
Липсет Д. ....	205
Ломоносов М. В. ....	115, 122
Лугар Р. ....	270
Марғұлан Ә. Х. ....	279
Моне Ж. ....	508
Нанн С. ....	270
Пан Ги Мун. ....	556
Пастер Л. ....	292
Портер М. ....	133
Путин В. В. ....	103, 117
Пушкин А. С. ....	118, 546
Рузвельт Ф. ....	565
Сәтбаев Қ. И. ....	279
Сокольский Д. В. ....	279
Сталин И. В. ....	174
Стиглиц Дж. ....	128
Сызғанов А. Н. ....	279
Тоқай Ғ. ....	371
Тынышпаев М. Т. ....	101
Филипп II. ....	591

Фостер Н. ....	246
Хуан Карлос I.....	591
Шекспир У.....	546
Шоу Б.....	155
Шуман Р.....	507
Эйнштейн А.....	277
Яссауи Қ. А. ....	366

## Мекемелер мен ұйымдар

### КӨРСЕТКІШІ

Азия даму банкі.....	44
АӨСПК.....19, 121, 193-200, 296, 440, 473, 474, 559, 560, 567, 629, 630 (Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі)	
Аралды құтқару халықаралық қоры.....	557
«Асар».....	19, 202-204, 212, 222
АСЕАН.....	473, 474, 480, 496, 502, 570 (Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінің қауымдастығы)
Астана қаласының әкімдігі .....	427
«Атамекен» .....	425
АТЭЫ .....	558 (Азия-Тынық мұхит экономикалық ынтымақтастығы)
«БТА Банк» .....	220
БҰҰ.....	19, 20, 67, 191, 195, 199, 257, 271, 274, 441, 473, 479, 480, 484, 494, 556-560, 562, 627, 629 (Біріккен Ұлтар Ұйымы)
БҰҰ Бас Ассамблеясы .....	20, 473, 552, 576
БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі .....	186, 441
БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің Терроризмге қарсы комитеті .....	186, 441
БЭК.....	81, 117 (Бірыңғай экономикалық кеңістік)

Гумилев Л. Н. атындағы Еуразия ұлттық университеті.....	120-122, 282, 543
Депозиттерді сақтандырушылар халықаралық ұйымы .....	312
ДСҰ .....	31, 44, 50, 70, 321, 400, 476
<i>(Дүниежүзілік сауда ұйымы)</i>	
Дүниежүзілік банк .....	44, 127, 343, 573, 626
Екібастұз МАЭС-2.....	114
ЕҚДБ.....	44
<i>(Еуропа қайта құру және даму банкі)</i>	
ЕҚЫҰ .....	19, 21-23, 31, 82, 170-173, 176, 178-179, 182-183, 379, 441, 443, 474, 540, 614-617, 630
<i>(Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы)</i>	
Еуразия даму банкі.....	44, 116, 187, 504, 633
Еуразиялық банкирлер клубы .....	504
Еуразиялық ғалымдар клубы .....	506
Еуразиялық іскерлік конгресс.....	505
Еуразиялық экономикалық одақ .....	401, 503
ЕурАзЭҚ .....	22, 43, 81, 115-116, 121, 356, 401, 487, 501-504, 630
<i>(Еуразиялық экономикалық қоғамдыстық)</i>	
ЕурАзЭҚ Кеден одағы.....	22, 503
«Еуробарометр» .....	297
Еуропалық іскерлік конгресс .....	504
Жапония Либералды-демократиялық партиясы .....	210, 529
Каспий теңізі құқықтық базасын құру жөніндегі арнайы жұмысшы тобы .....	584
Кембридж университеті (Ұлыбритания).....	168
КҚК .....	115
<i>(Каспий құбыр тарту консорциумы)</i>	



КОКП ОК .....	265
<i>(Кеңес Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитеті)</i>	
КСРО Халық комиссарларының кеңесі.....	502
«ҚазАгро» .....	235, 418, 420-422
«Қазагромаркетинг» .....	424
«Қазатомөнеркәсіп» .....	220
«Қазақмыс».....	219
Қазақстан Аграрлық партиясы.....	19
Қазақстан Азаматтық партиясы .....	19
Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы .....	314
«Қазақстан темір жолы».....	219-220
Қазақстан халықтары Ассамблеясы.....	17, 75, 98, 175-176, 258, 308, 341, 382
<i>(2007 жылдан – Қазақстан халқы Ассамблеясы)</i>	
Қазақстанның даму банкі .....	105
Қазақстанның инвестициялық қоры .....	105, 503
«Қазақтелеком» .....	523
«Қазкоммерцбанк» .....	220
«ҚазМұнайГаз».....	219
«Қазпошта» .....	423
«Қазына» .....	142, 219, 235, 320, 352, 422
ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі .....	421, 422, 424
ҚР Әділет біліктілігі алқасы .....	465
ҚР Әділет министрлігі.....	464, 468
ҚР Білім және ғылым министрлігі.....	145, 146, 284, 334, 405
ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті .....	146, 284
ҚР Ғылым қоры .....	146, 285

ҚР Демократиялық реформалар бағдарламасын әзірлеу және нақтылау жөніндегі мемлекеттік комиссия.....	12, 16, 75, 86, 159, 373
ҚР Денсаулық сақтау министрлігі .....	405, 407
ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі .....	407
ҚР Жоғарғы Кеңесі .....	592
ҚР Жоғарғы соты .....	465, 533
ҚР Жоғарғы сотының жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитет .....	464
ҚР Жоғары сот кеңесі .....	465, 533
ҚР Индустрия және сауда министрлігі.....	405, 406
ҚР Конституциялық кеңесі.....	17, 382, 409, 460, 517
ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігі .....	405
ҚР Қаржы министрлігі .....	53
ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті .....	53
ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі .....	60, 316, 319, 322
ҚР Қарулы Күштері .....	76, 344, 566, 567, 633
ҚР Қарулы Күштерінің Әскери-теңіз күштері.....	344
ҚР Қарулы Күштерінің Әуе қорғанысы күштері .....	344
ҚР Қарулы Күштерінің Құрлық әскерлері .....	344
ҚР Қауіпсіздік кеңесі.....	560
ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі .....	371, 429
ҚР Орталық сайлау комиссиясы .....	17, 382, 409, 460
ҚР Парламенті.....	16, 35, 232, 445, 537, 539
ҚР Парламентінің Мәжілісі.....	17, 18, 93, 385, 516-517, 536, 537
ҚР Парламентінің Сенаты .....	93, 221, 383, 457, 458, 466, 533
ҚР Президентінің Әкімшілігі .....	80

ҚР Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия.....	468
ҚР Президентінің Демократия және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі ұлттық комиссия.....	73, 88
ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы .....	71
ҚР Президентінің жанындағы Шетел инвесторларының кеңесі .....	334
ҚР Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті .....	17, 385, 409, 427, 462, 576, 603
ҚР Сыртқы істер министрлігі .....	229, 413, 588, 618
ҚР Ұлттық банкі .....	52, 60, 316, 319, 322, 324, 458, 599
ҚР Ұлттық ғылым академиясы .....	122, 278, 279, 284, 290, 291, 293
ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі.....	344
ҚР Ұлттық қоры .....	52, 110, 235, 342, 512, 571, 598-599
ҚР Үкіметі.....	12, 15, 17, 39, 43, 46, 47, 49, 52, 54, 59, 67-70, 80, 84, 92-93, 159-160, 166, 167, 207, 213, 229, 234, 236-239, 242, 303-305, 307, 315, 316, 319, 320, 324, 329-330, 334, 376, 383, 384, 392, 396, 399-404, 407, 409, 411-416, 421, 425, 427, 432, 451, 459-462, 506, 512, 518, 520, 524, 539, 549, 579, 599, 613
ҚР Үкіметінің жанындағы Демократияландыру және азаматтық қоғамды одан әрі дамыту жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін кеңес .....	12
ҚР Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия (ЖҒТК).....	145, 146, 284
ҚР Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлері.....	344
ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі .....	403, 405
Ломоносов М. В. атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті.....	115, 122
Малайзия біріккен ұлттық ұйымы .....	529

Маркетингтік және талдамалық зерттеулер орталығы.....	106
«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі қоғамдық кеңес.....	363
НАТО.....	77, 441
<i>(Солтүстік Атлантикалық шарт ұйымы)</i>	
«Нұр Отан».....	19, 383, 488-489, 509-510, 513-515, 517-519, 521, 524-526, 528-529, 538, 540, 613-614
Оксфорд университеті (Ұлыбритания).....	168
Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі.....	423
Орталықазиялық өңірлік ақпараттық үйлестіру орталығы (ЦАРИКЦ).....	191
«Отан».....	19, 202-204, 208-209, 212, 215-216, 220-222, 275, 375, 452, 539
Ресей Федерациясы Сыртқы істер министрлігінің Мәскеу халықаралық қатынастар мемлекеттік институты (МХҚМИ).....	618-619
Ресей Федерациясының Сыртқы істер министрлігі.....	618
Ресей Федерациясы Федералды жиналысының Мемлекеттік думасы.....	100, 101
Ресей Федерациясының Федералды жиналысы.....	100
Сақтандырушылық қадағалау халықаралық қауымдастығы.....	313
«Самұрық».....	142
«Сарыарқа».....	425
Сингапур Халықтық іс-қимыл партиясы.....	529

Технологиялар инжинирингі және трансферті орталығы .....	105
ТМД Адам құқықтары жөніндегі комиссиясы .....	229
ТМД Атқару комитеті .....	230
ТМД Мемлекет басшыларының кеңесі .....	229, 230, 360, 364, 497, 634
ТМД Парламентаралық ассамблеясы .....	229
ТМД Экономикалық соты .....	229
ТМД-ға мүше мемлекеттері Қорғаныс министрлерінің кеңесі .....	229
ТМД-ға мүше мемлекеттері Сыртқы істер министрлерінің кеңесі .....	229, 413, 507, 588
ТМД-ға мүше мемлекеттері Үкімет басшыларының кеңесі .....	229
ТМД-ға мүше мемлекеттері Шекаралық әскерлер қолбасшыларының кеңесі .....	229
«ТұранӘлем Банкі» .....	220
ҰҚШҰ .....	77, 117, 293, 344, 356, 567
<i>(Ұжымдық қауіпсіздік шарт ұйымы)</i>	
Үндістан ұлттық конгресі .....	529
«Халық банкі» .....	220
Халықаралық сараптамалық кеңесі .....	145, 284
ХВҚ .....	495
<i>(Халықаралық валюта қоры)</i>	
«Хоргос» орталығы .....	51
Чернобыль АЭС .....	69
Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры .....	56, 106

Швеция Социал-демократиялық жұмысшы партиясы.....	210, 528
ШЫҰ .....	182, 184, 185, 188, 192, 344, 440, 473, 629
<i>(Шанхай ынтымақтастық ұйымы)</i>	
ШЫҰ Атқару комитеті.....	187
ШЫҰ Банкаралық бірлестігі.....	187
ШЫҰ Хатшылығы .....	187
ШЫҰ Іскерлік кеңесі.....	188
Экспорт пен инвестицияларды сақтандыру жөніндегі корпорация.....	105
ЭСКАТО .....	471, 472, 477, 478, 480, 482, 501, 559
<i>(БҰҰ Азия және Тынық мұхитқа арналған экономикалық және әлеуметтік комиссиясы)</i>	
ЮНЕСКО .....	366
<i>(БҰҰ Білім беру, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымы)</i>	
«Ядролық қатерді қысқарту бастамасы» .....	270
* * *	
«Fitch Ratings».....	104
G 8 .....	230, 441
«General Electric» .....	523
«General Motors» .....	138
«IBM» .....	136
«Intel Corporation» .....	136
«KEGOC».....	220
«Malaysia Airports Holdings Berhad».....	481
«McKinsey & Company» .....	154
«Microsoft Corporation».....	136

«Moody's Investors Service» .....	104
«Nissan» .....	523
«Nokian» .....	523
«Standard&Poor`s» .....	104

## МАЗМҰНЫ

### V ТОМ 1 КІТАП (2006–2007)

Көшбасшылық жолда.....	7
Қазақстан Республикасы Президентінің қызметіне ресми кірісуіне байланысты салтанатты ұлықтау рәсімінде сөйлеген сөзі.....	24
<i>(Астана қаласы, 2006 жылғы 11 қаңтар)</i>	
Қазақстан Республикасы Парламентінің 10 жылдығына байланысты Сенат және Мәжіліс депутаттарына үндеуі.....	35
<i>(Астана қаласы, 2006 жылғы 20 қаңтар)</i>	
«Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» атты Қазақстан халқына Жолдауы.....	39
<i>(Астана қаласы, 2006 жылғы 1 наурыз)</i>	
Қазақстан Республикасының Демократиялық реформалар бағдарламасын әзірлеу және нақтылау жөніндегі мемлекеттік комиссиясының I отырысында сөйлеген сөзі.....	86
<i>(Астана қаласы, 2006 жылғы 24 наурыз)</i>	
Ресей Федерациясы Федералды жиналысы Мемлекеттік думасының 100 жылдығына арналған отырысында сөйлеген сөзі.....	100
<i>(Ресей Федерациясы, Мәскеу қаласы, 2006 жылғы 5 сәуір)</i>	



- Д. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде «Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына» тақырыбында оқыған дәрісі ..... 120  
(Астана қаласы, 2006 жылғы 26 мамыр)
- Қазақстан Республикасының Демократиялық реформалар бағдарламасын әзірлеу және нақтылау жөніндегі мемлекеттік комиссиясының III отырысында сөйлеген сөзі ..... 159  
(Астана қаласы, 2006 жылғы 6 маусым)
- «Мәдениетаралық, дінаралық және этносаралық түсіністік» атты ЕҚЫҰ кеңесінде сөйлеген сөзі ..... 170  
(Алматы қаласы, 2006 жылғы 12 маусым)
- «Шанхай бестігінің» 10 жылдығы мен Шанхай ынтымақтастығы ұйымының 5 жылдығына арналған ШЫҰ Мемлекет басшылары кеңесінің отырысында сөйлеген сөзі ..... 184  
(ҚХР, Шанхай қаласы, 2006 жылғы 15 маусым)
- АӨСШК II саммитінде сөйлеген сөзі ..... 193  
(Алматы қаласы, 2006 жылғы 17 маусым)
- «Отан» Республикалық саяси партиясының кезектен тыс IX съезінде сөйлеген сөзі ..... 202  
(Астана қаласы, 2006 жылғы 4 шілде)
- ТМД-ға мүше мемлекеттер басшыларының бейресми кездесуінде сөйлеген сөзі ..... 224  
(Ресей Федерациясы, Мәскеу қаласы, 2006 жылғы 22 шілде)
- Қазақстан Республикасының Парламенті үшінші шақырылымы III сессиясының ашылуында «Корпоративтік басқару, ашықтық және қоғам алдында есеп беру қағидаттарының негізінде мемлекеттік басқаруды жаңарту» тақырыбында сөйлеген сөзі ..... 232  
(Астана қаласы, 2006 жылғы 1 қыркүйек)

- Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының  
II съезінде сөйлеген сөзі ..... 245  
*(Астана қаласы, 2006 жылғы 12 қыркүйек)*
- 1986 жылғы желтоқсан оқиғасының  
20 жылдығына арналған «Тәуелсіздік таңы»  
ескерткішінің ашылу салтанатында сөйлеген сөзі ..... 264  
*(Алматы қаласы, 2006 жылғы 18 қыркүйек)*
- «Ядролық қатерді қысқарту бастамасы»  
қорының атынан берілген қабылдауда  
сөйлеген сөзі ..... 267  
*(АҚШ, Вашингтон қаласы, 2006 жылғы 28 қыркүйек)*
- Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым  
академиясының 60 жылдығына арналған  
«Ғылым және қоғамдық прогресс» атты  
салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі ..... 278  
*(Алматы қаласы, 2006 жылғы 13 қазан)*
- Қазақстан халықтары Ассамблеясының  
XII сессиясында сөйлеген сөзі ..... 294  
*(Астана қаласы, 2006 жылғы 24 қазан)*
- Қазақстан қаржыгерлерінің VI Конгресінде  
сөйлеген сөзі ..... 311  
*(Астана қаласы, 2006 жылғы 15 қараша)*
- Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы  
Шетел инвесторлары кеңесінің XVI пленарлық  
отырысында сөйлеген сөзі ..... 325  
*(Астана қаласы, 2006 жылғы 8 желтоқсан)*
- Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің  
15 жылдығына арналған салтанатты  
жиналыста «Қазақстандық жол:  
тұрақтылықтан – жаңару арқылы – өркендеуге»  
тақырыбында сөйлеген сөзі ..... 336  
*(Астана қаласы, 2006 жылғы 15 желтоқсан)*

- «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі қоғамдық кеңестің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзі ..... 363  
*(Астана қаласы, 2007 жылғы 13 ақпан)*
- Қазақстан Республикасының Демократиялық реформалар бағдарламасын әзірлеу және нақтылау жөніндегі мемлекеттік комиссиясының VI отырысында сөйлеген сөзі..... 373  
*(Астана қаласы, 2007 жылғы 19 ақпан)*
- «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауы ..... 391  
*(Астана қаласы, 2007 жылғы 28 ақпан)*
- Қазақстанның аграрлық-өнеркәсіп кешенінің мәселелері жөніндегі республикалық кеңесте сөйлеген сөзі ..... 417  
*(Астана қаласы, 2007 жылғы 5 наурыз)*
- VI Еуразия медиа-форумында сөйлеген сөзі ..... 433  
*(Алматы қаласы, 2007 жылғы 19 сәуір)*
- Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырысында «Қазақстанды демократияландырудың жаңа кезеңі – еркін демократиялық қоғамды жедел дамыту» тақырыбында сөйлеген сөзі..... 445  
*(Астана қаласы, 2007 жылғы 16 мамыр)*
- ЭСКАТО 63-ші сессиясы министрлер кездесудің ашылуында сөйлеген сөзі ..... 471  
*(Алматы қаласы, 2007 жылғы 21 мамыр)*
- Қазақстан Республикасы мемлекеттік рәміздерінің 15 жылдығына арналған «Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясының республикалық жастар форумында сөйлеген сөзі ..... 483  
*(Астана қаласы, 2007 жылғы 4 маусым)*

ХІ Халықаралық экономикалық форумда сөйлеген сөзі.....	494
<i>(Ресей Федерациясы, Санкт-Петербург қаласы, 2007 жылғы 10 маусым)</i>	
«Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясының кезектен тыс ХІ съезінде сөйлеген сөзі.....	509
<i>(Астана қаласы, 2007 жылғы 4 шілде)</i>	
Қазақстан халқына үндеуі.....	531
<i>(Астана қаласы, 2007 жылғы 16 тамыз)</i>	
Қазақстан халқы Ассамблеясының ХІІІ сессиясында сөйлеген сөзі.....	536
<i>(Астана қаласы, 2007 жылғы 20 тамыз)</i>	
БҰҰ Бас Ассамблеясының 62-ші сессиясында сөйлеген сөзі.....	552
<i>(АҚШ, Нью-Йорк қаласы, 2007 жылғы 25 қыркүйек)</i>	
«Қазақстан – 2030» стратегиясының 10 жылдығына арналған халықаралық конференцияда сөйлеген сөзі.....	563
<i>(Астана қаласы, 2007 жылғы 12 қазан)</i>	
Каспий маңындағы мемлекеттердің ІІ саммитінде сөйлеген сөзі.....	583
<i>(Иран Ислам Республикасы, Тегеран қаласы, 2007 жылғы 16 қазан)</i>	
Қазақстан Республикасы астанасының көшірілуінің 10 жылдығына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі.....	590
<i>(Астана қаласы, 2007 жылғы 10 желтоқсан)</i>	
Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі.....	597
<i>(Астана қаласы, 2007 жылғы 14 желтоқсан)</i>	

Ресей Федерациясы Сыртқы істер министрлігінің Мәскеу халықаралық қатынастар мемлекеттік институтында сөйлеген сөзі .....	618
<i>(Ресей Федерациясы, Мәскеу қаласы, 2007 жылғы 21 желтоқсан)</i>	
Қабылданған қысқартулар тізбесі .....	636
Географиялық атаулардың көрсеткіші .....	638
Есімдер көрсеткіші .....	645
Мекемелер мен ұйымдар көрсеткіші .....	648

**Н. Ә. НАЗАРБАЕВ**

**ТАҢДАМАЛЫ СӨЗДЕР**

**V ТОМ  
1 КІТАП  
2006–2007**

Жобаның жетекшісі –  
саяси ғылымдардың докторы, профессор  
**М. Б. Қасымбеков**

Арнаулы редактор –  
филология ғылымдарының докторы, профессор  
**С. А. Абдрахманов**

ISBN 978-601-277-192-3



«Сарыарқа» баспасында беттеліп, басылды.

Бас директор – Әлиев Қ. Ә.  
Тех. редактор – Бектыбаева Г. Т.  
Редактор, корректор – Раушанова Ф. Қ.  
Беттеуші – Степанец Н. П.

Басуға 10.11.2014 ж. қол қойылды. Қалыбы 60x84 <sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Шартты баспа табағы 38,5.

Palatino Linotype гарнитурасы. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 65/9812.



Қазақстан Республикасы, Астана қ-сы,  
Алматы а-ны, Көкарал к-сі, 2,  
тел. (7172) 527462, 527411, факс: 527489  
e-mail: izdat\_saryarka@mail.ru